



Айгүл
ІСІМАҚОВА

12017

4624к



АЛАШ

әдебиеттануы

АЙГУЛ
ІСІМАҚОВА

АЛАШ ӘДЕБИЕТТАНУЫ



Алматы
2017

ӘОЖ 82 .512.122.0
КБЖ 83.3. (5қаз)

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сактау, зерделеу мен насихаттау
және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату»
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұсынған

Пікір жазған филология ғылымдарының докторы,
КР ҰҒА корреспондент-мүшесі У.Қ.Қалижанов

I 89 Ісімақова. А.
«Алаш әдебиеттануы» / Ісімақова. А. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017, – 480 бет.

ISBN 978-601-80664-0-5

Әдебиеттанушы Айгүл Мұхаммедсерікқызы Ісімақованың бұл еңбегі –
XX ғасырдың басындағы Алаш әдебиеті мен қазақ әдебиеттану ғылыминың
ұлттық көркемсөз өнерін зерделеуге арналған. Онда қазақтың асыл сөзін
қастерлеген ата-баба мұралары қашаннан басталатындығы, Алаш әдебиет-
тану ғылыминың қалай қалыптасқандығы жөніндегі туындастын саудадарга
жасап беріледі. Сонымен қатар кітапта Алаш ғалымдарының жалпы
ғылымға қандай улес қосқандығы, Алаш ғылыми мұрасының несімен құнды
болатындығы жан-жсақты талданады.

Монография жоғары және орта мектеп мұғалімдеріне, әдебиет сала-
сындағы барлық мамандарға, ұлттық әдебиет пен тарихты сүйеттің жалпы
ақырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3. (5қаз)

ISBN 978-601-80664-0-5

© Ісімақова А., 2017
© «Қазақ энциклопедиясы», 2017

АНДАТУ

Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ халқының сана-сезімі, ұлттық нағызымен ұлтты ұлт ететін ділі мен діні біртіндеп өз қалпына келіп жатыр. Қазақ әдебиеті сонау Құлтегін мен Тонықөктің ақыл сөздерінен басталса, оның басына ақ сөлде киген екілдері бар екенін, «Айтарыңды ойлап сөйле, жүректі Ер! Аузыңды бақ, енер содан кесел де!» деп өсиет айтқан ата-баба сөзін енді ғана санамызben сезінудеміз. Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, А.Йасауи, А.Йұгінеки, М.Хорезми, М.Х.Дулатидің ғибратты асыл сөздері қазақтың ата-баба дәстүрінің ғана ізі емес, жалпыадамзаттық ақыл мен парасаттылық, имандылық пен ізгіліктің үлгісі болып қала бермек. «Құтты білік» жазылған кезде «Игорь жасағы туралы жыр», «Монгол құпия шежіресі» әлі дүниеге келмеген де еді. Қазақ жерінде о бастан асыл сөз ғибраты болғанын яғни ата-бабаның ежелгі әдебиеті бар екенін дәлелдеп келе жатқан шығыстанушы ғалым Әбсаттар Дербісөл 33 әл-Фараби, 11 әл-Йасауи, 18 әл-Тарази сияқты асыл сөз иелерінің мұрасын тәуелсіз әдебиеттану мен тарихқа енгізіп отыр. Коне Сығанак шаһарынан шыққан Сығанакидің үш томдық еңбегін Каирден тауып әкелді. Шығыстанушы ғалым Түркияның атакты Сүлейман кітапханасында Кердерінің он томдық мұрасы бар екенін айқындал, Қашқардан шыққан бірнеше ғалымдардың мұрасын тіл билетін зерттеушілерге беруге әзір екенін мәлімдеді.

Ғалымның біз әлі қадірін түсіне алмай келе жатқан руханилығы мол қазына М.Х.Дулатидің «Жаһаннамесін» бүгінгі қазақ тілінде ғылымға енгізуі ұлkenabyroй. М.Х.Дулатидің «Тарихи Рашиді» – асыл сөз үлгісі ғана емес, ұлттық сөз өнерінің тарихиының дәлелдеп тұрған әдеби жәдігер. Бұл екі басылым – әдебиет о баста тектілер ісі болғандығының тағы бір дәлелі. Олай болса, тәуелсіз әдебиеттану ғылымы өзінің төл дәстүріне қайта бұрылып, атабабамыздың ғибратты асыл сөзін бүгінгі тұрғыдан менгеруі қажет.

Тәуелсіздікпен бірге тұрмыс-салттымыз, имандылығымыз, мәдениетіміз, совет кезінде жазықсыз репрессияға ұшыраған әдебиетіміз бен оны танытатын әдебиеттану ғылымы қайта оралып, жана зерттеулерді талап етуде. Советтік кезеңде цензураға ұшыраған әдеби көркем мұра біртіндеп жөнделу үстінде. Тоталитарлы-

Айгүл ICIMAKOVA

отаршылдық саясаттың күшімен тарихи жырмен толғаулардан алғынып тасталған ұлтжандылыққа, имандылыққа, елдің біреуге болан болмай, тәуелсіз болу үшін рухани күреске шақырып, ұлттық рухты оятып, жігерді жанитын өлең жолдары, «Аллаһ», «Құдай», «Бисмиллаһир-рахманир-рахим», «намаз», «иман» сөздері көркем мәтіндерде бұл құнде өз орнына қойылып, егемендігімізben бірге орнығып келеді.

Құтты Ел болу үшін не істеу керек? Ол үшін адам қандай, қоғам қандай болуы тиіс? Бак-дәулет, құт-береке конған ел болу үшін қанағат, рақым қажет екені белгілі, себебі өмір өткінші, ал басты рухани құндылықтар өзгермеген. Бұған дәлел – асыл сөз жәдігерлері.

Халел Досмұхамедұлы сонау 1928 жылы «Аламан» атты гылыми зерттеуінде әдебиеттің отандық-әлеуметшілдік міндетін анықтап берген: «Отан сезімі, мемлекет сезімі кем, менмендік сезім күйлі құлықты аламандық дейміз», – дейді. «Отан бірлігі, Отан нағызы, Отанды сақтау сезімдерін» Алаш әдебиетшілері бізге осылай анықтап берді. Ол үшін әлеумет міндеті туралы ой қажет. Абайша әдебиет Отанды сую үлгісі. «Отан бірлігі, Отан сую сезімі, әлеуметшілік міндеті секілді бүтін мемлекетке керек сезімдерді, менмендік, бәсекелестік, ерекіс секілді аламандықтың женгенін ел арасынан жиналған ескі сөздер анықтап көрсетіп тұр» [1: 147, 149].

Тәуелсіз қунге дейін қазақ әдебиеті тек XX ғасырда туған жас, бұрын жазба мәдениеті жоқ болып саналып келді. 1988 жылы қазақтың сталиндік репрессияға ұшыраған зиялды тұлғалары ақтала бастады. Біздің ұрпак үшін бұл аспанинан түскендей жаңалық болды. Әлихан Бекейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Мұстафа Шоқай, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жұсіпбек Аймауытұлы, Міржақып Дулатұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Мағжан Жұмабай, Қошке Кеменгерұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Ыдырыс Мұстамбайұлы, Райымжан Мәрсекұлы, Илияс Қабылұлы, Абдолла Байтасов, Санжар Асфендиярұлы, Даниал Ылсақақов, Әмина Мәмет келіні, Жақып Ақбайұлы, Елдес Омарұлы, Әлімхан Ермеков, Мәннан Тұргамбайұлы, Тұрағұл Құнанбай тегінің әдеби, ғылыми мұралары біз үшін «төнкеріс» болды. Бұл мұраның негізгісі Т.Жұртбайдың құрастыруымен жарық көрген «Алаш ақындары» (2006) атты кітапта толық жарияланды.

Алаш әдебиеттануына тыйым салынғаннан кейін, өздері жырлаған совет өкіметін қолдаған Сәкен, Бейімбет, Илияс сол саяси жүйенің курбандары болды. Абай сөздерінен бастап бүкіл әдебиет соцреалистік цензураға ұшырады.

Алаш әдебиеттануы

Совет кезін жырлаған Жамбыл Жабаев сөздері күні бүгінге дейін қалпына келтірлімеген. Оның шығармаларындағы заманға сай бүрмаланған саяси ұғымдар әлі жөнделмеген. Асыл сөзге бұдан артық қандай қиянат болуы мүмкін?! Айтыстарында қазақта ата-баба сөзін айтқан Жамбыл өлеңдерінде тек партия мен пленумдарға табынды дегенге кім сенеді? Сондықтан тәуелсіз кездің жамбылтануы ақиқатты орнына келтіретін өз зерттеушілерін күтуде.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926), Халел Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1928), Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927) атты зерттеулері қазақ әдебиетінің тарихын, қалыптасуын, теориялық негіздерін сонау XX ғасырдың басында қазақ тіліндегі «пән сөздері» арқылы зерттеп берген. Совет әдебиеттануы осы үш кітапсыз күн кешкені сол ғылымның деңгейін ангартады. Осының нәтижесінде, біз «Әдебиетіміз қашан туған, қалай қалыптасқан, келешегіміз қандай?» деген сауалға жауап берे алмай, онғасырлық көркемсөзі бар әдебиетті «младописьменный» деп, тек совет кезімен шектелдік.

Әдебиет теориясы жоқ халық болып саналдық. Қазак тілі мен әдебиеттануының біз бүгін қазақша пайдаланып келе жатқан басты теориялық түсініктерін Ахмет Байтұрсынұлы анықтап бергенін айтпай келіппіз. Аталған үш кітап көрісінше, ұлттың көркемсөз тарихын атам заманнан бастап, дүниежүзі әдебиеті төңірегінде қазақтың асыл сөзінің ерекшеліктерін жан-жақты қарастырып берген. «Әдебиет танытқыш» деген атауда тұрған «әдебиет» деген не, оны не үшін «таныту» керек? деген екі сөзде тұрған жауап – біздің бүгінгі әдебиеттанудың анықтап айта алмай келе жатқан курделі ғылыми танымдық мәселесі.

Қазақ халқының он ғасырлық асыл сөзі кімге қажет? Сөздің асыл болуы несімен? Әдебиеттің негізгі міндеті неде? Көркемсөздің басқадан айырмашылығы қандай? Бүгін әдебиет қажет пе? Осы сауалдардың бәріне «Әдебиет танытқышта» нақты жауаптар берілген. Қазақ неге «сөз сүйектен өтеді» деген? «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз бақсан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан», – дейді А.Байтұрсынұлы. Себебі, әдебиетшінің айтуы бойынша, сөз өнері «адамның жан қоштау» керегінен шықкан.

Қазақ сөз өнерінің онғасырлық мұрасының басты құндылығы және ескірмеуінің сыры – бұл асыл сөздің Абай сияқты «хақиқатты хақиқат қалыбында, теренді терен қалыбында жазғаны».

Айгүл ІСІМАҚОВА

Неге Ахмет Байтұрсынұлы Абайды «Қазақтың Бас ақыны» деген? Үлт ұстазы атанған А.Байтұрсынұлының Абай шығармалары туралы айтқан сөздері бүгінгі абайтанудың негізгі тұжырымы болып табылады: «Сөзі аз, мағынасы көп, терен... Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, окушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Окуши сөзді сынласа, сөз окушыларды сынайды» [2: 154–155].

Қазақ әдебиетінің көркем, асыл сөзінің он ғасыр тарихы бар екені бүгіндегі ғылыми дәлелденген тұжырым. Аталған көркемсөз шежіресі шын мағынасындағы әдеби, рухани құндылық болып табылады. «Халықтың құлқы, мінезі, ойы заманындағы әдебиетінен білінеді. Әдебиет – халықтың түрлі қимылдарының айнасы» [1: 147], – дейді әдебиеттанушы Х.Досмұхамедұлы. «Әдебиет не үшін керек?» дегенге келесі жауап бар: «...қазақтың өткендерегі құлқы, мінезі, ойы, заманындағы қүйініші, сүйініші арасында болған түрлі әлеумет қимылдары анық сезіледі. Заманымыздагы түрлі қимылдардың, жаман-жасақсы мінездердің құр өз-өзінен пайда болмай, өткен заманмен тамырласып жатқаны байқалады».

Х.Досмұхамедұлының сөздері бүгін бізге айтылғандай: «Отан бірлігі, Отан сую сезімі, әлеуметшілік міндеті секілді бүтін мемлекетке керек сезімдерді менмендік, бәсекелестік, ерекі басып кетпесін» [1: 149]. Бұл қазақта қашан пайда болды? Бұдан қалай арылу қажет? «Үлт мемлекетін жасап, қазақ арасынан әлеуметшілік тұғызамыз деген дәүірде тұрмызы», – дейді Х.Досмұхамедұлы XX ғасыр басында. Үлт мемлекетін жасау үшін, әлеуметшілікті ұстануымыз қажет. «Жаңа әлеуметшілікті тұра жолмен жасау үшін елдің бұрынғы, соңғы әлеумет мінездерін тексеру керек. Ең алдымен, тексерілетін нәрсе – аламандық. Аламандық бар жерде нағыз әлеуметшілік тұра алмайды. Шын әлеуметшілік орнаған жерде аламандық та бола алмайды. Әлеуметшіліксіз қазақта үлт тіршілігі, үлт мемлекеті болуы мүмкін емес» [1: 150].

Отан бірлігі, Отан намысы, Отан сактау сезімдерінің қазаққа ең маңызды болуын басып айтқан Халел Досмұхамедұлының сөзі тәуелсіз әдебиеттанудың жалпы, Алаш ұрпағының бізге қалдырған аманаты.

Қазақтың қамын ойлау кімнің ісі? Оған былай делінген: «Қазақ әлеуметшілігінің өткенін жөндеپ түсініп, қазіргі қалпын анық көріп, кемісін болжай білу –көп қазаққа көз болған, мәдениет

Алаш әдебиеттандырылған шарт

жолына көшбасшы болған, молдаға оқып тәрбие алған, ордаға кіріп жол көрген оқыған зиялышарымыздың міндеті». Бірақ осы замандастарына да Х.Досмұхамедұлы азаматтық, алаштық шарт қояды: «Қазақтың оқығандарының бәрі елден шықты. Қазактан шыққан оқығандардың езінде аламандық мінез бар ма? Жоқ па? Бұл – өз алдына тексерілетін бір үлкен мәселе», – дейді Алаштың әдебиеттандырылған шарт.

Әдебиеттің міндеті қандай? Әдебиетші ғалымдар не үшін қажет? Ғалымдардың негізгі міндеті неде? Оған да нақты жауап берілген: «Біздің жұмысымыз – ел әдебиетінде бадырайып көрініп тұрған «өткен әлеуметшіліктің» бір бұтағын көпке көрсету. Онды әлеуметшілік құру үшін елдің өткен-кеткен түрмисын, бұрынғы болған әлеумет құмылдарын тану керек.

«Ел әдебиетімен таныспайынша, өткеннің көбін де, бардың жарымын да тану қыны» (1924. 26 қараша. Ташкент) [1: 151]. Соңғы сөйлем бүгінгі мемлекет ісіндегілерге арналған. Қазақ әдебиеті түгілі тіліне менсінбей қарайтын бұл топ өкілдері бүгінгі тәуелсіз қазақты қалай басқара алады? Алаш ғалымы елдің бүгінгісін түсіну үшін оның өткен рухани үлгілі іс-құмылдарын білу шарт деп санаған.

А.Байтұрсынұлының лириканы толғау деп анықтағаны бүгінгі Л.Гинзбург, М.М.Бахтин түсініктерінен әлдеқайда терең әрі нақты: «Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқары ғаламнан алмай, ішкөрі ғаламнан алады. Толғаушы акын әуелі көңілінің күйін, мұңын, мұддесің, зарың, күйінішін, сүйінішін айттып, шер тарқату үшін толғайды; екінші, ішкергі ғаламында болған халдерді, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды. Толғау қысқасын айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуда» [2: 273–274].

Ғалымның бұл сөздері қазақтың классикалық поэзиясына ғана тән емес. Бұл сонау Күлтегін мен Тоныққөтен басталатын ата-бабамыздың ғибратты асыл сөзінің сипаттамасы. Осы ретте Мемлекеттік бағдарлама аясында Тәуелсіздік кездे жарық көрген 100 томдық «Бабалар сөзін» атап өту қажет.

Қолдарынызға ұсынылып отырған енбек – қазақ әдебиеті тарихын, ел намысын, мұратын, ерлігін, тіршілігін, парызын, «Отанды сую – иманнан» деген басты құндылықтарын жырлаған үлттың дана сөзінің асыл маржандарын талдау мен таныту үлгілері.

Айгүл ICIMAKOVA

Алаш әдебиеттануының ата-баба асыл сезінен дүние мен заман, адам мен билік, адам мен ғалам, Алла пен пендे туралы ғибратты ойларды сөз етуі бүгінгі әдебиет пен әдебиеттанудың мазмұнын түзететіні де анық.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет не үшін қажет?» деген тұжырымы тәуелсіз уақыттың әдебиетіне жаңа шарттар қойып отыр. Соның ең маңыздысы – ұлттық көркемсөз мұраларының ұлгілі түрлерін, сөздері асыл ерлердің туындыларын бүгінгі санасты еркін замандасымызға ұсыну ғана емес, оны жан-жақты қесіби насихаттау. Бұл – тәуелсіз кездегі әдебиетті танытуғының ісі.

Мәскеуде оқуда жүргенде Веселовский, Тынянов, Томашевский, Шкловский, Жирмунскийды оқып, Ресей әдебиеттануының кәсіби-лігіне таңғалатынмын. Л.Гинзбургтің лириканы: «*Адамның ішкі әлемінің күйі*» деуіне риза болушы едім. Ал А.Байтұрсынұлының лириканы: «*Жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жансың тар-матын күйі*», – дегені қандай дәл және нақты. Л.Гинзбург пен М.М.Бахтин: «*Әдебиет – адамның жасы, оның ішкі әлемінің өзгеруі, санасының көркем бейнеленуі*» десе, А.Байтұрсынұлы: «*Әдебиет – асыл сөз – адамның жасын қоштауының қажетінен туған*» – дейді. Асыл сөздің ұлгілісі – өмірдің ғибратты болуын алға тартатыны дей келе Х.Досмұхамедұлы: «*Әдебиет халықтың түрлі қымылдары-ның айнасы*», – дейді. М.М.Бахтин: «*Әдебиет – адамның істері, қылықтарының табигатын, себебін танытатын өнер түрі*» десе, А.Байтұрсынұлы: «*Асыл сөз адам санасының үш негізіне тіреледі – ақылга, қиялга, көңілге*», – дейді. Себебі, «*акыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұгу, тану, ақылга салып ойлау; қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің түрпаратына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – тұю, талғау*» [2: 168]. Осы тұрғыдан қарағанда, А.Байтұрсынұлы, М.Бахтин, Х.Досмұхамедұлы үшін, әдебиет – адамзаттың мәңгілік сауалдарына жауап беруші ілім.

Бүгінгі постмодернизмнің басты ұстанымы – бұрынғының бәріне күмәнмен қарау және осы нигилистік көзқарас арқылы өткеннің бәрін жокқа шығару. Бірақ дүниежүзілік әдебиеттануғының бұған қарсы тұратын классикалық теориялық зерттеулер аз емес.

Алаш әдебиеттануының жоғарыда аталған Ресей теоретиктерінің еңбектерімен ұндес болуы, олардың әдебиеттануғының негізі – классикалық ұлгідегі зерттеулер болғандықтан. Совет кезінде тыйым салынған Алаш ғылыми мұрасы XXI ғасырдағы әдебиеттануғының негізгі ұстанымы болып қала бермек. Себебі, бұлар асыл сөз теориясын, оның зерттеу амалдары мен тәсілдерін ұлттық төл

Алаш әдебиеттануы

контексте айғақтап берген. Алаш ардақтылары еңбектерінің бүтінгі тәуелсіз әдебиеттану ғылымының басты Темірқазығы болуының да сырьы осында жатыр.

Біз ушін қазақ әдебиеттануы көсіби ғылым ретінде сонау XX ғасыр басында Алаш ғалымдары зерттеулерінде толық қалыптастанан. Оған дәлел – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш», Х.Досмұхамедұлының «Аламан», «Қазақ халық әдебиеті», М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы». Ұлттық әдебиеттанудың негізгі ұстанымдарын дүниежүзілік контексте аталған ғалымдар сонау XX ғасыр басында анықтап беріпті. Олар өздеріне дейінгі әдебиетке де өз көзқарастарын тұра бүтінгідей ғылыми тұрғыда негізделген.

XX ғасыр басындағы әдебиеттанудың: әдеби сиңи саяси пікірталаста, әдеби мұра Абайды корғау арқылы қалыптасты; әдебиет тарихы Х.Досмұхамедұлы, М.Жұмабай, Ж.Аймауытұлы, Қ.Кеменгерұлы, Р.Мәрсеков, С.Сәдуақасұлы, Ы.Мұстамбаев, М.Әуезов және т.б. еңбектерінде зерттелді; әдебиет теориясы А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» (1926) тұжырымдалды. Әдебиеттану ғылымының осы үш саласы да сонау XX ғасыр басында екі аяғынан тік түрді. Аталған ғалымдардың еңбектері Мәскеу, Санкт-Петербург ғылыми ортасында сол кездің өзінде мойындалған. Қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі салалары – Абайтану, Алихантану, Ахметтану, Міржакыптану, Халелтану, Мағжантану, Жүсіпбектану, Шәкірімтану, Бейімбеттану, Ілиястану, Сәкентану, Әуезовтану және т.б. осы кезден басталды. Совет кезінде рееси тыйым салынған бұл ұлттық классикалық әдебиеттанудың ұлтілі зерттеулерінсіз іске асқан соцреалистік әдебиеттану біржакты болды. Өзінің төл бастауларын атай алмаған ғылым қайдан оң болсын?!

Тәуелсіз кездің әдебиеттану ғылымы ұлттың асыл сөз туралы ілімін тұнғыш рет өз арнасында зерттеуімен ерекшеленеді. Академик З.Қабдолов айтқандай, бұл ғылым саласы «басы, денесі, аяғы бар тұгастықка енді ғана ие болды». Олай болса, Алаш әдебиеттануы бүтінгі ғылыми айналымға қайта оралып, негізгі зерттеу жүйесінің дүниежүзілік контексте жүргізілуін талап етіп, нақты теориялық, әдебиеттанулық тұжырымдарын айғақтап беруімен құнды және ғибратты болып табылады.

Алаш әдебиетшілеріне елім, қазағым деп Отанға ақысыз қызмет етуіді басты абырой санаған рухани құндылықтарды алға тартып, тарихи негізді ұстанып (әдебиет – ел тарихының көркем шежіресі), іске асырған зерттеулері үшін Аллахтың разылығы, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) шапағаты болғай!

Айгүл ІСІМАҚОВА

Алаш әдебиеттануының бүгінгі тәуелсіз ғылым арнасына қайта оралуы – қазіргі зерттеулерден әділдік пен шынайылықты, тарихилық пен ғибраттықты талап етеді.

«Он ғасыр жырлайды» (2006) антологиясын құрастыруға қатысқан кезде ұлтымыз ерекше қастерлеген келесі түсініктерді алға тарттық: *Отанишылдықты ұстанған ғылым-білім, діл мен дін, дәстүр мен әдеп мәселелері*. Тек осы мақсатқа сай жазылған қазақ ақындарының өлеңдері таңдалып, қысқартылып алынды. Совет кезінде Аллах, ата-баба аманаты деген сөздерді Мұқағали Мақатаев поэзиясынан тапқан едік.

«Алаш» (2006) баспасынан «Алаш ақынтары» (мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар) жарық көрді. Бұл басылымды құрастырып, алғысөзі мен ғылыми түсініктерін профессор Т.Жұртбай жазды. «Алқа» үйімінде бағдарламасынан басталатын бұл басылымда Ж.Аймауытұлы, А.Байтасов, Д.Ысқақұлы, І.Мұстамбаев, И.Қабылов, С.Сәдуақасұлы, М.Әуезов, Ә.Ермеков, А.Байтұрсынұлы, М.Тұрғамбайұлы, Т.Құнанбай тегінің еңбектері қамтылған.

«Алаш қозғалысы», «Құжаттар мен материалдар жинағы» (2004) М.Қойгелдіұлы, К.Нүрпейісовтің құрастыруымен жарық көрді. Алаш өкіметіне қатысты тарихи мәліметтер бір жерде топтастырылып берілгенімен құнды.

Алаш қайраткерлерінің ақталғанына келесі жылы 30 жыл болады. Бүгінгі ғылымға Алаш ғалымдарының зерттеулері несімен қажет? Мемлекеттік мүдде қазақ ұлтының мүддесімен бір екенін айғақтап, ұлт тарихы, ұлт ғылымы, ұлт театры, ұлттық өнер, ұлт әдебиеттануының негізін салып берген Алаш ғылымы тәуелсіз қоғамның рухани қажеттілігі екенін күні бүгін дәлелдеп келеді.

Тәуелсіз кезге дейін қазак әдебиеті тек XX ғасыр басында туған «Младописьменный» саналып келді. Ә.Бекейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабай, С.Сәдуақасұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кеменгерұлы бастаған қазақ әдебиеттануы соцреалистік әдеби процестің жеткіліксіз екенін айқындан таставады.

Алаш әдебиеттануы ұлттың тарихымен тығыз байланыста дамыды. Бұл әдебиеттанудың негізгі ерекшеліктері қандай? Ұлттық әдебиеттану ғылымын XX ғасыр басында қалыптастырып берген зерттеулер несімен құнды? А.Байтұрсынұлы айтқан «Жазған сез жаным ашып Алашым» сезін ұран етіп алған қазақтың алғашқы әдебиетшілері әдеби сын, әдебиет тарихы, әдебиет теориясының басты, іргелі зерттеулерін бізге аманат етіп қалдырды.

Сондықтан Алаш әдебиеттануын бүгінгі XXI ғасыр түрғысы-

Алаш әдебиеттануы

нан қайта қарап шығу біздің қазіргі тәуелсіз кездің ғылымына қажет іс.

«Алаш әдебиеттануы» атты бұл хрестоматиялық монографияның жазылуына осы мәселелер себеп болды. Иә, бұл зерттеулер жарияланды, зерттелді, бірақ «Алаш әдебиеттануы» үғымы тұрғысынан тұнғыш рет жүйеленіп беріліп отыр. Кітапта хрестоматиялық негізде алға тартып, басты сөзді Алаштың асылдарына беруді жөн деп санадық. Бұгінгі әдебиеттану мен ұлттану мәселелеріне қажетті, құнды ойларын түпнұсқа бойынша берудің себебі де осыдан туындалды. Ілім іздеген қауымға Алаш ғалымдарының озық ойлары аталған мәселелер тұрғысынан бір кітапта табылсын деген ниетпен берілген ұзақ сілтемелердің себебі де осы. Менің өз сөзім мұншамағындағы қарсылықтардың тұра алмады. Бұгінгі замандастарымыз бұл басылымнан келесі сауалдарға жауап алады: «Алаш зиялдысы» деген үғым не? Алаш ғалымдары неге жаппай тарихты жазуга мәжбүр болды? Қазақ елінің қасіретті тарихы мен көркем әдебиетіне ортақ мәселе қандай? Ұлттық мұдде, ұлттың жаны, ұлттың ары деген түсініктер бүгін неге үміт қалып барады?

Аталған түсініктерді бүтінгі тұрғыда менгеру үшін де Алаш ардақтыларының зерттеулерін үніліп оку қажет-ақ.

«Алаш әдебиеттануы» қазіргі біреулер айткандағы ескірген жок, керісінше, ұлт ғылымының біз бүгін айрылып қалған тұфырын көрсетіп тұрған білім бұлағы. Бұл ойды дәлелдеу үшін Алаш әдебиетшілерінің өз сөзімен сөйлеуді үйгартық.

Кітаптың осылай жазылуына себеп еткен тағы бір мәселе болды. Қазіргі ғылыми орта, мектеп, жоғары оқу орындарында оқыған дәрістерде тындарманнан жиі естіген сауал келесідей болды: «Алаш ғалымдары» деген үғым бар ма? Ұлт ғылымына олар нақты қандай үлес көсты? Алаш әдебиетшілері қазақ тіліне, дініне, діліне қалай қарады? Бұл ғалымдардың зерттеулері неге «Биссимиллаир рахманир-рахим» деп басталады?

Аталған сауалдарға жауап беру үшін де осы кітапты жазуға мәжбүр болым. Алаш ғалымдарының шынайы үғымына қиянат жасап алмау үшін, көбіне бірінші сөзді өздеріне бердім: нанымды, дәлелді, нақты болу үшін. Бұл кітаптың бүтінгі ғылымға, тәуелсіз елдің үрпағына қажетті екені де осыдан.

1. Х.Досмұхамедұлы. – Аламан. Алматы: Алаш, 1991.

2. А.Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Алаш, 2003.

I. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНЫң БАСТАУ КӨЗДЕРІ

Қазақ әдебиеттандырылған арнасы – өз арнасы, ұлттық бастаулары бар ғылым саласы. Оның туу, жетілу, қалыптасу кезеңдері арнайы зерттеудің қажет етеді. К.Жұмалиев, Е.Ісмайлов, С.Кираев, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, З.Ахметов қазақ әдебиеттандырылған арнасын туу дәүірін Қазан төңкерісінен кейін бастауды ұсынған екен. Бұл көзқарастың басты дәлелі – XX ғасырдың 20-30-жылдары алғашқы әдеби зерттеулердің дүниеге келуі.

Кез келген халықтың әдебиеттандырылған арнасын тууын сез еткенде, оның бастаулары болып табылатын әдеби-теориялық пікірлердің қай кезден басталатынын да ескергеніміз жөн.

Әдебиеттандырылған профессор Бейсембай Кенжебаев анықтағанда, ежелгі дәүір әдебиеттінен нэр алған XX ғасырдың басына дейінгі мерзім қазақ әдебиеттандырылған бастау көзі болып табылады.

Екінші кезең – казақ әдебиеттандырылған арнасын көсіби қалыптасу кезеңі – 1905–1937 жылдар аралығы. 1926 жылы А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» жарық көрді. Бұл – қазақ әдебиеттандырылған қалыптасқанын нақты дәлелдейтін ғылыми дерек.

Үшінші кезең – 1938–1956 жылдар совет кезіндегі қазақ әдебиеттандырылған қалыптасуы. 1957–1987 жылдар совет кезіндегі қазақ әдебиеттандырылған дамуы.

Төртінші кезең – 1988 жылдан бері Тәуелсіздік кезеңінің әдебиеттандырылған орын алуда.

Қазақ әдебиеттандырылған реесми қалыптасуына дейінгі әдебиет туралы ой-пікірлер, алғысөз берілген ғылыми түсініктемелер, ғұмырнамалық деректер, ұлттық әдебиет тарихына байланысты мәлімдемелер, «асыл сөздің» мәнін ұғып, оның этикалық, эстетикалық есепті туралы ойлар болғанын ескеруіміз жөн.

Ресейлік әдебиеттандырылған арнасын қалыптасуынң негізгі зерттеушісі А.С.Курилов осыған орай былай деген: «Это вопрос об исторических далах национального литературоведения, его самобытных источниках и источниках. Это вопрос о времени и характере его включения в региональный и всемирный литературоведческий процесс. Это наконец вопрос о своеобразии перехода определенного круга знаний и представлений о литературе, свойственной каждому народу, в науку о литературе, когда данная литературоведческая мысль становится всеобщим достоянием» (1).

Алаш әдебиеттануы

Қазақ сөз өнеріне келсек, тасқа түсірілген түркі жазба ескерткіштерінен бастап, Шоқан, Абай, Ыбырайға дейінгі ұзак дәүір қазақ әдебиеттануының тууына әсер еткен кезең. Жыраулар поэзиясындағы сөздің қадірін біліп қолдану, оның эстетикалық әсері, үйлесімділігі туралы пікірлердің әсері ерекше екені де айқын.

1926 жылы жарық көрген А.Байтұрысынұлының «Әдебиеттанытқышы» қазақ әдебиеттануының ұлттық тілде совет кезіне дейін қалыптасқанын дәлелдейді. Авторларымен бірге саяси репрессияға ұшыраған Ә.Бекейхан, А.Байтұрысынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, Х.Досмұхамедұлы, К.Кеменгерұлы, С.Сәдуақасұлы, М.Әуезов және т.б. әдебиеттанулық зерттеулері совет кезіндегі қазақ әдебиеттануының қалыптасуына тікелей әсер етпеді.

Советтік кездің қазақ әдебиеттануы тек Қазан гөнжерісімен ғана байланыстырылып, тарихи тамырлар түгілі, XX ғасыр басындағы ұлттық әдебиеттануды ескерусіз қалдырды. Қазақ елінің мәдени, әдеби табыстары совет кезімен байланыстырылып, ұлттың тарихи негіздері жоққа шығарылды. «Пролеткульшылық», «тұрпайы социологиям», «бірыңғай ағым» теориясы арқылы қазақ әдебиеттануының жаңа социалистік кезеңі үстем болды.

Қазақ әдебиеттануының алдындағы ғылыми мұраларға көз салайықшы. Ол – дүниежүзіне мәлім Отырарда туган, «екінші ұстаз» атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектері. Оның басқа ғылым салаларымен қатар, жалпы көркемөнер, оның ішінде, сөз өнері туралы ғылыми түсінікті алғаш рет қолданғаны мәлім. Бұлар: «Мемлекет қайраткерлерінің афоризмдері», «Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдарды классификациялау», «Аристотель еңбектеріне түсініктеме», «Өлең кітабы», «Өлең өнерінің қағидалары туралы», «Поэтика және поэтикалық ойлау», «Поэтикалық шығармалар түрі», т.б. Бұл еңбектерде грек тілі мен әдебиеті туралы ғылыми ойды дамыта келе, парсы, араб өнері, тілі, поэзиясы төнірегінде алғаш әдебиеттанулық тұжырымдамалар жасалған. Көркемөнер, тіл, әдебиеттің мәні туралы, оның бүкіл адамзат қоғамындағы алатын орны анықталған. Аристотельді айту әдетке айналып, оның еңбектеріне алғаш ғылыми түсінік жазған әл-Фараби есімі мен ғылыми зерттеулерін ғылыми айналымға дұрыстап енгізе алмай келеміз. Стиль мәселесіне арналған «Сөз ғылымын классификациялау», «Сөз бен әріп туралы», «Жазу өнері туралы» атты теориялық еңбектері өз зерттеушісін күттеде.

Әл-Фараби өз кезінің поэзия албызы атанған ақын екені де белгілі. Сонымен қатар оны грек, парсы, араб поэзиясын ғылыми тұрғыда

Айгүл ICИMAҚОВА

терең зерттеген әдебиетші-ғалым екенін Еуропа ғалымдары дәлелдеп койғанын мойындауымыз қажет. «Сөз өнерінің қағидалары туралы» трактатта әл-Фараби Аристотельден келе жатқан әдебиетті теориялық талдау арқылы таныту қажеттілігін алға тартады. Ол музыка, риторика, сурет өнерлерімен салыстырып, поэзияның сөз өнері ретіндегі сипатын, негізгі қағидаларын жүйелеп, кестесін берген. Бұл ой А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» кеңінен дамытылған.

Әл-Фараби поэзияны мазмұндық жағынан 13 түрге бөліп, әрқайсының нақты белгілейді: *трагедия, дифирямб, комедия, ямб, драма, айнос, диаграмма, сатира, пэн, эпос, риторика, амфигенезис, акустика*. Әл-Фараби Аристотельдің «Поэтикасында» кездеспейтін әдеби тұжырымдар мен категориялық атаулардың иесі екені де даусыз. Шығыстанушылар А.Машани, Ә.Дербісәлі, философ А.Қасымжанов әл-Фарабидің Аристотельді дамыта түскенін айқындалп бергені мәлім.

Мамандардың айтуы бойынша, IX ғасырдан бері Қазак жері мен Орта Азия араб мәдениеті мен ғылыминың ықпалымен дамыды. Бұған дәлел ретінде түркі тілдес тайпалардан шыққан ғалымдарды атауга болады: М.Хорезми, әбу Насыр әл-Фараби, әбу Райхан Бируни, әбуғали ибн Сина, ә.Фирдоуси, Рабгузи, М.Қашқари, Қ.А.Йасауи, О.Хайям, Ж.Баласагұн, А.Жаухари, т.б.

Осы кезеңнің зерттеушісі Ә.Дербісәлі, бүтін 21 әл-Фараби, 18 әл-Тарази тауып отыр. Аталған ғалымдар мен өнер иелерінің еңбектегі рінен X–XII ғғ. түркі халықтарына тән ортақ мұра – көркем әдебиеттің дамуына сай келетін эстетикалық, ғылыми зерттеушілік, әдебиеториялық ой-пікірдің дамуын байқаймыз.

Ата-бабалар үшін шешендік өнерді білу, сөзді нақты және орынды пайдалана білу, өлеңмен келістіріп ойын жеткізе білу – білімді адамдардың міндетті түрде игеруге тиісті шарты еді. Аталған ғалымдардың еңбектерінің көркемсөзben жазылғаны да сол кездегі қойылған талап. Ұстаздан шәкіртке тікелей беріліп отырған ғылыми трактаттардың өлеңмен жазылуы – дала мәдениетінің заңдылығы іспетті. Әбу Райхан Бируни мен ибн Синаның еңбектері осыны дәлелдеп тұрғандай. Аталған ғалымдар жаратылыстану ғылым иесі болса да, сөз өнері, поэтика, риторикалық трактаттардың да авторы болғаны белгілі. Білім есте нақты сақталуы үшін оның өлеңмен келістіріп жазылғаны көзделген.

Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» аталған әбу Насыр әл-Фараби Отыра尔да дүниеге келген, Сыр, Қаратая бойындағы түркі

Алаш әдебиеттануы

тайпалардан шыққан тұлға. Жоғарыда аталған ғалымдардың ішінен сөз өнерін алғаш ғылыми зерттеуге түсірген – әл-Фараби еді.


Әл-Фараби мұрасы төмөндегі зерттеулерде арнайы қарастырылған: М.Хайрулаев. «Фараби и его значение в истории философии» (Ташкент, 1967); Әбу Насыр аль-Фараби (М., 1982); Бурабаев М.И. и др. «Социально-эстетические и эстетические взгляды аль-Фараби» (Алматы, 1984); Ә.Дербісәлі. «Әл-Фараби эстетикасы» (Алматы, 1980).

Қазақ әдебиеттанды ғылымында Ақжан Машани түңкыш фарабитанушы ғалым болып саналды. Кеңес кезіндегі шектеулерге қарамай, ғалым сонау соцреализм тұсында ұлы бабамыз әл-Фарабидің қазақ топырағында туылғанын және оның ғылыми мұрасын насхаттап берді. Ақаңың қажырлы еңбегінің арқасында әл-Фараби ғұламаның зерттеулері өз отаны – қазақ ортасына қайта оралды. Дүниежүзі кітапханаларын актартып шыққан ғалым әл-Фараби еңбектерін жинап, жария етті. 1969 жылы әл-Фарабидің Дамаск қаласындағы зиратын да тапқан Ақаң еді. Ғұлама бабамыздың мәңгілік мекені Dar ac-Salam зираты басындағы көңіл толкуы, бүкіл ел атынан сезінген толғауы «әл-Фараби және Абай» атты кітабында берілген. «Қабір басында көз жасымды тыя алмадым, қабіріне бас иіп тұрып, бір шөкім топырағын орамалымның ұшына түйіп алдым да, Құранның өзім білетін сүрелерінің бірін ағытЫп қоя бердім».

1984 жылы Ақжан әл-Машани Кувейтте шығатын «Әл-Фараби» журналына «Орта Азияның мәдениет шамшырлары» атты зерттеу жариялған. Бұл мақалада Иоган Кеплердің «Аспан музыкасы» деген еңбегінің біразы әл-Фарабиден алынғанын ғалым нақты салыстырулар арқылы дәлелдеп берді. Дүниежүзілік ғылыми орта бұл мәселе төнірегінде: «әл-Машанидің пікірі толық дәлелді», – деген тұжырымға келді. Содан бері «Әл-Фарабиді ашқан әл-Машани» деген сөз тіркесі қолданылып кетті.

Әл-Машанидің: «Әл-Фараби мұрасын зерттеу туралы», «Шығыстың Аристотелі», «Әл-Фараби еңбектерін қазақ тіліне аудару туралы», «Әл-Фараби», «Орта Азиямен Қазакстанның ұлы ғалымдары», Әл Фараби және Абай» атты еңбектерінің мәні ерекше. Сонау социализм тұсында қазақ өнері мен әдебиеттанды бастауында өзінің төл ғұламағибрат дәстүрі түр деп айтудың өзі ерлік екені анық.

1. Курилов А.С. Формирование русского литературоведения как науки. – Москва: Наука, 1982.



1.2. АБАЙ (ЫБЫРАНІМ) ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

*Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жат тоқып ал көңілге.*

*Сөз мәнісін білмесең,
Өлең оқып не керек?
Не айтқаның сезбесең,
Жарапазан не береді.*

Сұлтанмахмұт

Әдеби мұраның игерілуін Ыбырай Алтынсарыұлы білім, ілім беру, ағартушылық, тәрbiелік бағытқа бағындырыса, Абай басқаша жол ашты. Абай өзіне дейінгі қазақ әдебиеттануында бұрын-соңды болмаған әдеби-эстетикалық жаңалық ашқан. Әл-Фараби дәстүрін жалғастырган Абай әдеби сөзді білімге, ғылымға бағындырады. Көркем сөздің мәнін, оның сапасының сырын толықтырды. Оның дүрыс және орынды қолданылуын талап етті.

Абай бірінші болып ақын, айтушы мен тыңдаушы, талдау мен талғамның әдебиеттанулық тұжырымдар екенін айырып, келесі өлең жолдарында айқындал берді: Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, Қыыннан қыстырырап ер данасы. Тілге женіл, жүрекке жылы тиіп, Телтегіс, жұмыр келсін айналасы. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы» екенін А. Байтұрсынұлы 1926 жылы «Әдебиет танытқышта» дәлелдеп берді. Аталған кітапта Абайдың осы бір жол өлеңіне арналған сөздің міндегі туралы арнайы тарауша бар.

Абай сөйлемнің, «сөз сарасының тілге женіл, жүрекке жылы тиіп» тұруын да талап етеді. Кейіпкердің тілі өзіне ғана тән болуы көркемділіктің шарты екені бүтін мойындалған қағида. Бұл талап туралы Абай келесі шумақта былай айттыпты: Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол – ақынның білімсіз бейшарасы. Айтушы мен тыңдаушы көбі наdan, Бұл жүрттың сөз танымас бір парасы.

Көркемділіктің негізгі мәні, мазмұны қандай басты ойға бағыну керек деген сауалға Абай былай деп жауап береді: *Әуелі аят, хадис – сөздің басы. Қосарлы бәйіттімисал келді арасы. Қисынымен қызықты болмаса сөз. Неге айтсын Пайғамбар мен оны Алласы. Демек, көркем мәтіннің ойы аят, хадистердегі имандылық, адамдықтың (Абай) мәнін ашуға бағышталмаса, оның қажеттілігі де шамалы. Себебі, басты ой*

Алаш әдебиеттануы

сөздің басы яғни ең маңыздысы – Алла мен Пайғамбардың кісіліктің үлгісін нұсқаған көркем, имани сөздерін насиҳаттау, осыны түсінуге ұмтылу. Абай көркемсөздің адамның жаңына әсер етіп, қасиетін білуді де ескертеді: Иші алтын, сырты күміс сөз жақсысын Қазақтың келістіреп қай баласы? Себебі, Абай айтқандай, «өлеңге әркімнің-ақ бар таласы», бірақ көптін ішінде бар таңдамасы.

Көркем өлеңге қандай талаптар қойылу керек? Ақын «көр-жерді өлең қып, жоқтан қармап» жүрмес үшін не істей қажет? «Сөз қадірін» кетірмес үшін, «мал үшін тілін безеп, жаңын жалдан» жүрмес үшін, «қайда бай мақтанашаққа» бармас үшін, тек соның сөзін сейлеп «жанын сатпас үшін» ақынның адап болуын, оның ойы мен сөзінің бөлінбеуі шарт екенін Абай осылай алға тартады.

Замандастарын Абай сөз қадірін түсінуге шақырады, оның басты міндетін есте сақтауды нұсқайды. Сонымен қатар заманға сай ақынға жаңа көркем талаптар қойылатынын ескертеді: Ескі бише отырман бос мақалдан. Ескі ақынша мал үшін түрман зарлап.

Себебі: Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел! Сендерге де келейін енді аяңдап. Яғни қазак сөз өнеріндегі әдеби-эстетикалық жағдайдың өзгергенін Абай әдебиеттанушы ретінде осылай мойындалады. Әдебиетші Абай ақын сөзі біреуге ұнау үшін, не болмаса мал үшін емес, адамның жаңына қажетті болуына мән беруді мензейді. Ақынның сөзін қабылдаушы оқырманның эстетикалық талғамының да дамуын, өзгеруін талап етеді. «Мұндай көркемдікті кім игере алады?» деген сауалға Абай былай дейді: Мактап құған, мал құмар нені ұға алсын, Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.

Осы орайда Ахмет Байтұрысынұлы «Қазақтың Бас ақыны» мақаласында: «Ақындық, өлеңшілдік ел қозіне қадірсіз көрінсе, кемшилік ақындық пен өлеңшілдікте емес, ақындық пен өлеңшілдікті орнына жұмысамағандықта екендігін, ақындық пен өлеңшілдікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайырыши-тіленишілік орынға жұмысаганнан өлеңнің қадірі кеткенін Абай әбден білген соң, өлең жазуга түсken», – деп айқындейды [1: 157]. Жоғарыдағы өлең жолында Абай көркемсөздің стильдік үйлесімділігін, оның алдындағы жазу тәсілінен айырмашылығы бар екенін және табиғи әсемдікті менгеруге шақырады.

Сөздер өлеңге қалай тізіледі, түр мен мазмұн қалай келіседі? деген сауалға Абай нақты тұжырымды жауап қайтарады: Өлең деген әр сөздің ұнасымы, Сөз қосарлық, орайлы жарапасымы. Сөзі тәтті, магынасы тұзу келсе, Оған кімнің ұнасар таласуы. Сөйлемде буын, тармакта сөз үйлесуі, алдындағы ойды жалғастырып, жарапасымды

Айгүл ІСІМАҚОВА

байланысуын бүгін біз стильдің қалыптасуы дейміз. Әрине, Абай айтпакшы, ол үйлесімділіктің мағынасы түзу болуы ақынға міндеп. Түзу ойды Ахмет Байтұрсынұлы «асыл сез» деп анықтаған көркемдікті кім түсініп, бағалай алады? Әдебиетші Абай бұл жағын да айырып береді: Қарны ток, қас надан ұқпас сөзді, Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді. Қадірін жақсы сөздің білер жанға, Таптай айтпа оған да айттар көзді. Осы ретте басқа жүргітта бар көркемдік үлгілерін ескере отырып, әдебиетші Абай өз кезінің сез өнеріне сын көзімен қарауга мәжбүр. Ақын ұлттық стильдің шенберінен шығып, дүниежүзілік классикалық деңгейге көтерілгенін, жаңа әдебиеттің талаптарын айрықша алға тартады: Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау, Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау. Әттең, дүние-ай, сез таныр кісі болса, Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау! Бұдан бұрынғы зерттеулерде айтылғандай (Исмакова А.С. Казахская художественная проза. А., 1998. с.86), әдебиетші Абай осы орайда, Шортанбай, Дулат, Бұқар өлеңдерінің мәнін емес, жанрды сынап тұр. Толғау жанрының авторға еркіндік бермейтінін көздегендей. Ескі өлең шенберінен шығып кеткен ақын Абай оның өзінің заманына тар екенін осылай айфактады.

Әдебиетші-ақынның көңлі көркем сөздің нағыз үйлесімін, мәтіннің мазмұнына сәйкестігін, тұр мен мағына үндестігін алға тартады, сондықтан ол катал сыншылыққа бейім.

Абайға толғау жанрының біржактылығы жеткіліксіз. Бұқар мен Абылайдың халық алдындағы ағынан жарылуы ғана емес, Абайға толғауда орын алмайтын жеке адамның сезімдерінің бейнеленбеуі, оның істерінің себебі, «неге?» деген саяулға жауап беретін кейіпкер-пенденін ой ағымы яғни лирикалық психологиялық талдаулар қажет. Әдебиетші Абай өлеңдерінде өз замандасының ішкі әлемін, оның сезімдерін бейнелеуді ұсынады, сондықтан ол үшін толғаулар – «бірі - жамау, бірі – құрау». Совет кезінде осы төрт жолды Абай Шортанбай, Дулат, Бұқар өлеңдерін біржакты түсініп, оларды жоққа шығарушы деп теріс насиҳаттап келдік.

Абай тұлғаларды емес, қазақ сез өнерінің толғау жанрын сынап, оның жана заманға мүмкіншілігі жеткіліксіз екенін пайымдайды. Себебі, әдебиеттанушы Абайдың міндепті: *Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шаштақ, Наданның сезін қойып, көңілін аштақ*. Үлгі алсын деймін ойлы жасас жігіттер, Думан-сауық ойда жсоқ әуел баста-ақ. Тура осы ойды А.Байтұрсынұлы: «*Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан, Абай сөздің ажарына қарамай, сыйайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген*», – деп түсіндірді [1: 160].

Алаш әдебиеттануы

Сөз өнерінің, сөздің адам жанына тигізетін әсері туралы әдебиетші Абай былай мензейді: Алыстан сермеп, Жүректен тербел, Шымырлап бойға жайылған... Әдебиетші үшін басты мәселе – сөзді кімнің қолдануында болуы, кімнің қандай ойды насиҳаттауында. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта»: «Өнердің ең алды – сөз өнері» деп санайды: «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар... Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметтін шама қадарынша сөз өнері атқара алады... Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлен, сүгіреттеп көрсетуге, тануга болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [1: 165].

А.Байтұрсынұлы «Қазақтың Бас ақыны» (1913) атты мақаласында Абайдың шығармашылығы туралы былай дейді: «Сөзі аз, магынасы көп, терең. ...Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиеттің қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиеттің біліп жазған соң сөзінің бәрі де халықта тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды сынайды» [1: 155].

А.Байтұрсынұлы Абайдың реформаторлық сырын бір-ак сөйлеммен анықтайды: «Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп. тасың би болатын заманга қарсы тұган. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманга қарсы тұган» [1: 156].

Біліммен би болу оңай ма?! Білімі көптер ел билеген заман болған ба?! Абайға дейінгі ақындар әдеби терминдерді, оның ішінде «кайтушы», «тыңдаушы», «сөз сарасы», т.б. қолданбағаны белгілі. Абайдың сыны туралы Ахмет Байтұрсынұлы: «Жұрт магыналы, маңызды, терең сөзден ғөрі магына жоқ, маңыз жоқ, желдей гүлеп, құлаққа дыбысы тиіп, оте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауга құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөзінде көрсетілген. Сол сөзінен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуга не керектігін білеміні де көрініп тұр» – деп анықтап береді [1: 157].

Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы Абайдың сөзге деген ерекше көзқарасын, сөздің қару екенін түсінетінін айта кетеді, себебі: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дамді болуына сыншылық керек. Магыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшегі де болған» [1: 158]. А.Байтұрсынұлы әдебиеттанушы Абайды осылай бағалайды. Абайдың қазақ әдебиетіне

Айгүл ІСІМАҚОВА

жаңа жол көрсеткені де ескеріледі: «Бұлардың үстіне Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөзінің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады».

А.Байтұрсынұлы Абайдың: «Өзі тексергіш болған соң оның өлеңін тексеріп, қате шығарып ешкім жарыта алмайды, дей келе, ұлы ақынның «қандай сыншы, сөз тексергіш екендігін төмендегі сөзінен байқауға болады» [1: 158] деп, «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңін талдап береді.

Әдебиетші Абай үшін басты мақсат: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» екені анық, себебі ақын үшін «Тұбі терең сөз артық, бір байқарсыз». Ол терендейдік қайдан пайда болады? деген сауалға ақын Абай нақты жауап береді: Жүргегім, нені сезесің, Сенен басқа жан жоқ па? Дүниені, көңілім, кезесің, Тиянак жоқ па, қой, тоқта! Күрделі философиялық ұғымды Абай стильдік үйлесімділікке тенейді, сондықтан «Тиянак» – әр нәрсенің реттілігін, ішкі сырын, мәнін сабырмен танып, оны көркемсөзбен бейнелеп беруді көздейтін әдеби-танымдық ұғым. Сонымен қатар Абай әдебиеттегі заман мен жазушының қарым-қатынасын ашады. Өз кезеңінің үні болуы үшін ақын бүгінгіні ғана көкsemей, не болмаса оны жалған деп, шашшандықпен суреттеумен шектелмей, ақын мәңгілік контекст пен хронотопты (мекен шақ) ұстануы қажет.

Әдебиетші Абай өткенді есте сақтай отырып, бүгінгіні саралауды мензейді, әр құбылыска екі көзқарас болуын айтады жеке пенделік және адамзаттық, бүгінгі өткінші және бүгінгіден тыс мәңгілік өлшемінің бар екенін есте сақтауды талап етеді.

А.Байтұрсынұлы осы орайда: «*Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес. Қөн нәрсені Абай сөз қылған, соң сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы – әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен*», – деп әділ бағалаған [1: 160].

Абай «Фақлиясын» «Қарасөз» деп атаяу да тегін емес. Замандастары көркемсөзді өлең мәтінімен шыгарған кезде, Абай қазақтың қарасөзіне атам заманнан келе жатқан, жыраулар қалыптастырып, түйіндеп берген үлттық пәлсалаптық ойлау жүйесін қайтарды. Бұл атабабаның өсiet, аманат сөзі іспеттес жанр.

Әдебиетші Абай ақын Абайды өлеңдерінде талдап отырса, қарасөзінде хакім Абай осы екеуінің үйлесімділігін, пәлсалаптық, дүниетанымдық, ғалымдық, діни, әлеуметтік түрғылардан тоғыстырғаны анық, сондықтан «Фақлияның» стилі де ерекше.

Алаш әдебиеттануы

А.Байтұрсынұлы Абайдың жазуы туралы былай депті: «*Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыйайшылыққа кемшилігі болар» деп тайсақтап тартынбаган. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған». Бұған себеп болған – ақынның, әдебиеттанушылығы: «Хақиқатты тануга, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректікten» екенін А.Байтұрсынұлы осылай дәлелдеп берген [1: 160]. Бұқар мен Дулатты сынау үшін Абай, әрине, өзінің алдындағы қазақ сөз өнерімен таныс болған, сырын ашып, кемшіліктеріне көзі жеткен соң ғана оны сынауға бет алған. Ол үшін сөзді талдау, талғау қабілеті болуы шарт екені белгілі және сөз өнеріне қояр басты тұжырымы: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы». Мәселе өлеңде ғана емес, сөздің контекстінде. Осылай бір ғана сейлеммен әдебиетші Абай сөздің стильдік мәнін, сөздің көркем мәтіндегі орнын, міндеттін анықтап берген.*

Сыншы Абай жоғарыда талданған өлеңінде ескішіл ақынның баяндау тәсілін сынайды: Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап, Мақалдап айтады екен сөз қосарлап. Ақындары ақылсыз, надан келсе, Көржерді өлең қыпты, жоқты қармап». Ақындардың оқиғаларды көп сөзбен баяндауы, оны дәлелдеу үшін мақал-мәтеддерге ғана сүйенуін не болмаса ақы үшін әркімді мақтауға еліктеңдерді Абай өлеңмен сынайды. Жалған сөйлеуден Абай әдеби сөздің ақтық, шыншыл құдіретін айырып алады, олар болса: «Кетірген сөз құдіретін жұртты шарлап». Сыншы Абай сөзді сабырмен, орынды пайдалануға шақырады: «Ескі бише отырман бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап». Ескіні анықтап алып, әдебиетші Абай бүтінгінің талабын алға тартады. Бұл екі жолда, әрине, баяндау стилі, елді жалықтырган біріне-бірі ұқсас сөз тіркестері сыналады. Сонымен бірге Абай жаңа стильді, жаңа мазмұнды, жаңа түрді насиҳаттайтын. Бұл құбылыстың тек «мақұлдаумен» не «зарлаумен» ғана шектелуі тиіс емес екені анық. Себебі, Абайдың оқырманы тек мәлімет, деректермен шектеліп қалмайды, ол сөзді асыл деп танып, оның әсемдігін түсінетін тұлға екені сөзсіз: «Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап».

Әдебиетші Абай сөздің маңыздылығына да ерекше мән береді: Ыңсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап. Бұларды керек қылмас, ешкім қалап. Терең ой, терең ғылым іздемейді. Өтірік пен өсекті жүндей сабап. Адамға қажетті көркем мазмұнды баяндауды және оның соған сай форма-пішіні болуын әдебиетші Абай осылай айғақтаған. Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген бір жолмен ауыл баласының көркемсөзді қабылдауына, оның өнер екенін мойындағы түсінуге,

Айгүл ICIMAКОВА

оны бағалай білу қабілеті адамзатқа ортақ көркемдік-эстетикалық жай екенін түсінуді мензейді. Эл-Фараби мен Буало айқындаған әдеби талап пен шарттарды Абай пән тілінде осылай нақтылай түсті. Абайдың қарасөздері «хақиқатты хақиқат қалыбында» тану үшін жазылғаны анық.

А.Байтұрсынұлының айтуынша: «*Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөзінің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады... Абай өлең жақсы болуга керек шарттардың бәрін білген*» (1: 158). Сондыктан «Абай асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес. Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгени көрінеді». А.Байтұрсынұлы классикалық мұраның түп-тамырын осылай нақтылайды, себебі. Абай «әр нәрсенің бер жағын алмай, аргы асылынан қарап сөйлегендіктен». Осы ретте А.Байтұрсынұлы Абайдың әдебиеттанулық, пәлсапалық ілім дәрежесін анықтай түседі: «Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусызы» (1: 160).

Абай қырық үшінші сезінде: «Адам ұғымы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан» дейді. Екеуінің қажеттіліктері Абай өлеңдерінің, қарасөздерінің басты тақырыбы. Адамның жаны мен тәнінің қажеттіліктерін анықтау Абай үшін басты мақсат. Себебі, «*Біз жаратушы емес, жаратқан қолеңкесіне қарай білетүгын пендеміз. Сол махабbat пен әділетке қарай тартпақтыз, сол Алланың хикметін біреуден біреу анызырақ сезбектен артылады*» (45-сөз). Рахым не, рахман не? Адамшылық не, иман не? Ғылым не, махабbat не? Сезім не, ғаделет не? Адалдық я адамшылық пен имандылық не?

Абайдың «Факлиясында» ақынның әдебиеттанулық ойларының пәлсапалық сырьы ашыла түседі. Сөз өнерінің алдына койған максаттарынан бастап, оның жауапкершілігі мен міндеттері, сөздің мағынасының қандай болуы шарты, т.б. мәнгілік сұрақтарға жауаптарды Абай осы шығармада толпастырган. Алласын мойындаған пендеге, толық адамға тән қасиеттер мен оған қарсы тұратын надандардың сипаттарын Абай анықтап берді.

Абай мензеп отырған толық адам – дұрыс пенде образы қазақ әдебиетінде М.Әуезовтің «Абай жолындағы» Абай образында көркем бейнеленді. Әдеби образдың тарихи тұлғамен сәйкестігі өз алдына арнайы мәселе екені анық. «Факлиядағы әдеби ойларды» зерттеу қажет-ақ. Әдебиеттің басты тақырыбы да осы Абай қарасөздерінің мазмұны екені де аян. «Қарасөздерді» жауып қойған кездегі қазақ әдебиеттануының жай-күйі оңай болмаганын және білеміз.

Алаш әдебиеттанузы

Абай сөзінің ішкі сырын, онын әр сөзін «хақиқатты хақиқат қалыбында» тануға бағышталғанын түсінген XX ғасыр басындағы Алаш әдебиетшілері өздерінің кәсіби зерттеулерін Абайдың шығармашылығын насиҳаттаудан бастағаны да сондықтан.

Абайдың А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романын аударуы да үлкен әдебиеттанулық талғамнан шыққан іс екені анық. Аударманың айырмашылықтары көп екені белгілі. Сюжеті сакталғанымен, аудармашы өз тарапынан қосқаны ерекшеленіп тұрады. Абай тек ғашықтық қарым-қатынасты алға шығарған. Аудармада Онегин өзін-өзі өлтіреді, әрине, бұл аудармашы Абайдың көзқарасы. Татьянаның теріс қарауын көтере алмай, Онегин өлімді өзі таңдайды: Мен – жаралы жолбарысын, Жұрттың атқан оғы етіп, Енді бізге бір өлімнен Басқа түк жоқ арналған. Пушкиннің «Евгений Онегин» романында мұндай жолдар жоқ. Осы орайда академик З.Ахметов былай дейді: «Онегиннің өлердегі сөзі» атты Абай өз жанынан шығарған өлеңінен ол Онегин бейнесін, тағдырын сол кездегі қазақ жұртшылығына жақсы таныс Шығыс поэзиясының дәстүріне жақындана, Пушкиннің сипаттауынан басқарақ баяндағанын көрсек, ал «Куда, куда вы удалились?» деп басталатын Ленскийдің монологін «Ленский сөзінен» (Барасың қайда, қайда, болмай маган?) деп аударғанда, мазмұн-мағынасын көп өзгергіп жеткізуғе ұмтылғаны байқалады» (2: 173).

Абайдың Онегині жарымаған, өмірден түңілген, жалғызысырап жүрген пенде, ал Пушкиннің Онегині қарама-қарсы, көңілді, сері, Ресей «деревнясында» іші пысып жүрген «Фобластың шәкірті». Ол Татьянаға провинциядағы көптің бірі ретінде қарайды және оған ақыл айтуды жөн санайды. Абайдың Онегині, керісінше, Татьянамен өзіне тен құрбы ретінде пікірлеседі, сондықтан одан айырылғанына қүніренеді. Абайдың Онегині – трагедиялық кейіпкер.

Әдебиетші Абай Онегин мен Татьянаның сөздерін өлеңмен берген. Қызы сезімінің тазалығын, оның кісілік адалдығын, ішкі мәдениеттің биік екенін аудармашы аша түседі. Татьяна сөзінің Абайдың әдебиетші, аудармашылығы арқасында өз өміріне ие болып, өлең түрінде қазақ даласында шығармадан, тіпті Пушкиннің романынан тыс өмір сүріп кегкендігінің сыры да осында.

Абай поэзиясының өлең болып айтылуының да қасиеті тегін емес, сол кездегі қазақ әдебиетінің жанр мен стильдік шенберінде өлең орны ерекше еді, себебі жазба әдебиет енді кіре бастағанда, ел өлең, аныз арқылы ғана кісіден кісіге, ұстаздан шекіртке тікелей білім, ілім таратуға мүмкіншілігі бар еді. Мұндай білімді кітаптардан сүзіп алуға да болар, бірақ тікелей жеткен ілімнің жөні, әрине, ерекше.

Айгүл ІСІМАҚОВА

Сондыктан да «Евгений Онегиннің» басты ойын әдебиетші Абай өлеңмен тірілтүге, сол кездегі қазак әдебиетінің жанрлық қажеттілігімен байланыстырыған. Осы кезден бастап қазақ әдебиетінде «Евгений Онегин» романының аудармасы емес, «Татьянаның сөзі» бүгінге дейін ғашықтардың лирикалық ескерткіші ретінде танылып келеді. Бұл өлең Абайдың Пушкин стилін ерекше даралықпен қазақшалағанының арқасында ғашықтар гимні іспеттес, себебі Абай аудармаға өзінің лирикалық кейіпкерінің ішкі көңіл күйін, сезімін қосқан. А.С.Пушкин бұл романында В.Г.Белинский айтпақшы: «Орыс өмірінің энциклопедиясын» көрсете білсе, Абай ол энциклопедиядан тек «мәңгілік тақырыптарға», ғасырдан-ғасырға жалғасып жатқан ғашықтық, тазалық, адалдық, текстілік сезімдерін насхаттайды. Осыған байланысты абытанушы Т.Нұртазин былай дейді: «Абай Онегин мен Татьянаны Сарыарқаның белінде беттестірді» (3: 127).

Абытанушы F.Сағидың айтуы бойынша: «Өмірінің әуелті жартысында Абай өлендері табиғат, ішкі рухы мен тұрмысқа жақын, дайын тұрмыс қайғыларын, тіршілік пікірлерін шешеді».

Зерттеуші Абай өмірінің екінші жартысы шаршau, өмірден тұнілу, құсамен өткенін айтады: «Соңғы жартысында (соңғы 70-80-жылдарында) Алла һәм ахрет туралы терең ойларға кетеді. Яғни Абай өлендерінің табиғаты, үміттері тұрмыстың түрлі дертерімен суарылған болса, соңғы жартысы діни пікірлер һәм машшарға даярлану атымен суарылады. Идеализм деген пәлсапа жолына бұрып тұйықтайды» (4: 142).

Әдебиетші Абайдың қарасөзге келуінің сырын осылай түсіндіруге де болады. Қарасөз ойдың жан-жакты, еркін дамуына мүмкіншілік береді және ол үшін ойдың терендігі қажет, өмір мен өлім, өткінші мен мәңгілік мәселелері күрделі білімді қажет ететіні сөзсіз. Бұл мәселе же жауап іздеген ақын Абай әдебиетші ақынның «Ғаклиясында» айғақтала түседі. Әрине, бұл шығармалардың басты шарты Құран ілімі болғандықтан, оның әр сөзі анық, хақиқат екеніне күмән болмау туіс.

Абайдың «Сегіз аяғында» әдебиетші-акын өзінің өмірін саралай түскендей. Осы орайда T.Нұртазин былай депті: «Көп құбылалы, толғаулы ойды шолған, қын қияға шарықтаған өмірді бейнелеуге сай өлең» (3: 128). Т.Нұртазиннің байқауынша, «қара өленге» Абай көңілі сыймайды. Абытанушы академик З.Ахметов осыған орай былай дейді: «Абай қазақ поэзиясының ырғақтық-интонациялық байлығын молынан пайдалана біліп. өлең өрнектерін дамытып, байытуға зор үлес қосты... Жазба әдебиетінің негізін салып, жазба поэзиялық

Алаш әдебиеттанузы

дәстүрлерді қалыптастыруға күш салған Абай өлең ырғағының мүмкіндігінше еркін болуына айрықша мән берген. Бұл тұста ол қазақ поэзиясында әбден үйреншікті болған он бір буынды өлеңнің өзіне тән мүмкіндігін пайдаланған» (2: 208).

Он бір буынды өлеңнің қазақтың үйреншікті қара өлеңінен қандай айырмашылығы бар? Абай бір өлең жолымен шектелмейді. Бұрын мұндай күрделі, бірінші жолда басталып, келесі өлең жолына көшіп жататын сөйлемдер болмайтын. Осыған байланысты Т.Нұртазин былай деген: «Шағатай үлгісімен құрылған казақ өлеңдерінде пікір шумағы жол аяғында аяқталып, екінші жолды жартылап барып тынатын ұзақ, құрмалас сөйлем кездеспейтін, төрт құбыласы түгел болып, аксамау үшін өлеңнің ыргак үйлесімі сакталуы бірінші шарт болатын. Шынымен де: Қаратай кейде қарлы, кейде қарсыз. Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз деген екі жолдың да соны сазды, дауыс ырғағымен бітіп тұр. Абайда ойдың мұндай қайырылуы мүмкін емес. Кез келген өлеңде алдыңғы ой келесі жолда жалғасып жатады. Бір жолдан екінші жолға асып жататын сөйлемді Абай тек жаңа өлеңдерінде ғана емес, қара сөздерінде де колданатын» (3: 128).

Әрине, бұл жай ақыны емес, әдебиетші ақын Абайдың сөзге, өлеңге қойған жаңа талаптары екені анық. Совет кезіндегі әдебиеттанудан үйғарғанымыздай, әдебиетте ол кезде екі түрлі көзқарас болған: жазушы, әдебиеттанушы әдебиетті үstem биліктің идеологиялық каруы ретінде, басқаларды қаралау үшін саяси күресте пайдаланған. Енді бір топ – әдебиеттің әсемдік, асылсөздігін мойындаған, себебі, олар үшін өнер, әдебиет – тікелей шындық емес, оның эстетикалық, әсемдік болжамы, интерпретациясы. А.Байтұрсынұлы, Ш.Кұдайбердіұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, М.Дулатұлы, М.Әуезовтер осы тұрғыда басты әдебиеттанулық енбектерін жазғандары белгілі.

Демек, үлттық әдебиет тек өзіне тән ана тілінде ғана, соның заңдылықтарына сүйсне отырып, тіршілікті бейнелей алады. Басты мәселе жазушы өзінің ішкі рухани бостандығын сақтап отыруы шарт. Әдебиеттің қоғамдық қызметінің мәнін қазақ әдебиеттануында ең бірінші Үбірай Алтынсарыұлы ұсынса, оны Абай қалыптастырығаны мәлім. Ақын өлеңнің басты жолдарында ұрандал, қысқа, нақты, ұмытылмайтындей етіп шегелеп берген: Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, Қыннан қыстырыр ер данасы. Әдебиеттің қызметі, көркем шығарманың әсері қандай? деген саулға Абай былай деп қайырады: «Құлақтан кіріп, бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй. Қөнілге түрлі ой салар, Әнді сүйсен, менше сүй...». «Қөнілге түрлі ой салар»,

Айгүл ІСІМАҚОВА

«Дұние ойдан шығады» жолдарында әдебиетші Абай көркемсөздің ерекше әсерін тіршіліктің, ғаламның, адамдықтың сырын түсіндіруге бағышталғанын осылай алға тартады.

Әдебиетші Абай осы ретте көркемсөз өнерінің тағы бір күдіреті туралы айта кетеді. Яғни көркем шығармашылықтың өз зандылықтары бар, жазушы, ақын соған тәуелді, сондыктан ол көркемдік ақықатына бағынуга мәжбүр, себебі асыл сөздің өз «зандары» бар: Өзгеге, көңілім, тоярсың, Өлеңді қайтіп қоярсың? Оны айтқанда толғанып, Іштегі дерпті жоярсың. «Өзімді-өзім ұмытып» Пушкиннің «Евгений Онегинде» баяндаушының: Татьянаның Евгенийді ысырып тастап, тез түрмис құруын түсінбей қалдым, – деп таңғалуын еске салады. Татьянаның образы автордың әсерінен тыс өзінің даму логикасына бағынғаны осыдан анғарылады. Эрине, бұл – шынайы көркемдік әлемі, себебі әр кейіпкердің өзіне тән сөздері қалыптасқан, істері дамыған. Автордың кірісүімен емес, оның тікелей араласуынан тыс. Кейіпкерлердің сөздері автордың әдеби, дұрыс, үлгілі тілінен ерекшеленіп тұруы да сондыктан. Эрине, бұл да әдебиетші Абайдың шынайы көркемдік әлем туралы түсінігі екені анық. Әдебиеттану осындай шынайы көркемдікті зерттейді, оның ішкі сырын насиҳаттайды. Әдеби шығарманың өмір шындығымен қатар, әдемі, көркем, әсем болуы шарт. Ол туралы Абай Буало іспеттес, бірақ қазақша нақтылайды: Алыстан сермеп. Жүректен тербел, Шымырлап бойға жайылған... Осы сегіз жол бір сөйлемді құрап тұр. Сейлем күрделі болғанымен, сөздері женіл байланысып, бір-бірімен жарасып, ұштасып, өлең болып кете береді. Ең соңғы сөздерде ой түйінделеді.

Әдебиеттанулық түсініктерді әдебиетші Абай осылай нақтылап, өлең жолдарымен өрнектеп кеткен екен: Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жок-барды, ертегіні термек үшін...

Отыз сегізінші қара сөзінде Абай: «Әуелі адамның адамдығы – ақыл, ғылым деген нәрселерімен», – дейді. Ал «Ғылым – Алланың бір сипаты» екенін ескеруді басты мақсат деп санайды. Сонымен бірге «Әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім ғалым». «Растың бір аты хак, хактың бір аты Алла», – деп ақықатты айқындалды.

Көркемсөздегі ақыл, қайрат, жүрек, ғылым айтысы Абайдан кейінгі әдебиеттануда дами түсті. Абайдың әдеби, ғылыми зерттеушілік ой-пікірлерін оның өлеңдерінен, қарасөздерінен осылай анықтап алу – бүгінгі қазак әдебиеттануының басты мақсаты екені де айқын. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол», «Өлең – сөздің патшасы», «Өзгеге, көңілім, тоярсың» атты өлеңдерінде Абай өлең құрылышының сырын ашып

Алаш әдебиеттануы

береді. Мазмұн мен түрдің үйлесуін, сөзді қолданғанда, арнайы білім мен талғамның болуы шарт екенін әдебиетші Абай осылай өлеңмен жырлады. Әдебиетші Абай өзінің поэзиясында өлеңнің өнер екенін дәлелдеді, оның әлеуметтік қызметін алға тартты. Өлеңге білім мен ілімді сыйғызды.

Мазмұнды түр деген бүгінгі әдебиеттанудың парадигмасын өлеңмен қазақ тілінде түсіндіріп берді. Стильді келесі сөздермен аныктайды: «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол – ақынның білімсіз бейшарасы».

Тәуелсіз кездің әдебиеттанушысы Жандос Смағұлов бұл өлеңдерді «поэзиялық үлгіде жазылған теориялық трактат» деп дұрыс баға берген. Бұл пікірмен келіспеу мүмкін емес.

Абайдың «Фақлиясы» – әдебиеттің мазмұны мен міндеті, қандай мәселелерді зерттеуді қажет етеді деген сауалдарға толық жауап беретін туынды екені де түсінікті. Көркем туынды оқырманға қалай әсер етуі керек? Шынайы көркемсөз тууына не әсер етеді? Бұл ретте Абай былай деп ағынан жарылады: «*Өзгеге, көңілім, тоярсың, Өлеңді қайтіп қоярсың. Оны айтқанда толганып, Іштегі дерпті жоярсың.*».

Аристотельдің поэтикасындағы әдебиеттің мимесис категориясының, яғни көркем, асыл сөздің адам жанына тигізетін әсері, оның тазаруына ықпал етуін Абай осылай қазақшалап бейнелейді.

Көркемсөз оқырманның «іштегі дертіне» әсер етіп, оны қозғай алмаса, онда міндеттін атқармағаны. Абайдың әдебиеттанулық ойларын тұнғыш талдаған А.Байтұрсынұлының «Қазақтың Бас ақыны» атты зерттеуінің мәні зор. XX ғасыр басындағы әдебиетшілер осы тұжырымдарды алға тартып, совет кезіне дейін қазақ әдебиеттануын қалыптастырып берді. Оған дәлел 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш».

Ресейдегі ұлттық ғылыми-теориялық ой-пікірдің өріс алуына себеп болған В.К.Тредиаковский мен Н.В.Ломоносов саналса, сонау әл-Фарабиден басталатын қазақ әдебиетіндегі ұлттық сөз өнерінің табиғатын түсіндіретін, оның негізгі міндеті мен шарттары, тегі мен түрі, айтуши мен тыңдаушы, т.б. категориялардың анықталуы тұнғыш рет Абай өлеңінің мәтінінде айқындалды. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасын дамуына Абайдың әдебиеториялық ұғымдары тікелей әсер еткені аян. Оған дәлел тағы да А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы».

Осы ретте Шоқанның: «*Өлең төрт жолдан құралады, алдыңғы екі жолы мен төртінші жолы силлабикалық жүйемен бір ыргаққа*

Айгүл ICIMAҚОВА

үйқастырылады, үшінші жол үйқастайды» деген сиякты теориялық тұжырымдары қазақ өлең құрылсының алғашқы үлгісі екенін мойындауымыз қажет. Ш.Ұделиханов айтыстың ерекшелігін, оның суырыпсалмалық өнерін, халық мұрасын ауызша ұрпақтан-ұрпаққа тікелей жеткізу мәселесін тұнғыш айтқан әдебиетші екенін де есте сақтау қажет.

Ғалым «Жонгария очерктері», «Халық поэзиясының түрлері», «Қырғыздар туралы жазбалар» атты еңбегінің «Сөз өнері» атты тарауындағы ертегіші, өлеңші, жыршы, жырау, ақын терминдерін бір-бірімен салыстырып, ерекшеліктерін алғаш рет анықтады.

Өлең құрылсының зерттеушілері Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, З.Ахметов, З.Қабдолов өз зерттеулерін Шоқаннан бастайтының да білеміз яғни өлең туралы алғашқы теориялық тұжырымды Шоқан айтқаны белгілі.

Шоқанның еңбегі ғылыми айналымға 1904 жылдан бастап енгенін ескерсек, оның қазақ ұлттық әдебиеттануына әсері болғаны сөзсіз.

Абай мен Үбірай әдебиеттің өнер екенін дәлелдеді, жазба әдебиеттің негізін салды. Абай өз өлеңдерінде қазақ тілінде тұнғыш әдеби-теориялық «пән сөзін» (А.Байтұрсынұлы) жүйелеп берді. Екеуі де әдеби істерімен, аудармалары мен шығармалары арқылы қазақ әдебиеттануына мысал, әңгіме, новелла, баллада, поэма, қарасөз, өлең, т.б. жанрлық түрлерді қалыптастыруды. Абай қазақ өлең құрылсында реформа жасаса, Үбірай әдебиеттің тәрбиелік мәнін, оның тәлімдік әсерін дәлелдеді. Абай өзінің жаңаша әдеби-теориялық көзқарасын өлеңдерінде жүйелеп, есте қалардай нақыштап берді.

Қазактың XIX ғасырдың екінші жартысындағы баспасөзінде әдеби-сыншыл ойлар өріс алуы да түсінікті. «Түркістан уалаятының газеті». «С-Петербургские ведомости», «Акмолинские ведомости», «Дала уалаяты газетіндегі» А.Құрманбаевтың, М.Ибрагимов, Т.Сейфуллин, А.Әбдірахманов, Б.Әдіков, М.Ж.Кепей, Ж.Айманов, Ж.Тұраков, Ы.Шуленбаев, М.Жанайдаров, М.Ботпай, Ш.Ибрагимов, Б.Дауылбаев, Т.Сейдалин, С.Жантөрин, М.Бабажанов, Х.Сенгірбаев, А.Шонаев, Е.Наурызбаев, О.Әлжановтың, Р.Дүйсенбаевтың, Д.Сұлтанғазиннің, т.б. тіл мен әдебиет туралы мақалалары осыған арналған. (А.Құрманбаев «Қазақ тілі хақында», Д.Сұлтанғазин «Біздің қазақ тілі туралы бес-алты сөз», «Қазақ тілінде жазу тұрасында» және т.б.). Ғалым Т.Кәкішев А.Құрманбаевтың «Дала уалаяты газетіндегі» Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!», «Жаз» өлеңдерін «Қазақ өлеңі мен поэзиясының тамаша үлгісі» деп бағалаған. Д.Сұлтанғазин сол кездегі қазақ поэзиясындағы екі бағытты атады. Шортанбай мен

Алаш әдебиеттануы

Дулаттың заманнан түңілуі, Абай мен Ыбырайдың келешекке сеніп, өнер-білімге, ғылымға шақыруын алға тартады.

Осының бәрі үлттық әдебиеттануымыздың бастаулары екеніне күмән тумауы керек.

Абайды, Ыбырайды, Шоканды оқыған Алаш арыстары XX ғасыр басында қазақ әдебиеттануын ғылым ретінде қалыптастырды. Олардың осы арнадан сусындағаны да зандылық.

Абай, Ыбырай, Шоқанның қазақ әдебиеттануына коскан әдеби-теориялық үлестері арнайы зерттеуді қажет ететіні де сондықтан.

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Алматы: Алаш, 2003.
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы, 1995.
3. Нұртазин Т. Абай және орыстың классикалық әдебиеті // Абай тағылымы. Алматы, 1986.
4. Сағди F. Абай // Абайды оқы, таңырқа. Алматы, 1993.



**II. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ӘДЕБИЕТТАНЫНЫң КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ
(1905 – 1937)**

Тәуелсіздік кезенде қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы қайта қаралып, жаңадан жазылды. Бұл сала енді ғана өз табиғи жүйесіне түскендей. Ендігі мақсат әдебиеттануды совет кезіндегі идеология таптығынан аршып алу. Совет кезіндегі жыраулар поэзиясы мен Сүйінбай, Абай, Жамбыл, Кенен, Майлышқожа, Мәделі қожа, т.б. мәтіндерін редакциялау арқылы жасалған киянат өз қалпына енді келді.

Әдебиеттану: әдеби сын, әдебиет тарихы, әдебиет теориясынан тұратыны белгілі. Қазақ әдеби сынны XX ғасыр басында туып, сол кездегі әдебиеттің дамуына тікелей әсер етті.

XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі әдеби мақалалар өткен ғасыр соңындағы дәстүрді жалғастырды. Осы орайда ұлттық әдеби көсемсөз (А.Байтұрысқызы) саласы да ерекше дамыды. XX ғасыр басындағы әдеби көсемсөз әдебиет сынның тудырып, көркем әдебиеттің дамуы, әдеби үдеріс пен оны зерттеу мәселелерін алға тартты. Көркем әдебиеттің жанрлық түрлері орнығып, поэзия, проза, драматургия жаңа ізденістерді дамытты. Әдеби жинақтарда ауыз әдебиеті үлгілері мен мұралары жарияланды. Бұл басылымдар туралы әдеби пікірлер де жүйеленді.

Кітап шығару ісі алға басты. XX ғасырдың алғашқы жиырма жылында бес жүзге тарта кітап жарық көргені белгілі. Бұлардың ішінде ауыз әдебиетінің үлгілері, діни сюжеттегі көркем туындылар, киссалар, әдеби жинақтар, әліппелер мен оку құралдары, көркем туындылар, әдебиеттанулық зерттеулер бар еді. Сондай-ақ, Әбу Әли ибн Сина, Кожа Ахмет Йасауи, Шортанбай, Ш.Уәлиханов, Ұ.Алтынсарыұлы, А.Құнанбайұлы, М.Мөнкеұлы шығармалары баспадан кітап болып шықты.

«Айқап» журналы мен «Қазак» газеті тілдің тазалығы, ауыз әдебиеті үлгілері шыққан оқулыктар мен аталған кітаптарға сынни макалалар жариялау арқылы кәсіби әдебиеттанулық ой-пікірлерді орнықтырды. Бұл құбылысқа себеп болған қазақ тіл біліміне арналған арнайы оқулыктардың сыншылдық ой-пікірлері еді. Осы кезде М.Нұрбаевтың «Қазақша әліппе»; «Галия» мәдресесі шақірттері шығарған «Әліппе яки төте оку»; Қ.Кожықовтың «Әліппе»; М.Кәшімовтың «Ақыл кітабы» (1903), «Әдеп», «Үгіт» (1907); М.Малдыбаевтың «Қазақша ен жана

Алаш әдебиеттануы

әліппе» (1910); А.Байтұрсынұлының «Тіл құралы» (1915), «Оқу құралы» (1912, 1914, 1915); М.Дибердиевтің «Қазақ балаларына қираәт кітабы» (1910); А.Андамасовтың «Қазақша оқу кітабы» (1912); Т.Жомартбаевтың «Балаларға жеміс» (1912); С.Көбеевтің «Үлгілі бала» (1912) атты оқу құралдарының шығуы қазақ тілінің қолданылуы мен әдебиетті танытуға ерекше назар аударды. Ы.Алтынсаурыұлының «Хрестоматиясы» көркем мәтіннің тәрбиелік сипатын, оның балаларға түсінікті жазылуын талап етті. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануындағы зерттеушілік ойдың дәрежесін М.Сералиннің «Шахнамадан» аударған «Рұстем–Сұрабқа» жазған «Сөз басы» ғылыми мақаласы көрсетеді. Әдебиетші Фирдоусидің өмірі мен шығармашылығын, дастан туралы өз көзқарасын білдіріп, бұл классикалық мұраның жазылу тарихын, оның басқа тілдерге аударылуы мен зерттелуін де сөз етеді. Әдебиетшінің тек аудармашылықпен шектелмей, оның барысында ғылыми мағлұматтар игергенін көреміз. М.Сералиннің бұл ғылыми жұмысына Т.Кәкішев пен Ж.Смағұловтың еңбектерінде ерекше назар аударылған (Т.Кәкішев «Сын сапары», Ж.Смағұлов «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы»). Әдебиеттану ғылымының аяғынан тік тұруына, оның жетілтуіне осындай талдаулардың қажет болғаны сөзсіз.

Әдебиеттанудың тұнғыш мақалалары әдеби-тариҳи, әдеби-теориялық пікірлерді алға тартты. Ғасыр басындағы жаңа қоғамдық ой-сана бұл мәселелердің анықталуына ықпал етті. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануында «ескі» және «жаңа» өлең туралы мәселе көтерілді. Қазақ сөз өнеріндегі ата-бабалардан келе жатқан бұрынғы «Зарқұм», «Сал-сал» сияқты туындылар, «керекті-керексіз сөздің бәрін өлең қылып терген, кейіп жоқ, келісім жоқ» деп, көбі сынға ұшырап, «үлгілісі Абай салған жол» деген пікір үстем болды. Бұл пікір «Айқап» (1913, № 13, 14) бетіндегі С.Торайғыровтың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» атты мақаласында айқындалды.

Ғасыр басындағы әдеби бағыттағы ой-пікірлер тек арнайы әдеби сын емес, баспасөз бетіндегі ғылыми-публицистикалық сипаттағы мақалалар да халық тарихына қатысты аңыздар мен шежірелеріне, халықтың сөз өнерінің үлгілеріне жүгінуге мәжбур болған. Қазақ тарихы туралы жазғанда, оның мәдениеті мен әдебиеті туралы айтпау мүмкін емес екені де түсінікті. Ж.Смағұл айқындағандай: «Айқап» журналындағы К.Бәтешұлының «Қазақ шежіресі» (1911, №3); С.Габбасовтың «Тарих қазақ жайынан» (1915, №14, 15); Қазақұлының «Ғылым бабы» (1911, №1); Қ.Жастабановтың «Тағы да қазақ жері жайынан» (1912, №4–6; Д.Қашқымбайұлының «Кел,

Айгүл ІСІМАҚОВА

казақ, ел болайык!» (1911, №6); F.Мұсанын «Қазақ жайынан» (1913, №13–17); «Тарих» (1914, №4.5); М.Сералиннің «Қай заман қазақ Россияға қараған?» (1911. №1). «Қазақта тарих керек пе?» (1912. №7); М.Ж.Көпесевтің «Тұысқан бауырларыма бір насиҳат» (1912. №7. 8); «Қазақ» газетіндегі М.Дулатұлының «Алаш не сөз» (1913. №15). «Тарихи жыл» (1917. №212); F.Мусинның «Жетису қазақтары жайынан» (1914. №58); Тұрік баласының «Қазақта мұфтілік мәселесі» (1913. №11). «Тарих жайынан» (1913. №2–9); Ә.Бекейханның «Шәкәрімнің түрік, қыргыз, қазақ һәм хандар шежіресі» (1: 125) атты мақалаларындағы әдеби-тарихи мәліметтер үлттық әдебиеттануга, оның кәсібиленуіне зор үлес қосты. Сондықтан қазақ әдебиеттануының негізгі бағыты осындағы мәдени тарихилық қағиданың аясында қалыптасты. Себебі, қазақ әдебиеттануының сол кездегі ғалымдары тарихшы-этнограф, әдебиетші-сыншы, мәдениеттанушы-көсемсөз шебері болған белгілі.

Үлттық әдебиет, оның сол кездегі сыны, өткен тарихы туралы пікірлер оқу-ағарту мен оқулықтар жазу, қазақ тілінің тазалығы мен емлесі туралы мәселелерді көтерумен ұштасты. «Айқапта» X.Уәлиолланың «Тіл сақтаушылық» деген мақаласында: «Қазақ халқы тілге, әдебиетке кедей емес, бірақ басы қосылып құралмағандықтан білімсіз самарқау жатыр» деп, әдебиет тарихын зерттеу мәселесін тезірек қолға алу керектігін көтереді. *Fұмар Қарааш* «Тіл-әдебиет» мақаласында әдебиеттің орны мен мәнін алға тартып, оны таныту істерін жетілдіруді мәңзейді: «Тіл-әдебиет бір миллят үшін әлбетте керек. Оның керектігі турасында жазылмақ сөздердің бәрінде бұл орында жазып бітіру мүмкін емес... Біздің де өзімізге айрым тіл-әдебиеттің әлбетте бар. Жоқ болса, оны болдыруға, көміліп жатқан мол қазынаны дүниежүзіне шығаруға, үлкен-кіші, баршамыз да борыштымыз һәм міндеттіміз» (Айқап. 1912. № 10) (1: 126). Аталған мақаладағы: «Тіл-әдебиет бір милляттің жаны һәм рухы. Әдебиеті болмаған миллят – тілі шықпаған жас бала. Тіл-әдебиет дүниедегі барлық бақыт сырғадаттың, ғылым-өнердің, дін уа мәдениеттің асылы» (1: 126) деген пікір қазақ үлт әдебиеті тарихын тануының жаңа сатыға көтерілгенінің айғағы. F.Қарааш осы орайда: «Бізде әдебиет бар ма? Бар болса, ол қандай?» деген сауалдарды батыл көтереді.

Абайтанудың ірге тасын қалаушы Ә.Бекейханның әдебиеттанулық мұрасының құндылығы сөзсіз. Арнайы зерттеулер мен хаттарындағы пікірлері әдебиетшінің сол кездегі озық көзқарастың иесі екенін көрсетеді. Өз үлттық әдебиетіне жанашырғана емес, оның

Алаш әдебиеттануы

білікті маманы бола білген Ә.Бекейханның ғылыми дәлелденген ой-пікірлерінсіз бүгінгі қазақ әдебиеттануын елестету мүмкін емес.

Әлихантану тек Тәуелсіз кезде ғана қолға алынды. Замандастары Алаш арыстары бастап берген әлихантану: Хасен Оралтай, М.Базарбаев, М.Қойгелді, Р.Нұрғали, С.Аккүлұлының зерттеулерінде дамытылды. Өткен ғасыр басындағы әдебиеттанулық ойдың назары ең алдымен Абай шығармашылығына бұрылды. Әдебиет тарихын зерттеу жыраулардан басталса, жазба әдебиеттің басында тұрған «Қазактың Бас ақыны» (А.Байтұрсынұлы) екені бірден мойындалды. Әдебиеттану Абайдың шығармашылығын насиҳаттаپ, ол салған жолдың өркендеуін алға тартты.

ХХ ғасыр басындағы Абайтанудың бастаулары болып саналатын алғашқы зерттеулер ұлт әдебиеттануының да негізгі сипаттарын дәл анықтап берді. Ғасыр басында «Айқап» бетінде Х.Уалиолла, F.Қараш мақалаларында әдебиеттің мәселелері кеңінен қойылды. F.Қараш «Тіл-әдебиет» атты мақаласында: «Тіл-әдебиет бір миллият үшін, әлбетте, керек. ...Көміліп жатқан мол қазынаны дүниежүзіне шығаруға, үлкен-кіші баршамыз да борыштымыз һәм міндеттіміз» (1: 126) деп, әдебиеттің өмірдегі орнын анықтап береді, оны насиҳаттауды алға тартады. Мақаланың басты мақсаты: «Бізде әдебиет бар ма? Бар болса ол қандай?» деген сауалдарға жауап.

ХХ ғасыр басындағы әдебиеттанудың басты тақырыбы – Абай шығармашылығы, оны талдау арқылы насиҳаттау болды. Абайдың әдебиеттанулық пікірлері қазақ әдебиеттануының негізгі бағытын анықтап берді. Абайтанудың бастаулары саналатын мақалалар ұлт әдебиетін тану екені түсінікті. 1909 жылы Петерборда *Қекіттай Ысқақұлының Абайдың өлең жинағына жазылған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі»* мақаласы жарық көрді. Бұған дейінгі Мұрсейіт қолжазбалары мен газеттерде тарап жүрген Абай шығармалары жаңа қазақ әдебиетінің көшбасшысы екені нақтылана түсті. Аталған мақаланың орысша нұсқасы Ә.Бекейханның аударуымен «Абай Кунанбаев» (некролог) 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде жарық көрді, кейін 1907 жылы Орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібірлік бөлімінің «Записки Семипалатинского подотдела» деген жинағында басылды. К.Ысқақұлы ақынның өміrbаяны, ататегі, әлеуметтік ортасы туралы мағлұматтармен бірге ақын поэзиясының сыншыл реалистік бағытта екенін, сондықтан ол ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне үлті бола алатынын атады.

Ә.Бекейханның орыс тіліндегі мақаласында әдебиетші осыған

Айгұл ІСІМАҚОВА

қоса Абайдың дін жөніндегі өлеңдеріне түсініктеме береді, оның жанашылдық сипатын ашып, табиғат лирикасы Еуропа ақындарының дәрежесінен кем емес екендігін анықтады. Әдебиетшінің мақаланы орысша жазуы да тегін емес, басқа елдерге Абайды таныту қажет екенін ол сол кезде колға алды.

Ә.Бекейхан осы мақалада ғылыми ойдың дамуын да түсіндіріп кетеді: «Абаем переведен на казахский язык «Евгений Онегин», особенно в степи популярностью пользуется «Письмо Татьяны», для которого тот же переводчик сочинил мотив. В 1899 году в Кокенской волости казахский певец Адылхан предложил нам послушать «Письмо Татьяны»... В тот же вечер Адылхан, знающий много оригинальных стихов Абая, спел нам несколько его переводов из Лермонтова, пояснив при этом, что Лермонтов был недоволен жизнью, а Пушкин относился к ней как мудрец» (2: 309).

С.Торайғырұлы «Қазақ тіліндегі өлең кітаптар жсайынан», «Өлең һәм оны айтушылар» мақалаларында Абай жолы, Абай өнегесі бар екенін алға тартқан («Айқап, 1913»). А.Сегізбаев «Халық һәм әдебиет» («Қызыл Қазақстан», 1922, №11) мақаласында: «Абайдан бұрынғы ақындар мен Абайдан соңғы ақындарды салыстыrsaқ, Абайдан соңғы ақындардың сөзі тіпті басқа түрге кірген. Оған себеп Абай кейінгі ақындарга жсөн сілтеп, бетін тузеген» (1: 131–132).

Абай шығармаларын таныту, оны әдебиеттің «пән тілінде» түсінідіру XX ғасыр басындағы зиялды қауымның басты ғылыми мақсаты болды. Бұл мақалаларда әдебиеттану ғылымының нақты мәселелері көтеріліп, әдеби-теориялық тұжырымдар, әдебиеттің тарихи негіздері қарастырылған. Бұл зерттеулердің басты ойы Абайдан үйренуге шакыру, оның қазақ әдебиеті үшін үлгілі шығармашылығының қырларын айқындау.

Ә.Бекейхан мен Кәкіттай Ысқақұлы ең алғаш Абайдың өмірбаяны мен ақындық өнердегі басты ерекшеліктері мен орыс және осы арқылы Еуропа әдебиеттерімен қарым-қатынасын алғаш саралап, Абай кітапханасының да жайын анықтап берген. Кәкіттай: «Абайдың ақындығына ерекше әсер еткен 1880-жылдардағы озық ойлы орыс әдебиеті», – деп кадап айтты. Бұл тұңғыш өлеңдер жинағынан бұрын Абай атымен басылым көрген ақынның бір топ өлеңдері Уфа қаласында шыққан Зейнелғабиден ибн Әміре әл Жауһари әл Омскаяуидің «Насихат қазакиясы» (1909). Мұнда Абай өлеңдерін қазақ поэзиясының жақұтты деп бағалап, өлеңде мазмұн мен түр бірлігіне Абай танымы тұрғысынан талап қойылды: «Өлеңнің іші алтын, сырты күміс болып, үлгі өрнекпен толы болсын».

Алаш әдебиеттануы

Тәуелсіздік кезінде М.Мырзахметұлы шығарған Алаш абайтануы «Абайды оқы, таңырқа...» (1993) атты жинақта топтастырылған: Э.Бекейхан «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» (Семипалатинский листок. 1905. №250). К.Ысқақұлы (Абайдың 1909 жылы Петербургте жарық көрген кітабына алғы сөзі). А.Байтұрсынұлы «Қазақтың Бас ақыны» (Қазақ. 1913. №40, 43). М.Дулатұлы «Абай» (Қазақ. 1914. №67). Ж.Аймауытулымен М.Әуезовтің «Абайдың өнері һәм қызметі» (Абай журналы. 1918. №2. «Екеу» деген бүркеншік атпен). М.Әуезовтің «Абай» («Коңыр» деген бүркеншік атпен 1922 жылы «Шолпан» журналының 4–5-сандарында. И.Жансүгіров Ташкенде шыққан «Абай кітабы» (өлеңдер жинағына рецензиясы) (1922) «Тілші» газеті. 1923. 8 мамыр). М.Жұмабай «Алтын хакім Абайға» (1912). Т.Шонанұлы. «Абай кітабын бастыру керек» («Ақжол». 1921. №69). Н.Төрекұлов «Әдебиеттің көз салу» (Қазақ. 1916. № 164). Ф.Сағди «Абай» (Ақжол. 1923. № 335). Дж. Кеннан «Абайдың орыс достары» // Дж. Кеннан. Сібір және жер аударылғандар. 1906. З.Әміре «Әдебиет қазақия яки қазақтардың тіл өнері» (Уфа. 1909). А.Белоспідов «Абай жүрген ізбенен» (1985) Н.Рамазанов «Абай Қунанбаев» орыс тілінде («Әлшархият» (Восточный сборник в честь А.Н.Веселовского.). Мәскеу. 1914. 224–227-бб.).

«Таныстыру» поэмасында (1918) С.Торайғыров Абайға былай деп баға берген: *Абай дейік, биік бұлтқа жестті. Аз ілімі жестуіне жәрдем етті. Алты алашқа атагы айқындалып. Сүйікті, тағым мінді, суретті.*

Абай поэзиясының асқақ қуаты мен эстетикалық болмысын терен аңғарған С.Торайғыров Абайды бұрынғы өткен көне заман ақындарымен салыстырып: Оларды қоя алмаймыз Абаймен тен. Себебі, оқымаған, білімі кем. – Туыс талант Абайдан жиырма есе. Олардың артығы бар дей алам мен (С.Торайғыров. 2 т. шығармалар жинағы. 1-том. 1993. 159-б.) деп, олардың басты кемшілігі өмір шындығы ақиқатын бере алмауында, – деп тұжырымдаган. С.Торайғыров Абай салған тіл тазалығы, ақындық тілдегі көркемдік құдірет пен өлең құрылсының ерекшелігін атап көрсеткен. С.Торайғыровтың бұл ойы былай деп нақышталған: «Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа, Абайды оқы, таңырқа, басың шайқа. Ақындықтың қуаты есінді алып, Бас алмасстан оқырсың қайта-қайта».

Ақын өзін Абайдың ақындық, әдебиеттанулық дәстүрін дамытушысы деп санағаны белгілі. Абай шығармашылығының теориялық негізі А.Байтұрсынұлының 1913 жылғы «Қазақ» газетінде жариялаған «Қазақтың Бас ақыны» атты зерттеуі болып табылады.

Айгүл ICIMAКОВА

Әдеби еңбектің атаяунда тұрган тұжырым толығымен дәлелденеді. А.Байтұрсынұлы Абай өлеңдерімен 1903 жылы Мұрсейіт қолжазбасы арқылы танысқан екен. Абай неге қазақтың бас ақыны екені талдау арқылы дәлелдене түседі.

А.Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде саят ашуына нақты мүмкіншіліктер тудырған бірден-бір ғалым. «Ана тіл» деген терминді де өзі ұсынғанын біз естен шығармағанымыз жән. А.Байтұрсынұлының «Әліпбі» мен «Оқу құралы» тұнғыш әліппеміз болса, оның бірнеше рет қайта басылуы сол кездегі білім беру жүйесі үшін қажет құндылыққа айналғаны анық.

Теоретик А.Байтұрсынұлының таза ғылыми зерттеулермен шектелмей, оның құнделікті сұранысты өтейтін оқулықтар жасау арқылы да пайда әкелуге мән беруі яғни сол ізденістердің нәтижелерін қолданыстан шықпайтын өміршең оқулықтар арқылы қалың бұқара игілігіне асыруы – білім беру саласындағы тамаша іскерлік-тің үлгісі. Ғалымның араб таңбаларын қазақ тілін фонетикасына сай қолданған жүйелі графикасы 1924 жылы ресми қабылданған. Өзге түркі халықтары (қырғыз, әзіrbайжан, т.б.) да оны тұнғыш үлгі ретінде пайдаланды. А.Байтұрсынұлы ұсынған «жана емле» тәте жазу 1913 жылдардан бастап медреселер мен қазақ-орыс мектептеріне де енгізілді.

«Ұлт тіліне лайықталып реформаланған араб таңбаларын латыншаға ауыстырудың тиімділігі жоқ» деген пікір айтқан А.Байтұрсынұлы бастаған зиялы топқа «ұлтшыл», «пантуркист», «панисламист», «советке карсы» деген айыптар таңылды. Араб жазуы тікелей ислам дінімен байланыстырылып, ғалымның сан жылғы еңбегі жокқа шығарылды. Уақыт көрсеткендегі, латын жазуының да тағдыры үзакқа бармады.

А.Байтұрсынұлы: «Қазаққа керек оку екі түрлі: бірі – мұсылманша оку, бірі русша оку», (3: 238) дейді. Ноғай, түрік, фарсы, араб тіліндегі кітаптардың окуға негіз бола алмайтынын ескертеді. Осы ретте А.Байтұрсынұлы замандастарына басты мақсат қояды: «Оқу қуралының ең ұлылығы – бала оқытатуғын кітап; оның жақсы болып, балалардың жаңын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт». Қазақ әдеби тілінде де түп-тамырын айта кетеді: «Араб әліппесі қазақ арасына дінмен бірге тараған, сіңген, дінмен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қын жұмыс» (3: 240). Ғалым әдеби тілдің негізі қарапайым халықтың тілі болуын да арнайы ескертеді. «Қазақша сез жазушылар» (1913) атты мақаласында: «Қырық мысал», «Маса» турасында айтатыным: олар халық үшін

Алаш әдебиеттандырылған жазылған нэрсе, халық айтуынша жазылған. Өз тілімізде шығарып емле түзегенше, халықтың айту ауданынан шықпаймыз» (3: 251).

А.Байтұрсынұлының араб әліпбін жактаған баяндамасы «пәнді мәселені қаруаға» («Жана Мектеп» 1926, №7–8) арналған. Осы баяндамада А.Байтұрсынұлы араб жазуы туралы тарихи маңызы бар мәлімет береді: «Түрік жүртүшінде 90%-ы баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Әрқайсысының араб әрпімен жасалған хат мәдениеті бар» (3: 254).

Әдеби терминдерге қатысты А.Байтұрсынұлы «Түрікшелер құрылтай» атты мақалада өзінің «Пән сөздерінің жүйесі туралы, түрік тілінің пән сөздері туралы» баяндамасын талдап береді. Осы орайда ғалым терминдерге қатысты басты қағидасын түсіндіреді: «Пән сөздері жағынан басынан-ак қазак баскалардан бөлек тұтынуы, басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса, көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендейтін, тұпкі ана тілі мен әдебиет тілі белектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу дәрежесіне жеткен. Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы казактың хат билетін, білмейтін қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырылmas үшін, жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды. Ол тәртіп қазақ білімпаздарының тұңғыш тобында қабылданғаны айттылды» (3: 270).

А.Байтұрсынұлы мәдениет, әдебиетті ғибратты ғылым ретіндегі танып, оның бүкіл адамзатқа тән мұра екенін одақтың 1-ші түркологиялық съезіндегі баяндамасында айқындалған береді. «Первый всесоюзный тюркологический съезд» (26.II – 6.III.1926 Баку.) атты стенограммалық есебінде ғалым дүниежүзілік әдеби, мәдени ортаның міндеттін айқындалған береді: «Современная культура не есть создание какой-нибудь нации или расы, а результат совокупных усилий и навыков всего человечества». А.И.Веселовский, Н.И.Конрадтың әдеби байланыс қағидасы туралы пікірлерін А.Байтұрсынұлы қазақша түсіндіре кетеді: «В культуре каждой нации, кроме собственного творения имеются заимствования, и на смешение их культуры влияют их отношения, которые различаются с точки зрения дружественного и неприязненного. Заимствования бывают и при покорении одной нации другой, и при мирном общении народов друг с другом. При этом сходные формы религии, обычая, нравственности, общественной организации, сродность наклонностей, инстинктов, психологии и т.д. облегчают процесс заимствований и смешения культур» (3: 279).

Айгүл ICIMAKOVA

Орыс әдебиетшілері тек әдеби сюжеттердің кешуін, аудиосын мензесе, А.Байтұрсынұлы дін, салт-дәстүр мен адами, имандылық түсініктерінің сұранысына да назар аударады. Фалымның осы еңбегінде А.Байтұрсынұлы қазак әдеби тілінің тағы бір қырын теориялық тұрғыдан түсіндіріп береді: «Благодаря принципу, охраняющему язык от варваризма, мы казахи, имеем в настоящее время единый казахский язык, т.е. наш язык не делится на язык народный и литературный, на говор простонародья и интеллигенции» (3: 383). Қазақ әдеби тілінің стилін А.Байтұрсынұлы осылай айқындаپ берді. Бұған себеп, басқа тілдерден келген терминдерді мүмкіндігінше қазақ тілінің айтылу тәртібіне бағындырып алу еді: «Все неказахские слова, не согласующиеся с природой казахского языка, точно должны подвергаться изменениям соответственно казахскому говору» (3: 283). Әдеби стиль, әдеби тіл, компаративистика, дүниежүзілік әдеби контекст туралы теориялық түсініктер XX ғасыр басында осылай айқындалған.

Әдебиет теориясы бізде қашан туды? Бұл сауалға бүгін дайын жауап бар ма? Осы орайда академик З.Қабдолов былай дейді: «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, болады деп келдік... Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында «Арнау» деген бір-ақ тұр шауып шықса, бұған «Шешенендік сұрау» қосылып кана аздалап ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстінен үш тұр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді. Әдеттегі дәстүр жалғастығының занына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайындағы, қысындағы, кейде, тіпті қыыннан қыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайлов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаналықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекене сілтеме жасауға мәжбүр болдық...» (4: 72).

Қазақ өлең құрылышының теоретигі академик З.Ахметов «Әдебиет танытқыштың» күндылығын былай анықтады: «Әдебиет танытқышта» негізінен, поэтика, стилистика, өлең құрылышына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор үлкен тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, тенеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендерестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігүін, «коралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып

Алаш әдебиеттануы

көрсетеді. Қазақ өлеңінің ыргактық құрылым-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады» (5: 64).

Ұлттына, еліне, ғылымға, әдебиетке арымен беріліп, оған адаптация еткен А.Байтұрсынұлы еңбегінің Қазақ елі тарихында алатын орны айрықша зор екенін 26 жастағы замандасы М.Әуезов байлаша тұжырымдапты: «Ақанның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге есіп шалқып жатыр. Бұдан он-он бес жыл бұрын: Алаштың ұмбетінің бәрі мәлім, Кім қалды таразыға тартылмаған? – деп Ақаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. «Айналып келіп таразыға тартылған, синнан өткен» деп Ақанның ғана ардақты атын атаймыз...

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнербілім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» (7: 70). Бұдан артық айта алмаспаз. Бұл ұрпақ бірінің қадірін бірі біліп, бір-бірін сыйласап, бағалай білген. Бұл – шынайы иманды тектіліктің үлгісі екені сөзсіз.

А.Байтұрсынұлының жазықсыз жазаға ұшырап, айыпталуына орай, қайта құру кезеңіне дейінгі уақытта оның еңбектерін пайдалануға тыйым салынып, оның аты да аталмай, ілуде еске алына қалса, тек мансұқтаалумен келді.

Қазіргі өмірімізді Алаш арыстарынан мирас болған еңбектерсіз көзге елестетудің өзі мүмкін емес. Қазақ әдебиеті тарихы мәселе-лері М.Дулатұлының (1885–1935) «Уақыт» газетінде «Ибраһим ибн Құнанбаев» (1908, №383), «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақ ақыны» (1913, №9), «Абай» (1914, №67), «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов» (1914, №71–77), «Хазірет Сұлтан» (1913, №16–17) атты әдеби мақалаларында қарастырылған. М.Дулатұлы Абай шығармашылығына берген жоғары бағасымен шектелмей, нақты орнын көрсетеді: «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайга шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мәғынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жсоқ еді. Абайдың бізге қымбаттылығы сол. Бәлкім, мұнан кейін Абайдан үздік ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жогарғы, ардақты орын – Абайдың, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жасық жүлдөз – Абай» (8: 190).

Қазақтың жаңа жазба әдебиеті тарихын М.Дулатұлы Абай өмір сүрген дәуірден бастауды алға тартады. Макала Абайдың өмірден

Айгүл ІСІМАКОВА

өткеніне 10 жыл толғанына байланысты жазылған. М.Дулатұлы Абайдың тұлғалығын Ломоносовтың атқарған ісімен салыстырады. «Орыста бірінші жазушы Ломоносов бір балықшының баласы. Онан кейін сан жүйріктер шығып жатыр, сонда да орыс әдебиетінің тарихында бірінші орын, бас бәйге Ломоносовқа арнаулы... Біз де Абайға сол көзben қарапта керек. Абайдың есімін, сезін өте құрметтеп, ұмытпастай басына белгі орнатып, құрметіне ізгі жайлар ашарға керек» (8: 191).

Осы мақалада әдебиетші М.Дулатұлы әдебиеттің мәні туралы былай дейді: «*Абай сынды ақынның қадірін білмеу – қазақ халқының зор кемшилігін көрсетуге толық жарайды. Себебі, қазақтың басқа жұрттан үзенгі қағысын, тен халық болып жасасай алмауы тарихы, әдебиеті жоқтығынан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қын. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтар басқаларға сіңісін, жұтылып жоқ болады*» (8: 190). Соңғы сейлемде әдебиетші М.Дулатұлы әдебиеттің қоғамдағы, ұлт тарихында атқаратын міндеттің анықтап берген. Бұл қағида бүтін де өзінің өміршемдігін дәлелдей тұр, себебі М.Дулатұлы айтқандай: «Қай жұртта болса да оның жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Соңдықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін шығатын Абайлар сондай ескеруіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей» (8: 190).

Осы жолда әдебиетшілердің міндеті не деген саяулға да нақты жауап береді: «Соның үшін XX ғасырдың таңында халқымыздың үйқыдан азырақ бас көтеруі, жас әдебиетіміздің өсуі, белгілі кісілеріміздің тірлігіне һәм өлгөн соң да мәнгі ұмытылмластай болуы – біздің бірінші ескеретін борышымыз» (8: 190). Осы орайда М.Дулатұлы замандасы Ә.Бекейханның әдебиеттанулық ісін айта кетеді. Әдебиетшінің 1905 жылы шыққан мақаласын атап өтіп: «1909 жылы Абайдың балалары һәм інілерінің разылығымен һәм Әлиханнның ыждағатымен Абай кітабы Петербургте Бураганский баспаханасында басылып шықты. Бұл күнгі қолымыздағы кітап сол бірінші баспасы» (8: 190). Абайды тану арқылы қазақ ұлты өзін таниды деген қағиданы алға тартқан М.Дулатұлы былай дейді: «Егер Абай қазақтан өзге жұрттардың бірінің ақыны болса, сегіздей баласынан сексендегі шалына дейін түгел атына қанық, сезімен таныс болар еді. Елі туғанына сүйсініп, өлгеніне тегіс күйінер еді. Опатына 10, 25, 50, 100 жыл толған сайын білетін жүрт

Алаш әдебиеттануы

ескеріп, мәтбұғаты қайнап, есімін мәңгіге шейін қалдыруға өшпес белгілер орнатып, құрметіне неше түрлі ізгі жайлар ашар еді» (8: 189–190). К.Ысқақұлы, Ә.Бекейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлының әдебиеттанулық ойлары Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова, Ү.Сұбханбердина, Т.Кәкішев, Ж.Смағұл, Ө.Әбдіманов, М.Әбсетеметов, Қ.Сақ енбектерінде арнайы зерттелгенін айта кету орынды.

«Алаш қозғалысы кең етек жайғанда (был да Әлихан кезені), зияллыар Абайға жан-жақты ағарған, ендігі жерде ұлтты жаңаша ұйыстыра алатын рухани тұлға ретінде карады», – деп тұжырымдайды осы кезенің зерттеушісі Д.Қамзабекұлы (9: 222). Осы орайда, XX ғасыр басындағы қазақ зияллы әдебиетшілердің ұстанымы туралы Д.Қамзабекұлы былай дейді: «Әдеби-эстетикалық идеясын Ә.Бекейхан В.Г.Короленконың «От» әңгімесін тәржімалағанда Нарманбет өлеңінен алған эпиграфпен дамытады. Ол үзінді мынау: Куандым үйде жүріп күн шығар деп, Болса да үлт бүркеу, жел қуар деп. Лирикалық қаһарман – оптимист. Ертеңіне сенеді. Табиғат құбылысын реттеген Жаратқан бәрін орнына келтіреді деп үміттегенді. Алланың үйлестіруін күтеді. Бұл – Алаш ойы, отаршылдықтан көз ашпаған халық арманы» (10: 226).

1908 жылы татардың «Уақыт» газетінде жазылған «Ибраһим ибн Кунанбаев» атты мақаласында М.Дулатов Ресей оқырманын ақын мұрасымен таныстырады. Абайды елшіл ақын ретінде таныстырып: «Адамшылық ой-қиялыш өте таза, ұлтжанды, елін-жерін сүйген кісі еді», (8: 31) – деп түйіндейді.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануындағы ерекше орны бар тұлға – *Райымжан Мәрсекұлы*. Оның 1915 жылы Семейдегі әдебиет кешінде сөйлеген сөзі «Қазакта» «Қазак әдебиеті жайынан» атымен жарияланды (1915, № 112–113). Р.Мәрсекұлы – Қазан мен Петербор университеттерінде оқыған зангер. Алаш қозғалысына қатысқан, совет үкіметін қабылдамай, Қытай асып кеткені белгілі. Аталған мақалада әдебиетші Мәрсекұлы қазақ әдебиеті тарихын үш дәүірге бөліп тануға шақырады: 1) Қазақтың ескі ауыз әдебиеті; 2) Алғашқы жазба әдебиеті тұа бастаған кездегі ауыз әдебиетінің кері қайту дәүірі; 3) Жаңа әдебиет дәүірі. Эр дәүірді зерттеуші әдеби дамудың негізгі бағытына орай жүйелеген. Әдебиет үгымын да нақтылады: «Қазакта, қысқасынан айтсақ, әдебиет – «сөз» деген мағынада». Себебі, әдебиетшінің ойынша: «Сөздің сырты шырайлы, сынды болып, іші мағыналы, ойлы болса, сонда ол әдебиет болып табылады». Бүгінгі біздің «мазмұнды тұр» деген парадигманы зерттеуші осылай анықтайды. Сондықтан Р.Мәрсекұлы: «Халықтың ойлаган ойын,

Айгүл ICIMAKOVA

пікірін білдіретін, мұнын, мұқтажын көрсететін – осы әдебиет. Бұл – жұрттың айнасы» (9: 238), – деп, ез түсінігін Ә.Бекейханша нақтылай түседі.

Әдебиетшінің қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуі де құптарлық. Мәселен: «Бірінші дәуір – ескі замандағы қазақ арасына жазу тарамай тұрғандағы кез, ол заманда қазақ өз алдына тұрып, кең далада еркін дәурен сүріп, ойлауга уақыт кең, сөз сөйлеуге тіл еркін болған заман». Бұл қазақ даласының Ресейге әлі бағынбаған кезеңі. Бұл кезде бар қазақ «сөйлесе қалса, жай сөз қылып өлеңмен, жұмбакпен, пернемен сөйлескен», «сөз білген, өлең білгендер елге қадірлі болған, күй тарту бұ да сөзben қатар жарыста жүрген өнердің бірі еді» (9: 238). Шешендік өнер мен суырыпсалмалық дәстүрдің ауыз әдебиетін дамытудағы әсері ашылады. Зерттеуші осы орайда Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Каражігіт билердің айтқан сөздерін дәлел ете отырып, сол кездегі әдебиеттегі басты тақырып – халық даналығы мен тұрмыс-тіршілігі екенін атайды. Суырыпсалма дәстүрінде Орынбай, Кеншімбай, Больқақын өлеңдері талданады.

Екінші дәуір – «жазудың қазақ арасына көбірек тараған заманы» Ресейге қараганнан бастап Абайға дейінгі кезең. Бұл – құрес заманы, діни сарын мен шығыстық сюжеттердің басым болған кезі. Зерттеушінің ойынша: «Ұлттық әдебиеттің көркемдік тығырыққа тірелуі – қазақтың өз еркінен айырылып, отаршылдық саясаттың күшіне түсінде», – дейді. Осы тығырықтан қазақ әдебиетін алып шыққан Абай екенін әдебиетші нақты талдаулармен дәлелдей түседі.

Бұл – қазақ әдебиеті тарихын тұңғыш дәуірлеу екені анық. Автор екінші дәуірдің (біз бүгін түріктік-шагатайлық әдебиет кезеңі дейтін) қазақ әдебиетіне он болмағанын жасырмайды. Дін теріс түсіндіріліп, ислам құндылығын кір шалған тұс: «Түрлі-түрлі кітаптар таралып, тіл кітапшаға айналып, ескі сөздер жазбага түсіп, мирас болып қалмай, бұрынғы тілге, бұрынғы жақсы сезге жұрт жаман көзben қарап, кітапшаны үлгі қыла бастаған». Осы ретте Д.Қамзабекұлының айтқаны да орынды: «Алайда ағартушылық кезеңінің тұлғасы Р.Мәрсекұлы исламға, Орталық Азия мен Еділ бойында, Қырымда, т.б. жерлерде оны негіздеуге тырысқан түріктік-шагатайлық түсінікке И.Гаспринскийше қараган. Рас, Гаспринский: «Түрік жұрты үшін бір тіл болу керек», – дейді. Бірақ ол саф исламды ақылға, ғылымға негізделген оның ілімін қолдайды. Райымжанның: «Дұрыс емес» деуі қожа-молдалар көбейген сайын молайған», – деген сөзінің астарынан дінге емес, дін атын жамылған шала сауаттыларға қарсылығы анық байқалады» (9: 238).

Алаш әдебиеттануы

Мәрсекұлының Абайды «жана жазба әдебиеттің көш басшысы» деуі – оның осы «кітапшылыққа» қарсы екенін аңғартады. «Қазақ әдебиетін көркейтіп, түрлendіріп, сөз қадірі кетіп бара жатқан уақытта сыртына өң беріп, ішіне жан кіргізіп, сөз қадірін танытқан осы Абай болды», – дейді әдебиетші (9: 239).

Үшінші дәуірдің басты ерекшеліктерін ғалым былай нақтылап береді: «Абай бұрын қазакта жоқ уәзіндерді (қалаулар) білгізді, неше түрлі макаммен таныстыруды, сөздерін, ойларын жұртқа мирас қылыш қалдыруды. Абайдың ھем Алтынсариннің өлеңдері қазақтан шыққан жас ақындарға үлгі болды. Сөз түзелді, үздік ондалды» (9: 239). Мысал ретінде «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» мен Ыбырайдың «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдері талданады. Р.Мәрсекұлы өткенді жоққа шығармайды, ол жаңа әдебиетке «еткеннен сабақ ал» деп әдеби дәстүрді алға тартады. Р.Мәрсекұлының әдебиеттанулық концепциясы: әдебиеттің өз даму кезеңдері бар, оның тарихи негізі бар екені, мазмұн мен түр үйкасы болуы шарт, себебі олардың үйлесуі шынайы көркем әдебиет тудырады. Үлттық әдебиеттің көркемдік дамуының жаңа жолын көрсеткен Абай екенін әдебиетші анықтап берді. Әдебиетші Р.Мәрсекұлының әдеби-эстетикалық концепциясы: ішкі мүмкіндікті толық пайдаланған, мазмұны мен формасы үйлесіп, көркемдікке ұмтылған әдебиет шын әдебиет дегенге саяды. Біз «ішкі мүмкіндік» деп атаған ұымға өткенге табан тіреу, елшілдік рухты жоғалтпау, қателіктен сабақ алу, т.б. кіреді» (9: 239). Әдебиетші Р.Мәрсекұлы алғаш рет қазақ әдебиеттің бірнеше дәуірлерден тұратын даму тарихы барын ғылыми талдаулар арқылы осылай дәлелдеді. Бұл ете күрделі және тарихилық негізі бар көзқарас қазақ әдебиеттануында өз орнын алды.

Тарихилық негіз бұдан кейін де дамытылды. «Қазақ» газетінде «Н» деген автордың «Әдебиетімізге көз салу» атты ғылыми мақаласында көркемдік дамудағы әдеби байланыстың әсері, жанрлық жаңа түрлер мен жазу түрлерінің енуі, дәстүр мен жаңашылдықтың сабактастығы заңдылық екені карастырылды. Үлгі ретінде Еуропалық әдебиет дәстүрі ұсынылғанымен, үлттық сипаттан айырылып қалмау жағы да нақтыланды. Осы орайда, Ә.Науай, Ширази, Сағди, О.Хайямдардан үйрену арқылы өз әдебиетін дамытқаны, шағатай әдебиетіне араб, парсы әдебиетінің ықпалы болғаны алға тартылды. Бірақ еліктеу, жаңаға үйрену барысында үлттық сипаттан айырылып қалмау ескертіліп, мысал ретінде осман-түріктердің еліктеуге бас ұрып, өз дәстүрлерін жоғалтып алғаны еске салынады. Автор қазақ әдебиетіне дәстүрді Еуропадан алууды ұсынады, себебі «Еуропа

мәдениетінің бар асылы – рух сыны – рух критицизмі – бұл бізді жүре алмайтын тұйыққа, шыға алмайтын шыңырауға алып кетпес. Еліктеуіміз өлшеуден шығып бара жатса, рух сыны бізді жана көзімізді ашып, катарамызды көрсетер, Абай – әдебиетіміздің атасы, бұл жолдың корқынышсыз, біздің үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды. Әйтпесе Абай үшін ғараб, ғажам (парсы) жолы ашық еді» (1: 139). Автор әдебиетші қауым алдына тек еліктеу емес, нақты мәселелерді де анықтап берді: «Ұлт әдебиетін майданға шығармақ үшін ең әуелі өз тұрмысымызды білмегіміз, үйренбегіміз, халық аузындағы әдебиятымызды жиып бір тәртіпке, белгілі сарынға салмағымыз, өз жүртімызды әр жақтан білмегіміз керек». Автордың теориялық негізі бар «Әдебият әрқашан тұрмыспен берік байлауда болсын» тұжырымының мәні зор. Бұл зерттеулердегі әдебиеттанулық ойлар XX ғасыр басында іске асып жатты. Оған дәлел халық әдебиеті үлгілерінің жариялануы, оқулықтардың қолға алынуы, т.б. Мамандардың айтуы бойынша, XX ғасыр басында 322 кітап қазак тілінде жарық көрген. Ол кезде әдеби кеш әдеби өмірге тікелей ықпал еткен. Сондай кешті (1 қантар 1916) Торғайда Жабаған Космұхамед жасайды. Бұл туралы газетте былай жазылған: «Қосмұхамед отагасы шығып: «Әдебиет деген не нарсе? Біздің қазақта қалай басталған? Бастап жол салушы кім? Бұрынғы ақындардан бастап келіп, ақырын Ыбырай марқұм Алтынсаринге әкеп тіреп: осы күнгі улғі етіп ұстарлық адамдар – Ахмет Байтұрсынұлы, Міржасып Дулатұлы, бұларга жас талапкерлерді қосып, мұнан соң да: әдебиетімізді ғұлдендіруші осылар» деп, бірнеше мысалдар келтіріп, әдебиетпен таныстырды» (9: 240).

«Айқап» журналында А.Байтұрсынұлының «Кітаптар жайынан» (1911, №1), F.Мәмековтің «Өлең-жырларымыз туралы» (1914, №2), А.Баржақсаннің «Ашық ҳат» (1914, №5) мақалалары әдебиеттанулық мәселелерді батыл көтерді. Ә.Диваев пен М.Ж.Көпееев халық ауыз әдебиетін зерттеуге нақты бұрылыс жасады. Ә.Диваев өзі жинаған улғілерді 8 топқа бөлді: Животный эпос (Улғі сөздер); Былинный эпос (Дастандар), Сказочный эпос (Ертегілер); Легенды, сказания, предания (Аңыз әңгімелер); Пословицы и поговорки, загадки (Мақал сөздер мен мәтелдер, жұмбактар); Демонологические рассказы; Свадебный ритуал (үйлену салты өлеңдері); Похоронный ритуал (Жерлеу салты өлеңдері). Ғалым өртегілерді 5-ке, мақал-мәтелдерді 50 тақырыпшаға жіктеген (1: 142–143).

Мәшінүр Жүсін Қөпей «Қара мес», «Қара кітап» атты қолжазбаларында осы істі дамыта түсті. Зерттеуші шығармаларды

Алаш әдебиеттануы

жанрлық сипатына байланысты жүйелеуді ұсынды, олар: *улғи сөз, бата сөз, жар-жар, беташар, сыңсу, жоқтау, қара өлең, қайым өлең, айтис, бақсының сөзі, өтірік өлең, жақсылардың мысал сөзі, тақпақ, мақал-мәтеддер, шешенеңдік сөз, лиро-эпос, батырлар жыры, шежіре, тарихи аңыздар* (11: 7). Бұл – қазақ әдебиеттануындағы алғашқы жанрлық түрлердің жіктеу нұсқасы. Сонымен қатар М.Ж.Көпей әдебиет тарихы туралы да нақты сөз айтқан. «Ұлбике мен Күдері қожа», «Жанақ пен Тубек, Шортанбай мен Орынбай», «Қызы мен жігіт», «Ақбала мен Боздақ» айтыстарының да мәтіндерін М.Ж.Көпей қалдырган. М.Ж.Көпейдің «Абылайхан жайлы аңыздар», «Олжабай батыр», «Бөлтірік шешен», «Шон би», «Шернияз ақын», «Бұл қазақ қай уақытта үш жұз атанған» атты мақалаларының ғылыми құндылығы зор. «Қара mestің» ақын-жыраулар туралы бөлімінде әдебиетші М.Ж.Көпейдің Бұқар, Ақан сері, Сұлтанмахмұт, Абай, Ақмолда, Шернияз, Балта, Мәделіқожа, Көтеш, Шортанбай, Шөже, Орынбай, Сақау, Соқыр Ажар, Жанкелді, Мағауия ақындар туралы пікірі, олардың өлеңдерінің тууына байланысты түсініктемелері өз құндылығын жоғалтқан емес.

М.Ж.Көпей қолжазбаларында Абылайханға қатысты әдебиетарихи мағлұматтар мол. Бұл тарихи тұлғаның бейнеленуі Бұқар жыраумен байланысты еkenі де түсінікті. Сондықтан Бұқар жырау туралы да деректердің де жөні ерекше: «Бұқар – қаржас Алтынторы, Қалқаман батырдың баласы. Бұқар жырау атанған қария 93 жасында Абылайханның алдында жыр толғаган. Өз заманындағы жандар бұл кісін «Көмек әулие» деседі еken. Бір сөз білмейді, тек сөйлесе, көмекейі булкілдеп жырлай бастайды еken» (11: 8).

М.Ж.Көпей қолжазбаларындағы тарихи жырлардың жөні ерекше. «Алтынбас пен Күмісаяқ», «Мұхаммед пен шәриалар», «Заман ақыры», «Шайхы Бурих», «Көрүғлы», «Сайын батыр», «Ер Көкше», «Шора батыр», «Абылай хан», «Кенесары», «Кенесары-Наурызбай» жырларындағы тарихи тұлғаның әдеби бейнесі арнағы зерттеуді қажет ететін тақырып. «Абылай» жырында М.Ж.Көпей ханның тек-тілігін ғана емес, оның ісіне баға береді және «Кенесары» жырындағы Кене хан мен Наурызбай төрөнің диалогі Тағай мен Қырғыздың диалогіне ұласады. Соңғы сөйлемде жыршының ойы берілген. Бұл халық қаһармандарын жоктау: «Абылайдың көкжалдары қырғызда өлген. Сол өлген соң дүшпандар жырқ-жырқ күлген. Абылайдың көкжалдары өлгеннен соң. Дін мұсылман быт-шыт бол жаман бүлген» (12: 306).

«Кенесары-Наурызбай» жырында тарихи көтерілістің себептері.

Айгүл ІСІМАҚОВА

оның неге женіліске ұшырағаны туралы маглұматтар айтылған. Басты себеп қазақтың басының бірікпеуі: «Агатегін сұрасаң. Абылай ханның баласы – Кенесары-Наурызбай. Тұра алмай оның кеткені – Бұл жақтағы қазақтың Аузының аласы» (12: 306).

Нысанбайдың жоқтауымен біттегін бұл тарихи жырында Ұлт-азаттық көтерілістің неліктен женілгені туралы деректер баяндалған:

Кенехан жазым болған соң.

Алды-алдына тарадың.

Көрінгеннен қорғалап.

Kisi аузына қарадың... (12: 335).

Тарихи тұлғалар – Кенесары, Наурызбай әдеби кейіпкер ретінде бейнеленген. Әдебиетші М.Ж.Көпей бұл жырдағы тарихи шындықты айқындау арқылы әдебиеттің басты мақсаты – халықтың мұңын, жоғын жоқтай ала білуі қажет екенін анықтап берді. Асыл сөз елдің шынайы ерліктерін жырлауга міндепті екенін М.Ж.Көпей бізге осылай аманат етіп кетті.

Зерттеуші М.Ж.Көпей Абай өлеңдерінен «Абай афоризмдері» деп сұрыпталған түрді бөліп алғашқы әдебиетші.

Шығыс әдебиетімен жақсы таныс зерттеуші М.Ж.Көпейдің Ақан сері туралы: «Заманның сұнқары, қызыл тілдің ділмары, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі» деуі ақынның шығармашылық тұлғасының нақты суреті. Бұқар жыраудың келбетін М.Ж.Көпееев былай деп береді: «Бүгінгі әдебиеттанудағы Бұқар Абылай ханның ақылшы би», сондықтан сөзін батыл айтқан деген пікірді де тұнғыш рет айткан – М.Ж.Көпей».

М.Ж.Көпей – Абайтануға да өз үлесін қосқан зерттеуші. «Дала уалаяты» газетінде Абайдың ғұламалығын мойындағы және осы мақаласында Абайды Үбіраһим деп өз атымен атауды жөн санайды. Бұл Абай көзі тірісінде берілген бағасын: ...Ақынды айт Ақмолда мен Үбіраиды, Үлгісін өнер-білім жүртка жайды, – деп жалғастыра түседі. Ол үшін әдебиетші М.Ж.Көпей ақынның көп атамайтын «Адам бір бок көтерген боктың қабы» деген өлеңін талдап, келесі тұжырым жасайды: «Сонғы ел білімдарлары – бұл адамды адам санына кіргізбей жүрген қарындағы бір қап «жұмбак» екенін білді де, ішіп-жемекті аз қылды... Аз жеуді, аз ұйықтауды, аз сойлеуді мұрат тұтты». М.Ж.Көпейдің бұл пікірі хакім Абайдың философиялық ойын түсіндірудің алғашқы үлгісі еді.

Қазақта қайым өлең қашан басталды? Осыған байланысты М.Ж.Көпей былай деген: «Бұрынғылар домбыра ұстап, өлең айтатұғыннан қайым білесін бе деуші еді... Қайым деп екі ақынның

Алаш әдебиеттануы

айтысқанын айтады екен. Соңда қайым өлеңнің ілкі басы – Күдері қожа мен Ұлбике қызының айтысы. Бұл екеуінен бұрын қайым өлең де жоқ, айтыс та жоқ. Бұрынғылардікі – мақал, тақпак. Бұлардан бұрын жырлап сөйлейтін болған. Жырлап сөйлеушінің тұнғышы Ноғайлышдан шыққан Мөңке би, қазақтан жырлап сөйлеушінің басы – «Бұқар жырау» (11: 16). Қайым өлең мен жырдың шығуы туралы нақты теориялық мәліметті М.Ж.Көпей осылай анықтап берген.

Совет кезінде ескерусіз қалған бұл пікірлердің мәні зор екені сөзсіз. ХХ ғасыр басындағы баспасөзде сол кездегі ақын-жазушылардың туындыларын талдау-рецензия мақалалармен қатар әдебитанымдық мәселелер көтерілгені анық. Талдау жанрлық түрғыдан жүргізілгенде, теориялық ұғымдар мен түсініктер қалыптасуына тікелей әсер етті. Қазақ тілінің тазалығы, қазақ өлеңнің құрылышы есқі және жана тұрғысынан қарастырылды. «Заман талабына сай есқі шағатай тіліндегі, араб, парсы әдебиеті әсерінде тұган мұралар сынға үшіреп, «олар ұлттың жаңа әдебиетіне кері әсер етеді» деген пікірлер де орын алды.

«Айқап» журналында қазақ тілінің тазалығын сактау мен қазақ поэзиясының «ескі» және «жаңа» өлеңі туралы пікірлер орын алды. Осы орайдағы әдеби сынның жетекші рөл атқарғаны туралы арнағы зерттеулер бар. Бұл тақырып С.Торайғырұлының мақалаларымен тікелей байланысты. Ақын-әдебиетші «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» (1913) атты мақалада қазақ поэзиясының кескін-келбетін, даму жолын қарастырган. Ақын «Бұрынғы «Зарқұмдарды» құмға көміп, «Сал-салдарын» суға лақтырып, пері қыздарын аспанға ұшырып, ақырында есқі достарына қош айтыса бастаған» қазақ өлеңі киесінен айырылып қалмаса деген пікір білдіреді (10: 139). Қазақ өлеңнің түр мен мазмұны сай, көркемдік деңгейі биік, ойы терең мағыналы өлеңдері көп емес екенін ескерtedі. Әдебиетші ақын өлеңге нақты шарттар қойып, оның «Күндікке ізденіп, өзінше ойынан үйқасыңқырап шыққан керекті-керексіз сөздін» бәрін көркем туынды деуге қарсы. «Кейіп жоқ, келісім жоқ «қатын ойбайды» өлең деп бағалауға С.Торайғырұлы қарсы. С.Торайғырұлы «Милли шиғыр», «Әдебиет өрнегі», «Ахырет» деген өлең жинақтарын талдай келе сынға алады: «Қайда қиысқан назым? Қайда қөнілге, тілге ұнау, теп-тегіс өрескелсіз өлең?» Әдебиетші С.Торайғырұлы қазақ тілінің тазалығы, өлең құрылышы теориясын қазақ поэзиясының «ескі» және «жаңа» өлеңдерін жүйелеп отырып, өлең теориясына нақты ұсыныстар қалдырыды. Өлеңнің мағыналы, көркем болуымен қатар, оның қажетті тақырыптар мен жаңа ойларды жырлауын, оның «анық ақсүйек, аты жоғалмайтын өлең,

Айгүл ICIMAҚОВА

өнер» деген атаяға сай әдеби туынды болуын алға тартты (10: 141). Осы ретте әдебиетші С.Торайғырұлы Абайдан үлгі-өнеге алуды ұсынады. Қазақ поэзиясының келешегі осы Абай басталған жол екенін осылай дәлелдеп береді.

С.Торайғырұлы өз кезеңінің өлеңін сынға алады: «Бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көнілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа болады-мыс деген жаңа әдебиетіміздің «нысана нұқсаған қол», көрсеткен жолы жоқ құр «катын ойбайға» айналып, әркім соны ән көріп бара жатқан соң, қазақ жазушылары-ау, алдарыңа салып айттып отырмыз: құр ойбай дегенмен, ойбайдың да ойбайы бар ғой, жылаудың да жылауы бар ғой. Туыстағы тұрмыс дерті зығырынды қайнатып, бармағынды шайнатып, ықтиярсыз ызалы ызғарын төгеді, сай-сүйегің сырқырарлық азы зарлы бебулерін қағып, көніл толғағын, жүрек түйінін тарқатады. Мен анық ақ сүйек, аты жоғалмайтын өлең деп, өнер деп соны айтамын. Сырт көрінің қатын ойбай тұрсын шайтан ойбай болып көрінсе де дәмі бар, маңызды бар ойбай сол, қайнаған қанның, қиналған жанның, толғатқан көнілдің, толғанған жүректің сығындысы сол. Соның үшін ондай «ойбай», ондай «бебеу» табыла қалса, салған жерден өзі де дертке шипа бола кетеді. Басқаларға қарағанда Пайғамбардың жүргегінен құйылған Құрандай, соқыр кісі сыйдырынан танырлық аққұла ашық тұрады. Марқұм Абай өлеңдері сиякты» (10: 141). Бұл қатарға С.Торайғырұлы Байтұрсынұлының «Қырық мысалын» мысал ретінде келтіреді: «*Байтұрсынның «Қырық мысалындағы» мысал соңдарынан айтқандары секілді. «Азаматтың», «Қайтер едің», «Шагым» деп өз басына тұскендерін айттуы секілді...* Бұл айтқандардың берінде де өздерін жүртқа көрсетушілік бар. Мәселен, марқұм Абайдың: «*Өткірдің жүзі. Кестенің бізі, Өрнегін сендей сала алмас...*».

М.Дулатұлының: «Бәйге алмас болғанымен жүйрік шаппай» деген өлеңдері секілді. Бірақ айтқандары артығыменен шын. Шын жылаған жастың тамшысы, рас қайнаған сорпаның сөлі болғандықтарынан сезілмейді, сезілсе де, басқалардікіндегі көзге қатты, көнілге сұық тимейді. Қайта өзінді сүйсіндіріп әкетеді. Осы айттылған ретпен болмай, күндікке ізденіп, өзінше ойындан үйқасыңырап шыққан керекті-керексіз сөзді «өлең» деп қуанып жаза беру – дерті жоқ кісінің ыңқылдағаны... «Кисынсыз қышқырған неткен тантық» деп Абай айтқаның кебіне ұшырап жүргендер көп» (10: 142). Әдебиетші С.Торайғырұлы нағыз асыл сөз берін жалған көркемдікті осылай ажыратып берген. Абай сөзінің нәрін, мағыналығын жалғастырған

Алаш әдебиеттануы

А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының лирикасы екенін тұнғыш рет айқындағ берген де С.Торайғырұлы екенін есте сақтау қажет.

С.Торайғырұлы былай дейді: «Біздің әдебиетіміз жетілген жүргіздардың азы алты қарыс емес. Алдыңғы туғандары көш жүре түзелер, жоқтан бар жақсы, біздің неміз жетісіп тұр деп жүгеген-құрық тигізбедік. Мұнан былайғылардың мінін қолға алып, үлгіні осы бастан түзете беру керек». Бұл ойлар С.Торайғырұлының «Өлең һам оны айтушылар». «Жаңа кітап» (1913) атты мақалаларында да орын алған. Академик С.Қирабаев Сұлтанмахмұт туралы былай деуі тегін емес: «Ол от болып жаңып кеткен, құрықты жүлдyzдай ағып түскен тұлпар талант еді. Сұлтанмахмұт есімі қазақтың жыр-дариясын құрайтын үлкен, асаяу, арналы өзеннің бірі болып қалмак» (15: 18).

Әдебиетші С.Торайғырұлы мақаласындағы әдеби-теориялық талдаулар осы «Қазақта» шыққан Ә.Бекейханның «Ән, өлең һам оның құралы» (1914, № 67) мақаласына да тән. Зерттеуіш Ә.Бекейхан өнер, әдебиеттің қоғамдық міндестің анықтап, өлеңді әуен – музыка өнерімен сабактастыра қарастырады. Әдебиетші Ә.Бекейхан талдауларын М.Лютер, Гете, Шопенгауэр, Бетховеннің пікірлерімен дәлелдей, ғылыми негізге бұрады. Ә.Бекейханның ойынша, өлең «адамның ақылын оятып, молайтып, қорытып беруші ең жақсы ақылшысы – жінішкелікке, төменшілікке, бірлікке, татулыққа, сүйіспеншілікке ең бірінші оқытушысы, үйретушісі» екенін алға тартады. Осы орайда Ж.Смағұл былай дейді: «Ә.Бекейхановтың жалқыдан жалпыға қарай зерттеу зандылығына сүйене келіп, поэзияға әлемдік деңгейдегі әдеби-теориялық ой-пікір тұрғысынан келуі, әдебиеттану ғылымының туу кезеңіндегі филологиялық білімдер жүйесін менгеру жолындағы талпынысын байқатады. С.Торайғыров пен Ә.Бекейханның мақалаларын сол кезеңде қазақ ортасына кең тараған баспасөз беттерінде жариялаудың тағылымдық мәні зор болды. Олар әдебиетті теориялық тұрғыдан тануға ұмтылған таным-біліктің өсе түсүі мен филологиялық білімнің кең таралуына өз үлесін қости» (1: 148).

ХХ ғасыр басында әдебиет, өнер, роман, поэма, мысал, драма, әңгіме жанрлары төнірекінде де ғылыми пікірталастар болуы зандылық. Осылардың ішінде роман туралы талқылаулар көбірек. А.Байтұрсынұлы «Білім жарысы», «Білім жарысы хақында» (1913) атты мақалаларында қазақ әдебиеті алдына жанрлық өркендеу мәселесін қойды және оны озық әдеби дәстүрі бар әдебиеттерден үйренуді нұсқады. Әдебиетші әр ұлттың ғалымдарын өз әдебиетінің дамуына қосқан шараларын ескере отырып, Нобель сыйлығын

Айгүл ICIMAКОВА

тағайындауының сырын айтып, ел билігіндегі, ауқатты азamatтарды осындаі меценаттыққа шақырды: «Білім жарысын істей – әр жұрттың қолынан келетін іс. Истейін десе, қазақтың да қолынан келеді» (13: 228). Бұл иті істі Ахмет ишан Оразаев іске асырып, бәйге жариялады. Осыған орай, Ә.Бекейхан «Роман деген не?» («Қазақ», 1914, №48) мақаласын жарыққа шығарды. Зерттеуші роман жазушыларға қажет әдеби-теориялық білім беріп, романның ішкі мағынасы мен мақсаты не екенін айқында берді. Ол үшін әдебиетші В.Скотт, Ч.Диккенс, В.Теккерей, А.Пушкин, М.Лермонтов, Н.Гоголь, Л.Толстой, т.б. шығармаларына шолу жасайды. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романымен таныстырып, романның теориялық тұжырымын берді. Алғаш рет әдебиетші Ә.Бекейхан М.Дулатұлының «Бакытсыз Жамалын» талдайды: «Қазақта бұрын роман жок еді. Біздің арамызда қазақша бірінші роман шығарған – Мир Якуб Дулат. Оның «Бақытсыз Жамал» деген романы 1910 жылы басылып шықты» (2: 330). Роман жанрына сол кездегі әдебиетші қауым үлкен мән беріп, бұл баспасөз бетінде талқыла түсті: «Қазақ» бетінде жарық көрген «Роман жарысына қосушыларға» (1914, № 54), «Роман жарысы туралы» (1914, № 560), Ә.Бекейханның «Роман бәйгесі» (1915, № 122) мақалалары және т.б.

Қазақ баспасөзі поэзияны да әдеби-теориялық тұрғыдан талдады, көркем мәтіннің көркемдігі, жанры, идеясы, түр мен мазмұн сәйкестігі, әдебиеттің тәрбиелік мәні арнайы сөз болды.

Басты бағыт – Абай шығармашылығының жаңашыл үлгілігі. Бұған К.Ысқақұлы мен Ә.Бекейханның алғаш абыттанулық мақалаларының теориялық негізі әсер болды.

ХХ ғасырдың 20-жылдары қалыптасқан ұлттық әдебиеттануғы-лымының қосалқы салалары – библиография мен текстология дами бастады. Библиографияның тұнғыш қадамы XIX ғасырдың соңында орын алса (*У.Сұбханбердина*), ХХ ғасырдың басында ғылыми негізі қалыптасты. Совет кезінде Алаш әдебиеттануы мен Алаш ғылымының библиографиялық негізін салған Үшкілтай Сұбханбердина екенін осы ретте айту қажет.

Библиограф маман Ә.Нарымбетовтің пайымдауынша: «Революцияға дейінгі көрсеткіштер комплексі сипатта болды. Қазақ әдебиетіне тікелей арналған көрсеткіш бола қойған жоқ. Қазақ әдебиетіне байланысты библиографиялық деректер экономика, статистика, этнография, шаруашылық, тарих жайлы материалдардың ішінде жүрді» (14: 9). Осыған орай, қазақ әдебиеттануының қалыптасуының зерттеушісі әдебиетші Ж.Смағұл мынадай деректерге жүгінеді:

Алаш әдебиеттануы

«Атап айтсақ, З.М.Пенкинаның «Закаспийский край. Систематический сборник библиографических указаний книг и статей» (Спб., 1888), А.И.Харуздиннің «Библиографический указатель статей, касающихся этнографии киргизов и каракиргизов 1734–1800 г.г.» (Этно. Обозрение, 1991, №2), «Киргизы Букеевской Орды» (1889), Е.А.Алекторовтың «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах» деген атпен «Оренбургский листок» газетіне 1892–1893 жылдары, «Тургайская газетада» 1895 жылы, Қазан университеті «Хабаршысының» 1900 жылғы 16-томында жарияланған көрсеткіштері, Д.К.Зелининнің 1913 жылғы Санкт-Петербургтен шыққан библиографиялық көрсеткіштері бұл сала бойынша жүргізілер жұмыстардың ізашары болды» (1: 152).

«Дала уалаяты газетінің» 1890 жылғы 32-санында «Ташкенттің Күншығыс халқының жазулары», «Гылым хабарлары» атты макалаларды Ж.Смағұл «қазақ библиографиясының тұнғышы» деген санайды. Осының негізінде әдебиетші библиография бастауларын атап өтеді. Мұнда Ташкент көшілік кітапханасында өте сирек кездесетін құнды кітаптар бар екені, Фон Кауфманның бұйрығымен А.Кун дегеннің Хиуа, Самарқандан көп кітаптар мен қолжазбаны Петербургке жібергені айтылады.

Кітапханадағы кітаптар, қолжазбаларға Н.Пантусов, Д.Граменин, Ростислав деген ғалымдардың назар аударғаны. Е.Кальдің «Ташкент кітапханасындағы араб, парсы және түркі кітаптары» деген көрсеткіш шығарғаны хабарланған: «Ташкент кітапханасындағы кітаптардың көбісі парсы тілінде, 60 кітап арабтікі, алтауы-ак түркі тілінше, бір мәнтиқ кітабы, бір ғадалат кітабы һәм екі зор кітаптар түркі кітаптары, дін туралы һәм шежіре. Атап айтқанда, Абулғазы хан жазған Хиуа түрікмендерінің шежіресі таңсық, соны 1071 жылы жазған. Түркі кітаптар арасында бірталай ғазел-жырлар және Бұқар-Қоқанның шежірелері» аталған (1: 154).

XX ғасыр басынан совет кезіне дейін қазақ әдебиеті осылай қалыптасқан еді. Ғұмырнамалық макалалар, әдеби-тариhi зерттеулер, әдеби-теориялық талдаулар «Әдебиет танытқыштың» тууына әсер етті. Бұл кітапта қазақ ұлттық әдебиеттанудың негізгі ұғымдары қалыптастырылды. Р.Мәрсеков пен «M» деген автордың зерттеулері әдебиет тарихы, оның дәүірлеу мәселесі, келешегі туралы нақты тұжырымдар ұсынды. Әдебиеттің қоғамдық міндег, өлең құрылышы теориясы, өлең мен қарасөздің жанрлық түрлері анықталды. Өлең табиғаты, ұлт әдебиетінің теориясы «Әдебиет танытқыш» (1926) қалыптасты.

Айгүл ICIMAКОВА

«Өлең һәм оны айтуышылар» авторы С.Торайғырұлы әдебиеттің ән-күйден бөлмейді. Аталған мақаладағы әдебиетші С.Торайғырұлының басты ойларын атап өтейік: 1. «Бір халықтың сүтпен бірге байланысқан ірік-шірік қара кеүілдерін арышып, жаңа рухпен қандыратын, таза пейілпен жасандыратын машина, шын жүректен шып-шып шырқырай шыққан – өлең жыр, әдебиет деген нәрсе болады. Қоңілді түзейтін машина өлең жыр дедік»; 2. «Ол машинаның тетігін біліп сайратып, есіткендердің аузынан сүйн ағызып, қоңілдеріндегі уын шығаратындар кім?! Ол – неше түрлі әуез билетін әншілер, жыршылар...» 3. «Сырнай яки домбыраны тарта білмей, құр перне басып барқылдату қандай сүйкімсіз болса, әніменен айтылмаган өлеңдер де сондай сүйкімсіз болады» (10: 130). 4. «Халықтың аргы-берісін қозғап, естеріне түсіріп, мұң-мұқтаждарын зарлап, кем-кетігін көрсетіп, әдемі дауысымен қүйқылжыстып түрганда, қандай тас қоңіл болса да жібімеген еркіне қоймайды. Халықтың қайдағы-жайлайдысы ойына қозғалып түсіп, қандары қайнап, тіпті арқалары қозып кетеді». 5. «Аса сұрып әктерлік бола қоймаса да, тәуір-тәуір ой қозғарлық өлеңдер бізде де болып келеді. Бірақ болғанымен, жүргізе білуши жсоқ, айтуши жсоқ, жесір тұр» (10: 130–131). 6. «...Бір халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе, жаны кетеді. Қазақты жансыз агаши қылып отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтаудың қамын қылыңдар» (10: 131).

Зерттеуші үшін өнердің бері үйлесімінін бар «жүрек қозғап, буын босатып» жақсылыққа бейімдейтін әрекет. Сондықтан әдебиетші С.Торайғырұлы үшін: «Бір халықтың әні кетсе, әдебиет жесір қалады, сәні кетеді. Сәні кетсе, жаны кетеді» деуі бүгінгімізге қажет теориялық қағида. Бұл пікір Ә.Бекейхан мақалаларына да тән. Ұлттың көркемдік тануына қосқан ойын С.Торайғырұлы «Өмірімнің уәдесі» өлеңінде де кестелеп беріпти: *Іншалла, берін түгел ұғам басқа. Жүректің қазынасы тазарылса, Пайдасын көрер әлі-ақ ертең халқым.*

Әдебиетші С.Торайғырұлы «жаңаның да дұрысы мен бұрысы бар» екенін, көркемдіктің шарттарын Абай, Ахмет, Міржакып өлеңдерінен таниды. Әдебиетші ақынның пікірінше: «Шағатай тілі XX ғасыр басындағы жаңа әдеби тілге жат болса да, «хикаят» болса да тілі қазақша, рухы қазақы», – дейді. Сондықтан әдебиетші С.Торайғырұлы «Пайғамбардың жүргегінен құйылған Құрандай аққұла ашық» жолды Абай үлгісіне нұсқайды. Абайдың дәстүрінің жалғасын ол Ахметтің «Қырық мысалынан», Міржақыптың «Қайтер едін?..», «Шагым» өлеңдерінен табады.

Алаш әдебиеттануы

А.Байтұрсынұлы әдебиетті асыл сөз дейді. С.Торайғырұлының «Асыл сөз» атты өлеңі бар екені белгілі, онда ақын былай дейді:

*Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе!
Адамдықты көздесең,
Жат тоқып ал көңілге.*

Әдебиетші Д.Қамзабекұлы осы өлеңдегі жат сөзін былай түсіндіреді: «мұндағы «жат» етістік емес, «жақын» деген мағына-дағы сөз. Осы сөз XX ғасырдың бас ширегінде «жақын» мәндес болғанында дау жоқ (жат // жад, жат // жау нұсқаларын тілшілер анықтай жатар), – деп түйіндеді» (9: 243). Бұл ретте жадына деген де болуы әбден ықтимал.

С.Торайғырұлының әдебиет не деген сауалға жауаптары өлең жолдарында да ұшырасады: Талантқа ауа қайда ержетуге, Жүректің қанын жылтытып тербетуге; Әлихан айтқандайын: «Кар ішінде домалап, Неше меруерт жоғалады (15: 146).

«Таныстыру» поэмасында С.Торайғырұлы әдебиеттің «жана рух, таза қан, түзу кеүілді» (15: 146) болуын ескертеді. «Айтыс» (1919) поэмасында қазақ ақындарын ұлтілі етіп бейнелейді: «Даламның ақындарын айтсам сізге, Үлтіге сөз патшасын сонаң ізде. Миға тамак, жүрекке сусын беріп, Даңқы кеткен ақын көп бұл үш жүзде». Өлеңнің міндепі туралы әдебиетші былай дейді: «Қазақтың өміріне айна болған, Өмірге илнәм құйылар жайда болған. Қалың топта домбыра колына алса, Жаратқыштық бір қуат пайда болған» (15: 218)

Әдебиетші С.Торайғырұлы Бұқар, Жанақ, Шөже, Орынбай, Абай, Ахмет, Міржақып, Мағжан өлеңдерін сөз етіп: «Олардың сөздерінің наәрімен халық рухын көтереді», – деген пікір айтады. Ақын үшін: Сүйемін тұган тілді, анам тілін, Бесікте жасатқанымда берген білім. Сол тілмен шешем мені әлділеген. Еркелеткен: «құлым, жсаным» деген.

Әдебиетші С.Торайғырұлы асыл сөздегі үлттың ділін ерекше атайды. Сүйемін қазақымның әдеттерін: Жасы үлкенді сыйлайтын әдептерін. Қаландай моды куып, кербезденбей, Шаруа құрып, сыйлайтын қатын ерін (15: 224–225). Бұл түсініктер әдебиетші С.Торайғырұлының асыл сөзге қойған басты шарттары екені де айғақ.

М.Жұмабайдың әдебиет туралы ойлары XX ғасырдың 20-жылдары айқындалып. «Шолпан» (1912) жинағындағы «Өлен», «Алтын хакім Абайға», «Өнер-білім қайтсе табылар?» өлеңдерінде орын алды. Поэзияны әдебиетші М.Жұмабаев былай түсіндіреді: Жан сүйгенім –

Айгүл ICIMAKOVA

ол да өлең. Жете алмасам, жолда өлем! Жанымның жаны, тәнімнің қаны...

Әдебиетші М.Жұмабай бұл түсінігін Абайға арналған өлеңінде дамытады: «Шын хакім, сөзің асыл бага жетпес. Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кеппес. Қарадан хакім болған сендей жсанды. Дүние қолын жайып енді күтпес». Сонымен қатар М.Жұмабай – әдебиет тарихының тұлғалары Қорқыт, Қойлыбай, Ақан сері, Базар жырау Ә.Диваев. Бернияз Қүлеевке арналған кәсіби зерттеулердің авторы. Олар арнайы қарастырылады.

1. Смагұлов Ж. Қазак әдебиеттану гылымының тарихы. Алматы. 1999.
2. Бекейхан Ә. Таңдамалы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы 1995.
3. Байтұрсынұлы А. 5 томдық шығармалар жинағы. 4-т. Алматы: Алаш. 2006.
4. Қабдолов З. Ахаңның әдеби кисындары // Кезқарас. Алматы: Рауан. 1996.
5. Ахметов А. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. А.. 2001.
6. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш // А.Байтұрсынұлы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алаш. 2003.
7. Әүесов М. 50 томдық шығармалар жинағы. 2-т. Алматы: Рылым. 1998.
8. Дулатұлы М. 5-томдық шығармалар жинағы. 2-том. А.: Мектеп. 2003.
9. Қамзабек Д. Алаш және әдебиет. Астана: Фолиант. 2002.
10. Торайғыров С. 2 томдық шығармалар жинағы. 2-том. А.: Фылым, 1993.
11. Көлесев М.Ж. Екі томдық. 2-том. А.: Фылым, 1992.
12. Көлөйұлы М.Ж. Шығармалар. 5-том. Павлодар, «ЭКО» ФӘФ, 2005.
13. Байтұрсынұлы А. 5 томдық шығармалар жинағы. 5-том. А.: Алаш, 2006.
14. Нарымбетов Ә. Қазақ совет әдебиеті. Библиогр. көрсеткіш. А.: Фылым, 1970.
15. Торайғыров С. 2 томдық шығармалар жинағы 1-том. А.: Фылым, 1993.



Алаш әдебиеттанузы

2.1. ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН

*Қырагы, қия жазбас сұңқарым-ай!
Қажысмас қашық жолға тұлпарым-ай!
Үйілген өлексені өрге сүйреп,
Шыгармақ қыр басына іңкәрім-ай!*

*Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр,
Тұнерген төбемізден бұлт арылмай.
Көк етті, көн терілі, көнін қалған,
Сыңса да шыдай беру, жұрт жарылмай.*

*Кім біліп, Ер еңбегін сезіп жатыр?
Кім шыдал, жолдастыққа төзіп жатыр?
Сасық ми, салқын жүрек санасыздар
Алаңсыз ақ малтасын езіп жатыр.*

*Сынайтын жақсы менен жаманды өлишел,
Құлдықтың қолдарында кезі жатыр.
Кешегі кеңшіліктеге керек қылған,
Бостандық болмаған соң, безіп жатыр.*

*Айтқанмен таусылар ма оны-мұны?
Талайдың таңдамалы түпкі сыры:
Жанасқан шын көңілмен жақындық аз
Көбінің іші салқын, сырты-ақ жылы.*

*Ақшага абыройын, арын сатып,
Азган жұрт, адамшылық қылмай сыйы.
Жаны ашып, жақын үшін қайғыраФ ма,
Жаны мал, жақыны мал, малдың құлыш!?*

/А.Байтұрсынұлы/

Қоғам қайраткері, қазақ халқының тұңғыш саяси «Алаш» партиясының көшбасшысы, ұлттық Алашорда үкіметінің төрағасы, ғұлама ғалым ормантанушы, экономист, тарихшы, энциклопедист, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, саясаткер, көсем сөз шебері. XX ғасыр басындағы қазақтың зиялды ортасын жарып шыққан мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық қозғалыстың серкесі, әдебиетші Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейхан – Алаштың саяси элитасының қалыптасуына тікелей әсер еткен тарихи тұлға.

Әлихан Бекейхан есімі совет кезінде «буржуазиялық ұлтшылдықтың» синонимі ретінде аталмады. Оның мұрасы көп жылдар

Айгүл ICIMAКОВА

бойы шаңға көміліп жатты. Ә.Бекейхан – Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік думаның мұсылман фракциясының бюро мүшесі, Санкт-Петербург масоны. Ә.Бекейхан 1866 жылы Қарқаралы уезі, Токырауын болысы, Токырауын өзені бойындағы 7-ші ауылда дүниеге келген. Бұл қазіргі Қарағанды облысы Шет ауданы, Қаратал ауылы. Ата-тегі Шынғыс ханнан келе жатқан төре тұқымынан. Кекжал Барак ханның баласы Ә.Бекейхан – қазақтың таққа отырған соңғы хандарының бірі. Ә.Бекейханның ата-тегі, туған жылы туралы мағлұмат 1995 жылы жарық көрген «Ә.Бекейхан. Таңдамалы» атты кітаптың алғы сөзінде толық қамтылған.

Алғашқы білімді Ә.Бекейхан жергілікті молдадан алған: «Жасынан зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі 1879 жылы Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың колына окуға береді» (2: 5). Бастауыш мектепті бітіргеннен кейін, ол Қарқаралындағы үш жылдық техникалық училищені бітіреді. 1886 жылы ол Омбындағы 4 жылдық техникалық училищеге қабылданады. Бұдан кейін ол Санкт-Петербургдағы императорлық Орман институтына түсуді көзделп, Омбы техникалық училищесінің директорына өтініш хатпен барады. Ә.Бекейханның псевдонимдері: «Қыр баласы», «Сын степей», «V», «Киргиз степняк», «Туземец», «Қ.Б.», «Ф.Б.», «А.Б.».

20 жасында Санкт-Петербургда келген Ә.Бекейхан сол кездегі ресей саяси элитасының студенттік ортасында болған. Ормантану институтында оқып жүріп, Императорлық университеттің құқықтану мамандығын экстерн түрде бітіріп, В.И.Ульяновпен бірге емтиханды үздік тапсырыған. Ленинді өз білгілігімен мойындалатқан Ә.Бекейхан бұл рухани достықты қазак шекарасын бекіту үшін де пайдаланды.

Ұлыбританияның Оксфорд университетінің «Орта Азияны зерттеу қоғамы» өзінің «Қазақтар 1917 жылға дейінгі орыстар туралы» атты кітабында «Ә.Бекейхан жас күнінде орнықты революционер, социалист болды және «Зар заман» атты орыстарға қарсы әдеби топтың мүшесі болды», – деп жазылған (2: 10).

Қазақтың тағдыры, білім мен мәдениет қажеттілігі, елі үшін қызмет ету сиякты Ә.Бекейханның басты ойы студент кезінде басталады. Елін мәдениеті биік, озық елдер катарынан, оның тұрмысын, әдебиетін, білімін көтеруді мемлекет қайраткері ол өзіне басты мақсат етіп қойған. Сондықтан Ә.Бекейханның ресей жандар-мериясының «саяси сенімсіздердің қара тізіміне» алынғаны да тегін емес. Бұл тізімде ол патша өкіметі күйреп, Кенес өкіметі орнаған

Алаш әдебиеттануы

жылдары да – 1937 жылдың 27 қыркүйегінде «халық жауы» болып атылып кеткенге дейін болды.

Орман институтын ойдағыдан бітіріп, Ә.Бекейхан 1834 жылы Омбыға оралады. Осы жерде қоғам, саяси қайраткер, әдебиеттанушы, ғалым ретінде шыныға түседі. Патшалық тәртіптің құғын-сүргініне де үшірап, екі рет заңсız абақтыда отырғаны белгілі.

Советтің саяси репрессиясына үшіраған ғалымның шығармашылық мұрасына 1988 жылға дейін тыйым салынған. Сондықтан әлихантану Тәуелсіздік кезінде енді ғана басталып жатыр. Алғашқылары: Х.Оралтай, М.Базарбаев, К.Нұрпейіс, М.Қойгелді, Р.Нұрғали, С.Аккүлүлікінші зерттеулері болып табылады.

Ә.Бекейхан мұрасы орыс пен қазақ тілінде жазылған зерттеулерік мәні басым ғылыми еңбектер. Бұлардың кезінде ең елеулі Мәскеулік баспаларда жариялануы авторға деген құрмет қана емес, зерттеулердің қажеттілігін мойындау екені белгілі. Ғалымның негізгі, басты еңбектері қазақ халқының мемлекеттігіне, ішкі-сыртқы саясатына, тарихына, экономикасына, мәдениетіне, тұрмыссаңтына, шежіресіне, әдебиетіне, қазақ жерінің күшпен отарлану тарихына арналған. Әлихан Бекейхан – қазақтың ауыл және мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қойған бірегей ғалым. «Ф.А.Щербина экспедициясынан» кейін 1903 жылы ол С.П.Швецов бастаған Сібір темір жолы бойында орналаскан Челябі мен Том (Томск) қалалары аралығын мекендеген қазақтардың мал шаруашылығын зерттеуге бағытталған экономикалық экспедициясының басы-қасында болады. Экспедиция Сібір темір жол басқармасының тапсырмасы мен қаржысына жүргізілген. Ә.Бекейхан өзіне экспедиция жүктеген мақсатқа сай, қазақтың қой және қой шаруашылығының егжей-тегжейін терен зерттеді. Қазақтың тұрмысы мен қой шаруашылығымен қоса ол бүкіл қазақ даласының, Жетісу, Сырдария бойындағы қазақтардың қой тұқымдарын, шаруашылықтарын түгел қамтып, бір-бірімен салыстыра отырып қарастырады. Соның нәтижесінде Әлихан Бекейхан – қазақтың қой тұқымы және қазақтың қой шаруашылығы жайындағы тұнғыш ғылыми монография авторы. Кітапта қазакы койдың түрлі тұқымдары туралы, жем-азығы, жайылымы, малдың түрлі аурулары мен емдеу әдістері жайында ғылыми мағлұматтар бар. Экспедицияның басқа материалдарымен бірге үш болімнен тұратын «Материалы по экономическому обследованию районов Сибирской железной дороги» кітап болып 1904 жылы Том қаласында жарыққа шықты. Ал осы монографиямен катар жазылып, жарық көрген, қазақтың

Айгүл ICIMAКОВА

солтустігі, арқа мен батысындағы ірі қара мал шаруашылығы және қазақтың жылқысы жайындағы ғылыми сараптамалары өкінішке орай елі күнге дейін ресейдің ғылыми қорында.

Әлихан Бекейхан ғылыми-зерттеу экспедициясына тәңкерістен кейін де 1926 жылы *КСРО Ғылым Академиясының одақтас және автономиялы республикаларды зерттеу мақсатында құрылған академиялық комитеттің тұрақты сараптысы ретінде 1926–1927 жылдары С.П.Швецов басшылық еткен экономикалық, антропологиялық, этнографиялық экспедициясымен Қазақстанның зерттелмей қалған Адай үйезінің (қазіргі Атырау және Маңғыстау облысының кейбір аудандары) табигатын, экономикалық жағдайын, мекендереген кіші жүз руларының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпыш жіктеген ғылыми еңбек жазған.*

Геродоттан тартып, қытай, үйғыр, орыс деректерін менгерген еңбектері Ә.Бекейханның ұлттық тарихымыздың тұнғыш зерттеушісі екенін де дәлелдейді. Оның Абайға арналған мұнәхібі, әдеби зерттеулері, хаттарында келтірілген әдеби құнды мағлұматтары оны тарихи негізді ұстанған, мәдениет пен әдебиетке тарихи ғылымдан қарасты нұсқаған әдебиетші екенін анық анғартады.

Осы ретте «*Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және мәдени өркені*» («Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи», 1903) атты зерттеуінің орны ерекше. Мұнда қазақ жерінің мыңжылдық тарихы, мекендереген рулардың, асыл ерлердің қалдырылған заттық, рухани ескерткіштері, сәулет өнері зерттелген. Ә.Бекейхан – қазақ сөзінің қалай шыққандығы жөніндегі анызды келтіріп, «қырғыз» деп орыстар таңған атаудың қате екенін дәлелдей берген тұнғыш тарихшы. Сонымен қатар Ә.Бекейхан Кенесары хан козғалысы туралы тұнғыш зерттеудің авторы.

Ә.Бекейханның «*Материалы к истории султана Кенесары Касымова*» атты зерттеуі аталған көтеріліске: «*Ұлт-азаттық қозғалыс*» деп тарихи баға берген тұнғыш ғылыми еңбек. Тақырыптың атапуда (*Воспоминания кара-киргиза Калигула Алибекова о последних днях Кенесары. Под редакцией профессора Поливанова и доктора Досмухamedова. Ташкент, 1923*) тегін емес. Демек, басылым – бір адамның ғана пікірі емес, ғылыми алқалы қауымның қолынан шыққан тарихи негізі бар зерттеу.

K.Степняк (Ә.Б. псевдонимі) атынан берілген өлең жолдары орыс тілді қауымға Кенесарының кім болғанын таныту үшін жазылғаны айқын: *За годом год хромали годы, Прошло их много с той поры. Как вольный сын степной свободы, Казнен батыр Кенесары. Но дух его*

Алаш әдебиеттануы

бунтарской воли, Его борьбы кровавый след. Был маяком киргизской гали, До дней свободы, дней побед (2: 79).

Алғы сөзінде автор Кенесарының ұлт-азаттық куресі қазактың басын біріктіру үшін, Ресей отарлауына қарсы бағытталғанын ашық айтады. Зерттеудегі негізгі ақпарат Әлібеков Қалығұлдың аузынан жазып алғаны, оның 1845–1846 жылдары соғысқа тікелей қатысқаны, бұл жайды әнгімелеп бергенде, жасы 85-те екені көлтірілген. Және бұл оқиғалар туралы Ахмет Кенесарыұлының да мәлім болғаны айтылған. Бұл тарихи қозғалыстың негізін зерттеу тарихшылардың ісі, – деп, автор тарихшыларға үлкен міндет жүктейді.

Осы алғы сөзде Кенесары ханның қозғалысына тарихи баға берілген: «Различные труды по истории Туркестана уделили слишком мало внимания такой крупной величине, каким является истинный сын степей Султан Кенесары Касымов. Истории Туркестана только вскользь упоминают о Султане Кенесары Касымове, причем некоторые из них видят в нем стремление добиться ханского достоинства. В личности Кенесары Касымова, по-моему, правильнее было бы видеть просто проявление протesta свободолюбивого степняка, стремящегося всеми средствами достичь объединения для борьбы с захватными действиями русского правительства» (4: 80). Тарихи деректің кімнін аузынан, қашан жазылып алғаны да нақты көрсетілген «15.07.1847 ж. Омск» (2: 83).

Әлібековтің айтуы бойынша, Кенесарының қырғыздармен болған соғысы туралы, Майтөбе шайқасында Кенесарының шегінуге мәжбүр болуы, Ханның мылтығын олжа ретінде манап Қарабековтің иеленуі сынды тарихи нақты оқиғалар қамтылған.

Бұл мылтықтың Ресей әскері Бішкекке келгенге дейін сонда болғаны, кейін тарихи ескерткіш ретінде Колпаковскийге сыйға тартылғаны, бүкілресейлік көрмеде бұл мылтық дала генерал-губернаторының заты ретінде көрсетілгені, Кенесарының қырғыздардың қолына қалай түскені, қырғыздардың тұтқынмен арадағы болған сөздері мен істері толық мазмұндалып берілген (2: 82). Манап Таштамбековтің мәйтік жасаған зұлымдығы тұнғыш рет қырғыздың баяндауы бойынша жария етілген (4: 82). Жантай Қарабековтің үйін руының жетекшілері Сыпатаі мен Рұstemнің ақылын алғып, сұлтан Кенесарының басын орыстарға сыйға беру туралы шешім кабылдағаны да осында көлтірілген. Генерал Горчаков бұл іс үшін қырғыздарға сый тартқан: Қарабеков басты жүлдеге ие болған. Оның өкілі Қалығұл Әлібеков Ресей өкіметі атынан Горчаков қолынан «Мятежник Кенесары Қасымовқа қарсы шыққаны үшін» күміс медаль алған. Осы дерекпен еңбек тамамдалған.

Айгүл ICIMAҚОВА

Орыс тілінде жазылған тұпнұсқадан үзінділер келтіруді жөн деп санадық: «Около недели Султан Кенесары Касымов содержался пленником в юрте киргиза Джолба. Наконец, был собран совет манапов. На совете решили отдать Султана Кенесары Касымова в полное распоряжение манапу Ходжамбеку Таштанбекову, у которого в боях с Кенесары Касымовым было убито два брата». Оның Кене ханға жасаған зұлымдығын бұл ретте аттап етуді жөн санамадық. «Так кончилась жизнь Султана Кенесары Касымова, но голове его суждено было еще поскитаться по свету» (2: 82). Кене ханың бас сүйегі күні бүтін табылмағаны мәлім. Осы ретте қазақтың ру басылары Сыпataй мен Рустемнің Кене ханың бас сүйегіне қатысты ақыл бергендері айтылған: «Они посоветовали переслать голову Султана Кенесары Касымова русским, прося у них взамен манапа Тюргелды. Манап Карабеков последовал данному совету, выслал голову Рустему и Сыпатаю для передачи ее русским, обещаясь, в случае успеха, дать еще каждую кость Тюргелды по пленному Кенесары Касымововцу» (2: 82). Терегелдіні Кенесарының кегін алуға келген Капал уезінің қазақтары ұстап әкеткен еді.

«Генерал-губернатор, князь Горчаков Кенехан өлімін естіген сон бұл істің басында болғандарға сый тағайындаиды: «При раздаче наград князь Горчаков захотел узнать: кто, собственно говоря, из манапов является главным виновником поимки султана Кенесары Касымова. Прибывшие завели спор. Разобраться было трудно. Представитель Карабекова Калигул Алибеков, дабы покончить спор, предложил каждому из спорящих рассказать, что проделано с головой султана Кенесары Касымова во время казни... Алибеков сообщил подробности смерти султана Кенесары Касымова. При осмотре головы слова Алибекова оправдались, и это послужило доказательством того, что главным победителем сочли манапа Карабекова» (2: 83).

Бүгінгі тәуелсіз Қазақ Елі қазақтың ханы Кенесары Қасымұлының бас сүйегін әлі іздеумен келеді. Отаны үшін жаңын пида еткен, «Отанды сую – иманнан» ұранын іске асырған мұсылман Кенеханың мәйітін өзі қорғаған Отанына қайтару бүгінгі елдігімізге сын. «Аллаһ» пен «Мұхаммед с.а.с» сөздері жазылған бұл ұлт-азаттық қозғалыстың тууы Кенехан ісінің оң екенінің дәлелі.

Қазақ тарихындағы маңызды ақпараттардың бірі осы екені де айқын. Тарих ғылымы қалай, кімнің қолында кетеді-ау деген оймен Әлихан Бекейхан өзі естіген мәліметтерді бүгінгі ұрпақ үшін жазып қалдырған. Бұл – азаматтық, ғалымдық парызын алға тартқан ердің еңбегі екенін біз ескеруіміз керек. Зерттеуші өз тарапынан ештене

Алаш әдебиеттануы

қоспаған. Оның бұл оқиғага берген бағасы алғысөзінде тұр. Қалай болғанда да бір кезде тарихшылар қажет етеді-ау деген ниетпен жазылғаны анық. Екіншіден, қазақтың соңғы ханы Кенесары не үшін, кім үшін соғысқаны, ұлты үшін құрбандыққа ұшырағаны, қандай жауыздыққа кезіккені тарихи мәлімет ретінде анықталып берілген. Галым қырғыз баяндаушының ғана сезін берген, оның сөзі автордан белектеніп тұр, себебі бұл – ғылыми дерек.

Тәуелсіздік кезінде жарық көрген атаптың «Ә.Бекейхан – ормантанушы, ғалым, экономист», «Ә.Бекейхан – қазақтың мал-шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға койған бірегей ғалым», «Ә.Бекейхан қазақ өлкесінің ауылшаруашылығын өркендетуге де елеулі үлес қосқан азамат», «Ә.Бекейхан – қазақтың тұңғыш энциклопедиисі», «Ә.Бекейхан – қазақ және орыс тілдерінде катар жазған публицист», «Ә.Бекейхан – көркем аудармашы», «Ә.Бекейхан – тұңғыш абайтанушы» атты тараушаларында белгілі әдебиетшілер М.Базарбаев пен С.Аққұлұлы ғалым Ә.Бекейханның жан-жақты білім иесі болғандығын аныктап берген.

Әдебиетшінің басты ұстанымы: «*Қазақтың ұлт болып өркениетті ел қатарлы өмір сүруі үшін, ең алдымен, халықтың сана-сезімін ояттын жасадай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиеттің өрістету керек. Өз әдебиеттің қалыптастырудың табысқа жеткен халық қана азат өмір сүре алады*» (2: 16). Сондықтан Ә.Бекейхан қазақ ауыз әдебиеті мұраларын жинау, оларды бастыру және әдебиеттану мен көркем аудармаға саналы түрде енбек еткен. Қазақ зиялыштарына осы тұрғыдан да көшбасшы бола білген тұлға Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Мағжан, Ғұмар, Көкбай, Жұсіпбек, Халел, Жаһанша, Мұхамеджан, Мұстафа Шоқай, т.б. зиялыштардың басын қосқан.

«Ә.Бекейхан фольклоршы болған. Ол қазақ эпосы мен фольклорын ғылыми тұрғыдан зерттеген тұңғыш ғалым еді» – деп жазылған Оксфорд университетінің жинағында (2: 16). Әдебиетші Ә.Бекейханның пайымдауыша, халықтың ауыз әдебиеті мұраларынан үлгі алмай ұлттық әдебиеттің өркендеуі мүмкін емес. Ә.Бекейханның Мәшіүр Жұсіп Көпееев, Әбубәкір Диваев, Г.Н.Потанин, А.Байтұрсынұлымен қатар ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға кірісүінің де себебі сондықтан. Ә.Бекейхан жинаған нұсқаларын өндеп, ғылыми түсініктерін жазып, бірнеше кітап шығарды, олар: В.В.Радлов жазып алған «Қозы Қерпеш – Баян сұлу» (Мәскеу. 1924). «Ер Тарғын» жырының Марабай ақыннан жазып алынған нұсқасы (Мәскеу. 1923). А.Байтұрсынұлымен бірігіп жинап,

Айгүл ICIMAKOVA

алғысөзі мен ғылыми түсініктерін өзі дайындаған қазактың 4 ғасыр тарихы бар «Жиyrma үш жоқтауы» (Мәскеу. 1926) мен «Ер Сайын» (Мәскеу. 1925) жырлары.

Әдебиетші Ә.Бекейхан – халық мұрасын жинаумен шектелмей. оны зерттеген ғалым. Оның осы жұмыстары туралы Сорбонна университетінің ғалымдары былай деген: «Оның «Қыр баласы» деген лақап есіммен жариялаган қазақ эпосы туралы тамаша зерттеулері отандастарының сана-сезімін оятуда зор маңызы болды» (2: 16). Ә.Бекейханның ең тұңғыш әдеби зерттеуі – «Женщина по киргизской былине «Қобланды» «Түркістан уәллятында» шыққан (1899. 9–10 мамыр). Бұл зерттеуде негізгі ғылыми түсінік берілген: «Памятники народного творчества киргиз разнообразны по содержанию и форме и значительны по количеству. Они частью собраны, частью остаются незаписанными. Во главе их стоят эпические и лирические песни. Эта богатая народная поэзия киргизов сохраняется устно, передаваясь от предков к потомкам через певцов-баянов, называемых «жыршы», «өлеңші», «ақын». Отличительную черту киргизской поэзии составляет лиризм» (2: 319). Жырдағы тарихи оқиғалардың, тұлғалардың тектілігі, олардың ғасырлар бойы ауыздан-ауызға кешіп сақталуы, әрбір ақын-жыраудың өз заманының ерекшеліктерін – өзіндік тіл, көркемдік айшықтарын, өзінің көзқарасын сактану сипаттары болғанын да зерттеуші атап өтеді. Бұл теориялық тұжырымды ғалым былай деп анықтаған: «Каждая эпическая песня носит на себе отпечаток субъективной личности слагателя с его взглядами на жизнь и с его стремлениями и идеалами, и вместе с тем, отличается насколько это возможно, исторической правдивостью» (2: 319). Өлең құрылышы да арнайы сөз болады: «былины более древнего происхождения отличаются и большей содержательностью и красотой стройного стиха». Зерттеуші «Қобыланьдағы» әйел кейіпкерлер – Аналық, Қарлыға, Құртқа, Көклән кемпір туралы өз пікірлерін көлтірген. Жыр мәтініне сүйене отырып, әрқайсысының суреттелген оқиғаларға байланысты қызметін жіктеп талдап береді.

Ә.Бекейханның сол кездегі әртүрлі басылымдарда жарық көрғен 14 әдеби зерттеулері белгілі. Бұлар: Ш.Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыр» дастаны, М.Тұяқбаев бастырган «Қара қыпшақ Қобыланды батыр» жырының нұсқасы, Ә.Диваев жинаған «Мырза Едіге» жыры туралы талдаулары, «Роман бәйгесі», «Ән, өлең һәм оның құралы», «Роман деген не?» және т.б. зерттеулері.

Ә.Бекейханның тұңғыш абайтанушы екені де даусыз. Әдебиетші Абай шығармашылығын жаңа ұлттық әдебиеттің басы деп түсін-

Алаш әдебиеттануы

дірген. Соңдықтан ғалым бұл асыл мұраны жинап, халыққа таратуды міндет деп санаған. Абайдың есімі мен шығармашылығын орыс кауымына алғаш рет паш еткен Ә.Бекейханның Абайдың лирикасын Еуропалық үлгілермен тең қоюы да соңдықтан. Абайдың қайтыс болуына бір жыл толуына байланысты жазылған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» мұнәниб-мақаласы күні бүгінге дейін абытандырылған. 1909 жылы оның атсалысуымен Абайдың тұңғыш жинағы 1909 жылы сол кездегі Ресей астанасы Санкт-Петербургда жарық көрген.

Абытандуши Ә.Бекейхан мақаласын орыс тілді ортаға таныту мақсатында жазған: «*Абай, как это покажут его стихи, представляя недюжинную поэтическую силу и составляет гордость казахского народа. Еще не было казахского поэта, так возвысившего духовное творчество народа, как Абай. Чудные его стихи, посвященные четырем временам года (весна, лето, осень, зима) сделали бы честь знаменитым поэтам Европы*» (2: 310).

Ә.Бекейхан «Мұсылман сиезі» атты мақаласында қойылған мәселені әдебиеттегі мысалдармен тұжырымдаған. Фибраттық дәстүрдің жалғасын осылай яғни әдебиетті саяси полемикада пайдалана білген. М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамалы» сюжетін шаригат пен адал сезімнің үлгісі ретінде Абай өлеңдерімен нактылайды.

Сол кездегі іс-қағаздар татарша жазылған шешімге Ә.Бекейхан карсы шығып, қазақ тілі Абай, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан тілі екенін алға тартады: «*Осылардай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырган бес миллион қазақтың тілі қалайша жоқ болады. Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Міржасып, Шәкәрім, «Тарғыннан» һәм өзгелерден көрініп түр гой!?*» (2: 284).

Абытандудың бастауы Ә.Бекейханның 1904 жылы Абайдың қайтыс болуына байланысты жазылған қазанама-мақаласы болып табылады. Бұл мақала Семейдің «Семипалатинский листок» газетіндегі 1905 жылы қараша айында жарияланды. Абайга арналған мұнәниб мақаласын Ә.Бекейхан орыс тілінде жазған.

Басты мақсат – ақын шығармашылығын көпшілікке, басқа жұртқа насиҳат үшін. «Абай скончался на 60-м году своей жизни. Он родился в год змеи в 1845 году и умер в год зайца в 1904 году» (2: 307). Зерттеуші ақынның шын есімі Ибраһим – Авраам екенін айта кетіп, шешесі Ұлжан қойған Абай есімі ел ішінде мойындалғанын алға тартады. Абайдың руы тобықты екені, бабасы батыр және би Ыргызбай екені, атасы Өскембайдың да әділ би болғаны айтылады. Әкесі Құнанбайдың Қарқаралы аға сұлтаны болғаны, оның басқа рулар ішіндегі

Айгүл ICIMAКОВА

абыройы мойындалғанын еске салады. Меккеге барғаннан кейін Құнанбай қажы атағына сай өмір кешкен екен. Абайдың анасы Ұлжан атақты Бошан Бертіс бидін үрпағы екені де тегін емес екені айтылған.

Абайдың қандай ресми білімі болды? деген саялға осы мақалада тұнғыш рет нақты мәлімет берілген. Он жастан он екіге дейін Абай ауылда оқып, 12 жаста Семейдегі Ахмет-Риза молданың медресесіне түсken. Онда жүріп орыс мектебінде 3 айдай оқып, 14 жасында білімді доғарған: 4 жыл мдресе, 3 ай орыс мектебі. 15 жасында экесіне көмекші болған. Жиырма жасында атақты шешен атанған Абай елге белгілі болды. Исламның күшеюі Абайды араб, парсы, түркі тілдерін менгеруге жетеледі. Осы тілдегі кітаптарды оқып, Абай молда дәрежесіндегі мұсылмандық білім алған. 14 жасынан өлең жазған Абай бұған аса мән бермеген. Даала тектілері үшін әнші, ақын болу үятты саналып, олар ортасынан бірде-бір «бақсы», ақын шықпағанын мактан еткен. Абай кейін осындай абыройдан айырылған ақындарды өлеңді ақша, күн көріске жұмсағандары үшін кінәлаған (2: 308).

1880 жылы Абай саяси құғындалған Гресс, Михаэлиспен танысады, бұлар арқылы орыс әдебиетін менгереді. Осы ретте Ә.Бекейхан Абайдың оқыған кітаптар тізімін атап көтеді: Спенсердің «Тәжірибелері», Льюистің «Позитивтік философиясы», Дрепер «Еуропаның ақыл-ойының дамуы», И.Г.Чернышевскийдің «Современниктегі» мақалалары, Лермонтов, Пушкин, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писарев туындылары.

Әдебиетші Ә.Бекейхан Абайдың бала оқытуға ерекше мән бергенін айтуды да жөн санайды. Оның Әбдірахманды Тюменьдегі училищеге, одан Петербордағы технологиялық институтқа, кейін Михайлловскідегі артиллериялық училищеге түсіруді қалағанын, бірақ Әбдірахман науқастан 1895 жылы қайтыс болғанын да нақтылады. 1904 жылы 14 майда Абайдың сүйікті ұлы Мағауия қайтыс болады. Қатты қайғырған Абай елмен араласуды доғарып, сөзден де тыйылады. Мағауияның қырқынан кейін өзі де бұл өмірден өтеді.

Ә.Бекейхан Абайдың шығармашылығын еуропалық ақындар дәрежесіне көтеріп, мұндай қазақ ақыны бұрын болмағанын ескертеді. Екі мүшел жас айырмашылығы бар Ә.Бекейхан Абайдың шығармаларының Тұрагұлмен қатар алғашқы шығарушысы болғаны да осы мақаладан белгілі болады (2: 310).

«Жаңа кітаптар» атты мақалада Ә.Бекейхан Е.П.Михаэлиске арналған кітапты сөз етеді. Е.П.Михаэлистің көмегімен Абай орыстың классикалық әдебиетімен танысқаны нақтыланған. Орыс ғалы-

Алаш әдебиеттануы

мының Алтай, Тарбагатай таулары туралы мақалалары, ғылымға коскан нақты үлесі сөз болған. Осы мақаланың соңында төмөндегідей өлең жолдары берілген:

Уай! Сен денеде аз күн қонақ.
Заман жоқ тұруга, өмір шолақ.
Жас мезгіл екі айналmas, мойнын бұрмас.
Жұмыс ет – оқтайдай зырлан, қардай борап.

Кыр баласы.

Бұл Ә.Бекейханның ғылыми ұстанымы еді. «Қазақ». №103» деген сілтеме берілген (2: 311).

«Қара қыпшақ Қобыланды» атты зерттеуіне Ә.Бекейхан «сын» деген анықтама қойған. («Қазақ» 1915. №126–129). Бұл – тек бір жырдың талдауы емес, рухани мәдениет пен көркем әдебиеттен мол мағлұмат беретін зерттеу. Абайдың өлеңге қойған талаптарын эпиграф ретінде алға тартқан Ә.Бекейхан: «Міне, осындаі тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келген айналасы» деген Абай сынына жарасымды өлең мынау беттерде көрінеді», – деп оларды атап өтеді (2: 316).

Осы орайда Қобыланды батырдың қалмақ Қазан ханын алғандағы ісі, Алшағыр хан мен Қебікті ханды жеңгендегі ерліктері, Тайбурыл аттың өнері мен сипаты, жер-су аттары, т.б. қазақтың руханилығын дәлелдейтін үзінділер талданған. Зерттеуші «Қобыландының» қазақ тілінде басылған тұнғыш жыр екенін ескерtedі.

«Женщина по киргизской былине «Кобыланды» атты мақаласында Ә.Бекейхан эпикалық, лирикалық өлендер туралы кәсіби мағлұматтармен бірге жырдағы әйелдің образдарына арнайы тоқталады. Кейіпкердің анасы Аналық халықта бәйбіше атанғаны, ерінің ерекше сыйына ие болғаны, бірақ бала көтермегені айтылады. Ерінің екінші әйел алудан бас тартуы Аналық уайымын нығайта түседі. Ұлғайған жасқа келген Аналық баладан күдері үзіліп, Алладан, әулиелдерден ерінің істері үшін кешірім сұрауын өтінеді. Әдебиетші Аналықтың сүйген еріне адап болуы, бұл істің маңыздылығын түсіндіре білгені, оның осыншама махабbat пен сыйға қалайша ие болғанының сирин түсіну үшін нақты талдауларға барады. Аналық о баста ата-анасына ізгілікті болып қызмет етті, кейін қүйеуіне де осылай адап болды. Ә.Бекейхан бұл арқылы өз замандас әйелдерінің сол кезеңдегі отбасындағы бақытсыздығының себебін түсінуге тырысады. «Өмірді білмейді ме, әлде басқа қандай біз білмейтін сыр бар ма?!» деген сауалды қояды. Мақаланың соңында зерттеуші

Айгүл ICIMAKOVA

Аналыктың нағыз мұсылман болғанын, осының негізінде ғана шынайы бақытқа иеленгенін айқындаиды.

Мұсылман әйелдің үлгісін әдебиеттанушы Ә.Бекейхан Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.с.) қызы Фатима тұлғасынан көреді. Оның Әлиді құрметтеуіне себеп болған Зеңгі бабамен байланысты тарихты еске салады. Деректерде Баба Тұкті Шашты Әзіз әулие Аналық үшін Алла тағалаға жалбарынып, ұл мен қызы ҫұрағанын, әулиенің басына түнеген Аналыққа оның Алла тағалаға құлшылық етуін нұсқайды. Ұлы Қобыланды мен қүйеуінің тілеуаші Аналық ана мен жардың үлгісі. Қарлығаштың тууы, есегі, ағасына қамқоршы, қүйеуіне адап болуы; Қобыланды мен сұлу, рухани таза, ақылды Құртқаның бірінші кездесуі; оның түсінде Баба Тұкті Шашты Әзізден аян алуының жөні осының бәрі жырдың сюжетін нақты әдеби талдау арқылы анықтайды.

Мұсылман Құртка ерін жолынан тоқтата алмайды. Мұсылмандық пен батырлық, руханилық пен қара күштің тоғысы Қобыланды мен қалмак қызы Қарлыға істері арқылы қарастырылған. Бұл – қазақ әдебиеттануында бұрын-соңды болмаған ғылыми жүйелеудің үлгісі. Адалдық пен сезім, мұсылмандықтың шарттары мен пендениң, әйелдің, аナンЫң сезімі осы ретте жан-жақты айқындала талданады.

Ә.Бекейхан сонымен қатар жырдағы «жаксы өлеңдердің қосағына көп дәмсіз өлеңдер қосақталған» (2: 316) деп, олардың жөнін тізіп көрсетеді. Зерттеуде әр өлең жолының беті нақтыланып келтірлген.

Зерттеуші «Қобыланды» кітабының сыртында берілген батырдың суретіне де қатысты пікірін білдіріп кетуді жөн санайды. Жырда бейнеленген Тайбурыл: (Астындағы Тайбурыл; Елбек-елбек жортады; Ерні төмен салынып, қара терге малынып). Бұл жер қазақтың «кат ерінді, ер мұрынды» деген казақ мақалына сай» еді деп, кітаптың сыртында берілген сурет мүлдем басқаша екенін айыптаиды. Ол туралы әдебиетші былай деп жазады: «Кітаптағы ат – орыстың «тяжеловоз» деген жүк аты; шабандығы етіздің сәл-ақ алдында; жалқұйрығы құшақ айғыр. Жырдағы шын Тайбурыл азбан. Кітапта суреті салынған бол айғырдың бірде-бір мүшесі, жылқылығынан басқа, Тайбурылға ұқсамайды» (2: 317).

Сондай-ақ, Ә.Бекейхан жырдағы Қобыланды тұлғасына кітаптағы суреті де сай емес екендігін де айғақтайды: «Кітап бетіндегі суретте Қобыланды бір нашар бақалышы болып салынған. Қазақтың мақалы бар: «Ат ерінді, ер мұрынды» деген. Суреттегі Қобыланды батыр мұрынан айрылып түштишип тұр». Әдебиетші суреттің қайдан алынғанына дейін анықтап береді: «Орыстың үш батырын салған Васнецов шебердің картинасы бар, 5 тыынға сатылады. Осы

Алаш әдебиеттануы

батырлардың суреттеріне қарасақ, Қобыланды батырға мінгізген боз айғыр Добрине Никитишдікі. Қобыланды батырдың өзі Әлеше Поповіш, күн салып қарауы Илие Муромес көрінеді. Бұл менің жоруым рас болса, «Қобыландыны» басқан басқарма адасқан. Бұл ұят. Мұны мәдени жүрттарда «ұрлық» дейді» (2: 317).

Бұл сынды зерттеуші кітапты қайта басқанда ескерілсін деген ниетпен айтады, себебі: «Тайбурылды тяжеловоз айтырға айырбастағанға қазақ көзі үллады».

Әдебиеттануыш Ә.Бекейхан осы зерттеуінде академиялық улгіге сай жырдағы жер-су аттарын бөлек берген және олардың беттері көрсетілген. Бұл не үшін істелгені туралы да мағлұмат берілген: «Қобыландыны қайта басқанда, мұндагы жер-су һәм кісі аттары әліппе тәртібімен кітаптың аяғына қайта басылса һәм шыққанда кітаптың қайсы бетінде қайсы сөз бар екені көрсетілсе, біріншіден, кітап тәрбиелі болар еді. Екінші – бұл жырдан қазақ тарихына жем іздеген адамдарға оңай болар еді. Еуропада мұндай кітаптар сол ретпен басылады. Ана географический общество басқан Шоқан кітабы осылай басылған» (2: 317–318).

Әдебиеттануыш Ә.Бекейхан Ә.Диваевтың құрастыруымен, Та什кентте 1922 жылы басылған «Батыр Бекет» («Темірқазық» журналы. №1, 1923, шығарушы Н.Төреқұлов), «Мырза Едігे» басылымдары туралы да арнайы ғылыми мақала жазған.

«Батыр Бекет» зерттеуінде тарихи тұлғаның бейнеленуін талдай отырып, Ә.Бекейхан батырдың әйелінің көмегімен елге қайтқанына орай өзі білемін тарихи мәліметті алға тартады: «Орыс жұрттында айдалған байына ерген қатын көп болады. «Біздің әйеліміз жақсы» деп орыс жұртты мақтан қылады. Екі декабристің ханымдары княгиня Волконская һәм княгиня Трубецкаяга орыстың ақыны Некрасов шыгарған өлең бар: «Русские женщины» деген. Бұлар каторжная работага айдалған ерлерін қуып барған. Бекеттің жырына қараганда, біздің қазақ әйелі де мақтануга жарайтын: Қабыл болып тілегі – Шернияздың тұндігін Найзаменен ашады, Қанын судай шашады. Арадан күндер өткенде, Мұратқа сөйтіп жеткенде, Жасаган ием жар болып, Шернияздың ниеті Өз қанымен тынады (2: 328).

Бұл үзіндіде әдебиетші Ә.Бекейхан әйел бейнесінің типологиялық байланысын анықтап қана коймай, тұлғалық, кісілік қасиеті ортақ екенін айғақтайды. Ол үшін декабристердің орыс әдебиетіндегі бейнелеуін алға тартуы бұл ретте ете орынды екені сезсіз.

Ә.Бекейханның «Роман бәйгесі» атты әдеби зерттеуі Есенқұл қажының бәйге жариялауына арналғанымен, «өзге мәдени жүрт-

Айгүл ICIMAКОВА

тардың бұл сиякты бәйгесінен бір-екі ауыз сөз жазайын» (2: 329) деп басталады. Бәйгеге 18 миллион қазына қалдырған швед инженері Альфред Нобель сыйлығының 3 жылда бір берілетіні туралы онын: «Проценті (өсімі) хұкімет, химия, дәрігерлік, роман жазып озғанға, адам баласының танушылығы жолына аса өнер қылғанға берілсін» (4: 329) дегені айтылады. Л.Н.Толстойдың бұл бәйгеден: «Мен ақша алмаймын, адам баласын хайуан жолына сүйреп отырған қазына жиган құмарлық», – деп бас тартқан сөзін әдебиетші Ә.Бекейхан еске салуды жөн деп санайды (2: 329).

Әдебиеттануыш Ә.Бекейхан М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамалынан» басқа романның жоқ екенін айта кетіп: «Әлі де болса кітаптарды сыншы болам деген кісіге поштамен жіберіп, жылдам қайтаруын сұрап, бұлардан сын макаласын жиып, мұны кісі саны аз, жазушы басы құраулы Семей (Шаһкерім бар), Орынбор (Ахмед, Мир Якуб бар), Тройскінің (Бахытжан, Мұхамеджан бар) бірінде комитет қарағаны дұрыс» (2: 329), – деген ұсыныс жасайды.

«Роман деген не?» («Қазақ», 1914, №48) деген зерттеудің әдебиеттанулық негізі, берер кәсіби мағлұматы зор. Әдебиетші Ә.Бекейхан *роман* деген сөздің мағынасын түсіндіреді. Зерттеушінің пайымдауынша, бұған роман тілінің тікелей қатысы бар, себебі «Роман деген сөздің мағынасы мынау. Осыдан 150 жыл бұрын Италия французды билеп тұрган заманда екі тіл қатысып, ортадан дара тілі туған. Осы тілмен франсцуз жазушылары сол заманың кемшілік, таршылығын көрсетіп кітап жазған һәм кітаптарын роман тілімен жазған үшін «роман» деп атаған. Соңан бері міне, XVIII ғасыр осы мақсұд, осы мағынамен һәр нәсілдегі, һәр діндегі халық өзінің өмірін өзінің ана тілімен жазып келе жатыр. Сол жазған кітапты *роман* деп атап кетті. Романың басталуына XVIII ғасыр дедік. Соңан бері һәр халық романды өте қадір тұтып, жогары ұстап, гүлдетіп, жасартып, көп кітаптар шығарып келеді» (2: 329).

Мақаланың атына сай романға қатысты жанрлық ерекшеліктері де айқындала түседі: «Романың ішкі мағынасы: *тіршіліктің жарық һәм күңгірт жасағын бейне өзіндей етіп суреттеп, адамның өзіне көрсету*. Роман – адамзаттың өмірін, дәуірін бұлжыстпай көрсетүші баға жеттес айна. Роман суреттеп көрсетеді: я бір адамның, я бір нәсілдес, бір тілдес халықтың өмірін яки бір қалыптагы заманың қатардағы жәмәгатын, я қызы-қызы замандарда болып откен халықтардың өмір халін» (4: 330). Осы ретте әдебиетші Ә.Бекейхан көркемсөздің негізгі міндетін де алға тартады: «Романың асыл мақсұды: адамзаттың мінез-хұлқын түзетпек, кемшілікті,

Алаш әдебиеттануы

қараңғылықты адамзаттан құмақ. Мұнан мурад, ол адам баласына үйретінді үлгі, тәрбие бермек» (2: 330).

Әдебиеттанушы өз кезінің романдарының мазмұнын сез етеді: «Осы заманда роман жазылады: тұтас халықтың, буын-буын елдің, патшалықтың, мәжілістің жайлары, адамның білім-өнерін, шаруа тұрмысын» баяндауын еске салады. Зерттеуші: «Әнглиеде Вальтер Скотт, Чарльз Диккенс, Уилием Теккерей, орыста Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Толстой һәм басқалар», – деп бөліп қарастырады. Л.Н.Толстойды осы топтың ішінен бөліп алғып, оның «данышпандық һәм хәкімдік жағынан «Соғыс һәм татулық» деген романын адамзатқа үлгілі» екенін атап айтады.

Ә.Бекейхан романның стильдік ерекшелігі туралы да накты теориялық маглұмат береді. Себебі, «Мұнда Толстой алуан-алуан адамның мінез-құлқын бірін қалдырмай тізіп, адам өмірінің жаңайышке қылдай жерін суреттеп көрсетеді. «Соғыс һәм татулық» романында бар: патша да, міністр де, төре де, оғитсер де, солдат та, қәсіпшілер де, саудагерлер де, байлар да, қызыметшілер де, егінши де, мұғалім де, шәкірт те, би де, песір де, ереккөт те, әйел де, бала да, кәрі де, жасас та. Осылардың бар өмірі, мінез-хұлқы, әділдік-зорлығы, артық-кемі, құшті-әлсізі, бәрі де көз алдыңа келіп тұргандағы елеестейді. Романды түсініп оқыған адам әлгі айтқаның бәрін көреді, сондықтан роман – өмір айнасы» (2: 330), – деп түйіндейді әдебиетші. Л.Толстой «Адамның көзі – оның жанының айнасы» деп санаса, Ә.Бекейхан романды өмір айнасы деп, бүгінде мәні зор теориялық батыл әдебиеттанушылық тұжырымды осы мақалада жасаған.

Әдебиетші Ә.Бекейхан қазакта бұрын роман жоғын айтап, қазақтың бірінші романы Мир Якуб Дулаттың «Бақытсыз Жамалы» (1910) екенін атап өтеді. Сонымен бірге зерттеуші оның «басқа озық жұрттардықімен салыстыруға болмайтынын», «өз бойымызға лайықтап, мұны қазақ әдебиетінде тәуір хызметке санаймыз» деп анықтай түседі. Аталған теориялық тұжырымына сай әдебиетші Ә.Бекейхан романның талдауын да өмір шындығына жүгіндіреді. Қазақтың сол кездегі «малға, партияға қызығып, қыздарын жастай күйеуге беру жайы бар екенін, ысырапқа ақша шашып, жакынымен араздасу, қызын сүймегеніне жылатып ұстап беру, бұған шыдай алмай қыз теңін көксеп қайғыға бату бар» екенін атап өтіп зерттеуші романның сюжеттік жүйесін анықтайды. Романың негізгі мазмұны туралы зерттеуші былай дейді: «Ата-анадан күдер үзген соң, өз теңімен қашар бар, ахырында хорлық көру бар. Мұнда бар: шала сауатты молда да, жаңа мұғалім де, бар мұнда ақсақал да,

би де, болыс та, тілмәш та, орыс та, өтірік күәлік бергіш указни молда да. Мұнда бар һәр түрлі әйелдер, бозбалалар, ойын-сауықтар. Осылардың мәрхамәті, зорлық-зомбылығы, қазақтың рәсімі көрсетілген. Мұнда партия да, партияга құмарларда, ел арасын бұзушы қулар да, барымта да бар. Қабагын салбыратып, еңсесі түсін, топтан мұңайып Сәрсембай да келе жатыр...» (2:329). Әдебиетші соңғы сөйлемде Сәрсембай образының негізгі қырларын ашып береді. Тенеу арқылы Ә.Бекейхан кейіпкердің о бастағы елден ерекше тексіздігін анфартады.

Мақала соңында әдебиетші Ә.Бекейхан романның тәрбиелік мәнін алға тартады: «Енді түсіндік, роман көпке арналған кітап екенін; көптің кітабы болса, һәрқайсымызға тиісті, міндетті романды тесе қарап, телміре оқып, мінез-хұлқымызды түзеп, романнан халиміз жеткение тәрбие алу керек». Себебі, Ә.Бекейханның ойынша, казаққа «өнер-білім керек, онан да керегіреті – тәрбие. Қанша оқысақ та, тәрбиеміз кем болса, хасиетіміз аз» (2: 330). Әдебиеттанушы осылай көркемсөздің рухани-парасаттық күшін, үлгіліні баяндаудың басып айтқан.

«Ән, өлең һәм оның құралы» («Қазак». 1914. №67) атты зерттеуінде әдебиеттанушы Ә.Бекейхан өлеңнің табиғаты, оның теориялық негізі, қажетті құралдары туралы нақты мағлұматтар береді. Әннің адам жаңына тигізетін әсері туралы, оның жанрлық ерекшелігі туралы Ә.Бекейхан былай деп нақтылады: «Ән адамның бар ет-тамыр, сүйек-сүйегін қозгайды, бәрін ерітеді, елжірестеді; (өлең айтып, ән салғанда біреуді аңдысаң) көрмеймісің, жузінің құбылғанын, бетіне қызыарып қан қүйилғанын, көрмеймісің, көзінің жсанарынан байқаусызыда шығып кеткен дауысынан тағы жымыжырттана қалғанын...» (2: 330).

Өнердің, көркемсөздің, әннің адам жаңына тигізетін әсерін, одан алатын ләззатын мақала авторы осылай нақтылап берген. Әдебиетші Абай айтып кеткен: «Туганда дүние есігін ашады өлең. Өлеңмен жер қойына кірер денен» деген белгілі қағиданы жалғастырып, Ә.Бекейхан бұл тұжырымды өзінше дамытады: «Жаңа туган бала жылау әні, солқылдау әнімен дүнияга амандаласады. Адам жан шыгар алдында арпалысып: «A-a-a» – деп ән салып дүниямен хоштасады. Осы еki бас ән, ақтық әннің арасында адам бірін көтеріп, бірін созып өлең қосып, бір өлеңді бір өлеңге қосарлап, іштен шерін шыгарып күйін тарқатады» (2: 330).

Адамның көніл күйі туралы ұғым Абай, Шәкәрім шығарма-шылықтарында орын алса, бұл түсініктің теориялық негізін

Алаш әдебиеттанузы

А.Байтұрысныұлы ашып береді. Әдебиетші Ә.Бекейхан үшін іштегі шер, күй, адам жаны, көңілі – бірін-бірі толықтыруши ұғымдар. Көркем әдебиеттегі адам психологиясының өзгеруін бейнелейтін осы түсініктер екенін әдебиетші осы мақалада нақтыладап береді: «*Адам көңілдегісін алғаш сөзбен қияды: ән салып, өлең айтып, домбыра шертіп, қобыз ойнайды – адамның жайын, сезімін, жүргегін қозгайды. түпін өтіп елжіретеді, бусандырады, буынын алады*». Ә.Бекейхан қазақтың өлеңінің айтылуына да мән береді: «*Бірге маглұм көрнеу түр: ән, өлең, сыйызғы, домбыра, қобызы – бәрі бір магынада... Кімге маглұм емес, кімге анық емес ән-өлең, оның аспаптары адам жүргегіне, сезіміне, қүйлеріне һәрдайым барша уақытта құдіретті бір сайман – адамды қозгайды, көтереді, басады – тыныштайды, жайлайды...*». Галым өлең түрінің қасиетін аша түседі: «*Ән-өлең өтім етеді, қозгайды жсанды, сезімді, ет-тән тамыр тарамыстарға шейін кеүлейді, адамга гайрат береді*» (2: 330).

Әдебиеттануышы Ә.Бекейхан тек қазақ емес, жалпы өлеңнің құралы, оның қажеттілігі туралы сөз етеді. Оның адам өміріндегі мәнін анықтап, себептерін атап өтеді. Ә.Бекейханның пайымдауынша: «*Ән-өлең, күй – адамның анық тілі, шын тілі, көпке бірдей ұғымды тіл – бұл тіл жсанға хас, жүрек тілі, сезім тілі, күй тілі: неше түрлі рақат татқан адам жаны осы тілмен сөйлейді, һар түрлі үндерді осы тілмен сұлупап, майлан қояды, қуаныш-шаттық рақатын сыртқа білгізеді, адам меҳнатын, ауыр ісін жесеңілдетеді, қайғы-хафасын шығарады, мауқын басады. Сол себептен, ән-өлең адамның қараңғы жер астына кіргенше шейін айырылmas досы, жолдасы*» (4: 331).

Галымның бұл әдеби-теориялық ойларды жалғыз бір ру, ел, ұлт шеңбері емес, бар халыққа тән өлеңнің теориялық негізі екені анық. Және «кейбір халық өлеңін қайғылы-мұнды қылып қалдырган, кейбір халық өлеңін жанды, тірі қылып, шаттықпен көтерінкі қылып қалдырган: мұнды – Фин, жанды – Италиә», – деп толықтыра түседі. «*Қаратудың басынан көш келеді*» өлеңін мысалға келтіре отырып, зерттеуші: «*қазақтың бұрынғы қынышылық, таршылық хафаға түскенін мұн қылып көрсетіп түр*», – деп анықтап қосады.

Мақаланың келесі белімінде әдебиетші Ә.Бекейхан өлеңнің қасиеті туралы «акындар, данышпандар» айткан сөздерді келтіруді де жөн сарайды. «*Гете келтіреді*», «*Шопенгауэр сөйлейді*», «*Бетховен айтады*» деген пікірлер Мартин Лютер мен Абайдың сөздерімен тұжырымдалады. Аталған пікірлер Ә.Бекейханның әдеби-мәдениеттанулық ойларының биік дәрежесін нұсқайды.

Дүниежүзілік теориялық ойларды Ә.Бекейхан қазаққа түсінік-

Айгүл ІСІМАҚОВА

ті етіп тұжырымдаған. «Гете келтіреді... ән, өлең шертіп ойнау – ең жоғарғы өнер – әлде не нәрсе салынса, ішекке не ойналса, сол нәрсе жоғары шығып көтеріледі, ағарады, хасиеттенеді», «Шопенгауэр сейлейді: өлең, ән, күй салу баршамыздың қазынамыздың (қозгалу, сезу, тебіренуді) бәрін жоғары жасап, жоғары жаратуға зор бір құдіретті сайман: өлең, ән, күйдің күші – ән қуаты сондай күшті, сондай терең – бұл барлық жаралыс тұрмысын көрсетеді, өзге өнерлер құр көлеңкесін ғана көрсетеді. Жүрек жанына орнаған дақты сол күймен ғана сыртқа шығарады» (2: 331). Аристотельдің катаарсис үғымын әдебиетші қазақша пайымдал, өлең талдау арқылы өз түсінігін осылай алға тартады.

Шопенгауэр ойын әдебиеттанушы Ә.Бекейхан қазақша, мұсылманша да түсіндіре кетеді: «Мәрхамат, шәфқат, рахат, меҳнат, шаттық-рениш, гайрат, хафалық, зар, мұн, күйінш – бәрін де жүректе қандай болса, солай қылып көрсетеді».

Көркемсөздің, өлең өнерінің қасиеті туралы Ә.Бекейхан былай деп анығын береді: «Бетховен айтады: ән, өлең, күй сондай ашиқ түрлі жарық тіл, ондай қылып даныштан да, хәкім де айттайды. Ол адамның жол салушысы, жол басшысы – бұл жол бір ғана сонау білік, жоғары білім ғаламына шығатын жол, ол ғалам адам баласына сезіледі, бірақ денесімен адамзат бара алмайды. Ән, өлең, күй құдірет гылымымен әбден сырлас» (2: 331).

Осы зерттеуде Ә.Бекейхан көркемсөздің, әдебиеттің негізгі міндеттің нақтылап береді. Ол үшін ғалым Мартин Лютер пікіріне жүргінеді: «Мартин Лютер – ән, өлең, күй адамның гибрат берушісі, адамның ақылын оятып, молайтып, қорытып беруші ең жақсы ақылынды – жіңішкелікке, төменишлікке, бірлікке, татулықта, сүйіспенешілікке ең бірінші оқытушысы, үйретушісі». Себебі, Ә.Бекейханның пайымдауынша: «Ән өлең, күй – ең сенімді үн, бұл үнмен адам меңнатын, рақатын, гайратын, шафқатын, сүйіспенешілігін билейтін, қайғы-қасіреттің Құдайға тапсырады, жеткізеді». «Ән, өлең, күй – аспандагы періште тілі, бұрынғы жерде болған Пайғамбарлар тілі; ән, өлең, күй – Алланы тапнуга улкен себепкер» (2: 331). Бүгін біз жауабын ізделп жүрген Әдебиет не үшін қажет? деген сауалға әдебиетші осындай анықтама берген екен.

М.Лютердің бұл пікірін Ә.Бекейхан бекер алға тартпаған: «Қазақтың ақындары да ханның қаһары, судың зәһірінен ән салып, өлең айтып, күй тартып, басын өлімнен құтқарғандар да бар», – дей отырып, жоғарыдағы теориялық ойларын Абайдың сөздерімен тұжырымдаған. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлең

Алаш әдебиеттанузы

жолдары жоғарыда келтірілген болжамдардың қорытындысы іспеттес екені әрине, сөзсіз.

Дүниежүзілік әдебиеттанулық пікірлерді келтірген Ә.Бекейхан олардың ортақ түйінін Абайша – қазақша келтіруді бізге үлгі етіп, көрсетіп кеткен екен. Осыншама маңызды әдеби-теориялық ой мен ғылыми тұжырымдардың бүтінгі қазақ әдебиеттануына қажет мол ғылыми ғибрат екені анық.

Ә.Бекейхан жазған *Шәкәрімнің «Түрік, қыргыз, қазақ һәм хандар шежіресі»* атты кітабына жазған ғылыми пікірі, тек пікір ғана емес, аталған мәселе бойынша тың деректер беретін ғылыми сипаттама. Аталған кітаптың – қазақ шежіресінің тұнғышы екені аталып, бұл кітаптың кейінгі зерттеулерге де арқау болары да айқындалған. Ә.Бекейхан сол кездегі беделді зерттеулерге сүйене отырып, (История человечества. Всемирная история. Г.Пельмольт; Записки Западно-Сибирского отдела ИРГО 1902. Омск), Шәкәрім еңбегінен қышишақ, керей руларына катысты мәселелерді анықтайды. Аристов пен Шәкәрімде ортақ түрік-қазақ шежіресіне катысты жағдайлар айтақталған. Кемшілік ретінде: «Шаһкерім де Аристовша жазып өткен. Осы күнде бұл шежіреде аталған жерлер қай патша қол астында, қай губернеде, Шаһкерім жазып өту керек еді» деп ескертеді. Шаһкерімнің Ахмет ханды қалмақтар Алаш деп атаганына катысты Ә.Бекейхан былай деп келіспеушілік білдіреді: «Бұл қалай? Алаш деген біздің қазақ сөзі. Алаш қалмақ қойған ат болса, қалмақ өз тілінен қоятын жөні бар емес пе?» (2: 333). Бұл сөздің қалмақ сөзі емес екенін алға тартқан зерттеуші келесі мәліметті келтіреді: «Ақмола облысы, Бағаналы-Балталы деген найман жайында, Каракенір бойында сырлаған кірпіштен салған екі бейіт бар: Алаша, Жошы хан атты. Бұрынғы уақытта бұл өзенге тама да жайылатын еді. Бағаналы-Балталы тама бұл Алаша хан, Жошы хан бейіттері тұрасында не біледі?». Галым қолдауымен қоса Шаһкерім алдына нақты сауалдар қойып, тарихи мағлұматтардың анықталуын талап етеді.

Ә.Бекейханның «Шәкәрімнің «Түрік, қыргыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты кітабына жазған пікір-мақаласы «Қазақта» (1913, №12) жарияланған. Шәкәрім кітабы қазақ тіліндегі тұнғыш шежіре екенін Әлихан Бекейхан атап өтеді. Шәкәрімнің өз кітабына берген бағасымен әдебиетші келіспейді. Шәкәрімнің: Бір Алла, бергеніңе сансыз шүкір, Қалған жоқ зая болып қалған фікір. Бітірдім түрік-қазақ шежіресін, Болса да кемшілігі, қисық бүкір – деген сөздеріне әдебиетші Ә.Бекейхан мынадай пікір білдіреді: «Шаһкерім өзі «бүкір» дегенімен, шежіресі бала оқытқан молданың қолында

Айгүл ІСІМАҚОВА

болатын кітап. Түркі халқы әр рудан қосылып, екі түрік ағайын болғысы келсе, бір жерін қанатып, қандарын сұтке яки қымызға қосып ішеді де: «Қаны қосылған қазандас болдын», – дейді. Оны «канда» дейді. Біздің қазақта «құда-анды» дегендегі «андасы» осы сөз» (2: 332). Шәкәрімнің: «600 жылдан бері мұсылман жұртына кірген керейіт яғни керейлер тіпті ескі замандағы кіреш таңбасын салады» деген пікірін Ә.Бекейхан толықтыра туследі. «Еуропа шежіресін жазушылар» деп басталатын ойын ол былай деп жалғастырады: «Осы күнгі Жетісуда көшіп жүрген керейді сектенің соғылары христиан дініне каратқан екен» (2: 332). Ахмет хан кім? Алаша хан деген атты кім берген? «Алаш» сөзі кімдікі деген даулы мәселеге Ә.Бекейхан өз пікірін берген. «Алаш деген – біздің қазақ сөзі. Алаш қалмақ қойған ат болса, қалмақ өз тілімен қоятын жөні бар емес пе?» (2: 333). Осы ретте әдебиетші Ә.Бекейхан Қаракенгір бойындағы «сырланған кірпіштен салынған ескі екі бейіт бар: Алаша, Жошы хан атты» деген уәж келтіреді. Осыған орай газет оқырмандарын пікір алдысуға шақырады. Әдебиетші Алаш сөзіне мұқият болуды мензейді, тарихи тұлға Алаша хан туралы деректерді де сүзгіден еткізуіді жөн деген санайды. Бұл – күні бүтін біздің тарихшылар да бір пікірге келе алмай жүрген мәселе. Осы ретте әдебиетшілер Ә.Бекейхан мен Шәкәрімнің әдеби мәтіндерден келтірілген деректерді тарих ғылымында қолданулары ғылыми негізді екенін айғақтап тұр. Бұларның зерттеуді талап ететін мәселе.

Ә.Бекейхан халық ауыз әдебиеті үлгілерінің жазылып, баспадан шығуына үлкен қызмет атқарған. В.В.Радлов дайындауымен «Қозы Қөрпеш Баян» нұсқасы 1924 жылы Мәскеуде жарық көрген.

«Қозы Қөрпеш – Баян» көп мағыналы, түрк жұртын сипаттайтын әдебиет корының таңдамасы: «Алтын шыққан жерді белден каз!» деген. «Қозы Қорпеш – Баянның» неше түрін жинап, салыстырып баспақтыз. Бұл алдыңғы мектептегі балалар оқуга басылды. Қыр баласы» (2: 339) деген алғы сөзі бар. Әдебиеттанушы бұл жырдын бар нұсқасын тауып анықтауды ғылыми міндет етіп қойған екен. Өкінішке орай, тек осы нұсқасы ғана жарық көрген.

Марабай ақынның «Ер Тарғын» жырын тұңғыш рет бастырган да – Ә.Бекейхан (1923). Жырдын соңына әдебиетші өз тарапынан ғылыми түсініктеме берген: ««Ер Тарғын» – Қара қыпшақ Қобылан-ды, Ер Сайын, Манас қатарлы қазақ-қыргыз жырының бірі. Бұл жырды В.В.Радлов жазып алған. Мен қарасөзben жазған жерлерін қысқартып, өлеңмен жазған жерлерін өңдедім» (2: 364). Тарғынның кім екені туралы келесі мағлұмат бар: «Ер Тарғынның барған елі

Алаш әдебиеттануы

қырық сан Қырым, төбелескені – Торғауыт пен қалмақ. Қырымның елінде жүріп, Тарғын Торғауытты алады, ногайлының елінде жүріп қалмақты шабады, қырады» (2: 364). 1438 жылы Қырым Алтын Ордадан бөлініп, өз алдына хандық болған. Қырымның бірінші ханы Хажы Герей (1437–1466) хан болды. 1783 жылы Қырымды орыс алып, хандық жоғалды. 1437–1783 жылдары арасында Қырымда 35 хан болған. Булардың ішінде ер Тарғыннан қашып барған Ақша хан жоқ» (2: 364). Бұл түсініктемеде мол тарихи деректер мен мағлұматтар келтірілген: Ногай. Мамай. Едігे. Ақша хан. Алтын Орда құрамы. т.б. жер-су аттарына байланысты да деректер жетерлік.

«*Кітап сыны (Картқожса)* («Еңбекші қазақ» 04.11.1926)» атты зерттеуде әдебиеттанушы Ә.Бекейхан Ж.Аймауытұлының «Картқожса» романына ғылыми пікір берген. Бұл шығарманың роман екенін зерттеуші: «Жүсіпбектің бұл романы қазақ әдебиетіндегі бірінші роман десек қателескен болмаймыз. Бұдан бұрынғы қазақ тілінде болған романдар тұрмыстың бір-екі құбылысын ғана суреттейтін романшықтар еді. «Картқожса» – толық роман. «Картқожада» тұрмыстың көп пернелері басылып, көп құбылыстары суреттеледі. «Картқожада» ұйқылы-ояу тыныш шақ емес, талас-тартыс шағы, тарих жаңадан жазыллатын қасиетті шағы суреттеледі: қазакты патша билеп, мыкты-осалды жаңышқан заман, қазақ баласының хат тануға зар болып кіретін мектеп таба алмай зарыққан заманы, қазақ басына кара күн туып, қазақ шаруасы қырылған 1916 жыл, қиянгезшілік соғысы, февраль өзгерісі, қазақтың Ұлт үкіметі (Алаш Орда), октябр өзгерісі, Кеңес үкіметі, Кеңесті Қазақстан... барлығы «Картқожада» тегіс суреттеледі» (2: 367), – деп дәлелдейді.

Романның совет кезіндегі жаңа талаптарға сай екенін Ә.Бекейхан былай арашалайды: «Мұның үстіне «Картқожада» бастан-аяқ қазақ елінің жайы, көзге жақсы көрінбейтін көмескі тап жігі айқын ашылып отырылады. Кітаптың ұзын бойында бай мен кедейдің, құл мен қожаның, жеуші мен желінушінің, тере мен қараның, би мен шаруаның тілектерінің қайшылануы суреттеліп отырады».

Романның стилі, жазу ерекшелігі туралы әдебиетші Ә.Бекейхан: «Бүгінге дейін біздің оң өзгерішіл тап жігін айырам деуші жолдастарымыздай, білімнің кемдігінен, я ұлтшылдық бойына сініп қалғандықтан, қазақ елінің тап жігін айқындаپ алып, суреттей алған жок еді. Я әрі, я бері кетіп, жүйесіз жерге пышақ салып жүреді. Жүсіпбек дәп сермеді, пернелі, әдемі сөз, тап жігін әдемі суреттеді. Бұл ретте де «Картқожса» бірінші роман. Кеңеске шын қарашуы қазақ жастарының сүйсініп оқитын романы» (2: 367), – деп аныктама береді.

Әдебиеттанушы осы пікірін нақтыладап береді. Осы тұстағы «тіркемі» термині өте орынды қолданылған: «Қартқожадағы» оқығалардың тіркемі (сюжет – A. Isimakova) деп дұрыс: бірінен-бірі тізіліп шығып отырады. Сөзі ғана тіл алтын зердің жібіндей жаратылыс, қогам құбылыстары аса әдемі суреттелген: оқушыны ару анадай жетелеп, еліктіріп, бүйданы іріктірмей өкше бастырып отырады».

Орыс әдебиетімен жете таныс Ә.Бекейхан «Қартқожаны» биік бағалайды. Осы орайда романдағы кейіпкерлерге берілген аттарының тегін емес екендігін алға тартып: «Мұндай әдет орыстың даныштан жазуышысы Достоевскийде болатын. Мәселен, Достоевский: тағы бір жоғалған адамшылық туралы «мұжықтар шулап келе берді» деп әңгімелеріне ат қоятын. Жүсіпбек «Уайым күшайді», «Қабар берді», «Бұлт қоюланды», «Қош, аман бол!», «Мәңгі аңсау» дегендер сияқты әңгімелеріне жұмбақ ат қойып отырады», – деп пайымдайды.

Осы тұрғыдан Ж.Аймауытұлы романының әлі зерттелмегенін ескерсек, әрине, әдебиетші Ә.Бекейханның бұл пікірі өте күнды. Сондықтан да ол Ж.Аймауытұлының романын талдап берумен шектелмей, оның қазақ әдебиетіндегі алатын орнын о баста анықтап беріпти: «Қартқожса» – маңызды кітап. Талдап сын жазғанда, көп уақыт, көп еңбек керек қылады. Еуропаның көркем әдебиет жазуышыларының кітаптарында, Пушкиннің «Онегин» деген кітабында, «Қартқожса» қазақ әдебиетінің тарихында зор өріс алатын кітап. Сондықтан «Қартқожсаны» жасастардың бәрі оқу керек. «Қартқожса» мектептерде де орын алысты» (2: 367), – деп, әдебиетші тоқ етерін түйіндеп береді.

Ә.Бекейхан «Кітап сынны» (Ж.Аймауытұлы «Психология») мақаласында Ж.Аймауытұлының «Психология» (Ташкент, 1926) кітабына пікір жазған. «Бұл кітап жаңаша жазылған» деп ескертеді. «Жүсіпбек кітабын шама келгенше женіл тілмен жазған. Мұндай женіл тілмен жазуға зор ұсталық керек. Мағынасы терең нәрсені қанша женіл тілмен жазсан да, жайлап, асықпай ойланып окуды керек қылады» (2: 368).

Ә.Бекейханның рецензия жанрында жазылған «Всеволод Иванов» (Қыр баласы, «Жаңа мектеп», 1927 №3–4) атты мақаласы орыс жазуышының әңгімелерінің қазақ тіліндегі жинағына білдірген кәсіби әдебиеттанулық пікірі. Кітап атауы: «Төрт әңгіме». Мәскеу, 1927. 64-б. Қазақшалаған Мағжан». Әдебиетші Ә.Бекейхан әңгімелердің сюжетін емес, басты такырыбы болып табылатын үзінділер келтірген. Бұл үзіндіден Мағжан аталған әңгімелерді неге

Алаш әдебиеттануы

аударғаны, жазушының қазақ оқырманына қажет тақырып тапқаны белгілі болады. Осы мақалада Ә.Бекейхан мұндай мазмұнды туындыны «сырлы әдебиет» деп бағалайды. *Сырлы* – көркем және ерекше астыртын, саяси маңызды сыры бар деген мағынада. Ғалым теориялық тұжырымды кейін дамытып береді: «Бұл кітапты жазған орыста сырлы әдебиетте бәйге алған жаңа жазушының бірі. Жазғаны – жаңада ел басынан кешірген ақ пен қызылдың соғысы мен елде болған ашаршылық. Әнгімедегі жазылған жер – Семей мен Жетісу, ондағы казақ пен казак-орыс» (2: 368).

Көркем аударманың сапасы туралы әдебиетші Ә.Бекейхан мәтіннен келтірген келесі үзінділермен тамамдаған: «Теміrbай аяғынан шығып кеткен атын қарап жүріп шаршап, қарағанды панарап ұйықтап қалады. Бір топ казак-орыс екі қазакты айдал, қарағанға келіп, Теміrbайдан 25–30 таяқ жерде екі қазаққа көрін қаздырады». «Теміrbайдың миын ә дегеннен бері бұрғыдай бұрап, шаяндай шағып отырған ойы мынау: «Бұлар орды не үшін, кімге, неге қазып жатыр?» Міне, осы ой қазір жазғытурым тасыған езендей тасып өтіп, Теміrbайды билеп алды. Өзен басып су астында қалған жағадағы талдың анда-санда қылт етіп көрініп-көрініп кететін басындаі – ауылы, малы, ұлы туралы ой анда-санда бір соғып кетеді. Теміrbайдың басы айналып, кезі қарауытып кеткендей болды. Казак-орыстың қолындағы – мылтық. Жерді тырнап жатқан екі күрек, иығына ақ бірдене жapsырып алған төре. Осылардың бәрі әп-сәтте біріне бірі қосылып, ертегіде айттылатын жеті басты жалмауыздың қияптына кіріп, Теміrbайдың тап алдына келіп, іріген ауыздан шіріген лебін бұрқ еткізіп: «Екі жаяу қазір атылмақ!...» – дегендей болады». Мағжан осылайша қазақшалайды» (2: 368). Соңғы сейлемде Ә.Бекейхан Мағжанның аудармасына қанағат білдіргенін көрсетеді. Сол кездегі қазақ әдебиеттануының басты мақсатын мақаланың соңғы сейлемінде білдірген: «Бұл кітапты мектептің кітапханасында ұстал, хат білетін қазаққа көпәрәтіп арқылы таратса оң болады».

Әдебиетші Ә.Бекейхан Абай мен Шәкәрім бастаған көркем мәтіннің аударма дәстүрін жалғастырды. Бұлар жай аударма емес. Ә.Бекейханның өз таралынан қосылған толғаныс, пікірлерімен ерекшеленіп тұрған бұл аударма мәтіндердің жөні ерекше. Бұл аудармаларға әдебиетшінің жан тебіренісі, ақыл-парасаты толық сіңген. Ә.Бекейхан көркем аудармашы ретінде Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, Д.М.Мамин-Сибиряк, Ги де Мопассан, үнді, түрік текстес Қырым халықтарының әдеби шығармалары. Антика дәүірінің әдеби туындыларын тәржімалаған.

Айгүл ІСІМАКОВА

«Сурат кафеханасы» («Дін таласы») (Л.Н.Толстойдың «Суратская кофейня» әңгімесі аудармасының («Қазақ». 1913. №14) басты ойы – бүгін жұз жылдан кейін де біздің дінге қатысты сауалдарымыздың тоғысусы екен. Басқа аудармаларында Л.Н.Толстойдан, А.П.Чеховтан деп көрсетілсе, бұл мәтіннің кімдікі екені айтылмаған. «Үнді жерінде, Сурат қаласында кафеханасы бар еді. Сонда талай жерден, талай елден адамдар кез болыш, ұшыра-сатын еді» (2: 371). Осылай басталған әңгімеде діннің озығы. Тәнірге, Құдайға құлшылық, діндердің айырмашылығы, т.б. Алла мен адам арасында қатысты иман, пенделік мәселелері қамтылған.

Үнді жеріндегі бұл кафеханаға Иранның бір ғалымы кіріп келеді: «Бұл ғалым «Тәнірінің тәнірлігін анық танып білемін», – деп көп әуре болған адам еді. ...Көп оқып, көп жазып, көп ойлап ақылы ауысқан, ойы шатысып ақырында. Құдайға тіпті илануды қойған. Мұнысын Иран патшасы біліп, қол астында тұрғызбай қуып жіберген». Шатасқан ғалым «өзінің миының шатасқанын сезбей, барша ғаламды билеуші, ұлықтың ұлығы, дананың данасы Құдайды жоқ қылмақ болған». Апиын ішіп алғып, құлына: «Ей, онбаған құл! Сен қалай ойлайсың. Құдай бар дейсің бе?» – деді. Құлы: «Құдай бар! дей келе: – Міне – Құдай! – деп беліне қыстырған ағаштан бір кішкене нәрсені суырып алғып көрсетеді екен: «Жан болып жаратылғанда мені сактайтын осы. Біздің жүрттың табынатын біздің жақта әулие ағаш бар. Мынау нақ соның бұтағынан істелген», – деді (2: 371).

Осы көрініс отырғандарға қалай әсер етті? Әңгіменің негізгі сюжеті осыны көрген адамдардың қойылған сауалға берген жауаптарымен дамиды: «Оларға қожасының сұраған сауалы да, құлының қайырған жауабы да таң көрінді». Бұл диалогке бірінші болып араласқан брахма дініндегі біреу құлдың сөзін естіп шыдал тұра алмай: «Әй, жарым ақыл, бейшара! – деді. – Құдайды адам беліне қыстырып жүре ме? Қандай кісінің беліне қыстыруға сыйды деп ойлауға мүмкін бе? Өзің не айтып отырысың? Құдай брахма емес пе? Ол – барша ғаламды жаратқан, барша ғаламның ұлығы. Сондықтан дүниедегі істердің қалпы өзгерілген жоқ. Оларды сақтап, пана болушы жалғыз құдай, хак Құдай – Брахма». Бұған қарсы алыпсатар Инду (Иса Пайғамбардың он екі шәкіртінің бірі түсініктеме Э.Б.) сойлейді: «Жоқ, сен олай деме! Хак құдайды танитын жүрт брахмалар емес. Құдай пана болып сақтайтын Брахман емес. Шын Құдай – Ибраһим, Ысқак, Яқия пайғамбарлар таныған Құдай. Ол Құдай пенде болады. Жалғыз-ақ өзінің Исраил

Алаш әдебиеттануы

жұртына дүние жаратылғаннан бері Құдайдың қалаған жұрты да, сүйген жұрты да – біздің жұрт. Ақырында бізді дүниежүзіне адастырып, тоздырып жібергені – сүйген жұртын әншейін бейнет беріп сынамақ үшін. Осылай деп Иңуди жылап жіберді».

«Бұны естіген Италияндық біреу Иңудке айтты: «Дұрыс емес мұның! Сенің айтуыңша, Құдайдағаділдік жоқ боларға керек. Бір жұрттан бірін артық керу Құдайдың ғаділдігіне лайық емес... Сендерге Тәнірінің қаһары түсіп, отансыз һәр жерге тозып кеткендеріңе сендердің осы құнде діндерің жойылып, тұқымдарың көбейіп өспек түгіл, құннен-құнгеге азапқа ұшырап бара жатыр. Құдайда артық якем көрушілік жоқ. Бірақ сауап табатын жол жалғыз-ақ біздің римдік католик дінінде. Одан басқа дінде сауап жоқ» (2: 371).

Бұның сезін «сонда отырған протестант сұрланып: «Қалайша сіз жалғыз сауап жол өздерінде дейсіңдер? Жадыңызда болсын, сауап табатын Файсаның Інжілімен ғанағ құлагандар» (2: 371).

Бұл дауга Суратта «қызымет ететін бір түрік» кіріседі: «Нағыз хақ дін біздікі», – деп бекер айтасындар, 600 жыл болды Інжіл қалып, Құран келгеніне. Сауап ең ақырғы пайғамбар Мұхаммед жолында. Өздеріңіз айтып отырсыздар ғой: «Иңуди діні нашар», – деп, нашарлығынан тіпті жайылмай, тұқымы азайып, құрып бара жатыр», – деп. Ислам дінінің артықтығы емес пе – Еуропа, Азия, тіпті Қытайда да жайылып бара жатыр... Сауап табады жалғыз-ақ ақырғы пайғамбар Мұхаммедке иланған адам» (2: 372).

Кафехана іші қызу пікірталасқа ұласты: «Олардың ішінде һәр діннің һәр түрлі мәзhabынан адамдар бар еді... һәркім өз дінін қуаттап, ауыздары көпіріп, шулап-дулап таласып жатты. Жалғыз-ақ Конфуций мәзhabындағы бір қытай таласқа кіріспеді, тыныш отырды». Бәрінің назары осыған ауып: «Бұл не айтады екен?» – десті: «Сен қалай ойлайсын, ойынды айтсаншы», – деп қытайға жабысты. Ол жеңінен қолын шығарып көкірігіне қойды да, жай салмақлен сөзді былай бастады: «Мырзалар! Менің байқауымша, адамдарды дін турасында бір іттіфаққа (*imtiifaq* – «ынтымақ») деген мағынада айтылып тұр – Ә.Б.) келтірмейтін жалғыз-ақ намыс. Мұны мен сіздерге мысал келтіріп гибратпен баяндайын» (2: 372). Ол осы Суратқа келе жатып, басынан кешкен бір оқиғаны айтып береді: «Пароход күтіп отырған әр елдің адамдарының қасына бір соқыр адам келеді. Сұрап білсек, құнгеге қарағаннан соқыр болған екен. Күнгеге көп қарағаны – құн не нәрсе деп, құннің затын білмек екен. Білмек мақсұты құннің жарығын қолға алышп, нұрының бірер сәулесін шыныға салып, тығындал, қамап қоймақ екен. Ниистіне

Айгүл ICIMAKOVA

сай осы ісінен тапқаны сол – күнге қарай-қарай көзі ауырып, соқыр болыпты. Және бұл адамның енді жасаған тұжырымы да ерекше екен: «Күн нұры – жарығы, сүйік зат болмаса, қатты зат болмаса, от болмаса, рух болмаса, күн жарығы деген ھеш нәрсе де емес, тіпті жоқ нәрсе», – дейді. Ойы осыған жеткенде, көп қарағаннан көзі де кеткен, көп ойлағаннан ақылы да ауыскан. Көзден айрылған соң, жоқ дегеніміз рас екен деп наңды да қойды» (2: 372).

Ол құлына: «Күн жоқ дегеніміз рас емес пе?» – деді. Құлы айтты: «Қайдан білейін, күнмен жұмысым да жоқ. Міне, мен білте шам істеп алдым. Менің білетінім – осы жарық... Құл шамын алып көтеріп: Менің білетінім мынау!» – деді. Бұл әңгімені бакылап отырған балдақпен жүретін ақсақ соқырға былай дейді: «Күнді білмегенің – іштей тұған соқырсың той.... Күн – оттан жасалған домалақ. Бұл домалақ күнде теңізден шығады да, күнде кішкене біздің аралдың тауының арасына барып қонады». Әңгімеге сонда отырған бір балықшы кіріседі: «Бұлай деп отырғаның – аралыңнан шығып, алсызырақ жүрмегенің той... Күннің шығып қайда бататұғынын мен айтып берейін. Күн теңізден шығады, теңізге батады. ...Күн сайын мен Күнді суда жүріп көзіммен шығарып, көзіммен батырамын» (2: 372).

Бұның сөзін инділік біреу, кеме иесі мысырлық, жапондық, ағылшын матрос жалғастырады. Әрқайсысы өз пікірін алға салады. Кеменің думаншысы есті адам екен. Өзінен сұраганша үндемей, өзгелердің сөзін тыңдап отыр еді. Енді жұргтың бәрі өтініп, түсіндірер деген соң сөйледі. Ол айтты: «Баршаңыз да бірінді-бірің адастырмашысындар, ھем өздерің де алданудасындар. Күн жерден айналмайды, жер күннен айналады» (2: 373), – деп,ғылыми негізdemenі келтіреді. Сондықтан: «Күн жалғыз ғана маған жарық болады» деп, я жалғыз менің отаныма ғана жарық болады» деп көзтарлық етіп, аяқтарыңың астына қарамай, жоғары Күнге қарасандар, осы айтқанның бәріне де ھәрқайсыңыз оп-опай түсінер едіңіз».

Ол отырғандардың Күн туралы адасулары Құдай тұрасында да сондай екенін түсіндіреді: «Дін тұрасында адасу ھем інтифақ-сызықтың түбі намыстан, өзімшілдіктен, ھәр адам Құдай өзімдікі, я отанымдікі, я діндесімдікі болса екен дейді. Құллі дүнияға сыймайтын ұлығ Тәнірді ھәр жұрт өзінің гибадатханасына қамағысы келеді. Оған адам салған гибадатханалар қандай болғанымен жетер мә?» (2: 373) Осы ретте қытайлық ғибадатханалардың түрін де келтіреді: «Күмбездері бар, шамдары бар, су сауыттары бар, сүгреттері бар, жазылған мәсжідтері бар, шарифат кітаптары бар, шалатын

Алаш әдебиеттануы

құрбандары бар. Бірак көктей салынған күмбездері бар ма? Күндей, айдай, жұлдыздай шам бар ма? Теңіздей су сауыты бар ма? Жаны бар әлфетли бір-біріне қарасқан адамға жетерлік сурет бар ма? Тәнірінің ізгілігін сипаттайтын Құдай өзі дүнияға шашқан нығметтеріне жететін мадақ сөз бар ма?

Адам жүргегіне жазып қойған Құдайдың өз кітабындағы шаригат кітабы бар ма? Жақын үшін жанын фида ететін ерлікке жететін құрбандық бар ма? Құрбандық қабыл болуына ізгі адамның шын ықылас-көңілінен артық орын бар ма?». Осы кейіпкердің сөзімен адам баласы Құдайды қалай тану керек? деген сауалға да келесі жауап берілген: «Негұрлым Құдайды жоғары деп, биік деп, ұлық деп ұқса, соғұрлым жақсырақ танымақшы. Жақсырақ таныған сайын Құдайға жақынырақ болмақшы. Жақын болуының мағынасы – ракметін көріп, рақымды болмақ, мейірбандығын көріп, мейірімді болмақ» (2: 373).

Көз соқыр мен көнілі соқырдың айырмашылығын ол осылай анықтап береді: «Көзі соқыр жарықты көрмей, «жарық жоқ» дер яки күнге көзі жетпей, көріп отырған шамын күн деп білер; көнілі соқыр – халықты айырып. Құдайды танымай. «Құдай жоқ» дер яки қолына ұстап, көзімен көріп отырған ағашын Құдай деп білер. Қай соқырлық болса да – кемшілік. Бірак соқырлығының бейнетін һәркім өзі көреді. «Көзің соқыр» деп қорлау болар ма? «Көнілің соқыр» деп қорлау да жөн емес. Конфуций жолындағы қытай осылай дейді.

Дін артықшылығына таласып, кафехананы басына көшіріп, улап-шулап отырған жұрт таластарын тастап, жым-жырт болды» (2: 373). Бұл сөздер баяндаушының болса, әңгіменің соңы Элихан Бекейхановтікі: «Бұл сөз адам баласының бәріне ағайыншылық көзбен қараган орыстың ұлығ философы Толстой сөзінен алынды. Ол Бернарден Десан Пиер дегеннің сөзінен алған екен. Басқалар да Толстой көзімен қараса, осы күнгі Балқанда судай ағылшын-төгіліп жатқан қанга орын табылmas еді». Әдебиетші Ә.Бекейхан бұл әңгімені не үшін аударғанын осылай айта кеткен. Және бұл адам баласы үшін мәңгі талас екенін осылай нақтылад берген.

Аудармашы өз тараپынан әңгіменің соңына қосқаны білініп тұр: «Негұрлым Құдайды жоғары деп, биік деп, ұлық деп ұқса, соғұрлым жақсырақ танымақшы. Жақсырақ таныған сайын. Құдайға жақынырақ болмақшы. Жақын болуының мағынасы ракметін көріп рақымды болмақ, мейірбандығын көріп мейірімді болмақ».

Аудармашы Ә.Бекейхан Л.Н.Толстойдың «Жұмыртқадай бидай», А.П.Чеховтың «Хамелеоның», Ги де Мопассанның «Симон-нның әкесін», «Жарасын алдырған ана», Мамин-Сибиряктың «Қара ханым», В.Г.Короленконың «От» атты көркем туындыларын да

Айгүл ІСІМАКОВА

қазақ тіліне аударған. Ә.Бекейханның көркем аудармаларының басым көшілігі 20–30-жылдар аралығында, 1922–1927 жылға дейін КСРО халықтарының Орталық баспасындағы Қазақ секциясының әдеби қызметкери болып қызмет етіп жүрген кезінде жасалған. Л.Н.Толстойдың «Қажысмұраты» (1923), «Кавказ тұтыны», «Жеті қараңызы», «Жұмыртқадай бидай» (1925), «Жетпіс жесті мысал» (1925), «Сурат кафеханасы» («Дін таласы»), «Серуен жасап зерттеу әдісі», «Бір адамга қанша жер керек?», Н.Маркестің «Құрбан қия», «Қырым сөздері» жиснагы және шағын әңгімелердің аудармалары төңкеріске дейінгі «Дала уаләятінің газеті», «Қазақ», «Ақжол», «Еңбекші қазақ», «Әйел теңдігі», «Жас қазақ» беттерінде жасрияланған.

«Ескі Қырым сөздерінен тәржімелері» ерекше көркемдікті көтеріп тұр, олар: «Пайғамбарға хат», «Ешкі тау», Н.Маркестен «Құрбан қия», «Сұлтан Сәли», «Азамат Юсуф», «Герейдің ажсалы». Бұлардың әрқайсысы гибратты әңгімелер ғана емес, жеке-жеке көркемдік әлемнің үлгісі. Сюжет діни, шаригаттық гибратқа құрылған. Бұл аудармалар өз зерттеушісін құтуде.

Әдебиетші Ә.Бекейхан замандастарына жазған хаттарында да әдебиеттанудың мәселелерін көтеріп отырған: «Бауырым Ахмет» (А.Байтұрсынұлына) хатында халық агарту ісіне қажетті істерді алға тартып, Ахметтің Абай мен Алтынсарыұлы жөнінде жазуын талап етеді. Сонымен қатар курделі 1920 жылдардағы әдеби үдерістің ахуалы туралы да айта кетеді: «Сенің ересек сауатсыздарға арналған кітабыңда «бізге» керексіз қазақ хандары мен билерінің сөздері бар еken. «Еңбекші қазақтың» 30-санындағы 19 қосымшасында Габбас: «Кітапта бірде-бір коммунист жоқ» деп жазыпты... Біздің «жазушы» қазақ коммунисттеріміз саған риза емес, әрі араз көрінеді. Сен кітап-быңда Магрифаның інісіне дейін орын беріп, мына «жазушылардың» еңбектерін кіргізбенсің» (2: 397).

Мәскеуден жазған хатында (1925. 23 VI.) Ә.Бекейхан сол кездегі жаңа таптық көзқарастың басым болуын, оның қаупі туралы А.Байтұрсынұлын былай деп ескертеді: «Мәскеу коммунисттері: «Қазақтар – ұлтшилдар», – деп жалпыға жар салып, айқайлап жүр. Мен олардан: «Айтып жүргендерің не?» деп сұрасам, олар: «Өздерің өздерің шағым жасап жүрсіңдер яғни оны жазған – өз қазақтарың», – деп айтады (2: 398). Қазақ жазушыларының репрессияға ұшырауына себеп болған жергілікті өз қазақтарының белсененділігін Ә.Бекейхан осылай анықтап берген.

Келесі хатында: «Бауырым Дінше! Не балаларға сабак беріп, не жорналға, газетке мақала жазып Алашақ қызмет қылмасақ, не қазақ

Алаш әдебиеттануы

тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөгөулі гой!» (2: 398) деген өкініш білдіреді. Бұл – сол кездегі қазақ әдебиеттануы алдындағы тұрган ғылыми мақсат еді.

Әдебиеттанудың күнделікті тіршілігі – әдеби сынның бір жанры – азанама – күні бүгінге дейін өміршеш және әділ яғни соңғы сез ретінде келе жатқан жанрлық түр. Ә.Бекейханның азанамалары бір топ. Солардың ішінде Абайға арналғаны жоғарыда арнағы қарастырылды. «Қекітай» деп аталатын мунәнібте Ә.Бекейхан Ысқақ Құнанбаев Абайдың інісінің баласы Қекітайдың құрметіне арнаған. Бұл мақалада Ә.Бекейхан Қекітаймен қашан танысқаны, қалай хат алысып тұргандары жайлы былай дейді: «1904 жылы Абай марқұмның өлеңін кітап қылыш басындар» деп балаларына хат жазды. 1905 жылдың апрель аяғында Қекітай Абайдың жазба кітабын алып, Омбыдағы маган келді. 1905 жылы жазғұтырғы саясат ісі не екенін біздің «Қазақты» оқығандар білер. Қекітай біздің үйде бірер жұма жатты. Абай, Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мәз-мейрам болдық. Анық таныстық ... Содан бері саясат ісінде бір одақ болдық» (2: 418).

Осы хатта Ә.Бекейхан қазақ жерінің басқанын қолында кеткеніне былай деп назаланады: «Жазғұтыры – 1908 жыл Семей келдім... Мен осында абақтыда жатқанда Шаһкерім, Қекітай, Тұрағұл арнағы келіп амандақсан. Мен абақтыдан шықкан соң бір түн Қарағсан үйінде бір болып, мені Қарқаралыға Омарбек, Қекітай шығарып салып, хош айттысқан жерде құшақтан жыласты. Жауга бел бермеймін деп қарысын, тістесін, буындырган қысаны сыртқа шыгармадым. Бекер жыламаған екенмін, тастан қатты деп ойладыңдар ма? Есіл ер шырақтарым-ай! Содан бері Омаш, Қекітайды көргенім жоқ. Арманды кестелеп, жазуга қалам, шіркін, шорқақ» (2: 419). Осы мақалада: «1909 жылды Шаһкерім, Қекітай маган хат жазып, ақыл сұрады. Не айтасың. Ата-қоноң, кір жусып, кіндік кескен Қарауыл өзені мұжыққа кетіп барады... Бәріміз бұл сүм дүнияга қонақ. Артында орынбасарың табылсын! Хош, қарагым, достым, Қекіш». Галихан (2: 419).

Бұл хаттан Ә.Бекейханның қазақ үшін, оның атақонысы, атабаба аманаты үшін қиналған кездерін елестету қын емес. Алаш азаматтарына тән мәрттік пен тектілікті аңғарамыз.

Ә.Бекейхан – әдебиеттанушылық ойларын қазақ және орыс тілдерінде еркін жазған ғалым. XX ғасыр басындағы әдебиеттанудың басты тақырыбы – Абай шығармашылығы, оны талдау арқылы насиҳаттау болды. Абайдың әдебиеттану ғылымындағы пікірлері қазақ әдебиеттануының негізгі бағытын анықтап берді. Абайтанудың бастаулары саналатын бұл мақалалар ұлт әдебиетін танудың тұнғыш

Айгүл ІСІМАҚОВА

ұлгілері екені түсінікті. 1909 жылы Петерборда Кәкітай Ыскакұлының Абайдың өлең жинағына жазылған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» мақаласы жарық көрді. Бұған дейінгі Мұрсейіт қолжазбалары мен газеттерде тарап жүрген Абайдың шығармалары жаңа қазақ әдебиетінің көшбасшысы екенін нақтылады түсті.

Ә.Бекейханның орыс тіліндегі мақаласында әдебиетші осыған қоса Абайдың дін жөніндегі өлеңдеріне түсініктеме береді. оның жаңашылдық сипатын ашып, табиғат лирикасы Еуропа ақындарының дәрежесінен кем емес екендігін анықтап берген. Әдебиетшінің мақаланы орысша жазуы да тегін емес, басқа елдерге Абайды таныту қажет екенін ол сол кезде мақсат еткен.

ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану үшін тек зерттеушілік емес, сөз өнері үлгілерін жан-жақты насиҳаттау халыққа жеткізу де қажет еді. 1917 жылдың желтоқсанында жарияланған қазақ автономиясы мәселесін де тұңғыш көтерген – Ә.Бекейхан. 1919–1920 жылдары жаңа өкімет «найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен болған үкімет» деп «Жалпы Сібір сиезі» атты мақаласында баға берген Ә.Бекейхан большевиктерге қызмет етуден бас тартады. Ол үшін абактыда отырады. 1922 жылы Ә.Бекейхан Мәскеуге жер аударылады, бірақ өз Алашына қызмет етуді үзбекен. 1923 жылы Мәскеуге келген Ахмет, Мағжан, Міржакыптармен бірігіп «Алқа» ұйымын құрады. Олар арқылы еліндегі мәдени, әдеби процестерге басшылық етеді. Осы кезде КСРО халықтары орталық баспасының қазақ секциясында әдеби қызметкер ретінде жұмыс атқарады (14. XII.1922–1.X.1927). Одан 1927 жылы қысқартылады, басқа жұмыс ұсынылмайды. Ә.Бекейхан 1927 жылдың бірінші қазан күнінен бастап, он жыл бойы 1937 жылдың тамызына дейін пәтерінде қамауда ұсталынған. 1937 жылы тамызда Ә.Бекейхан тұтқындалып, Бутыр түрмесіне жабылады, қолындағы мол әдеби, көсемсөздік мұрасы кәмпескеленеді, жоғалады. 1937 жылдың 27 қыркүйегінде жалған айыппен қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының негізін қалаған мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, әдебиетші Ә.Бекейхан Мәскеуде өлім жазасына кесіледі. Үкім сол күні, 27.IX.1937 жылы жүзеге асырылады. Әлихан Бекейханның ғылыми, әдеби мұрасы XX ғасырдың соңында ғана Тәуелсіз қазақ еліне кайта оралды.

Ата-баба Аманатын орындан кеткен Алаш еріне Алланың рақымы, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) шапағаты болсын!

1. А.Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. А.: Алаш, 2003.

2. Ә.Бекейхан. Тандамалы (Бас. ред. Р.Нұргалиев). А.: Қазақ энциклопедиясы. 1995.

Алаш әдебиеттануы

2.2. СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСҰЛЫ

*Алаш туы астында,
Күә болсын арымыз.
Көркейтуге Алашты,
Құрбандық біздің жсанымыз!
Былай тұрсын малымыз!
Алаш деген ел үшін,
Сарыарқаның жері үшін,
Бостандық берген ер үшін,
Төгілсін біздің қанымыз!
Аялмасын барымыз!
Жасасын, Алаш, жасасын!*

Сұлтанмахмұт (1:122).

Бар болғаны 33 жыл өмір сүрген Смағұл Сәдуақасұлы – Алаш тұлымының өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиетші, көсемсөзші. Совет үкіметі бұл Алаш зиялдысының мұрасына да ресми тыйым салып келді. Ол қандай істін басында болды? Бұл туралы XX ғ. басындағы әдебиеттің зерттеушісі Д.Қамзабекұлы былай деген: «Алайда қазақ жастарының тұнғыш үйимы «Бірлік» пен оның бағытын дәйекті түрде жалғастырған «Жас азаматтағы», Алаш Орданың облыстық комитеттің құррудагы еңбегін совет қогамының мүддесіне байланысты ескермегеннің өзінде, Сібір төңкерең комиссияндегі (1920), Советтік Күншығыс ұлттары жастарының орталық бюросындағы (1920), Қазақ автономиялы республикасының Жастар одағындағы (1920), Қазақ ОАК президиумындағы (1920–1921), Бүкілресейлік ОАК-індегі (1920–1921), Семей губернелік төңкерең комиссияндегі (1921), Қазақ ОАК-нің Түркістан автономиялы республикасы өкілдігіндегі (1922), Қазақ автономиялы республикасы Жоспарлау комиссиясындағы (1923–1924), Халық ағарту комиссариатындағы (1925–1927) жауапты һәм жетекші кызметтін елемеу, құнттамау ақылға сыймайтын еді. 5 томдық Қазақ КСР тарихында 20-жылдары Қазақстан өкіметінде ірі қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген Смағұл жөнінде бір-ак ауыз фана сөз жазылды. Бұл оның атын қаралаған сөз болатын» (2: 6).

Смағұл Сәдуақасұлы 1900 жылы Ақмола облысы, Қараой болысы, Жарқын аулында (қазіргі Солтүстік Қазақстан) дүниеге келген. Экесі Сәдуақас (1872–1837) «хақ жолын ұстанған, қоңырдәулетті молда болған. Ол Смағұлдай ұлды тәрбиелеп өсіргені үшін 1937 жылы

Айгүл ІСІМАКОВА

нақақтан атылған. Анасы Мәжікен (1879–1938) перзенті Смағұлдың қайғылы қазасы мен күйеуінің жазықсыз айдалғанын көре алмай құсадан дүние салған. Смағұлдың жалғызы қарындасты Орынбасар да (1916–1990) өмірден өгейлік, тағдырдан тәлек көрген» (1: 7).

Сол кездегі замандастары сияқты Смағұл да ауыл молдасынан саят ашып, заман білімін менгерген: «1912–1915 жылдары – екі класты Полтавка орыс-қырғыз училищесі, 1916–1918 жылдары – Омбы ауылшаруашылық училищесі, 1918 жылы Омбыдағы ко-операция курсы, Омбы ауылшаруашылық институтының ко-операция факультеті, Мәскеу теміржол құрылышы инженерлер инс-ти ту тутының жасанды құрылыш мамандығы» (1928–1932) (2: 7).

Алашорда тұлғаларының басты мақсаты – азат, тәуелсіз казак мемлекетін құру. Сондықтан Алаш ғалымдары үшін «қазақтың өз ойын, өз сезімін, өз қиялын, өз ұғымын жырлау», ұлттың рухани қасиеттерін сақтап қалу күн тәртібінде тұрган талап еді. Аталған мәселе «Алқа» бағдарламасының басты рухани шарты болуы да сондықтан.

С.Сәдуақасұлының «Киргизская литература» (*Қазақ әдебиеті*) атты зерттеуі 1918 жылы қазан айында жазылған, 1919 жылы Омбыда «Трудовая Сибирь» журналында (№1) жарияланған. Мақала басында С.Сәдуақасұлы қазақ пен қырғыз арасын ажыратып береді. Сонда қазақтардың айырмашылығының бірі – орыс мектептерін қазақтар көбірек менгергені. Ежелгі заманнан бері ақын, олеңшілер домбырасымен елдін өмірін көркемсөзben әсемдел отырған. Айтыс өнерінің сыр-сипаты, женіске дейін ұласуы айтылған. Және айтыскердің женісі бүкіл рудың женісі болып табылған. Осыған байланысты былай делінген: «Это были просто средневековые рыцари, но рыцари, боровшиеся не оружием, а словом» (2: 241). Қазаққа белгілі ақындардың есімі осы ретте келтірілген: Шөже, Біржан сал, Сара. Ақындардың салтанатты киімі, атының жабуына дейін ерекше болуы және ақындардың көбі кәсібін күн көру үшін жұмсағаны аңғарылған.

Қазақтың ауыз әдебиеті XIX ғасырға дейін созылғаны және ақындардың XX ғасырбасында да болуы айтылған. XIX ғасырдың II жартысы, әдебиетшінің пайымдауынша, жана дәуір жазба әдебиеті басталды. *Жазба әдебиеттің өкілі ретінде М.Ж.Көпей пен Абай атап ғана*. М.Ж.Көпейдің шығармашылық ерекшелігі туралы былай делінген: «Ж.Копеев первый от принятого в то время акынами обычая – хвалить свой род и самого себя, переходит к песне, воспевающей народное горе. Впервые его стихи вышли в письменном виде,

Алаш әдебиеттануы

дав сильный толчок новому направлению, которое можно назвать в истории киргизской литературы именем народничества» (2: 242).

Алаш әдебиетшісі қазақ ауыз әдебиетін жазба әдебиетпен қатар емір сүруін айтқан. Дегенмен олар жазба өлеңдермен ығыстырылған: «Но акыны, при всех своих усилиях, не смогли дольше держаться и иметь такой вес, как прежде. Они должны были под натиском могучих философско-лирических стихов Абая Кунанбаева отступить и замолчать на долгое время. Поэзия Абая оказала глубокое влияние на литературу казахского народа и определила дальнейшее ее направление. Я позволю сказать об Абае и его времени несколько слов» (2: 242–243). Абай туралы былай дейді: «Абай резко обличал казахскую интеллигенцию за ее стремление к чиновничеству и осуждал народ за «царейную борьбу» (2: 243).

Алаш әдебиетшісі «Айқап» (1909–1915). «Қазақ» басылымдары туралы былай деген: «После «Айкап» выходит в 1918 году газета «Қазақ», гордость казахской литературы. Интересно отметить то, что «Айкап» существовал при участии литературных сил исключительно из молодежи мусульманских мектебов. «Қазақ» – из русских школ» (2: 244). А.Байтұрсынұлының «Қазақты» басқаруы ерекше аталған. Сонымен қатар ғалымдыры да сипатталған: «Он первый пионер в области создания чисто казахского языка: составил первую казахского азбуку и грамматику (до этого казахи пользовались арабской азбукой). Байтурсынов поэт-народник и духовный учитель молодежи. Он перевел почти все басни Крылова, снабдив каждую соответствующими заключениями и приспособив к обличению беспечной жизни казахов» (2: 244).

М.Дулатұлы туралы былай делінген: «М.Я.Дулатов – поэт, последователь Ж.Копеева, затем увлекся философско-лирическими стихами Абая. Дулатов – первый выступил со своим романом «Бахытсыз Жамал» («Несчастная Жамал») в защиту казахской женщины. Этот роман и сборник стихотворений сделали имя М.Я.Дулатова общеизвестным среди казахов. Роман «Бахытсыз Жамал» нашел даже подражателей и способствовал выходу в ответ еще нескольких романов других авторов» (2: 245).

С.Сәдуақасұлы Мажжан өлеңдеріне жоғары баға берген: «По искренности мысли и художественности слога он превзошел всех поэтов-лириков, писавших до него» (2: 245). Белгілі деп келесі ақындар карастырылған: С.Дөнентаев, Ф.Карашев, Шәкәрім, С.Торайғыров, А.Мәметова, С.Сейфуллин, С.Шорманов, Б.Өттөтілеуов. Осылардың ішінен С.Дөнентаев, Шәкәрім, Қарашев пен С.Шорманов ерекше

Айгүл ІСІМАҚОВА

аталған. С.Дөнентаев өлеңінің ырғағы, үйлесімі Байтұрсынұлы мен Жұмабайға теңелген: «Из числа четырех последних резко выделяется поэт-народник С.Донентаев. Стихи его чисто киргизского духа и в них чувствуется сильная национальная струя. По стройности рифмы и гармоничности слога, по своему глубокому содержанию и, наконец, по поразительной меткости стихи Донентаева находят себе равных только в произведениях отца народной поэзии Байтурсунова и нежного лирика Жумабаева» (2: 245).

Халықтық ақындар Қарашев пен Шорманов, Ж.Көпей іспеттес дөлінген, «Шәкәрім – Абайға еліктеуші» дөлінген: «Карашев и Черманов – поэты-народники в духе Ж.Копеева и в казахскую литературу существенно нового не вложили. Шакарим – тоже: он скромный подражатель Абая» (2: 245).

Қазақ прозасы туралы арнайы ғылыми маглumat берілген. XX ғасыр басында көсемсөз ерекше дамыған деген тұжырым дәлелденген. Көсемсөзшілер деп ең бірінші А.Байтұрсынұлы, Ә.Бекейханұлы, М.Дулатов аталған: «*Из самых выдающихся казахских публицистов можно отметить на первом месте Байтурсунова (публицист весьма всесторонний), затем А.Бекейханова (исключительно по политическим вопросам) и М.Я.Дулатова (защитник женщин и народного образования). Из молодых сил в этом направлении обещают многое Болгамбаев, Алимбеков, Хаузжанов, Габбасов, Аймаутов, Ауэзов, Кеменгеров, Турганбаев, Жанибеков и некоторые другие*» (2: 245–246).

Макала сонында XX ғ. басындағы мерзімді басылымдар тізімі берілген: «Қазақ» (Орынбор), «Сарыарқа» (Семей), «выходит с 1979, орган ЦК партии «Алаш» (1: 247), «Бірлік туы», «Ұран» («выходит в Ханской ставке Букеевской орды»), «Жас азамат» (Петропавловск), «Абай» («выходит в городе Алаш»), «Балапан» (Омск).

«Из истории казахов» зерттеуінде «Степная правда» 1296.16.VI) келесі тұжырымдар бар: «Интересной чертой казахской женщины является непокрытие лица, как принято у других мусульманок». «Из промыслов у казахов известны: ковка железа, отделка дерева, а также серебрение, золотение. Войлоки казахские превосходят своей прочностью и тщательностью, обработки монгольские и калмыцкие. Шерстяные казахские материи имеют большой сбыт на русских рынках Сибири». «В духовном отношении казахи принадлежат к числу богато одаренных народов. Язык их – звучен и образен. Народная литература их весьма развита и отличается широтой и разнообразием. Пословицы и поговорки их отличаются сжатостью

Алаш әдебиеттануы

и меткостью выражений. Песенные напевы весьма оригинальны и разновидны. Казахи говорят, что некогда песня летала над землею и там, где она пронеслась низко над землей люди научились хорошо петь. Всего ниже песня летала над кочевьями казахов, поэтому они первые песенники в мире. В настоящее время казахский народ имеет большой величины своих национальных поэтов. Казах горд, остроумен, насмешлив и энергичен; речь его изысканная, но к созерцательности и отвлеченности не склонен. Таков исторический и современный казах» (2: 250).

«Әдебиет әңгімелері» (Айтыс ретінде) 1927 жылы (15–16 ақпанды) «Еңбекші қазакта» жарияланған. Сол кездегі екі әдебиеттанулық көзқарас пікіріне қатысты жазылған. Сондыктан мақалада 1920 жылғы әдеби пікірталас орын алған. Әдебиетші өзінің әдеби сын туралы ойын былай деп көлтірген: «Қазак әдебиетін сынау керек. Сынайтын уақыт жетті. Қазақ әдебиеті аксаса, сынның көптігінен емес, дұрыс сынның жоқтығынан ақсап отыр» (2: 251).

Алаш әдебиетшісі Мағжанды жоққа шығарған Габбас Тоғжановтың пікіріне қарама-қарсы ойын айтқан: «Габбастың кітабынан біз байшыл, ұлтшыл, тоңкеріске қарсы адасқан Мағжанды көрдік. Габбастың бізге айтқаны – Мағжанның жұмбагы, дағдарысы болды. Бірақ тоғыз жыл төңкеріс Мағжанға текке кеткен жоқ. Оған күе – оның соңғы жазғандары, Мағжанды қайтсе де жақсылайын деген ойдан мен, сірә, аулақпын. Бірақ барын бар, жоғын жоқ деу керек. Мағжанды күйдірсек, біз барына күйдіреміз. Қайткенде де мен Мағжанды «доңыздатып, қоңыздатушыларға» қарсымын» (2: 251).

Ж.Аймауытұлының «Қартқожа» романы туралы да анық пікір берілген: «Бұдан табандай бір жыл бұрын Жұсіпбектің «Қартқожасы» шықты. Ләм деген кісі жоқ. Бұдан бес жыл бұрын басылған Мұхтардың «Корғансыздың күнін» жүрттың көбі осы күні ұмытып кетті. Анда-санда Сәкен дегенде Нәзірдің «жыны» ұстал кояды. Бәлки, оның да пайдасы бар шығар. Өзгелер туралы о да жоқ» (2: 251–252)

Сол кездегі әдеби мұраға қатысты ойын да әдебиетші нақты береді: «Анда-санда әйтеуір Абайды көрінен бір аударып қоямыз, онда да жүре салды. Сұлтанмахмұт, Берниязды кім біледі? Қай сыншы бұлардың табысын зерттеп, қорытынды шығарды? Шындыққа келсек, бұл екі ақынның екеуі де ірі кісі. Мұмкін олардың жазғанының көбі біздің марксизм көзқарасымыздан қате де шығар, бірақ осыны айту керек емес пе, сынау керек емес пе?

«Абай-мамайынды біз білмейміз. Бернияз-перниязынды біз есті-геніміз жоқ, осы күнгіге өзіміз де жараймыз» деушілер де болды. Егер

Айгүл ІСІМАҚОВА

бұлай деушілер бола қалса, олар біздің надандығымыздан басқа еш нәрсөні дәлелдемес еди. Ескіден қалған мұраға біз ие боламыз ба, жоқ болмаймыз ба?» (42: 252).

С.Сәдуақасұлы: Қазақ әдебиетінің ескі мұрасына ие болуымыз қажет» деп ғылыми негізді осылай алға тартады. Совет әдебиет-шілдерінің бұрынғының бәрінен бас тартып, тек жаңа таптық әдебиетті қолдауы біржакты екенін ескерткен С.Сәдуақасұлы ойын нақтыладап берген: «Біздің көбіміз (мен «біз» дегендеге, коммунист сыншыларды айтам) бұл мәселеге әлі үстірт қарал жүрміз. Мысалы: Сәбит жолдас «Еңбекші қазақта» басылған мақаласында: «Қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ», – дейді.

Неге жеткен жоқ? Жетпесе, қашан жетпекші?

Қазақ әдебиеті өткеннен де, қазіргі халінен де үлгі-тәжірибе ала алады. Өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге әбден жетті. Тегінде өзінен-өзі үлгі ала алмайтын әдебиет болуға тиіс емес. Откенді ұмытып, өткеннің бәрін мансұқ қылып тастағанда жаңа қайдан өспекші? Сондықтан біз ескі мұрадан жерімейміз. Ескі мұраның жарайтынын аламыз, жарамайтыны қалады» (2: 252).

Қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ деген пікір нигилистік қана емес, советтік жана әдебиеттің бұрынғыны жоққа шығару үшін қолданған амал екенін Алаш ғалымы осылай жоққа шығарған. Сондықтан ол Абайды тануды әдебиетті тану мәселесі ретінде ұсынады: «Абай да ескі мұра. Бірақ Абайдан қалған мұраның кебі әлі ескірген жоқ. Әлі де қазақ ақындары Абайдан шеберлікке үйренуі керек» (2: 252).

Құрылыс инженер маман иесі әдебиетші С.Сәдуақасұлы Ресей қалаларында сол кезде бой көтерген үлкен үйлерді «совет өкіметіне үйреткен ескіден қалған инженер білімі» дей келе: «инженер білімі біздің пайдамызға асса, оны ескіден қалған, әрине, далаға тастамаймыз» (2: 252), – деп, білім, ғылым ұстанымын осы тенеу арқылы колдайды. Яғни әдебиетші әдебиетті тануда да осы принципті ұстануды жоқ деген сандыды: «Абайдың шеберлігі де сол секілді. Абайдан шеберлікті үйрену керек».

«Шеберлік сөздің сырты, оның іші жүртшылыққа қарсы болса, енбекші таптың ілгері басқан аяғын кейін шегерсе, ондай сөзге біз қарсымыз» деушілер болар. Бұлай деушілерге мен әбден қосыламын. Бірақ Абай туралы бұлай деуге келмейді. Абайдың жазғандарының кебі қазақтың жаңа жүртшылығының алдында әлі ескірген жоқ» (2: 253).

Әдебиетші ғалым «бұдан отыз жыл бұрын жазылған Гогольдің

Алаш әдебиеттануы

«Ревизорын» орыстар әлі ескірген жоқ» дей келе, Абайдың «Болысынын» да ескірмейтін себептерін ашып берген: «Бұл болыс әлі тірі емес пе? Абайдың заманындағы әлеумет аурулары бәрі бірдей жойылып кете қойды ма? Олай болса, ол аурулармен, ол кемшіліктермен құресу жолында Абайдың жазғанын да неге пайдаланбаймыз?» (42: 253).

Яғни әдебиетші әдебиеттің қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәні, мазмұны бар екенін осылай ескерте түседі. Осы ретте ол «Бақытсыз Жамалды» да ескірмейтін мұра ретінде ұсынып қана қоймай, ол ойын дәлелдей түседі: «Мениңше, Міржакыптың «Бақытсыз Жамалы» да ескірмеген ескі мұраның бірі, Бақытсыз Жамал – сүйгеніне тие алмаған қазақтың сорлы қызының бірі. Оны бақытсыз қылған малына сенген таз Жұман.

Осы күні «Бақытсыз Жамал» тіл жағынан болсын, жүртшылық ретінен болсын, ескірді ме, жоқ па? Қазақтың әйелі түгелімен тендік алып болды ма, жоқ па? Әлі де ел ішінде «бақытсыз Жамал» бар ма? Жоқ па?» (2: 253).

Макаланың II бөлімінде Алаш ғалымы сол кездегі басты жанжал «партияда жоқ жазушылар» туралы арнайы сөз еткен: «Бұларды кейбіреулер «шөре-шөре» дейді, біреулер «жолбикеш» дейді. Сәбит те, Жұсіпбек те, Мұхтар да «тазалықты сүйетіндігі» үшін бізге еншілес бола алмайды. Мағжан туралы екі сөзге келудің өзі үлкен айып секілді» (2: 253–254). Әдебиетші бұл даулы тартысты Плеханов сөзін келтіре отырып Мұхтар мен Жұсіпбекті корғап шығады. Және жай ғана емес, қарсыластарының сөзімен, солардың аргументтеріне сай былай делінген: «Мұхтар мен Жұсіпбек тазалықты сүйсе, сүйе берсін, ол өздерінің еркі, бірак бұдан олардың қазақ еңбекшілеріне қарсылығы табыла ма?

Мұхтардың жазған ірі нәрселері: «Еңлік-Кебек», «Қорғансыздың құні», «Қарагөз» – бұлардың бәрі қара казақтың тұрмысы. Қазақтың ескі әдетінің арқасында ер жігіттің басы қандай қыншылыққа түсетінін көрсетеді. Қазақ елінің ілгері басу жолында ескі әдетінің қандай бөгет екенін сыйпаттайды» (2: 254).

Осы тұста Алаш ғалымы ғылыми негізді алға тартқан: «Қазақ ішінде жаңа жүртшылық орнату партияның да, үкіметтің де зор міндеттінің бірі болса, жаңалықты орнату үшін ескіні білу, болғанды білу – оның әр жағында міндетті нәрсенің бірі. Өткенді білмей қазіргіні түсіну мүмкін емес. Қазіргі тұрмыс – болашақтың негізі». (2: 254).

Бұл макалада С.Сәдуақасұлы Көркем әдебиет не үшін кажет,

когамда қандай міндет атқара алады? деген сауалға да жауап берген: «Көркем әдебиеттің ең үлкен қызметінің бірі – тұрмысты, өмірді тану. Тұрмысты, өмірді білім жолымен де тануга болады. Мысалы, бұрынғы қазақ тұрмысының тарихын жазу, бұрынғы қазақ елінің шаруасын зерттеу, бұрынғы қазақтың әдем-ғұрпын сыйнау – соның бәрі білім жолы» (2: 254).

Осылай Алаш әдебиетші әдебиеттің тарихы болуын, оның таптық саяси ілімге сай келмейтінін ғана айыптамай, қай сала болсын білім-ғылым жолын ұстануы керек екенін дәлелдей берген.

Көркемсөздің айырмашылығы да арнайы сөз етілген: «Көркем әдебиеттің білім жолынан айырма жері көркем әдебиет ұғындырағын нәрсесін суреттеп, сипаттап айтады. Көркем жазушы көзі көрген нәрсесін білімдінің зерттеп біліп айтқанындағы көз алдыңа елестетеді. Көркем әдебиет пен жай білімнің айырмасы осы. Мұхтардың, Жүсіпбектің де жазғандарына өмір тану, тұрмысты ұғыну ретінен қарағанда оларға рақмет айтпасақ, лағынат оқытын орнымыз жок» (2: 254).

Әдебиетші ғалым бұл ойын «Қартқожа» романын талдай отырып жалғастырған: «Қартқожа» – казақ әдебиетінде үлкен оқиға... «Тіл жағынан «Қартқожа» қазақша жазылған романның бәрінен артық», – деп, Алаш әдебиеттанушысы шығарманың стилін ғана емес, жазушының тіл даралығын ерекше айтқан. С.Сәдуақасұлы Жүсіпбек пен Мұхтарды қорғап қана қоймай: «Бұл екі есімсіз қазақ әдебиеті ұғымы кем болады», – деген. Бұл ойын келесі тәндеумен берген: «Бұл олай болса, Жүсіпбек те, Мұхтар да сөзсіз біздің ішімізде болу керек. Бұлар Коммунист партиясы басқарып отырған жаңа жүртшылықтың дүшінан емес, досы. Жүсіпбек пен Мұхтардың жаңа қылу – осы күнгі қазақ әдебиетінің бір қолы мен бір аяғын кесіп тастаумен бір есеп» (42: 255).

Пікір-сайысты жалғастырып, әдебиетші Қошкенің сөзіне келісіп-пеген болып былай деген: «Бұлардың кейбір жазғандарынан ұлтшылдық иісі шығатыны бар». Қошкенің өзін осы қатарға қосып алғып. С.Сәдуақасұлы өз пікірін толықтыра түседі, бірақ мінін де жасырмады: «Біз Мұхтардың, Жүсіпбектің, Қошкенің тіл жағынан, тұрмысты сипаттау жағынан көркемдігін, шеберлігін айтсақ, пікір жағынан олардың катесін де айтамыз. Бірақ бұлардың қазір кемшілігінен жақсылығы көп. Бұлардың кемшілігі күннен-күнге ұлғайып келе жатқан жоқ, қайта азайып келеді. Бұлар Совет өкіметіне қарсы қайнасып қалған ұлтшылдар емес, бұлардың болашағы әлі алдында» (42: 255).

Алаш әдебиеттануы

Зерттеудің III-бөлімінде Қошке мен Сәбиттің Бейімбет пен Сәкенге қатысты пікірталасына тоқталған. Алаш әдебиеттанушысы Бейімбет пен Сәкен коммунист болғандарымен, о баста сол дайын күйінде болмай, әлі де қалыптасу үстінде екенін айтқан. Осы ретте С.Сәдуақасұлы Сәкен туралы былай деген: «Сәкен – әлі ауылды қөксейтін, ауылдың ескі қызығын, ескі мерекесін сағынатын ақын. Сәкеннің кітаптарының аты: «Асау тұлпар», «Домбыра», «Қызыл сұнқарлар». Бұның бәрі ескі ауылдың сағымы. Қолда домбыра. астында асау тұлпар. Бұл кім? Бұл – қазақтың кедейі емес, мырзасы. Асау тұлпар мен сұнқарға ғашық қылатын Сәкеннің қазіргі халі емес, өткен күні. Сәкен өткендегі «мырзалығын» талақ қылған жоқ. «Өткен күндер» Сәкеннің жүрегін жылтыпласа, сүйтпайды. Өткенді ескергенде Сәкеннің ақындығы өзгеше қозады. Сәкеннің жақсы өлеңдерінің бөрі өткеннің сыпattyры. Әйткенимен Сәкен ескі жазушылардың ішінде Октябрь төңкерісін ең алдымен құттықтаған адамның бірі. Бірақ бұл жерде ақын Сәкен мен саясатшыл Сәкенді айыру керек болады. Сәкеннің төңкеріс туралы жазған өлеңдерінің ішінде ең күштісі «Азия». «Азияда» Сәкен коммунист емес. Сәкеннің «Азиясы» мен Мағжанның «Күншығысы» ағайындас нәрсе. Мағжанның «Күншығысы» «Азиядан» екі жылдай бұрын шыкты. «Күншығыс» туралы жүрттың әңгімесін Сәкен екі жылдай естіп жүрді. Сөйтіп барып жазғаны «Азия». «Азия» – пікір жағынан да, әдемілік ретінен де «Күншығыстың» туысқан інісі» (2: 256).

Сәкен шығармаларын талдау басқаларды ақтап алу үшін пайдаланғаны да түсінкті. Бірақ шыншыл әдебиетші Сәкеннің совет кезіндегі туындылары бұрынғыдан кем екенін де жасырмаған: «Бертін келе Сәкен оқушыларына «Экспресті» берді. Домбыраның қоңырау үнінен Сәкен тұра экспрестің «трак-тагіне» тұсті. Пойыздың жүрісі де өз алдына ән екенінде ешкімнің дауы жоқ. Бірақ домбыра мен «трак-тактактің» арасында едәүір адыр барында тағы ешкімнің дауы жоқ» (2: 256). Домбыраның күмбірлеген үнін бейнелеген ақынның «трак-такқа» түсіп кеткені бұрынғы лирикалық толғауынан айырғанын ғана анғартпай, тіпті мазмұндық жағынан ұтылуға әкелгенін айғақтаған. Бірақ әдебиетші бұны да заман талабы деп санайды: «Біздің заманымыз – білім, техниканың заманы. Оның үстінен, қазақ елінің қазіргі тағдыры үлкен төңкеріс дәүіріне кез келді. Бұрын қоламтада бұлкілдеген адам баласының өмірі, осы күні үлкен жалынның отында қайнал жатыр. Аса алмайтын асқар бел осы күні бір-ак аттап өтетін төмпешік бол калды. Қазақтың көк бүйдалы түйесі өз өмірінде экспресс пойызбен

Айгүл ICIMAҚОВА

жарысатын халге жетті». Сондықтан «Асая тұлпардан» «Экспрессе» түскеніне Сәкен кінәлі емес. Сәкеннің бұл жамандығына жатпайды, жақсылығының белгісі. Бірақ бұдан осы күнгі жалпы қазақ әдебиеті «Трак-тактің» әніне қосылсын деген ұран шықпайды. Түйені де таста, биені де таста, домбыраны сындыры, киіз үйдің шанырағын ортасына түсір дей аламыз ба? Күні кеше домбырасын тартқан қазақ ауылын енді келіп бір түнде көшіре алармыз ба? Мүмкін емес» (42: 256–257).

Осы тұста Алаш әдебиетшісі қазақтың дәстүрлі құндылықтарынан айырылып қалмау керегін алға тартқан, ондай қауіп бар екенін де жасырмаған: «Олай болса, экспресті бір кісі жазса, қазақтың жаман арбасын он кісі жазуы керек. Болашақтың әдемілігін бір кісі айтса, казіргі заманды түзету жолын жуз кісі айтуы керек. Олай болса, Жұсіпбек те керек, Мұхтар да керек, Қошке де керек. Қазіргін сипаттау, казіргі әлеумет ауруларымен курсу жолында бұлардың пайдасы қазақ әдебиетіне аскар таудай» (2: 257).

Бейімбет шығармаларының әдеби талдауы да берілген. Бірақ оның кейіпкері «шолақ атты» екені де осы тұста айтылған: «Бейімбет – ескі жазушының бірі. Бейімбет адымын Сәкендей емес, мөлшерлеп басады. Бейімбет әлі шолақ атты Мырқымбайдан қол үзген жок. Тегінде Бейімбет қайда барса да, Мырқымбайдың әліне қарайтын түрі бар. 1920-жылдарда, ашаршылық заманында Мырқымбай аштан өліп қала жаздады. 1922-жылдарда Мырқымбайдың түбіне жеткен «подвод» болды. Осы күні Мырқымбай ауылнай болып жүр. Мүмкін, болыс болып кетуі. Бірақ салық шіркін, кейде теріс түсіп, Мырқымбайды кейде есебінен жаңылдырып жібереді. Әйткенмен Мырқымбай жаман емес, күннен-күнге басқан аяғы ілгері қарай жылжуда». Мырқымбай – жаңа заман кейіпкері екені де аңгарылған: «Мырқымбай – анық қазақ, қазақтың нағыз қалың бұқарасы, Бейімбеттің қазақ әдебиетінің алдында істеген зор енбегі Мырқымбайдың өмірін, соның тұрмысын жазуында. Осы күнгі Қазакстанның кіндігі – Мырқымбайлар. Мырқымбайды адам қылсақ, дүниенің бәрі түгенделеді. Ен әуелі Мырқымбайдың баласын оқыту керек. Өз заманында Мырқымбай экспрессе міне алмаса, оған оның баласы мінсін» (2: 257–258).

Әдеби кейіпкердің бейнесін талдау арқылы Алаш әдебиетшісі Мырқымбайдың типтік бейне екенін, сондықтан ол арқылы ауылдағы елдің тұрмысын өндеу керектігін мәселе ретінде айтқан: «Мырқымбайдың шаруасын түзету керек, оған жер жыртатын соқа керек, шөп шабатын машина керек. Соқага, машинаға жегетін көлік

Алаш әдебиеттануы

керек. Оны сатып алар Мырқымбайда ақша жоқ, Қазақстанның ауыл шаруасына жәрдем ететін банк несиені алдымен Мырқымбайға беру керек. Мырқымбайдың көбі ел ішінде аурудан өлгелі жатыр. Үкіметтің міндегі – Мырқымбайдың ауруына дәрі беру, дәрігер беру. Жаңа жұртшылықтың міндегі – Мырқымбайға жәрдемнің керектігін айту. Мырқымбайды ап-ашық қылып жалпының көзіне көрсету.

Мырқымбайдың әлі ауылдағы билікке қолы жеткен жоқ. Мырқымбай байына қарсы, бірақ қарсыласар қолында қаруы жоқ. Бар болса, тіпті аз. Мырқымбайдың көбі партияны да жөнді танымайды.

Жаңа жұртшылықтың міндегі – Мырқымбайды ауылдың саяси адамы қылу. Мырқымбайдың саяси сауатын ашып, сол арқылы баймен күресіп, сол арқылы ауылды билеу. Мырқымбай – Қазақстанның негізі. Бізде өнеркәсіп қүшайсе, біз шойынжол салуға кіріссек, біз фабрика-зауыт салсақ, соның бәріне жұмыскер болатын тағы әлгі Мырқымбайдың баласы. Айта берсе, осы күнгі қазактан шыққан азынша жұмыскердің көбі әлі Мырқымбай» (2: 259). Ауыл жұмысшысы Мырқымбай әлі де зерттеушілерін қүтетін үлкен тақырып екені арнайы сөз етілген.

IV бөлім саяси мәселелерге арналған: «Қазақ елінің тағдыры жалпы Ресейге байлаулы» (2: 259). Бұның себептері мен осыған кінәлі жағдайлар сөз етілген. Қазақ тәуелсіздігі туралы былай делінген: «Қазақ жұрты бұрын орыстың байларымен күресіп, ұлт болуга бел байласа, енді күрессіз, жанжалсыз совет өкіметінің бауырында өзін-өзі ұлт деп танитын халге жетпек. Ұлы төңкерістің қазақ жұртының бүгінгі тағдырына кіргізген өзгерісінің ен үлкені – осы» (2: 259). Осыған сай жаңа әдебиет болуы да талап етілген. Сол кездегі таптық шарт та ескерілген: «Қазақ әдебиетінің сыртқы сипаты қазаққа ұксаса. ішкі мазмұны жалпы адам баласының қызметінә жұмсалу керек. Жалпы, адамшылық қызмет еңбекші табының тілегімен қабысады. Сондықтан біздің әдебиет – тап әдебиеті, (еңбекші таптың әдебиеті). Бұл – біздің жалпы беталысымыз» (2: 260).

Алаш әдебиетшісі әдебиеттің қоғамдағы орны мен оның негізгі мақсаты туралы да нақты ақпарат берген: «Әдебиеттің міндегі қазақтың ұлттық сезімін (ұлттылдық емес, ұлттық) тәртіптеу, қазақтың да мекемеде қызмет істей алғатындығын көрсету, қазақша оқып-ақ іске жарайтындықты білдіру және осы секілді басқалар» – яғни ең бастысы – қазақтың ұлттық сезімін бейнелеу.

Бүтінге қажет ұлттылдық туралы ойлар осы макалада қамтылған. Басқаға үстемдік көрсетпеу, біреуді корламау: «Қазақ елінің ұлт тенденциіне жету жолында біреу екінші ұлтты құлдану, екінші бір ұлтқа

Айгүл ICIMAКОВА

ұстемдік жүргізу мақсатына айналдыrsa, ондай пікірді біз ұлтшылдақ дейміз» (2: 261).

С.Сәдуақасұлы Бухаринге сілтеме жасап, сол кездегі әдебиеттегі таптық мәселесін де көтереді: «Тапшыл жазушылардың ішінде осы құні аты шығып отырған Сәкен мен Сәбит. Сәкен туралы жоғарыда айтып өттік. Сәбит әлі жас, сондыктан әсіресе оған үйрену керек. оқу керек. Сәбит «Еңбекші қазакта» жазған мақаласында: «Біз орыс әдебиетінен ғана үлгі аламыз», – дейді. Орыс әдебиетінен үлгі алу керек, бірақ өзіміздің қазақтың тарихынан да жиренуге болмайды. Қазақ тарихы – бізге үлкен үлгі. Осыны түсінсе, Сәбиттің өсуінде сөз жок, түсіне алмаса жасына жетпей шал болып, құр айқаймен қалғаны. Менінше, Сәбит өнерсіз ақын емес. Сәбиттің білімі мен қазіргі табысы – үлкен енбек. Сәбит Бухарин айтқандай, «сыншы» болуды қойып, өзі баяғыда ішінен шықкан бұқараның тұрмысын түсінсе, сол бұқараның жырын жырлап, екінші жағынан білімін толтыра отыrsa, Сәбиттің болашағына біз тілектес» (2: 262).

С.Сәдуақасұлы совет жазушыларын өзіміздің қазақ тарихымыздан жиренбеуге шақырады. Басқаны үлгі тұту өзінен жиренуге апармауы абзал. Сонымен қатар Алаш әдебиетшісі қазақ әдебиетінің жаңа заманға сай дамуын айтып кетеді: «Қазақ әдебиеті балалық күйінен асып, есегөгө бет қойды. Соңғы жылдардың ішінде бұрын естілмеген жазушылар шықты. Олардың көбін біз әлі де білмейміз. «Арқалық батырды» жазған Жұмат. «Күралай сұлууды» жазған Иса. Жетісідан шыққан Илияс Жансугірұлы – бұның бәрі болашағы үлкен адамдар» (2: 262). Бұл шығармалардың тарихи тақырыпты көтергені осылай анықталды.

Әдебиетші ғалым мақала сонында Сәбитті және оны қолдаушыларды саяси әділ болуга шақырады. Мағжан, Жұсіпбек, Мұхтарды ғана сынаумен шектелмей, тұтас әдебиет туралы кесіби сөзге шақырады: «Біз әдебиет туралы сөйлегенде, еki-үш кісіні айналдыра бермей, барлық жазушыларды сынауга кірісу керек. Сонда ғана жас жазушылар әдеби тәрбие ала алады. Қазақ әдебиетіне толық сын керек. Сынаганнан әдебиет ақсамайды, қайта сынның жсоқтығынан әдебиетті том басады. Жазушының қайрагы – сынши. Көркем әдебиет шын өмірді жасасын. Сыртқы түрі көркем, әдемі болсын, ішкі маңызы қазақ елінің үлт тәңдігі, еңбекші табының ұстемдігі болсын» (2: 263).

«Жазушының қайрагы – сынши» деген тұжырым қай заманда болсын ғылыми негізді екені де анық. Сонымен қатар соңғы сөйлемде кесібилікті алға тартқан Алаш әдебиетшісі ұлттық әдебиеттің

Алаш әдебиеттандырылған мазмұндар

болжаған мазмұн мен түрдің сәйкес келуін анықтап берген: сыртқы түр – көркем, әдемі, ішкі мазмұны – он, мазмұнды. Әр ұлттың тәндігін басқалармен салыстырып коймай, ең алдымен, өз ұлттының абыройын көрсету керектігін баса айтқан. Бұл тұжырым күні бүгінге дейін қажетті екені сөзсіз. Бүгінгі басқа ұлттың сыйлығын дәметіп, басқа елдің, басқа діннің уағызын бейнелеген жазушыларымызға ғибратты ескертпе бола алатын тұжырым. Әр ұлттық әдебиет өз топырағы, өз тілінде, өзінің ділі, діні тұрғысынан ғана басқа ортаға қызықты бола алады деген ой күні бүгінге дейін өз маңызын жойған емес.

«Бейімбет өлеңдері» мақаласы (жазушының өлеңдер жинағына (1925) алғысөз, және «Лениншіл жас» журналында 1925, №6 жарияланған) бір жазушының өлеңдерінен ғана арналған емес. Әдебиетті танытатын тұжырымдар осы мақалада да кездеседі. Мақала басында С.Сәдуақасұлы: «Бірақ сыншылардың көбі кейде ақындарымыздың затын сынамай, атын сынап кетіп жүр», – дейді (2: 263). Әдебиетші осылай жазушының жеке басын емес, оның туындысын кәсіби түрде талдау арқылы таныту керек екенін ескерткен. Сол әдеби үдерістегі даулы пікірталастар жеке бастың сынына айналғаны осылай кемшілік ретінде айқындалған. Алаш әдебиетші С.Сәдуақасұлы Бейімбеттің көркемдік әлемінің өзгеріске түсін ғана анықтамайды. Ол бұл шығармашылықтың өзгеріске түсін де байқайды: «*Бейімбеттің өлеңдерін бас-басына жеке талдан алғанда, ақынның әдебій жолда басын кеткен ізі сықылды. Бейімбет бір басқан ізін қайта баспайды. Бейімбет – ілгері орлел, осін келе жатқан ақын.*

Мысал үшін 1917–1918-ші жылдарда жазғаны мен соңғы кездегі өлеңдерін алсақ, бұл екі-үш жылдың ішінде Бейімбет едәүір ілгері басқан. 1917-ші жылдарда «жалпы қазак» деп келетін Бейімбеттің сарындары 1924-жылдарда белгілі тап ұранына түседі. Соңғы өлеңдерінде Бейімбет қазақты жалпы алмайды, оның ішінде кедей табын тезірек көреді, кедейдің үнін тезірек естиді. Кедейдің тілегіне тезірек сеніп, оның керегін тезірек жоқтайды. Бейімбеттің өлеңдері бұл ретінен қарағанда неғұрлым соң жазылса, соғұрлым әдемі, жақсы көрінеді» (2: 263). Бейімбеттің кейіпкері кім? Ол жаңа тап өкілі болса да, кісілігі қай дәрежеде? Осыны түсіндіру үшін С.Сәдуақасұлы былай деген: «*Бейімбет – ауыл ақыны. Бейімбет – қалың бұқараның бел баласы. Бұл түтіні будақтан, машинасы сатыр-күтір еткен фабрика-зауытты білмейді. Бейімбет қаланы да жақсы білмейді. Білсе, қаланы сүйгісі келмейді. Мұның үзінүүнде «қала» деген «дала» дегеннен кем болмаса, артық емес*» (2: 263–264).

Ауылдан шыққан Бейімбет – ауыл ақыны, бірақ оның ауылдының

Айгүл ІСІМАҚОВА

басқалардан айырмашылығы ерекше. Ол – жаңа заман ауылы. Оның үні де, күйі де басқаша: «Бейімбет ауылдың ақыны, бірақ бұл өзгеріс, түрленіп келе жатқан ауылды біледі. Қаршыға салып, түлкі алған ауыл бұған мәлім емес. Бейімбеттің ауылы соқалы-сайманды ауыл. Бейімбет Мағжан сықылды сары даланың сағымына ғашық емес. Бұл «сары даланы солқылдатып, жылқыны үркітіп келе жатқан» пойызға да ренжімейді. «Қаймағы бұзылмаған алаштың ауылын» Бейімбет көксемейді. Енбексіз дәүлет бітіп, бейнетсіз өмір сүрген ауыл да Бейімбеттікі емес. Бейімбеттің ауылы – еңбекші ауыл. Мұның ауылының кісілері бұрынғыдан басқаша рухтын адамдары. Олардың өлеңі: Әйт шуу, ала атым! Сүйеніш, қанатым. Жалғыз сен бейнетпен Егінді салатын. Жаз шөпті шабатын, Пайданы табатын. Күн болса, алақай, Еңбегің жанатын!.. Бейімбеттің өзгерген, бұрынғыға ұқсамайтын, түрленген ауылды жазуы да оның табиғи мінезінен» (2: 264). Осы ретте Бейімбеттің қостанайлық екені, ол жерде басты кәсіп егін салу болғандықтан, ақын осыны негізге алғандығы айтылған. Бұл ауылдың алдынғылардан тағы қандай айырмашылығы бар? Ол да қамтылған: «Бейімбет – ауыл ішінде еңбекші таптың ақыны. Бейімбет «Кедей» деген өлеңінде айтады: Сенің зарың – зарлайтыным өмірде, Сенің арың – арлайтыным өмірде. Сен не көрсөн, мен де соны көрмекпін. Белді бұғам ауырға да, жеңілге. Бұл сөз – ақынның шын жүргегінен шыққан анық анты. Ақынның ақындығы рас болса, айтқаны да рас болады. Бейімбет – анық ақын. Оның айтқаны да өтірік емес. Коммунистің көзқарасымен сынағанда, әдебиеттің маңызы оның жалғыз көркемдігіне тірелмейді. Біз әдебиеттің сыртқы көркемдігіне қоса, оның ішінен еңбекші тапқа ас болатын дәмді іздейміз. Бейімбеттің өлеңдерінің қазак еңбекшілеріне ас болатын дәні мол» (2: 265).

Бейімбет кейіпкері туралы былай делінген: «Бейімбеттің ауылдың ғана ақыны болғандығы оның өлеңдерінің бағасын жоймайды. Бізде шын жұмыскер өмірін жазған ақын әлі шыққан жок. Ондай ақынның аяғы аспаннан салбырап түспейді. Ондай ақын Қазақстанның туып келе жатқан кәсіп шаруасымен бірге тудады. Бейімбет сықылдылар сол болашақтың үйіткісі. Болашақ деп осы күнгінің өзгергенін айтамыз. Бүгінгі күнсіз ертеңгі күн жок. Тарихтың ілгері басқан адымын жылдамдатуға шамамыз келсе де, тарихты мүлде өшіріп тастай алмаймыз. Олай болса, Бейімбет – қазіргі тарихтың ең алдыңғы қатарындағы ақындардың бірі» (2:265).

Алаш әдебиетшісі Бейімбеттің кемшілігін де айтуды міндет деп түсінген. Ол ақынның діншіл болуы делінген: «Бейімбеттің ауылдан

Алаш әдебиеттануы

алған кемшилік мінезінің бірі діни сөздерді көбірек қолданатындығы. Бұл мінез Бейімбеттің ауруы емес, әдемі. Кейбір кезде еріксіз «Алла» деп жіберетін орыстардың әдемі сыйылды. Бейімбет әдеби жолының ілгері сапарында бұл әдемті қалдырап деген үміттеміз» (2: 265). Әрине, С.Сәдуақасұлы «ауылдан шықкан кемшилік» деп алуы езінің сөзіне қарсы екенін білдіріп тұр. Себебі, ауыл адамдарына тоңкеріс жеткенімен, олардың аузындағы атам заманнан келе жатқан «Алла» сөзін алып тастау шынайылықты білдіре қоймас. Құдайшыл қазақ «тоңкеріс келді» деп бірден құдайсыз болып шыға келмес, олай болса, әдеби тұлғасы нанымсыз боларын Бейімбет те, Алаш әдебиетшісі С.Сәдуақасұлы да білгені анық.

«Әдебиетті қалай сынау керек?» атты мақала («Еңбекші қазақ» 1926. 8 ақпан) накты мәселеге құрылған. Әдебиетші әдебиеттің қоғамдағы маңызды міндеті туралы айта келе оның сыны да кәсіби деңгейде болуын талап ретінде айфактайды: «Осы күні әдебиетші бірен-саран болса да сынау бар, сынға қарсы сын жоқ. Болса – сирек» (2: 266). С.Сәдуақасұлының бұл жолдағы басты талабы «әдебиетке дұрыс баға берілсін дегендік». Әдебиетші бұл істік қалай үйімдастырылуы туралы да өз ұсынысын берген: «Жарыққа шықкан әдебиеттерді күн бұрын ескеріп: «Пәлен күні осындай әдебиетке сын-талас болады. Сынауга талабы бар азаматтар күн ілгері оқып. сындарын даярласын», – деп газет жүзіне жариялад тұруы керек. Бұл секілді қызметпен біз тек әдебиеттің ғана бағытын түзеп қоймаймыз. әлеумет арасына әдебиет құмарлық туғызамыз, әдебиеттеріміздің ерісін кенеятеміз.

Жалғыз ғана әдебиет кітаптары емес. оқу құралдарына да осы секілді үйірме сынны керек. Әдебиетке. не оқу құралына мың сын қойылса да, одан жазушының еңбегі ақсамайтыны, қайта көркейе беретіні анық нәрсе» (2: 266–267). Яғни жариялымды ашық талқылауда – кәсібілікке апарар жол.

С.Сәдуақасұлының «Предисловие к переводу «Песни о Козы-Корпеш – Баян сулу» атты алғысөзі күні бүгінге дейін қазақ әдебиеттануындағы орыс тіліндегі түсініктеме (31.VIII.1926). «1927 жылы Г.Тверитин орыстарға аударған «Козы Корпеш – Баян сулу» жырына жазылған алғысөз (Қызылорда). Түсініктеме сөзімен шықкан Тверитин аудармасында С.Сәдуақасұлының аты көрсетілмегенімен, 1927 жылғы ғылыми түсініктеме сол күйінде ұсынылады», – дейді Д.Қамзабекұлы (2: 349).

Әдеби жәдігердің тұнғыш орыс тіліндегі нұсқасына жазылған алғысөз – ғылыми құнды еңбек. Оны жалпы қауымға таныту

Айгүл ІСІМАКОВА

кәсібілікті кажет еткен. Сондыктан әдебиетші жырдың мазмұны. басты ойымен қатар аудармашы туралы ғылыми мәлімет берген: Тверитин кім екені туралы. т.с.с. Зерттеу соңында казақ ұғымдарға орыс тілінде түсініктеме берілген: *би, текемет, домбыра, сорпа, қазы*, т.с.с. Мысалы, бүгін ұмытылып кеткен «Тунемел» – особый сорт кумыса. Кобылье молоко через сутки стоянки превращается в обычный кумыс. Если тот же кумыс продержать больше суток, то он называется уже тюнемелью. Тюнемель отличается от обычновенного кумыса более высокой крепостью. *Ший* – песчаный тростник. Употребляется для приготовления цыновки. Цыновкой покрывается нижняя часть остова юрты, т.н. кереге *Беймет* – халат. *Айдауши* – распорядители во время скачек. Айдауши следят за тем, чтобы все лошади поскакали с одного места, и вообще во время скачек сблюдались все правила, установленные на этот случай» (2: 341).

«Предисловие к сборнику рассказов «Молодой Казахстан» (Ташкент, сентябрь, 1927) атты зерттеуінде сол кездегі қазактың зиялды қауымына баға берілген: Абай бұл ұрпақтың көшбасшысы ретінде анықталған. Оның тұнғыш шәкірттері ретінде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабай, С.Торайғырұлы, Б.Күлеев пен F.Қараашев аталған. А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы туралы: «*А.Байтурсынов – ученый словесник; автор первой (пока что единственной) казахской грамматики, реформатор казахской письменности и редактор первой казахской газеты, вышедшей в 1913 г. В настоящее время А.Байтурсынов занимается, исключительно, научной работой и пишет учебники. Тоже самое можно сказать и про М.Дулатова. Он является квалифицированным журналистом, работает в редакции краевой казахской газеты «Энбекшиль-Казах». Что же касается М.Джумабаева, то он в одно время был властителем дум казахской молодежи»... Среди поэтов коммунистов наибольшей известностью пользуются Сакен, Муканов и многообещающий, талантливый Жансугуров (2: 343–344).*

Қазақтың тұнғыш романы «Бақытсыз Жамал» екені сол кезде мойындалған екен: «В области художественной прозы казахская литература вышла на широкую дорогу только после революции. Первый роман на казахском языке под названием «Бахитсиз Жамал» («Несчастная Жамал») вышел в 1910 году. Автором его является вышеупомянутый М.Дулатов. Роман описывает жизнь угнетенной казахской женщины, продаваемой, как вещь, за калым, и имел огромный успех, доставив автору небывалую славу. «Бахитсиз Жамал» нашла несколько неудачных подражателей, но вплоть до революции

Алаш әдебиеттануы

казахская литература не выдвинула более или менее значительных писателей. И сам М.Дулатов, кроме «Бахитсиз Жамал», не издал ни одной крупной вещи в прозе» (2: 344).

Ж.Аймауытұлының стилі туралы мағлұмат берілген: «Ж.Аймауытов – поэт, пишущий и прозой. Он является автором прекрасного перевода «Интернационала», автором казахского текста комсомольского и пионерского марша и других революционных песен. Душа поэта сказывается и в своеобразном стиле Ж.Аймауытова. Многие его писания напоминают скорее стихи в прозе, нежели обычную прозу. Легче всего Ж.Аймауытову удаются переводы европейских писателей. Им переведены на казахский язык многие вещи А.Пушкина, Дж.Лондона, Герберта Уэльса, Конрада Берковичи, Вс.Иванова и др. Ж.Аймауытов также считается попутчиком» (2: 345).

М.Әуезовтің еңбектері де ерекше таныстырылған: «По содержанию своих произведений и мастерству слога, М.Ауэзов является, пожалуй, наиболее крупной фигурой в современной казахской литературе. Он единственный среди казахских писателей, который пишет исключительно прозой. Его тема – дореволюционный аул. За последнее время он стал писать из жизни казахской интеллигенции: тема совершенно до сих пор незатронутая никем. По своей идеологии М.Ауэзов считается попутчиком» (2: 344). Соңғы сөйлем советтік әдебиеттанудың ережесіне сай берілген саяси баға.

Б.Майлин орыс тіліндегі оқырманға ең танымал автор ретінде таныстырылған. Оның Мырқымбай заманның кейіпкері ретінде бағаланған: «Б.Майлин – сейчас самое популярное имя в Казахстане. До сих пор он был известен, как поэт-гражданин. Майлин – коммунист. Его стихи читаются нарасхват массой учащейся молодежи, как городской, так и аульной. Начиная с 1920 года, Б.Майлин стал писать короткие рассказы, а еще позже повести. Прозой он завоевал симпатии читателей еще больше, чем стихами. Его тема – современный казахский аул во всех его проявлениях. Его любимый тип – Мыркымбай, ставший теперь нарицательным именем казахского бедняка и середняка. Он видит в Мыркымбае все будущее казахского аула; Мыркымбай есть по его мнению, основная сила строящегося советского Казахстана» (2: 345).

Аталған мақала 1928 жылы Мәскеудің «Огонёк» баспа қоғамынан жарық көрген. Кітаптың алғысөзінде: «Жинаққа М.Әуезовтің «Корғансыздың күні», Ж.Аймауытовтың «Бәтіш» («Қартқожа» романынан) «Мұқаш» («Ақбілек» романынан), Б.Майлиннің

Айгүл ІСІМАҚОВА

«Кермезі», «Күлпаш» әңгімелері енген. Аударманы С.Садуақасұлының өзі қараған», – дейді смағұлтанушы Д.Қамзабекұлы (2: 349).

«*O значении вуза для Казахстана*»: «*С. Садуақасұлының 1926 жылы 29 қазанды Ташкенттегі тұңғыш жоғары қазақ педагогика институтының салтанатты ашылуында сөйлеген сөзі*» (2: 349). Мақалада С.Садуақасұлы сол кездегі ғылым білім беру жүйесінің жағдайын айфактаған. Білім беру жүйесінің миссионерлік міндеті тұңғыш рет әшкереленген. Ресей патшалық отарлау кезіндегі орысша-қазақша мектеп сынға алынған. Оның миссионерлік ісі сол кездегі Сун Ят Сеннің Қытайдағы білім беру жүйесіне алғаш миссионерлік, кейін шетелдік құлдыққа көзі ашылғанымен, ұқсас қылыш келтірілген. Сол кезде қазақ тіліндегі 2000 ауыл мектебі, техникумдар және ЖОО-ны бар екені айтылған. Ресей патшасының отарлау саясатын іске асырған екі тілді мектеп сынға алынып, төңкерістен кейінгі қазақ тіліндегі оку орындарының ашылуы оған қарсы қойылған. Осы ретте *Ыбырай Алтынсарыұлы* туралы былай дедінген: «Он первый из казахов приобщился к русской культуре и не на страх, а за совесть служил помощником православных миссионеров. Он первый был организатором, так называемых, русско-киргизских школ, поборником русского шрифта для казахской письменности. Он был другом и правой рукой ученого миссионера Ильминского. И вот этот Алтынсарин перед смертью распорядился не пропускать к себе ни одного русского, даже своих друзей. Этот атеист в жизни оставил завещание, чтобы на его похороны были приглашены 99 мулл. Да, это была трагедия просвещенного казаха, может быть, теперь для нас совсем непонятная; трагедия, заключавшаяся в том, что в результате многолетней совместной работы с русскими, он все-таки, в конце концов, пришел к заключению, что миссионеры ничего хорошего не желают для казахского народа. Может быть, его угнетенное казахское сердце в последнюю минуту не выдержало собственного преступления, и он отказался от товарищей, с которыми много лет работал вместе» (2: 331).

Шоқан Ұәлиханов туралы да С.Садуақасұлы өз пікірін былай берген екен: «Был у нас и другой казах, не менее способный и не менее известный в свое время – это Чокан Валиханов. Он был искренним проводником русской колониальной политики на Востоке. Валиханов тайно ездил в Кашгарию собирать сведения для военного министерства царского правительства; он служил офицером в отряде знаменитого генерала Черняева, который покорил Туркестан. И что вы думаете, чем кончил этот Валиханов?

Алаш әдебиеттанузы

Кончил тем же, что и Алтынсарин. Под конец своей жизни Валиханов отрекся от всех своих русских друзей; этот элегантный офицер русской армии переоделся в широкую киргизскую одежду, в тяжелые степные сапоги и умер в заброшенном киргизском ауле. Глава сибирских областников, уже известный вам Ядринцев, в своем некрологе писал, что трагическая смерть Чокана Валиханова является грозным предостережением для европейцев. Он писал, что русским людям следует над этим задуматься. Мне кажется, что этих двух примеров вполне достаточно для того, чтобы показать, как работали просвещенные казахи с культурной Европой на заре национального пробуждения казахского народа» (2: 331–332).

С.Садуқасұлы сез орайы келгенде былай дейді: «...они работали во вред интересам трудящихся Казахстана, но им нельзя отказать в знании дела. Они прекрасно знали Казахстан, быт и языки казахов, а миссионер Алекторов даже стихи пописывал на казахском языке» (2: 332).

Алаш ғалымы өзінің заманы туралы да әділ баға берген және осыны ұстануға шакырған: «*Вообще современность имеет тот недостаток*, что это – современность, ибо современность всегда складывается из разных проявлений: тут есть и хорошие стороны и плохие. И мне кажется, европейские товарищи, которые в повседневной своей работе иногда встречают не такое отношение, какое следовало бы, не должны унывать: их заслуги, их работа будут оценены историей. Потомство будет о них говорить, и они не должны забывать об этом будущем; они должны оставить потомству лучшую память о себе» (2: 333).

Заман мен үрпақ алдындағы ерекше жауапкершілікті сезіну осылай алға қойылған. Бұл бүтінгі бізге үлгілі түсініктер еkenі де айқын. Біздің әр ісіміз келешек алдындағы парыз еkenі және әр сезіміз үшін үрпақ алдында жауапты еkenіміз осылай еске салынған. Зерттеудегі ішкі және сыртқы саясатқа қатысты ғылыми мәліметтер бүтін де өз қажеттілігін жойған жок. Мысалы, келесі: «Вот эти события и перемены заставляют сейчас задуматься буржуазную Европу; она ищет выхода из положения. И лихорадочно изучает Восток» (2: 334). Заман талабы – басқа тілдерді менгеру еkenі де осы тұрғыдан түсіндірлген: «Наша теперешняя политика в этом вопросе хотя и подходит по внешности на старое положение, но по своей сущности – это две вещи совершенно разные. От того, что мы научимся говорить еще на одном культурном языке у нас ничего не убавится, а наоборот прибавится. Молодежь должна понять это в первую очередь» (2: 336).

Айгүл ICIMAKOVA

«Сәрсенбек» – толық аяқталмаған роман. 1957 жылы М.Әуезов Мәскеуге Елизавета Әлиханқызын арнасты іздең барғанда осы романды сол кісінің қолынан алған. Күні бүтін бұл мәтін М.О.Әуезов музейінде сақтаулы тұр. Оны қазіргі әріпке түсірген Гулжамал Дауітова. Роман 1920 жылы 27 шілдеде «Мінсіз» деген атпен, 1922 жылы 21 қарашада «Сәрсенбек» атымен қайта жазылған деген мәлімет бар. Авторы қудаланғандыктан, жарияланбаған (2: 347). «Салмақбай, Сағындық» – кооперация ісін бейнелеген повесть. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» жанрын «Ұзақ әңгіме» (повесть) деп атаған. «Қызыл Қазақстан» журналының 1923 жылғы 17–24 сандары, 1924 жылы №3 санында жарияланған, кейін Орынборда 1924 жылы шыққан (2: 347).

«Күміс қоңырау», «Қызыл Қазақстан» журналының 1927, №10–12, 1928, №4, 5 сандарында жарияланған. «Күлпаш» – «Жаңа мектеп» 1926, №6; «Әйел теңдігі» №4, 5 сандарында жарияланған. Бұл повесть туралы «романның бір бөлімі деген» анықтама бар. «Ертең» атты жастар газетінде (1922, шілдеде, №1) жарық көрген әңгіме (Орынбор); «Еңбекші қазақта» 1922, №10 жарық көрген әңгіме; «Салмақбай, Мақамбет» әңгімесі 1922 жылы 5 санында «Ертең» газетінде жарияланған. Осы нұсқаларды Мәскеу, Химки қаласының кітапханаларынан тауып әкелген Д.Қамзабекұлы (2: 346).

Алаш қайраткері Смағұл Сәдуақасұлы Әлихан Бекейханның қызы Елизавета Әлиханқызымен некеде болған. Елизавета Әлиханқызы Бекейхановага 1923 жылы үйленген. Ұлы Ескендір 1926 жылы туылған. Ескендір Смағұлұлы жасын үлкейтіп көрсетіп, 15 жасында Екінші дүниежүзілік соғысқа сұранып барып, шейіт болған. «Халық жауының үрпағы» қарғысынан тектінің үрпағы осылай құтылған. Соғыста қайтыс болғандар шаңид болып есептелетіні аян. Олай болса, Алаш зияллыларының рухын көтерген Ескендір де осы қатардан дег санау керек.

1927 жылдан бастап 10 жыл үй қамауында болған Әлихан Бекейхан Елизаветаның ұлы Ескендір үшеуі бірге тұрған. Әлихан Бекейхан 1937 жылы 27 қыркүйекте Мәскеуде Бутыркада атылған. Смағұл Сәдуақасұлына бұл үйге баруға тыйым салынған. Ұлын көру үшін ресми рұқсат алып, Әлихан Бекейхан Ескендірді далала шығарып, көшеде әкесіне табыс етіп, белгіленген уақытта алып қайтады еken. «Смағұл Сәдуақасұлы жатақханада тұрғандықтан, баласымен тек далада кездесседі еken. Осында қатыгездікті басынан кешірген Смағұл Сәдуақасұлы 1933 жылы Мәскеуде у беріліп, ауруханада құпия жағдайда қайтыс болған. Не бәрі 33 жас өмір сүрген Смағұл

Алаш әдебиеттануы

қайын атасын қолдағаны үшін де қыршынынан қылғаны анық. Е.Әлиханқызы да соғысқа қатысып, одан аман қалған соң ғылыммен айналысқан. Ол кісі 1971 жылы дүние салған», – дейді смағултанушы ғалым Д.Қамзабекұлы (2: 22).

Елизавета Әлиханқызы кейінрек Мәскеу қаласында қайтыс болып, Новодевичье зиратында жерленген. «Елизавета Алихановна Смагурова» деген жазуы бар тектаны көрген кезде көзімізге жас алдық: «халық жауы» деп өлтірілген әкесімен жарының есімдерін сақтап өткеніне...

Осыншама ғұламалық ойлардың иесі, мемлекет және қогам қайраткері Алаш ғалым-әдебиетшісі С.Сәдуақасұлының асыл ойлары іске асып жатқан кездегі бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның елі бүл мұраны игеруге міндеттіміз. Бар болғаны 33 жыл өмір кешкен С.Сәдуақасұлына Қазақ елінің рухани азығы болып табылатын тұлғалық ғылыми еңбектері үшін Алланың разылығы Пайғамбарымыздың (с.а.с) шапағаты болғай.

«Әдеби сын» дегеніміз не? Ол туралы түсінік былай айтылған: «Сын – мидың жсануы. Сын ойларды қосып, адамның пікірін қайрап отырады. Сынсыз жасылған сөз қайралмаган пышақ сықылды. Сондықтан бізге сын керек. Біз жыуырда Магжанның біраз олеңдерін бастық. Магжанның бүл олеңдерінің ішінде бізге қосылатын да жері бар. Бірақ, ішінде азырақ жсанжал сөз бар екен, – деп біз Магжанды тоқтатып тастауымыз керек пе, жоқ бастыруымыз керек пе? Әрине, басу керек. Басылғаннан кейін қата жерлерін тағы сол газет жүзіндегі көрсету керек. Магжанның теріс сөздерін жасырып қойғанмен, біз ақылды болып кетпейміз. Қайта соларды тексеріп, соларға қарсы өзімізден қару іздесек, ақылымызга ақыл қосылады» (2: 292).

Мемлекет қайраткері С.Сәдуақасұлы осы мақалада баспасөз міндеті туралы былай деген: «Қазақстанда баспасөздің есуі – жалпы жүрттыш өсуге бет қойғандығының белгісі. Биылғы қазақ былтырғы қазақ емес. Жылдан-жылға халықтың тілегі зорайып келеді. Сондықтан біздін баспасөздің де міндеті үлкейіп отыр: жыл сайын бір табалдырық жоғарылаймыз, жоғарылаған сайын біздің міндеттіміз артады. Биыл да былтырғы ұстайтын ұранымыз: Өмірге, тұрмысқа жанама жүр» деген болу керек. Өмірден алыстамай, өмірдің мұн-мұқтажын жазып отырса, баспасөз өз міндеттін атқарғаны» (2: 293). Бұл ойлар бүгінгі баспасөздің де басты тақырыбы екені анық.

«Қазіргі дәуір – іс дәуірі» («Лениншіл жас» журналы. 1925. №7) әдеби зерттеуінде сыншы бүгінгі бізге де қажетті жастардың жана пікірі туралы былай деген: «Жас жана пікірге тез түседі» дедік әлгінде.

«Жаңа пікір» деп нені айтамыз? Біреудің ойына келмегенді айтқанды жаңа пікір тапты дей аламыз ба? Үлғи ескілікке қарсыны жаңа пікірге санай аламыз ба?

Мысалы, біреу: «*Абайды қүйдіріп, өртеп жіберу керек*», – дейді екен. Себебі: *Абай ескі, ол бұрын болған, бізге жаңа керек*. *Бұл сықылды пікірге жаңа пікірлі жастар қалай қарау керек?* Бұл пікір сырттан қараганда, рас, жаңа сықылды. Бірақ бұның негізі дұрыс емес. Біз ескігө қарсы болғанда, оның шын шіріген, ескірген жеріне қарсымыз. Осы күнгіні ғұлдендірудің орнына ғұлдіретін, шіріметін, ілгері басуға бөгет болатын жеріне қарсымыз» (2: 293). Сонда жана мен ескінің арасы қандай? Ол туралы да ғалым ойын нақты берген: «Біз өткен заманнан осы күнгінің арасын шорт кесіп тастамаймыз. Менен бұрынғының бәрі ескі, менікі ғана жаңа, сол жаңа өзіме жетеді, өзімді қанағаттандырады деп біз еш уақытта да айта алмаймыз. Ескі де бір кезде жаңа болған. Мысалы, Еуропаның капитализм негізіне құрылған тұрмысын алайық. Капитализм осы күні ескіріп келеді. Кей жерде капитализмнің түбірі шіріп құлап та қалды. Бірақ бір кезде капитализм де жаңалықтың азаншысы болған. Еуропаның феодализм заманын құрту жолында, еуропаның патшаларымен, корольдерімен курсесу жолында капитализм үлкен қызмет істеген. Бұл жағынан қараганда, капитализм адам баласына пайдалы, оның тұрмысын ілгері бастыруға себеп болған» (2: 294). Сол капитализмнің ерекшелігі қандай? Ол туралы былай делінген: «Бірақ капитализм кейін келе нашар жүрттү Феодализм заманынан да жаман қылды. Бұрынғы тап тартысы капитализм заманында ойласа тапқысыз халге келді. Бұрынғы құлдық былай қалып, екінші құлдық туды. Дүниенің тірегі ақша (капитал) болды. Адамшылық ілгері басудың орнына бірін-бірі езіп, жанышып, қайта кері кететін болды. Капитализм осылай болғаннан кейін ескірді. Өзгеруге бет койды. Кей жерлерде бұл тұрмыс тіпті өзгеріп кетті. Біз капитализмнің арқасында туған теңсіздікті жойық. Капитализмнің тәртібін жойық. Бірақ біз капитализм заманында табылған өнерді, ғылымды жоямыз деп айтпаймыз. Біз капитализмнің дәуірінде күшеген техниканы (шеберлік) жою түгіл, қуанып отырып өз пайдамызға жұмсаймыз. Біздің айтатынымыз: өнер-білім капитализм заманында азғантай ғана кісілердің еншісі болса, енді онымен жалпы жүрт, көп пайдалансын, бұрын техника аз адамдарды байту жолында қызмет қылса, енді ол жалпы халық шаруасын, тұрмысын түзейтін болып пайдаланылсын дейміз. Сондықтан біз іске жарайтын ескіден жиренбейміз, біз оны өз керегімізге жаратамыз» (2: 294).

Алаш әдебиеттануы

Ғалым бұл ұзақ салыстыруларды Абайды қорғау үшін айттып отыр екен. Оны келесі сөздерінен аңғарамыз: «Әлгі Абайга қайта келейік. Абайдың біз шәкіртіміз деп, әрине, айттаймыз. Бірақ Абайдың сабак болатын жері де бар. Абай – анық ақын. Абай – әдемі сөздің ұстазы. Абайдан біз әдемі сөзге үйренуіміз керек. Абай құр гана ақын емес, ол белгілі бір заманың адамы, заманында болған көртартпаптық, бұзакылықта Абай қарсы болған. Оның сынаған, оның мінеген тұрмысы осы күні, әрине, өзгерді, бірақ әлі өзгермеген, жестегеген жерлері де бар. Олай болса, осы күнгі кем-кемтіктерімізбен құресу жолында Абайдың іске асатын сөздері әлі де толып жастыр.

Біз «ескі», «жаңа» деген сөздердің арасын тым жасадағай, құргақ түсінбеуіміз керек. Бұл екеуінің арасында байлам бар, қатынас бар. Қыс пен жаздың арасында жазғытұрым бар. Ескі мен жаңаны еki ортасындағы байламымен бірге түсіну керек» (2: 295). Қандай әділ, қасіби шындалған пікір.

Осы тұста ескішілдерді сынаған С.Сәдуақасұлы өзінің тоқ-етерлік ойын былай деп қамтып кетеді: «Қазақтың хали Кенесары, Абылайдың заманындағы болса егер. Осылай болса, сонда қазақ қандай жақсы болар еді. Бұлай болмай қалғандықтан, осы күні қазақ қандай жсаман. Олай болса, мен өткеннің жырышысы, менің көңілім жалғыз өткенді гана сүйеді, болашақты бұлдіру үшін, келиңдер, Кенекеме кейін қайтайық. Баян батырды жоқтайық» (2: 295).

Полемика ретінде келтірілген бұл мысал тегін айттылмағаны айқын. «Қазақ тарихынан?!!» «Еңбекши қазақта» (24.01.1925) жарияланған. 1924 жылы Мәскеуде жарық көрген К.Кеменгерұлының «Қазақ тарихынан» атты кітабына жазылған бұл сын пікірге Қошке «Ақжол» басылымында (14.02.1925) «Жауп хат» жазған. Аталған мақалада С.Садуақасұлы тарих пәніне ғылыми анықтама берген: «Тарих халықтың өткен өмірін көрсетеді. Тарихты оқып, біз баяғы ата-бабамыздың істерімен танысамыз. Тарихты біліп, бұрынғы дәүірге баға береміз, мін айтамыз.

Тарих халықтың өмірін жазады. Халықтың өткен өмірі – қазіргі тұрмысқа сабак, болашаққа әспана. Өткеннің жақсылығы да, жамандығы да сабак. Жақсылығын көріп, қазіргіге өнеге қыламыз. Жамандығын біліп, бұдан былай сақ болуға тәжірибе аламыз. Бұл екеуін салмақтап отырып, қазіргінің халімен салыстырып, алдымызыдағыны болжаймыз. Қазақта әлі жазылған тарих жоқ. Елдегі ақсақалдардың кейбіреулерінде «шежірелер» бар. Әуелі Қазақ болыпты, Қазақтан Созақ туыпты. Созақтан пәлен туыпты. Пәленнен пәштуан туыпты... Әрине, бұл тарих емес. Бұндай тарихтан өткенді де

Айгүл ІСІМАҚОВА

біле алмаймыз, қазіргіге өнеге ала алмаймыз, болашақты да болжай алмаймыз.

Шежіре шын тарихшылдыққа жарауы мүмкін. Шежіренің тарихшыға болмаса, жалпы жүртқа пайдасы жоқ. Сондықтан қазақ жүртіның тарихын жазу – қазақ білімпаздарының алдында тұрған зор мәселе. Осы күні екі-үш жерде қазақ тарихы жазылып жатыр деп те естіміз. Бірақ әлі дүниеге шыққан еш нәрсе жоқ. Бұл тарихшылардың енбегі тез арада дүниежүзін көруіне тілекtes болып, әзірге қолымызға түскен «Қазақ тарихынан» деген Қошке Кеменгерұлының кітапшасы туралы аз ғана пікірімізді айтып отпекпіз» (2: 297–298).

Макалада сол кездегі саяси ахуал туралы былай делинген: «Бұл туралы Қ.Кеменгерұлы былай дейді: «Қазақ оқығандарының арасында екі ағым ашық айырылды: бірі (Әлихан тобы) – Қунбатыс мәдениетін жасастып, пәнісләмизм рухынан аулақ қазақ ұлтын жасасамақшы болды. Екіншісі (Бақытжсан Сейдалин, Жиһанша тобы) – исләм дүниесінен қол үзбей, қазақты исләм туының астына жимақшы болды. Соңғы топ «Айқап» арқылы өз ойларын таратса да, ақырында өз шаруаларымен айналысып, елишлікті үақытша ермек қылғандығы белгілі болды».

Алғашқы топты Қ.Кеменгерұлы «Қазақ» газетінің маңына жинапты. «Қазақ» газеті саясат ауруына қарайтын тамыршы болып, өкіметтің арам ойлы сырларын ашып отырды», – дейді Қ.Кеменгерұлы» (2: 300). Алаш ғалымы саяси-әлеуметтік ойларын былай деп қорытқан: «Сейдалин «Айқап» журналында әртүрлі мәселелер үшін (көбінесе жер туралы) қазақтың ел адамдарынан жиылдық шақырайық» дейді. Әлихан оған көнбейді. Барды да, екеуі айтысты. Біраз жалыққан соң, айтыс өз бетімен қалды. «Айқапты» оқыған кісіге мұның бәрі мәлім. Бұл сықылды айтыстар осы күнгі газеттерде екі күннің бірінде болады. Оның бәрін саяси ағым дей берсек, жер-жүзінде адамнан «ағым» көп бол кетер» (2: 300–301).

Заманның жаршысы «Қазақ» газеті қандай басылым болды? Ол туралы былай делинген: «Қазақ» газеті «Айқаптан» анағұрлым ілгері болды. Бұл газет қазақ емлесін туғызды, қазақ тілін көркейтті, елге саяси әнгімелерден бірінші мағлұмат берді. Бұл туралы «Қазақтың» істеген қызметі мол. Бірақ бұның бәрі шын саяси жұмыс емес. Саясаттың ауруларының тамыршысы болғандық емес. Жалғыз газет шығарумен саясаттық табылмайды. Русияда газет шыға бастағанына екі жұз жылдан асты. Бірақ анық саяси партиялар XIX ғасырдың орта кезінен былай туды. Осы күні коммунист партиясы жасағанына 26-ақ жыл болды» (1:301).

Алаш әдебиеттануы

Саясат қалай іске асады? Қазақтың тұнғыш саяси элитасы нeden хабардар болуы қажет? Осы туралы макалада былай делінген: «Саяси іс партиямен істеледі. Жұрттың бәрі жақсы пікірде болғанымен, оларды біріктіріп отыратын, керекті жерде еріксіз жұмысайтын бір үйім болмаса, ешкім еш нәрсе істей алмайды. Осы күнгі заманда бір саясаттың, бір беттің адамдары партия болып бірігеді. Партияның әр мәселеге анықтап алған жолы, тоқтаған әдісі болады, амал-айласы болады. Бұның бәрі, әрине, «Қазақтың» маңайында құралған адамдарда болған жоқ. «Қазақ» қазақ жұрттың кемдігін айтты, нашарлығын айтты. Ол кемдікті қалай жоу керек, нашарлықтан қалай құтылу керек, қандай әдіспен, қандай ретпен – бұның бәрін «Қазақ» айтқан жоқ.

«Қазақтың» басқарған кісінің бірі Міржақып Дулатұлы «саясаттың» ең оргасында жүрген кезінде өзі туралы былай деген:

*Мен – біткен ойнаң жерге аласа агаши,
Емеспін жемесің көп тамаша агаши.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!*

Міржақып Алаштың өзінен сұрайды. «Жараса пайдалан» дейді. «Біз мынаны былай істейміз, ананы былай істейміз. Мынадай мәселені былай шешеміз, анадай мәселені бүйтеміз» деген мұнда жоқ. Бұнықінің көбі – «Солай болар ма еді?» деген құр тілек. Сол құр тілекпен «Қазақтың» маңайындағы қазақ оқығандары ұлы төңкеріске дейін келді» (2: 302). Алаш әдебиетшісі «Қазақ» газетін осылай заман ызғарынан ақтап алуға тырысқан.

С.Сәдуақасұлы Қошкенің Әлихан туралы пікіріне арнайы тоқталауды: «Қ.Кеменгерұлының жақсы коретін бір-ақ адамы бар. Ол – Әлихан. «Ат тебеліндей ер азаматты баулыған – Әлихан», дейді ол. Бірақ саяси жолда түк істемегенниң ішінде Әлихан да бар. Сонда да Қ.Кеменгерұлы Әлиханга ұрысқыс келмейді. Өзге жүрттың қолынан іс шықпаса, ол олардың жамандығына жетады. Әлиханга келгенде, Қ.Кеменгерұлы былай дейді: «Баста Әлихан саяси іске езілген елі үшін амалсыздан кірді. Ұлтын өте сүйген жүргегі біраз жылдар Әлиханның тума пікіріне қарсы жолдарға да түсірді. Жүргегі бала, иманы таза, шынышыл, сенімшіл Әлиханга қара тұрмыстың кіріне былғанып саясат сандалына түскение, пән жолына түсін, жоспар көрсетуі керек еді. Саясаттың үзілтік-сұлтагысы көп, ел алдауды керек қылады. Әлиханда бұл мінез жоқ» (2: 303–304).

С.Сәдуақасұлының баяндамалары, макалалары – көсемсөздегі ұлт-

Айгүл ІСІМАҚОВА

тық таным, саяси стиль өз алдына зерттеуді қажет ететін сала. «Өткен күндер, қазіргі хал һәм болашақ» (1922) мақаласында С.Сәдуақасұлы заманына, Алаш тұлғаларының істеріне баға беріп, болашақтағыны мензейді: «...істеген жұмыстардың көбі, ойлаган ойларымызың бәрі мимен емес, жүрекпен ойлайтын заман еді. Ол кезде біз жамандықтан аулақ едік. Не істесек те өзінің себебі, мәнісі бар еді. Біз онда нағыз ұлтшыл едік. Тар ауданды ұлтшылдығымыз отбасынан аспайтын ұлтшыл едік. Қазактың тағдырын басқа жүрттардың халімен байланыстыру бізде жок еді...» (3: 262). XX ғасыр басындағы саяси ахуал былай бейнеленген: «Қазақтың байлары елін ұмытып, ұжданын сатып, болыс болу үшін майдарын сарп етті. Халық пайдасын ойлаған адам калмады... Момын жатқан қалың ел крестьянский начальниктердің жемі болды. Ел бұзылды, әдет түрленді» (3: 62).

Алаш тұлғалары не істеді? Ол туралы: «*Тап сол кезде, тап қазақтың басына қара бұлт айналған кезде әр жерден бірен-саран ерлер шықты. Бұлардың ұраны «Оян, қазақ!», «Көтеріл, қазақ!», «Серпіл, қазақ!», «Сілкін, қазақ!». «Ұлттың оқығандары, ел билеген «жасақсылары» көпке дейін еш нарсені ескермеді.*»

А.Байтұрсынұлы туралы: «Жанын аштып, тәніне тиетін сөздер айттылды. Мысал үшін қазақтың зор қамқоры Ахмет Байтұрсынұлының сол кезде жазған бір ауыз өлеңі мынау:

*Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаган,
Сахара көлге қонып салқындалған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды денемізде шарпымаган??!*

(3: 262-263).

Бұл өлеңге келесі талдау берілген: «*Білген адамға бұл айтылғаннан ауыр сөз бола ма? Бұл өлеңнің ішіндегі Байтұрсынұлының тимеген жаны жсоқ: жасақсылық өз басынан артылмаган жасақсылар. шала басылып, қарпылмаган киіздей босбелбеу бозбалалар, ет аңдыған ақсақалдар, рақымсыз байлар, сары түймеге мәз болған қазақтан шыққан оқығандар. Бұдан артық сөз болмайды. Бұл сөз – жүректің қапырығы, көңілдің жыры еді. Шыдай алмагандығынан, ыза болғандығынан Ахметтің айтқан сөзі еді. Қалайша шыдарсың? Қалайша күйінбессің? Маңайының бәрі өрт болса, ол өртке шарпымаган денеңде жер қала ма?!*» (3: 265).

Қазақ жастар ұйымы осы кезде туғаны айттылған: «Бостандық туын қолға алып, «Көтеріл, қазақ!» деген ұранды бірінші жастар шығарды. Ол кездегі жастар осы күні ержеткен үлкен азамат болды... Ескілер жойылып, дүниежүзіне жаңа зан, жаңа әдет шықты. Замана

Алаш әдебиеттануы

деген – аққан су, алды-артына қарамай сарқырап жүре береді (3: 263). С.Сәдуақасұлы қазақ жастары алдына окуды міндет етіп қояды: «Оксызы, өнерсіз аз адам баласы ешбір жақсылыққа жете алмайтындығын иман қылып, шұбәсіз сену керек... Жастардың алдында – сәулесін шашқан жарық...» (3: 264).


С.Сәдуақасұлының осындай шыншыл, әділдікке пікір талас-тыру арқылы жеткізетін заман келбетін кескіндеген мақалалары тәуелсіздік әдебиеттану ғана емес, бүгінгі театртану, тарих пен саясаттанудың құнды мұрасы болып табыла бермек.

Оманы мен гылымга адаптызмет еткен Алаш еріне Алланың рақымы, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) шапагаты болгай!

1. С.Торайғыров. Екі томдық шыгармалар жинағы. 1-том. А.: FEmEM. 1993.

2. С.Сәдуақасұлы. Екі томдық шыгармалар жинағы. 1-том.. А.: Алаш. 2003.

3. С.Сәдуақасұлы. Екі томдық. 2-том А.: Алаш. 2003.



2.3. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

*Адамдық диканышысы қырга шықтым,
Көлі жсоқ, көгалы жсоқ құрга шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың.*

А.Байтұрсынұлы

Халқымыздың біртуар перзенті, ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, «Алаш» партиясының, «Алашорда» ұлттық кеңесінің, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, лингвист, түркітанушы, әдебиеттанушы ғалым, ақын, аудармашы, «Қазак» газетінің (1913–1918) ұйымдастырушысы әрі бас редакторы, сталиндік құғын-сүргіннің курбаны Ахмет Байтұрсынұлы (5.09.1872–8.12.1937) қазіргі Қостанай облысындағы Сарытубекте (Торғай уезінің Тосын болысы, №5 ауылы) дүниеге келген. Архив деректеріне жүгінсек, А.Байтұрсынұлының өз қолымен толтырылған «Ағартушылық халық комиссариатының қызмет тізімінде: «5 сентябрь 1872 г.р.» (КРОМО, 81-қ, 1-тізім) деп жазылған. Тағы осы қордагы: «Жауапты қызметкерлер анкетасында»: «...1872 г., 5.IX урож. Торгайского уезда» деп көрсеткен.

Әкесі Байтұрсын Шошақұлы беделді, әділетті кісі болған. Ағайынды Байтұрсын мен Ақтас ел қамы үшін Яковлев деген жергілікті уез бастығына қарсылық көрсеткендегі үшін бостандықтарынан айырылып, 15 жылға яғни 1885 жылы Сібірге жер аударылады. Өзінің күрескерлік жолға түсіне осы оқиғаның тікелей әсері болғанын ақын Ахмет «Анама хат» өлеңінде:

*Оқ тиin он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүргегімде бар бір жарал.
Алданып тамағыма оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай не бетіммен көрге барам?! – (1: 115) деп еске алған.*

Әкесінің інісі Ергазының тәрбиесінде болған Ахмет бастауыш білімді Үбырай Алтынсарыұлы негізін қалаған казак мектебінде алып, 1891 жылы Торғайдың екі сыныптық орыс-қазақ училищесін, 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітіреді. 1896 – 1907 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық және болыстық мектептерде мұғалім болып қызмет атқарады. Білім беру

Алаш әдебиеттануы

жүйесімен ерте таныс болған ғалым осы саладағы қажеттіліктерге ерекше назар аударған. Ол мектепке арналған оқу құралын қолға алғып, кейін қазақ тілі мен әдебиетінің ғылыми зандылықтарын түсіндіретін теориялық енбектер жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ елінің тарихында зор бетбұрыс жасаған өзгерістердің үйіткісі болды. Ұлт ұстазының жан-жақты қоғамдық-саяси қызметі мен ел тарихында алатын орнын көрсету тарихшылар зерттеулерінде оң шешімін тапқан. Солардың ішінен академик М.Қозыбаевтың «Ахмет Байтұрсынұлы – XX ғасырдың ұлы реформаторы», «Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар» және профессор М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы», «Саяси элита және ұлт мұддесі» атты ғылыми зерттеулерін ерекше атап өтү қажет.

Күрескер азамат қалың қазақ бұқарасының мұн-мұқтаждын көздеген ойларға толы мақалалар, өлеңдер жазады. Бүкіл саналы ғұмырын халықтың білімін, рухани санасын көтеруге, намысын маса бол шағып, оятуға арнайды.

Қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш партиясының жетекшілерінің бірі болып, Қазақ елінің тәуелсіз мемлекеттігі үшін саяси қуресте шынықкан тарихи тұлға. Ғалым Алаш (1919) басшылығының келісімімен Қазақ революциялық комитетіне мүшес болып тағайындалды яғни совет өкіметі кезінде де жоғары қызметтер атқарды. Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы, Халық ағарту комиссары, Бүкілодактық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, Қазақстан халық комиссариаты Академиялық Орталығының жетекшісі, Алматы, Ташкент жоғары оку орындарының профессоры болды.

А.Байтұрсынұлының жары Бадрисафандың шын аты – Александра Ивановны Журавлева. ҚазКСР Жоғарғы Сотының 25.06.1990 жылғы 12.118 нөмірлі «Ақтау туралы анықтамасына» сүйенсек, Б.Бадрисафа 1878 жылы Орал өнірінде туған. Бадрисафа аталауына онымен некелескенде Ахмет Байтұрсынұлының жарына мұсылманша есім таңдал алуды себеп болған.

Илияс Байтұрсынұлының «Алтын бесік» (Қостанай, 1998) атты кітабында Бадрисафанды Ахметтің туыстары «ақ келін» деп атағанын еске түсіріп, бұл атауга оның алтын мінезі толық сәйкес келгеніне тоқтала келіп: «бадрун» арабшадан «толған ай», ал «сафа» «кіршіксіз таза» деген ұғым екен (2: 200). «Бадрисафа жеңгемнің арқасында бойыма күн санап әл бітіп, бірте-бірте адам қатарына қосылып, құлантаза сауығып алдым. Аллага мың да бір алғысымды айтып жүрдім-ау... Бадрисафа көрікті еді. Мейірімді еді. Мұсылмания

Айгүл ІСІМАҚОВА

күнініп жүретін. Намаз оқитын. Жұмсақ, майда сөйлейтін. Ахаңды «төрем» деуши еді» (2: 38).

М.Әуезовтің де кезінде: «Ахмет Қостанай уезіндегі Әулиекөл деген жерде екінші рет оқытушы болған», – деп жазғаны белгілі. Ал Илияс Байтұрсын жоғарыда аталған еңбегінде А.Байтұрсынұлы XIX ғасырдың соңында Аманқарағай ауылында мұғалімдік қызмет атқарғанда тұрган пәтері Александраның (Бадрисафаның) ата-анасының Әулиекөл жағасында орналасқан үйі болғаны, осы елді мекен тұрғындары ұстаздың құрметіне көлдін атауын «Мұғалімдік» деп өзгерктені туралы мағлұмат келтіреді (2: 199).

1896 жылы Ахаң мен Бадрисафа Қарқаралыға келеді. Қарқаралыдағы күндері тарих парақтарынан белгілі. Алты Алаштың ардактысының бұл қалада атқарған қоғамдық қызметі туралы толық мәліметтермен тарихшы М.Құл-Мұхаммедтің «Алаш ардагері Жақып Ақбаев» атты зерттеуімен танысуға болады. Осы кітапта: «Байтұрсынов 1909 жылғы 1 шілдеде тұтқынға алынып, тұрмеге қамалды», – деп жазылып, бұл мағлұмат: «А.Байтұрсыновтың зайыбы Бадрисафа Байтұрсынова Дала генерал-губернаторына телеграмма салып, онда А.Байтұрсыновтың Қарқаралыда қамауға алынып, Семейге жөнелтілгенін, тұрмеде отырғанын хабарлаған. Ол А.Байтұрсынов жөнінде партиялық негізде қазақтар жалған айып тақты деп санаған еді. «Енді күйеуіме «қырғыздарды өкімет орындарына бағынбауға итермеледі» деген айып тағылып отыр дейді. Осындағы ауыр айып тағылғанына қарамастан тергеу осы кезге дейін жүргізуге кірісілген жоқ» (КР ОММ. 64-к., 5832-ic. 51-52-п.). Ол тергеу жүргізудің тездетілуін, ал егер оған негіз жоқ болса, оны қамаудан босатуды сұраған. Алайда телеграмма: «Босату туралы отініш қабылданбасын» деген бұрыштама соғылды», – деп толықтырылған (3: 54–55).

А. Байтұрсынұлының: Қош, сау бол, Қарқаралы жуылмаған, Айдай бер, қалса адамын, құылмаған, – деп басталатын өлеңі ақын-азamat өмірінің осы кезеңінен хабар береді.

1910–1917 жылдары Орынбор қаласына жер аударылып, бақылауда жүрген А.Байтұрсынұлы жеке еркіндігінің осыншалық шектелуіне қарамастан патша өкіметінің қазақ халқын экономикалық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік-рухани жағынан да отарлау саясатына, халық санасының жойылуына, оның діні, тілі, ділінің корлануына қарсы нақты істердің басында болды. Баршаға белгілі себептермен тәуелсіздігінен айрылған еліміздің ұзақ үақыттан кейін мемлекеттік құрылымға ие болуының алғашқы мүмкіндігі

Алаш әдебиеттандырылған жаңынан

пайда болған шақтарда асқан көреген де білгір саясаткер екендігін танытқан А.Байтұрсынұлына қазақ халқы мәнгі борыштар екенін де үмітпағанымыз жөн.

Бұл туралы жоғарыда аталған кітапта: «Алашорда қайраткерлері халықтардың өзін-өзі билеу құқығын жариялад қана қоймай, сонымен бірге Түркістан автономиялы республикасын құрып, РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанынан қазақ бөлімін ашқан совет өкіметі жағына көз тікті. Байтұрсынов совет өкіметі жағына шығып, Қазақ әскери-революциялық комитеті мүшелерінің бірі болды. Ол Алашорда қайраткерлерін совет құрылсына тарту жөнінде белсенді қызмет жүргізді. Алашорда бағдарламасын іске асырудың басқа жолы болмағандықтан, ол оны советтік автономия арқылы жүзеге асыруға болады деп санады»(3: 85) – деп жазылған.

А.Байтұрсынұлы қандай қыын-қыстай жағдайға тап болса да ұлт мұддесін, серіктестерін ешқашан сатпағанын, адамгершілік-азаматтық бағытынан ауытқымағанын, Қазақ өлкесі Әскери-революциялық кеңесінің қазақ халқын біркітіру және оны совет өкіметі жағына тарту туралы мәселені қаралған 1919 жылғы 27 қазанды өткен мәжілісінде сөйлеген сөзі арқылы тағы да дәлелдеді. Осы мәжілістің хаттамасында кездесетін: «Байтұрсынов жолдас мыналарды ұсынды: 1) Қазақ ревкомы қырғыздарға совет өкіметінің қырғыз халқына жалған емес, шын мәнінде автономиялық өзін-өзі басқаруды бергенін айқын көру үшін дербес іс-қимыл қөрсететін болсын; 2) барлық қазақтарға, соның ішінде, ақтар жағында совет өкіметіне карсы қүресіп жүрген Торғай және Орал алашордашыларына совет өкіметі жағына өткен жағдайда кешірім жариялансын; 3) жергілікті жерлерде совет өкіметі халық сенімін қамтамасыз ететін мейлінше ақылға қонымды іс-әрекет жасауға және сол арқылы ақтар жағында жүрген және совет өкіметіне сенбестікпен қарайтын адамдардың совет өкіметі жағына етуіне жәрдемдесуге шаралар қолданатын болсын» (3: 85), – деген жолдар осының айқын айғағы.

Жалынды да ойлы көсемсөз шебері, баспағер әрі үйімдастырушы Ахмет Байтұрсынұлы өзі күрган «Қазақ» газетін осы тұрғыдан пайдалануды ұсынып, бұл басылымның алдына қойған мақсатын «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп тап басып қөрсетті. Бас редактор ретінде ол сол кездегі білімді, зерделі азаматтардың басын қосып, оку-ағарту, ұлт, жер мәселелерін батыл көтерді.

Бұл газеттің қазақ ұлты тарихында алатын орны қандай? деген сауалға жауап іздегенде, *М.Әуезовтің 1923 жылы жазған төмөндегі пікірі* бірден ойға оралады: «Қазақ» газетінің сүтін еміп өсken бір

Айгул ICIMAKOVA

быун осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жасаң быун Ақаң салған өрнекті біліп, Ақаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығына жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ақаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырга тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш.

Қазақ, жастарының ардақты тәрбиесінде Ақаң сөйлегенде, менің есіме «Қазақ» газетінің ауендері түседі. Жас бұйнның жаңа туын келе жатқан алсіз ойын «жол мұндалап», жетегіне алты бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабагын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын. Бөтен қалада қыр есіне түсін, елін ойлан жүрген балага «Қазақ» газеті аудылынан келген сәлемдемедей болатын, ел басына келген бланің атын білмей, түсін танымаса да, елі мінген ескегі жоқ қайықты теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жесел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала да сезетүгзын.

Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім үйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртпін, күзгі таңының салқын жеселіндей ширықтырган, етек-жесін жигизған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жсаны кім еді? Ішіндеғі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін, үйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызыңдан оятамын деп, ұзақ бейнепті мойнына міндет кылып алған Ақанның екпіні болатын» (4: 69).

Осы орайда КР ҰFA корреспондент-мүшесі *Кеңес Нұрпейіс* былай дейді: «*Міржасақыптың «Оян, қазагындағы», Ахметтің «Масасындағы» ұлттық намысты қайрау, халық санасын ояту идеялары «Қазақтың» беттерінде нақтыландырыла, откірленедіріле түсті.* Осы арқылы олар халық арасында отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуалды қалыптастыруды» (5; 11).

Халқымызды жарқын болашаққа бастауға бар ғұмырын арнаған Ақаның есімі тек XX ғасырдың сонындаған ез елімен қайта қауышты. 1988 жылдың 4 қарашасында Қазақ КСР Жоғарғы Соты «А.Байтұрсынұлының қылмысы жоқ» деген шешім қабылдан, оның актальына жол ашты.

ҚКП Орталық Комитетінің «Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жусіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» (1988) Қаулысы қазақ елінің рухани өміріне үлкен серпіліс экелді. Бұл есімдерді бұрын естімеген біздің ұрпаққа көп кешікпей осы тізімді жалғастырып акталаған Ш.Кудайбердіұлы.

Алаш әдебиеттануы

Ә.Бекейхан, С.Сәдуакасұлы, М.Дулатұлы, Ж.Ақбай, Қ.Кеменгерұлы, F.Қарашұлы, Х.Досмұхаметұлы, М.Тынышбайұлы, т.б. қайта басылып шыққан кітаптарындағы тұжырымдылық пен дәлдік, мазмұндылық, көркемдік пен шеберлік ерекше есептті.

Ұлт ғылыми, мәдениетін, әдебиетін жаңа, биік деңгейге көтерген осынау буынның Темірқазығына айналған тұлға Абай екені олардың арнайы мақалаларынан байқалады. Бұл – классикалық мұраны мойында, оны түсінуге және әрі қарай дамытуға ұмтылыс еді. Осы топтың басшыларының бірі А.Байтұрсынұлы реформаторлық түрғыдан мақаласының атына өзекті, өзінің замандастарығана емес, бүтінгі XXI ғасырда мойындалып отырған тұжырым қояды яғни Абайдың «Қазақтың Bas aқыны» екенін өзге жүргізу да, өзімізге де жете үшіндырады.

Осы зерттеуінде А.Байтұрсынұлы классикалық мұраның кейінгі казақ әдебиетіндегі орнын нақтылап берді. Бұғынға абайтанушыларға сара жол нұсқап, Абай шығармашылығының өзіндік ерекшеліктерін терең ғылыми негізге сүйене отырып, тұнғыш рет ашып көрсетті: «Сөзі az, магынасы көп, терең... Не нәрсе жайынан жазаса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қарман жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халықта тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады» (1: 154). Аталған мақалада Ахмет Байтұрсынұлы сонау 1913 жылдың өзінде-ақ «шығармашылық» категориясы ұғымына нақты теориялық анықтама берді: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сынши боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Үнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек. Магыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы ушеуі де болған», – деген ой корытындысын жасайды (1: 158).

Демек, қазақ әдебиеттануында абайтанудың берік іргетасы осылай қаланды. «Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге бойына біткен зеректіктің устіне Абай әртүрлі Еуропа білім иелерінің кітаптарын көп оқыған... Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жүрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың сөзін мын қайтара оқып жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейір өлеңдерінің мағынасына түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар. Тіпті «Осының мағынасы не?» деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, айтудың еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда... Оған оқушы түсінбесе, ол Абайдың үздік, ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» (1: 162) – деп

Айгүл ІСІМАКОВА

түйіндеген Ахмет Байтұрсынұлының мұндай ойларын өзгеге өсінет ретінде ұсынып қана қоймай, өз шығармашылығы арқылы іске асырғанына оның «Қырық мысал» мен «Маса» жинақтары дәлел.

Бұл суреткерлік көзқарастың А.Байтұрсынұлы стиліне тікелей әсер еткенін М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтың «Абай» журналының 1918 жылғы 5-санында «Екеу» деген бүркеншік есіммен жарияланған «Абайдан соңғы ақындар» деген мақаласында қазақтың Бас ақынынан кейінгі орынға қоюға болатын тоғыз ақынның есімін атап, оларды үш жіккө бөлүйнен аңғарамыз: «Екінші жіктің өлеңшілері – Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шаһкәрім, Бекет Өттепілеуов. Бұлардың өлеңінің сырты төгілген, сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен тәрбие-әсері аз, ақылга азығы бар. Бұлар – халықшыл (народник) ақындар. Ана ақындардан бұлардың сөзінің халықта бір атасы жақын тұрады,

...Ойна сөзі дәл, тілге жайлы, көркем, халықтың керегіне, кемшилігіне гана арналған өлеңдер Ахмет Байтұрсыновтікі. Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билеп, қиял ермегі айдан шыгармайды. Ойды оятуға, миды сергітуге, мұңлы, мұқтаж, терең мақсат түртпін шыгарады. Біресе ызамен зекіп айтып, біресе зарланып, шермен айттып, біресе ақыл қылып, сипап айттып, не қылса, халықтың көзін ашпақ. Өлеңінде толғанған ой, толқыған шердің көп ізі бар, бірақ бұған қарап, қиялды шалқып, шарықтап кеттейді. Ылғи халықтың нәзіктенбеген сезімімен, жетілмеген ұғымымен есептесіп отырады. Ахметтің көзге түсірлік бір өнері – переводқа шеберлігі» (6: 93–94) – деп ақынның жазу тәсілінің мазмұндылық түрін атап айтады.

«Қырық мысалдың» үзінділөрі 1909, 1913, 1922 жылдары баспа бетінде жарияланды. Бұл мәтіндерде «Крыловтан аударылды» деген түсініктемені кездестірmedік. Бұдан біз мысал жанры сиякты әлем әдебиетіндегі ортақ сюжеттерге жазылған туындылардың сол сюжетті пайдаланушы автордың төл туындысы болып табылатыны әдебиет теориясы мамандарының тарапынан дәлелденген, ғылымда орныққан, дау туғызбайтын тұжырым екені А.Байтұрсынұлына мәлім болғанын байқаймыз (7).

Шығыс әдебиетінің көне дәуірдегі улгілерінен мысал жанрының барлық халықтарға ортақ казынаға айналған дәстүрлі сюжеттері табылатыны мәлім. Дегенмен, қазақ ақын-жазушыларының мысал жанрында қалам тербеуіне И.А.Крылов шығармаларының әсері болғанын да мойындауға тиіспіз.

Орыс әдебиетімен жақсы таныс А.Байтұрсынұлының мысал

Алаш әдебиеттандырылған жаңынан

жанрына көңіл бөлуі де тегін емес еді. Мысал жанрының шағын көлемді туындылары арқылы маңызды ойлар айта білудің, оны астарлап сөйлетудің мүмкіншілігі зор екендігін жете сезінген А.Байтұрсынұлы әлеуметтік ортага саяси, зерделі ықпал ету үшін «Қырық мысал» жинағын 1909 жылы Петербургте жариялады.

Бұл кітапқа енген мысалдар көлемімен де, сюжеттік дамуымен де өзге сез зергерлері туындыларынан дарапанып тұрғаны айқын. Жоғарыда атап өткеніміздей, зерттеушілердің айтуы бойынша, бұл мысал жанрындағы негізгі заңдылықтардың бірі. Бұрыннан белгілі сарынның негізінде дүниеге келген мысал сол автордың шеберлігінің арқасында төл туынды болып кете беруі түсінікті жай. Оған дәлел – Эзоп, Федр, Лафонтен, Крылов мысалдарына арқау болған сюжеттік жүйенің ортақтығы.

XIX ғасырдың соны XX ғасырдың басында бұл жанрдың қазақ әдебиетіндегі кең орын алудына Абай, Ыбырай, А.Байтұрсынұлы, С.Көбеев, Б.Өттепілеуов, А.Құрманбаев, т.б, ақын-жазушылардың айтулы үлес қосқаны аян.

Атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы мысалдарында халықаралық сюжеттік жүйенің мазмұны қазақ өміріне бейімделінген, сол кездегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік сұранысына қажетті ойлармен толықтырылып тұр. Крыловтың «Шымшық пен Қөгершін» атты мысалды А.Байтұрсынұлы отыз екі жолға дейін ұлғайтып, мұлдем басқа туынды деңгейіне көтереді. Ақын өз жанынан қосқан ойлары арқылы бұл мысалды қазақтың төлтума рухани мұрасына айналдырыды.

Мұндай ерекшелік «Өзен мен қара су» мысалына да тән: Мензеймін қара суды, қазақ, саған, Талпынбай талап ойлап, қарап жатқан. Барады қатар жүрттың бәрі озып, Ілгері жылжымайсың жалғыз аттам. Оянып, жан-жагыңа сал көзінді, Тұбіне жетпей қалмас қамсыз жатқан (1: 94).

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыштары мен жақсы-жайсандарының ел қамы үшін белсенді саяси әрекетке баруына түрткі жасау мақсатын А.Байтұрсынұлы «Малшы мен Маса» мысалында былайша нақтылай түседі: *Мысалы, қазақ – малиш ұйықтап жатқан, Жыланды пәле делік аңдып бақсан. Пәленің түрін көретін мен – Сарымаса. Халықты оянын деп сөзбен шақсан. Ойлаймын: «Осы соз де жетеді, – деп. Қатты айтсам, сөзім батып кетеді, – деп. Ұйқысы ашылмаган жұрт өзімді, Қорқамын Сары масадай етеді деп* (1: 96).

Академик Р.Нұргалиев «Ақжол» жинағының алғысөзінде қазақ

Айгүл ІСІМАҚОВА

акын-жазушылары мысалдарының ерекшеліктерін: «Абай аудармалары Крылов тұпнұсқасымен дәлме-дәл келеді. Спандияр Көбеев 8 мысалды қарасөзben баяндаған. Ал, Ахмет Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанымен, жаңа ойлар айтылады... Крыловтың он жолдық «Шымшық пен Көгершін» мысалы Ахмет Байтұрсынов аудармасында отыз екі жолдан тұратын жаңа шыгарма. «Өгіз бен Бақа» орысшада – 17, қазақшада – 36 жол. «Қасқыр мен Тырна» орысшада – 19, қазақшада – 76 жол. «Арыстан, Киік һәм Тұлкі» орысшада – 35, қазақшада – 56 жол «Қасқыр мен Қозы» орысшада – 37, қазақшада – 68 жол. «Ағаш» орысшада – 31, қазақшада – 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді. Бұрын емеуірін, ишара, мензеу, астар, мысалмен берілген ойлар «Маса» (Орынбор, 1911) кітабында ашық, анық, айтылады» (8: 7) – деп анықтай түседі.

Бұған біздің қосатыннымыз, А.Байтұрсынұлы мысалдарының көлемді болуына олардың әрқайсысының мысалдық және түсініктемелік бөлімдерден тұратыны себеп болған. Мысалы, 7 шумақтан тұратын «Екі бөшке» мысалының 4 шумағы түсініктеме болып табылады, ал 36 тармақтық «Қара бұлт» мысалының 2 бөлімінің әрқайсысы 18 тармақтан тұрады. 6 шумақтан тұратын «Малшы мен Маса» мысалының соңғы бөлімі 3 шумақтан құралған. Яғни басты ой кейін түйінделіп корытынды ретінде ұсынылады.

Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағындағы «Сөз иесінен» атты беташар өлеңінде «Маса» деп отырганы өзі екенін ұғыра келіп, автор өз шығармашылығының басты нысанасын: Ызындал ұшқан мынау – біздің Маса, Сап-сары, аяктары ұзын Маса. Өзіне біткен түсі өзгерілмес, Дегенмен, қара яки қызыл Маса (1: 98) – деп атап көрсетеді. Бұл жинаққа «Маса», «Сөз иесінен», «Жазушының қанағаты», «Тұысыма», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Достыма хат», «Жиған-терген», «Анама хат», «Тілек батам», «Жауга түскеннің сөзі», «Адамдық диқаншысы», «Бақ», «Тарту», «Қа... қаласына», «Жұртыма», «Жұбату», «Н.К. ханымға», «Ақын ініме», «И.Б. жездеме хат», «Жауп хаттан», «Ғылым», «Замандастарыма» сияқты төлтума өлендерімен қатар Вольтер, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ю.В.Жадовская, С.Я.Надсон сияқты Ресей мен Еуропа ақындарының өлендерінен аудармалар мен автордың үш мысалы енген екен.

Ақындыққа өзінің де таласы барын А.Байтұрсынұлы «Оқу құралы» жинағының беташары ретінде жазылған «Тарту», «Ер Сайын» жинағына алғысөз іспетті «Г.Н.Потанинге тарту» өлендерімен паш етті. Ақынның бүкіл шығармашылығына терең ішкі мазмұн

Алаш әдебиеттануы

мен сыртқы түрдің үйлесімділігі тән, соған сәйкес ол туындылардың өзіндік сипаттары да айрықша.

Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының «*Оқу құралы*» (Қызылорда, 1926) «*Биисми-иллаһи-рахмани-рахим*» сөзімен ашылса, ақынның өлеңдерінде кездесетін діни түсініктер (Алла, Құдай, аят, хадис, Лаухул-Магфуз, Иман, Лат-Манат, он екі имам әулие, жиырма сегіз әмбие, т.с.) мен діни аңыз кейіпкерлерінің аты (Әбіл мен Қабыл) оның діни білімінің де жоғары екенін айқындаі түседі.

Өлең ақынның ішкі өмірінің айнасы болса, Ахмет Байтұрсынұлының лирикалық кейіпкерінің қолданатын сөздерінің діни маңыздылығы да оның осындай мағыналы, терең концепциялы тұжырымдарды қолдана білуіндегі. Бұндай сөздер елдің бәріне түсінікті болмауы да мүмкін. Ол үшін белгілі білім деңгейі қажет. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыштары сол кездегі шарттарға сай мұсылман білімін менгергендері мәлім.

Төмендегі өлең жолдары – қоғам мен тұлға арақатынасы күрделілігінің көрінісі, азаматтық лириканың үлгісі яғни автордың әлеуметтік ортага деген көзқарасы да Абай көтерген қоғамдық ойлармен қабысады: *Қазық бол жұртқа, Қорған бол сыртқа, Кім ойлады намысты? Бұ неткен жұрт үйқышыл?! Болсын кедей, болсын бай, Жатыр бейқам, жыым-жырт, жай!* (1: 112).

А.Байтұрсынұлының лирикалық кейіпкері шындықты айтады, ол – білімге, жігерлікке үмтүлған намысшыл ел корғаны. Бұл өлеңдерге дейін елін сынап отыру, оның кейбір кемшіліктерімен күресу, елі үшін құнірену Дулат, Шортанбай, Махамбет, Шернияздың өлеңдерінде кездескенімен, еліне қамқоршы бола білу, өзін елі үшін жауапты санау Абайдың ғана өлеңдерінде айқындалған эстетикалық мұрат еді. А.Байтұрсынұлының ақындығы Абайдан мирас болып қалған классикалық поэзияның осы жағын, осы әуенін дамыта түскен. Лирикалық кейіпкер елін маса болып шағып, оның намысын, жігерін оятуға бет алған. Сондықтан болар, азаматтық сарыны басым бұл өлеңдер сол кездегі зиялыштарға ерекше әсер еткені белгілі.

*Қазагым – елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жсаның,
Аш көзінді ояны!
Қанған жсоқ па елі үйқың?
Үйықтайтын бар не сиқың?* (1: 114).

Айгүл ІСІМАКОВА

А.Байтұрсынұлының біліктілігін, ойлау жүйесінің кеңдігін, оның тіршілікке деген көзқарасын «Тілек батам» атты өлеңінен аңғаруға болады: *Я, Құдайым! Аққа жақ!* Өзіңде аян: *мен нақақ. Аққа деген жсолымның Абыройын ашпай, жап.* Аят пенен хадисте *Адал ниет, ақ іске, – Жаңылмасам, жоқ еді* – «Жаза тартсын», – деген бап (1: 116).

Мұны көріп көзіміз. Бірігер деп сөзіміз. «Кен болар» деп балшықты. «Көл болар» деп шалшықты біз үмітпен қазып ек. Дәреті жсоқ аяқтар. Қорсылдаған саяқтар былгамасын қасыңды. Қасиетті басыңды. Дегеніміз болмаса. Қазақта не жазып ек?! (1: 117).

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы яғни араб алфавитінін негізінде ұлттық әліппіге реформа жасап, өзгеріс енгізуі, қазақ тіл білімінің терминдерін алғашқы болып қалыптастыруы және оның негізгі салаларын: дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) тереңдей зерттеп, бірнеше оқулыққа арқау еткен еңбектері өз замандастары тарарапынан лайықты бағасын алып қана қоймай, күні бүгінгे дейін маңызын жойған жоқ.

А.Байтұрсынұлының төмендегідей ғылыми еңбектері болғаны мәлім: Тіл құралы. 1-бөлім. Фонетика; 2. Тіл құралы. 2-бөлім. Морфология; 3. Тіл құралы. 3-бөлім. Синтаксис; 4. Әдебиет танытқыш; 5. Баяншы, методикалық жазбалар; 6. Тіл жұмысар. 1-бөлім. Практикалық грамматика; 7. Тіл жұмысар. 2-бөлім. Практикалық грамматика; 8. Оку құралы (балалар әліппесі); 9. Әліппе; 10. Сауда ашқыш (ересектер әліппесі); 11. Әліппе-астар (Әліппеге методикалық нұсқау); 12. Оку құралы (хрестоматия) (Т.Шонановпен бірге). 13. Ер Сайын; 14. 23 жоқтау;

Ж.Бектұров Ә.Ермековтен алған мәлімет бойынша Ахаң Мәскеуге Ә.Бекейханға тағы бір кітабын жіберген. Екінші данасы Бадрисафада қалған (9: 12–13). Бұл кітаптың да тағдыры белгісіз. Бұл туралы алдыңғы «Алаш зияллылары және ғылым» тарауында тоқталдық. Кезінде М.О.Әуезов 1923 жылы ауызға алған, қазір зерттеушілер тарарапынан сөз болып жүрген «Мәдениет тарихы» атты еңбегін табу үшін жасаған әрекеттеріміз нәтиже бермеді. Бірақ бұл еңбектер еш кетпей, басқа біреулердің атымен жарияланып, халық мұрасына айналды деген болжам бар...

ХХ ғасырдың 1920–1930-жылдарында соңы қоғамдық-экономикалық формацияның қалыптасуы, жаңа үкіметтің орнығы, халықты жаппай сауаттандыру үшін қолға алынған жан-жақты оқу-ағарту шаралары қауырт түрде жүзеге асып жатты. Алайда бұрындары

Алаш әдебиеттануы

арнаулы оку орындары, мектептер аз болғандықтан, әр саладағы окулықтар жоқтың қасы болғаны мәлім.

Сондықтан да сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу Алаш зияллылары мектепке окулықтар жазуға белсене атсалысты. Оны өздерінің тікелей міндепті, перзенттік парызы санай отырып, өзге қыруар қоғамдық-мемлекеттік қызметтерімен ұштастыра білді. Белгілі жазушы, қоғам қайраткері Жүсілбек Аймауытулының «Психология» (1926), ақын Мағжан Жұмабайдың «Педагогика» (1927), жазушы Мұхтар Әуезовтің Казнаркомпростың ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен «Новый аул. Русский букварь для казахских детей» (1929) атты окулықтарының жариялануы соның айғағы.

Жоғарыда келтірілген тізімге назар аударсак, А.Байтұрсынұлының лингвистикалық еңбектерінде бүтінгі қазақ тілі теориясының негізі қаланып, бізге үйреншікті категориялар алғаш рет қалыптастырылып, қолданысқа енгізілгені айқын көрінеді. А.Байтұрсынұлының 1914 жылы Орынборда басылып шыққан «*Til құралы*» атты еңбегі төмөндегідей тараулардан тұрады: Сөз мүшелері. Қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың харіфтері. Жазу қағидалары. Атауыш сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік). Шылау сөздер (үстеу, демеу, жалғаулық, одагай сөз). Тарау сонында берілген «Қорытуда» ғалым зерттеудің тоқетерін айтады: «Сейтіп, сөздер тұлғасына қарай бескे бөлінеді: 1) түбір сөз, 2) туынды сөз, 3) қос сөз, 4) қосалқы сөз, 5) қосымшалар. Сөздер мағынасына қарай тоғыз тапқа бөлінеді: 1) зат есім, 2) сын есім, 3 сан есім, 4) есімдік, 5) етістік, 6) үстеу, 7) демеу, 8) жалғаулық, 9) одагай.

А.Байтұрсынұлы – қазак балаларының ана тілінде сауат ашуына нақты мүмкіншіліктер тудырған бірден-бір ғалым. «Ана тілі» деген терминді де өзі ұсынғанын біз есте сақтауымыз қажет. А.Байтұрсынұлының «*Әліпбій*» мен «*Оку құралы*» тұнғыш әліппеміз болса, оның бірнеше рет қайта басылуы сол кездегі білім беру жүйесі үшін аудайдай қажет құндылықтарға айналғанына көз жеткізеді.

Теоретик А.Байтұрсынұлының таза ғылыми зерттеулермен шектелмей, құнделікті сұранысты өтейтін окулықтар жасау арқылы да пайда әкелуге мән беруі яғни сол ізденістердің нәтижелерін колданыстан шыкпайтын өміршеш окулықтар арқылы қалың бұқара игілігіне асыруы – білім беру саласындағы тамаша іскерліктің үлгісі.

А.Байтұрсынұлының араб таңбаларын Қазақ тілінің фонетикасына сай қолданған жүйелі графикасы 1924 жылы ресми қабылданған. Өзге түркі халықтары (өзбек, татар, т.б.) да оны тұнғыш

Айгүл ІСІМАКОВА

улгі ретінде қабылдады. Осы орайда ғалым Р.Сыздықованың сөзіне жүгінсек: «А.Байтұрсынов ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ-орыс мектептерінде де қолданыла бастаған» (5: 34).

Ұлт тіліне лайықталып реформаланған араб таңбаларын латыншага ауыстырудың тиімділігі жоқ деген пікір айтқан А.Байтұрсынұлы бастаған зиялды топқа «ұлттышыл», «пантуркист», «панисламист», «советке қарсы» деген айыптар таңылды.

Араб жазуы тікелей ислам дінімен байланыстырылып, ғалымның сан жылғы еңбегі жоққа шығарылды. Уақыт көрсеткендей, латын жазуының да тағдыры ұзаққа бармады. А.Байтұрсынұлының Құран әріпттерінен тұратын, ғылыми негізі дәлелденген «жаңа емлесін» латын әріпттерімен, одан кейін кириллица таңбаларымен алмастыру халқымыздың сан ғасырдың ескерткіштері болып табылатын бағалы жазба мұраларынан қол үзіп қалуымызға экеліп соктырды.

Ana тілі жазуының реформаторы енгізген, араб жазуының таңбалары негізінде жасалған қазақ әріпттері – жат жүргіттарға қоныс аударуга мәжбүр болған (Қытай, Ауган, Иран, т.с.с. шет жүргіттарда тұратын) қандас бауырларымыздың XX ғасырдың 1910-жылдарынан бастап, осы бүгінгі күнге дейін қолданып келе жатқан графикасы. Олар осы төте жазумен тек сауатын ғана ашып қоймай, кітаптарын да шығарып келеді. Бұл – ғалымның араб таңбаларын қазақ тілінің жазылуына, оқылтуына, баспа ісіне толық бейімдеп кеткенінің және осы жүйенің өміршенделгінің басты дәлелдерінің бірі екені сөзсіз.

Қазақ халқының әліппесі Алланың кітабы – Құран әріпттерімен үндес екенін дәлелдеп кеткен А.Байтұрсынұлының бұл ғылыми жаналығының мәнін біз елі толық мойындармай келеміз. Оның үстіне, бұл – ғылыми мәні зор, мұсылман елдеріне үлгі болатын бірден-бір дәйек.

А.Байтұрсынұлының термин жасау саласында атқарған ғылыми жұмысына да ерекше назар аударған жөн сиякты. Лингвист-ғалым қазақ тілін талдап, тану саласында ғана төңкеріс жасап қоймай, оның салаларына (фонетика, грамматика, т.б.) қатысты категорияларды қазақша анықтап берді.

Бүгінгі ғалым-тілшілер қолданып келе жатқан лингвистикалық атаулар мен парадигмалар А.Байтұрсынұлынің екені айтылмай, қолданылып келді. Оларды атап айтсақ: зат есім, сын есім, етістік, есімдік, анықтауыш, одағай, үстене, шылау, бастауыш, баяндауыш, сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз, леп белгісі, сұрау белгісі, т.с.с.

Алаш әдебиеттануы

«пән сөздері». Әрқайсысы сол өзі атауы болып тұрған категорияның мағынасын дәл білдіріп тұр. Бұлардың осыншама уақыт бойы авторы аталмай, қолданылып келгені – ғалымның ғылымға енгізген жаңалығының тарих сыйниан өткен лингвистикалық дәлдігі және енбекінің зия кепегенінің тағы бір дәлелі.

А.Байтұрсынұлы атқарған қоғамдық қызметтің бір саласы – қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, баспаға дайындау, жарыққа шыгару болды. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, оны жарыққа шығарудың мән-манзызын жете ұғынып, өздерінің міндегі деп санаған азаматтардың катарына XIX ғасырдың соңында қосылған А.Байтұрсынұлы 1895 жылы «Тургайская газетаның» №39 санында «Киргизские приметы и пословицы» деген мақала жариялайды.

1923 жылы Мәскеу қаласындағы Үлттар комиссариатына қарасты Күншығыс баспасынан жарық көрген «Ер Сайын» жырын баспаға дайындаған – А.Байтұрсынұлы. Бұл кітап Г.Н.Потаниннің 80 жасқа толуын құрметпен атап өту үшін дайындалғандықтан, оның беташары ретінде А.Байтұрсынұлының «Г.Н.Потанинге тарту» өлеңі берілген. Соңында «Қыр баласының» яғни Әлихан Бекейханнның мерейтой иесін қазақ оқырмандарына жете таныстыру үшін атақты орыс ғалымының өмірбаяны, ғылыми қызметі, халқымызға сінірген ерен енбегі жайында баяндаған көлемді мақаласы және «Ер Сайын» жырының жиналуды, жыр мазмұны жөніндегі қысқаша түсініктеме-мәліметі келтірілген.

Ахмет Байтұрсынұлы жинап, сұрыптап, бастырған асыл сез үлгілерінің екінші бір топтамасы – 1926 жылы Мәскеуде жарияланған «23 жоқтау». Оған енген туындылар белгілі тарихи тұлғалардың өмірлері мен қызметтерінен хабар береді. Аханның Кенес өкіметіне деген көзқарасы осылай айғақталған. Басқалар ұрандап жатса, Ахан мен Ә.Бекейхан ата-баба жоқтауын алға тартқан. А.Байтұрсынұлы сол кездегі Ресей ориенталистермен іскерлік байланыста болғаны, мысалы, А.Е.Алекторовпен жүздескен.

Ғалым қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін, өзі айтқандай, «ел аузындағы тілді» жетік білгенінің арқасында музыка өнеріне қатысты мағлұматтардың да кейінгі ұрпаққа жетуіне атсалысқан.

А.Затаевич 1925 жылы Орынборда шықкан «Қазақ халқының мың әні» деген кітабында Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әндерін жақсы білетіндігін әрі шебер домбырашы болғанын, оның өзіне етene таныс Торғай, Ақтөбе, Бекей Ордасы, Қарқаралы өнірлерінде айтылып келген әндерді қағазға түсіруге көмектескенін, бірнеше күйді өзі орынданап бергенін жазған: «Но мог ли я пройти равно-

душно мимо тех сокровищ, которые так неожиданно передо мною открылись? Культурному миру они до сих пор оставались совершенно неизвестными, а между тем их уже коснулась гибельная рука вымирания! Нужно было спешить с записью того, что еще осталось целым! Понятно, что довести эту громадную работу до конца можно было только при помощи целого ряда сведущих и сочувствующих ей лиц. Из них я особенно себя считаю обязанным... А.Байтұрсынову и А.Н.Букейханову, высоко компетентными указаниями и пояснениями которых я лично руководствовался» (10: 22).

Қазақ тіл білімі ғылыминың теориялық негізін орнықтырған Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының дамуына мұрындық болған іргелі ғылыми зерттеулердің де авторы. Бұл тұста, ең алдымен, ауызға «Әдебиет танытқыштың» ілінетіні – заңдылық.

«Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламаларын ойлап тапқан да Ахан: көріктеу, мензеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестьру, дамыту, түйдектеу ... – осылардың бәрінің түп-тамыры Ахаңда жатыр. Мұхтар Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі» дейтін әлдінің әдебиет аясындағы бір нақты да затты көрінісі – осы». «Әдебиет танытқыштың» ең басты бағалылығы осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы», – дейді академик З.Қабдолов (11: 72).

1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» әдебиеттану, оның ішінде әдебиет теориясы саласында қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш ғылыми еңбек екені даусыз. «Әдебиет танытқыш» деп атаудың өзінде үлкен мағына бар. Әдебиет – сөз өнері болса, оны халыққа түсіндіріп, оның көркемдік ерекшеліктерін, адамгершілік, кісілік, яғни имани, ғибратты, рухани сипаттарын таныту әдебиетшілердің, зерттеушілердің қасиетті парызы екенін А.Байтұрсынұлы осы екі сөзбен ғана түсіндіріп кетті.

Әдебиет деген не? Бұл саяулға бүгін дайын жауап бар ма? Осы орайда академик З.Қабдолов былай дейді: «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дene бола ма? Қайтейік, болады деп келдік... Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында Арнау деген бір-ақ түр; шауып шықса, бұған Шешендік сұрау қосылып қана аздан ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлап арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндегі құлпыртып әкетеді.

Алаш әдебиеттануы

Әдеметтегі дәстүр жалгастығының заңына орай осы уш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымда, қысында, кейде *minni* қыыннан қыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайлов та, Қабдолов та) кітаптарымызга кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңа қытты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекеңе сілтеме жасауга мәжсүр болдық...» (11: 72).

Казак өлең құрылышының теоретигі академик З.Ахметов «Әдебиет танытқыштың» құндылығын былай деп анықтады: «Әдебиет танытқышта», негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылышына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор улken тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны туғындытады. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестьру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігүін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ыргақтық құрылыш-жүйесін айқындаі, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады» (12: 64).

Демек, қазақ өлең құрылышының, қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырып берген.

«Әдебиет танытқышта» бұл орайда көркемсөздің тектері мен түрлери «адамның жан қоштау керегінен шыққан» нәрселерге жатқызылады. Адамның жан сақтау емес, жан қоштау керегіне қажетіне бағытталған: «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзben келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, европаша – литература»... Әдебиеттің басқа ғылымдардан айырмашылығын айта кетеді: «Алдыңғы өнердің бәрінін де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзben сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді».

«Әдебиет танытқышта» белгілі әдебиет терминдерінің қазақша баламасы көнілге қонымды әрі сәтті түрде қолданыска енгізілген. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мысалы: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндармасы, қорытпасы» (1: 165). Яғни әр тұжырымның ішкі зандылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденеді.

А.Байтұрсынұлы «Қарасөз бен дарынды сез жүйесі» атты тарауда

карасөз бен көркемсөз аражігін анықтап берген. Сөйлеу түрлерін әдебиетші былай деп болғен: «Жалаң лебізбен айтылған сөзді ғана сөйлеу дейміз де, көрнекі лебізбен айтылған сөзді жырлау – толғау дейміз... Жалаң лебізді сөздерді қарасөз деп, көрнекі лебізді сөздерді дарындысөз деп атап қолайлырақ (1: 252). Осы тұста әдебиетші «бүгінгі әдебиеттану да айтылып жүрген «сөйлеу жанrlары» түрлерін айқындағат береді: «Асылына қараганда, «Қарасөз» деген мен «сөйлеу» деген екеуінің магынасы бір болып, «дарынды сөз» деген мен «жырлау», «толғау» дегеннің магынасы бір болып, бірінің орнына бірі айтыла береді. Қарасөзді шыгармалардың да, дарынды сөзді шыгармалардың да түрлерінің олеңдісі, олеңсіз болады (1: 252).

Б.Байтұрсынұлы «сөз несімен өзіне назар аударады» дегенге былай дейді: «Сөздің асыл болуы – ұнауымен. Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз магына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігі әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады» (1: 253). Осы екі түрлі сөз жүйесінің айырмашылығы туралы: «Сөзді жалаң түрінде айтқанда, күш көбінесі зейін жағына салынып, пайым терең, магына күшті, пікір дәлелді болып, айтылған сөз адамның ақылына қонуы пікір дәлелді болып, айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек кезделеді. Сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қыыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып сөз есерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді». Себебі, «Сөз ақылга қонады шындығымен, көңілге ұнайды өңі үйлестігімен, өң үйлесуін жарапастық, келістік дейміз. Келістік – көрік негізі» (1: 253). А.Байтұрсынұлының келесі тұжырымдары да бүгінгі әдебиеттануға қажетті болып табылады: «Жалаң сөз нәрсені тиіс жағынан алып, пайым бойынша сөйлейтін шындық сөзі, шын әңгіме болады. Көркемсөз нәрсені түйіс жағынан алып, қиял бойынша сөйлейтін, шын емес, шыгарғы әңгіме болады. Көркемсөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі. Жалаң сөз – зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркемсөз – қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркемсөз дүниені көңілдің түйгөн, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айтады» (1: 255).

Көркемсөз несімен көркем? Оның басқадан ерекшелігі nedе? Оған былай делінген: «Көркемсөз – айтқаның ақыл табуынша дәлелден, мәністеп, қақиқат түрінде айтады. Көркемсөз – айтқаның қиял меңзеуінше бейнелеп, әліптеп, көбінесе үйгару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады. Көркемсөз болуга ықтимал деген нәрселерді де алып сөз қылады;

Алаш әдебиеттануы

қатты қысынын келтіріп, болмаган нәрсені болғанга, жоқ нәрсені барға үйгарып сөз қылады. Қысынын келтіріп, қиялдан тұгызып әдемі әңгіме шығару ақындық дарыган адамның гана қолынан келеді. Жалаң сөзді қарасөз делініп, көркемсөздің дарынды сөз деп атап мәнісі осыдан» (1: 255). Бұл ойын А.Байтұрсынұлы нақтылай түседі: «Қарасөз – жаратынды, тиіс ғалам тұрасындағы әңгімеде, дарынды сөз үйғарынды түйіс ғалам тұрасындағы әңгіме».

«Тиіс ғалам тұрасында сөйлегенде, жай күйінде жабайы тілмен тиісін айтамыз. Түйіс ғалам тұрасында сөйлегенде, көңіл түюінше өң беріліп, дем беріп, көрнекі тілмен айтамыз. Бірақ тиіс ғалам тұрасында сөйлегенде де айқындық үшіп ажарлау керек болса, жалаң лебіз орнына көрнекі лебіз жұмсалады». Ең басты айырмашылық былай деп берілген: «Дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қарасөзден адам тек ұғым алады» (1: 255). Бұл басқа әдебиеттерге де ортақ екені туралы: «Арабша қарасөзді шыгарманы насыр деп, дарынды сөзді шыгарманы назым деп айтады ... қазақша айтқанда, қарасөз, дарындысөз деп жүгінеміз» (1: 255).

Қарасөзден адам тек ұғым алады екен. Осы тұста бұл ұғым түрлері аталған: 1) «Ес» ұғымы яғни еске керек ұғым. 2) «іс» ұғымы яғни іске керек ұғым» (1: 256). Осы ретте А.Байтұрсынұлы М.Бахтиның «Эстетика словесного творчества» еңбегінің басты қағидаларын сонау XX ғасыр басында қазақша айқындалап бергені таңғалдыра түседі. «Қарасөз нәрсені тиісті жағынан сөйлейді» дегенге келесі ой жалғасқан: «Нәрсе тұрасында тиісінше сөйлеу үшін тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлаганда, оймызы ұғым түрлеріне қарай бірнеше тарапқа бөлінеді: 1) ғалам тарапына; 2) Құдай тарапына; 3) ғылым тарапына; 4) әлеумет тарапына; 5) үгіт-тәрбие тарапына; 6) сын тарапына» (1: 256). Аталған ұғым түрлеріне арнайы талдау берілген: 1. Даналық ұғым жүйесі *сан* даналық пен *салт* даналық деп бөлінген. Бірі ғаламның адам арқылы жетерлік те, бірі жетпестік те жағын зейінге салады. Алдыңғысы *табансыз* даналық, соңғысы *табанды* даналық делініп айтылады). «Сап даналық екі айырықты»: «табансыз» және «табанды» даналық.

1. «Дін» туралы ұғым «ғақаид» – екіжақты делінген: «бірі діннің негізгі тұрасындағы ес ұғым», «біреуі дінге керек іс ұғым» (1: 256). 3. «Ғылым» деген ұғым жүйесінің түрлері салаларына байланысты. 4. «Зейін әлеумет мәселесіне жұмсалып, әлеумет ісіне жсол сілтегендеге, көсемдік ұғым жүйесі пайда болады». 5. «Зейін табылған білімді басқаларға үйрету жсолында жұмсаганда, үгіт-тәрбие ұғым жүйесі пайда болады». 6. «Зейін басқаның ісін таразыға тартып,

ұнамды, ұнамсызын тексергенде, сын ұғымының жүйесі пайда болады». Осы тұста қарасөз түсінігі нақтыланған: «Қарасөз деп осы ұғым жүйелерінен сойлейтін әңгімелерді айтамыз... Қарасөздің табынан түрін айыру керек. Тап жағынан бірге сөз түр жағынан бөлек кетуі ықтимал. Қөптен бері көп жүрттa қалыптанған түрлерін алғанда, қарасөз: 1) әуезе, 2) әліптеме, 3) байымдама болып үш салага бөлінеді» (1: 257).

«Әуезе – болған уакиғадан бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндалап, мағлұмат беру». «Әуезе көбінесе үш тактаға бөлінеді: 1) мәлімдеу, 2) мазмұндау, 3) корыту» (1: 258). Әуезе түрлері: шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме, тарих, тарихи әңгіме. Әліптеме: «Бір нәрсенің түрпатын реттеп айтып, әлібін суреттеп шығару. Дүниедегі түрлі нәрселердің, түрлі адамдардың түрлі қүйлердің бәрін де әліптеуге болады». Әліптеу түрлері: 1) пәнді әліптеу; 2) сәнді әліптеу; 3) жол әліптемесі (1: 262–264). Байымдама зейіндеме: «Көсе сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап. толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма байымдама деп аталады» (1: 264). Байымдама түрлері: 1) пән (ғылым); 2) сын; 3) шешен сез; 4) көсем сез.

Қарасөз бен дарынды (көркем) сөздің айырмашылығын Ахмет Байтұрсынұлы нақтыладап көрсетеді: «Қара сез әдебиетте пікір, сүлде түрінде айттылады. Дарынды сөзде пікір сурет түрінде шығады. Яғни сүлде үстіне өн, ажар, жан, мінез, қылыш беріліп, түрпат, тұлға, тұс бітіп, тірі нәрсе болып шығады. Сондықтан да дарынды сез көркем сез деп аталаң сөздер жалаң сөздер деп айттылады» (1: 258). Ғалым мұнымен шектелмей. Осы екі түрлі сөзді қалай тануға, олардың дұрыстығын қалай айқындауға болады? деген сауалдарға жауап береді: «Қара сөздің сынында пікір дұрыстығы, істің растиқ жағы тексерілсе, көркемсөздің сынында пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі. Көркем сөзді әрі сүлде, әрі сурет – екі жағынан да тексеруге тиіс болғандықтан, оның сынында мынандай сұраулар боларға керек» (1: 269).

Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми түсініктің негізін жалғастырып, нақтылай түседі. Демек, қарасөз «шығарманың сүлде жағының сыны» болса, көркемсөзге басқа міндеттер жүктеледі: 1. «Тұрмыстың қай жағын алып сез қылған? «Мазмұны дұрыс па? Яғни өмірде ондай қалып ұшырай ма?.. Адам баласының бәрінде боларлық қалып па, белгілі бір табында гана боларлық қалып па? Мұрат қалып па? Кейіп қалып па? Бұл – шығарманың сүлде жағының сыны. Сурет жағының сынында сұраулар мынау түрде болмақ: 2. Көркемсөз

Алаш әдебиеттануы

табына шын қосыларлық сөз бе? Қиял жасасаған түрпаттар, ойдан үйлестірілген оқиғалар пікір санасына тұра келіп, дұрыс суреттеп, өңдендіріп көрсете ала ма? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Лұгаты таза ма? Анық па? Қысқасы, ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? Ақылдың аңдаганын, қиялдың меңзегенін, қоңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алған ба?» (1: 269). Әдебиет теориясындағы стильтің, әдеби тіл, талдау, көркемдік, сюжет категорияларын Ахмет Байтұрсынұлы осылай түсіндіріп кетті.

Көркемдік түсінігінің, көркем шығарманың белгілері қандай? деген саялға Ахмет Байтұрсынұлы екі түрлі талап қою керек екенін айтады: «Көркем сөзде екі тыскы, екі ішкі сын болады. Тыскы сындар: 1) Тілдің лұгатының сыны яғни тілдің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны». Яғни шығарма тілінің стилистикалық ерекшеліктері, бүгінгі лингвистикалық талдауга сай тыскарғы жағын бөліп айтады. Галым бұдан ішкі сындарды бөліп алады демек, бұл әдебиеттанды, әдебиет теориясының еншісі, теориялық талдаудың обьектісін нақтылайды: 2) «Суреттің сынны: яғни кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны. Ишкі сындар: 1) Алынған мінез, айтылған қылыш, көрсетілген қалып, жсан жүйесінің жөнімен қаралғанда, дұрыс бүгіп шығу, шықпауының сыны. 2) Өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен-көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына эсер еттерлік (пайды-зиян келтірерлік) қуаты бар-жоғының сыны. Көркем сөзді сынаганда, әдебиет түрінің осы тәртпеуі түгел жұмысалады» (1: 269).

А.Байтұрсынұлы теориялық талдаудың, әдебиеттің, көркемсөздің басты мақсатын жоғарыдағы тұжырымның соңғы сәйлемдерінде корытынды ретінде түйіндейді. Бүгінгі әдебиеттанудағы аксиологиялық әдістің мән-жайын Ахмет Байтұрсынұлы осылай алға тартады. Демек, тек маңызды, ұлағатты көркемсөз ғана сынға түсіуі абыз, тыскы және ішкі сынға түсіуіне лайықты көрнекті түрі мен ұлағатты мазмұны болуы шарт. Бүгінгі әдебиет теориясындағы «мазмұнды түр» – «содержательная форма» деген категорияның сырын Ахмет Байтұрсынұлы осылай түсіндірген.

Қазак әдебиет теориясының басты терминдерін, түсініктерін А.Байтұрсынұлы сонау XX ғасырдың 1920-жылдары анықтап берген екен. Бұл – өз алдына мойындалып отырған ғылыми факт, бірақ басты ой – «Әдебиет таныткышта» ұсынылған жаңа концепцияда. Оның біздің бүгінгі сұранысымызды өтеуге керекті эстетикалық

Айгүл ICIMAKOVA

тұжырымдарға сай екені анық. Мені маман ретінде танғалдырғаны бұған дейін тек Ресей, шетел әдебиеттануында бар теориялық тұжырымдар мен қағидалардың сонау XX ғасырдың басында қазақ топырағында қалыптасқаны еди.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» басты теориялық үстанымдары:

1. Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырымдар. Яғни «сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп белудің өзі ойдан шығарылғаны айттылады. Әдебиеттің реңми жазба түрі бар деп беліп-жару соцреализмнің ойлап шығарғаны болып шықты: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету керек болды. Әдебиеттанушы былай дейді: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалайда асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі» (1: 281).

2. Әдебиетті өз категориялары арқылы түсіндіруге шакырады, яғни «пән сөздері» басты міндет атқаруын басып айтады. Сонда зерттеу мағыналы болып шығып, зерттеушінің жалпылама көп-сөзділіктен бас тартуына әкеледі. Бұл қағида дәлелсіз бос мақтаулардан да сактандырады.

3. Көркемдік әлемнің құдіреті тікелей жазушының ішкі рухани бостандығымен байланысты екенін айттып, осы орайда Абайдың, Мағжанның шығармаларын мысал ретінде келтірудің бүтінгі мәні көремет емес пе?!

4. «Жазу әдебиет» тарауында А.Байтұрсынұлы бүтінге дейін біз мойындармай, үрейленіп келген қағиданы дәлелдей береді: «Қазаққа жазу дінмен бірге келген... Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен» (1: 316). Жазба әдебиетті екі дәуірге бөледі: 1) діндар дәуір; 2) ділмар дәуір. *Dіn-dar* – «діншіл» деген мағынада, *dіlmar* – «тілшеш» деген мағынадағы сөздер» (1: 318). «Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып» соған еліктеғенмен пайда болса, «ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соған еліктеуден пайда болып отыр» (1: 318). Бұл құбылыс тек қазақ емес, «барша жүрттың басында болған іс». А.Байтұрсынұлы жазу әдебиетті үшке бөледі: 1) *ertek* (әңгіме); 2) *tolgau*; 3) *айтыс-тартыс*: «Жазу әдебиетінің ертек түріне кіретін сөздері – ауыз ертек, ертек жыр, тарихи жыр, мысалдар сияқты сөздер. Толғау табына кіретін ауыз толғау, жоктау

Алаш әдебиеттануы

сияқты көніл күйінен шығатын сөздер. Айтыс-тартыс табына кіретін сөзден тұрі ауыз әдебиетте жоқ: ... айтысы бар да, тартысы жоқ» (1: 319).

5. Діндар дәуір әдебиеті немен ерекшеленеді? Ол туралы былай дөлінген: «Діндар дәуір ауыз әдебиеті түріне тұр қосып жарытқан жоқ. Аның әдебиеттегі шығармалардың түрлерінен діншілдігімен ғана айрылмаса, айрықша тұр-тұрпатымен айрыла қоймайды. Діндар жағының басымдығымен айрылатын түрлері мынау: *қисса, хикаят, мысал, насхат (угіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме*» (1: 319). Әдебиетші аталған жанрлардың сыр-сипатын анықтап берген. «Әдебиет танытқыштағы» біз ұмытқан діндар дәуір жанрларының атаулары: *мінәжат, намыс толғау* деген түсініктердің өзі ой салады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» (XIV–XVI ғ.) еңбегі «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталса, оның соңы «Алла тағалаға мінәжат айтумен» аяқталады. Совет кезінде өшірілген бұл мінәжат жанры туралы мәлімет А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» ғана кездеседі. Бұлар бізге бүтін кажетті әдеби талдаулардың үлгісі емес пе?

6. Зерттеушінің кітабына кең ауқымды ойлау қабілеті тән. «Біздің қазак Еуропа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, казак айтыс өлеңдері аланға түс-түсे барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жүрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды» (1: 276). Бүгінгі әдебиеттанудағы «синкретизм», «типология», «әдебиеттердің қарым-қатынасы», «сюжеттердің ұқсастығы» деген мәселелер туралы А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Жер жүзіндегі жүрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, үлгісі бір болған» (1: 276).

7. А.Байтұрсынұлы пайымдауышынша, көркемдік зандалығы біреу ғана және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортак. Демек, «адамның жсан қоштау керегінен шыққан» әдебиет – «асыл сөз». Сондықтан «Сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынай біледі» (1: 337). Өйткені, «Жүйрік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады» (1: 337). «...Ақын адам сөздің асыл болатын сипаттарын білсе, сөзін таза, мінсіз шығарады. Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажсет. Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды.

Айгүл ІСІМАҚОВА

Олай болғаны – Абай асыл сөздің айқындан нұсқаларын көрсеткенниң үстіне, аз да болса асыл сөз сипаттарын айтыпта жүргітты хабардар қылды... Жақсы сөздің сипаттарын білген адам сынай білмекші; сынай білуден сөз талғауы күшеймекші. Солай болған соң асыл сөздің басты-басты сипаттарын білу сөйлеу жүйесінің ең керек бөлімінің бірі болады» (1: 338). Әдеби стиль, даралық стиль, көркемдік шеберлік категорияларын ғалым осылай танытады.

8. Ресей ғалымы М.Бахтииннің «роман теориясы» бойынша дүниежүзілік әдебиетте роман – ен соңғы жанр, сондықтан ол сол тілдең әдебиеттің жазу жүйесінің қорытылған нәтижесі ретіндегі ең соңғы жанр. Яғни роман өзіне дейінгі болған басты, керекті сөйлеу түрлерін жаңғыртып отыру қабілетіне ие. Демек, роман жанры осындай жан-жақты баяндау, жазу тәсілдерін, жазба естелігін, жадын (память жанра) менгеріп, өзінің оларды оята білу мүмкіндігіне орай басқа прозалық түрлерге әсер ете алады.

М.М.Бахтииннің осы «романизация стиля» деген тұжырымымен біз 1970 жылдары танысып, таңғалып жүрсек, А.Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау XX ғасырдың 1920-жылдары түсіндіріп кетіпті. А.Байтұрсынұлы қазақ прозасының өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты бұл құбылысты сол кезде былайша пайымдайды: «Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар: ұлы әңгіме сөзі алыстан айдаган аттарша жайыла бастайды, ұзақ әңгіме жақыннан айдаган аттарша жайыла бастайды, ұсақ әңгіме мүше алып, оралып келе қоятын аттарша бастайды». Яғни басты мәселе «айтылу аудандарында» ғана екен (1: 343).

А.Байтұрсынұлы нақты теориялық айқындау береді: «Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуга үлкен шеберлік керек. Ұлы әңгіменің ересі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталауды. Оナン да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталауды» (1: 343). Романның көтеретін жүгін әңгімеге де артуға болады екен. М.М.Бахтииннің: «Романдық стиль повесть, әңгіме мен басқа жанрларға да үстемдік етеді» деген әйгілі қағидасын А.Байтұрсынұлы 1926 жылы Ресей ғалымынан қырық жыл бұрын айтып, дәлелдеген.

Романның стилінде қорытылып, жинақталатын ұлттық сөйлеу жүйесінің жанрлық түрлері туралы қағиданы Бахтииннің («речевые жанры») А.Байтұрсынұлының қазақ сөз өнерін талдай отырып айтқан пікірлерінен де ұшырастырамыз: «Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие

Алаш әдебиеттануы

болғандықтан, тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірлі-уақты істері болатындықтан, ол істер біріне-бірі ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уакыттарды жақсы қызыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді».

9. Ұлы әңгіме жазуышы көркемсөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жүргізмайды. Ұлы әңгіме жазууга үлкен шеберлік керек». Демек, роман стилін жүйелей келе А.Байтұрсынұлы оны айтылу түріне қарай: әуезе, толғау, айтыс деп жіктейді. Бұл атаулардың негізін де аша туследі: «Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары галамда болған істі әңгіме қылады» (1: 273). «Әуезе – тысқы ғалам турасындағы сөз...». «Толғанғанда айтатын нәрсесін толғауши тысқарғы галамнан алмай, ішкеге галамнан алады. Толғауши ақын әуелі көңілінің күйін – мұңын, мұддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды; екінші, ішкеге галамында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып басқаларга білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды» (1: 273–274). Яғни «толғау – ішкеге галамның күйі. Толғау – іш қазандай қайнаган уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жансының тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілін, күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуша» (1: 274). «Әуезе – тысқарғы галамның жыры, толғау – ішкеге галамның күйі». Яғни «Сөйлеу жүйесінің мақсаты сөйлеу жүйелерін менгеріп, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету», – деп түйіндейді А.Байтұрсынұлы. Себебі, «Әдебиет сөзін тәртіптен, тапқа бөлу керек. Жұтынан шыққан олар ауыз сөзді де айттылу түріне қарай негізді 3 тапқа бөлген: 1) әуезе; 2) толғау; 3) айтыс (1: 273).

10. Көркем туындыны талдағанда, оның ішіндегі осы көркемдікті тудыруға тікелей атсалысатын қатысуышыларды А.Байтұрсынұлы анықтап берген. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде жақсы өлеңнің сипаттары да, қазақ ақындары мен тындаушыларының жоғарыда айттылған асыл сөзді танымайтын надандықтары да айттылып, мағлұмат берілген» (1: 338).

11. Әдебиеттануши еңбектерінен сыртайылық (корректность!) пен әдебиетті танытуға бейімделген жоғарғы этикалық, имандылық деңгей есіп тұр. Таңдаулар, жүйелеу тәсілдері осы ғылыми мақсатқа қызмет атқаруға бағындырылған. Оның тек «пән сөзінде» сөйлеуі

Айгүл ІСІМАҚОВА

мен әдебиет теориясының негізін салып кеткендігін біз бүгін мойындауымыз қажет.

12. А.Байтұрсынұлы әдебиет теориясының «пән сөздерін» (термин), талдау жүйелерін қазақша сейлетіп, ғылыми тілдің денгейін сол кезде-ақ көтеріп тастағанын біз бүгін мактанашиб ете аламыз.

«Пән сөздері» мен «сөз өнері» ұғым, түсініктерін қалыптастырыған әдебиеттанушы басты тұжырымды былай анықтаған: «Сөз өнері адамның жсан қоштау керегінен шыққан». Сондықтан: «Сөз өнері адам сапасының уш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) қөңілге. Ақыл *ici* – аңдау яғни нәрселердің жайын ұгу, тану, ақылға салып ойлау; қиял *ici* – меңзеу яғни ойдалғы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттен ойлау; қөңілісі – түю, талғау». Қоркем тіл, стиль туралы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдаганынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, қөңілдің түюін түйгенінше айтуга жарау» (1: 268).

Ұлтына, еліне, ғылымға, әдебиетке арымен беріліп, адад қызмет еткен А.Байтұрсынұлы зерттеуінің Қазақ Елі тарихында алатын орны айрықша зор екенін 26 жасар замандасы М.О.Әуезов былайша тұжырымдапты: «Ақаңың бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жсоқ, олеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жсоқ. Әлі қунге қазақ даласының күшті сарыны болып. Арқаның қоңыр жесілмен бірге есіп шалқып жатыр. Бұдан он-он бес жыл бұрын: Алаштың ұмбетінің бәрі мәлім. Кім қалды таразыға тартылмаган?! – деп Ақаң айтса, біз де осы қунде соны айтамыз. Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп Ақаңың гана ардақты атын атایмыз.

Ақаң ашқан қазақ мектебі. Ақаң түрлеген ана тілі. Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран. «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдагы қан жылаган қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жсолындағы қажынмаган қайраты – біз ұмытсақта, тарих ұмыттайтын істер болатын» (4: 70).

Бұдан артық айта алмаспыш. Бұл ұрпақ бірінің қадірін бірі біліп, бір-бірін сыйласпайды, бағалай білген. Бұл – шынайы имандылық пен тектіліктің үлгісі екені сөзсіз.

А.Байтұрсынұлының жазықсыз жазаға ұшырап, айыпталуына орай қайта құру кезеңіне дейінгі уақытта ғалым еңбектерін пайдалануға тыбым салынып, аты да аталмай, басқа Алаш ардақтыларымен бірге ілуде еске алына қалса, тек мансұқталумен келді.

Қайта құру мен жариялышы заманы орнағаннан кейін жузеге асырылған ақтау шараларына байланысты А.Байтұрсынұлы мұрасы қайтадан халқының игілігіне айналды. Қазіргі өмірімізді Алаш

Алаш әдебиеттануы

арыстарынан мирас қалған мұрасыз көзге елестетудің өзі мүмкін емес. Ахметтану саласында бүгінгі таңда аткарылған қыруар шаруаның қомақты бір көрінісі – А.Байтұрсынұлы еңбектерін көпшілікке таныстыру. Жоғарыда аталған Қаулы жарияланған соң ғалым еңбектері мерзімді басылымдар мен ұжымдық жинақтарды есепке алмағанда, төрт кітапта қайта жарияланды.

Атап айтқанда: 1. *Ахмет Байтұрсынов*. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. (Алғысөзін жазған КР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.К.Сәтбаева, Құрастырушылар: филология ғылымдарының докторы Ә.Шәріпов пен С.Дәуітов. Ғылыми түсініктерінің авторы С.Дәуітов). А.: Жазушы, 1989. 320-б.2. *Ахмет Байтұрсынов*. Ақжол: Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және зерттеу (Құрастырушы КР ҰҒА корреспондент-мүшесі Р.Нұргалиев). А.: Жалын, 1991. 464-б.3. *Ахмет Байтұрсынов*. Тіл тағылымы (Қазақ тілі мен оку-ағартуға қатысты еңбектері). Жалпы редакторлары: Р.Сыздықова мен Ш.Сарыбаев. Құрастырушылар: F.Әнесов пен А.Мектепов. А.: Ана тілі, 1992. 448-б. *Ахмет Байтұрсынов*. Шығармалары. I том. «Әдебиет танытқыш». Жаупты редактор, құрастырушы филология ғылымдарының докторы А.С.Ісімақова. А.: Жібек жолы. 2002. 207-бет.

Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының бес томдығын баспаға әзірлеу барысында 1989, 1991 жылдары шыққан кітаптардағы «Әдебиет танытқышты» (Қызылорда-Ташкент, 1926 ж.), «Маса» (Орынбор, 1911 ж.), «Қырық мысал» (Қазан, 1922 ж.), «23 жоқтау» (Мәскеу, 1926 ж.), «Ер Сайын» (Мәскеу, 1923 ж.), т.б. еңбектерін төтे жазудағы түпнұсқамен салыстыра отырып, тексерілді.

«Ақжол» жинағында өзгеріліп берілген жерлер (сөздердің бүгінгі емле талаптарына сай жазылуы, түсіп қалған сөйлемдер, мысалдар) түпнұсқа қалпында берілді. Екі кітапта да қалдырылып кеткен өлең жолдары, ғылыми тұжырымды нақтылайтын сөздер, сөйлемдер орнына келтірілді. Бұрын үзіліп қалғандай көрінетін теориялық талдаулар енді ғана реттелді. Сейлемдер соңына дейін толық алынбауы салдарынан (бұл жоғарыда аталған екі кітапқа да тән) ой үзіліп, дәлел жеткіліксіз болып көрінетін. Академиялық басылымға тән дәлдікті алға тарта отырып, Ахмет Байтұрсынұлының сол кездегі әр сөзінің мәні зор екенін ескеріп, біз төтө жазудағы түпнұсқаны сол күйінде беруді жөн көрдік.

Аталған бес томдықтың құрылымы төмендегідей болуы көзделген еді. Бірінші томға Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал»,

Айгүл ІСІМАҚОВА

«Маса» жинақтарына енген, әр жылдары шығарған кітаптарының беташары ретінде жазылған өлеңдері мен көркемсөз өнері туралы ғылыми зерттеулері: «Қазақтың Бас ақыны» (1913) және «Әдебиет танытқыш» (1926) енгізілді.

Екінші томға осы уақытқа дейін қайта жарияланбай келген, кезінде араб графикасымен жазылған, қазіргі қолданып жүрген әрпімізге тұнғыш рет көшіріліп отырған А.Байтұрсынұлының Т.Шонанұлымен бірге жазған «Оку құралы» кітабы толық беріліп отыр. Бұл кітап Қызылордада 1926–1927 жылдары екі рет басылып шыққан.

Ушінші том «Тіл құралы», «Ер Сайын» (1923), «23 жоктау» (1926), ғылыми баяндамалары мен көсемсөз жанрында жазылған мақалаларынан тұрады.

Төртінші том «Әліппе», «Баяншы (методикалық жазбалар)», «Тіл жұмсар», «Саят ашқыш (ересектер әліппесі)», «Әліппе-астар (әліппеге методикалық нұсқау)» сияқты оқулықтарынан құралады.

Бесінші томға Ахмет Байтұрсынұлы туралы мұрағат құжаттары мен ғылыми-зерттеулер және естеліктер кіреді.

Баспа тарағынан қойылған шарттарға байланысты бұл жоба өзгертіліп шықты: 1-томға «Қырық мысал», «Маса», «Қазақтың Бас ақыны», «Әдебиет танытқышы»; 2-томға «Оку құралы»; 3-томға «Тіл құралы» оқулықтары, «Методика мәселелері»; 4-томға «Әліппелер», мақалалар, жазу, емле, терминология мәселелері, оқу-агарту мәселелері; 5-томға «Ер Сайын», «23 жоктау», көсемсөздері енді. А.Байтұрсынұлының өмір деректерін анықтау әлі іске аспай жатыр: қай жылдары Архангельскіде болғаны, негізгі енбектерінің саны, олардың тағдыры әлі белгісіз. Бұл ғалымдар үшін күні бүгін жабық деректер ҮК Комитетінің мұрағатында болуы ғана ықтимал. Оған рұхсат ала алмай жүрміз. Соңдықтан біздің бүгінгі міндетіміз – қолда бар ғылыми мұраны бүтінгі Тәуелсіздік кезең ғылымы түрғысынан саралап шығу.

1989 жылғы кітапта «Қырық мысал», «Маса» жинақтарының құрылымы сакталмай, ақын өлеңдері олардың төлтумалық және тәржімалық сипаттарына орай «Өлеңдері», «Аудармалары» деген екі топқа бөлініп берілген, ал «Ақжолда» «Маса», «Қырық мысал» жинақтары әрқайсысы өз алдына бөлек тұрғанымен, ол жинақтың да түпнұсқадан айырмашылығы көп.

Сонын салдарынан 1989, 1991 жылғы кітаптарын оқи отырып, «Қырық мысал», «Маса» жинағының бастапқы құрылымдарын көзге елестету қындыққа түседі.

Алаш әдебиеттануы

1989, 1991 жылдардағы кітаптарда, әсіресе «Маса» жинағының жалпы құрылымы мен оған енген өлеңдер біршама өзгеріске үшінраган. Мысалы, «Қырық мысал» жинағының түпнұсқасындағы 35-мысал «Кісі мен Қоленке», 36-мысал «Қарашекпен мен Қой» болса, 1991 жылғы басылымдағы 35-мысал «Қарашекпен мен Қой». 36-мысал «Есек пен Үкі» деп берілген. Және 36-мысал «Тал түстө лақты дег соны айтып жүр» деген тармақпен тамамдалған.

1991 жылғы кітапқа «Маса» жинағындағы бірнеше өлең енбекен. 1989 жылғы кітапқа 1922 жылы «Маса» жинағына енген «Көк есектерге» деген өлең кірмей қалған.

Ал өзгерілген сөздер, сөз тіркестері, тармақтар, тіпті түсіріліп тасталған тармақтар мен шумақтар туралы мағлұматты томның соңында берілген ғылыми түсініктерден анғаруға болады.

1989, 1991 жылғы басылымдар мен «Қазақтың Бас ақыны», «Әдебиет танытқыш» түпнұсқалары арасында да айырмашылықтар кездесетінін байқады.

Бұл өзгешеліктердің басты себептері, біріншіден, түпнұсқада араб әрпімен жазылған кейбір сөздердің дұрысы оқылмағанына. Екіншіден, қайта басылымында дайындаушылардың кейде сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдерге өз тарараптарынан редакция жасауына. Үшіншіден, кейбір тұстарда мәтін үзінділері алынып тасталып отырғанына байланысты. Бұндай өзгертулер туралы мәліметтермен оқып отырған кітаптардың соңында келтірілген ғылыми түсініктер арқылы танысуға болады.

2013 жылды А.Байтұрсынұлының алты томдық шығармалар жинағы өндөліп, толықтырылып қайта жарыққа шықты. Кейіннен табылған өлеңдері қосылды. Алтынши томға замандастары М.О.Әуезов, Е.Омаров, М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы, С.Сейфуллин, А.Н.Самойлович (1919), Е.Д.Поливанов (1924), А.Н.Кононов (1924), Н.Ф.Яковлев (1928), т.б. және қазіргі ахметтанудың негізгі зерттеулері кірді.

«Ұлт ұстазы» аталып, қазақ қоғамы мен мәдениетінің ілгері дамуына орасан зор ұлес косқан көсемдеріміздің бірі Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде саят ашуы үшін көп еңбек сінірген қайраткер. Ол өзінің «Қазак» газетінде жарияланған «Қазақша оқу жайынан» (1913) мақаласында: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі... Қазак ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі», – деп жазып, окудуң қоғамды өзгертуші күш екендігін, әділетсіздікің көбі білімсіздікten туынданап отырғандығын тап басып, дұрыс көрсетеді.

Айгұл ІСІМАҚОВА

Ұлт көсемі А.Байтұрсынұлының ағартушылықты қазақ халқын жарқын болашаққа бастаудың сара жолы деп білгенін оның «Алашорда» үкіметінің басшылары құрамында оқулықтар жөніндегі комиссияға сайлануы. 1912–1925 жылдары Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы міндеттерін атқаруы айғақтайды.

А.Байтұрсынұлы бұл әліппелерді мектепте қызмет атқарған 1895–1909 жылдар яғни 14 жылдық педагогикалық-эксперименттік тәжірибелерінен түйгендерімен, өз заманындағы әлемдік деңгейдегі әдістеме-теориялары және ірі әдістемеші ғалымдардың зерттеулерімен жақсы таныстырының нәтижесінде жазғаны айқын. Демек, А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері қазақ әдістемесі ілімінің тарихындағы тұңғыш ғылыми туындылар екені сөзсіз.

Ғалымның «Жазған сөз жаным ашып Алашыма» деген өлеңінің жалғыз тармағына сыйғызылған азаматтық ұран Отан алдындағы адалдықтың үлгісін көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлының ғибратты қүрес және шығармашылық жолының Темірқазығы болып табылатыны оның кез келген еңбегінен, тіпті сөйлемінен де анғарылатыны айқын.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әліппебінің атасы hәм кеменгер көсемсөзші

Ахмет Байтұрсынұлының 4-томының құрамы баспаның көлемді шектеуге қойған талаптарына байланысты жоспарланғаннан өзгерген. Бұл томға Әліппелер: *Оқу құрал. Қазақша алифба, кітап* (Орынбор, 1912), Әліп-би. *Жаңа құрал* (Қызылорда 1926), *Саят ашқыш. Саятсыз улкендер үшін, I-кітап* (Семей, 1926) атты кітаптары топтастырылды. Кітапқа жазу, емле, терминология мен оқу-ағарту мәселелері және саяси-әлеуметтік ахуалға байланысты мақалалары мен ғылыми баяндамалары енді. Бұл мақалалардың дені 1991 жылы «Ақжол», 1992 жылы «Тіл тағылымы», 1996 жылы «Жаңа низам» атты таңдамалы жинақтарда және «Айқап» (1995), «Қазақ» (1998) энциклопедиялық басылымдарда, «Маса» (2005) атты жинақта жарияланған.

Оқу құралы. Қазақша алифба. Кітап ғалымның басқа басылымдары сияқты «Би исми-иллаһи-рахмани-раһим» деген Құран сөзімен ашылады. 1-ші кітабы насихат өлеңмен басталады: Балалар, бұл жол басы даналыққа, Келіндер, түсіп, байқап қаралық та! Бұжолмен бара жатқан өзіндей көп, Соларды көре тұра қалалық па?

Алаш әдебиеттануы

Данаалық – өшпес жарық, кетпес байлық, Жүріндер, іздең тауып алалық та! (14: 17). Бірден үш қаріп топтастырыла беріліп, олардың дыбысталу ерекшеліктеріне қарай атап сөздер берілген. Тұрған сез оннан солға «ар», «аз», «ара», «аза» болып оқылады. А.Байтұрсынұлы казак тіліндегі дыбыстардың таңбасын, дауысты, дауыссыз дыбыс таңбаларын анықтап, кестелеп келтірген. Кітапшаның сонында берілген көркем мәтіндердің танымдық мәні зор: туысқан-туған ілікдес, киімдер, ойын-оыйнышқтар, тамактар-сусындар, дене мүшелері, үй саймандары (киіз үй), ыдыс-аяқ, малдар аты, малдан басқа төрт аяқтылар, құстар, бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жер түгінің аттары, жер жүзінің атаулары, сан, жаңылтпаши, жұмбақ пен мақалдар қысқа да нұсқа қамтылған (16: 28–31). Сонында «Біздің үй», «Мен қалай окуға бардым» атты әңгімелер мен «Өтірік өлеңдер», «Шын өлеңдер» топтастырылған. Мәселен, «Малдар аты» атты әңгімеде түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі атаулары беріледі де, «адам сейлейді» деп, мал-жануарлардың дыбыстау ерекшелігі келтірілген: «түйе боздайды, жылқы кісінейді, сиыр мөнірейді, қозы маңырайды, ит үреді, мысық мияулайды». Фалым оқушы балаларға «Жер түгінің аттары», «Ағаштар мен шөп аттарын» арнағы бөліп береді. «Жер жүзінің аттары» деген тақырыпта: тау, адыр, қыр, жон, жота, дөң, дала, сай, тәбе, тәмпе, шоқы, қабақ, ой, жазық, дала, сай, шын, томар, жарық деп; Теніз, көл, сор, өзен, өзек, қопа, шұңқыр, қара су, бұлак, қырат пен суат деп бөле-жара қарастырады (14: 31–33).

Мақалдар да бала қабылдауына сай теріліп алынған. Мысалы, «Оку – білім азығы, білім – ырыс казығы», «Ойнап сөйлесен де, ойлап сөйле», «Білім жұғысады, ырыс ауысады», «Екпей егін шықпас, үйренбей білім жұқпас» деген қанатты гіркестер окушының қабылдауына женіл әрі тәлімдік мәні зор. Өтірік өлеңдер: «Беріпті бақа қызын көбелекке...», шын өлеңдер: «Балалық күй» деп үш-төрт шумақты, 11 бунақты жеңіл өлең жолдары таңдалып берілген.

Әліп бій. Жаңа құрал (Новый букварь) атты оқулықтың «шығарушыдан» деп берілетін алғы сөзінде «1925 жылдың қазан айының 21-і күні» көрсетілген. 1928 жылы кітаптың үшінші рет басылым көргені айттылады. Қолда бар кос кітаптың да беташары А.Байтұрсынұлының балаларға парыз еткен «Балаларға тарту» өлеңімен ашылады (14: 35). Шығарушы «төте оку», яғни, дыбыс негізі, әдісі туралы ғылыми мағлұмат береді. Сонымен қатар сөзді «тұтас оку» әдісі туралы да айтуды жөн санды. Фалым осы ретте ұстаздар алдына нақты сауал да қояды: бұрынғы «Оку қуралы» мен бұл «Жаңа құрал» екеуінің қайсысы үйретуге жеңіл?

Айгүл ІСІМАКОВА

Ғылыми істің осылай нақты тәжірибе арқылы сыннан өтуін талап ету бүтінгі оқулықтарға да қажет. Оқулықтың көркем мәтіндері де қысқа, бірақ маңызды: «Атбақыл», «Балық аулау», «Базар», «Атта да ақыл бар», «Аш шал», «Тоғайға сайран», «Қармақ салу», «Қармақ салуға бардым», «Жұмаш», «Жарлы-жалаңаш тойы», «Ақша қар», «Теке мен серке», «Таңертең», «Тігін», «Біздікі», «Күзет», «Жүген жұмысы», «Сонар», «Өліп бій», «Қат», «Мектепке түскен күні», «Біздің тәртіп». т.б. Әр мәтін сонында тапсырмалар беріледі де, «Саудар». «Жұмбактар» және «Ойнаңдар! Ойландар!» атты арнайы айдармен қысқа да нұсқа мәтіндер: «Қемектестік», «Жалпы жиылдыс», «Тазалық тәртібі», «Салақтықтың кесірі», «Дәрігер бізге не айтты?», «Сағат», «Мектептегі мереке». «Менің міндетім» (14: 50–80). т.б. тікелей балалардың этикалық тәрбиесіне байланысты топтастырылған. Бұл мәтіндердің тәрбиелік мәні ерекше. «Менің міндетім» атты шағын мәтін келесі мақалмен түйінделеді: «Жігіттің ерінгені – көрімнің көрінгені», «Күз белгісі», «Күз» атты мақалалар жылдың осы мезгіліне арналған көркем өлеңмен түйінделген. «Жетім» мәтінінде Омар деген баланың жетім екенін білген балалар онымен кітап, қарындаштарымен бөлісетін болып, «оған тимейік, болысып жүрейік» деген бала ақылымен біtedі. «Тұс көргенім», «Құлақ қаттар», «Сызық шама», «Ұйат-ай!», «Қун-бақпамыз», «Бұ қай кездे болады?» (өлең), «Қыс қамы», «Умені көргенім», «Күзем», «Шана істегенім» мәтіндерінің де тәрбиелік, танымдық мәні атауларында тұр. Бүтінгі біздің бастауыш мектептерге арналған тым күрделеніп кеткен оқулықтарымыздан гөрі осы аз сөзді, көлемі жұқа болғанымен, мағынасы терең кітаптың біздің ұрпақ оқытудағы бүтінгі әдістемемізге әлі де жолбасшы болары хақ.

Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-кітабы дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген. Төте жазу ережесінен кейін топтастырылып берілген мәтіндер ересектерге арналғаны бірден анғарылады. «Шорман» жинағынан «Торайғыр бидің тақпактары» атты өлең мен «Алшын Каражігіт би», «Кұлық», «Даукестер сөзі» деген әңгімелер берілген. Үбірай Алтынсарыұлы кітабынан «Атақозы би», «Алдар көсе», «Қожанасыр», «Мөңке би», «Ұш мерген», «Жәнібек батыр», «Қыпшақ Сейітқұл» атты танымдық әңгімелер алынған, Әбубекір Диваевтан «Көсем бала», «Әділ би», Қожанасыр ақылы (әңгіме), Шайқ Сағдидан («Асая тұлпар»). Бекеттен «Туган жер» (Жуковский), «Тұтқын зары» (Красовский). Бұйраұлынан «Өмір», «Жатырысын неге ұйықтап?». Абайдан «Шырылдауық шегіртке» (Крылов), өзінің «Қырық мысал» жинағынан «Қасқыр мен мысық», «Кісі мен

Алаш әдебиеттануы

арыстан», «Иттер достығы». Елдес Омаровтан «Қазақ салты» және «Дағдылы жол мен айлалы жол». Агрономнан «Шаруа жайы». «Қазақ малының тұқымын асылдандыру жайында» (Бенкеевич). «Сүтті сиырдың белгілері», Ауылдан «Өрбү». «Олақтық па, салақтық па?» әңгімелері. Қойайдарұлынан «Кәператсийе». Мағжан Жұмабаевтан «Тұн еді» өлеңі. Телжан Шонанұлынан «Құн» (Толстой). «Тамшының тарихы» атты аудармалары, Қыр баласынан (Әлихан Бекейхан) «Дүние қандай?», Сәрсенбіұлынан «Ленин», Жағыпардан «Ленин және ортақшыл партиясы», F. Сұлтанұлынан «Куанышты құн» атты, т.б. түрлі тақырыптағы көлемді әңгімелер мен алуан түрлі өлеңдер топтастырылған. Жалпы саны 40 тақырып, оның ішінде 7 өлең, 2 аударма-такпак, 4 мысал-өлең, 25 әңгіме, 2 көркем аударма қамтылған (14: 89–142).

Қазақ жүртүйнің қоғамдық-әлеуметтік дамуы үшін ұлттық баспасөздің атқарап орны ерекше. Гасыр басында билігі басым ұлт өкілі аз санды қазақ жүртүн өзінен төмен санап, өз атымен атамай, «қырғыз» атағаны, ал қырғыздарды «қара қырғыз» дегендері тарихтан мәлім. Дәл осы тұста езілген елінің жоғын жоқтап, сол заманға лайық үн көтерген «Айқап» (1911–1915) журналы мен «Қазақ» (1913–1918) газеті болғандығы белгілі. Осы басылымдарда өз кезеңі үшін орны зор, мәні үлкен әлеуметтік көкейтесті мәселелерді сөз етіп, сан алуан өзекті тақырыптарды көтерген ұлт жанашыры да Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Қаламгердің «Тагы да народный сот қақында» мақаласы алғаш «Айқап» журналының 1911 жылғы 6-нөмірінде жарық көрген. Мақалада билердің орнына сайлау арқылы енгізілген «қалық соты» деп аталатын лауазымға қатысты пайда болған жағымсыз құбылыстардың себеп-салдарына талдау жасалған. Судья сайлауын қазақ түсінбей, сөзімен, шешімімен әділліттіліктің айнасы болған билердің орнына «өз елінің», «өз руының» шала сауатты адамдарын сайлауды әдетке айналдырығанын сынға алады. Соның салдарынан бассыздық, заңсыздыққа жол беріліп, адам құқы тапталатынын дәлелдейді. А.Байтұрсынұлы сайлау жай талас емес, ол халықтың пайдасы үшін шешілүін талап етеді: «Қалал мен қарамды» талғауды еске салады, себебі жаман іс әркімнің қолынан келеді, жақсы іс қолдан келуі кын. Мақалада автор «Осы күнгі билер қағида бойынша істемейді, ойына келгенін істейді» деп батыл жазады (14: 148).

«Қазақ жерін алу тұрасындағы низам» мақаласында XX ғасыр басындағы жер мәселесінің ушығуы айқын көрсетілген. Ахмет Байтұрсынұлы жалпы жүртшылықтың занды білмегендіктен құқық-

Айгүл ІСІМАҚОВА

тары аяққа тапталатынын дәлелдеп, қазактың жерін алуды мақсат еткен патша өкіметінің жарлығына нақтылы түсінік береді. Занды білу арқылы жеке адам өз құқын корғайды деген үмітпен халықтың азаматтық санасын оятуға әрекет жасайды. Бұл мақала 1911 жылы «Айқапта», 1913 жылы «Қазақ» газетінде қайта жарияланған. А.Байтұрсынұлының осы мақаламен сарында «Земство», «Жер жалдау жайынан» атты еңбектері ұлттық мұддеге тікелей қатысты. Сол кезеңде жарияланған низам, бұйрыктардың (9/06.1909) қазақ халқына берер пайдасы мен заарына тоқтала отырып, 22 пунктten тұратын қажетті мәлімет береді. А.Байтұрсынұлы «Қазақ пайдасындағы жердің артықтарын переселендерге беруде қазақтың ата-бабасынан қалған қыстау мен жайлаулашының орнықты болуын қалай шешу керек» дегенге накты ұсыныстар жасайды (16: 152). «Земство» мақаласы «Қазақта» 1913 жылы жарық көрген. Автор Ресей губернияларында арнайы енгізілген «Земствоның» құқықтық жағдайлары мен міндеттеріне кеңінен талдау жасайды. Оны қазақ қоғамына пайдалану, енгізу өте тиімді екенін мысалдармен, әлеуметтік тәжірибеден алынған деректермен нақтылы дәлелдейді. Негізінде «Земствоны» жақтай отырып, А.Байтұрсынұлы қазақ қоғамында жергілікті басқаруды тиімді етудің жолдарын ойластырады. «Жер жалдау жайынан» мақаласында қазақтардың қоныс аударған орыстарға жерлерін сатып жатқанын ашына жазады.

«Қазақ һәм 4-ші Дума» – 1912 жылы жазылған мақала. Мұнда А.Байтұрсынұлы «Айқаптың» бетінде Думаға қазақ депутаттарын сайлау туралы жазылған макалаларға корытынды жасайды. Мемлекеттік Думаға қайткен күнде де қазақтан депутат сайлаудың ауадай қажет екенін айтады. Заң шығаратын орында қазақ халқының мұддесін жақтایтын және корғайтын тек қана қазақ азаматы бола алатынын дәлелдеп көрсетеді. Шынында да қазаққа қатысты заң кабылдана қалған күнде оның кемшіліктерін айттып, басқа депутаттарға түсіндіре алатын қайраткер тек қазақтан сайланған болуы керектігі даусыз еді. Осы орайда 2-ші Мемлекеттік Думаға Орал облысынан сайланған Бақытжан Қаратаевтың қазақ жерін қызыштайды қорғап сөйлегені бәрімізге мәлім (14: 148–151).

«Кешипелі әм отырықсы норма» мақаласы «Қазақта» 1913 жылы жарияланған. Мұнда қаламгер XX ғасыр басында қазақ қоғамында ерекше дау тұтызған жер мәселесі туралы баспасөзде көтерілген пікірталасқа талдау жасайды. Біз бүгін «Малый кредит – шағын несие» алу деп жүрген мәселе туралы А.Байтұрсынұлы 1913 жылы «Уақ қарыз» мақаласында ел арасында уақ қарыз беру мен алу ісін қалай

Алаш әдебиеттануы

үйымдастыру қажеттігін талдан, түсіндіріп берген. Уақ қарызыда тиімді үйымдастырған жағдайда халыққа пайдалы болатыны дұрыс көрсетілген. Мақалада көтерілген мәселелер қазіргі нарықтық қатынастар қалыптасып келе жатқан кезеңде өз мәнін жоймағаны анық.

А.Байтұрсынұлы «Қазақ һәм түрлі мәселелер» (1914) атты мақаласында «бұратана халықтар тек орыс тілінде оқытылысын» деген мемлекеттік, империялдық бағдарламаны қатаң сынға алған. Эрі мұны үнсіз қабыл алған өз жұртына басқа жұрттың «қарсы шығып, келіспейтінін білдіргенін» мысал-өнеге етеді. «Қазақтың қарасын көрмегендер қазақ жайын қайдан білер? Қазақ аң сықылды, арам мен адалды айырмайтын халық деп біледі (14: 172). Бұл жөнінде газет бетінде дүркін-дүркін көтерілген даулы пікірге өз жұртының селт етпеуін «...ұн демей отырғаны естімегеннен емес, керексін-бегендіктен емес, жандығының жоқтығынан, үрейсіздігінен» деп намысын қамшылайды. Сонымен қатар қазақ арасында дінді дамыту үшін ен алдымен, бағдарлама жасаудың қажеттігі өзекті мәселе етіп қойылған. Мұсылмандықты биік дәрежеге көтеру үшін алдымен дін қызметкерлерін оқытып, дайындау керек екенін айтады (14: 173).

«Закон жобасының баяндамасы» деп аталатын енбек «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 80-ші нөмірінен бастап. 1915 жылғы 105-ші нөміріне дейінгі аралықта жарық көрген. Мақалада орыс империясының қазақ жеріне қолын салып басқару жүйесін өз мақсаттарына бейімдеуі батыл түрде көрсетілген. Автор қазақ халқының болмысына этнопсихологиясына, ұғымына жат, сырттан телінген заңның қажетсіз екенін өте жақсы дәлелдеген. Бұл енбек-құқық тарихын зерттеп жүрген ғалымдар үшін аса құнды болып табылады.

Мақала ауқымды тақырыптарды қамтиды: «Қазақ халқын билеу туралы уақытша ереже», «Сайлау һәм партия пәлесі», «Осы құнғі соттың тәртібіндегі кемшиліктер», «Билікті бұзуға іздену», «Сот ісіне кәкімдердің катысы», «Билікті орнына келтіру», «Көшпелі қазақтардың сотын өзгертуін негізі», «Судиалардың енбекақысы», т.б. Осыншама әлеуметтік қайшылықтарға ұлт мұддесін қарсы қойып, тұрақты қарсылық білдіріп, аталған мақалаларды жариялап отырғаны үшін А.Байтұрсынұлына Орынбор генерал-губернаторы 1500 сом айыппұл төлеуге немесе үш ай түрмеге жабуға үкім еткені мұрагат деректерінен белгілі. Жалпы, ұлт мұддесін өз мұддесінен жоғары қойып, жұртына енбегін арнаған Ахмет Байтұрсынұлы сырттан төнген қауіпті аса көрегендікпен сезген және оны маңайына түсіндіре білген. Әрине, бұл – саяси сауаттылық қана емес, білгірлік пен біліктіліктің үлгісі.

Айгүл ІСІМАКОВА

«Жәрдем комитеті» (1915) – ақпараттық жазылым, бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлы табиғат апатына ұшыраған мұсылмандарға жәрдем берудің қажеттігін жазады. Бұл идея қазіргі кезеңде де өзінің мәнін жойған емес.

«-ов» туралы» (1915) «Қазақ» газеті атынан берілген түсініктеме. Қазаққа сырттай телінген бұл тәуелді «жүрнақтың» қажетсіз екенін, оның орнына «ұлы», «қызы» деп жазудың тиімді екенін ғалым сол кездің өзінде дәлелдеген. Біз бүгін үйреніп кеткен «-ов»-тың қазақ баласына «катасты, әкесі, тегін» ұмыттыру үшін қасақана жасалған нәубет екенін енді түсінгендейміз. Десе де, әлі күнге қазактарды «ұлы», «қызы» деп ресми құжаттандыруды іс жүзіне асыруда қасандық танытып келеміз.

«Қазаққа ашық хат» (1916) мақаласында автор қазақтың мал санағаннан қорқып, бағып-өсіріп отырған малының санын жасыруды әдетке айналдырганын сынға алады. Кең-байтақ қазақ жерінде мал көп, сондықтан артық жер жоқ яғни «отарлауға жол жоқ» деген ұғымды орнықтыруға бар күш-жігерін салады автор.

Қазаққа жерді пайдалануда отырықшы норма емес, керісінше, көшпелі норма мақсатқа сай келетінін дәлелдейді. Егер қазақтар отырықшы нормамен жер алатын болса, көп жер артық қалады да, қоныс аударушыларға жер көп кесіліп берілетінін дәлелдейді.

«Көшпелі һәм отырықшы норма (1913)» атты мақаласында А.Байтұрсынұлы өзінің азаматтық ойын анықтап айтқан (14: 167). Және сөз соңын қазақ оқығандарына арнайды: «Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар, адаспас үшін ақылдасын, ойланып, ынтымақпен іс қылышындар; Алаша аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істендер. Сендер адассаңдар, арттарыңнан алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар» деп үлкен жауапкершілік жүктейді.

«Жазу тәртібі» мақаласы алғаш 1912 жылы «Айқапта» басылған. Бұл оку-ағарту ісіне арналған, ғылыми маңызы, тәжірибелік мәні зор еңбек. Мұнда қазаққа керек екі түрлі: «бірі – мұсылманша оку, бірі – русша оқуды» (14: 238) басты мәселе етіп қояды. Ғалым араб таңбаларының қажет екендігін былай дәлелдейді: «Араб әліппесі қазақ арасына дінменен бірге тараған, сіңген, дінменен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қын жұмыс. Бұлай болған соң араб қаріптегінің қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Мұның амалы, менің ойлауымша – мынау» – (16: 240) дейді де, өзі түрлеген әліпбидің негізгі мазмұнын түсіндіреді. Араб таңбалары бірден мойындалмағанын «Жазу

Алаш әдебиеттанузы

мәселесі», «Шақзаман мырзага» мақалаларынан аңғарамыз. Ахмет Байтұрсынұлы карсыластарын «сабырмен отырып, ойласып, іс істелікке» шақырады.

«Қазақша сөз жазушыларга» мақаласында А.Байтұрсынұлы әліпбиді қорғап, араб таңбаларын латынға аудысуына қарсылығын білдіреді. Себебі, Түрік жүрттының 90 пайзы баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Сондықтан ғалым араб пен латын таңбаларының оқу, жазу, баспа ісіне қолайлы, лайықты жақтарын қарастырады. Жазу, емле, терминология мәселелері аталған мақалада жан-жақты баяндады.

«Оқу жайы» (1913) мақаласында ғалым «үкімет қазаққа қазақша мектеп салып бермейді, қазақтың қазақша оқуын тіпті тілемейді. Сондықтан мектептерімізді тәртіпке кою, қазақша окуды қалыққа тарату өз міндеттіміз» (14: 290) деп ауыр жүкті көтеруге шақырады.

«Орысша оқушылар» (1913) мақаласында қазақ еліндегі оқу-ағарту мәселесі туралы пікірін жазған. Тақырыптың негізі Орынбордағы Қазақ мұғалімдер мектебі туралы. Мектепті орысша атымен атауға мәжбүр болған. Ізінді аңдыған ұлы халықтың қаһарынан құтылу үшін орыс мәтінінде «қырғыз» деп, ал жалпы қазақ жүрттына «қазақ» деп айдарлап, арнайы газет шығарғаны баршамызға аян. Бірақ сол тұстың кейбір қитұрқы саясатына көнбескे тағы болмайды. Мақала мәтініндегі ұлттың ұстазы А.Байтұрсынұлының: «Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелегу жөн бе?», «Сол қаңғырып, қалып түрган балалар ұлттың ұлы емес не?», «Атальқ міндеттін атқарып отырган жұрт жсоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ», «Балам деген жұртты болмаса, жұрттым дейтін бала қайдан шықсын», т.б. гибратты сөздері әлі күнге ұрпақ тәрбиелеудегі маңызын жойған жоқ (14: 293).

А.Байтұрсынұлы мәселені тоқетерінен көтереді: «Асыл тастан, өнер жастан» деуші еді, шырақ ұстап, жұрт алдына түсіп, түзу жолға бастайтын адамдар шығар деп, үміт ететін жастардымыздың жайы осы... Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс, үлкен жұмысқа көп жұмысшы керек...» (14: 292–293). Ұлт намысын кім көтереді? Оған былай делінген: «Баланы ұлаша тәрбиелесең, ұл болмақшы. Құлаша тәрбиелесең, құл болмақшы» (14: 293). Себебі: «Мойындағы борышты білу – білім ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі» (14: 293).

«Қазақша оқу жайынан» (1913) мақаласында бала оқыту ісіне қатысты кәсібілік туралы: «Бір нәрсені істегендеге, сол істі істей

Айгүл ICIMAKOVA

білетін адам істесе, шапшаң да, жақсы да істейді. Бұл жалғыз қол ісі емес, ми ісінде де солай... Оқытуымызды қандай мін бар? Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшиліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндері үлкендердің көбі біздің жаңалықтардың ісіміздің жастырықан, жаңалықтардың пікіріміздің түсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалықтар жастар мойнын бұрын, қайырылар, қалық түзелуінің үміті – жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі – бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жогары қойылатын жұмысы» дейді (16: 294). Себебі, басты ниет: «Жұрт жұмысының түзелуіне қызмет ету!» Яғни дамып, қалыптасып жетілудегі соны жаңалықтарға он көзқараста болып, оны әлеуметтік ортандың қабылданап, игеруіне ақыл-кенесші бола білген азбал. Мұны біз де бүгінгі бала оқыту ісінде ескеруіміз керек. Себебі, А.Байтұрсынұлы айтқандай, «әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік та, халық та – оқумен түзеледі. Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшиліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі» (14: 295).

«Бастауыш мектеп» мақаласы 1914 жылы жарық көрген. Мақалада тек білім беру мәселеі емес, сол білім қандай болуы тиіс деген саялға да жауап береді: «Халықтың өз тілімен, өз әрпімен оқығанын әкімдер жақтырмайтын болған соң... заң қағаз жүзінде бар болса да, іс жүзінде жок» (14: 299). Тура бүгінгі біздің халіміз де осы емес пе? Фасыр басында ел басқару тілінің қазақшалануын тілеген зиялышарымыздың күресі мектеп жасындағы балаларды қазақша оқыту болған. Ал сол тұстағы үкіметке жағымдысы тұлға тілімен айтсақ, «...қол астындағы түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сзыруды тұтынып отырған жұрттардың бір тілде сөйлегені қолайлы» болған. Сондықтан миссионерлер арқылы жазу-сзыруды орысшаға аударуға билеуші үкімет бар күшін жұмылдырған. Тері бөтен жұрттар тілінен, жазу-сзыуларынан айырылып, орыспен бірдей болып сіңісу үшін, бірден орыс тілімен оқыту қағидасын ұстанған. «Інкіметке керегі – мемлекеттегі жүрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр қалыққа керегі өз тілін, өз дінін, өз жазуын сақтау. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек» яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, сүйік қолдан тыныш боларға керек» (16: 299), – дейді Ахмет Байтұрсынұлы.

Осы ретте ғалым былай деп жалғастырған: «Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге аударамын деу құр әуре-

Алаш әдебиеттануы

шілдік. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс. Араб әрті ислам дінімен бірге келіп, қазақта орнаған. Дінмен байласқан жазу дін жоғалмай жоғалмайды... Олай болса, мектеп арқылы қазақтың дінін, тілін, жазуын жоғалтып, орысшага аударалын деген пікірден үкімет безіп, тиісті бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуын көздеуі тиіс» (14: 299–300). Ұстаздың бұл айтқандары ертең «эттеген-ай» деп өкініп, кеш қалмас үшін бүгінгі біздің Тәуелсіз еліміздің кейбір адасып жүрген ұрпактарын (тіпті өзге дінге бет бұрған) қайтсек түзейміз деп ойлаушыларға керек-ақ. «Мектеп керектері» (1914) мақаласында ғалым: «Мектептің жасы – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмағыш» (16: 301) деп, негізгі жүктің оқытушыда екенін ескертеді. Екінші, «оқыту ісіне керек құралдар қолайлы әм салы болу керек», – дейді. Бұл жолда ұстаз-әдіскер өз ісімен өнеге көрсетті. Кешегі, бүгінгі мектептерде оқытылып келген әліппе, ана тілі, қазақ тілі пәндеріне ұлт ұстазының мына еңбектері негіз-бастау болды: 1) Оку құралы. Қазақша алифба. 1-ші кітап, 1912; 2) Оку құралы. 2-ші кітап, 1914; 3) Оку құралы. 3-ші кітап, 1916; 4) Тіл – құрал. 1-бөлім, Фонетика, 1914; 5) Тіл – құрал. 1-бөлім, Морфология, 1915; 6) Тіл – құрал. 3-бөлім, Синтаксис, 1916; 7) Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін әдістемелік құрал, 1920; 8) Әліппе-астар. Әліппеге жетекші құрал, 1924; 9) Оку құралы. Хрестоматия (Т.Шонанұлымен бірге), 1927; 10) Тіл-жұмсар. 1-бөлім, 1928, 11) Тіл-жұмсар. 2-бөлім, 1929. Әдіскер-ғалым мектептің үшінші керегі жоспарлы жосық деп білген яғни келісілген кемел бағдарлама. Осы бастанқы үш керекті дұрыс жолға қоя білу – негізгі міндеп деп білген. Және «Ана тілімен оқытамыз деген пікір орыстан басқа, тілі басқа жүрттың бәрі қуаттайтын пікір. Ана тілімен оку бізге де керек екендігінде еш талас болмасқа керек» (14: 304) деп корытады.

«Тәні саудың – жсаны сау» (1922) мақаласында мемлекетте денсаулық сактаудың қандай орын алатыны баяндалады. Автор Қазан төңкерісінен кейін қазақ даласында бассызыдыққа жол беріліп, ашаршылықтың етек ала бастағанын ашық жазады, тіпті адамдар бірін-бірі жеп жатқан жағдайдың кездесетініне күйінеді. Қазақ мәтедерінің «Қайғысыз қара суға да семіреді», «Бір күн ашықкан-нан қырық күн ақыл сұрама», «Мастық не дегізбейді, аштық не же-гізбейді», «Бірінші байлық – денсаулық...» (14: 229) философиялық мәнін талдай отырып, «Тәні саудың – жаны сау» деген, «жақсы сабаның қымызы да жаксы болады», яғни ауырмайтын, денсаулығы мықты халық қанаға тылыммен, өнермен шүғылдана алады, сол үшін

Айгүл ІСІМАҚОВА

мемлекет қолдан келген барлық шараларды қолданып, халықтың тұрмысына қажетті қоғамдармен қамтамасыз етуі міндетті деп караиды. Бұл айтылғандар да бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі екенін көріп отырымыз.

«Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» атты мақала 1923 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының 14-нші санында басылған. Онда қазақ ауылдарында оқуды жаңа талаптардың негізінде қалай үйымдастыру керек екендігін баяндады. Мұнда көтерілген келелі пікірлер бүгінгі күні де мәнін жойған жоқ.

«Түрікшелер құрылтайы» (1926) мақаласында ғалым өзінің ғылымдық ұстанымын айқындаған береді: «Қазақ жақ сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілімен жасауга тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың қат білетін, білмейтін қайсысына болса да түсінкіті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсін айырылmas үшін, жақ сөздерді амалсыз болған жерде гана алатын тәртіп қолданды» (14: 270). Ғалымның оқу-агарту ісіне арналған мақалаларының ғылыми практикалық тәжірибелік мәні зор.

Ахмет Байтұрсынұлының «Араб әліпбій жақтаған баяндағасының» («Әліппе айтысы») кітабынан. Қызылорда 1927) ғылыми мәні күні бүтінге дейін өз мағынасын жойған емес. Ғылыми стильдің үлгісі болып табылатын бұл еңбек қазақ тілі білімінің сүбелі мұрасы екені анық. «Мен мәселенің ілім мен іс жүзіндегі жағын алып сөйлемекшімін» (14: 252), – деп зерттеуші бірден баяндағасының басын ашып алады. «Әліп-бій деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмасы. Негұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаган дыбысқа дәл келсе, окуга, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құрападарына орнатуға қолайлы болса, согұрлым әліп-би жақсы болмақшы» (14: 253), – деп, ғалым осы өзі атаған ғылыми шарттарға сай қазақ тілі дыбыстарына араб пен латын әрпітерінің қайсысы қолайлы екенін нақты талдаулар арқылы қарастырып береді.

Оқуға, жазуға, үйретуге қайсысы ыңғайлы? Түрік жүртіның 90 пайызы араб әрпін пайдаланып келгенін алға тартқан тілші-маман «Араб әрпінен жасап алған әліп-бімізге жережузінде әліп-бій жетпейді» деп оның артықшылығын дәлелдейді. Осы ретте латын әрпінің араб әрпіне қарағандағы кемшіліктері сараланып беріледі (тіл дыбысына, басылуына, жазудағы жазылу түрі, баспаға, үйретуге, көркемдік пен көзге жайлышық жағынан). «Қай жасагынан болсын, араб әрпі қалай жұмсаймын десе де келе беретін, көне беретін ыңғайлы, қолайлы әрпі екенін көрсетеді» (14: 264). А.Байтұрсынұлы

Алаш әдебиеттануы

«Солдан оңға қарай жазғанда, қол қардың жайылатын жасына қарай жылжиды, жылжыган сайын қындалатады. Оңдан солға қарай жазғанда, қол қардың жисылатын жасына қарай жылжиды, жисылган сайын жесеңілденеді. Қол тыныққан есепті болып, талмайды» деп тұжырымдайды (14: 259).

«Түрікшелер құрылтайы» атты мақалада қарастырылған мәселелерді баяндай келе өзінің «Пән сөздерінің жүйесі туралы» салада «Түрік тілінің пән сөздері туралы» деген тақырыптағы жасаған баяндамасын ғалым әңгімелеп береді. «Пән сөздері жасынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен. Екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендейдіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі болектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу дәрежесеге жеткен» (14: 270). Яғни А.Байтұрсынұлының басты қағидасты – «қазақ жат сөзге әугестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауга тырысты» деген айшығында. Оған дәлел «Әдебиет танытқыш» екені анық.

«Первый всесоюзный тюркологический съезд» (Баку. 26.II – 6.III. 1926) атты стенограмма жиылыштағы пікір таластың өрбүін көрсетеді. Мұнда А.Байтұрсынұлы тіл білімінің зандалықтарына сый қажетті талдаулар жасау арқылы дұрыс жазудың негізін саралап береді. Профессор Щербаға сілтеме жасай отырып, түркі тілдерінің жазу тәртіпперін орыс тілі фонетикасымен салыстырып, қарастырады. Негізгі тақырып – «Как мы, казахские научные и литературные работники, строим терминологию для литературы народа, и во-вторых, какого принципа мы придерживаемся в выработке терминологии». Осы ретте ғалым біз бүгін дүниежүзілік әдебиеттануда компаративистика деп жүрген саланың да мәнін ашады: «Современная культура не есть создание одной какой-нибудь нации или расы, а результат совокупных усилий и навыков всего человечества. В культуре каждой нации, кроме собственного творения, имеются заимствования, и на смешение их культуры влияют их отношения, которые различаются с точки зрения дружественного и неприязненного. Заимствования бывают и при покорении одной нации другой, и при мирном общении народов друг с другом. При этом сходные формы религии, обычая, нравственности, общественной организации, сродность наклонностей, инстинктов, психологии и т.д. облегчают процесс заимствования и смешения культур» (14: 279).

Айгүл ICИMAҚОВА

Осындай ғылыми теориялық тұжырымдармен қатар А.Байтұрсынұлы әлеуметтік саяси ахуалды да есте сақтап отырады: «...до революции 1905 г.. нам казахам, печатать на родном языке ничего не разрешалось. Лишь после этой революции на казахском языке начали выходить брошюры, журналы, газеты, учебники» (14: 281). Баяндамашы басты талапты ашық айтады: «...заемствованные термины должны подчиняться нашему казахскому говору, т.е. на них должны распространяться звуковые законы нашего языка» (Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай т.б.) (14: 283). Осы еңбекте әдеби тіл, стильге байланысты А.Байтұрсынұлы тағы бір теориялық тұжырымды алға тартады: «...наши языки не делятся на язык народный и литературный, на говор простонародья и интеллигенции» (14: 283). Түрік пен әзербайжан, татар мен башқұрт, түрікмен мен қырғыз тілдерімен салыстырылып берілген бұл қағиданың анық екені күмән тудырмайды.

«Партия һәм кеңес құрылышындағы рушылық әсері» (1926) мақаласында «Кеңес үкіметінің орнағанына 9 жыл болғаннан кейін қазақ халқының арасында алғашқы қауымдық құрылыштың сарқыншактары бар ма?» деген саяулға ғалым нақтылы жауап береді. Қазақ қоғамында ру болып бөлінуге негіз жок, бірақ кейір атқамінерлердің тікелей әрекеттерімен ел арасында рушылдықты қоздырып, оны өздері қойған мақсатқа жету үшін пайдаланатыны қатаң сынға алғынған. Сейте отырып, қазақ қоғамында рулық қатынастардың сарқыншактары әдет-ғұрып нормалары ретінде (ас беру, той өткізу, қалың мал, жылу, т.б.) бар екенін мойындаиды. Сауда капиталының орыстықі ғана емес, жалпыға тән екеніне де ғалым осы мақалада арнайы тоқталады.

«Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ар-ожданы»

Н.Ә.Назарбаев

Тәуелсіз қазақ елінің тұнғыш президенті Н.Ә.Назарбаев Ахмет Байтұрсынұлының 1998 жылғы 125 жылдық мерейтойындағы баяндамасында тарихи тұлғага осындай жоғары баға берген. А.Байтұрсынұлының ғылыми, көсемсөздік, ақындық мұрасы уақыт озған сайын ұлт игілігіне қызмет етіп келеді және қызмет ете беретіні баршамызға аян.

Қазақ жұртының мандайына біткен ғалым Ахмет Байтұрсынұлының бесінші томына: «Ер Сайын», «23 жоктау» және ғалым аты ресми актағаннан кейін 1989, 1992 жылдары баспа бетінде

Алаш әдебиеттануы

жарияланып жүрсе де, назардан тыс қалып келген «Тұған тілім», «Дағдарыс», «Қоян» атты өлеңдері мен «Шекіспей бекіспейді» деген мақаласының толық мәтіні 2003 жылғы 5 томдықта берілді.

Адамға «жан қоштау үшін» қажетті көркемөнерді «*көрнек-өнері*» деп атап, оның бес түрі: сәулет, сымбат, кескін, әуез, асыл сөз болатынын терминологиялық түрғыдан анықтап берген А.Байтұрсынұлы өзінің суретші замандасы Н.Г.Хлудовтың қазақ өмірін бейнелеген туындыларына берген сынының мәні зор. (15: 253–255).

Бұл еңбектің мәдениеттану саласындағы ғылыми құндылығын ЕҰУ-нің ғылыми қызметкері Г.А.Шарипова зерттеу жұмысында бүгінгі түрғыдан қарастырды. Зерттеуші А.Байтұрсынұлының Ресей суретшісі еңбектеріне берген талдауларын бүгінгі өнертанушыларға қасибелік үлгі-өнеге ретінде ұсынады.

А.Байтұрсынұлы – әдебиетші, халық әдебиеті үлгілерін зерттеуші ғана емес, оны реттеп, өндеп бастыруши маман. Оған дәлел: «1923 жылы Мәскеуде Құншығыс баспасынан шыққан «*Ер Сайын*» жыры. Кітап Шоқанның досы, эйгілі орыс ғалымы Григорий Николаевич Потанинге тарту ретінде шығарылған. «Г.Н.Потанинге тарту» өлеңінің соңында «А.Б.» деген А.Байтұрсынұлының бүркеншік аты қойылған. Еліміздің сирек қорлар мұрағаттарындағы Алаш кезеңіндегі әдебиеттерде жиі кездесетін осы бүркеншік атпен берілген мәтіндерді келешекте кітап етіп бастыру жоспарымызда түрган жоба екенін айта кеткеніміз жөн.

«*Ер Сайынның*» бірінші жолдары «*Бұрынғы өткен заманда, Дін мұсылман аманда*» деп басталады. Совет өкіметі орнаған 1923 жылы мұндан кітапты жарыққа шығару, әрине, батылдық пен мұсылмандықтың белгісі. Жырда: ...*Аллага тілі тимеген, Бес намазды қоймаган, Бір Құдайды ойлаган...* – деген (15: 17). Бозмұнай байдың ұлы Сайынның ерлігі баяндалады. Ел ішінде кең таралған бұл тарихи жыр А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш азаматтарының казақ елінің тәуелсіздігін аңсаганынан кітап болып басылғаны анық. Жырдың басындағы Алла жолында жүрген дәүлетті адамның өз құлдарының қорлығына ұшырауы совет өкіметінің төнкеріс арқылы әкелген тарихи оқиғаларымен сарындаған екені де анғарылады: ...*Құлдардың түрін көрген соң, Боз аттың басын бүрмалап, Сарайға қашты Аллалап* (15: 19). Құлдан қорлық көрген Бозмұнай Аллага жалбарынады. Жырда А.Байтұрсынұлы: «...Айаншы келіп сөйлемді» деп, көп тарихи жырларда өзгеріліп кеткен кейіпкердің есімін жаңғыртады. Мінәжат, Алладан аян алу сияқты жанрлар осы тарихи жырда анық сақталған:...Сонда Пірі сейлейді. Сейлегендеге бүй дейді:

«Бірін мыңға балаған. Құдай өзін қалаған. Жүртқа қорған болғандай. Бір ме, саган керегі?» (15: 22) – деп. Ер Сайынның тууы осылай аян етіледі. Оның қандай ер болатындығы да осы ретте айтылады: Жаста Құдай демдеген. Қылған ісін жөндеген. Өзге жүрттың тілегін. Ол секілді бермеген; Оның көрген қызығын һеш пендесі көрмеген. Белін шешіп жатпаған. Ақсамай саумал татпаған. Ертөң мінген атынан Кешке дейін түспеген... ...Жүрттың сөзін сөйлеген. Үлттың жауын көздеген. Батыр Сайын болсын деді. Басына дәуір қонсын деді. Қысылғанда сиынар іші нүрга толсын! – деді (15: 23).

Әкесі жетпістен, анасы елуден асқанда Алла тағала «бейсенбінің кешінен, ұлы жұмаға ауғанда» елін қорғайтын бір ер бала береді. Бала өскен сайын оның қауқарын көрген әкесінің құлдары бұрын істеген қылықтары үшін одан корқып, жылқыны иесіз тастап, қаша жөнеледі: Құлдар кетіп барады, Айағының астында. Қосылып өлең айтысып, Сырнай күйін тартысып. Мұны көріп Ер Сайын Төбеде тұрып толғанды, Жалғыздырып ойлады. Жауы – тоқсан, бұл – жалғыз, Ойламасқа болмады: «Өзің жәрдем бола гөр, Бір жаратқан Құдайым!» (15: 31) деп, есейген Ер Сайын құлдарды жеңіп, оларды жөнге салады. Жырдың II-бөлімінде Ер Сайын Қара қышиш Қобыландымен кездесіп, бірге жорықта шыгады. Жонғармен соғысқанда Қобыландының тілін алмай, «Жалғыз өзі Ер Сайын, Соғыска кірді Аллалап!». Бірақ бұл жолы қалмақтарды жеңіп шықкан Ер Сайын асығыстықпен ағаттық жібереді: ...Қайратына мас болып, Алланы еске алмады. Бабасына сиынып, Жалбарына қалмады (15: 48). Жырда: «Алла, Құдай, Аллаға шүкір қылды, Алла разы болсын, мұсылман» сөздері көп кездеседі. Совет кезінде редакцияға ұшыраған тарихи жырлардағыдай емес, бұл сөздер мәтінде сол қалпында сакталған. Жырда анасының, Айбике сұлудың батырды жоқтаулары кезегімен берілген. Ер Сайынның соңғы шайқас алдында Аллаға жалбарынуы мінәжат жанры екені анық. Жыр Қобыландының бата беруімен аяқталады: Қобыланды бата береді: «Алла ашсын жолынды! Ұзын қылсын қолынды! Танып жүргін, е, балам, Оның менен солынды!». Жырдың соңғы сөздері шығарманың басты ойын анықтай кетеді: Екі ұлының тұсында Бәрі тен болды тірлігі. Уш Алашка жайылды Екі ұлының ерлігі. Өлген жерден тірілткен... Қалмаққа атын жүгірткен Бір Құдайдың кеңдігі (17: 68).

Жырдың сонында «Қыр баласы» былай деген: «Ахмет өндеп берген Ер Сайынның жыры Батыр Сайын деп Радлов дайындаған

Алаш әдебиеттануы

жырмен бір екен. Екеуінің айырмасы осы «Ер Сайынның» «айагы» деп басылған» (15: 56–69). Сонау XX ғасыр басында толып жатқан тарихи жырлар ішінен «Ер Сайынның» таңдалып алынуы, әрине, тегін емес-тін.

Әдебиетші А.Байтұрсынұлының реттеп, бірізге түсіріп бастырған халық әдебиетінің тағы бір мұрасы – «23 жаңытау» атты жинақ. Бұл басылым да Мәскеуде 1926 жылы жарық көрген. Кітап «Қазақ тарихының төрт жүз жылдын алады. Жинастырған, тұзеткен Байтұрсынұлы Ақымет» деген сөздермен ашылады.

«Бастырушуыдан» атты алғы сөзінде шығарушы негізгі мақсатты айқындаپ береді: «Дүниеде ешбір ел өз-өзінен шықпайды. Дүниеде ешбір тілді бір шешен кісі ойлат шығарған жсоқ та, шығармайды да. Тіл деген нарын қалың елдің күндегі түрмис қазанында қайнап пісін, дүниеге келеді. Сонан соң ғана шешендер, бұл «тіл косемдері» тілді безеп, жол-жонғе салып, жүйесін айырып өсіреді. Сондықтан әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек...». Демек, кітап жаңытаулардагы әдеби тілдің үлгісін көрсету үшін де шығарылған. Себебі, көркем тіл мен жалаң тіл бірдей емес: жай сөйлеген қазақ жаңытауды басқа стилемен орындаған: «Ел аузындағы тіл дегенімізде, нені үлгі-өрнек етіп аламыз? Әрине, осындағы жаңытауларды, мақаладарды, жұмбақтарды, ертегілерді, өлеңдерді, т.т.с.!» (15: 78). Келесі сөйлем: «Тіл туралы Ленин сияқты көсемдердің айтқан сөздерін, үгіттерін оқыған не естіген кісі жолымыздың тұра екендігін байқаса керек» деген жолдар ғалымның совет өкіметіне мәжбүрлікten көрсеткен кошеметі ғана емес, тұлғалардың тіліне деген ғылыми ықылас екені анық.

А.Байтұрсынұлының совет өкіметіне деген шынайы көңілін осы Ер Сайындағы батырды аңсауы мен жоқтауларды шығаруынан аңғарамыз. Заманға мәз болған әдебиетші жоқтау емес, мадақ, толғауларды алға тартар еді ғой. Саяси астары анық басылым. А.Байтұрсынұлының совет өкіметіне деген пейілінің көрінісі.

Әдебиеттанулық мақсатты алға тартқан ғалым тілдің қазақ тарихымен байланысты болуын да ашық айтады: «..Бұл «Жоқтаулардың» ішінен әзіргі заманының жас тілшілері, жазушылары талай материал табар деген үмітіміз бар. Мәнісі көбірек қазақ тарихына тиісті болса да, тілін үйрену, текстеру, тілінен пайдалану осы заман жастары үшін де керек жұмыс» (17: 78) дей келе сол кездегі қазақ әдеби тілін А.Байтұрсынұлыбылай сипаттайды: «Қазактың әзіргі тілі бай, жалпақ, түсінікті, өткір, қысқа суретті болса, көп қару-жарактың бірінің жөнделгені де». Яғни тіл – ұлттық рухани қару-жарактың бірі.

Жоқтаулар Шәңгереидің:

Құйрық атып құлиа.

Тұлкідегі қашқан жысмиа.

Караңды узіп барасың.

Бізден де, қайран дұниа... – деген өлеңімен ашылады.

Қазақ елінің батыр үлдарын жоқтаған бұл жырлар төрт ғасырлық тарихи оқиғаларды қамтиды. «Әуелі Құдай. Пайғамбар. Екінші сезім Мұқамбет» деп басталатын жоқтаулар қазақтың жақсы, жайсандарына арналған. Ел басына түскен ауыртпашилықты жеңе білген ерлердің ісін, батырлығын, билердің біліктілігін, тарихи тұлғалардың парасаттылығын аңсайтын жоқтаулардың басты кейіпкерлері: Қаз дауысты Қазыбек би, Қенгірбай би, Алтай Тәті, Жантай, Шоқшолай батыр, Төлебай батыр, Ысмайыл хан, Нысанбай жыраудың Кенесары мен Наурызбайды жоқтауы. Қарпық ақынның жоқтауы, Бұдабай ақындықі деп жүрген Әйекенің жоқтауы. Абайдың Әбдірахман қайтқандагы өлеңдері, Нарманбеттің әкесі Ормамбеттің жоқтауы, Әбдіғапар хандың жоқтау. т.б.

Совет кезінде Кенесары – Наурызбай мен Қаз дауысты Қазыбек жайындағы жоқтауларды Мәскеудің баспасынан шығару Алаш саяси қайраткерлерінің сол билікке білдірген ашық карсылығы екені де анық.

Бір ескеретін жайт: осы жинақтағы шығарушылар тарапынан берілген түсініктемелердегі мәліметтердің құндылығы ерекше. Осы тұста анықтап алар мәселе: бұл «23 жоқтау» атты кітапты А.Байтұрсынұлы «Қыр баласымен» бірге шығарған. Өйткені, тұпнұсқадағы жоқтау ішінде кейбір тарихи тұстарды анықтайдын сілтемелік мәліметтерді «Қ.Б.»-ның атынан беріп отырады. Мәселен, Мамай Едіге бидің нәсілінен екені, оның XVI ғасырда өмір сүргені, Қаз дауысты Қазыбек қанша өмір сүргені, Бекейдің әкесі Барак, Бекейхан қай жылы кайтыс болғандары, тобықтыны билеген Абайдың атасы Қенгірбайдың туған жері, жылы, қырғыз Жантай батыр, қыпшақ Әбдіғапар хан туралы мәліметтер күні бүгін деғылыми қажеттілігін жойған емес. «Алтай Тәті» жоқтауына келесі түсініктеме берілген. «В.В.Радловтан. Бұл Сармантай Тәті болса керек. Ол болса, Қарағанды көмір зауыты тұрған Соқырдың бойында осы Тәтінің бейіті бар, елі Қарағанды болысы аталады. Қыр баласы» (15: 97). Тәті қандай тұлға? Ол туралы былай делінген: Елім Алтай екен деп Еркінше зорлық қылмаған. Ертеңі өткен замандай Елдің қамын ойлаған. Асылық айтып Аллаға, Құнәшар ісі болмаған. Адалдығы алымдай дін сезінен таймаған (15: 94).

Алаш әдебиеттануы

«Ерғазы» атты жоқтауда берілген сілтемеде оны Қарпық ақын шығарғаны, «Ерғазы – Ақыметтің әкесі Байтұрысынмен бірге туысқаны», Байтұрысынның Сібірге айдалғаны, сонда інісі Ерғазының сол іспен жүріп қайтыс болғаны туралы («Бұл шамамен, 1883 жылы болған. Қыр баласы») ғылыми түсінік берілген (15: 148). Бұл мәліметті ахметтанушылар пайдаланғанда, осы басылымның түсініктемесіне сілтеме жасамауы, әрине, әдептілік емес.

«Еленбей жүрген еңбектері» атты тарауға 1915 жылы жазылған «Дағдарыс», «Қоян», 1916 жылғы «Тұған тілім», «Шекіспей, бекіспейді» деген туындылары енді. Осы шығармалар туралы әдебиетшілер: Б.Байғалиев (1989, 1991), мақала жазып, мәтіндерін де жариялағаны белгілі. Олар осы жоғарыда аталған шығармалардың «Байқаушы» деген бүркеншік есіммен жарияланғанын, бұл үш өлеңнің А.Байтұрысынұлының екенін жазған, бірақ анықтап түстемеген. Мұнда да қандай дерекке сүйенгені көрсетілмейді. Бұл мәліметтер сілтемесіз берілгендейтін, материалдар А.Байтұрысынұлының кейінгі басылымдарына енбей, елеусіз қалып отырды.

Р.С.Имаханбетованаң «Ахмет Байтұрысынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрагат деректерінде)» атты ғылыми зерттеу жұмысы бойынша жүргізген талдаулары негізінде осы аталған туындыларды тұнғыш рет А.Байтұрысынұлының бес томдық жинағына кірді. Бір ескерте кететін жайт – «Тұған тілім» атты өлеңді 3-томга беташар ретінде бергенбіз. Бұл 5-томда «Еленбей жүрген еңбектері» деп арнайы айдармен кейін табылған, әрі талданып-тансылған өлеңдерін топтастырып жарияладап отырғандықтан, «Тұған тілімнің» мәтінін өзге туындыларымен қатар қайта беруді жөн санадық. Жалпы, осы өлеңдерге қатысты талдап-таратылған деректер кітап соңындағы «Ғылыми түсініктен» табылады.

Жаңа табылған «Ызын» (1912) атты өлеңдер топтамасы Оралдың «Қазақстан» деген баспаханасында 1912 жылы ескі жазумен (қадімше) табылған мәтіндер А.Байтұрысынұлының і болмай шықты. Кітапқа ғалымның «А.Б.» деген бүркеншік аты қойылған, бұл бүркеншік есімнің кімдікі екені әлі анықталмады. Жинаққа 14 өлең кірген, оның үшеші – аударма. 7-ін авторы көрсетілмеген, қалған жетеуінің белгілі авторы бар. Олар: 1. Мағжан Жұмабайдың «Қазақтың кешегі күйі», 2. Ишанғалы Бейсенұлының «Қазақ халқына», «Жаз», «Ұмтыл», «Сүр һәм мысық», 3. Мұғым Малдыбаевтың «Тұған жеріме», 4. Халжан Коңыратпаевтың «Әй, қазақ, заманға назар сал» атты өлеңдері. Осы жинақта шығарушы «А.Б.»-ның 3 өлеңі және төрт аудармасы бар. Олар: Жуковскийден 2, Кольцовтан 1, Никитиннен 1 өлең тәржімаланған.

Айгүл ІСІМАҚОВА

Елеусіз Бұйрин деген ақындықі делініп F. Есім дәлелдеген келесі мәтіндер: «Ау, қазақ!», «Азаматтарға», «Борыштымын». Қай қазақ бүгін азамат болып, қазақ елі алдында өзін борышты санайды? «Халық тұр Құдайдан соң саған сеніп», «Жігіттер біле білсең, анаң – халық. Келіңіз ана сүтін адалдалық», – деп басталатын «Азаматқа» деген өлең ақынның замандастары – Алаш зиялыштарына тастаған ұраны іспеттес. Осы жинақтағы ақынның «Жүргенің хан ұлындаі халық арқасы, Мінезді қадір білмес қолданбалық» деуі bungінгіге қажет ой: қалың қазақ қолдамаған ер – хан ұлындаі өзін сезінуі мүмкін бе?!

Ақын бәрін Алланың құзіретіне телиді: «Түгел бір өзіңе, ия, Алла! Аша ғөр, бұл халықтың сен бір багын!» деп жырлайды. Бірақ, ел бірікпейінше еш нәрсе бітпейтінін де айқындал береді: «Жігіттер, жалғыз-жалғыз аттанбалық. ...Біздерді халық байғұс көзім деді. Халықтың кел, шығалық үмітінен» деп, бірігіп тірлік жасауды насиҳаттайды.

Ұлттың рухани «қару-жарақтарының» бірі – тіл болса, А. Байтұрсынұлының көсемдік сөздері де ерекше міндет атқарғаны тарихтан мәлім. Әны «Қазак» басылымын оқып, саяси қалыптасқан Алаш зиялыштарының бірегейі М. Әуезовтің 1923 жылы рухани ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы һәм оның жасаған қызметтері хақында жазған алғыс лебізі дәлелдейді.

А. Байтұрсынұлының көсемсөзінің мәні жоғалған емес: «Қазақтың өкпесі», «Егін егу», «Шаруа жайынан», «Ауру жайынан», «Бас қосу тұрасында», «Жауап қат», «Бас қосуға рұқсат берілмеді», «Бас қосу», «Орынбор 13-нші оқтиабір», «Білім жарысы», «Білім жарысы қақында», «Оқыту жайынан», «Орыс «мейірманшылығы», «Аңдаспаған мәселе тұрасында», «Досмайыл қажыға ашық қат», «Губернатордың өзгеріліуі», «Соғысуши патшалар», «Бұ заманның соғысы», «В. Л. Буртеев», «Лениннің 50 жасы», «Түзетілген әріп».

«Қазақтың өкпесі» мақаласында: «...Біздің заманымыз – откен заманың баласы, келер заманың атасы» (15: 203) деген сынды А. Байтұрсынұлының таңдал алынған нақыл сөздерін келешекте жинастырып басып шығару ісі бүгінге қажет ғибрат. Халықтың бос сөзге құмарларына Ахаң былай дейді: «Гамалыңды түзет, түземесең, ешкімге кінә қойма! Беті жаманың айнага өкпелегуі жөн бе? Талап жсоқ, үміті мол бір халықтыз... Еңбексіз егін шықпайды, терлесең, терің тегін қалмайды. Телміріп алған тәңгеден, тер сіңірген тының жұғымды... Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жсоқ. Ниеті жаманың Аллаға өкпелегуі жөн бе?». т.б. (15: 204). Қазақтардың озық өнерді басқа елден үйренуі керек екенін А. Байтұрсынұлы «Егін

Алаш әдебиеттануы

егу» мақаласында нақты іске шақыру арқылы айтады: «...Егін жаксы шығуына керек шарттар көп (15: 205) – деп – озық өнерлі елдердің өнегелі ісінен үлгі алу керек», дейді.

«Білім жарысы» атты мақалада А.Байтұрсынұлы Нобель сыйлығы туралы айта келе: «...ұлт намысы тек екі ауылдың, екі таптың, ия екі рудың намысы емес екенін алға тартады» (15: 226). Осылай қазақтың ауқаттыларына білім бәйгесінде европалық үлгіні ұстапанды насихат етеді.

«Бас қосу тұрасында» атты мақаласында: «...құр сиезге жиылып, «анау керек, мынау керек, олай істемеу, былай істемеу тиісті» деген-нен еш нәрсе өнбейді. Қалықтың ісі машинаның тетігі емес, бұран қалса, басқа жөнге түсетін. Жұрт жұмысы – құмырсқаның илеу-індей жұмыс сияқты. Құмырсқаша жабыла тынбай істесек өнеді. Бірі оны, бірі мұны істеп, илеуде қарап тұрган құмырсқа болмайды. Жұрт жұмысын да солай істесе, алға басады. Әр құмырсқа бәріне керек илеудің өсуі үшін күши жетеп көтерген шөпшегін апарып салады. Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет етемін деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенінше қарап тұрмай кіріспін істей берсе, ұлт жұмысы ұлгайып, толықпақшы» (15: 213). Шындығында, қазақ еліне не қажет? Ел болып қалу үшін не керек? деген сауалдар бүгінгі күні де манызды екені анық. А.Байтұрсынұлы оған былай деп жауап берген: «...Жұртқа керегін білетіндер көп, істейтіндер аз. Білушілеріміз білгенімен қоймай, істеге кіріссе екен. Білушілеріміз істеге болса, оларды коріп, өзгелер де істер еді. Сойтін, көсемдер көбейсе, ерушілер де көбейер еді» (15: 213).

Алаш зияллыларының басын қосып, көшбастаушысы бола білген А.Байтұрсынұлының ғибраттары әр қазақтың жүргегінен орын табуы да заңдылық. «Қазақ керегінің көбі әркімге-ақ мағлұм ғой; біз кейін қалған халық, алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін, біз білімді, бай һәм құшті болуымыз керек. Білімді болуга – оқу керек. Бай болуга – кәсіп керек. Құшті болуга – бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істемеу керек» (17: 214) деген сөздері бүгін де ұлттық идеяны аңсағандарға жауап емес пе?!

Ойымызды «Дала қоңырауы» атанған Ыбырай Алтынсарыұлының ісін дамытқан ұлағатты ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өз сөзімен түйіндегенді жөн көрдік: «Біздің мұнан соңғы айтатынымыз: қазақтың бас адамдары! Әуелі, Сіздер адаспаңыздар, адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақты іс етіңдер. Екінші, қазақтың байлары, күштілері! Жарлы-жасақыбай, нашарларыңды жермен теңгеріңдер. Бір асауга да болса құлдық дейтіндер

Айгүл ICIMAKOVA

көбінese солардан болады. Үшінші, Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істендер. Сендер адассаңдар, арттарыңнан ерген Алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына Сіздер қаласыздар!». («Көштепі һәм отырықшы норма», 1913) (14: 167). Ұлт ұстазы ұлт жақсыларына ерен жауапкершілік жүктеп, жұрт жұмысын адал атқаруға үндейді. Ылайым, бұл гибрат туған еліміздің бүгінгі Тәуелсіздіктің қадірін түсініп, болашағын ойлаған қазіргі ұрпақтың ұранына айналса иігі.

Еліне, ұлтына, келешек ұрпақ – біздерге осыншама гибратты ғылыми негізі толық дәлелденген ойларды асыл сөздермен нақтылап берген қазақ ұлтының ұлағатты ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының бұл істері зиялғы қауымға ұлғі болып қала бермек. Бүгінгі мәселе бұларды насиҳаттау ғана емес, іске асыру жағын да қолға алу. Орасан іргелі іс аткарған ғалымның рухына Алла разылдығы Пайғамбарымыз Мұхаммед с.а.с. шапағаты болғай!

1. А.Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. А.: Алаш, 2003.
2. А.Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. А.: Алаш, 2006.
3. А.Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. А.: Алаш, 2004.
4. Ә.Бекейхан. Таңдамалы (Бас ред. Р.Нұргалиев). А.: Қазақ энциклопед., 1995.
5. Ілияс Байтұрсын. Алтын бесік. Қостанай, 1998.
6. М.Құл-Мұхаммед. Алаш ардагері Жақып Ақбаев. А.: Жеті жарғы, 1996.
7. А.Байтұрсынов. Ақжол. А.: Жалын, 1991.
8. Ұлттың ұлы ұстазы. А.: Арыс, 2001.
9. М.Әуезов. Абайдан соңғы ақындар. Шығармаларының 50 томдық толық жинағы. 1-том. А.: Фылым, 1997.
10. А.И.Веселовский. Историческая поэма. Л., 1940; М., 1999, Теория литературы. Основные проблемы в историческом освещении. Т. 2, М.: Наука, 1965, Теория литературных стилей. Том 2. М.: Наука, 1978, А.С.Курилов. Литературоведение в России XVIII века. М.: Наука, 1981.
11. З.Қабдолов. Аханың әдеби кисындары // З.Қабдолов. Қезкарас. А.: Рауан, 1996.
12. З.Ахметов. Бүкіл казақ «Алаш» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. А., 2001.
13. Александр Затаевич. 1000 песен казахского народа. А.: Дайк Пресс, 2004.
14. М.Әуезов. Ахаңың 50 жылдық тойы // М.Әуезов 50 томдық шығар. жинағы, 2-том. А., 1998.

Алаш әдебиеттануы

2.4. ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ

*Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара көлгө қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды, тәнімізде шарнылмаган?!*

*Алаштың адамының бәрі мәлім,
Кім қалды таразыга тартылмаган?
Дегендер «мен жақсымын» толып жастыр,
Жақсылық өз басынан артылмаган*

A.Байтұрсынұлы

Қазак әдебиетінің классигі – Ж.Аймауытұлының көркем шығармашылығы алғашқы зерттеулерімізде қарастырылған. (А.Исмакова. Экзистенциальная проблематика возвращенный литературы. Роман и стиль. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. 1998). Ж.Аймауытұлының Абайтанудағы тұңғыш өмірбаяндық шығармашылық зерттеуі «*Абайдың өнері һәм қызметі*» деген атпен 1918 жылы «Абай» журналында (№2) жарияланды. Мақала соңында «Екеу» деп қол қойылған (Ж.Аймауытұлы. М.Әузов). Абай туралы мақала былай басталған: «Қазак халқын надандықтың айсыз қараңғы түні ғылым сәулемесінен бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде тұншықкан елге дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық-аждаһаны өртеуге Құдай жіберген хакиқаттың ұшқыны Абай туды» (1: 122). Әдеби талдау келесі сөздермен басталады: «Енді Абайдың сөзінің бағасына келейік». Абай әдебиетке қалай қараған дегенге келесі сөйлемде жауап берілген: «*Абайдың ең бір артық өзгешелігі – заманның ыңғайына жүрмей, өзінің «өздік» бетін мықтап ұстап, ақылга, ақтыққа, көңілдің шабытына билетін, көз тұжырыралық кемшилік, міннің ортасында тұрып, ортасында жүріп, улғілі жерден өрнек алып келген кісідей ашық көзben қарап, барлық мінді мұлтіксіз суреттегі жырақта жүріп, қылт еткенді көретін қырагы қырандай сыншылдығы. Мұндай сипат – Абай бұл жүрген адамдарға ұқсамай. өзгеше зор мақсат үшін дүниеге келгендігіне дәлел*» (1: 122).

Абай мұрасының, ақындық өнерінің мазмұндылығын түсіндіру мақсатында Ж.Аймауытұлы: «*Абайдың ақындық өнері тар жолды бірбеткей емес. Әр тараулы, сегіз қырлы. Ол тараулар мынау: мінез тұзететіндік (ахлак), тереңнен толгайтындық (пәлсана),*

Айгүл ІСІМАҚОВА

сыншылдық (критика), суретшілдік (художественность), жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық (лирика), аңы тілділік, ызалықпен күлетіндік (сатира) һәм керемет переводишкітік» 1: 122), – деп жазады. Аталған сегіз түрлі сипат түрғысынан Абай тек осы зерттеуде талданған.

Мақала авторлары осы сегіз қырынан Абай шығармаларын таратып талдағап берген. 1. «Мінез түзеу жолына арналған» деп келесі өлең қарастырылған: Мағлұмға жаңың ашып, ішің күйсін. Харакет қыл, пайдасы көпке тисін. Қөптің қамын әуелден тәнірі ойлаған, Мен сүйгенді сүйді деп, иен сүйсін. 2. «Тереңнен толғап, хакиқатты болжау – пәлсапа жолы» деп келесі өлеңін келтірген әдебиетшілер: Кім жүрер тіршілікте көніл бөлмей? Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей. Міні қайда екенін біле алмассың, Терең ойдың телміріп, сонына ермей. Әркімді заман сүйремек, Заманды қай жан билемек? Заманға жаман күйлемек, Замана оны илемек.

«Пәлсапашылдығы неде?» деген сауалға да нақты жауап бар: «Алла деген сез женіл» деген сезі де пәлсапамен сойлейтіндігін көрсетеді» (1: 123). Мақала авторлары қарасөздерді бөлек қарастырған: «Сол сөздердің бәрі терең ойға салып толғап жазылған. Ахлак, адамшылық, дін, халықтың мінезі, неше түрлі хакиқаттар туралы жазылған сөздері Абайда пәлсапа қуаты барлығына үлкен дәлел». Осыған байланысты әдебиетшілер Абай шығарған 16 мақалын сез еткен: «Абайдың данышпандық белгісі – өзі шығарған он алты мақалы бар. Мақалының біреуі: «Әкесінің баласы – адамның дүшпапы, адамның баласы – бауырың» (1: 123). Совет кезінде де, қазір де абайтанушылар әлі арнайы айқындаған тақырып осы. Бұл бүгінге дейін абайтануда әлі арнайы зерттелмей келе жатқан ғылыми мәселе.

Абайдың сыншылдығы дегенде: «Заманындағы өнерсіз, қалжынбас жігіттерді, шенкүмар ел адамдарын сынағаны, өлеңге, ән-күйге баға қойғандығы Абайдың сыншылдығын көрсетеді». Басқалардан ақын несімен ерекшеленген? Бұл жөнінде кос автор: «Өзге сипаттарының ішіндегі ақындық сезімінің артық жетіктігі, дүниенің сыры мен жүргегінің жалғасып, ымдасып кететіндігі». Бұған дәлел ретінде «Сөзімде жаз бар шыбынсыз», «Желсіз түнде жарық ай» өлеңдері талданған. «Бұл дүниенің бір ұнасымы – суретті. Нәзік мінез, ыстық махаббатқа жүректері толып айттысқан екі ғашықтың сұлу халін дүниенің әлгіндей сұлу суретімен құбылыстырып, «Желсіз түнде жарық ай» деп жазған өлеңі – суретшілдігінің зор куәсі» (1: 123). Сондықтан «Ақынның жүргегі не нәрсенін болсын жарагының, келісімін, сұлудың сұлулын іздейді» (1: 124).

Алаш әдебиеттануы

Абайдың лирикалық кейіпкерінің күйі туралы: «*Абайдың бірсыныра өлеңдері жүргегінің сырын, шерін толқытып, қанымен, мұн зарымен шыгады. Мысалы, «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?...», «Ішім өлген, сыртым сау...», «Жүргегім менің қырық жамау...»* деген өлеңдері» (1: 124). Абай шығармаларының келесі сыры – «Шаншып алма аңы тіл, ызалы кулкі, кекесін де Абайдан табылады». Мысал ретінде «Болыс болдым, мінеки!» өлеңі талданған. «*Ұнатпаған қылыштарды көріп, кекеп, жерлеп, мысқыл қылатын жерлері де көп. «Болыс болдым, мінеки»* деген өлеңі жаман болысты сықақ қылған ылғи кекесін» (1: 124).

Зерттеуде Абайдың аудармашылық қасиеті ерекше сөз етілген: «кейбір орыс өлеңдерін казақ тіліне аударғандары өзінің төл өлеңінен артық деуге болады». Кейбір өлеңдер мағынасынан айырламай аударылған: «Қаранғы түнде тау қалғып», «Тұтқындағы батыр», «Кинжал», «Жолға шықтым бір жым-жырт». «Кей жерлерде сөздің мағынасынан ғана алып, қазақтың ұғымына ыңғайлап сырт пішінін өзгерткен. Абайдың ақындығының еркіндігі сол: кейбір переводты өз өлеңінен асырып, түрлеп жіберген. Мысалы: «Теректің сыйы», «Онегиннің хатын» Пушкиннің геройынан өзгертіп, тілін сұлуап перевод қылған» (1: 124).

Абайдың стилі мен тіл өрнегін Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов А.Байтұрсыновша бастаған: «Абайдың тіл жағынан келсек, тілі ұғымды; қысқа, аз сөзге көп мағына сыйғызығыш». Осы қағиданы әдебиетшілер таратып ашып берген: «*Өрнекті, дәлшіл, күйлі, таза һәм анық келеді. Тілі терең мағыналы болғандықтан, жүрттың көбіне ұғымсыз, ауыр жерлері де болады*» (1: 124). Абайдың асыл, көркемсөзге қойылған талабы туралы былай делінген: «Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін», – деп өзі де айтып кеткен. «*Көкірегі сезімді, тілі орамды, жаздым өлең жастарға бермек үшін*», «*Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар*» деген сөздерінен Абайдың жалпы үшін өлең жазбағанын көрсетеді.

Бұрынғы ақындармен салыстырғанда Абай сөзінің сыры неде? «*Қазақ тілін анық түрлеп, керекке жаратып түзеген Абай*» (1: 125).

Осы ретте әдебиетшілер Абайдың біз бүгін классикалық деп жүрген стилі туралы келесі тұжырым жасаған: «*Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінің беті мақтау, жамандау, асыру, кеміту, болмаса, зарлаган сарыуайым болып келген. Мінезді суреттеп мінді айтып, адамылдықса жөн сілтеген ақындар болмаган. О кездегі ақындар ия қошеметшіл, ия тіленеші, ия мақтанишақ болып, заманының ыңғайымен кетіп, сөздеріне баға қойылмаган һәм баға қойдыра*

алмаган» (1:125). Мұның себебі неде? деген сауалға төмендегідей жауап берілген: «Ол кезде ақындық өнер орнына жүрмей, жан сақтап, дүние табу жолына жұмысалғандыктан». Оның ен басты себебі: «акындық пен тіленшілік жанас жүрген соң халық ақындыққа терең көзбен қарап қастерлемегендіктен; ھәм ақындар төмен, нашар жерлерден шығып, аталы адамдар ақындықтан жиренгендіктен еді». Абайдың басты шығармашылық жаңалығы: «*Абайдан бергі қазақ әдебиетінің беті жаңа түр тапты. Абай бұрынғы ақындардың ұстаннып келе жатқан бетін тастап, тыңдан жсол салды. Бұл – Абайдың бұрынғы ақындардан ақыл козінің артықтығы болды – бір; ақындығы күшті болды – екі; олеңнің өнер екендігін білді – үш. Сонымен, Абай ешкімнен үлгі алмай, қазақ әдебиетінің бетін бұрып, мүйіс шыгарды*

Абайдың жаңа жанрлық түрлер ашқанын қос әдебиетші осылай анықтаған. Өлең құрылымына әкелген жаңашылдығы туралы былай делінген: «*Өлеңшілдікке өзгеше түр кіргізді. Осы құнгі қазақ әдебиетінің түрі Абайдың көрсеткен бетімен келеді*Абайдың ақындық күшінің зорлығы – өз заманында жүртты өзіне қаратып алып, кейінгілерді де сол ізben әкеле жатыр. Кейінгі жазушылардың бәрін Абай өзіне еліктемеп, соңынан ертіп шәкірт қып әкетті. Абай өлеңнен неше түрлі өлшеу корсетіп, көп түр кіргізді. Бұл күнде ақындар Абайдың көп түріне түр қоспақ түгелі, алі сол түрлерді түгел сіңіріп ала алған жоқ. Қөптің бетін бұрып алғандығы – ақындық екпінінің күштілігі, Абайдың өлеңімен пайдаланып, еліктеу алі қызған жоқ, бірақ мұнан да артық қозып, бірталай заманга шейін бармақ. Ақындығы Абай қатарлы адам шығып, жаңа түр тапқанша осы буындағы әдебиеттің беті «Абай дәуірі» деп аталағы

Авторлар Абайды типологиялық негізде түсінеді: «Пушкин айтқандай. Абай өзіне мәңгілік ескерткіш орнатып кетті» (1: 125). Абай сөзінің ішкі тақырыбы, мағынасы туралы: «Абайдың пайдасыз сөзі жоқ. Ахлақ, адамшылық туралы айткан терең мағыналы, үлгі сөздері кемшіліктің мінезін тәрбиелеп, ақыл козінің ауданын кенейтпек. Жүректен толғанып, ыза мен қайрат айдал шыққан қайғылы, қапалы, зарлы сөздері адамның ақылын өз ішіне үнілтіп, жанымен сырластырып ұғып, оқып түсінгендердің сөзімен тәрбиелемек» (1:

Алаш әдебиеттануы

126). Бұл сөздерде әдебиеттің қоғамдық мәні, адамның жанын тану үшін қажет пән екендігі де камтылған.

Абайды қашан, қандай қазақ түсінеді? деген саулға келесі жауап берілген: «...Абайдың көп сөзі ертерек айтылғанға ұқсайды, бірақ іске аспай, керекке жарамай қалмайды. Жұрттың хакиқатқа көзі ашылуға айналса, тағы бірталайға шейін созылып барады». Қазақ әдебиетінің іргетасы неде? Оған былай делінген: «*Абайдың істеп кеткен қызметі – әдебиеттің асыл іргетас. Бұл асыл іргенің үстіне салынатын ілгергі қазақ әдебиетінің дүкені көрікті, көрнекті, нақысты, өрнекті болуына лайық. Қуанамыз! Нанамыз! Марқұм атамыз қазақ халқына халықтығын жосгалттайтын өшпес белгі орнатты!* Еңбегіңнің жемісін өзің көрмесең, аруагың көріп қуансын!» (1: 126). Сұлтанмахмұттың «Абайды оқы, таңырқа!» деген сөздері де осыны нұқсан тұр. Бұл Алаш әдебиеттануының басты ұстанымы еді.

Жүсіпбектің «Абайдан соңғы ақындар» атты макаласы алдынғының жалғасы іспетті. «Абай» журналының 1918 жылы №15 санында «Екеу» деген атпен жарияланған. Екі мақаланы да текстологиялық салыстыру арқылы М.Әуезовтің 50 томдық жинағының 1-томына енгізген, бүтінгі әріпке түсіргендарынды әдебиетші, текстолог марқұм Б.Байғалиев.

Ұлттық мінез, ұлттық мұдде қазақ әдебиетінде қашан сөз етілді? деген саулға былай делінген: «*Қазақтың мінезін суреттеп, мінін жасын, сырын ашип, көзге көрсеттеп, елдің халін қайғырынып, жақсылыққа сүйреген сөздер Абайдан бері басталады. Абайдан бұрын қазақтың мінез-қалпын суреттеп берген айна болған жоқ, міні айтылмай, жузі жынылмай, бітеп, тұйық күйде келді!*» (1: 126). «Абайдан бері әлгі өмірдің түйіші жойылып, түйіні шешіліп, сыры сыртқа шығып, мінез айнаға түсіп келе жатыр». Бұл – ұлттық әдебиеттегі ұлттық болмыс, ұлттық рух, ұлттық харakterдің койылуы ғана емес, олардың осы кезден бастап бейнеленуін айқындау. Абайдан кейінгі ақындардың өнері қандай? деген саул жертеудің басты мақсаты болып табылады. Ақындардың көбею себебі былайша жіктеліп берілген: «*Қазір бізде өлең жазушылар көбеюіне себеп болып отырған нәрсе – бір «оянудың» барлығы. Бұл оянуға бірінші – Абай, екінші – «Қазақ» газетасы, үшінші – жалпы жұрттың ғылымга бет алуы себеп болды.*» Осы орайда «Қазақ» газетінің қазақ әдебиетінің дамуына тигізген әсері туралы былай делінген: «*Абайдың қай өлеңі болсын, кейінгі буынды жетектеп, тұртқын, қозғайтын әсер берді. Кейінгілерді ғұл әсер ойланты, оятыны, бұган жалғас*

Айгүл ІСІМАКОВА

оянган ойдың бетін түзеп, жолға салып, ілгерілеуіне қамшы болған – «Қазақ» газеті. Бұл газет халықтың саяси көзі ашылуына, «жүрттыштық» деген ойдың кіруіне қандай себеп болса, әдебиеттің гүлденіп өркендеуіне де сондай себеп болды. Егер келешекте қазақ әдебиеті буынын бекітіп, қатарға кіретін болса, «Қазақ» газетасына борышы улken. Бұл газеттің әдебиетке істеген аталақ қызыметі мәңгілікке атагын шыгарып, қадірін күшеттеді» (1: 127).

Әдебиеттегі ұлттық рух туралы авторлар былай деген: «Осы күнгі өлеңшілердің жалпы бетінде халықтың жалғыз мінін айтып, жақсылыққа нұскайтын, бірақ ақындықтың түгел шартын көксемейтін бірбеткейлік бар: көбіндегі бір мінез – халықтың мінін айтса да, жақсылыққа тартса да, тірелетін қазығы – «ұлтшылдық» болып отырады». Әдебиетші оның мәнін түсіндерे кетеді: «Бұл ұлтшылдық қазақ жүрттының қысылып, таршылықта келіп, өнер, білім жүзінде өзгеден кейін қалғандығынан. Енді сол қысымшылықтан босанып, тез ілгері бассам екен деген табиғи мақсатынан шыққан нәрсе».

Осы тұста және былай ескертілген: «ұлтшылдық қазақ газетінің рухында бар-ды. Газет тұрмысқа жанасатын керекті көздел, жүртты өнерлі қылуга, көзін ашуға тырысады» (1: 127). Бұл зерттеуде сонымен қатар өлеңге нақты әдебиеттанулық шарттар қойылған: «Өлеңге қоятын шарт: еркін ой, шарықтаган терең қиял, нәзік, өткір сезім, құйылған сұлу сурет, кестелі, таза, қысқа, анық, дәлді, нағыз тіл». Бірақ бұл шарттарға сай «сегіз қырлы болып шығатын өлең Абайдан соңғы ақындарда некен-саяқ» (1: 127). Сондықтан зерттеуде «акын» мен «өлеңшінің» аражігі анық қарастырылған. «Ақынға қойылатын шарттар: әлгі айтылған өлеңшілдікке ол шарттардың кейбірі болса да жарай береді». «Біздің өлеңшіміз көп, ақыннымыз аз. Сілтеген қаламы, сермен талабы қолемденіп, төгіліп, түрленіп, жапырағы желкілдеп, қолмен қойғандай мейірін қанып, тойғандай болып шығатын өлеңдер бұл күнгі ақындарда аз». Сондықтан «көбінің өлеңі – шеберлеп айтқан қарасөз» (1: 127), – деп қынжылады Алаш әдебиетшілері. Оның себебі де айтылған: «Өлеңшілдікке өнері жоқ, жай тілді кісілер өлеңге салынып, бойдағы өзге өнерін жойып алуға мүмкін және өлең болуға лайықсыз сөзді жұрт өлең қылып жүр». Олар «шарты табылмай, зорлықпен қылғынып отырып жазылған өлеңдер» (1: 127–128). Шынайы мен жалған ақын сезі осылай айқындалып берілген.

Әдебиетшілер енді осы өлеңдердегі мінді анықтайды: «Табиғаттың әртүрлі түрімен сырласып, мұндаса алмайды. Өлеңдерін оқып отырғанда көңіл жоғарылац, қиял шарықтап, басқа бір дүниеге кіріп

Алаш әдебиеттануы

кеткендей болатын қуат аз. Адамның жүргегінің сырды табиғатпен жалғасса, қиялы қүшейіп, мінезі көркейіп, сезімі нәзіктене бермек. Және ақынның қиялы жай ақын емес кісінің қиялынан артық болуы керек» (1: 128). Мысал ретінде «Желсіз тұнде жарық ай», «Көленке басын ұзартып» өлеңдері көлтірілген.

Ақындықтың негізгі шарты туралы былай делінген. «*Көрген нар-седен көңілге өзгеше артық бір әсер қалып, аудармай, бұлжыстай, тілмен суреттеп беру соңы өлеңшілерде күшті емес. Сезім, көңіл суреттің тілмен үйлестіріп көлтіру ақынның гана қолынан келетін жұмыс. Бұл туралы Абайдың суретшілігіне жеткен әлі ақыл жоқ. Аңышылықты, жылдың төрт уақытын суреттеген өлеңдеріндегі суреттің сөздер қай ақында бар? Және сол төрт уақытты суреттегендегі Абайдың қиялы мен сезімінің күштілігі соңы ақындарда кем» (1: 128).*

Келесі мін – ақындардың «сыршыл еместігі, һәркімнің жүргегінде бір жасырын сыр бар, жасырын тіл бар, жасырын күй бар. Ақынның ақындығы сол жасырын сырды тауып, жүректі тербелтіп, қуантып, мұңайтып, жасырын күйдің шергін шертіп, әрбір пернесіне тап басу. Ондай өлеңді оқығанда окушының шері қозғалып ой-көзі жүргегіне үңілетін бір Әсер пайда болады» (1: 128). Соңғы мін ретінде былай делінген: «*тілдерінің шебер, кестелі еместігі. Сөздерінің сырты тақылдан, үйлесіп келсе де, нәзік сипаттарды жеткі суреттей алмай. жадағай, үстірт кетіп, айтпақ сөздерін көнілге берік қондыра алмайды*» (1: 128).

Нағыз өлең үлгісін әдебиетшілер Абай, Мағжаннан көреді. Тек Мағжанға қатысты: «сезіміне сөзі жақын келетін суретшілдігі бар» делінген. Бірақ бұл өлеңдерге де сыншыл қозқарас берілген («Жел... ішін тартып осқырып»). Замандастарының «өлеңдерінің сыртың түрі мен калпына қарап. қазіргі өлеңшілерді бірнеше жікке бөлуге боллады» – деп, әдебиетшілер оларды үш топка бөліп қарастырған:

«1. Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер – көбінесе *Мажсан*, *Міржасып*, кейде *Сұлтанмахмұт һәм Ахмет Мәмегетовтікі*. Бұлардың өлеңінде өзгеше бір сарын бар. Жүргегінің сезімін суреттейтін, жалғастырып ажететін артықша бір маңыз бар. Бұлар – сыршыл (лирик) ақындар. Екінші жіккітің өлеңшілері – Ахмет Байтұрсынов, Сабит Дөнентаев, Шәһкерім, Бекет Өттепілеуов. Бұлардың өлеңі сырты төгілген, сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен қиялға тәрбие-әсері аз, ақылға азығы бар. Бұлар – халықшыл (народник) ақындар. Ана ақындардан бұлардың сезінің халыққа бір атасы жақын тұрады. Осы

Айгүл ІСІМАКОВА

күнде сәні кетіп бара жатқан ушінші бір жік бар. Бұл жіктің ақыны есқі өлең, жысыр, тақтақтарына елікten, желе-жортасқтатып, құбажондатып келетін Ғұмар Қараашев» (1: 129).

Кос зерттеуші Мағжан, Ахмет, Сұлтанмахмұттың бір бөлек, Міржақыптың бір бөлек талдаған. «Алғашқы үшеуінде орыс ақындарына еліктегендік бар». Бірақ бұл мін емес екендігін Пушкин мен Лермонтовтың Байронға еліктегенін алға тарта отырып түсіндіреді. «Сыршыл ақындардың ішінде өлеңнің ішкі суретіне сөзінің сыртқы кестесі үйлесіп, маңызды болып шығатын Мағжан өлеңдері деп, ақынның «Орамал», «Жолда», «Тұған жер» өлеңдері қарастырылған. Сұлтанмахмұттың «Жас жүргегі», Ахметтің «Су жағасында» атты өлеңдері сыршылдық деп талданған.

«Бұл айтылған өлеңшілердің ішінде өзінің ақындық беті күшті, тұр тапқыш, аса еліктегіш емесі – Міржақып». Ақынның стилі туралы былай делінген: «Кенеттен келген оқиғаны тез сезіп, тез сіңіріп, тез жауап тапқыш, жүйрік қиялды өлең Міржақыптан шығады. Мысалы: «Сүлеймен Бижановтың, Қазы Нұрмахаммедовтің өлімдеріне шығарылған: «Жұт», «Қайда едің?» деген өлеңдері сияқты. Жүрекке әсер беретін өлеңдері: «Сагыну», «Қиял», «Шәкірт», «Қажыған көңіл», «Айырылу», «Жамалдың зары». Осы өлеңдерінде адамның жүргегіне тиетін қасиетті, зарлы, салмақты әсер бар» (1:129). Сонымен қатар Алаштың шыншыл әдебиетшілері «Міржақып өлеңдерінің кей жерлерінде тілді тұтып қалып отыратын сөз, буында не артықтық, не кемдік болып отырады» деп, «Айырылу» өлеңін осы тұрғыдан мысал ретінде талдап өткен.

Екінші топтағы өлеңдердің негізгі сипаттамасы туралы былай делінген: «Ойна сөзі дәл, тілге жайлы, көркем, халықтың керегіне, кемшилігіне ғана айналған өлеңдер Ахмет Байтұрсыновтікі. Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билеп, қиял ермегі айдан шыгармайды. Ойды оятуга, миды сергітуге, мұңлы, мұқтаж, терең мақсат түртіп шығарады. Бірсесе ызамен зекіп айтып, бірсесе зарланып, шермен айтып, бірсесе ақыл қылып, сипат айтып, не қылса халықтың көзін ашақ. Өлеңінде толғанған ой, тоқыған шердің көп ізі бар, бірақ бұған қарап, қиялы шалқып, шарықтап кеттейді. Ілгы халықтың нәзікtenбеген сезімін, жетілмеген ұғымымен есептесіп отырады. Ахметтің көзге түсерлік бір өнері – переводқа шеберлігі» (1: 130). Бұл – Ахмет Байтұрсынұлының көркемдік стилінің кестесі ғана емес, бүкіл шығармашылығына берілген әдебиеттанулық сипат пен кәсібиlíк баға.

Әдебиетшілер Сабит Дөнентаевтың өлеңшілігіне де әділ баға

Алаш әдебиеттануы

берген. Совет әдебиеттануы бұл ақынды тек тақырып жағынан зерттесе, Алаш әдебиетшілері баяғыда стилін жіктеп берген екен: «Халықшыл ақындардың ішіндегі алдыңғы қатардағысы – Сәбит. Сәбиттің өлеңі қысқа, дәмді. Аз сөзге көп магына сыйызығыш, сөзді ойына құл қылған, тілі тәтті, дәл келеді. Сәбит өлеңінде қоңілге тақ еткізе түсемін тапқыштық, салыстырғыштық, сыншылдық, аса терең болмаса да төрт тагандап түсемін нығыздық бар. Мысалы: «Інәр жсан һәр түрдө», «Той», «Азаттық күні», «Жаңа жылға», һәм басқалар сыйылды өлеңдері сұлулығы, ұғымдылығы, тілге жесілдігі, тәттілігімен қандай надан адам болсын қоңіліне қона кетеді. Сөзге еркін, бай екендігіне қантап тізген өлеңі дәлел» (1:130).

Осы ретте Шәкәрімнің поэзиясы туралы келесі баға берілген: «Сыртының сұлулығы, тақылдақтығымен Ахмет пен Сәбиттің өлеңіне Шәкәрімнің өлеңі ұқсайды. Бірақ терең магыналы сөздерді өлеңмен көлтірем деп, сөзін созыңқырап, шұбатып әкелип, оқушыны тез жалықтыратын қалпы бар. Шәкәрім көбінесе өлеңі халыққа үнамды болуын көздейді және өлең арқылы халықтың ақылын да тәрбие қылып, жетілдіргісі келеді. Осы күнгі ақындардың ішіндегі Абайға өлеңінің сыртымен болмаса да, магынасымен еліктеген кісі – Шәкәрім. Мінді, кемшилікті айтқанда жерлеп, кекеп, шенеп, оңдырымайтын Шәкәрім өлеңінде шанышпа, шанышпа аңылық бар» (1: 130). Біз күні бүтін ажыратада алмай келе жатқан стильдік ерекшелік осылай анғарылған.

Үшінші тапқа тиісті «Ғұмар Қараашевта Марабай ақын, Бұхар жырау, тағы сол сыйылды бұрынғы ақындардың қалпымен кеткен ескінің сарқыты бар. Бірақ ескілік сөздер батырдың батырлығын, бидің шешенідігін, ханың хандығын, салтанатын жетілдіртіп, ескектемітіп айтқанына келісуші еді; ол кездегі халықтың рухы да, тұрмысы да ескеқ, асқақ сөзге лайық келуші еді. Халықтың мінезін сүреттеп, мінін айтып, терең пәлсана сөздерді жедіртіп, ескектемітіп айту бұл заманда артық, ұнаспайды. Өлеңнің сыртың ағымын қуып отыргандықтан, ішкі мақсат анық шықпай, иленіп, бытырап, бірін-бірі басып, көкірекке айқын із түспейді» (1:130). Өлеңнің стилі, баяндау тәсілі, оның тыскы түрі мен ішкі мазмұнының үйлесіп, үйлеспеуді осылай анғарылады. Бұл – кәсібиілік талдау улгісі.

Жоғарыдағы екі топтан бұл ақындардың өлеңдері ерекшеленіп, толығымен сипатталып тұр. Алаш әдебиетшілері жай өлеңші мен ақынды осылай ажыратып берген. Ең бастысы – ақын сөзіне қойылған шарттарының анық болуы және талап етілуі күні бүгін

біз шатасып, анықтап ала алмай жатқан мәселеміз. «Кейінгі қалам ұстагандарда не жазса, өлеңмен жазғысы келетін бір әдет бар». «Тіпті өлеңге ынғайы жоқ кісілердің ақын болам дайтін ойы бар» дегендері бүгінгі біздің тойшыл ақындарды еске салады. Іс жүзінде: «Ақындық бар болса, өзі де түртіп шығады». Сондықтан олардың «Шабыт айдамай, жан қиналып, келіссіз жазылған өлеңнен ақын еместігі бел-белгілі болып тұрады». Себебі, «Әдебиет бақалышының қоржыны емес, қотанда жатқан қиқым-сиқымды балаларға алдай сатып, тыға беретін» (1: 131). Бұл – бүгінгі әдебиеттануға қажет талап.

«Мағжанның ақындығы туралы» зерттеу «Лениншіл жастың» (1923, 25 қантар) бетінде жарық көрген. «Қазак әдебиетіне» 1989 жылы (20.27.I.) З.Илисов пен А.Айдашевтың дайындауымен қайта басылды. М.Жұмабайдың 1989, 1993 жылғы жинақтарында бар. Ж.Аймауытұлының бұл көлемді зерттеуі «Ташкенттегі қазак студенттеріне етілген баяндама» деп берілген. Әдебиетші сын жазу үшін ерекше дайындық керек екенін ескертіп, «орыстың Пушкин сынды, Гоголь сынды ақындары бар заманда, атақты социалист-сыншы Белинский: «Әлі орыста әдебиет жок», – деп қайғырған» (1:144–145) дегенін еске салады. Сондықтан Ж.Аймауытұлы былай дейді: «Әдебиет сынмен көркейеді. Бәйгеге қосатын атты жаратып, құйрық-жалын күзеп жіберсе, көрікті болып жұтынып шығады. Әдебиетке сондай күтім, сондай сын керек» (1: 145).

Сол кездегі әдеби дауларға қатысты әдебиетші Мағжан шығармашылығын кәсіби талдау арқылы қорғайды. XX ғасыр басындағы әдебиеттануда Мағжан шығармашылығына екі түрлі пікір барын еске салады. «Қолдау және өртеп жіберу керек дайтіндер». Мағжанды сол кездегі солакай көзқарастардан қорғап алу үшін Ж.Аймауытұлы Гегельден бастап, Маркстік жолдың не екендігін де атап өтеді. «Маркс не дейді?» атты тараушада Ж.Аймауытұлы: «Сананы, пікірді түрмис билейді» мен «Дүниені рух билейді; тарихты әлеумет емес, жеке адамдар, данышпандар туғызады, әуелі – рух, идея (пікір) журу керек, дене зат (материя) – рух пен идеяның құлды» (1: 145) дегендерді ажыратып береді. Мағжанға қатысты Маркстің: «Қандай адам болсын, мейлі асқан данышпан, мейлі терен ғалым, мейлі көмейі жоқ ақын – бәрі де, өз заманының, өзінің әлеумет қатынасының, өз табының жемісі, өз ортасының ұлы болу керек» (1: 145) деген қағидасын ұстанады. Луначарский, Маркстің пікірлерін келтірген Ж.Аймауытұлы осының бәрін қарсыластарына тойтарыс беріп, Мағжанды ақтап алу үшін пайдаланады. «Луначарский айтады:

Алаш әдебиеттануы

«Ақын бірнеше таптық, бірнеше топтың елегінде болуға мүмкін. Ақын тетігі көп машина тәрізді. Тургеневтің ақсүйектердің ақыны, солардың уәкілі деуге бола ма? Болмайды! Тургеневтің тұсындағы барып тұрган ақсүйектер адам құлданып, құлдың еңбегін жеп, дәурен сүргенді дұрыс деп білетін еді. Тургенев мұжықты құлдануға қарсы болды. Ол тұрмысы ақсүйек болса да, еркіндіктің сүйетін ақсүйек еді. Ақынның кім екенін үғу үшін, оның шығармаларын тексеріп, зерттеу керек. Зерттесек, кейде бір тап емес, әлденеше таптың мүддесін көксеген ақындарды да табамыз» (1: 147).

Ж.Аймауытұлы Мағжанның туып-өскен ортасын оның Уфадағы «Фалия» медресесінде оқығанымен бастаған. Бұл медресенің оқытушылары Мысыр, Стамбулдан оқып шыққан татар зиялыштары екен: «Өздері ислам бұлағынан су ішіп, мұсылманшылдық, түрікшілдікпен уланған татар оқытушылары шәкірттерін де сол рухпен тәрбиеледі. Ұлтшылдық, түрікшілдік, қала берсе, исламшылдық туын көтеріп, медресе «Фалия» өз заманында қазақ, татар, башқұрт сияқты уақ ұлттардың жасына недәүір сезім кіргізді. Ресей қол астындағы түрік баласын оятып, жауыз патшаның арамза саясатына қарсы тұрғызыбақ болды» (1: 148). Медреседен кейін Мағжан орыс учительский семинариясында оқыған (1912–1913). Осында орыс әдебиетімен танысқаны, Шекспир, Гейне, Гете, Байрон, Пушкин, Фет, Бальмонт, М.Горький, А.Блок «сынды жеке адамды дәріптейтін дараышыл ақындарға мүріт болған, солардан тәлім алған, соларға еліктеген. Ол ақындардың бәрі идеализм жолын тұтынған болатын», – деп ескертіп кетеді (1: 150). Ақынның алғашқы өлендері туралы: «Мағжаннның ұлтшылдық, түрікшілдік өлендері «Фалияд» шәкірт болып жүрген кезінен басталады» (1:150).

Ақындық қалай қалыптасады? Оған не әсер етеді? Ол туралы Ж.Аймауытұлы былай деген: «Адамның денесі қандай мысқалдан есіп, жетілетін болса, сезімі де, пікірі де сондай, бірте-бірте жетіліп өркендеремек: адам тұа ұлтшыл, тұа адамшыл бола бермейді, ұлтшылдық сезім де сол секілді әуелі үй ішінен, одан қала берсе, тұған ауыл, тұған жерден бастап, жоғары өрлейді. Тұған ауылын, жерін сүйемеген адам ұлтшыл да бола алмайды. Мағжаннның ұлт сезімі де жақыннан алысқа қарай терендейді» (1: 150–151). Бұл пікір нақты өлендерді талдау арқылы дәлелдене түседі. «Патша үкіметіне қарсы екендігі, келешектен үміт күткендігін» «Қаранғы дауылды тұн» өлеңін талдау арқылы айқындаған.

Мағжан кімнен үлгі алды? Ол туралы былай дедінген: «Бір жағынан үй-іші – әкеге, әлеуметі – ру басына бағынған, тапқа, жікке оқып,

түрікшілдік, исламшылдық рухында тәрбиеленсе, үшінші – патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық зардабы қазақтың ұлтшылдық сезімін оятқан дәуірдің ұлы болса, төргінші – орыс зияллыларының қаймағы бұқарашибыл, халықшыл болып жатқанын сезіп білсе, бесінші – батыстың, кала берсе, орыс ақындарының санашылдық (идеализм), дараышылдық школынан сабак алса, енді Мағжан қай пікірдегі ақын болып шығу керек? Сөз жоқ, Мағжан ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дараышыл ақын болып шығу керек... Әлеумет ортасының, заманының жағдайы солай (1: 150).

Мағжан шығармашылығы Шпенглер, Короленко, Пушкин, Гоголь шығармаларының контекстінде тұнғыш рет зерттелген. Әдеби контекст осындай төніректе болса, ақынның көзқарасы «Алашорда» партиясының негізінде сараланған. Әдебиетші Ж.Аймауытұлы осы зерттеуінде XX ғасыр басындағы саяси ахуалды суреттеп кетеді: «...*Мағжанның түрікшіл, азияшыл болу себебі, оның өз қиялынан болмаса, оның солай болайын деген тілегінен деп ұзуга болмайды. Оның терең негізі бар: мәселен, күншығыс халықтарын алсақ, бәрі де Батыстың, Еуропаның жемі, азығы, атып жейтін ақын болып келе жатыр.* Үндістан, Ауганстан, парсы жүрттаратын, түрік, араб жүрттаратын қашаннан бері ағылышын сорып, қанап келеді. Қытай, Жапония сықылды мемлекеттер – Еуропадагы мәдениетті, озбыр жүрттаратдың қырқысын, таласын, байлығын іемденбек болып көз тігіп отырған жерлері. Ресей қол астындағы түрік түкымдары патша өкіметінің отары болып келеді... Еуропадагы талай қанды согыс, капитал согысы, көбінесе күншығысқа қожса болу үшін шығып келген. Азия – құл. Еуропа – қожса есебінде үкім істеген. Бұл саясатты азияшыл шығыстың жүрттараты білеттін. Батыстың жангерлік торынан құтылуға талпынатын, бірақ торды үзіп шыға алмайтын. Міне, шығыстың осы қалтын ақын да білген, ойлаган. «Күншығысты Батыстың капитал бұғауынан азат ету керек» деген Кеңес үкіметінің ұраны ақынның жүрегіне жылы тиеді де, енді ол шығыс жалалуына жасысады. Шығыстың ұранын шақырады (1: 153–154).

Әдебиетші Ж.Аймауытұлы Шпенглердің «Еуропаның сөнүі» әсерін «Күнбатыста қараңғылық қаптады, тұн баласы қанға қакалып, түнеріп өлуге айналды, адамдықтан безді. Батыстың мәдениеті құлайды, мәдениет «пайғамбар» Күншығыстан шығуға керек» (1: 154) деген ақынның пікірін алға тартады. Февраль төңкерісінен кейін Мағжан өлеңінің көбін елге арнап жазатын болды. Бұрынғы істеріне өкінгендей, жастық, мастықтан бойын тоқтатқандай, «еліме есебімді

Алаш әдебиеттануы

не деп берем» деген сөз аузына кіреді. «Кінәні маған қойма, жүрекке қой» деп әлеуметтен кешірім сұрайды» (1: 155). Ақын өзімшілдігін қойып, әлеумет мұңын қолға алады. Әдебиетші ол туралы: «Әлеумет мұңын қолға алғаннан бері. *Мағжанның алатын қаһармандары: Абылай, Кенесары, Сыздық, Ақсақ Темір, Қорқыт, Қойлыбай, Баян сықылды хандар, батырлар, ақындар болса да, ақынның өз мақсаты көрінбесе де, енді ол елдің уәкілі болып, елдің аузымен сойлейді.* Бұрын *Мағжан* әлеуметтен қашық жүрген өзімшіл ақын болса, енді ол елінің азаматы, ақыны болуга айналады. Енді ол азамат міндетін көрсетеді» (1:155). Накты талдаулар арқылы Ж.Аймауытов *Мағжанның шығармашылық* эволюциясын осылай ішкі тақырыптың өзгеруі арқылы дәлелдей береді. Бұрын болмаған тың тақырып осы ретте көтерілген: «Азаматқа ұран салады. Қызметке шақырады. Азамат болсан, қазағына пайда тигіз, өйтпесең «ібіліссің!», – деп ауыр міндет артады» (1:155). *Мағжанның «азаматқа сын таққаны»* ерекше қарастырылған.

Әдебиетші ол туралы былай деген: «Қазақ азаматы саясат жүзінде пікірі шынықпаған бала екенін көреді, белгілі пікір, жол тұтына алмай, бас қамын ойлад, боялып жүрген кейбір азаматтарды сөгеді: «Біреуіне» сен тәңірім деп табынады. «Біреуіне» мен құлың деп бағынады. «Біреуіне» садака бер деп жалынады. «Біреуіне» құйрық болып тағылады» (1: 155).

Қазақ қой секілді, кім бастаса, соған ере береді, қазақта білім, сапа, әлеуметшілік, жұртшылық сезім жоқ. Сол қазаққа «ұлық» болғанына мастанбай, шын жүргегінмен тұра бастап, адал қызмет ет дегені» (1: 155).

Әдебиетті Ж.Аймауытулы «*Мағжаным, уайымшылсың!*» деген кінәга қарсы пікір айтады: «Әдебиет тарихын тексерген кісіге мәлім: ескі тұрмыстың шаңырағы ортасына түсіп, жаңа тұрмыс әлі орнықпаған көшпелі дәуірдің ақындарында мұн-зардың, торығудың сарыны болады. Ақын ескі тұрмыспен тәрбиеленіп қалады да, жаңа заманың жақсы екенін білсе де, сол өмірге тосаңсып, түсіне алмай, жаңа заманың адамы бола алмай, көп тайкалақтайды. Аксүйектер дәуірі қүйреп, капитал дәуіріне көшкенде, ақсүйек ақындарда да сондай торығу, ескіні жырлау болады (1: 157). Бұл дәуірдің ерекшелігі: «ескі өмірдің жақсы жақтары көнілде сайрап тұрады, жананың не боларына көзі жетпейді. Міне, осындаі көшпелі дәуір басталарда, адам көзін сүзіп, жабықкан заманда әдебиет бағыты романтизмге айналатын. Біздін *Мағжан* да романтизмге беріліп отыр». Қазақ ақынының ерекшелігі: «*Мағжан* романтизмге салынып, көшпелі дәуірдің рухын айнаға түсіріп отыр деуге болады» (1: 157).

Айгүл ІСІМАКОВА

«Қазақ әдебиетінде романтизм дәуірі аяқтануына Мағжан көмек көрсетті» деп, Ж.Аймауытұлы осыны дәлелдеп береді. Оның еліктеудің қойып, қазақтың ескі ақындарының дәріптеуінің себебін әдебиетші осымен түсіндіріп берген. «Мағжан кімдерге еліктеген?» деген саяулға Ж.Аймауытұлы нақты жауап берген: «*Мағжан – еліктегіш ақын. Еліктеу ақынга мін емес, қандай күшті ақындар да алдыңғы ақындарға еліктемей жаса алмаған. Пушкин, Лермонтов Байронга, Шекспирге еліктеген. Толстой сықылды әлемге аты шыққан жазушы да Пушкинге, Гогольге еліктеп жазған. Леонид Андреев, Чехов, Арицьбаев, Сологуб сықылды ақындар Достоевскийге еліктеген, Максим Горький Пушкиндерді жатқа білген. Абай Лермонтов, Пушкинге еліктеп жазған. Бір ақын көп еліктесе, сол көп еліктеуші Мағжан деуге болады. Мағжан еліктегендеге, орыс, қазақ, татар, араб деп талғамайды. Кімнің сөзі қоңіліне жақса, соган еліктеп жазады. Сондықтан Мағжанның алғашқы кездердегі өлеңдерінде неше түрлі рух бар. Сыртқы түрінде орыстың бейнешілдеріне (символист) еліктесе, ішкі рухында құйректік, жылауықтық (сентиментализм) романтизм болады. Сентиментализм әсері, әсіресе әйел теңдігіне арнап жазған өлеңдерінде ұшырайды» (1: 159).*

Мағжанның стилі туралы да нақты тұжырым берілген: «*Жазу жолында бейнешілдердің негізгі әдісі – ишармен, бейнемен түсін бояп, көлеңкелеп жазу, олар тоңірегіндегі деректі тұрмыстан өзге дүниеге, ана дүниеге бір үйқастық іздейді. Сөздің ішкі маңызында көбінесе, сыртқы үйқасына, тізіліміне, ыргагына көбірек назар салады. Олардың сөзі ақылдан горі жүрекке артығырақ әсер беріп, сезімді билейді. Бүгінгі өмірді онша керек қылмау, өзінен өзгені жақтамау, өнерді өте жақсы көру, әйелді сую, махаббатты жырлау – міне, бейнешілдердің тұтынған жолдары. Сондықтан бейнешілдердің өлеңі құлаққа жасағымды, үнді, әуезді, күйлі, зарлы келеді. Дыбыстардың құрылуы сурет тұгызады. Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылды тилюін Абай да іздеген, Абай да сөздің ішін мәнерлі, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасасауга, сөздің сыртқы түрін әдемілеуде Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ*» (1: 159–160). «Дыбыспен сурет жасау», «сөздің түрін әдемілеу» – Мағжанның поэзиялық тілінің басты сипаты.

Әдебиетші Ж.Аймауытұлы Мағжан өлеңдерінің түр құып кетуін сыннауды да өзіне міндет деп санайды. «Сап-сары бел, еседі жел, еседі» өлеңі туралы: «*Қарапайым қазақ осы өлеңнен не ұғар еді?*» деп сынға алады. «Сыртқынан қарағанда, «сап-сары бел, еседі жел еседі, көшеді жел, көшеді» дегендердің қайта-қайта айта берген бір түрлі

Алаш әдебиеттануы

сөздер, пәлендей мағына жок тәрізді. Бірақ анығында мағына бар. Мағынасыз сөз, сөзсіз мағына болмайды. Мағжан тағы жазады: Өтеді өмір, жүрекке шер байланды, Өтеді өмір, жүрек көмірге айналды. Өтеді өмір, бітеді жыр, жүрек құл, Жырысyz жырау, тиіп қырау солды гүл (1: 160). Осы өлеңге әдебиетші Ж.Аймауытұлы нақты қәсіби талдау жасаған. Және талдау арқылы мағыналы сөздерді де осы ретте бөліп алады: «Мейірімді ана жас бөпесін ұбықтатарда: «Әлди-әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем, қой-қой бөпем, жылама?» деп қоңыраулатып, қоңыр әнгे салады. Сол тәрізді Мағжан өлеңдерін оқығанда, адамды әлдилеген, тербеткен сипатты біресе мұн-зарға, біресе қайғы-шерге, біресе сары далаға, біресе өткенге айдайды, жанынды билеп, көзге әлденелер елестейді; алдында ұшы-қызыры жок, бір белден ассаң, бір бел, толқынды сары далада тұрғандай боласың, екі жағына кезек тенселіп, ырған-ырғаң басып қарқарасының қоңырауы сылдырлап, сәукелесі, үкісі бұлғандап кетіп бара жатқан көшті қөргендей боласың; кейде ақ сандықта ақ көйлегі, жez құманы бұлғандап, шолпысы сылдырлап бел асып бара жатқан әйелдерді қөргендей боласың: Сылдыр, сылдыр, сылдыр, Сыбырға айналды сылдыр. Жүректі өртеді құрғыр, – деген өлең жолдарын оқығанда, маңайының бәрі сылдырлап кеткендей боласың. Мағжанның өлеңі дыбысымен, күйімен, ыргағымен қазақ даласын суреттейді. «Сап-сары бел» деп заман өтіп бара жатқанда күпісіне оранып, бұйырып жатқан қазақ елін жырлайды» (1:160–161). Бұл – өлең талдаудың улгісі екені айқын.

Орыс символизмін Мағжан қалай қабылдаған? Осы мәселеңі де Ж.Аймауытұлы нақтылап берген: «Бейнешілдердің өлең жазу әдісін Мағжан қазақ әдебиетіне кіргізді. Кей жерде Мағжан символистер өлеңінің сыртқы түріне еліктесе, кейде ішкі мәнісін де алып жібереді. Бальмонт 22 жасында өмірден торығып, әлеуметтен қол үзіп: «Әлдиле, өлім, әлдиле!» десе, Мағжан да Бальмонтшілеп, жас басынан торығып, өлім шақыруды шығарды. Мағжанның еліктеген орыс ақындары көп, оның бәрін санап өтудің қажеті жоқ. Осы да жетер» (1: 161).

Татар ақындарының әсері (Токаев) ерекше қарастырылған. Абайдың күзі мен Мағжанның күзін салыстырып. Ж.Аймауытулы Ахметтің «Тілек батам» өлеңімен үндес Мағжан өлеңін талдаған. «Абайға еліктеу ең алғашқы кезде болған. Ол кезде жалаң Абай емес, Ахметке, Міржақыпқа да еліктеп жазған. Мәселен, Мағжанның: Қара Керей Қабанбай. Қанжығалы Бөгембай. Қара балуан Жәнібек... – деген сөздері Ахметтің «Тілек батам» деген өлеңіндегі: Қара балуан

Айгүл ІСІМАҚОВА

Жәнібек. Қаз дауысы Қазыбек. Жетім қалған жұртыңа, Кім тиянақ қазық ед? – сөздерінен бөтені жок» (1: 155). Бұл мәтіндер Мағжанның Ахметке, Міржакыпка еліктең жазғаны ретіндегі айқындалған.

Енді Мағжан өлеңдерінің ішкі жағына, дүниеге көзқарасына азырақ тоқтап өтейік... Мағжанның пікірі қандай екен? Алдымен ол өмірге, тіршілікке қалай қарайды?.. – «Алдамшы өмір, қу ғұмыр сүм жалған» деген қарайды... Тіршілік деген бір әурешілдік, өмір, өлім мәселесі талай ойшылдарды, ақындарды терең қиялға батырган. «Не үшін жасау керек, өлетін болған соң, осы әурешілік, бәрі не керек?» – деген қаралы сауалдар жалпылама адамның басына келе бермейді» (1: 163). «Адам – алдағыш, адам – жауыз, өмір – азап, келешек – қараңғы, бәрі өзгергіш, опасыз. Өзгермейтін, алдамайтын таза қасиетті нәрсе не? Ол – табиғат», – деген анықтайды әдебиетші Ж.Аймауытұлы (1: 163–164). «Мағжан табиғатты табиғаттың қойында жырлайды, тыным алады, жаны сая табады. Мағжан табиғатты дәрілтейді» (1: 164). Жүсіпбек Аймауытұлы Мағжанның табиғаты яғни лирикалық кейіпкерінің болмысын анықтайды: «Жел сықылды тентек бала болып сұлулардың бетін сүйем» яғни жел – бозбала жігіт: «Ақын көбелек, балыңнан татса тастап кетеді» (1: 165). Осы тұста Мағжанның әйелге көзқарасы ерекше екені анғарылған: «Ол әйелдің тендігін көксейді. Әйелді азаттыққа, мәдениетке шақырады» (1: 165).

Ж.Аймауытұлы бұл мақаланы Мағжанды жоққа шығаруга бет алған айтысты доғару үшін жазып отырғандығы осындағы нақты, дәлелді әдебиеттанулық талдаулар арқылы айқындалады. Сондықтан реті келгенде Мағжанға қойылған кінәларға жауап береді: «Кейбіреулер Мағжанды ескішіл дегеннен тудырып, діншіл деген ойлап қалуы мүмкін. Олай ойлауға да жеңіл-желі себеп бар. Мағжан екі сөзінің бірінде: «Алла, Жасаған, Пайғамбар, періште, иман, Құран, ғарыш, ұжмақ, ібіліс...» деген сөздерді келтіреді. Осындағы сөздеріне байланысып, діншілдікпен айтады десек, ол тым сыңаржақтық болады, қандай дінсіз акын болса да, сөзді күшету үшін, халықтың ұғымымен есептесу үшін дін лұғаттарын алудан қашпайды. Қазақтың, қала берсе, мұжықтың акыны боламын деген кісі «Құдай, Әулие, Пайғамбар...» деген сықылды күшті сөздерден қашып құтыла алмайды. Әйткені бұқараның екі сөзінің бірі Құдайсыз келмейді. «Құдай біледі, мен сенін Құдайыңмын», «сен Құдайдың баласы ма едің?» деген сөздердің орнына Құдайды алып тастағанда, қандай күшті нәрсе табарсың? Егер Мағжан «өзің Тәнірім сөзім Құран» демесе, өлеңі сондай күшті, сондай бойлауық болар

Алаш әдебиеттанузы

ма еді? Әрине, жоқ. Ол екеуінен күшті қазақ ұғымында сөз жоқ» (1: 166–167). Осылай совет кезінде Мағжанның құдайшылдығын жақтау – қаһармандық іс. Осы тұста «дінсіздікті егуші тентектер» туралы да айтылған. Және дәлел ретінде: «Орыстың мұжығынан шыққан төңкөрісшіл ақындар төңкөріс өлеңдерін Ғайсасыз, Жәбіреілсіз, Мекесіз, әулие Николасыз жазып отырған жоқ» (1: 167) деп ақтап алады.

Мағжанның ақындығы қандай? Оған Алаш әдебиеттанушысы былай деген: «*Мағжан – сырышылдығымен, суретшілігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен, күшті, маржандай тізілген, торғындаи үлбіреген нәзік үнді қүйімен, шерлі, мұңдызы зарымен күшті. Мағжан – алдымен сырышыл ақын. Мағжан өзіндей «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін» үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен шыққан жаса пен қан аралас шыққан тәтті сөздері өзгенін жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жасаса, сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер бере алмайтын құргақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз. Ол табигатты суреттей ме, әйелді жаза ма, тарихи адамдарды ала ма, ертегі айта ма, ұран сала ма – бәрінде де ақынның ойлаганы, сезгені, жүрегінің қапырығы, жасының күйзелуі, көңілінің кірбені көрініп тұрады. Кай өлеңін оқысаң да, не ақынмен, не өз жүрегіңмен, не ел жүрегімен сырласқандай боласың. Ақынның өзі көрінбейтін өлеңдерін оқысаңыз да, еріксіз бір сезім тұгызыады. Элде өкіндіреді, әлде мұңайтады, әлде жылатады, әлде аятқызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді» (1: 166–167). Бұл жерде ақынның жазу амалы, талғамы, оқырманға деген ерекше көзқарасы анықталған. Әдебиетші Ж.Аймауытұлы ақынның стилинің әсері туралы былай деген: «Мұндаидың қыздырма сөз Мағжанда толып жатыр. Ақынның ұлтшылдығы осындай сөздерінен көрініп тұрады. Ақын салқынқанды болса, сөзі қанатсызы, желсіз болмак; жалынды сөз жалынды жүректен шығады... Оның сөздері жүректі қытықтап, жыбырлатып кана қоймайды, тубімен сұрып, мейірінді қандырады. Еркін палуан қан майданда жарқ еткізіп шалып соққанда, «Па, сабаз-ай!» деп отырған жүрттый айызы канбай ма?! Кейде Мағжан желдетіп, бір сөзінен бір сөзін асырып, түйдек-түйдегімен тастап кеткенде, сен де: «Па, сабаз-ай!» дегін келеді (әрине, көркемсөзден ләzzат алатын болсан!) (1: 169). Сондықтан да Мағжанның стилі туралы былай делінген: «Суретті, кестелі, көркемсөз Мағжаннан табылады. Мағжанды ақындық жағынан, сөзсіз, суретші деп айтуға болады. Суретшілік жағынан Мағжанды Пушкинге тенеуге ауыз барады», – деп, ақын өлеңдерінен*

Айгүл ІСІМАКОВА

ашуланған батырдың суретін, Кекшетаудың бейнеленуін алып келтіріп, әдебиетші Ж.Аймауытұлы оларды Пушкин өлеңдерімен салыстырып береді.

Алаш әдебиетшісі осы тұста Мағжанға замандастарының ішінен тек Шәңгерейдің суретшілдігі жақын екенін жай сөзben емес, талдаулар арқылы ескерткен. Бұл – «Мағжан дәстүрін жалғастырушы» деген мағынада. «Мағжанның ақындық күші, сөзге еркіндігі, суретшілдігі «Баянда» толық көрінді», – деп, әдебиетші бұл шығарманың ерекшелігін атап өтеді.

Шыныайы көркем шығарманың ерекшелігі оның тілінің сырында екенін Ж.Аймауытұлы былай деп келтірген: «*Абай айтқан «сөз патшасы» «Баянда» бар. Адамдардың мінезін дұрыс келтіру, биге – бише, батырга – батырша, ханга – ханша бага беріп, әйқайсысының аузына өздеріне лайық сөз салуы, ұлуды, маҳаббатты, батырды, согысты, өлімді суреттейі өмірді түйе білгендігін көрсетеді. «Баян» – қазақ әдебиетінде бола бермеген табыс. Әсіресе «Баянның» басқы боліміндеғі сурет, шешендік толғау, күй төгіліт кеткен. Соңғы болімі солғындау шыққан. Соган қараганда Мағжан алысқа шабатын сылпылдақ жүйрік емес, шыға салма, ағынышыл жүйрік деп айтуга болады*» (1: 170).

Стильдегі уақыт пен мекенниң бірлігі, олардың үйлесімдігі осылай қазақша – жүйрікке теңеу арқылы анғартылған. Мағжанға еліктеу сол кездің өзінде болғанын анықтаған Ж.Аймауытұлы Мағжанды жек көретін өлеңшілер үшін «олардың Мағжанның өлеңінің түріне, әдісіне (техникасына)» еліктеуіш екендігін айтады. Сондықтан Алаш әдебиеттанушысы Мағжан шығармашылығын зерттей келе оның «Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, сонынан шәкірт ерткен, мектеп (школ) ашқан күшті ақын Мағжан екеніне дау жоқ» екендігін жан-жақты дәлелдеп берген.

«Күшті ақын өзгелерді өзіне еріксіз еліктетеді, сонынан шәкірт ереді, әдебиет жүзінде жаңа жол (школ) ашады. Мағжан да күшті ақын. Күштілігі еліктеткенінен көрінеді. Осы күні өлеңшілердің көбі Мағжан өлеңінің не сыртқы түріне, не ішкі мазмұнына еліктемей жаза алмайды». Оның себебін әдебиетші былай түсіндіреді: «Алайын деп алмаса да, еріксіз, өзі байқамай алып кояды. Неге? Кестелі, ырғақты, күшті даяр соз, даяр түр ауызға тусе кетеді. Сондықтан Мағжанды жек көретін өлеңшілер де Мағжан өлеңінің түріне, әдісіне (техникасына) еліктең жур» (1: 170). Әдебиетшінің келесі пікірлері бүтінгі мәдениеттанушылардың түсіндіре алмай келе жатқан қағидалары: «Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмін (бейнешілдігін) казаққа аударды, өлеңді күйге

Алаш әдебиеттанузы

(музыкаға) айналдырды, дыбыстар сурет тұғызды, сөзге жан бітірді, жана өлшеулер шығарды. Романтизмді күштейтті, тілді ұстартты.

Мағжан – заман туғызған кешпелі дәуірдің ақыны, ескіні жырлаган, жаңаны әлі мойындан болмаған ақын. Әлі де болса, оның ақындығы, енбекі алдында». Мағжанның сөзінің, ақындық қуатының басқадан айырмашылығы неде деген сауалға Ж.Аймауытұлы былай деген: «*Мағжан терең ойдың ақыны емес... ұлт ақыны...* Ұлтты жалтагынан алып қарайды. Ол түрікшіл, санашыл, суретші, сөз ұстасы, түршіл, романтик, мәдениетшіл, отарышылықça, жаугерлікке қарсы құншиығысшыл ақын. Мағжанның ақындығы туралы азды-көпті байқағанымызды айттық. Қалғаны болса, оқушылар жеткізе жатар деп, сөзімізді бітірдік» (1: 171). Бізге Мағжанды осы тұрғыдан зерттеуді мензеп берген Алаш әдебиеттанушысы Ж.Аймауытұлының «пән сездері» арқылы құрылған зерттеулерінің бүгінгі ғылыми стильге үлгі болары да айқын. Бұл жерде Мағжанды қолдау үшін қолданған полемикалық әдістер кәсібілік шеңберден шықпайды. Саяси кінәға осындай әдебиеттанулық зерттеумен жарап беру – басты мақсат. Сондықтан осы екі мақаладан кейін Қошке мен Сәбит Мағжан туралы айтысты додаған. Аталған енбектер ұлттық сөз өнерін ұлттық мұддемен саралап шығу үлгісін іске асыруымен де құнды.

Ж.Аймауытұлы қазақ әдебиеттануының абаитану, мағжантану салаларымен қатар Сұлтанмахмұт туралы да тұнғыш кәсіби әдебиеттанушылық зерттеудің басында тұр. Сұлтанмахмұт Торайғырұлының туған ортасы, ата-тегі, шығармашылығының деңгейі туралы ғылыми құнды ақпарат Ж.Аймауытұлының «*Сұлтанмахмұт Торайғырұлы*» енбекінде сактаулы. Бұл енбек ақынның 1933 жылы жарық көрген шығармалар жинағына алғысөз ретінде берілген. Бірақ алғы сөз соңында Ж.Аймауытұлының есімі көрсетілмеген, себебі ол 1931 жылы атылып кеткен. Бұл мәтінді казіргі қазақ әрпіне түсірген Құлбек Ергебек (1: 297).

Ақынның алғашқы өлеңі мен соңғы күндеріне дейінгі өмірін Ж.Аймауытұлы жан-жақты баяндаған берген. Сұлтанмахмұт әуелі әкесінен, кейін молдадан алғаш білім алған. 13 жасында тұнғыш сықақ өлең жазғаны белгілі. Ақынның Баян қаласында Әбдірахман молданың қолында тұрғаны, болашақ ақынның ерекше тақуалығы туралы құнды мәліметтер осы зерттеудеған бар: «*Махмұт тақуа болады. Тұла бойы толған тұмар, мойнында – тәспі, дүгалақ, аузында – зікір, күн шықпай оқығаны – намаз, заулатқаны – «жасын»; ол дәретсіз жер бастайды; «қари» болам деп, Құранның*

Айгүл ІСІМАКОВА

13 нарасына дейін жаттап алады, сырлас жолдастарына: «Күллі денем зікір айтқандай болады», – деп жүреді» (1: 278). Ақынның елдегі шала сауатты молдаларынан көрген қорлығы туралы да деректер келтірілген. Бұл мақалада С.Торайғырұлының өмірбаяны, кедейшіліктен көрген тауқыметі, жеке басының бақытсызық-қа ұшырағанының сырлары айқындалған. «Қайғы-шерін қаламмен ағытып, көңілі біраз сейілген соң, Махмұт тағы тіршілік қамына кіріседі. Тағы оқу іздейді» (1: 285).

1912 жылдан бастап («Зарландым» әңгімесі) Сұлтанмахмұтың өлеңге бет бұрғаны анықталған. «Ауырмай есімнен жаңылғаным» әңгімесі қалай жазылғаны туралы да тарихи дерек келтірілген. Ақынның «Айқап», «Заман» журналында істеген кездегі шығармашылық көзқарастары сараланған. «Білімге жан-тәнімен сусаған Махмұттың жолын жоқшылық байлап, өнер, білімнен алыс, қараңғы Алтай тауының түкпірінде қалғанына» (18: 285) назаланып шығарған өлең жолдары талданады. Ақынның «Қазақ» газетіндегі Мамановтар жариялаған бейгеге Махмұт та дәмеленіп, «Әжібай болыс» немесе «Кім жазықты?» деген романды өлеңмен жазғаны да мәлім болады. Ақын 1918 жылы Семейге келеді: «Бұл жослы келгенде, Махмұттың кім екенін ел таниды; оның улы қаламынан, Семей азаматтарына беделінен жуандар, жсауыздар ығысады, шылаулар, кем-кетік оны арқа-таяныш қылады. Махмұт күркілдеп, бұлығып отырып, нашардың дауын даулап, ақылын айтып, жөн сілтеуден қажымайды. Сот-сайлау секілді елдің іргелі жұмыстары да Махмұтсыз шешілмейтін болады. Махмұттың турашылдығынан, әділдігінен арамзалар қаймығады... Махмұт Томнан, Семейден кітапті көп оқып, терең мәнді кітаптарды елде жатса да оқудан босамайды... Махмұт бұрынғы қызу бетінен қайтып, қазақтың жақсы-жасаман мінездерін білім көзі-мен қарап, сынап, қазақ өмірін зерттеп үрненеді, қазақтың ел болу, болмау нышандарын, себептерін тексереді. Бітіре алмай кеткен, «Қала ақыны мен дала ақынының айтысы» осы пікірін білдіру мақсатымен басталған еді» (1: 288).

Ақынның өмір жолы мен еңбек етуі осы зерттеуде тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізілген. XX ғасыр басындағы қазак даласында болған теңкеріс оқигаларын діни сауатты ақын адам қалай қарсы алып, неден жириңіп, қандай мақсат ұстанып, бұл өмірден қалай өткені туралы толық мағлұмат берілген. Жоқшылық пен кедейшіліктен талқан ауру соына жеткен ақын туралы мақала келесі сөздермен біtedі: «Тым болмаса екі жыл тұрмадым: іштегіні түгел жарыққа шығара алмай кетіп барамын», – деп арман етеді. Ен

Алаш әдебиеттануы

болмаса «Қала ақыны мен дала ақынын» бітіре алмағаны да өкініш болады». Сейтіп, құрт жайлаған кеудесін қалың қайғы, ауыр арман кернеген, ет жүрек жас ақын жадыраған жаздың нұр төгілген сұлу күнінде жарық дүниеге хош айтады. Ол күн 1920 жылдың (жанаша) 21 май күні еді» (1: 290). Сұлтанмахмұтқа жаны ашып, осыншама ізгілікпен дарынды ақынды жоқтау – қазақ әдебиеттануына ақын туралы ұсынылған ерекше ықылас.

Асылында Алаш әдебиетшісі Ж.Аймауытұлының осыншама терең, абайша үлгілі, мазмұнды зерттеулері бүгінгі зерделі, асыл сөздің салмағын бағалай білетін ғалымдарымызға бірден-бір үлгі болмақ!

«Емлені өзгертуге жоба» атты мақалада қазақ тілінің төте жазуының орнығуы туралы ғылыми сараптама берілген. Өз пікірін Ж.Аймауытұлы «Еңбекші қазақ» газетіндегі 1924 жылдың 7 қаңтарда жариялаған. «Жазу таңбаларын азайту туралы жоба» мақаласында аталған мәселені жалғастырып, нақты ұсыныс берген: «Бізде баста, ортада, аяқта, жеке жазылатын қаріп таңбаларын есептегендеге, барлығы 100 таңба бар екен. Осының 58 таңбасын алып тастасаң, жазуымызға, баспамызға кемшілік келмейді» – деп, соны дәлелдеп шыққан (1: 177).

«Ел газетке не жазады?» мақаласының басты ойы: «Ағаш көркі – жапырақ» дегендегін «газет көркі – ел хабары» (1: 179). «Жазу мәселесі туралы соңғы сөздегі ойлар: «Тіл – жанды зат: өркендейді. дамиды. Жазу – өлі сүйек зат» (1: 184).

«Ана тілін қалай оқыту керек?» мақаласында осы істегі кемшілік аталған: «Бүгінде Америка әдісі, жиынды (комплексті) әдісі, тәжірибелі (лабораториясы) әдісі, құлышынды-белсенді (активноподвигательный) әдісі. Тағы сондайлар майданға шығып сез болып жатыр. Бәрінікі – білім берудің төте жолын табу. Бізде көп әдістер түгіл, жөнди бір де әдіс жоқ деуге болады» (1: 194). Осы ретте Ж.Аймауытұлы А.Байтұрсынулының төте жазуына келесі баға берген: «оның жогарыда аталған Америка әдісімен оқыту жолы» айтылған. Тіл үйрететін мәтіндердің маңызды болуы, окушының қабылдауына лайықты болуы айғақталған.

Көркем әдебиетті қалай талдау керек? Шығарма жазуға дейінгі сауалдар реті берілген. Бұл сауалдарды бүгінгі әдебиетті оқыту пәнінде колдануға болатыны анық. Шығарма не үшін жазылады? Оған былай делинген: «Шығарма жазу – сөйлеу білгеннің белгісі. Бірақ сөзшендік пен жазыmpаздық бір емес. Әрқайсысына өзгеше зеректік, өзгеше дағды, еңбек керек» (1: 199).

Балаларға хат жазысып, «газет хабарларын оқытып, тақырып-татып, тілін, сөз құрылсының бақылату ол хабарлар туралы кеңесу, мәселеге пікірлерін айтқызу, өздеріне көрген-білген елдегі жұмыстарды хабар қылып жаздыру, жақсысын басқармаға жіберіп тұру – міне, өмірге керекті, пайдалы тақырыптар». Бұл іс баланың тәрбие жағынан да татымды», – дейді Ж.Аймауытұлы (1: 199–200). Себебі: «Оқушылардың бір бүйрекінен ауылы, елі кетпегені жарайды...» Өзі болып төркінін танымай кететін» жаман қылықтар алды-артына қарап ойланбағандықтан, өзіне есеп берметендіктен туады» (1: 199). Сондықтан балалар «Газет оқыға қызықса, сөз жаза бастаса, әлеумет жұмысына араласқаны деп біл», – дейді ғалым (1: 200).

«Әдебиет мәселесі» (Талқыға), «Ақжолда» (1925, № 2) жарияланған. Мұндағы бүтінгіге кажет ойлар келесі: «Әлеуметтің зор құралы, тап тартысының құралы әдебиет екендігінде дау жоқ» (1: 202). «Төңкерістен бұрынғы қазақ әдебиетінің бағыты, рухы қандай еді? Енді қандай болу керек? Төңкеріс әдебиетке қандай олжаса салды? Қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінен өзгешілігі бола ма? Жалышылар әдебиеті мен қара шаруа (мұжысқ) әдебиеті арасында айырма бар ма? Қазақ әдебиеті қазір қандай дәүірде? Күйректік (сентиментализм), сарындалмалық (романтизм), санаышылдық (идеализм), нағыздық (реализм) дәүірінде ме? ...Әдебиетке қандай көзben қарап, сынау керек? Жалаң тап, саясат көзімен бе? Жоқ басқа жақтарынан қараша керек не?» (1: 203). «Төңкерістен бұрынғы қазақ әдебиетінің бағыты – ұлт тәңсіздігіне, мәдениетке талпыну, ішкі мазмұны – қазақтың халіне қайғыру, патша өкіметінің отарышылдық саясатына, қала берсе, орыс атауына ереуіл жасау еді. Қазақ әдебиетіне төңкеріс, бір жағынан жалынды – үмітті жеделткен үндеу кіргізсе, екінші жағынан, уайым-қайғы, торыгу кіргізді. Әдебиеттіңіздің ендігі беті – төңкерісшілдік, бұқарашылдық болу керек. Бұрын оянған ұлт сезімін тұннивықтыру емес, тегістік, тәңдік жолына икемден, дұрыс жүйеге, қалыпқа түсіру болу керек» (1: 203).

«Ұлтшылдық сезім тез заманда қала қою мүмкін емес...» Қожалық құрған, билеп-төстеген үстем ұлттың әдебиетімен тәменшік, әлсіз, езілген, бодан ұлттың әдебиеті бір болмайды. Қазақ әдебиетінің орыс әдебиеттен айырмасы бар һәм болмақ». Ж.Аймауытұлының осы пікірі кеңес әдебиеттануында іске асты. Қазақ әдебиетін екіге бөліп, Абайдың өзін жоққа шығарған соцреалистік әдебиет ғылыми «қожалық құрған үстем ұлттың әдебиетінен ғана ұлғі аламыз» дегенді айтумен шектеліп келді. Онғасырлық сөз өнер үлгісі бар қазақ

Алаш әдебиеттануы

сөз өнері жоққа шығарылды. Тек таптық әдебиет алға шығарылды. Мұндай қияннаттың болатынын Жүсіпбек Аймауытұлы көрегендікпен сонау XX ғасыр басында айтып кетіпті: «Жалшылар әдебиеті мен қара шаруа әдебиеті бір емес. Тұрмысы, шаруа түрі, дүниетануы екі басқа елдің әдебиеті де өзгеше болмак, бар һәм болады. Ендеше, қазақ әдебиетінде де өзгешелік болу керек» (1: 204). «Әдебиет – өнер. Өнер азды-көлті еркіндік тілейді. Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен не саясат көзімен қарап, сынаржак етпей, Маркс көзімен (диалектика әдісін қолданып) сынау керек. Маркс көзі тар емес, кен. Әр нәрсенің себебін, жағдайын, арғы-бергісін, жақсы-жаман жағын түгел тексеріп, көз алдындағысын емес, алысты болжайтын қырағы көз. Әдебиетті сынауға жалаң саясатқа сауатты болу жетпес, әдебиетші де, ғылым иесі де болу керек» (1: 204).

«Көркем әдебиетті саралға» «Ақжолда» шыққан (17.IV.1925) «Көркем өлеңге құлағы үйреніп қалған қазақ су татыған өлеңді оқымайды. Ондай өлеңге мейірімі қанбайды. Енді өнер мен жамауды талғайтын заман болды. Өлең еместі өлең деп, жүрттың алдына тартуымыз ұят» (1: 205). Көркем әдебиет қандай болуы керек? – деп, әдебиеттанушы Ж.Аймауытұлы мәселені анығынан қояды. «Лелович айтады», «Маяковский айтады» деген пікірлер өз ойын анықтау үшін пайдаланған. «Жалаң өлең емес, карасөзбен жазылған әңгімелер де тексерілген жөн. Жақсы сөз қайсы? Неліктен жақсы? Жаман неліктен жаман?» Бұл саулалдар бүгінгі әдебиеттану өз алдына қоюды ұмыт қалдырғандар. Өкінішке орай, себебі кәсіби әдебиетші «пән сөздері» арқылы дәлелдеуі қажет.

«Қазақ қызы» Фалымжан Ибрагимовтің «Қазақ қызы» (1924, Мәскеу) романына жазылған пікір («Ақжол», 1925 23 сөүір). «Бұл романды татар ұлтын қазақпен таныстыру үшін жазған болу керек. Қазақ тұрмысының іші-тысы бірталай көрсетілген... Әсіре-се жақсы жақтары: қазақтың ру тартысын ашық көрсеткен, партия, болыс сайлауы, патшаның отарышылдық саясаты салдарынан қазақтың кең қоныстан айырылуы. Ақсүйектер, хандар тұқымы қазақты шатып, шен алғандығын, қазақ даласының суреттері, татар мұлдаларының, саудагерлерінің қазақты азық қылганы да айтылады.

Романның кемшилік жерлері – тап тартысын, жуан атаниң жіцилішке атага зорлығын суреттей алмаган... Қазақ әйелінің мінезін тым ер, тым наәзік етіп көрсетеді. Беті ашылмаған әйел баланың сүйген жігітімен алғаш көрікен жері де тал түсте мойнынан құшақтап алуы, менмендік, косемдік етіп кетуі келіңкіремейді (1: 211). Нақты талдау мәтіндегі мысалдармен келістіріліп берілген.

Айгүл ICIMAKOVA

«Пән сөздері қалай табылады?» («Ақжол», 19251.V) – нақты тақырыпқа арналған. Оның негізгі ойлары бүгінгі бізге де қажетті:

1. «Тіл» деген нәрсе біліммен бірге өсептін, өрбітін жанды нәрсе. Тілдің өсіп, өркендеуі де табиғи жол болуы керек. Жанды нәрсе өз ағынымен, өз еркімен, қысылмай, зорлық көрмей, өсіп жестілмек, Мәдениетіміз күшейсе, тіліміз өзінен-өзі күшнейеді». 2. «Жаңадан жасалған сөздер күштен тіл бола алмайды. Тілдің қолайлысы, ұғымга жайлышы алынады. Қолайсызы шығып қалып отырады. Тіршілік тартысында қандай талғау таңдау болса, тіл де сондай таңдау іздейді». 3. «Мектептің пән сөздерін кеңседе отырып жасау дұрыс емес. Пән сөзін пән маманы, кітап жазушы шыгару керек. Ешбір галым пән сөздерін кеңседе шешкізіп, жасамайды». 4. «Бұл күнде білім кеңесі пән тілдерін жасап отырса, кітап жазушылардың нашарлығынан, пән мамандары жоқтығынан еріксіз жасап отыр».

5. «Пән мамандары тілді қайдан таппақ? Бірінші, өзі ойлат шыгармақ. Екінші, сол пәнге керекті сөздерді қазақ тілінде шыққан кітаптардан қарастырып, қолайлысын алмақ. Үшінші, сол пән туралы шұғылданғандармен хабарласу, кеңесу. Төртінші – ел адамдарынан да, ауыз әдебиеттен де сөз қарастырмақ» (1: 212–214). Сөз табу туралы 9 баптан тұратын теориялық ұсынысын мәлімдеген ғалым былай деп бітірген: «Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралдағы» жаңа сөздері осы жолмен тараپ кеткенін көреміз. Бұл – табиғи жол деп жоримын» (1: 214).

«Бұл әдеттен арылу керек» («Еңбекші қазак», 1925.3.XI) мақаласындағы көтерілген мәселелер күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған емес: «Орыс баласы оқудан босаса, футбол деп, жарыс, неше түрлі дene тәрбиесі; қазақ баласы оқудан шықса, көше қыдыру, таныс жағалай... Орыс баласы бос болса құс атады, қайықта мінеді, музыка тартады, кітап, әдебиет қарайды; ...Бұл қалай? Орыс баласы істеген өнер қазақ баласының қолынан келмейді ме? Әбден келеді, бірақ мойыны түскір жар бермейді» (1: 215). Қазақ баласының осындағы болуына баланы жастайынан «сарыуайымға, сұрамشاқтыққа, әйенкестікке» үрету себеп болады деп санайды ғалым. Себебі: «Сұрамшақтық қазақтың өзіне мін емес көрінеді. «Жыламаған балаға емшек бермейді». «Бермейтін саран болмайды, сұрауы жетпейді... – міне, сұрау қолдаған даналығы» – дейді Ж.Аймауытұлы» (1: 216). Сондықтан осыдан арылуға шақырады, себебі: «Төрт аяқты мал өзі жайылып келеді». Елдің бұл сұраулардан мазасы кеткенін айтып ғалым: «Адамнан сұраганның екі көзі шығады. Алладан сұраганның екі бүйірі шығады» дегенді алға тартады. Басқа жүртттан қалмас үшін: «Жаман әдеттен құтылам деген адам қырыққа келсе де, құтылуға

Алаш әдебиеттануы

болады. Әдетке қарсы әдettі шоқпар қыла білу керек. Жылауық, байбалам, жалыншақ, сұранشاқ, жағыншақ, жарамасақ елдің жаны құл болады. Құлдықтан босағандықты жастардың мінезі дәлелдейді. Жоқ болсаң да ірі көңіл, сұңқар мінезді бол. Ондай Қартқожалар бізде жоқ емес, бар. Солардан үлгі алындар, бауырлар!» – дейді Алаш тұлғасы (1: 216). Бұл бүгінгі бізге де катастырылған.

«Асыл қазына жиналса екен» («Еңбекші қазақ», 1926, 1927. V) мақалада Александр Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» кітабының Мәскеудегі («Известия») болған талқылауына қосылған Штернберг, Самойлович, Тан Богораз, Каганович, Глазунов пікірлері келтірілген. Бұл еңбекке әділ баға берген «франс ақыны» Ромен Роллан болған деп, оның Мәскеу баспасөзіндегі хаты келтірілген: «Сахараның сары даласына сәулет берген сұлу, сайран әніне сүйсінгенмен. 1920–1922 жылдардағы елді ашарышылдық, дөрт кернеп жастқанды мынадай музыка еңбегін жарыққа шығару, музыка жүзіндегі ерлік. Жан күшиңің ұмытылмас өрнегі деп атайды» (1:222). Ж.Аймауытұлы қазақ елеңі туралы: «Баяғыдан бері қазақ кең далада құр «көйин құртгап, айранын ұртап» жаткан жоқ екен... Жүргегінің терең сырын, жанның алуан-алуан құбылған нәзік толғауын, ән, күй деген айнасына түсіре білген екен...» (1: 222) деген. Осы асыл мұраны шығарушы туралы: «Адамшылықты, өнерді сүйген таза жүректе біреуді олай, біреуді былай ұстайтын тар мінез болмайды. Адам табысы адам баласына ортақ. Қазақ Затаевичті адал ұлындаі көру керек» (1: 222).

Осы ретте ғалым бүгінге қажет ұстанымды келтірген: «Қазақ күнелту жасагының мәдениетінен мешеу қалса да, ақыл, қиял, сезім жасагынан, білім тілімен айтқанда, рух мәдениетінен кенде емес екендігі мынау мың әннен танылып тұр. Қазақстан жерінің астында асыл қазына, кен байлығы мол деп ауыз қылышады. Сондай мол қазына қазақ елінің ішінде де жастыр. «Ол не?» десеңіз – әдебиет, ән-күй. Күн көру тәсілін сырттан жұқтырып үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөттеннен қарызға ала беруге болмайды. Алса да, халықтың кокейіне көпке дейін қонбайды. Ендеши, өзімізде бар дәүләтті жарыққа шығарып, іске жаратуға талпыну керек» (1: 222).

Қазақтың әні жазылды, бірақ «қазақта жалаң ән гана емес, сол шамалы күй де бар. Күй әлі жазылған жоқ. Әннен де күй терең, күй қадірлі. Әннің айта алмаганын күй айтып береді» (1: 223), – дейді ғалым. Өнертанулық пікір осы тұста жандана түскен: «Әннен күй артық, күй қымбат. Әнді кім болса да үйрене алады. Күйді кім болса да сол тарта, шерте алмайды... Әннен де күй кәрі. Күй қартайып, жогалып барады. Азып барады... Күйсіз әскер болып жауға шабуга

Айгүл ІСІМАҚОВА

болмайды. *Күйсіз қазақ мұзыкасының ажар көркі кірмейді, күй келмейді*» (1: 223). Сондықтан мақала сонында ғалым күйді жинауға нақты ұсыныстар берген.

«Жаңа мектеп туралы», «Хат тану әдістеріндегі» ана тілін оқыту жолдары өзінің ұтқырлығымен тартымды. Ғалым қажетті деп «буын әдісін» ұсынады. Откен мақаладағы Америка әдісін осы әдіспен толықтырып: дыбыс әдісі, буын әдіс, тұтас сөз әдісін қолдану ретін, жаттығуларын келтірген. Басты шарт хат тану – «Ойнамалы дыбыс әдісімен» оқытылуы әр әріпке қатысты әнгіме талап етіледі: ойлаған ойын, басынан кешкенін сөйletіп: «әнгімесінен бір сөйлемді жазғызады, дыбыстарды айыртады» (1: 227). Бүгінгі қазақ тілін үйретуге бұл әдісті толығымен пайдалануға болатыны да айғақ.

«Ашық хат. Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына атсалысыңыздар», «Ашық хат. С.Торайғырұлының жи-налған сөздері» атты мақалалар («Еңбекші қазақ», 1926.19.XI, 1927.18.I) атауындағы мәселеге арналған. Сұлтанмахмұттанудың негізін әдебиеттанушы Ж.Аймауытұлы былай деп негізден берілті: «Аз өмірінде көп өзгеріс көрген, берісі қазақтың, арысы адам баласының бақ-ырысын қоксеген, өмірін әділдік, шындық ізденүде, ойлануда, толғандуда откізген, тұбек ойдың ақыны еді. Өнер-білім сәулеңін аңсан, құлаш ұрып, кедейлік, жоқшылық зарын шегін, жауыз тұрмыспен жанталасып, алысып, жене алмай, өзі мерт болып, көрге кірген ақын еді. Tipi жүрсе өзі айтқандай, «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болғандай» от-жасалындаи заулаган, болат қайрат, құрыш жігердің, кекті жүректің ақыны еді, сөзімен ел-жүртін мардамсытқандай, мақтандыргандай, еңсесін көтергендей ақын еді (1: 233).

Осы ретте әдебиетши Ж.Аймауытұлы: «Ақын – елінің тілі гой, адап тұган ұлы гой, бұлк-бұлк еткен жасын гой, жасын жеген ары гой, айта алмай жүрген зары гой» (1: 233), – деген теориялық анықтама береді.

Сұлтанмахмұтты Лермонтовпен салыстыруды да тұнғыш рет ұсынған Ж.Аймауытұлы екен. Әдебиетші ақынның мұрасын жинал бастыруды мәселе етіп көрсетіп, нақты жоба ұсынған. Бұл екінші мақалада іске асқаны мәлімденіп, жиналған еңбектер тізімі берілген.

«Мәшһұр аға!», «Құрметті Мәшһұр аға!» (20. V. 1927, 15. XI. 1927) – ғалымның Мәшһұр Жүсіп Көпейгे жазған хаттары. Екеуін де қазақ әрпіне түсірген – ғалым С.Дәүітұлы. Әдебиетші «данышпан Толстойдан» үлгі алуға шақырады. Ол «сексеннен асқанша өле-өлгение қаламмен сырласып откен. Iri хакімдер, философтар көп

Алаш әдебиеттануы

жасап, көп мұра қалдырган. Өмірде ойланумен, толғанумен, жақсылық-жамандықты барлаумен, әділдік, шындық, адамгершілік сүндөй ізгі мұраттарды қоксеумен өткізген» (1: 242). Заманның талабы туралы: «Сіздің құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі сізді жарыттайды, тосаңсытады, күні өткен жсат адам қылады. Жаңа заман өйтіе берсін! Сіз онда жалғыздығыңызды, жапандығыңызды, сәнді-салтанатты ескі күніңізді жырлап өтіңіз» (1: 242). Себебі: «Ақынның ақындығы улаган ойын, тулаган сырын, оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толгаулы сөзімен айта білуінде гой». Әдебиетші: «Сіз шамаңыз келсе, осынау Түрікпен, Майлы, Шәңгереілерше жүргегіңіздің шерін шертіңіз. Неден күйінесіз? Неден өкінесіз? Неден жиренесіз? соларды әңгіме қылыңыз», – дейді (1: 243). «Әр елдің жақсыларын тараулатып, ата-тегін қозғап жазған» олеңдеріңізді жалғастырыңыз», деген пікір білдіреді. Әдебиетшінің келесі тапсырмасы – қазақ шежіресін, «ең болмаса орта жұз арғынды тараулапқаныңыз керек» (1: 243). «Соңғы сіздегі қымбат нәрсө: ақындардың айтысы, сөздері, билердің, шешендердің үлгілі сөздері». Әдебиетші осыларды жинастыруға М.Ж.Көпейге тапсырма-өтініш жасайды (1: 243).

Екінші хатында Ж.Аймауытұлы: «Екі жарым ай болды, үйден түзге шықпаганым, – дейді. ...бір роман жазып бітірдім, өзіңіз көрген «Қартқожсадан» улкендігі екі есе болды. Бар ойым, ынтам, рухым сол романга кемін, тап жынды кісідей болыппын, досты, жолдасты, құрметті, қымбат ағаны ұмытып кете жаздаптын. Таңтертең сағат 8-де тұрамын да, шай išin, қызметке бала оқытуға кетемін. Күніне алты сағат бала оқытамын. Сағат үште үйге келемін, тамақ išемін. Одан кейін үйықтаймын. Сағат алтыда оянамын. Шай išемін. Сүйтем де, жазуга отырамын. Сол отырганнан түнгі үшкे дейін отырып қаламын. Эбден талғанда барып үйықтаймын. Міне, екі жарым айдай көрген өмірім осы, бірақ бұл күнде романым бітті. Бастаға жібергелі отырмын» (1: 259). «Ақбілек» романы осылай жазылғанын біз осы хаттан аңғарамыз.

Мәшін Жүсіп Көпейдің бүгін шыққан әдеби мұрасы әдебиетші Ж.Аймауытұлы берген тапсырманын толық орындалғанын дәлелдеп тұр. Әр томының жүйесі аталған хаттағы әдеби мақсатқа сай жинастырылғандай.

«Әдебиет мұралары» («Еңбекші қазақ», 20.VI.1927) мақаланың басты ойлары: «Қысынды, коным сөз – іс атасы» (1: 244). «Ауыз

әдебиетіміз қаймағы туырылған күйінде ел аузында отыр»... Эр жүздің, әр тайпаның, әр рудың ішінде ескі сөзді, кәрі ауызды қарияларымыз бар. Міне, «ескі әдебиет мұрасы» дегенде, біз соларды алып отырмыз» (1: 245). Осы тұста аталған есімдер қатарында Мәшһүр Жүсіп Көпей бар. Осы ескі әдеби мұраны жинап бастыруға нақты ұсыныстар жасалған.

«Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ», 1927. 8–9 VIII «Екеу» деп қол қойылған) – мақала сол кездегі айттықа пікір ретінде жазылған. XX ғасыр басындағы РААП, Пролеткульт мәселелері көтерілген. Воронский «осы құнғі бір дәріпті сыншыл» аталған (1: 247). Сәбит, Әбдірахман, Кошке пікірлеріне арнағы тоқталып, талдау берілген. Әбдірахманның: «әдебиетімізде екі-үш түрлі бағыттың барлығы анық, оларды, эрине, тұрмыс туғызып отыр... тұрмысымыз көшпелі дәүірде болғандықтан, әдебиетімізде де көпшілік болып отыр. Бұл дәүірде көбінесе нағызыдық (реализм) пен төнкерісші сарындармалық (романтизм) бағыттары есеюге тиіс» (1: 247) пікірін қолдай отырып, Алаш әдебиетшілері оны толықтыру үшін осы мақаланы жазған.

«Әдебиеттің» бағытына реңк беретін себепкерлер» деп келесілер аталған: «1. Пәлендей әдебиеті бар халықтың мәдениеті қай мүшелдегі мәдениетке жатады? 2. Ол халықтың тұрмыс жағдайы қандай? 3. Дін әсері; 4. Әлеумет құрылышы, одан туған әлеумет пікірі (ұлтшылдық, бұқарашибалдық, тапшылдық деген секілді; 5. Заманымыздағы үстем пікір (идея); 6. Ақыл, киял, сезім, таластары. Жазушының жан сипатындағы өзгешіліктер» (1: 247).

«Мәдениеті марқайған ел – асарын асан, жасарын жасаған ел, ой көзін өсірген ел; қиялдан қияга, тереңнен тереңге, жаңа пікір, жаңа өнер, жаңа тұрмыс табуга құлақ сермеген ел... Ондай елдің ақыл, қиял, көңіл тілегі де өскен, үстарған, нәзіктелген. Азға тұрғызызызға, тайызға қанағат етпейді, талғауышыл, таңдауышыл келеді... Мұндай елдің қиялынан да ақылы құшті болады. Мұндай елдерде кемеліне келген нағызыдық (реализм) түрін көбірек қолданады» (1: 247–248). Бұлардан әдебиетшілер келесі түрді бөліп алады: «Мәдениеті көпей ел дүниені, табиғатты... аңыз қылумен таниды... бұларға дос күштер: Құдай, періште, пайғамдар, әулие, Ілияс, аруақ. Қас күштер: дәү, пері, жын, шайтан, тажал, ібіліс, албасты, жезтырнақ, сұмырай. Мұндай елдің ақылынан қиялы басым келеді. Қазақ міне, осындей ел» (1: 248). Мұның бәрі әдебиетке тікелей әсер етуші себептер болып аталған. Орыс әдебиетіндегі Есенин, Иванов, Пильняк «орыс төнкерісін ұлтшылдық бағытта суреттеп отыр». «Атам заманнан адам бала-

Алаш әдебиеттануы

сынын тарихында ақыл-қиял, сезім таласы қалмай келе жатыр. Бір заманда қиял-сезім үске шығып, әдебиетке сапашылдық (идеализм), сарындармашылдық (романтизм), күйректік (сентиментализм) бағыттарын туғызыса, кей заманда ақыл жеңіп, натурализм, реализм, материализм бағыттарын туғызып отырган» (1: 249). Себебі, «Адамда ақыл, қиял, сезім (көніл) деген сипаттар бар». Бүгінгі әдебиеттанудағы қай кезең қашан басталып, қашан аяқталды? деген қағидаға қатысты былай делінген: «Әдебиетте нағыздық (реализм) бағыты басталды-ақ, сарындармашылдық (романтизм) бағыттың кескендей тоқталды деп ұғу дұрыс емес. Екі бағыт араласып жүріп отырады, тек біреуі басымдырақ болғандықтан, «пәлен бағытта» деп айтылады» (1: 249). Мысал ретінде, Л. Толстой – нағызшыл (реалист), М. Горький – сарындармашыл (романтик) ретінде келтірілген. Қазақ әдебиетіне қатысты Абай, Ахмет, Міржакыптың «нағыздық бағыттагы өлеңдері» мен «Тотының тоқсан тарауы» да, «Мың бір тұн» де, «Бақытсыз Жамалы» да қазаққа қажет деп айгақталған. Соңдықтан «ақын-жазушы біткенде бір қалыпқа согуга болмайды» (1: 250). Әдебиетшілер «қалып» деп тұра соцреализм шарттарын атап откендей.

Воронский, Плеханов, Троцкий, ВАПП пікірлері Қошке мен Сәбиттің айтысына үәж айту үшін келтірілген. Сәбиттің жаратылыста ақын болып туады дегенге қарсы болуына, әдебиетшілер Аристотельдің «зейін қисыны» (теория способностей) пікірін қарсы қояды. Сәбиттің сөзі «білім жолына қайшы» деп анықталады. «Тегіне тартқандықтан, сүйегіне біткендіктен, адам әртүрлі болып жаратылады... Сүйегінде, жаратылысында ақындығы жоқ болса, «май құйсаң да» ақын болмайды. Сүйегіне бітпесе, хат білмейтін Марабай, Махамбет, Шәжелер кімнен үйреніп ақын болды?.. Үйретумен ақын қыламыз деу – болмайтын әңгіме», – деді әдебиетшілер (1: 256). Өздеріне тағылған ұлтшилдық туралы келесі түсінік берілген: «Қазақтың ұлтшилдығы, үстемдігі, бағындыруды қоксеген, шегіне жеткен, озбыр ұлтшилдық емес, алдымен бас қорғауга, жансауга қылуға, жете алса, теңдік алуға талпынған тілекші ұлтшилдық. Тұрмыс жүзінде уақ ұлттардың қалың бұқарасы теңгерілмей тұрғанда, ұлтшилдық жоғалмайды. Бұрынғы жалаңаш ұлтшилдық бұл күнде бұқарашибылдыққа айналса, бұл – бір саты, бұл табиги жсол» (1: 256). Алаш әдебиетшілері ұлттық мұдде мәселесін әдебиетте осылай орнықтыруды талап етеді. Макала жазылған жылы бұл оларға басты қойылған кінә болып табылғаны да белгілі.

Айгұл ІСІМАКОВА

Жазушының өзі туралы келесі мағлұматы да құнды: «Қолым (почерк) әдемі болушы еді... Құсса, өлең кітаптарды көп оқушы едім. Қадікеш апамның бір сандық қисссасы бар еді. Қыстың ұзақ кештерінде Қадікешке, соңынан Ақат екеуімізге әкем қисса оқытып отыруши еді» (1: 262).

Жазушы алғаш өлеңін 13 жасар кезде жазғаны, «кейін 19–20 жастарда болса керек. Бір бала молдамен айтысын, өлең жазғаным бар. 1912 жылғы жазған өлеңдерім ескі дәптерімде сақтаулы. Абайға еліктеппін» (1: 262). Осы мақалада Ж.Аймауытұлы өзінің шығармаларының тізімін ретімен берген: «Ең алғаш басылған сөзім, 1913 жылы болса керек, бір ақымақ алыпсатардың болыс болам деп, елге бір мeste шай апарып, елдің кулары болыс қоямыз деп, шайларын алдап алып, бос кайтқанын жазып едім, бұл хабар «Қазак» газетінде басылды. Сол хабардың басылуы қалам ұстауыма үлкен себеп болды. 1916 жылғы қазақтан жұмысшы алудың артынан пьеса жаза бастадым. Алғаш жазған 5 перделі пьесам (Нұрғали Құлжанов ұнатпаған соң) жарыққа шықлады.

2. «Рабига», «Жебір болыс» («Мансапқорлар»), «Қанапия-Шәрбану» – 1916–1917 жылғы жазған пьесаларым. Кейін түзетіп баспаға бердім. Ең алғаш баспа жүзіне шыққан сөздерім – 1917 жылғы «Сарыарқада». Бірінші нөміріндегі «Сарыарқаның сәлемі» деген өлең, екінші нөміріндегі «Тұр, бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар!» деген кедейшіл беттегі мақала сияқтылар. Одан соңғы «Абай» журналындағы «Ғашықтық» (әңгіме), «Көшу», «Ұран» («Қазагым қақтықпа...»), «Әскер марсельезе» («Аргы атам ер түрік») сияқты өлеңдер, әдебиет туралы мақалалар, «Бишаралар» секілді (Виктор Гюгодаң) аудармалар болса керек. Өзге уақтүйектер есімде жоқ.

8) Бұл күнде басылып шыққан кітаптарым: 1) «Рабига». 2) «Сылаң қызы». 3) «Мансапқорлар». 4) «Қанапия-Шәрбану». 5) «Ел қорғаны». 6) «Шернияз» (пьесалар). 7) «Қартқожса». Аудармалар: 8). «Октябрь». 9) «Сараң сері». 10) «Тас мейман» (пьесалар). 11) «Тау еліндегі оқиға» (әңгіме). Оқу кітаптары: 12) «Тәрбиеge жетекші». 13) «Психология». 14) «Психология мен өнер таңдау». 15) «Төңкеріс тарихы» (Покровский). 16) Орыс тарихы. III бөлім (Покровский).

Баспаға берілген кітаптарым: 17) «Ақбілек» (роман). 18) «Мәскеу мен Қырымга жолаушылық». 19) «Жаман тымақ» (балаларға ертегі). 20) «Шал мен кемпір» (ертегі). 21) «Көк өгіз» (ертегі). 22) «Үш қызы» (ертегі) – бәрі де суретті; аудармалар. 23) «Дәмелі» (Тамила) – роман. 24) «Өрбике» (Конрат Берковичтің б әңгімесі), 25) «Бақылаушы»

Алаш әдебиеттануы

(Ревизор) Гогольдікі, 26) Сұлтантамахмұт Торайғырұлының түгел сөздері.

3. Маган ұнайтын жазушылар: Мопассан, Мольер, Виктор Гюго, Шекспир, Джек Лондонның кейбір сөздері, Рабинранат Тагор, Конрат Беркович. Орыстан: Гоголь, Пушкин, Толстой, Максим Горький, Короленко, Чехов секілділер. Биыл оқыған Стефан Цвейк те қатты ұнады.

4. Абай өлеңдерімен бала құнімнен таныссын. Кітабы басылмай тұрғанда, ел қыдырыған өлеңшілердің аузынан бірталай өлеңдерін көширіп алып, жаттаған едім. Ең алгаши басылып шыққан жылы кітабын қолыма түсіріп, түгел көширіп алдым.

9) Менің жазғаным: уақ әңгімелер, оқшау сөздер еді. Олардың бірсыптырасы қолымда бар, бірталайы жоқ. Есімде қалғандарын атап өтейін: 1) «Ғашықтық» (Абайша), 2) «Жынды», 3) «Айна» – бұлар «Сарыарқада», 4) «Толғақ жиіленді», 5) «Домалақ ертегі», 6) «Мысыққа ойын, тышқанға өлім», 7) «Мал – бас садақасы ма, бас – мал садақасы ма?», 8) «Сауатсыздықты қалай жою керек?», 9) «Кузьма», 10) «Талкөшке шешендері», 11) «Құдіріс», 12) «Өмір деген осы ма?», 13) «Жапырақтар» – бұлар («қазақ тілінде»), 14) «Елес», 15) «Тұмарбай мен қатыны», 16) «Жаңабайдың жанындағы трагедия», 17) «Қара бақсы», 18) «Баушы мен бала» – бұлар «Жас қазақ», «Лениншіл жас» журналдарында, 19) «Далада наурыз» – «Қызыл Қазақстанда», 20) «Жаңбыр» 21) «Қатындар» (аударма), 22) «Ат желін, ер шерін басар», 23) «Алып үйқы» – бұлар «Еңбекші қазақ» газетінде, 24) «Біз кім едік, кім болдық?», 25) «Әсемпаздық», 26) «Комажнек» (Чеховша), 27) «Жана өмірге аяқ басты», 28) «Қырысқты Сүлей», 29) «Жидебайдың баяндамасы», 30) «Бір шешенниң сөзі» 31) «Нұр күйі», 32) «Көшпелі Көжебай», 33) «Оралдан поезд өткенде», 34) «Делебесі қозған жігіт», 35) «Тінікейді не ойландырды?», 36) «Жеті азбан», 37) «Қылышы заман болды, қарағай басын шортан шалды», 38) «Қойышы Тастанақ», 39) «Радио хабарлары» – бұлар «Ақжол» газетінде, 40) «Елеусіз ерлер» – «Сәуледе», 41) «Соп-соп» – «Қосшы» газетінде, 42) «Әнші», 43) «Жол үстінде» – бұлар «Термеде», 44) «Паранжі ертегесі» (асылы орысшадан), 45) «Бажаның басы қышиды» – бұлар «Әйел теңдігі» журналында басылды.

Бұдан басқа Максим Горькийден, Мопассаннан, Джек Лондоннан, Тагордан аударған әңгімелерім бар. Олардың қажеті жоқ. «Шаншарда» басылған 3–4 құлдіргі әңгіме бар; оларды атағам жок.

P. S. Жұлдыз (*) белгісі қойылған ұзақ әңгімелер менің қолымда

барлары. Керек болса жіберемін. Осымен сұраған алты нәрсеге жауап бердім ғой деп ойлаймын» (1: 262–264). Осының ішінде бізге белгісіз – «Дәмелі (Тамила)» романы, әңгімелері, кейір аудармалары.

«Әзірет сұлтан» (*Кожа Ахмет Яссави*) әңгіме-зерттеуінін мәні зор. Әзірет сұлтан мешітінің суреті былай берілген: «Тапалтақ тамдардың ортасында Әзірет мешіті алыстан таудай бір занғар боп көрінеді. Төбесінде ерейген-сорайған еш нәрсе жоқ, үш керттеш: 1) маңдайы, 2) ұлы күмбезі, 3) кіші күмбезі. Таңып келсек, күйген кірпіштен каланған, биік шомбал болады да кетеді.

Қабырғаның батыс жағы шым шидің түріндей, жасыл ала, кек ала таңдай ирек сыр; кей жері көшкен, кей жері тұтас. Сыры тастай катты, шыныңдай жылтыр. Бұл сырды *кермеке* (керамика) деп атайды. Шынысыр десе де болады. Сыр дегені – сыртынан жапсырылған, жағылған бояу емес, әрбір қышты (кірпішті) әуелде солай қып жасаған. Бұл күнде ондай қыштың бір-біреуі (Ленинградта) 60–70 тиын тұрады.

Мешіттің еш жерінде әйнек жоқ, анда-санда жерде, жоғарыда темірмен торлаған кішкене тесіктер бар. Жарық ішіне солардан кіреді. Мешіттің қарсы алды (күншығысы) – жалғыз есік. Бірақ *есік* деуге тым зор, *дарбаза* (қақпа) демесек. Әзіретті бұрын көрмеген болсаңыз, аспанға қарамай, алақтамай, ішіне тез кірп кете алмайсыз. Биік тауды қақ жарып, бір бетін алып тастап, қалған бетін төбесіне дейін үңгіп жіберсе, қандай зор айбынды боп көрінер еді. Дарбазаның айбыны да содан бір кейін емес, жоғарыдағы сонау занғар маңдай-шаға, шұрық, шұрық тесіктерге, діңгектей жұмырлап соққан алып босағаға, оның ішкі беттеріндегі көлденең сорайған дөңбектерге, қақ төбедегі түймедей салбыраған қола допқа еріксіз қарайсың; еріксіз бір айбын бойынцызың билейді...

Занғар дарбазамен жүрінкіреп барып, оюлы нақышты темір есіктен кірсөніз, аспандай күмбез төбелі бір бос кең жайға ұшырайсыз. Қақ ортада дәү қола қазан тұр. Күмбездің ішкі төбесі араның ұзындыңдың бұйырлаған аппақ-аппак ұзыншақ шұқанақ. Ол шұқанактар анадайдан бейне бір төбеден салбыраған мұз сұнгідей немесе жер астындағы керемет ысталактеттей боп көрінеді. Жанжагының ұлылы, кішілі, жоғарылы, төменді есік, тесік, баспалдақ, галерей! Төрдегі есіктің маңдайы кек ала шыны жазу. Ол жазуда осы мешітті салдыру «Әмір-Темір құрканның» (Ақсақ Темір) аты да тұр.

«Жұз кісі болмаса, козғай алмас» дегізгендей, кесе түптес он екі құлақты дәү қола қазаның жан-жағы бұрандалы шүмек, үсті-басы

Алаш әдебиеттануы

оюлы нақыш жазу. Қазанның биіктігі кісі бойы кол ұсыным. Құдастың желкілдек қара жүнін таққан құрықтардың басын мосылап байлас, қазан үстіне келтіріп қойыпты. Бұлар жалау екен. Шырақшылар: «Бұл қазанда бір заманда су тұруши еді. Мынау шұмектерден ағызып алып ішүші еді...» – дейді. Ақсак Темір тұсында бұл қазаннан сопыларға арак беріп, елтіткенін қайдан білсін.

Бұл кең жайда қазаннан басқа еш нәрсе жоқ екен, әрі жағалайық. Жағаласақ, төрдегі есіктің алдындағы сәкіде екі шырақшы (кәдімгі тақияшаң өзбек) отыр. Есік үстінен қиғаштай көлденең сүйеулі бір кисық сырый тұр. Басында күректей үшкір темір мен құдас жүні. «Мұнай?» – десек, «Әзіреттің туы», – дейді. Әзірет жаумен соғысқандай-ақ, 3–4 кісі болмаса, бір адам кетеріп жүретін сырый емес. Есік аузында, төбеде, абажадай жез қандыл ілулі тұр. Янышын деген татар көпес сыйласа керек (жанылмасам), пәлен онды қандыл емес. Бөлек-бөлек сүйек оюдан құрап, жыптырлата нақыштаған, нақышына ми жетпестей ғажап есіктің құлпын ашқанда, алдында биғірек жерде есікке мінбелеп, қызылды-жасылды шүберек жапқан. Кісі бойындағы жота қабір тұр. Бұл – Әзіреттің раузасы (көрі)...

Қабір қасындағы бір тамаша қылатын нәрсе – үлкен жез шамдал. Шамдалды жақын әкеп көрсетті. Оған орнататын шам телграм ағашына таяу болу керек. Нақышы, шимайы, зорлығы дүниеде жоқ деседі. Боранбоздың бір әлімі: «Жұз мың сомға алар едім», деңті-мыс. Расында ондай қымбат шамдал еш музейде жоқ» деп, мешітті түзетіп жатқан шебер (архитектор) де айтты. Мұндай шамдал екеу екен. Бірін ұрлап кетіпти. Одан шығып, он жактағы кішкене есіктің бірінен кірсөніз, пеш сынды қыш үстінде жыбырлаған арқардың мүйізі (зиаратшылардың байлаған әлемі). Ар жағындағы кішкене ағаш шарбакта Арыстан ханның тікше сандықтай қабір тасы тұр. Одан әрі айналсаңыз тағы бір кішірек үйге кіресіз. Қабырғалары ойдым-ойдым (ышқапша). Бұл жай бір заманда кітапхана болып, 30 мыңдай кітап сақталған екен. Бұл күнде бірі қалмапты.

Тағы бір есік мешітке апарады. Бұл да төбесі күмбез кең жай. Мұндағы айта қалғандай әдемі нәрсе – имам тұратын макырап. Макырап бір адам сыйғандай. Есік сиякты қабыргадағы саяз қуыс. Сол қуыстың іші де, жақтауы да, әдібі де жасыл ала шыны сырмен, уақ шимаймен алтын, күміс араластырып, қып келтірген (мозаика), нәзік нақыш шимайы сондай уақ, сондай сұлу, сырлы сондай жарқыраған, ашық, сондай сүйкімді, ерінбей қарайық, еріксіз сипайық. Қырымда, Күншығыс музейінде піл сүйегінен істелген жұдырықтай бір нақышты бүйім көріп едім. Соны бір қытай шебері

қырық жыл істеп бітірген деп еді. Неткен шыдам, неткен табандылық десейші! Мынау мақыралтың нақысын, шимайын көргенде, сол нәрсе есіме түсті. «Осынша уақ, нәзік, шұқыма нақышты бір адам неше жылда істеп бітірді екен?» – деп ойладым. «Мұндай сұлу жат жұмыс дүниеде жоқ» – деп шебер де айтты.

Құбыла жактағы мешітті, кітапхананы, Арыстан ханды, арқар мүйіздерді, ас үйді тастап, манағы дәу қазанның қасынан өтіп, темір-қазық жактағы есіктерге кірсөніз, бұлардың бірі – медресе, бірі – құдық, өзегелері өншең құжыра. Бұл құжыралар о баста шәкірттерге, соңынан сопыларға мекен болған. Құжыра дегеніміз – әйнекіз, пешсіз бір қаранды қуыс қой. Оның не тансығы бар? Әзіреттің сол жағын жағалайық» (1: 269–271).

Бұл мәтінде бүгінгі өзгертілген мешіттің бұрынғы, атам заманнан өзгертілмей сакталған қалпын көреміз. Бұл макала осымен қунды. «Абылайдың көк тасы» деген мәселе де анықталған: «Жағаласақ, камерада Абылайдың көк тасы жатыр. Ұзындығы кісі бойындей. Биіктігі орындықтай. Мінсіз төрт қырлы көк ала мәруәр мұздай жылтыр, айнадай тегіс, шимайша ойып келтірген олппы-солппысыз, үшкір сұлу жазулары жалап қойғандай мұлтіксіз. Ағы мен көгі қара ала батсайыдай аралас таңдайланған, айқасқан. Алаң шындала құлпырған көк мәруар айта қалғандай сұлу екен. Айналактап кете алмадық. Әлде Абылайдың шын аты со ма, әлде жұрт адасып жүр ме, әйтеуір тастағы жазу «Абулқайыр» болса керек» (1: 271).

Жазушы нақты мәліметті бере кетеді: «Со сияқты төбесінде тұрып жерге, жерден төбесіне қарап, сатымызды санап: «Осы мешіт жұз кез барсың-ау», – деп едік. Шама шама-ақ екен: архитектордың айтуы – 141 кез боп шықты. 41 кездей ғана кателесіпшіз. Ұзындығы 60, көлдененең 45 кездей екен: зорлығы, айбыны, жаттығы, сұлупығы дүниежүзінде бірінші мешіт деп саналады екен.

Ескі мәдениеттің есіл қымбат журнағы бет-аузы айғызыдалып, сыр-сылауы көшіп, бұрыштары жемірліп, құбыла жағы толықсып, жантайып, мұнараларының қабырғасы шатынап, құлауға таянған екен» (1: 272). Мешіт қалай салынғаны туралы да мәлімет берілген: «Архитектордың шамалауы мешіт бір метрге төмен (3/4) шеккен. Әзірет мешітінің асты, тоңірегі толған адам сүйегі дейді. Жақында аршыған құдықтан 13 адамның сүйегі шыққан.

Мешіттің күйген қышы тастан берік, қатты. Салынғанына 500 жылдан асса да, бір қышы жарылған, сынған жоқ. Қабырғалардың жарылуы жер сілкінуден бопты. Сондай берік қыштарды қайдан әкеліп, қалай салды екен десеніз, қыштарды Түркістаннан 30

Алаш әдебиеттануы

шақырым «Сауран» деген қыстақта жасап өртеген, Саураннан мешітке шейін үш қатар адам тұрып, кірпіштерін қолдан-қолға әперіп тұрган. 30 шақырым жерге үш қатардан тұрганда неше адам керек екенін есептей берініз. «Мұнша адамды қайдан жинаған?» десеңіз, Аксак Темір ханға адам дәрігер емес; ел шауып, қолға түсірген мыңдаған тұтқындар, кедейлер, құл-құтандар, қатын-балаға шейін өз әмірінде болған соң, адамды несін аясын» (1: 272–273).

Ленинградтан келген Бошнинский деген архитектор істеп жаткан шаралар ғимаратты түзетуге арналғаны мәлімденген. Атақты жандарм Черняев та осы мешіттің әр жеріне тіреу салдырып, мұнараларын сылатқан. Черняевтің мақсұты: «Мұсылман жұртына жақсы атты көріну, елді баурау, тыныштандыру... Кенес өкіметі... мәдениетшіл, өршіл үкімет болғандықтан, кейінгілерге үлгі ескерткіш болсын деп, ескі мұраны түзеттіріп отыр», – делінген (1: 274).

Әзірет сұлтан кім болған? Мешіт неліктен салынған? Кім салдырған? Әзіретті деген түсінік кімге айтылған? Бұл туралы да мағлұмат бар: «Қожа Ахмет Яссайи бұдан 800 жылдар бұрын дүниеге келіп өткен адам. Жұрт «Әзірет Сұлтан» деп атап кеткен ғой. Әзірет Сұлтанды қожа, молдалар «әулие» дейді. 125 жасаптымыс, 3–4 кітап жазыпты-мыс. Оның бірі – «Хикмет». О баста ол кітапта 4 мың хикмет (өлең) бар екен. Қөшірушілер ерініп, қысқарта беріпті-мыс. «Әзірет пайғамбардан артық жасамаймын» деп, 63-інде ғарға (ұңғірге) кіріп, қалған жасын сонда өткізіпті-мыс. Ғардың астымен өзге қалалардағы Арыстан бап, пәлен баптармен қатынасын тұрыпты-мыс. Пайғамбарымыз миғражға (көкке) шығып бара жатып, үш адамның рухын (жанын) көріп таңданып: Бұл сәулетті рухтар кім болады? – деп, жанындағы Жебірейлден сұрапты-мыс. Жебірейл: Бұл сіздің үмбеттерініз: 1) Имам ағзам, 2) Гаусыл ағзам (қожай Паудын), 3) Қожа Ахмет Яссайлар, – депті-мыс. Қожа Ахметке тапсырғайсын, – деп Пайғамбарымыз өлерінде Арыстан деген сақабасына бір құрма беріп кетіпті-мыс. Арыстан 5 жұз пәлен жыл жасап, сол құрманы Әзіретке тапсырыпты-мыс... Міне, Әзірет Сұлтан жайынан қожа, молда, ишандардың айтатын ертегісі осы сияқты; құлак үйып, ақыл сенгендей ешбір дерек жоқ» (1: 274).

Бұл аныздан басқа да мәлімет былай берілген: «Жалғыз-ақ ирандық Шарапитдин Язидиенің кітабында Қожа Ахмет туралы анық мағлұмат бар», – деседі. Ол кітапша Қожа Ахмет Түркістан қаласына 35 шақырым «Яссы» деген қалада туған (Ишандардың айтуынша «Яссы» – Түркістандағы, мешіт жанындағы «Күлтөбе»). Медреседе оқып жүргенде түріктің бір ғалымы зеректігіне қызығып,

Айгүл ІСІМАҚОВА

Иран жаққа оқуға әкетіпті. Қожа Ахмет көп жыл оқып, молда боп қайтыпты. Жаратылысынан ақылды адам болса керек. Төңіректегі елге би болып, әділдігіне мұсылман түгілі, христиан дініндегі адамдар іздең келіп бітім айтқызыған. Қаріп-қасарға көп жәрдемі тиген» (1: 274–275).

Мақала көркем тілмен жазылған, танымдық мағлұматы зор. Кейінгі заманда да бұл ғимараттың басына түскен оқиғалар былай берілген: «Қоқан хандары мешіт төңірегіне қыштан биік қорған соктырган. Мылтық ататын тесіктері әлі де бар. Орыс қолы астына қараған заманда қорған ішіне солдат жататын казарма салынған. Мешіт құлап, казарманы басып қалады деп, жергілікті үкімет 1870 жылы мешітті құлатуға қаулы шығарады. Бірақ ол қаулыны Ташкен жандаралы бекітпей, мешіт аман қалған. Міне, жұрттың қырдан, сырдан зиратқа ағылатын, пәлен мың шақырымнан өлігін жаяу көтеріп келетін, жарым «Мекке» деп көретін Әзірет Сұлтанның тарихы, мешіті, қабірі осы сияқты» (1: 275).

Ғалымның қазақ әдебиеттануына қатысты: «Ана тілін қалай оқыту керек?», «Әдебиет мәселесі», «Көркем әдебиетті саралау», «Пән сөздері қалай табылады?», «Мәшіһүр аға», «Әдебиет мұралары», «Көркем әдебиет туралы», «Құрметті Мәшіһүр аға», «Әзірет Сұлтан», «Ән-күй жайында» еңбектері өздерінің арнайы зерттеушілерін күттеде. Осыншама кәсіби әдебиеттанулық пікірлер мен мәтіннің теориялық талдауын үлгі етіп көрсетіп кеткен Алаш әдебиеттанушысы Жусінбек Аймауытұлына Аллаңтың ракметі, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) шапағаты болғай!!!

-
1. Ж.Аймауытұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. А.: Фылым, 1999.
 2. Ж.Аймауытұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. А.: Фылым, 1998.

2.5. МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

Азырақ сөзге құлагың сал, ақын інім!
Ойымыз, рухымыз жақын, інім.
Ағалық правосын қолыма алып,
Келемін айтайын деп ақыл, інім.

Өзімді агаңмың деп үлкейтемін,
Онымды көремісің мақұл, інім!
Адақан агаңыздың жері болса,
Тілеймін ете ғөр деп гафу, інім!

Жай жатсаң жаңылмайсың, адаспайсың,
Күресте кім кептейді қапыл, інім!
Ат қойған аз-көбіне қарамастан,
Ақылга біздер жарлы, пақыр, інім!

Доңыздай талғамай жеп семіргендер
Санағын ақылдыға жатыр, інім!
Сүйікті милләттыңа болам десен,
Нашардың көбірек же хақын, інім!

A.Байтұрсынұлы

«Оян, қазақ!» деп Алаштың ұранын жырлап өткен Міржақып Дулатұлы қазақ ғылымина орасан үлес қосып өткен тұлға.

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлан, хал һараб бол,
Қазагым, енді жату жаралас-ты.

Екі жасында шешеден, он екі жасында әкеден қалған Міржақып сол кездегі дәстүрлі білімді алған. Әуел мұсылманша, одан кейін 1880 жылдары ашылған Ыбырай Алтынсарыұлының мектебінен өткен: Торғай қаласындағы уездік орыс-қазақ училищесін тамамдаган. Одан кейін Аскар ағасының тәрбиесінде болады. Омбы мен Қарқаралыда Ә.Бекейхан мен А.Байтұрсынұлының мектебінен өтеді. Саяси көзі ашылған М.Дулатұлы 1907 жылы Петербургте шықкан «Серке» газетінде «Жастарға» деген ұран-өлеңімен серпіліс тудырады. «Оян, қазақ!» Уфадан 1909 жылы жарық көрді. Күні бүгінге дейін бүл қазақ үшін басты рухани ұран болып келеді. Алаш саясаткері, қоғам қайраткері, әдебиетші, ғалым, ақын, тұнғыш қазақ романының

Айгүл ICIMAКОВА

авторы М.Дулатұлының әдебиеттанулық мұрасы арнайы тұнғыш рет сараланып отыр. Отаны үшін жазықсыз репрессияға ұшыраған ғалымның мұрасы тәуелсіз ғылымның басты еншісі болып табылады.

Әдебиетші М.Дулатұлының осы өлеңіндегі азаматтық тұрғы оның бүркеншік есімдерінен анық аңғарылады: Арғын, Торғайлық, Тургайский, М.Дулатұлы, Мадияр, Алашұлы Азамат, Азамат Алашұғлы, Азамат, Торғайұлы, Түрік баласы, Таймінер, Тайбағар, Алакөз, Қолғанат.

Алаш азаматы М.Дулатұлы – қазақ әдебиеттануы ғылымына нақты үлес қосқан тұлға. Енді осы ғылыми мұраны бүгінгі тәуелсіз әдебиеттану тұрғысынан зерделеп шығайық.

М.Дулатұлы «*Абай*» мақаласына «Опат. 23.IV.1904» деп ақынның өлген жылын анықтап жазған. Абайдың қайтқанына 10 жыл болу қарсаңында («*Қазақ*», 1914 жылы № 67 санында) жарияланды. «*Қазақ әдебиетінің атасы, Хакімінде тарихта аты алтынмен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында алтыс жыл өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді*» (1: 189). Абай туралы 1904 жылы Омскіде Ахмет Байтұрсынұлынан естігені, Ә.Бекейхан бастауымен 1909 жылы Абайдың балалары ақын кітабын бастырып, Петербордан шығарғаны сөз етілген.

«*Абай* сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшилігін көрсетуге толық жарайды, себебі, қазақ басқа жұрттар мен үзенгі қағысын, тең халық болып жасаі алмауы – тарихы, әдебиеті жоқтығынан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері болуы қын. Әдебиет, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұмытылып, жоқ болады» (1: 190). Осы тұста М.Дулатұлы: Әдебиет не үшін керек, ол нені көрсетеді? деген сауалға жауап береді: «*Қандай жұрттың болса да, жсаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ*». Әдебиетші «*Абайтану не үшін керек?*» деген сауалға: «*Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескеруіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей*», – дейді. Бұл біздің Абайга ревизия жасап жүрген дүмше философтарымызға берілген жауап іспеттес. Себебі, «*Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек*» (1: 190). Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы орны былай анықталған: «*Бәлки, мұнан кейін Абайдан уздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғары, ардақты орын*

Алаш әдебиеттануы

Абайдікі, қазақ халқына сәүле беріп, алгашиқты атқан жарық жүлдөз – Абай». Орыс халқына «балықшының баласы» Ломоносов есімі қандай болса, бізге де Абай сондай болуы тиіс деп санаиды Алаш әдебиетшісі. Сол кездері Абайды тануға арналған ресми істер осы мақалада аталаған. Оның бірі ретінде Семейдегі бірінші әдебиет кеші болып, «хәм бірінші қазақ әйелі Назифа ханым Құлжанова жамагатының майданға түсіп, берген өрнегі еді» (1: 191).

Міржақып Дулатұлының келесі сөздері бізге арналғандай, себебі біз Абайды еске алу жиындарын откізгенде есте сақтайтын мәселе осы ретте нақтыланған: «Біз бүгін ардакты ақынымыз, марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терен мағыналы асыл сөзі атадан балаға, немереден шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз. Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, соңша рухани жакындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар. Сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, «Бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жік зиярат етер, халық пен Абай арасы құшті маҳаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар» (1: 191).

1908 жылы жарық көрген «Ибраһим ибн Құнанбаев» мақаласында («Уақыт» № 383) Абайдың кім болғаны айтылған. М.Лермонтовтың «Жалғыздықта» өлеңінің қазақша аудармасын Абай қалай жасағаны, неге осы өлеңді таңдағаны сөз етілген. «Өлендері есіткенің жүрегін жігерлендірерліктей табиғи болып, шығармаларының асыл негізі Лермонтовқа үндес. Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләззатты, араб, парсы, түрік, калмак тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымды, ауқымды еді».

Абай қандай адам болды? «Адамшылық ой-қиялды өте таза, ұлтжансанды, елін-жерін сүйген кісі еді» (1: 31). М.Дулатұлы таңдаған алып келтірген Абай өлеңі өзіне үндес екені «Оянбай, қайран жұрт» деген сөздерден де көрініп тұр: «Куатты оттай бүркырап, Үззінге салып тізілген. Жаңбырлы жақайдай зырқырап, Қек бұлттан үзілген. Қайран тіл, қайран сөз, Наданга қадірсіз. Тәуекел мен батыр ой Өткір тілді наиза етіп. Сайысып-ақ бақты ғой. Неше түрлі айла етіп. Оянбай қайран жұрт. Ұялмай қал жыым-жырт! «Уақыт», 1908 №383 (1: 31).

М.Дулатұлы «Алаш ғалымдары сияқты асыл сөз – қазақ елінің тарихы, оның жаны туралы болу керек» деп санаған. Әдебиетші «тарихты білу керек» деген міндетке байланысты М.Дулатұлы «Хан

Айгүл ICIMAҚОВА

Абылай». («Айқап», 1912. №12), «Қазақтың тарихы» («Қазақ», 1913. № 7; «Қазақ», 1913. № 3; «Қазақ», 22 март 1913. № 7) атты еңбектерінің тылыми мәні зор.

«Хан Абылай» мақаласында Абылай туралы деректер әдеби мәтінмен дәлелденіп отырылады: «Кеше Кенесары заманында шыққан Тобылбай бидің баласы Арыстан ақынның айтқаны да бар:

*Қылады Макаржада байлар сауда.
Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда.
Сұрасаң Абылайдың тұрган жері –
Хан болған қырық сезіз жыл Қекшетауда* (1: 48).

Қазақтың ханы Абылай ХVIII ғасырда туылып, Қекшетау деген жерде «қазақ жұртына 48 жыл хан болып тұрыпты» деген дерек осылай айғақталған. «Бұл күнге шейін қазақ жұртында Абылайдың анық аты-жөнін білуші кем» деп мойындаған әдебиетші ханың ататері, шыккан ортасы туралы сол кездегі белгілі тарихи деректерді келтірген. Төрениң жас кезінде әркімнің малын баққаны, «Сабалак» есімін не себептен алғаны айтылған. Жиырма жасар Абылайдың жылқышы болып жүргенінде қалмақтармен соғыста аты шыкқан. Қазақ батырлары жеңіліп, қайтпақшы болған тұста: «Қазақтың қайтарына көзі жетіп, топтан бөлініп оңаша шығып, атынан түсіп, шуберек белбеуін құрығының басына байлап ту қылып: «Абылай, Абылай!» деп ұран шақырып, қалмақтың қамалына жалғыз өзі кірген де кеткен. Бақым жұлдызы жсанайын деп тұрган шағы! Атқан оқ, шапқан қылыштан Алла сақтап, кірген жерін есік, шыққан жерін тесік қылып, қалмақтың қамалын бұзып, жылқыны дүркіретіп қуа бастаганда, қазақтың батырлары да қайраттанып қосыла шауып, қалмақты қызыл ала қан қылып, шаш етектен олжасаға батып қайтады» (1: 50). Абылайдың Қызылжардағы «Абылайдың ақ үйі» кашан, қандай мақсатпен, кім салып берген? деген мәлімет те осы тұста айтылған.

Тарихшылар көп талдаған тұс туралы былай делінген: «Абылай-хан Самарқант шаһарының бетіндегі Жұпар қорығына түсіп, алғаш қонған түні тұс көріп, ертеңіне қасындағы тұс жори-тын қариясына жорытады: «Түсімде шатырымның алдына бір жолбарыс келіп шөгіп жасатып алды. «Бұл не қылған жолбарыс?» – деп таңғалып қарап едім, алғі жолбарысым аю болып кетті. ...Жаңа жолбарыс еді гой, қалайша аю болып кетті деп, екінші қараганымда қасқыр болып, онан соң түлкі, ақырында қоян болып кетті. Осы көргендеріме таңғалып жасатқанымда оянып кеттім», – деді. Сонда қария: «Жолбарыс корсөң, басыңнан бақым құсы ұшқаны,

Алаш әдебиеттануы

баяғыдан бері бетің қайтпай жүріп, енді жасың жеткен шақта, «Абылай хан сарттан өлті» деген атқа ұшырамай, қайта өйт. Жолбарыстың аю болғаны сенен соңғы балаларыңың заманы аю заманы болып, жұрт аюдай алысып өтер. Қасқыр болғаны немерелеріңін заманында қасқырдай жұлдызып өтер. Тұлкі болғаны шөбереңін заманында тулкіше жортып өтер. Қоян болғаны онан кейінгі заманда қорқып өтер», – деген екен» (1: 51–52).

Абылайхан Самарқантқа елші жіберіп: «Ұрыс-жанжалым жоқ, жұртқа амандасып, әулиелерді зиярат қылып қайтамын», – депті. Ел ханды қуана қарсы алады. «Абылайханның көк тасы» деген түсінік осы ретте берілген: «Абылай хан қайтарында өзінің басына койдыртуға Самарқанттың көк тасынан тас қаздырғанда, шыққан тасты Самарқант жұрты: «Бұл тас сіздің бақытыңызға шыққан тас, мұндай тас Әмір Темірден соң ешкімге шынып көрген жоқ», деп сүйінші сұраған екен. (Сол тасқа «Абылайхан бин Сүйеніш хан» деп жазылып, опат болғаннан кейін басына қойылыпты). Абылайдың соңғы күндері туралы келесі дерек бар: «Осы жолдан қайтып Тәшкентке келіп, Мырза Ахметтің қызын алады. «Өзім соңырап қайтамын, өзір ұрыс-соғыс жоқ, есен күндерінде елдеріне барындар», – деп, қасындағы Орта жұз бен Кіші жұздің батырларына рұқсат беріп, қайтарып жібереді. Ташкентте үш ай жатып, Арқаға қайтуға қасына біраз төленгіттерімен үйсін-дулаттың басты кіслерін ертіп шығады. Мұны Шымкенттегі Ғабдолрахман сарт естіп, Абылай-ханға іштерінен кек сактап жүрген көрші шаһарлардағы сарттарға хабар жіберіп жинап, Абылайды қамап алады. Дулат деген ел сартпен соғысуға жарытпапты. Ханның қасындағы төленгіттерінің көбін қырып, өзіне кол тигізуге, істің соны неге соғарына көздері жете алмай, бата алмапты. Сонда Абылай хан Арыс деген жерде бір төбенің басына шынып: «Қайран Орта жұз бен Кіші жұз батырлары қасымда болса, бұл қорлықты көрмес едім-ау!» – деп бармағын шайнаған екен. Сол күні Арыстың бойында ғаламат аты шыққан Абылай хан бір қорғанға түсіп, ауырмай-сырқамай 68 жасында опат болған. Найзадан тең жасап, сүйегін Түркістан шаһарына әкеліп қойыпты» (1: 52).

Абылай ханның соңғы күндері туралы деректі қазақ тарихшылары осы зерттеуден олжалап жүргені анық. Бірақ күні бүгінге дейін дау туғызып келе жатқан дерек – ханның қай жерде жерленгені туралысы. Бұл – бүгінгі тарих ғылымы анық айта алмай отырган дерек. XX ғасыр басында тарих атадан балаға ауызша жеткізіліп отырған заманда Алаш ғылымы М.Дулатұлы өзі естіген тарихи тұлға туралы

Айгүл ICIMAKOVA

мағлұматты осы зерттеуінде бүгінгі ұрпақ үшін жазып кетіпті. Бұл ғылыми маңызды еңбек тек XX ғасырдың сонында ғана Тәуелсіз қазақ елінің санасына жетті. Совет ғылымы бүрмалап отырған ұлт тарихының шынайы беттерін Алаш ғылымы осылай анықтап берді. М.Дулатұлы «Оян, қазақ!» ұранын тек өлеңмен ғана емес, осындай ғылыми, тарихи маңызды зерттеулерімен де айғақтап берді.

Абылайдың атакты түсі макалада жан-жақты талданған. Абылайдың Самарқандегі сапары, соңғы шайқасы, 70 жасында опат болғаны осылай белгілі болады (1: 51).

Абылай ханның 17 әйелі, 30 ұлы болған. «Солардың ішінде «Абылайлап» жауға шапқаны – қалмақтың ханы Қалдан Сереннен тартуға келген Топыш ханымнан туған Қасым төрөнің балалары кешегі данқты Кенесары хан мен ер Наурызбай. Бұлардан басқа хан қаны қайнап, өз еркімен басқаларға қолдан тізгін бермеске қарысқан «Абылайдың немересі Абайділда сұлтан Уәлихан ұғлы» (1: 53). Бұл мәлімет Жанақ пен Орынбай ақынның өлеңдерінде айтылады: Абайділда, Габбастың елін жайлап. Бес жорғасын өлтірдім кісе байлап. Ханнан алған сұлуым өліп қалып, Каракөкпен келемін сорым қайнап.

Абайділда «Көкшетауға отаршылдық дуан салдырмаймын», – деп бағынбағаны үшін итжеккенге айдалып, қорлық көріп, кайтып келгенде, Орынбай ақын айтқан еken: Хан Абылай өтіп кетті-ау кеше жүрген! Үш жүздің баласына олжа берген. Сегіз жыл Итжеккеннен әрмен кетіп, Ханымыз Абайділда қайта келген. Биылғы қатты болды ау қыстың жұты: Бес тенге Қызылжарда ұнның пұты, Орта жұз, ырысың бар ел екенсің, Хан келді Абайділда – елдің құты (1: 53).

«Абылай ханның жоғарыда айтылған көп балаларының һәм олардың тұқымдарының аттары белгілі болса да, әрқайсысының Кенесары, Абайділда секілді қазақ үшін жұмсаған күш-өнерлерін естімегендігімнен құр аттарын жазбаймын. Абылай ханның шеберелері – заманымыздагы кешегі марқұм генерал Ғұбайдолла Шыңғысханов, марқұм генерал Сұлтангазы Уәлихановтар менен бұл күнде саламат статский советник Ешмұхамед төре Абылайхановтар» (1: 53).

М.Дулатұлы Абылай тұқымынан Кенесары мен Абайділданы ерекше атап, ханның шеберелері – өз замандастары туралы қынжыла сөйлейді: «Бұларға қазақ жұртының өкпелейтіні де, осы күнгі тар заманда білім дәрежелері бола тұрып, баяғы аталары өрге сүйреген жұртына басшылық қылып, пайдаларын тигізбеді дегенмен басқа болмаса керек» (Айқап, 1912, № 6, 7, 21: 53). Бұл Алаш қайраткері

Алаш әдебиеттануы

М.Дулатұлының төре замандастарына айтқан назы ғана емес, Қазақтың басы бірікпей тұргандығын мендеуі де.

«Қазақтың тарихы» (Түрік баласы. Қазақ, 1913, №2) атты мақаласы былай басталған: «Тарих дейтін – бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын, бұрынғы өткен кіслердің ісінен хабар беретұғын бір гылым. Қазақтың көбі оны «Шежіре» деп атайды. Бұ заманның ғалымдары тарихты ең оңды маглұм деп түсінеді. Тарих – музу жөнді үйретуші деп айтады... Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады» (1: 59).

Тарих не үшін керек, оның қасиеті неде? Бұл жөнінде М.Дулатұлы сөз басында: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріт, қайда тұргандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай құн туатынына көзі жеттейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуга ыңғайлыш болып тұрады. Дүниеде өзге жұрттар қатарында кем, қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады» (1: 59). Сонда тарих қалай ұмытылмай келген? Оны кімдер сактаған? деген сауалға келесі жауап бар: «Қазақ ішінде әр үйдің отағасы, әр ауылдың ақсақалы – тұрган бір шежіре. Бұрынғы өткен-кеткеннен естігенділгені болса, кейінгі жастарға соның бәрін айтып отырады». Тарих өзіміз үшін керек екені, себебі әр істен қандай нәтиже туатынын білу үшін қажет делінген.

Қазақ қандай ел болған, нені дәріптеген, неден сақтанған, біз үшін қандай құндылықтар басты болған? деген сауалдарға Алаш әдебиетшісі былай деген: «Тарих не айтады десеңіз, оның айтатыны мынау: біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екенідігі, олардың дүниеде не істеп, не бітіретіндігі, қандай құтты барлығы, ол құтты не орынға жүмсагандығы; істеп жүрген ісінің қайсысынан пайды, қайсысынан зарар көргендігі; бұрынғы бабаларымыздың досы-дұшпаны кім екенідігі, не себептен багы тайғандығы және соган үқсас істердің барлығын тарих түсіндіріп тұрады. Бұрынғы бабаларымыздың басынан кешкен жақсы-жаман қандай уақыға бар болса, оның бәрі де өткендегі бір істің нәтижесінен тұган болады. Со секілді келешекте біздің басымызга түсешек бір оқыға осы күнде қылып жүрген ісіміздің нәтижесі болмақшы. Тарих оқысақ, оның сөзін оқысақ, қандай істен қандай нәтиже туатынын анық білеміз» (1: 59–60).

«Тарих оң мен терісті айттып беруші, – дейді М.Дулатұлы. – Жақсы істен – жақсылық, жаман істен – жамандық тумақшы»

(1: 60). Бұрынғының «не ексең – соны орасың» деген сөзінің терең мағынасы осы. «Құдай не жазса, соны көреміз» дегу – соқырлықтың белгісі. «Тағдырдың жазғаны болар» дегу – ақымақтықтың белгісі. Адам не тілесе, Құдай соны тағдыр қылмақшы. Тікен еккен жерге бидай шықпақшы емес. Агаشتың тамырына балтандың жүзі тисе, қурамақшы» (1: 60).

Тарихқа қалай қарап, нені үйренуіміз керек? «Егер тарих оқысад, пайдасы бар істің қандай екенін біліп, соны істемекшіміз. Зарарлы істен қашпақшымыз. Бұрынғының оңды ісінен үлгі алмақшымыз». Алаш галымы өз замандастарына бұл тікелей қатысты екенін де ескертуді жөн санайды. «Осы күнде істеп жүрген ісіміз, қылған жұмысымыз, мінез-құлқымыз, сөздің бәрі кейінгілерге тарих болып қалады... Кейінгілер гибрат аларлық үлгі тастап кетіп, алғыс, рақмет аламыз ба? Жоқ далага лагып, жонсіз кетіп, қарғыс, лагын нет аламыз ба?» Бұл сөздер бізге де қатысты екені анық. Себебі: «Тарих – түзу жөн үйренуші. Тарих – түзушіліктің кітабы. Тарих – тіршілікте жолбасшы» (1: 60).

«Қазақтың тарихы» (Түрік баласы. Қазақ. 1913, №3) атты екінші мақаласында «қазақтың асылы тексеріліп, тарихы жазылған жоқ» деп, әдебиетші ғалым мәселені ашық көтереді. Өз заманының қатесі ретінде М.Дулатұлы: «Тарих жазушылардың ешбірі қазақ пен қыргызды айырмайды» Қазақ – казақ! Қыргыз өз алдына қыргыз. Түрікмен мен башқұрт қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қыргыз да сондай басқа ел. Орыстардың, әсіресе һүкіметтің қазақтарды, қазақ демей қыргыз деп жүргені рас. Бірақ олар өзінің атты «Казачье» әскерінен «айыру ушин жаңылыс болсадағы қазақты қыргыз атап жүр» (1: 59). М.Дулатұлы осыны жөндеуге үндейді. Және «Қазақ» газетінде осы мәселені талқылауды ұсынады. «Қазақтың тарихы газет бетінде жазылып тұрмақшы» деп, оқырмандарды осыған атсалысуға шакырады.

Ғалым М.Дулатұлы осыған байланысты бұл сөздердің тегіне де үніледі: «Тарихтың көрсетуі бұған ереуіл келеді. Орыста бұрын атқа мінү қажеті болмаган. Осы күнгі хохолша сиыр жиіп, өгіз мініп күн көрген. Салт қызымет етіп, біздің қазаққа үқсаган соң, «казачье» атанағып кеткен. Орыстың атты әскері «қазақ» атанғандықтан, біздің қазақ өзінің атынан айырылып, «қыргыз» атанағып жүрмекші емес. Қияметке дейін қазақ қазақ болып жасамақ» (1: 61). Аталған мәселе күні бүгін ешкім анықтап бермеген болып табылады. Шынында да неге аттылы ресей әскері өздерін казак деп атаган? Бұған берілген М.Дулатұлының ғылыми дерегі бүтінгілерге қажет күнды

Алаш әдебиеттануы

саяси құжат болып отыр. М.Дулатұлына дейін бұны ешкім жазбағаны да мәлім. Қазақ өзін көрсету үшін: «Осы ғасырдағы ғылым жарығында қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазакшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарқ ғадетіне ынғайлы қылып «қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан «қазақ әдебиетін тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы», – дейді Алаш ғалымы (1: 61).

М.Дулатұлы ұлт тарихын, ұлт атауын басқалардан осылай ажыратып алғып, оны арнайы, тұрақты тұрде зерттеліп отырылуын мәселе етіп қояды. Бұл іс «Қазақ» газетінде қолға алынғандығы да осы макалада мәлімделген. Алаш әдебиетшісінің «Қазақтың тарихы» (Түрік баласы. «Қазақ», 22.03.1913. №7) атты үшінші мақаласы да аталған мәселелердің жалғасы. Қазақ пен ногай, «өзбек өз ағам» сияқты тіркестердің мағынасы көтерілген. Және осылардың «ғақылға да ұнамайтын, тарихқа да сыймайтынын» М.Дулатұлы дәлелдеп кеткен.

Алаш сөзіне қатысты әдебиетші өз жобасын осы зерттеуде ұсынған: «Қазақтың «Алаш» атамғаны хижреден (Мұхаммед-ғалейін сәләмнің Меккеден көшіп, Мединеге барып кірген күнінен) алты жұз жыл өткен соң, Шыңғысхан тұсында болды. Шыңғыс хан бүкіл мұліктен төрт баласына боліп бергенде, Дешиті Қыпшақты, Сібірдің күнбатыс жасағын, осы күнгі Сарыарқаны, Еділ-Жайық өлкесін үлкен баласы Жошыға беріп еді. Ол күнде Жошы ұлысына қараган алты рұлы ел бар еді. Сол алты рудың әрқайсысына болек Шыңғыс алты ұран беріпті, әр руга өзіне болек таңба, агаши қос беріпті.

Сол күнде бүкіл Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болыпты. Жошы ұлысында алты ру болғандықтан, «Алты Алаш» болады. «Алаш» деген сөздің алғаш магынасы – *Отан кісісі* (соотечественник) деген сөз болады. Мұны бір ақынның Абылайға айтқан олеңінен білеміз: Тақсыр-ау, ұнатсаңыз, қарашибімъын, Ұнатпасаң, жай жүрген Алашыңмын, – дейді. Сол олеңде «Алаш» отан кісісі магынасында. Және қазақта «Алаң келе ме, Алаш келе ме» деген бір мәтел сөз бар. Сондагы Алаң – «шетелдің кісісі», Алаш – «отан кісісі» магынасында болады. Сол күнде Жошы ханға «Алаши» деп лақап қойылды. Алаши «алаштың басшысы» (главаотечества) магынасында болады. Қазақтың «Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда» деген ескі сөзі сонан қалған» (1: 63–64). Тарихшылардың Алаш сөзіне қатысты күні бүтінге таба алмай келе жатқан мәселесіне әдебиетші М.Дулатұлы өз пікірін осылай танытып кетті. Бұл тұжырым ақылға толығымен сияды, себебі сонау Шыңғыс ханның өзінен бастап ешқайсысының

Айгүл ІСІМАҚОВА

зираты сақталмаған, ал қазақ жерінде Жошы хан зираты қастерленіп сол күйінде сақтаулы. Бұл да бір ой салатын дәлел екені айқын.

М.Дулатұлының «Адрианополь» мақаласы саяси мәселелерді көтерген. Токетері келесі сөздерде анықталған: «Адрианопольді болгарлар алғанына басқа тұқымдастар патшалар соңша қуанарлық һәм Түркияның қабыргасы қайысарлық қапа болуда. Оның басқа шаһардан тарих жүзінде артықшылығы: Адрианопольді Гайса пайғамбардың тұганынан санағанда II гасырда Рома патшасы «Адриан» салдырығандықтан, Адрианополь атаманған екен. Бірнеше заманнан кейін Түркия согысын, өзіне қаратаған алған. Адрианополь Стамбулдан тоқсан жыл бұрын пайтахыт болып, Түркия сұлтандары төрт патшалық һүкіметін жүргізіп, жылдан-жылға әдемілеп түзеткен, зорайтқан. Адрианополь пайтахыт заманда опат болған сұлтандардың сүйегі онда қойылмай, Бросе шаһарына апарып қойылғандықтан, бұл кунде онда ханзададардың зираты жоқ. Бірақ бұтін дүние сұқтанаарлық тамаша мешіттер бар: Сұлтан Сәлим, Сұлтан Баязит, Сұлтан Мұрат һәм басқалар.

Мәскеуді орыс халқы екінши пайтахыт деп санап, қандай қымбат көрсе, Адрианополь Түркияга сондай қадірлі еди. Бірақ Мәскеуді Наполеонның ескерінен бутін Россияның қарасы, төресі, жасы, кәрісі, қатыны, баласы – бірі қалмай қолдарына қару көтеріп, бір намыс, бір тудың астына жиналып сақтап қалып еди. Түркия Адрианопольді ондай сақтай алмады. Адрианопольдің түріктер үшін Мәскеуден айырмасы сол ғана болды. Адрианопольдің жау қолына кетуі Түркияның багы кетумен пара-пар» (1: 68–69).

«Жұмыс хайуаны» (М.Д. «Қазақ», 1913 №8) мақаласының соңында әдебиетші М.Дулатұлы дүниежүзінде сол кезде орын алған нағілшілдік, құлдық, зорлық, зомбылық туралы ойын былай бітірген: «Бұл ауыр қызметті орнына келтіруді үстіне алып, түбінде құлдарды азат еткізген «Хижина дяди Тома» деген кітапты шыгарған Гарриет Бичер-Стоу еді» (1: 71). Осы ретте әдебиетші жазушының 1811 жылды Солтүстік Америкада тұрғанын, атасы бес ғалым болғанын мәлім етеді: «Адам баласы – бір-біріне қарындас. Адам баласына парыз болған нәрселер – әуелі Алланы танып, екінши адам балаларын біреуін кем, біреуін зор тұттай сую. Мұндай болмаса, ол адамның адамшылығы да аз», – деп атасы әр уақытта айтады екен» (1: 72). Маңайындағы құлдықты көріп, әділесіздіктен жапа көрушілер туралы бір кітап жазу керек екенін өзіне міндет қылып алған жазушы осыны іске асырады: «Бичер-Стоу: «Халықтың үйшіктап жасатқан үжданын ояту керек», – деп

Алаш әдебиеттануы

ойлап жүрген. «Құлдар ҳақында сондай бір кітап жазып шығу керек. Ол кітаптың әрбір сөзі оқыған адамның жүргегіне соққандай болсын, ол кітаптың әрбір бетінен азаптанушы құлдардың жылаган, зарлаган дауыстары естілгендей болып, оқушының да көз алдына құлдардың көрген қысымышылығы, бейнеті – әммесі көрініп тұрғандаій болсын. Бар хикматы да – осы айтқандарды көзге көрсете алуша» (1: 72). Кітаптың сюжетін әдебиетші жазушының шешім қабылдауы арқылы берген: «Бір күндері Бичер-Стоу гибадатханада уақытында оқылған дұға жүргегін қозғап, көніліндегі бұрынғы мархамат, шапағаты әуелгіден де көбейіп кетіп: «Нешік те болса бақытсыз негрлерге жәрдем етудің куәлігіндегі ойларын ояту керек», – деп бел байлады. «Бұл құлдардың арасында мұндай жақсылары, ақылдылары бар. Құлдығы болмаса, ешкімнен кем емес. Оларды хайуаннан жаман азаптайды», – деп ашуы келуші еді. Оның сол уақытта жақсы құлдардан Том деген бір адам есіне түсті. Көз алдына келіп көрінді. Қалайша әлгі Том қожасының ауыр жазасына, азабына шыдай алмай, ақырғы рет дұғасын оқып, көзінен қанды жасын ағызып, өлейін деп жатқаны еске түсіп, жиылған халықтың көзінше еніреп жылап жібере жаздады. Бұл жерден тез үйіне қайтып, қолына қағаз, қалам алып, Томның өлімі туралы бір кішкене кітап жазды. Кітабы жазылып болған соң оқып шығып. Бичер Стоу өзі жылап жіберді.

– Ай, Алла! Ай, Алла! осыны оқып шыққандардың жүргегі оянбас па еken? – дейді. Байы үйінде жок еді. Әлгі кітапты өзінің он hәм он екі жасар екі баласына оқып шыққанда, сонында балалары да қатты жылап, көздерінен жас ағызып тұрып: Әже! Әже! Бұл дүниеде құлдықтан қорқынышты жаман нәрсе бар ма еken?! – дейді. Ақырында, халыққа мәшінүр болып. «Хижина дяди Тома» деген кітап жазылды. Бұл кітап рақымы жүректен шыққан күллі христиан ғылымын оятқан бір қатты дауыс еді» (1: 73).

Мақала сонында Бичер Стоудың 1896 жылы 19 июньде 85 жасында қайтыс болғаны да мәлімделген. Кітап шыққаннан кейін көп ұзамай еркіндік алған құлдар Американың ерікті адамдар екені, арасында ғалымдар, жазушылар, әртістер, байлар бес көп екендігі де айтылған. Алаш әдебиетшісі Гарriet Бичер Стоудың Америкадағы құлдарды азат етуге себеп болған кітабының мәнін ерекше қоғамдық, саяси дағдарыска әкелгенін үлгі ретінде нұсқайды. Сондықтан жазушының жаназасын былай суреттеген: «Жаназасына қисасыз халық жиналып, қабірі басына түрлі зейнеттелген ғулдер қойып, халыққа еткен ізгіліктерін шешендер сөйлеген. Солардың ішінде сөзі тас көңілді

Айгүл ІСІМАКОВА

ерітерлік, бұрын өзі де құл болған негрдің бір шалы бар еді. Қабір көмілмestен бұрын, алдына барып, тізесін бүгін отырып, қалтыраған қолдарын аспанга көтеріп, көзінен жас сорғалатып, дірілдеген дауыспен сөйлемеді: Әй, бізді құтқарушы, жәрдемші! Ұйықта рақат! Мен де кешікпей сениң қасыңа баралмын... Биік Алланың ұзынында сениң тағы да көріп, күллі құлдар үшін екінші мәртебе саған рақмет айтартмын. Қош, біздің досымыз, – деп, еңіреген дауыспен жерге барып жығылды.

«Әй, мәзлүм құлдардың досы! Бейшара құлдарды сүйеуші! Сен енді мәңгілікке рақат үйықта! Сениң жазған кітабың бутін халықтың ұжданын оятыны. Тастан қатты көңілін жұмсаартты. Көздерінен жас ағызды! Енді сен рақат һәм тыныш үйықта! Бутін халықтың көңілінде сен мәңгігө тұр, жоғалма!» (1: 74). Соңғы сөздерді, эрине, «Оян, қазак!» авторының өз тұсынан қосқаны байқалады.

«Қазақ ақыны» мақаласы (Қазақ, 1913 № 9) – Торғай уезі Қайдауыл болысының қазағы, ақын Бекмұхаммед Әлмұхамедұлы (лақап аты – Ақмолла) туралы. Онда Б.Әлмұхамедұлы 1913 жылы қажыға бара жатып, Орынбордағы «Қазақ» басқармасына келгені айтылған. А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлына өзінің өлеңдерін бастыруға рұқсат еткені жазылған. Және ақын қолынан «Законға муафік подписка берді» дедінген, яғни енді бұл өлеңдерді бастыру хақы осы екі Алаш әдебиетшісінікі деп заңдастырылған. Осы тұста «Ақмолла екеу, екеуі де молда, екеуі де ақын. Әуелті Ақмолла көптен опат болған кісі, заты ногай еді. Ол кісінің сөздері кітап болып басылып шыққан. Біздің айтып отырғанымыз – екінші Ақмолла», – деп қазак әдебиеті тарихындағы екі ақын Ақмолланың арасы айқындалып көрсетіледі (1: 75).

«Эсперанто тілі», «Габдолла Тоқаев», «Жер аудару», «Қазақ жайлышы», «Қазақта муфтілік мәселесі», «Құлдар достығы», «Тірі жүк», атты мақалалары XX ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік, гылым, әдебиет мәселелеріне арналғандығымен құнды.

«Хазірет сұлтан» зерттеуі (Қазақ, 1913 № 16) Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи жөнінде. Қала XV ғасырдың аяғына дейін «Йасы» атанғаны, XII ғасыр «Кішкене қышлақ Қожа Ахмет Иасауи Хазрет сұлтан келген соң даңқы шығып кетіпті» (1: 88). Ақынның 1166 жылы қайтыс болғаны, 1397 жылы күзде «атақты Әмір Темір Иасыға келіп, әулиенің басына зор мешіт салдырып, белгі орнатуға жарлық қылған. Осы күнгі мешіт – белгі сол» (1: 88) дедінген.

«Әмір Темір һәсілінен ең соңғы хан Махмұт 1945 жылы Түркістан шаһарын Махмұт Шайбаниға беріп, өзінің үлкен агасы

Алаш әдебиеттануы

Ахмет сұлтан қойған Махмұт тарқанды тұмтқын қылышты. 1582 жылы Түркістанга Бұхараның ханы Габдолла келіп, халық оған багынгандығын білдірген. Сонан былай қарай Түркістанды білеушілер Габдолла ханның әмірі бойынша сайланып һәм өзгер-тіліп тұрған», – дейді Алаш ғалымы (1: 88).

XVII ғасырдан бастап Түркістан – қазақ хандарының астанасы, ең әуелгі қаланы билеуші – Есім хан. Ол туралы Вельяминовке сілтеме жасалып дерек келтірілген. Түркістанды Есім ханнан кейін оның баласы Жиһангер, онан соң Батыр хан, одан кейін Жиһангердің баласы Тәүке хан, Кайып хан, Қайыптаң кейін Тәүке балалары Болат һәм Сәмеке хандар билегені айғақталған. «Бұлардан кейінгі Габдолсәмедхан 1764 жылы, ең соңғы хан – Абылай 1781 жылы опат болған. Абылайдың баласы Уәли хан Түркістанға дәуірі жүре алмаған» (1: 89), – деген мәліметтер жай ғана тарихи дерек емес, қазақтың астанасынан айырылуын қынжыла мойындау іспеттес. М.Дулатұлы «Түркістандың кімдер, қанша биледі?» деген деректі толығымен анықтап берген: «1785 жылы Түркістандың қазақ хандарынан Бұхарадағы маңғыт нәсілімен болған Mир Шаһмұрад алған. 1799 жылы Тащенпті билеп тұрған Жұніс қожа алған. Жұніс қожа өлген соң, Түркістан тағы да Бұхарага қарап қалған. 1819 жылы жаңада Түркістанды Коқан ханы Fұмар алғып, сонан 1864 жылы 12 шілдеге дейін Түркістанды Коқан билейді» (1: 89). 1821 жылы қазақтан Тентек төре шығып, 12 мыңмен Сайрамга барғаны, Fұмар ханның оны да Қоқанға багындырғаны мәлімделген. 1864 жылы Түркістан елінің Қоқанға қарсы ереуілі де жеңіліске ұшыраган екен: «Ақырында, көптен бері ханның қол астында белгілеп орныға алмай тұрған Түркістанда 1864 жылы 12 шілдеде согыспен орыс полковнігі Веревкин алышты. Сол жылы Түркістанды орысқа бермескे хан Абылайдың шобересі, Кенесары ханның баласы Сыздық төре де согысқан екен» (1: 90). Осыншама согыс не үшін? деген сауалға былай делинген: «Түркістанның мұнша атақты шаһар болып, заманындағы хандар көз тігіп, әрқайсысы өзіне қаратып алуға қан төгіп, тарих жузінде белгілі орын алуға себепті болған Қожа Ахмет Йассаудің бейіті һәм, оның үстіне, орнатқан мешіт-белгі екені маглұм болды» (1: 90).

Әмір Темірдің замандасы Шарафуддин Элизаданың «Тахир наме» (Зафарнама – Женіс кітабы) кітабынан «Қожа Ахмет Йасауи мешітінің салынуы хақында» деп үзінді келтірілген (1: 91). Мешіттің көлемі туралы: «Мешіттің биіктігі жұз кез шамасында, үшторт күмбезді. Күмбездердің сырты глазурмен қапталып, әр-

турлі дұғалар жазылған. Мешіт күйдірген кірпіштен салынған. Үлкен дарбазадан бір зор бөлмеге кіресің, бұл бөлменің ортасында мыс (бронза) қазан бар. Қазанның алғыбы бес қанат үйдің шаңырагында, айналасында арабша сөздер жазылған һәм «Әмір Темірдің жарлығы бойынша бұл қазанды құйған шебер Абдулгазиз Шарафуддинұлы. Термезден» деген жазуы бар. Бұл үлкен бөлменің төріндегі есік хазіреттің өзі жатқан (қабірі) бөлмеге кіргізеді. Есігіндегі шынар ағашы гажайып нақышталып, болат тұтқада жазылған жазуда «Газуддин Тәжжуддинұғұлы» деген шебердің аты бар. Қазандығы һәм есіктегі жазудың екеуінде мешіттің 1397 жылды салынғандығы корінеді» (1: 91). Мешіттің ішкі құрылымы туралы былай дөлінген: «Мешітте Әмір Темір сыйлаған есік жазулы 4 Құран һәм бронзадан құйылған алты шамдал бар...» (1: 91).

Бұл мешітте жерленген қазак хандары деп: «Орта жүзіндегі ханы Абылай – 1781 жылды опат болған, ұлы жүзіндегі ханы Жолбарыс – 1740 жылды 5 апельде Ташикентте мешіт ішінде сарттар өлтірген. Абулқайыр хан 1760 жыл шамасында опат болған һәм Арғынның атақты Жәнібек батыры мен Кенесары сұлтанның әкесі Қасым хан да осында қойылған» (1: 92). «Есім хан мен Бабыр хан (Әмір Темір шөбересі) һәм Ондан сұлтан да мұнда қойылған деседі» дөлінген. Әдебиетші осы мәліметтерді келтіре отырып, мешіттің тарихи мәнін атап, бүгінгі күні құлайын деп тұрғанын мәселе ретінде көрсетеді. Алаш ғалымы бұл жалпыұлттық мәселе екенін алға тартады.

Әдебиетші М.Дулатұлы қазақ әдебиеттануындағы шоқантанудың басында тұрған ғалым екені де белгілі. «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан (1837–1865)» атты зерттеу 1914 жыл «Қазақ» газетінің № 71, 73, 76–77 сандарында жарияланған. Мақала Шоқанның қайтыс болуына 49 жыл қарсаңында жазылған. «Шоқанның кім екенін көп қазақ білмейді» деп жазылған мақала Шоқанның ата-тегі, шеше-тегі, окуы, оның ғалымдық ісі туралы мағлұматтарға құрылған.

М.Дулатұлы Потаниннің Шоқан туралы сөзін келтірген: «Орысша оқыған қазақтың ең есті, артына кітап қалдырығаны – осы Шоқан» (1: 196). Шоқан 1837 жылды Ақмола облысы, Қоқиетау уезі, Сырымбетте дүниеге келгені, шын аты Мұхаммед-Ханафия екені нақтыланған. Шоқан – орта жүзіндегі атақты ханы Абылайдың шөбересі. Уәлидің немересі. Шыңғыс төрениң үлкен ұлы. Уәлиханның үлкен баласы – (Шыңғыстың агасы) Габидолла төрени Орта жүз хан деп көтергені, оның Ресейге бойсұнбаганы үшін Сібірге айдалғаны айттылған. Одан аман келгенде Орынбай ақынның айтқан өлеңі келтірілген (1: 197).

Алаш әдебиеттануы

Шоқанның шешесі Зейнеп ханым қаржас Шорман бидің қызы. Туган ағасы Мұса алашқа даңқы шыққан қадірлі би болып, аға сұлтан болғаны еске түсірілген. Шоқан – Шыңғыстың улкен ұлы, «Шоқаннан басқа Шыңғыс төрениң Махмуд деген баласы, тағы бір ұлы һәм Нұрида деген қызы болыпты». Нұриданы Шоқанның нағашысы Сәдуақас мырза Шорманов алған» (1: 197). Зерттеудің «Шоқанның окуы» тарауында Шоқанның Омск кадет корпусына 1847 жылы он жасында түскені, тез орыс тілін менгергені, сонда Потанинмен танысқаны мәлімделген. Шоқанның маңайы – Ждан-Пушкин, В.И.Дабшинский, Старков, Капустин, Гутковский, Дуров, т.б. туралы мағлұматтар келтірілген. Дуров «сол кезде Омбы абақтысында писатель Достоевскиймен бірге отырып шыққан досы» делінген (1: 199). 1852 жылы Потанин кадет корпусын бітіріп, Жетісуға офицерлік қызметке шақырылады, бір жыл кейін Шоқан генерал-губернаторға адъютант етіп сайланады. Шоқанның академик П.П.Семеновпен араласуы да осы тұста. Кадет корпусында Шоқан «ол кезде жана рухта шыққан журнал-кітаптар, Тургенев, Чернышевскийлердің» еңбектерімен, сол кезде Омск арқылы айдаудан қайтқан декабристермен танысқан, Омскіде олармен мәжілістес болған. Атакты Бакунинді де сол кезде Омск арқылы алып өткен. Кадет корпусқа учитель болып, Н.Г.Чернышевскийдің досы Лобадовский келген. Капустиндердің үйінде Қазан университетін бітіріп қайтқан студент С.Капустин келіп тұрған. Осылардың бәрімен Шоқан жақсы таныс болған» (1: 200). Бұл тұста аталған есімдер шоқантануда күні бүтінге дейін тың болып келгені анық.

Осы тұста М.Дулатұлы Достоевский мен Дуровтың Шоқанға асері ерекше болғанын айтады. Дәлел ретінде Потаниннен сілтеме келтірілген (1: 201). 1859 жылы Потанин Петербор универститетіне окуға түссе, Шоқан бұл жылы Қашқарға барғаны айтылады. Шоқанның бұл сапардағы басты мақсаты былай делінген: «Ол кездегі Сібір ұлықтары жаңа ғана Қытай билеуінен шыққан «Алтышар» хақында мағлұмат алмақшы болған. Оған барушы кісі астыртын бармаса болмайтын кез. Осы қызметті орындау Шоқанға тапсырылған» (1: 201). Шоқанға кімдер серіктес болғаны, жалпы бұл саяхат қалай іске асқаны қазақ тілінде тұңғыш рет толығымен анықталған.

Петерборда Шоқан Березин, Фазимбек, Васильев, Достоевский, Тургенев, Кристовскийлермен араласқаны ерекше сөз болған. Шығыс факультетінде Костомаровтан дәріс алғаны айғақталған. Денсаулығы нашарлаған Шоқан елге қайтқанда, 1864 жылы Черніевқа адъютант болып Әулиеата, Пішпек оқығаларына қатысты:

Айгұл ІСІМАҚОВА

«Әулиеата, Пішпектерді аларда орыс әскерінің мұсылмандарга қылған залымдығына шыдамай ашуланып, Шоқан Черняевтән айырылады. Шоқан Алматы арқылы Қытай шегіндегі Ұлы жүздің албан руын билеп тұрган Тезек төренің ауылына кеткен. Шоқан сонда тұрып қалып, Тезек төренің қызын алған, бірақ көп дәурен сүре алмай, 1865 жылы жиырма сегіз жасында көкірек ауруынан опат болған. Шоқанның зираты осы күнгі Қапал мен Алматы арасындағы қара жолға жақын, Алтынемелдің етегінде. Шоқанға мешітке ұқсас ағаштан там салынған. Сонынан генерал-губернатор Колпаковский мұсылманша жаздырытып, басына мрамордан белгі орнаттырған» (1: 202).

Шоқан қандай азамат болды? деген сауалға М.Дулатұлы Потанин сөзімен жауап берген: «Потанин жазады: «Шоқан өз жүрттың өте суюші еді, қолынан келсе, жақсылық қылу, қазақ халқының кемішілігі үшін қызмет ету оның бар мақсаты еді». «Мен ең әуелі қазагымды жақсы көремін, онан кейін Сібірді, онан кейін Россияны, онан кейін бүкіл адамзатты жақсы көремін. Орыс қазақты сабап жатса, мен қазаққа болысамын. Егер орысты француз сабап жатса, мениң жүргегім орыс жақта», – деуші еді Шоқан. Шоқан шешен, өткір тілді, өшіккен кісісін әзілмен, сықақпен кемітіп тастайтын еді. Шоқанның мінезінде Пушкин, Лермонтовтардың мінезін еске түсірерлік белгілер бар еді. Заманында қазақтан оқушы болса, Шоқан қазақ халқының даныштан жазушысы, қазақ әдебиетіне бірінші негіз құраушы болмақ еді, бірақ заман һәм тағдыры опа қылмады, Шоқан арманда кетті...» (1: 203).

Ресей официері Шоқанның мұсылмандығы қандай дәрежеде болды? Өз ұлтына не істеді? деген сауалға М.Дулатұлы ғалымды қорғау сөздерін жазып кетіпти: «Осы кездे жаңылыс істеулерінше, «Шоқан мұсылманның зиянына қызмет етіпти, мұсылман шаһарларын бастап алдырытыпты», – деп теріс түсініп, өсектейтіндер бар көрінеді. Бұл өсектің Шоқанга жасылған жала екендігі, Шоқан һүкімет қолында құр жансыз құрал болмай, таза пікірлі, ақжүрек, ұлтын суюші жігіт болғандығы орыс гаскерінде патшага ант берген официер бола тұрып, мұсылмандарга орыс гаскері қылған залымдықта шыдамай қарсы келіп, Черняевтән айырылғандығы зор дәлел болса керек. Шоқанның бар талабы гылымға ұмтылу, қазақ халқына пайды келтіру, қазақ халқының тұрмысын, рәсімін, тарихын анықтау жолында болған. Шоқанның ғұмыры ұзын болғанда, артына қанша пайдалы нәрсе қалдыруында шек жоқ, қазақ жайынан жинаған қанша материалдары өзі өлгеннен кейін баспаға кірмей жоғалған» (1: 203).

Алаш әдебиеттануы

Алаш әдебиетшісі Шоқанның мұрасына да нақты баға берген. Дәлел ретінде Шоқан сол кезде шыққан кітабына талдау берілген: «Шоқанның жазып қалдырган сөздерін, қазақ жайынан жинаған материалдарын һәм өзінің тәржіме халін Петербордине Императорский Географический Общество 1904 жылы басып шыгарды. Бұл кітап зор көлемді, 531-бет. (Записки императорского Русского Географического общества по отделению этнографии. Т. XIX. Сочинения Ч.Ч.Валиханова/ред. Веселовский Н.И/СПБ. 1904).»

Шоқан кітабында жазылған басты сөздер: Потанин. Ядринцев һәм Ибраһимов жазған Шоқанның тәржіме халі. Шоқанның өзі жазған мақалалары: Абылай хан туралы. Қазақтың ескі әдем-гүрыптары. Қазақтың бұрынғы жаугершілік заманындағы жайы. Жоңгар жайынан. 1858–1859 жылғы «Алтышар» жайынан түгел мағлұмат. Сібір қазагындағы билік. Қекетай төрениң өлімі. Қазақтың ертеғі, олеңдері, ақындары жайынан. Қазақ шежіресі жайынан һәм басқалар» (1: 203–204). Әдебиетші М.Дулатұлы Шоқантанудың іргесін осылай қалап берген.

ХХ ғасыр басындағы белгілі тарихи тұлға, ғалым Исмаил Гаспринский кім, қандай ғалым, қандай адам болған? деген саяулға да жауап М.Дулатұлының мақалаларынан табылады.

«Исмагұлбек Гаспринский (Опатынан соң)» атты мақала «Қазақ» газетінде 1914 жылы 30 сентябрьде жарық қөрген. Ғалымның туған жері, ғалымдық, азаматтық, мұғалімдік істері толық анықталған. Оның білімі сондау Парижден өн алғаны, Африка, Алжирде, Мысыр, Иран, Түркияда болғаны да айтылған: «hәр жерде мұсылмандардың нашар халін, бүкіл мұсылмандардың дүниясы тарихтан мақрұм жатқанын өз көзімен көрген. 1874 жылы Қырымға қайтып, Бакшасарайда мұғалім болып, балалар оқыта бастаған» (1: 209). Аталған жерлерден алған білімін ғалым пайдаға асырғаны, «Тәржіман» газетін шығарғаны сөз етілген. Осы газет арқылы іске асырылған азаматтық ісіне қазақ әдебиетшісі мынадай баға берген: «Исмагұл мырза ғирт етіп, отыз үш жыл «Тәржіман» басынан жылжымай, жүртқа көсемдік етті. Мұсылмандарды оқытуға, жазуға үйретті. Мектеп ашып берді. Мұғалімдер шығарды, hәр түрлі жәмъияти хайриялар аштырды, тіл һәм әдәбиэт туғызды, мәңгі бітпес пікір, идея берді. Россия мұсылмандарын тілі бір ұлт халіне қойды, кейінгісін ойлағандай, ілгергісін болжағандай ой берді. Сондықтан Исмагұл мырза түрік ұлтының зор тәрбиешісі, ұлұғ ұстазы, ардақты атасы болып дүниедан қайтты» (1: 212).

«Til құрал». Қазақ тілінің сарғі (шығарушы Ахмет Байтұрсын-

Айгүл ІСІМАҚОВА

ұлы) «Қазақта», 1915 №93 М.Д. деген есіммен жарық көрген. Бұл кітапқа берген пікір ғана емес. Фалымның келесі ойлары өзін жойған емес: «Қазақ тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп бәріміз айтамыз... Бірақ құр «бай, таза» деумен ғана тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз орбіп кете алар ма? Қай жұрттың болсын тілі болса да, түг басында біздікі секілді таза да, бай да болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған» (1: 219). Алаш фалымы осыған байланысты: «Қазақтың Әұхар, Мекке-Медине, Стамбулда оқып қайтқандарының бәрі елге ногайшалап, арабшалап, сартышылап қайтып жүр», – дейді. «Орысша оқығандарымыздың көбі екі сөздің бірінде орысша» сойлеуді әдем қылатыны да айттылған. Сондықтан: «Таза деген қазақ тілі де, күн бұрын сақталуына қам қылмасақ, бірте-бірте бұзылып кетеді», – деп санайды М.Дулатұлы. Әдебиетші осыған байланысты өзінің тәжіриbesін де келтірген: «Бала күнімде оқи-оқи, қызығы басылған есқи қиссалардан басқа қазақта дәмді, магыналы кітап болмаган соң, орысшаны былай қойғанда, мен алғи үйренген ногай әдебиетінен әдем ала бастадым: ногай газеті, кітаптарында көп ұшырайтын араб, парсыны шын әдеби тіл осы екен деп аңгардым. 1908 жылы «О.Қ-ты» жазып жүргенімде алғи, «әдеби тілдерді» негүрлым көбірек кіргізу жағын ескерусіз қалдырмағым. Сол жылдарды «Абай кітабі» һәм «Қырық мысал» шықты. «Қырық мысалды» көргенімде, өзімнен-өзім ұялдым. Өзімнің һәм өзім секілдердің адасын жүргенін сонда байқадым да» (1: 220). Сондықтан Алаш фалымы А.Байтұрсынұлының емлесін қолдауға өзін міндепті деп санаған: «Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынұлы қазақ емлесін шыгарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметті көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есептен 250 мың дана «Қазақ» нөмірі тараады. Жаңа емлемен 15-тей кітап шықты. Бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тараң жатыр. Бұл емлені тосырқап, «түсінбейміз, оқи алмадық» деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық ғана қызмет, иништәлән. Мұнан кейін артпаса, кемімес деген үміт зор» (1: 220).

«Ұлы» ма, «ов» па?, «ов» туралы мақалаларда («Қазақ», 1915 №121) қазақтың «ұлы», «қызы» деп жазылуы құпталған. Қолдау

Алаш әдебиеттанузы

ретінде «Әлихан Бекейхан», «Назира Құлжан» қолданған (1: 238). Үлгі ретінде М.Дулатұлы: Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Едіге, Мамай, Ногай, Жәнібек, Әйтеке есімдерін келтірген. Стамбулдағы түріктерді тарих Қаңлы дегені, олардың салты біздікіндегі, азаматтарын өз атымен атайдыны айтылған: Мұстафа Кемал. Алаш ғалымының ұстанымы анық айғақталған: «Бізге де газет те, журнал да, кітап та, кеңсе де қазақ жүртімының тіл салтына түскен оң. Біз өз жүртімызыздың тіл салтына, заңына түссек, елге жылдам жақындеймиз, елге жсанасқан сайын, ел агартаң іс ғулдейді» (1: 239). Сондықтан: «Біздің айтайдық дегеніміз, «ов»-ты орысқа қалдырып, қазақтың таза тілінің салтын қолдану керек дейміз. Ұдан былай қол қойғанда, не сөз арасында біреуді атаганда «Байтұрсынұлы Ахмет», «Дулатұлы Міржақып» деп жасу ұрыс. «ов»-ты етегіне намаз оқыған мещандарға берейік. Еш нәрсені тесе қарап тексермей, тоқ қарынға мәз болып жүре беретін, не дінді, не білімді, не тұрмысты, не төрені сынамаган, байга, төрөгө еліктеген, өмірін малиша өткізген адамды А.И.Герцен «мещанин» деп атаган. М. Д.» (1: 239).

«Әбубәкір Ахметжсанұлы Диваев 25 жылдық қызметі құрметіне» атты мақаласында Алаш ғалымы Диваевтың ғылыми мұрасына сипаттама пікір білдіреді. Мақала «Қазақта», 1915 жылы 31 октябрьде жарияланған. Әдебиетші Диваевтың алғашқы еңбектерінен бастап, өміrbаяны, ғылыми жолын тұнғыш рет әдебиеттанулық талдау арқылы ғылыми айналымға осы зерттеу арқылы енгізген. Диваевтың әдеби танулық мұрасының жүйесі келтірілген (1: 264–265).

М.Дулатұлының «*Орда гербі (таңбасы)*» мақаласы («Қазак», 1918, №258) «Алаш Орда мемлекеттік таңбасы қандай болуы тиіс?» деген мәселені көтерген. Басты ой былай қамтылған: «*hər memlekət, hər guberniya, həm oblyстың өзіне arnaulu gerbi bar. Tañbasyna қарап, қай eldің аты екенін тануга болады. Гербіне қарап, қай мемлекеттің нәрсесі екендігін білуге болады. Елдің ру таңбасында қандай магына болса, гербте де сондай магына бар. Алаш автономиясына Алашұлы болып кіріп отырғанда, Алаш Ордасының гербі болуга ру таңбалары да, облыс гербтері де жаралайды. Алаш Ордасының гербі ру таңбаларынан да, облыс гербтерінен де басқа болуга тиіс. Алаш мемлекеттіне «Орда» деп ат қойған соң, гербінде «Орда» сүгіреті болуы лайықтығында дау болмаса керек. «Орда мемлекеттіне «Орда» сүгіретін қою ұнамсыз болады» деп һешкім айта алmas. Солай болған соң герб мәселесінің негізі шешілгенге есеп. Шешүсіз тұрған мәселенің негізі емес, бұтагы яғни Алаш Орда-*

Айгүл ІСІМАКОВА

сының гербіне құр Орданың ғана сүгіретін салу ма, болмаса басқа магына да кіргізу ме?» (1: 347).

Байқасақ, киіз үй символы сонау Алаш зиялышары ұсынып кеткен жоба екен: Басқа мағына кіргізу ме? деген сөзді мысалмен түсіндіріп өтейік. «Қазақ» газетінің басына үй сүгіретін орнатуда мынадай магыналар бар еді: киіз үй – киіз туырлықты қазақ халқы. Үйдің түндігі ашиқ, есігі жабық болуындағы магына: түндік жарық беретін жол, есік түрлі заттар кіретін жол дегендік. Жарық жолы ашиқ, еркін болсын, түрлі заттар кіретін жол есігі еркін болмасын делінген еді. Түндіктен түсетін жарыққа өнер-ғылым енгізілген еді. Түндік күнбатыс жасағынан ашилуы – өнер-ғылым Еуропа жасағында күшті болған себепті қазақ ішінде Еуропа ғылым-өнері тарасын деген магына еді. Үйдің есігі қазақ деген сөзден жасалған. Ондағы магына: «Қазақ» газеті қазақ жұртының мәдениет есігі болсын әрі сырт жасағынан күзетші болсын делінген еді.

«Қазаққа деген иғілік нәрсені енгізу жолында газет қызмет етсін, сырттан келер қазаққа жамандық болса, күзетші орнында газет қызмет қылсын» делінген еді... Сөйтін, «Қазақ» газетінің тұтқан жолын басындағы эмблемасымен (ишарап) көрсету үшін газет басына үй сүгіреті қойылған еді. Алаш гербіне де осы сияқты Ордадан бөтен де магына кіргізуге болмас па? Құр Орданың сүгіреті салынғаннан, қысыны келіссе, басқа магына да қатыстырыған аблаз болар еді. Ойы, қолы шебер азаматтар Алаш гербінің қалай еткенде ұнамды болу жасағын ойланып, герб жобасын жасап, көптің яки айрықша комиссияның сыйнағасын салса екен» (1:347–248). Алаш ардақтыларының мемлекеттік таңба туралы жобасы іске асырылып жатқан заманда біз бұл мәғлұматты білуіміз шарт.

М.Дулатұлы – қазақ әдебиеттану ғылымында ахметтанудың да негізін қалаған ғалым. «Ахмет Байтұрсынов» (М.Дулатов. Биографический очерк. Труды общества изучения Киргизского края. Вып. III. Оренбург, 1922) атты орысша мақала Ахмет Байтұрсынұлы 50 жасқа толу мерейтойына арналып, орыс тілінде жазылған. «Ақжол» газетінде М.Әуезов макаласымен қатар басылған бұл мақала алғаш ғұмырнамалық дерегі мол зерттеу. Ахмет Байтұрсынұлының туған жері, оқу жолы, шығармашылығы, ататегі толығымен қарастырылған. Өзіміздің шенеунік гердің акталған кездे жіберген ақауы арқасында бізді күні бүгін шатастырып келе жатқан дерек, бұл жерде дұрыс берілген.

Ахаңның әкелерінің тексті істері, өзінің жастай кедейлікten көр-ген тауқыметі, бірақ білім арқылы осы қасіреттеген құтылуы көр-

Алаш әдебиеттануы

сетілген. «Ахаң қандай білім алған?» деген сауалға жауап осы зерттеуде берілген. Фылыми еңбектерімен қатар, Ахаңның ақындығы, аудармашылығы накты талдаулар арқылы айқындалған. Басты ой былай келтірілген: «Через всех литературную деятельность Ахмета Байтурсынова красной нитью проходят беспощадная критика и строгий анализ царской политики и протест против нее» (2: 63). Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлы ерекше дарынды көсемсөзші екені айғаталып, «Қазақ» газетін ашуы үлкен азаматтық іс ретінде анықталған.

Ахмет Байтұрсынұлының кеңес кезінде де ұлты үшін бәріне көніп іс басында болуы ер азаматтық, тұлғалық қызмет ретінде бағаланған. Ахаңның тіл тану, әдебиеттану ғылымдарының қалыптасуына себеп болғаны ерекше аталған.

А.Байтұрсынұлының Крылов мысалдарын аударуы сол кездегі тілі байлаулы Алаш қайраткерлерінің қолданған амалы деп анықталған. «Ахмет Байтурсынов – народный поэт. Поэтическая деятельность его начинается с перевода басен Крылова на казахский язык. Как у человека, посвятившего всю свою жизнь просвещению народный массы, основная идея его высказывается и тут: как поэт-протестант, А.Байтурсынов поэзию превращает в оружие борьбы с политикой монархической России, угнетавшей казахов. Принимаясь перевести басни Крылова, он прежде всего имеет в виду великую возможность басен для воспитания детей и взрослых. Он выбирает для перевода из Крылова такие басни, которые понятны и соответствуют казахскому духу. Если Белинский про Крылова говорил: Хотя он брал содержания некоторых своих басен из Лафонтина, но переводчиком его назвать нельзя, его исключительно русская натура все перерабатывала в русские формы и все проводила через русский дух», – то же самое мы можем сказать и в отношении А.Байтурсынова. Как у Крылова, так и у Ахмета Байтурсынова, о естественности, простоте и разговорной легкости языка тоже не приходится говорить. Ахметом переведено 40 басен Крылова, и под названием «Сорок басен» сборник выдержанал уже несколько изданий» (2: 62).

А.Байтұрсынұлының ақындық әлемі былай суреттелген: «В своих стихотворениях А.Б. не поет о любви, о женщине, о природе, у него нет ни высокопарных слов, ни крылатых фраз. Он простым и понятным казахским языком поёт о свободе, о нации – призывая ее к просвещению, к труду и к освобождению от вековой спячки и пробуждая в каждом казахе чувства гражданства. Стихотворения

А.Байтурсынова по внешней своей простоте, по внутреннему содержанию, легкости и равномерности занимают первое место в казахской литературе. У А.Байтурсынова, кроме «Сорока басен», имеется еще небольшой сборник оригинальных и переводных стихотворений под названием «Маса» и несколько не напечатанных стихов лирического характера» (2: 62).

М.Дулатұлы Ахаңың көсемсөздігі туралы акпарат берумен шектелмей, «Қазақ» газетінің тарихи рөлін осы тұста анықтап берген. Ол туралы былай делінген: *«Вскоре газета «Казах», как единственный орган, отвечающий культурным и общественным запросам казахской жизни, завоевала общую симпатию и стала популярной в широких массах. Тогда как выходящие в то время газета «Казахстан» и журнал «Айкан», не находя среди читающей киргизской публики даже несколько сот человек, вскоре прекратили свое существование, «Казах» в конце первого года издания имел уже 3000 подписчиков. Насколько газета «Казах» была дорога молодежи, можно судить из того, что ежегодно, в день выхода первого номера в свет, изо всех университетских и других городов, от учащихся казахов получались в редакции приветственные телеграммы и письма»* (2: 64).

Ахаңың осы ісі үшін зардап шеккені де айтылған: «Но зато «Казах» нажил немало врагов. За все время своего существования «Казах» вел систематическую борьбу с развивающимися в степи злоупотреблениями, разоблачая грязные поступки обирадателей, взяточников и аферистов разных мастей. Они-то, зорко следя за каждым шагом и за каждой строкой «Казаха», занялись доносами, они переводили резко написанные и осуждающие действия в политику правительства статьи с комментариями от себя и представляли начальству. Поэтому то и дело производились в редакции обыски, то и дело А.Байтурсынова таскали к губернатору или жандармскому начальнику на допросы. В 1914 году за помещенную в № 80 «Казаха» передовицу, где А.Б. критиковал только что выработанный М. В. Д. проект положения об управлении Киргизским краем, Оренбургский губернатор Сухомлинов оштрафовал А.Б. как редактора на 1500 руб. и в случае его несостоятельности постановил заменить штраф арестом А.Б. на 8 месяцев. Утрата 1500 рублей была бы равносильна закрытию газеты, поэтому А.Б. несмотря на слабость своего здоровья, заявил полиции, что он согласен сидеть, но платить штрафа не может. 20 октября А.Б. посадили в тюрьму. Пищущий эти строки подал телеграммы в разные города, известив

Алаш әдебиеттануы

друзей А.Б. о случившемся. В адрес редакции посыпались переводы по телеграфу, и А.Б.. не просидев и 45 дней, по внесении штрафа был освобожден. «Казах» и после этого подвергался штрафам на разные суммы, доходившие иногда до 3000 руб. (в 1916 г.), и всегда отзывчивые читатели аккуратно вносили штрафы, не доводя дела до ареста А.Байтурсынова или закрытия газеты «Казах» просуществовавшей в тяжелых условиях царско-полицейского режима, благодаря умелому руководству и самоотверженному труду А.Байтурсынова, газета перед закрытием имела свою собственную типографию, большой запас бумаги, небольшую библиотеку, тираж превышал 8000» (2: 65).

А.Байтурсынұлының қажырлы енбекіне бүгінгі біз қимай жүрген әділ баға берілген: «В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтурсынова мы имеем казахскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию казахского языка, теорию словесности и историю культуры. Этим кропотливым трудом Ахмет Байтурсынов поднял казахскую словесность на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и родной литературы» (2: 66). Мақаланың орыс тілінде жазылуы – жалпы жүртқа таныту үшін екені анық. Бүгінгі ахметтанушылар қолданып жүрген мәліметтер толығымен осы зерттеудің негізінде екені де айқын. Сондықтан ахметтанудың негізін қалап берген әдебиетші М.Дулатұлы екенін мойындауымыз керек және қажетті жерде сілтемелер беруге тиістіміз.

М.Дулатұлының «Қирагат кітабы» Орынборда 1923 жылы жарық көрген. Бұған дейін оку құралы алғаш рет 1916 жылы басылып шықкан. Екі жыл оқылатын «Қирагат кітабы» бастауыш мектепке арналған. Жәдид жазуынан бүгінгі қазақ тіліне Уахаб Қыдырханұлы аударған.

М.Дулатұлы «Қазақ халқының бас адамдарына» мақаласында Азамат Алашұлы. «Айқап» 1911. №7) былай деген: «Біздің әрір ісіміздің негізі бос, өмірі қысқа. Оқығандарымыз бар – қалтасы тесік, байларымыз бар – тәбесі тесік. Екеуі бір жерге желімдесе де қосылмайды» (1: 41).

Алашқа жаны ашыған тұлға осы екі қауымның басын қосып мензейді. Биік дәрежедегі жігіттеріміз бен қазақты билеп, жұрт ағасы болып келе жатқан ел ішіндегі жақсыларға айтқан сөздері бүгін де өз күшін жойған емес: «Қазақ халқын жестектеп жарық дүниеге шығаруышы қаһармандарға мұқтаждыз», – дейді Алаш ғалымы.

Айгүл ICIMAKOVA

Осыдан 100 жыл бұрын айтылған бұл сөздер күні бүтін қазақ үшін қажетті. «Оян, қазақ!» деп ұлтының еңсесін көтерген Алаш ардақтысының ғылыми мұрасы бүгінгі Тәуелсіз ғылымға қосылған сүбелі үлес екені айқын. Олай болса, бұл ой, пікірлерді іске асыра білейік.

Қазақ әдебиеттануын тарихи контексте қарастырып, оның негізгі өкілдері туралы ғылыми құнды зерттеулер қалдырған Алаш әдебиеттанушысы М.Дулатұлы туралы С.Торайғырұлы туралы өз ойын білдірген: «...Ешкімнің Әлиханға бар ма, сөзі, демейді қандай қазақ оны оң козі. Семей тұрсын, жеті облыс бар қазактан, талассыз жеке-дара тұр гой өзі. Ел үшін құрбандыққа жсанын берген! Бит, бурге, қандалага қанын берген! Ұрадай сазақ ауа, темірлі үйде зарығып, Алаш үшін бейнет көрген. Түймеге жарқылдаган, алданбаган, басқадай бір басы үшін жалданбаган. Қоркейер қайткенде Алаш деген ойдан, басқа ойды өмірінде малданбаган. Заманда басқан аяқ кейін кеткен, жасымай Алашына қызмет еткен. Болса да қалың тұман, қарағы түн, туатын бақ жүлдізына көзі жеткен. Басында ол қарагым тұр гой дайын, тек ұзақ өмір берсін бір Құдайым! Дулатов, Байтұрсынов, Бекейханов, білемін бұл уш Ердің атын айтпай жайын. Кешегі қара күнде болман па еді, бірі – Күн, бірі – Шолпан, бірі – Айым! Солардан басқа кеше кім бар еді? Қазақ үшін шам қылған жүрек майын!..».

Алаш ардақтысы «Оян, қазақ!» деп жар салған Міржақып тұралы сөзді өзінің замандасы, қазақтың аяулы ақыны Сұлтанмахмұттың осы сөздерімен аяқтағанды жөн көрдік.

Алаш ғалымы, ақын Міржақып Дулатұлына Алланың рақымы, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) шапағаты болғай!

1. М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. А.: Мектеп, 2003.
2. М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. А.: Мектеп, 2003.
3. М.Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. А.: Мектеп, 2003.

2.6. МАҒЖАН ЖҰМАБАЙ

*Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа немді алар өлім менен?!
Өлгөн күні апарып тыгары – көр,
Мен жсоқ болман көміліп тәнімменен.*

*Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт үқпаса, үқпасын, жабықтаймын,
Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін.*

A.Байтұрсынұлы

Мағжан Жұмабай алаш замандастары сияқты ақындығы, жазуышылығымен қатар әдебиетті таныту ісіне де араласқан. Әдебиеттанулық еңбектері: «Ақан сері», «Бернияз Күлеев», «Базар жырау», «Әбубекір ақсақал Диваев». Орынборда (1922) жарық көрген «Педагогика» кітабында әдебиеттің қоғамдағы орны, оның адам табиғатына ерекше әсер етеге алатыны қарастырылған.

«Ақан сері» мақаласы «Сана» журналының 1923 жылғы 1-санында (1924, № 2, 3) жарияланған. Мәліметтерді ақын 1922 жылы Көкшетау сапарында жинағанға ұқсайды. Бұл көлемді мақала Ақан серінің ақындығы, өмір жолы, тұтас тұлғалығына қатысты қазақ әдебиеттануындағы тұңғыш зерттеу екенімен құнды. Аталған мәселелер нақты тарихи негіздерге құрылған, ол туралы ақын былай деген: «Ақын туралы білгендерін айтып һәм жазып берген Мұрзалиұлы Баялы, Шыңғысұлы Қоқыш, Бозайұлы Ысмағұл ақсақалдарға һәм Самыратұлы Қазыга көп рақмет айтамын». Ақынның туган жері «Абылай хан ордасы құрылған, Кенесары, Наурызбайға отан болған Көкшетау – Алаштың ақындығының да ордасындағы жер еді», – дейді Мағжан «Ұшы, қызыры жсоқ сара дариядай Сарыарқаның ортасында көгерген Көкшетау» туралы (1: 194). Әдебиетші осы мекеннен шыққан ақындарды атап өтеді, олар: «Кең сабаның қорындағы Бертағынның баласы Орынбай, екі аяқты адамның ділмары, улы тілді Соқыр Шөжесе, Тойлыбай бидің ұлы Арыстан, уні зарлы Атыгай соқыр Тогжсан, терең ойлы Атыгай шал, аспанға өрлең ән шырқайтын Біржсан сал, өмірі ертегідей әдемі Ақан сері – осылардың бәрі сол күнірекен Көкшениң маңайында туып-өскен ақындар» (1: 194). Осылардың ішінен Мағжан Ақан серіні бөліп алады.

Айгұл ІСІМАҚОВА

Ақынның сөзі оның өмір тәжірибесінен туатынын алға тарткан Мағжан: «Ақан өмірі – ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ жүртқа жат, жұмбак өмір. Ақаның алдымен өмірін жазып, онан соң сөздерін тексереміз», – дейді. «Ақаның өмірі» атты тараушада ақынның ататегі, шыққан ортасы айтылған. «Орта жұз арғын ішінде қаруыл» Жарқынбай ұлы Қорамсадан 9 қызы болыпты. Атасы Алладан тілеп, кейін Қорамсаның қосағы Жаңылдан ұл туады, атын Акжігіт кояды. Ақын 1843 жылы Қоскөлде туған. Әкесі Қорамса бай, саудагер болған: «Әрі малға бай болса, әрі ақша болса, әрине, Қорамса елге қадірлі болмақшы» (1: 195).

«Сол кездегі қазақ дәстүрі бойынша «Ақан Бұкардан оқып келген Құнту молдадан сабақ алған. 13 жасында ақын «молдасымен шариғатқа таласып, маған қарсы келдің» деп, молдасы оны үрган соң, оқумен қоштасып кете барады. Осыдан бері Ақаның серілігі басталады», – дейді Мағжан.

Серілік деген не? ол туралы былай делінген: «*Сұлу күім, жуірік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болады. Қалың Қарауылдың ойын-тойының көркі Ақан болады. Біріне бедеу мінгізіп, біреуіне бүлде кигізіп дегендей, 15–20 жігітті өзі тәрбиелеп, нөкер қылып алады. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасындағы оқшау отырады. Біресе боз атқа мініп, ал киген. Біресе қара атқа мініп, қара киген. Біресе торыға мініп, күрең киген. Басында бұлғақтаған үкі, қолында домбыра, аузында ән.... Жігіттердің бәрі балуан, бәрі әнишіл. Бірақ Ақанның әні өзгеше. Дағаны құңғарентіп Ақан ән шырқаса, би билігін, кемпір өрмегін, сұлу кестесін қойып, аңырып тыңдай қалады. Қалың қарауылдың қалың көздері: «Ақаның әні-ай!» деп, күрсінеді. Сүймесе сері дер ме еди, қалың қарауыл Ақанға сері деп лақап береді» (1: 195). Қожаның қызы Батимаға үйленіп, одан 1 ұл, 2 қызы болады: «Бірақ ұлы тілсіз болады. Он жыл шамасында Батима өледі, бірақ серіліктің соңында жүрген Ақан Бәтиманың өлімін елемейді. Серілікті бұрынғыдан да үдетеді» деп, Мағжан бұл оқиғаға баға бергендей (1: 195). Бір жылда 60 тұлкі алған Қараторғай деген бүркітті, бір жылда 9 қасқыр алған Базарала деген итті алады. «Қалың Қарауылға аты шыққан Ақтоқты деген арумен көніл қосады. Тап осы кезде Ақаның қолына алты алашқа аты шыққан Құлагер түседі» (1: 196).*

«Ақаның өмірі» атты көлемді алғашқы тарауша ақынның өмір жолының шолуы ғана емес, ақын жанының қиналып өзгерген сәттері шуакты құндерімен арпалысып өткен тағдырдың басты-басты оқиғалары бейнеленген. Бұл бөлімде жай сөздермен

Алаш әдебиеттануы

шектелген деректер емес, Ақанның ақын болуына әсер еткендері, жан қиналғанда шыққан өлеңдерінің туу себептері сөз етілген. «Осылай Ақанның атағы талай жерге жайылып тұрған кезде мұның өмірінде бір өзгеріс болады. Желдей үйіткыған серінің жүргегіне мін деуге бола ма, сол кезде Ақан Ақтоқтысынан айып, қарауыл Тінәлі қажының қызы Ұрқия сұлуға өз әнімен өлең шығара бастап, сол Ұрқияны алып қашады» (1: 196). Әдебиеттанушы Мағжан осындай сәттерді келтіргенде өзі де бірге мұндасып кетеді: «Бірақ жаны сүйіп алған жары Ақанмен ұзак отаса алмай, үш-ақ ай тұрып, шешек шығып дүниеден өтеді. Жаны сүйген жар нажағайдай жарқ етіп дүние салса, жанға женіл жара бола ма? Ұрқия өлгеннен былай Ақанның жаны қасіретке ұрына бастайды. Ұрқия өлген жетінің ішінде Ақаның жақсы көрген бір інісі өліп, қасірет үстіне қасірет жамылады. Жараланған жүрек жазылу үшін тағы маҳабbat іздейді. Ақан айналып Ақтоқтыға келді» (1: 196).

Бірақ Ақтоқты Ақанды кешірмей, басқаны қалайды. Мағжан былай деген: «Ақанның жүргегінде маҳабbat та, ашу да қүшнейеді»: «Ақтоқты, кеткенің бе шыныменен?» – деп, ашулы зар шығарады Ақан». Көп ұзамай Ақан Құлагерден айырылады: «Ақан мидай далада жолдасы Құлагердің басында кәдімгідей мөлдіретіп көзінің жасын төгіп отырады. Күн былай тұрсын, түн бойы күніреніп, Құлагердің, сандалкерінің, еркесі үркеккерінің басын құшақтап отырады. Жан жолдасын қолымен өлтірген адамдай күйінеді» (1: 197). Ис жүзінде «анау Сайдалы асында ішіне қан қатқан Барақбай Құлагерді қөлдененен соқтырып өлтірген» еді: Жануар Құлагерім қолдан кетті. Дұшпанның қастығынан қаза жетті... Қаржас боп, канжығалы, керей, алтай. Куандық, сүйіндік боп намыс етті, – деп күніренеді Ақан. Ертеңінде Құлагердің басын кәдімгідей кебіндеп жерге көмеді», – деп М.Жұмабай түсініктеме берген (1: 198). Осы жылы: «Тағдыр шіркін, тас бауыр ғой!», – дейді Мағжан. Ақаның алғыр қыраны – Қараторғай һәм Базарала тазысы өледі. Енді Ақанға өмірде жұбанарлық не қалды? деп сауал қойған әдебиетші оған өзі жауап береді: «Енді Ақанға тенізден терең ой қалды. Қорғасынинан ауыр, түннен қаранғы қайғы қалды. Удан ашы қасірет қалды. Жасы да отызың ішіне кіріп қалған. Өмірдің жайнаған гүлін көріп келген Ақан өз өмірінің бықсып-күйіп күлгे айналғанын көре бастады» (1: 198).

Ақан дінге қайта оралады: Бұқардан оқып келген Науан хазіретке барып сабак алады. Ол жайында Мағжан былай дейді: «Дінге, сопылыққа беріледі... Елден безіп, дінмен жан тазартуға кіріседі.

Айгүл ICIMAKOVA

Бұрын судай сұлу махаббатты жырлайтын Ақан сопылықпен жан тазарту жайын жырлай бастайды» (1: 198). Оңашалықты қалаған ақын туралы «қүңкіл» сөз басталады. Құңқілдің түбі «Ақанды пері иеленіпті» деген сөзге айналады». Себебі, ел жаз шыға жайлауға көшкенде Ақан тілсіз ұлымен Қоскөлдің сыртындағы Сарықөлдің жағасындағы ағаш үйде жалғыз қалады. Ақанның бұл мұнын Мағжан ақын ерекше түсінеді: «Қалың қамысты көл. Қою, қалың, иесіз қыстау, Ақан. Тілсіз бала. Тұн болады. Жел шығады. Қою қамыс зуылдайды, сықыр-сықыр қалың қайын шайқалады. Иесіз үй күніренеді, үй ішінде Ақан күніренеді. Сақау балада үн жоқ. Екі көзі жаудырап Ақанға қарайды да отырады. Құндіз де сол» (1: 199). Сарықөлге ақын мінген атын да суармайды, тек ішуге, дәретке пайдаланады. Арасында елді аралайды. «Екі жағында екі сұлу ат: «Қайда барса, бір елі қалмайды. Шакырса, екеуі екі жақтан келіп, тізесіне иектерін сүйеп тұрады... Өздері туғалы жүген-құрық кимеген шу асав». Ақан тағы бір «мінез» көрсетеді. Төсегі кірлеу үй болса, үйге жатпай, далага жатады. Жаз болса, көлдің жағасына барып, қыс болса, үюлі шөптің ішіне барып, кейде Алланы аузынан тастамай, басын сәждеден көтермейтін болады. «Жанды дінмен тазарту керек», – дейді. Ақанның бұдан да өзге ісі туралы: «Ал енді кейде Алланы ұмытқандай болып, діні, намаз, оразасын бәрін қойып кетеді. Күні-түні күніреніп өлең жазады, ән шығарады» (1:199).

Мағжан Ақанның бұл қылыштары үшін ел ішінде сөзге қалғанын қынжыла айтады: «Жынды деп-ак кояр еді, қалың қарауылда Ақаннан есті, Ақаннан шешен, Ақаннан көсем кім бар?.. Қандай ұшынған дау болса да, Ақан бітіреді. Ендеше, Ақан жынды емес, оған мұсылман перісі иеленген болар», – дейді жүрт» (1: 199–200).

Мағжан осыған байланысты ел ішіндегі тағы бір аңызды келтіреді: бірде, Ерейменде Ақан Құлагердің басында түнеп отырғанда, жел шығады. «Сол арада болар-болмас қобызыңың қылын, домбыраның шегін шерткендей нәзік мұнды дауыс жан-жакка жайылғандай болады. Әлгідей болмайды, жорғалаған желдің ішінен жібектей судырлап, талдай бұрандаған, жүзіне кәдімгі айдың нұрындаидай нұр төгілген бір әйел шыға келеді. Ол келген мұсылман перісінің ханының қызы екен. Адамзаттың еркесі Ақан сері қалың шерге душар болған соң, ханының қызы, ерке сұлу Ақанды жұбату үшін желге мініп, ұшып келген екен. Келіп жұбатады... Сол түннен былай Ақан мен пері күндіз айырылып, түнде косылатын болады... Жоқ, пері Ақанға Ерейменде иеленген емес екен, періге иелену Ақанның тұқымында бар екен. Олардың қонысы Қоскөлдің өзі ежелден

Алаш әдебиеттануы

перінің мекені екен. Марқұм Қорамсаның өзі перімен айналысқан адам екен, Қорамсаның өзі де бірнеше күнделеп, айлап ешкімге тіл қатпай, үйден шықпай, бұқбанау жасап, аулақ отырып алатыны бар екен. Сол уақытта оның пері жары келеді екен. Ақанға пері қызын қосқан оның пері шешесінін өзі екен. Осылардың бәрі құр «екен» гана емес, ап-анық нәрсе, көзбен көрген де кісі бар...» (1: 200).

Мағжан бұл жай ақыз емес екенін сол төңіректегі Әбіш деген жігіттің күздігүні шөп шапқалы қыстауға барып, іңірде шошалада балта қайрап отырған кезде үш әйелдің кіріп келгенін келтіреді: «Мұсылман пері Құраннан қаша ма, үш әйел отыра береді... Әбіште құт жоқ, зәре жоқ. «Әлхәмдіден», «құлкуалладан» қайран болмаған соң, Әбіш тізесінің астында жатқан балтаны ала ұмытылады». Үш әйел шыға жөнеледі. Әбішті ел талған күйінде табады: «Есін жиган соң ауылына қайтып, ауруға айналып, өмір бойы шала естілеу болып қалады...» (1: 200–201). Ел ішінде бұдан да басқалардың Ақанның қыстауының сыртындағы тогайдан өткенде, «перілердің шулап, сақсақ құліп, ойнап жатқанын талайлар-ак естіген», – деп бір ескертеді Мағжан.

Бұл әңгімелерді баяндаған Мағжан өзі бұған қалай қарайды? Ол келесі сөздерінен анғарылады: «Міне, Ақан қырыққа аяқ басқанда, сұлулықтың асығы Ақан жарынан, тұлпарынан, сұңқарынан айрылығанда, өмір айдынында ән салып жүзіп бара жатқан ку қанатынан қайрылығанда, Ақанның жүйрік жаны ой дариясына шомып, сұлулығы жоқ, былық тұрмыстан безгенде, халық оны ұға алмай, Ақанның жұмбақ өмірін шеше алмай, оны алып барып періге балайды. Бірақ халық соқыр сезімімен кешегі ерке серісі – Ақанның сұлу тұрмысына кір жаққызы келмей, жанды затты сұлу періге апарып қосады. Жұмбақ та сұлу: таппаса да, шешпесе де сұлу» (1:201). Бұл өсек, ғайбатты кімдер шығарған? Ақын Мағжан Жұмабай, өсек-аяңға сенетін жай әдебиетші емес, сондықтан ол залымдарды Шөбек балаларын перғауындармен салыстырады: «Перғауынсыз Мұса бола ма? Бірақ Мұсаның өзі перғауынга соқтықпаса, перғауын Мұсага тиер ме еді?! Тағы бірақ маңайындағы перғауындарга соқтықпаса, Мұса Мұса болар ма еді? Қарауылдың сөз білем деген ерлерін, әсіресе көришісі Шөбек балаларын Ақанға қас қылған – улы тілі. Шынында, Ақанның тіліндегі улы тіл сирек болар. Тиген жерін удаи ойып жібереді-ау...» (1: 201). Әдебиетші Ақанның Шөбек немерелеріне шығарған мысқыл өлеңін келтіреді де, оған былай деп қосады: «Мынадай сөзді есітіп отырып, Шөбектің көп баласы қалай намыстанбас, қалай Ақанды корлап, өсек таратпас?»

(1: 202). Осылай Мағжан: «Ақанның бұл ғайбатқа ұрынуына өзінің мінезі себеп және оның аңы тілі кінәлі», – дейді. Бірақ ақынның елге сыйлы болғаны да айтылады: «Достары түгіл, қастары да алдында «Ақан аға» деп жорғалайды екен».

Әдебиетші Мағжанның макаласы ғажап хикаялармен көркем-делсе де, басты ойды ұстанған: Ақан ақын болғандығынан осындай істерге ұрынған: «Сұлу өмір жарқ етіп, нажагайдай өте шыққан. Өткен күн қиял туғызған өртегі сықылды. Көп ішінде көпке ұқсамайтын бір өзі, көп ішінде жалғыз. Қалың қарауылдың ішінде жанын ұқсан жан жоқ. Жұбатарлық досы жоқ, жарапы жанын жазарлық жары жоқ. Әлдеқайда бетпақ шөл, бетпақ шөлде жалғыз жол... Сол жолменен жалғыз жан табанын тасқа тілдіріп, мандайын құнғе күйдіріп кетіп бара жатқандай. Қайдан шыққанын, қайда бара жатқанын, не үшін бара жатқанын өзі де білмейді. Тілек жоқ, үміт жоқ, мақсат жоқ. Түннен қаранғы, қорғасыннан ауыр ой ғана бар» (1: 202). Мағжан Ақан серінің күйін терең түсінгенімен шектелмей. ақындық жалғыздықтың серігі екенін өзі де мойындағандай толғап кетеді. Бұл жай Мағжан ақынның өзіне де таныс екені ақын анғарылады. Зерттеуде екі көзқарас осылай алмасып-ауысып отырады: ақын Мағжан мен Алаш әдебиетшісі Мағжанның сөздері бірін-бірі жалғастырып, көркем зерттеуге арқа болған.

Келесі сөздер әдебиетші Мағжандікі: «Елу жыл жасап, талай күйіп құл болған, талай талып есін жиган жүрек тағы отқа, махаббатқа, жарға ұмтыла бастайды» (1: 202). Ақан елдегі сол кезде белгілі үш аруға өлең жазады. «Үш тоты» өлеңі осылай дүниеге келгенін ескерткен әдебиетші Ақанның ықыласы олардың ішінде Абылай тегі Жүсіп төренің қызы Жамалға кулаганын айтқан. Ол он алты жаста екен. Ақын Мағжан Жамалды: «Жібек желден жаратылғандай ару. Жиреншеден тәлім алғандай шешен. Едігеден бата алғандай данышпан», – деп сипаттайды. Осы жас Жамалға Ақанның жүргегі байланы береді. Жүйрік жүрек бір бастаса, не сүйіп қосылмай, не қосыла алмай күйіп, құлден кебін кимей тоқтай ма?! Ақан бара-бара жас Жамалды біржола берік сүйеді. «Үш тотының» ішінен «қалқа бала» деп Жамалды бөліп алады. Бұл сүйгенін: Қыздарды мен не қылам, қылам-сылам? Қалайша ғашық отқа сабыр қылам? Жаңартқан өмірімді қалқа бала. Басы – жым, ортасы – мим, аяғы – ләм, – деп жұртқа өзі жария қылады» (1: 203). Ақан Жамал есімінің арабша жазылудағы тәртібін осылай талдап, сүйген сұлууның атын атайды. Енді бұл талдауға әдебиеттанушы Мағжан былай дейді: «Өмірде екі сую болмайды» дейді жұрт. Жұрт не демейді? Өзіндей

Алаш әдебиеттануы

болмағаны үшін Ақанды «пері соққан» дейді. Жұрт аспанға өрлеген жанды, жиһанды құшпақ болған жүректі есалан дейді» (1: 327). Бұл ойды ақын Мағжан қостайды: «Жүйрік жел ұшпай тұра ала ма? Жүйрік жүрек құшпай тұра ала ма? Жүрек сую болмаса, салқын, бос қуысқа айналмай ма?! Жиһанда жалғыз мәңгі нәрсе – махаббат емес пе, өлген махаббат екінші тұрде, екінші тұсте қайта тірілмек емес пе?!» (1: 203).

Ақан серінің өмірін зерттеуші Мағжан Жұмабай: «Дүниеде күшті нәрсе екеу-ақ қой: өлім һәм махаббат. Адам өзгені айналып өтсе де, өлім мен махаббатты айналып өте алмақ емес» деп, салиқалы ой айтады (1: 204). Мағжан ақынның көңілінің өзгеруін, сезімнің билігіне мойынсұнуын жақтап шыққандай болады; ол тіпті төрениң қызы Жамалды да түсінеді, оның жауап бермеу себебін де: «Төрениң сүйегіне батқан таңба емес пе?» – деп түсіндіріп береді «Шынында, ғашықтық деген алыш-салмалы қолдағы нәрсе емес қой. Жамалдың суюін білдірмейуіне көзі жеткен соң, Ақан іштен сүйіп, іштен күнгө айналады. Күн-тұн күніреніп, өлең шығарады, ән шығарады. Ақанның Жамалға қатты ғашық екендігі, оған арнап ылғи өлең де шығаратындығы, Жамалдың ол ғашықтыққа ілтипат қылмауы жүртқа жайылып кетеді» (1: 205).

Көп ұзамай Жамал ұзатылады. Ақанның енді: «Мұнды үні құйылады. Өлім менен өмірдің үні. Үзіліп бара жатқан жүректің жыры». Әдебиетші Мағжан Ақанның «Сырымбет» әні осылай туғанын айтады: «Сырымбет» әні – сол өліп бара жсатқан құс төресі құдың әні. Біздің зарлы әндеріміз көп, бірақ «Сырымбеттей» терең, зарлы ән сирек болар. Жержүзіндегі мұң, адам баласының барлық зары сол «Сырымбетке» жиналғандай. Жамал ұзатылатын күндерде Ақан күндіз-туні күніреніп, «Сырымбетін» шырқайды да жүреді. Ақан тундерде «Сырымбетті» шырқағанда кім жыламаган? Қалың қарастырыл жылаган. Жас пен кәрі жылаган, әсіресе наәзік жсанды жас Жамал жылаган...» (1: 205–206). Мағжан бұл ән Ақанның «ең соңғы сұлу жыры» дейді. Ақын Мағжан былай дейді: «Жамал ұзатылған соң Ақан тұңғының қайғысының құшақтап, қалың елдің ішінде жалғыз қалады. Ақанның мұнан соңғы өмірі сырттан гүлсіз, үнсіз, жырсыз, тұрсіз өмірге айналады. Бұрынғы жат мінездері, тіпті жат, ұғымсыз түрге кіреді. Бірақ, дариға, жүйрік жүректің қайғымен жылнып, сөнгенін, терең жанның оймен уланып өлгенін кім үққан?!» (1: 206).

Алаш әдебиеттанушысы Мағжан Жұмабай Ақанның ендігі өмірі тіпті аянышты болғанын, алпысты алқымдаған Ақанның жеріне қара шекпендейлер келіп қоныстана бастағанын, әсіресе Қоскөлдің

Айгүл ІСІМАҚОВА

желкесіндегі Сарықөлде орыс мұжықтары ағаштан үй салып, ата-жұртына қол салғанын ашына жазады. Туған жері мұжыққа кеткен соң, Ақан 50 шақырым жердегі Сасықкөлдегі бір күйеу баласының қолына көшіп барады. Сол күйеу баласының қолында «алты Алашқа» сұлу жырларымен, зарлы әндерімен, әсіресе басқа адамға үйлеспейтін жат мінездерімен аты шықкан Ақан ауырып, 70 жасында 1916 жылы дүниеден қайтады» (2: 331). Бұл сөздерді ақын Мағжан жалғастырып әкетеді: «*Сөйтіп, аласұрган ұшқыр жсан, шарқ ұрган жүрек, жабайы жұртқа ұғымсыз, жат мінезді, ірі жүрек сұлұлық ізден, өмір бойы от болып заулап жсанған жүрек мәңгі мұзға айналады...*» (2: 330).

Ақанның осыншама мұнды өмір жолын шолып өткен әдебиетші Мағжан оны Англия ақыны Оскар Уайлдпен салыстырады. Себебі: «*Оскар өмір бойы сұлұлықты жырлаган, жапты жұрттан сері деген лақап алған. Жұрт оны да сері деген. Сол серілігі үшін абақтыға жапқан... Ақан да сұлұлыққа табынган. Алты алаштан сері деген ат алған. Бірақ Ақанның сұлұлыққа табынуы тереңірек. Ақанның өмірінің жұмбагы түйіндірек. Мұның өмірі – мұң мен зар. Сол сұлұлыққа табынудан тұган мұң мен зар. Егер Ақан Оскар Уайлдтай өнерлі елдің ішінде туса, бұл тілекке жсауап табу қын. Мұндай тілекке жсауап іздей бастасаң, еліңің заулаган оттай баяғысы, қап-қара тұндей кешегісі, жалпылданған жындағы бүгінгісі, қара тұман келешегі коз алдыңа келіп, Ереймен тауының бауырында өлген Құлагердің басын құшақтап күріреніп отырған Ақан серінің қасіретіндегі жсаныңды терең қасірет билеп алып кетеді...*» (1: 207).

Әдебиет зерттеушісі Мағжан: «Ақан сөздерінің мінезін білдіріп, түрлерін көрсетуді керек деп білдік», – дейді (1: 207). Ақынның сөз өрнегі – стилі яғни «сөздерінің мінезін» және «түрлерін» осылай нақты талдау арқылы басқалардан өзгешеленіп түрмак.

Зерттеуші ең бірінші Ақанның өлеңдерінің саны, жарияланымы туралы сөз етеді. 1922 жылы Қоқшетау өніріндегі Қоқыш Шыңғысұлы мен Қазы Самыратұлының айтулары бойынша, «бұл өлеңдердің бірталайын Ақан өз қолымен жазған». Сонда да біздің қолымызда Ақанның үш-төрт жұз ауыздай өлеңі бар», – дейді. Бұл аз емес екендігі анық. Өлеңді талдауды әдебиетші М.Жұмабай ақынның тілін сипаттаудан бастайды. Ол туралы былай делінген: «Қазак ақыны Ақанның ана тіліне араб, парсы, орыс сөздері кіріп кеткен. Оның мағына жағынан, әсіресе сурет жағынан сүп-сұлу өлеңдерінің тілдері шұп-шұбар. Ақан бұл шұбар жолға өзі қалап түскен жок,

Алаш әдебиеттануы

оны заман күп түсірген» (1: 208). Мысал ретінде Мағжанның мына өлеңінен үзінді келтірді: Тағрифін тамам қылыш жеткізе алмас. Қамыстар болса – қалам, баҳыр – сия. (Баҳыр – теңіз. М.Жұмабайдың ескертпесі) (2: 333).

Әдебиетші Мағжан бұл Құран сөздері екенін де осы тұста айта кеткен: «Ақанның молдадан үйренген мұсылмандықпен, арабша үйреніп молда болғандығымен қалай пайдаланғанын мынау суреттейі шешіп береді». Ақанның Қалқа баласын суреттейі мысал ретінде келтірілген. «Өмірден соққы жеген Ақан сопылық, дін жсолына түсіп, жсан тыныштығын табамын деп жүріп, Бұқардан оқып келген көкшетаулық Науан хазіретке шәкірт болған» (1: 208). Әдебиетші Мағжан Жұмабай ақынның сөздік қоры ғана емес, оның стиліне де діни білім тікелей әсереткенін айғақтайды. Осы ретте «Мұхаммадия» талданған: «Ақынның өлең үйқастыруына да молдалықтың «шарапаты» тимей қалған емес». Өлеңнің тек мазмұны емес, ыргак, буын ретінде дейін сез етілген: «Мұсылманша оқығандар біледі. «Мұхаммадияның» өлеңдері ылғы үйқас құып кетеді. Мысалы, бір өлең «я»-га үйқастырылса, сол өлең бір-екі бетке созылса да «я»-га үйқастырылады да отырады. Ақан өлең үйқастырганда, көбінесе осы «Мұхаммадияның» жсолына түскен. Бұлай ұзақ үйқастырудың өлеңнің сырт құлудығына пайдасы болғанымен, лайықты сез табылмай қалып, магынасы аз сез кіріп кету қаупі де зор. Ақанның да ұзақ үйқастырылған өлеңдерінде осы себептен магынасы аз сөздер әжептәуір орын алады. Бірақ өлең үйқастыру ауданының кеңеюі қозінен қаралғанда, Ақанның бұл тәжірибесін онша мінеуге болмайды» (1: 210).

Мағжан Ақанның түрді құып кетуінің екінші жағы «тілінің тарыл екенін» анықтайды: «Бірақ тарғыл тіл шын Ақанның тілін тұтықтыра алмаған. Ақын Ақан шәкірттің қағаз-сиясынан, молданың мың бейнетпен қауырсын қаламын сықырлатып жазатын «н» харпінен, жазаласа, ишаның машайғынан. Құранның аятынан өзіне керек суретті жасай білген» (2: 333–334). Жоғарыда айтылғандар түр, қалып жағынан байқалған ерекшеліктер. Ал Ақанның өлеңнің мазмұны қандай? Ол туралы әдебиетші былай деген: «Енді Ақанның сөздеріне магына жасағына келгенде оның өлеңдерін беске болуғе болады: 1. Сықақ. 2. Гашықтық. 3. Айтыс һәм мақтау. 4. Со-пилық. 5. Қазақ қайғысы туралы өлеңдер.

Бұл белімдердің сықақтан басқасы Ақанның өмірінің түрлі дәүірлеріне байланған» (1: 210). Осының ішінен Алаш әдебиетшісі сықақты бөліп алған: «Сықақ Ақанның сүйегіне біткен сипаты.

Ақан өмір бойына өзінің көңіліне ұнамаган адамды сыйқақ қылып, іліп тастап отырган. Иletін орны келгенде пәленеше-түгенше деген атына, затына қараган да емес. Қарауылдың ақсақалдары осы күнге шейін Ақан десе, алдымен оның улы тілін есіне тусыреді.

Ұнамаган адамға Ақанның тілінен құйылған у талаіды талай заман шыбжыңдатса керек. Тілінің уының күшті екенін Ақан өзі де білген. Қазысқанды қыламын под надзором. Патшаның мизамындаи мен де соттын, – дейді Ақан. Достықта бага бере алмай, сыртынан өсек жүргізгені үшін Жүсін деген белгілі бір төреге Ақан былай дейді: Жүсін-ay, төрелік жоқ бағыздай. Дәрежең қара қазақ аяғындай. Досыңды дұшпан көріп гайбаттайсың. Мінезің әзәзілдік таяғындаи (1: 210–211). Алаш әдебиетшісінің келесі қарастыргандары – ғашықтық өлеңдер. Бұлардан ерекше мазмұны мен ақын шеберлігі аңғарылған: «Ақанның ғашықтық өлеңдерінде келсек, басқа өлеңдерімен салыстырганда оның шеберлігі сонда көрінеді. Сері Ақанның мұндай өлеңге шебер болуының әрине, таңы жоқ. Ғашықтық өлеңдерінде Ақанның әрбір сөзінен ақындық иісі аңқып тұрғандай, ұсатусыз, суретсіз сөз жоқ деуге болғандай: Оралдың мен ақының қыран-дағы. Сен, сәулем, қызыл тұлқі қиян дағы. Қия тас қынына кетсөң-дағы. Қамшылап қанатымды бұрам дағы. Қия тас қынында бекінсең де. Тәуекел майданында тұрам дағы. Асыл зат, ал қызыл гүл қарындасым. Сәрудің саясында Ирандағы. Есілдің құба талы, шынарым-ай. Алдыннан майысып шық бұрал-дағы. Көріндің хордай болып жұмақтағы. Өткірсін наркескендей қынаптағы. Сөзінді ешбір жанға ұстаптайсың. Қалбырға құйып қойған сынаптағы. (Сәру – ағаш. М.Жұмабаев ескертпесі. 2: 335). Ақан өлеңдерінің ең сұлу түрі деп «Ақ көйлек» талданған: «Бұл – Ақанның ең сұлу өлеңінің бірі. Түү басында жұз бірнеше ауыз өлең болса керек, бәрі «Ақ көйлек» деп басталған. Бір ауызы: Етегі ақ көйлектің ілмеленген. Қастарың харіф мәттей сүрмеленген. Сүмбіл шаш, лағыл ерін, асыл қалқа. Ішбауырым ғашық оттен тілмеленген... Мынау өлеңдеріне қараганда, ғашықтықта Ақанның көзқарасы мен жай бозбаланың көзқарасы арасында артық айырма жоқ сыйылды. Алайда Ақан ғашықтықта тереңірек қараган адам. Ол ғашықтықты «ақ төске білектің артылуы артылмауымен» гана байлан қойған емес. Бұл Ақанның өмірінен белгілі. Екінші, мынау өлеңдерінде ишара бар: Кісідей өкпелеген мойның бұрмай. Білдің бе кемшилік деп ғашықтықты?.. Жоқ болса, айттар созің жұбайыңа. Жүрейін, амалым не, өз жайыма. Обалың, айнымасам, маган емес. Жаратқан жақсы қылыш Kұдайыңа. Сен сүймей кетсөң де, мен сүйе бермекпін. Сені

Алаш әдебиеттануы

мендік болғаның үшін емес, жақсы жаратылғаның үшін сүйемін дегенім гой» (25: 336).

Ақанның айтыс өлеңдері туралы былай делінген: «Ақанның айттыс һәм мақтау өлеңдері туралы еш нәрсе деуге мүмкін емес. Мұнданай өлеңдері менің қолыма түспеді. Жұрттың айтуына қараганда, бірнеше ақынмен ауызben де, жазысып та айттысқанга үқсайды. Өзгесін жеңді, бірақ Орымбайдан жеңілді деседі. Орымбайга Ақан былай дейді (Орымбай жиында әйелдер отырған үйге кіріп шықса керек): Ореке, сөз бастайын, жолың қисаң. Мұрит бол ең гой пірге, сен, Зейнолла ишан! Жаңа тагы өңкеңдеп қол тапсырдың, шулаган, ақ сәлделі бұл қай ишан?

Сонда Орымбай қарттың: Ақыл – аста, күш – атта, сом – малдыда. Ақыл айла болмайды жсоқ – жарлыда. Парыз, уәжіп баршасын тамам қылты, жсалғыз-ақ әйел деген сөз қалды ма? – деп. Ақанның ораза, намазға салақтығын бетіне басып, тоқтатып кетті деседі» (2: 336–337). Сопылық өлеңдері туралы да осы түрғыда айтылған. Осы ретте Мағжан Ақанның сопылығын басқалардан бөліп алып және өзінің де сопылыққа көзқарасын білдіріп отырады: «Ақанның сопылық туралы өлеңдері де менің қолыма жөнді түспеді. Алайда серілік пен сопылықты қоса білген, намаз, оразаны жанының тілеген уақыттарында ғана атқаратын Ақанның сопылығы жанына жын ұялаған, сиыр көзді соғылғандардың сопылығынан белек болған десек, құрғақ сәуегейлік қылған болмаспиз. Бұл пікірге алдымен Ақанның өмірі күшті дәлел болса, мынау өлеңі де ишара қылады: Дүниенің қызығын кешіп өтіп. Тәттіліктің алмадық еш ләззатын. Пәраудигар сопылардың жолыменен Құдайға құлшылықта ғибадатым. Айыруши Алла бар, не ғамал бар. Адамның ішкі сырын. зайдир, затын» (2: 337).

Қазақ қайғысы туралы Ақан қалай жырлаған? Бұған Алаш әдебиетшісі арнайы тоқталған. Бұл өлеңдер туралы Алаш әдебиетшісі былай деген: «Енді Ақанның қазақ қайғысы туралы өлеңдерінде келсек, оның сері Ақан болуымен бірге жаралы елдің шын азаматы болғандығы сол өлеңдерінде көрінеді. Бұл өлеңдер таза ақындық, сұлу сурет, үйқас теру жасынан басқа өлеңдерінен көп тәмен. Бірақ бұл тәмендікті оның ойлы азаматтығы жуып кете аларлық. Ақан бұл өлеңдерінде елдің қайғысын көре білген. Сол қайғының себебін таба білген. Ол қайғы – қазақтың ата тұрмысының аз дәуірдің ішінде көрінеге көзге қираганы, қирайдың себебі – қазақ даласына қарашекпендердің құжынан келіп орнаганы. Ақан соны жырлайды. Жерінен айырылған елдің көзінің жасы көл болғандығын айтады.

Айгұл ІСІМАҚОВА

Қарашекпенниң көрген қорлықты сынайды. Үкіметтің орыс, қазақты ала ұстайтынын білдіреді.

Азамат Мағжанның келесі сөздері саяси көзі ашық тұлғаның мәліметі: «Інжілдің» аяты шіркеуде ән салуга ғана жарап қалғанын, үкіметтің тәбे-тәбе, том-том закондарымен іс қылатынын, олай болса сәрі-ау, жандаралдардың «тауығының тұмсығы қанаса, көршиңдегі қазақты қират» деп шыгарған бұйрықтарымен қарашекпендердің қымыл қылатынын Ақан сорлы қайдан білсін!» (1: 215). Қазақ мұндай күйге қалай түсті? Мағжан бұл тұрғыда Алаш партиясының көсемдері Әлихан, Ахан, Міржақыпша жауап берген: «Қазақтың мұндай күйге түскенін Ақан ә дегенде жергілікті әкімдердің надандығынан, қаралығынан деп біледі. Патша алыс, жете алмаймыз Петербурға, және де сегіз санат алыс қия, – дейді. «Ақ патша», сегіз санат қазақ даласындағы мынау зомбылықты білмей отыр ғой, білсе, олар аяр еді дейді бала елдің бала ақыны. Мал өсірген халықпаз егін екпей, аз жерге сыя алмаймыз сызғандай-ақ. Шеттен келген төрелер норма қылған, қазақ жайын білмейді жалғыз қарап.

Петербурдан шафқатты санат келсе,
Патшадан жарлық алып Құдай қалап.
Қазақ үшін қайғырып жылар еді,
Ол мейірбан ер болса ұялмай-ақ.
«Қойдан қоңыр не қылған халық еді?» деп,
Көз жасын қайтар еді тыя алмай-ақ (1: 216).

«Бала елдің бала ақыны» дей келе Алаш әдебиетшісі ақын сезімінің өзгеруін келесі өлеңдерінен анықтап береді: «Есті Ақан ұзамай-ақ мынау ақкөнілдіктен құттылады. Бәленің басы Петербордағы «патша ағзамда» екенін біледі. Енді Ақан Петербордан жай мархабат күтудің орынсыз екенін ұғып, «ақ патшаға»: «Баяғы жеріне тимеймін деген уәденен тайдың», – деп, қыр көрсетіп, өкпе айтады. Мұндай қырлы өкпеден де еш нәрсе өнбейтінін біліп, үкіметке: «Тіпті бізді аямай-ақ кой, өз мемлекетіңін пайдасын ойлаши. Өзің үшін қазак жерін, қазак малын құртпағаның пайдалы ғой» дейді. Мұндай негізді пікірге ол күнде екінің бірі-ақ ие болған шығар». Сонымен қатар ақынның өлеңдерінде «сұлу сурет бар екені рас» деп мойындаиды әдебиетші Мағжан. Шыншыл ғалым тек мақтауга бой ұрмаған, сонымен қатар кемшілігін де анықтап берген: «Сонымен бірге соңғы өлеңдерінің тілі тұтқыр, барлық өлеңдерінің тілі тарғыл екені рас. Осы өлеңдерді шығарған Ақанның өз өмірі жалпақ елге жат болғаны, жұмбақ болғаны тағы рас» (1: 218). Ақанның сөзі неге

Алаш әдебиеттануы

жалпы елге сол кезде жетпейді, кейде түсініксіз болды? деген сауалға келесі жауап берілген: «Бұлардың бәрінің себебі Ақанның өмір сурген дәуірінде. Ол дәуір – Нұхтың толқындары арасында қазақтың қайығы қалтылдан батып бара жатқан дәуір. Ойы – тұман, тілі – тарғыл, жсаны да жасасыган, ділі де жасасыган. Қалың қазақ қайықтың батып бара жатқанын білмейді. Бірақ Ақан сыйылды бірен-саран сезімтал ұлдары гана болар-болмас сезген де, көпке алдымен өзінің өмірімен ереулі жасасған, оның өзінің сері, жолдасының пері атамғаны осыдан. Тұманды дәуірдің ұлы – Ақанның тілінің таза болмауы тағы осыдан. Ақанның барлық кемшиліктерінің үстіне, бір сұлу сипаты – елдің сол дәуірдегі өмірін өлеңдерімен, әсіресе өзінің өмірімен суреттей білген. Өмірді өлеңмен гана емес, өзінің өмірімен суреттей білу – ірі жанды адамның гана қолынан келмек». Алаш әдебиетшісі ақын сөздерінен оның астарын, ішкі магынасын осылай сұрыпта алған. Себебі, ақын тек қара басының гана емес, қалың елдің сол дәуірдегі көңіл-халиң суреттейді. «Бұл ірі жанды адамның гана қолынан келмек», – деп әдебиетші бұл үшін ерекше ілтифат көрсетеді.

Ал әдебиеттанудың негізгі міндеті қандай? Алаш әдебиеттанушысы оған былай деп жауап берген: «Біздің міндетіміз өткенде аударып, ішінен көрнектілерін арышып ала білу, кешегі мильты қазақтың «ескісіз жаңа болмайды» деген мәтептің күімнің қолтығына гана қамап қоймай, балапан әдебиеттіңде қабыстыру» (1: 218). Бұл бүгінгі әдебиеттанудың да басты мақсаты болып табылады. Ақындық пен әдебиеттанушылықты бір тізгінге бағындырып, М.Жұмабай ұлттық ғылымға осыншама кәсіби ғибратты зерттеу енгізгенін біз бүгін үлгі етуіміз керек. Әдеби зерттеулердің тілі қатып қалған жат терминдер емес, осындай жаны бар, қазақ тіліндегі «пән сөздерімен» көркею ғылыми стильдің биік деңгейін көрсетеді.

«Базар жырау» атты мақалада («Ақжол», 1923 №374) Базар ақынның қазақ әдебиеттіндегі орны, өлеңінің ерекшелігі анықталған. Қазақтың ата-баба сөз өнері туралы былай делінген: «Өткен дәуірдегі теңіздей тұңғиық әдебиеттіңдің бізге бұл күнде адасқан ұшқындары, тентіреген тамшылары гана жестін отыр. Көбі, көбі болғанда, ең сұлулары ұмытылған, желдей ескен жыраулармен бірге топыраққа айналған. Баяғыда отыз күн, отыз түн айтылатын Қобыландылардың ауызда адасып, азғантайы гана қалған. Талай түндерге созылған ертегілердің басы қайырылып, аягына жестіп, шоп-шолақ болып қалған» (1: 220).

Алаш әдебиеттанушысы Мағжан төл әдебиетті өз кезінің сөз

Айгұл ICIMAKOVA

өнерінен бөлмейді. Оның біртұтас процесс екенін сол кездегі кеңесшіл белсенді замандастарына осылай қарсы кояды: «*Бірақ талайлар ұмытылып қалды деп қанша өкінгенмен, әлде болса да ауызда аман қалған әдебиетіміз талай елдердің ауыз әдебиетінен бай. Әлде болса да ауыз әдебиетіміз бір елдің жазба әдебиетіне негіз болуга жарарлық. Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай, ешбір елдің жазба әдебиеті әдебиеті өркенденемек емес. Біздің де жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетін негіз қылуга міндетті. Алдымен сабакты шеттен емес, өзінен алуға міндетті. Жазба әдебиетіміз негізді, берік өз еліміздің әдебиеті болам десе, өзіміздің ауыз әдебиеті мізге қайтуға міндетті. Магына аз десе де, түр аз десе де» (1: 340–341). «*Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай, ешбір елдің жазба әдебиеті өркенденемек емес*» – бұл әдебиетшінің қазақ әдебиетін кең көлемде қарауга нұсқағаны. «*Алдымен сабакты шеттен емес, өзінен алуға міндетті*» – бүгінгі компаративистиканың шарты: қай кезде де әр ұлттық әдебиет сыртқы әсерді өзінің ішкі жанрлық, түрлік мұмкіндіктеріне сай пайдалана біледі.*

«*Қазақ ақындары*» деген айдармен шыққан мақалалар есік. кеңеске дейінгілерді зерттеуге бет алған. Осы газетте (1924 № 420) Мағжанның өзі туралы да мақала жарық көрген. Сол кездегі әдеби тартыстарға қатысты пікірлер Мағжанның осы мақаласында орын алғып отырған. Мысалы, мынау пікір: «Осы күні біздің окуышыларымыз қазақ әдебиеті десе, Абайдан бергі әдебиетті ғана ойлайды, қазақ ақындары десе, Абайдан бергі ақындарды ғана көреді. Әдебиетті білсе де, ақындарды білмейді. Білсе де, білгісі келмейді. Ақындардың қатарына қосқысы келмейді. Ауызға алынбайтын олардың жазығы не? Жазалары – шығарған нәрселерін Қазандағы Каримовтерге, Орынбордағы Хұсайыновтарға яки осы күнгі Госиздаттарға бастырмағандықтары ма? Бұл ауыр жаза емес қой. Шынында, сол өткен ақындардың көбінен жаңа ақындар әлі озып кете алды ма? Өзгені қоя тұрайық, жұрт келемеж қылатын Шайхысламұлы Жүсіпбектің «*Қызы Жібегіндей*» кім не нәрсе жазды? Бұл ойланатын мәселе» (1: 221). Алаш әдебиетшісі совет әдебиеттануы алдына нақты мақсат койған: бұрынғыны жоққа шығару. Абайдан бергі әдебиетті ғана мойындау – жеткіліксіз.

«*Базар жырауды жазу осы «бейкүнә» ұмытылып бара жатқан ақындардың біреуі болғандықтан*», – дейді алаш әдебиетшісі. Осыған орай әдебиеттанушы ақын мәтіндерінің толық сақталмағанын, колда Базардың 4–5 өлеңі ғана бар екенін жасырмайды. Дегенмен сол бар арқылы ақынның стилі, жазу мәнері, сөзінің мәні туралы айту

Алаш әдебиеттануы

мүмкін екенін алға тартады: «Бірақ осы 4–5 өлеңінде-ақ Базардың сөзге жүйрік, ойлы ақын екендігі сезілетін секілді» (1: 221).

Базардың ататегі былай берілген: «Базар Қазалы үйеziне қарайтын Кіші жуз шөмекей-балқы руынан болса керек. Жұырда, 10–15 жылдың ішінде өлгенге ұқсайды. (Базардың өмірі туралы еш нәрсе біле алмадым.) Қазалылық Жомарт молда Базар жырауды жоқтаған бір өлеңінде былай суреттейді: Кеңесі кеңінен келген кертағы еді, үш жұзге орман-дария ортақ еді. Иіріліп, толықсып ақжан дариядай, шалқыған шартарапқа орқан еді (1: 221). Келтірілген мәтін туралы да арнағы пікір берілген: «Бұл Базардың ақындығының кеңдігі, тереңдігін, сөзге жүйріктігін айтқаны гой. Шынында, Базардың көр-жерді өлең қылып, көрінгенді мақтайтын құр мал тапқыш болмас. Асса, елдің қамын ойлаган, қалса, өзінің ойына терең бойлаган «кеңесі кеңінен келетін» ақын екендігі өлеңдерінен байқалады» (1: 221).

Базар жыраудың ағайынға көніл айтқан өлеңі келтірілген: «Бұл заманда би бар ма, темір тұяқ Мұрындан? Белі жуан құр аңдай, ақылыңа болайын тасты жасып, қайнаган Багардагы бұлақтай. Олардың айтқан сөзіне халқы салар құлақты-ай. Жапырылып Құрандай, пешенемде өткен дүниеден Атамның салған жослы деп, Аナンың пішкен тоны деп, бейшараны жылаттай, жылатқанды ұнаттай. Анадан туган сен едің, тай жолбарыс сияқты-ай. Тиген жерін тілемін Айбалтанаң бауырына болаттан салған қияқтай... Жоқтамайтын ер бар ма, атасы бірге бауырды? Шын аруана қаса нар Қабыргадан саз кеше, қайғырмай тартар ауырды. Қабагын қағып білдірмес, арқадагы жасауырды. Алдыңда ага барында байтақ-қа керек сен едің, тілейміз Хақтан сауыңды!» (1: 222).

Бұл өлең жолдары былай талданған: «Бұл өлеңде Базардың қазақы сөзге шеберлігі көрініп тұр. Сонымен бірге бір ескеретін нәрсе мынау. Оқишилар бұрынғы ақындардың бәріне, қанша ақындығы күшті болғанымен, мақтауга тұрса-тұрмаса да, байды, мықтыны мақтамайтыны жоқ деп қарайды. Бұл пікірде бірталай қате бар. Тегінде, ақын біткеннің бәрі мықтыны, бай біткеннің бәрін мақтай берген емес. Шын ақындар өздерінше мақтауга тұрарлығын ғана мақтаган. Мысалы, Базар жырау «Темір тұяқ Мұрынды» мақтаса, халқы «Құрандай жапырылып» сөзіне құлақ салғаны үшін, яғни жалпақ елдің ақылгөйі болғаны үшін мақтап отыр. «Жекеңді» бейшараны жылаттағаны, жылатқанды ұнаттағаны үшін мақтап отыр. Мынау көніл айтқан мырзаның өзіне, байтақ-қа керек болған соң ғана, саулығызызды тілейміз деп отыр. Қысқасы, қазақтың шын

ақыны ешбір уақытта аты мықтыны мақтаган емес. «Байтаққа пана болған» мықтыны мақтаган. Ілге қарадан шыққан қазақтың ақыны ешиақытта қарасын ұмытқан емес. «Өткеннің бәрін өртеп жібереміз» дей бермей, мұны біз де ұмытпауымыз керек» (1: 223).

Бұл – XX ғасыр басындағы таптық дауға қарсы айтылған пікір. Осы тұста Мағжан қазак әдебиетінің тектілер туралы екенін аңғартып қана қоймай, оның ерекше мағынасын да атап берген: «қазақтың шын ақыны ешбір уақытта аты мықтыны мақтаган емес. «Байтаққа пана болған» мықтыны мақтаган». Ақынның кісілігіне сын осылай аңғартылған. Базар жыраудың осы бір қасиеті ерекше талданған: «Асса, елдің қамын ойлаған, қалса, өзінің ойына терең бойлаған ақын» қай кезде өмір сүрген? Заманы қандай болған? Бұған дәлелді әдебиетші ақынның сөздерінен тапқан: «Базар жырау патша Арыс, Түркістанды жаңа алған кезде өмір сүрген адамға ұқсайды. Ол кез – Жайдан сықылды қыргыздың соғылғандары, Байзақ, Құдайберген сықылды қазақтың Құдай ұргандашының шенді шекпенге қарық болып, жалпақ елдің «аузы түкті гәуір, жеті басты ауыр» деп қан жылап жүрген кез гой. Сол кезде кешегі көкжал Кененің ер ұлы Сыздық «елім» деп жортып жүріп, шөмекей ішіне барса керек. Сонда «Сыздық бастаса гәуірден құтыламыз», – деп жалпақ елмен бірге Базар жырау да қуанғанга ұқсайды. Базардың ә дегенде Сыздықта айтқаны: Кенеден тұган Сыздық жүр: «Көрмеймін, – деп – гәуірді. Қорлығына конбен, деп, Қолдан тізгін бермен», деп, Қөңілі осылай бөлінді. Сыбанып батыр білекті, қайтпаган қайсар жүректі. Тәңірі оңгарса тілекті. Кенеден тұган ер Сыздық Келтірер өзі ретті (1: 223).

Базардың заманға айтқан назы, елге жалғыз Сыздық еш амал қыла алмағанын былай щертеді: «Дариға, бірақ Құдайбергендерін Құдай атқан, азған елге жалғыз Сыздық не қыла алсын? Жалғыз өзі – «ретті» қалай келтіре алсын? Аласұрган Сыздық ойдан қырға жортумен өмірі озады. Жалпақ елдің де иманы бәсендей береді. Сонда көкірегін ыза кернеп, Базар жыраудың жырлағаны:

*Қызыл тілін безеген,
Дұшпанга оғын кезеген.
Сауытын күіп салынып,
Қызыл қанга малынып,
Наз бедеуін жебеген.
Бес қаруын белсеніп,
Көмілген жсолды көзеген.
Дариядай толқып кернеген,*

Алаш әдебиеттануы

Пенде еркіне көнбекен,
Дүшпанның жолын зерлеген,
Көзі бір қанды ер
Сыздық Қайданы тола ашумен,
Қияда жүрді-ау қажумен...
Бізде жүрді аз гана
Жолбарыстай ыңыранып,
Қанага сыймай тасумен.
О, дарига, дүние-ай,
Өксі-өксі күн өтті-ау,
Аласұрган жүректі
Екі қолдан басумен... (1: 224).

Осылай Алаш әдебиеттанушысы ақын сөзінен қазақ тарихын анықтап қана коймай: «Заманның келбеті, назы, өкпесі әдебиетте осылай бейнеленді», – деп анықтап берген. Сыздықтың «Қияда жүріп қажуы», «жолбарыстай ыңыранғанын» жырлаған Базар жырау сөздері осылай әдебиет тарихында нақышталған. Ол туралы Алаш әдебиетшісі билай деген: «...Оның жалынды жастығы болған. Оның да іздеген бағыты болған. Жете алмаған, қажыған, Жендім деген, алданған... Осыларды жырлайды Базар. Бірақ шерлі елдің шын баласы ғой Базар. Өз шерін толғап отырып, елдің шеріне түсіп кетеді:

Дүниені құдым ізденіп.
Ұстамаққа кездесіп.
Дүние қырын салмады.
Ешбір маган әмір ғып.
Бұл жалғанға келген соң.
Әр таратқа толқытты
Көңіл мұңдар желденіп.
Дүние қызық көрінді
Алтайыдан алдымда.
Соқпаққа көрдім серменіп.
Құлтырган қара құндыз деп.
Тұңғышықты тереңге
Талай құлаш сермедік.
Жолбарыстай ыңыранып.
Қайрат сыймай қанага
Нар бурадай көлбедік...
Опасы жоқ дүние.
Түспей қолга қуганмен
Неше бір алуан түрленіп.

Айгүл ICIMAКОВА

Өткіздік өмір гақлатпен;
Атаңа нәлет дүниенің
Алданғаның шын көріп.
Хақ шаригат ойламай.
Дүниенің кірімен
Қалды бір көңіл кірленіп...
Талма-тал тұс болғанда.
Талықсығанга ұқсаймыз;
Дүние – киік, адам – ит.
Құа-құа ізденіп.
Ерлерге азап шектірді.
Атанаң мекен қонысын
Гәуір алып жерленіп.
Азаттыққа қару жсоқ...
Қарусыз жауга бару жсоқ...
Осы күнде біз тұрмыз
Саңылау таптай көздейтін...
Бұрынғы откен ерлердің
Еске түссе істері,
Іш толады шерленіп...
Көкіректің қабы жарылып,
Ретімен шыгарға
Соз сыймайды кернеліп... (1: 224–225).

«Өз шерін толғап отырып, елдің шеріне түсіп кеткен» Базар жырау өлеңдерін Алаш әдебиетшісі осылай зерттеген. Базар жырау өз заманының суретшісі ғана емес, «хақ шаригат» жолындағы Абайша ойланған азамат болғаны туралы былай делінген: «Өлім босағасында тұрып Базар жыраудың айтқан ұзақ өлеңінің ішінде мынадай сөздер бар:

Дүние, бір толқыттың, бір қорқыттың,
Айырылып ажсадаңадай ақыр жұттың.
Болғанда бізге жолдас сертің қайдада?
Достықты құшақтасқан неге ұмыттың?..
Құлаштап дүние сени қармансақ та,
Кері келгенге ұқсайды-ау Қорқыттың...» (1: 225).

Зерттеудің басты мақсаты келесідей берілген: «Осы аз гана өлеңдерден Базардың бірталай терең ақын екендігі байқалуга тиісті. Бірақ Базар туралы толық бір пікірге келу үшін, оның барлық өлеңдерімен таныс болу керек. Бұл менің қолымда жсоқ. Менің

Алаш әдебиеттануы

мақсатым – сұлу сөздері бар Базар атын білдіру еді. Түркістандағы, әсіресе Қазалыдағы хат білетін азаматтардың Базардың сөзін жинаулары тиіс. Әсіресе Базарды «кеңесі кеңінен келген кертағы» деп әдемі жоқтай білген Жомарт молданың тірі болса, жасып беруі иғі болар еді» (1: 225). Демек, «сұлу сөздері бар Базар атын» таныту ғана емес, оның мазмұнды өлеңдері қазаққа қажетті екенін де мойындау. Бірақ сонымен шектелмей, «кеңесі кеңінен келген кертағы» ақынның мұрасының сақталуы да әдебиеттану алдында міндет етіп қойылған.

М.Жұмабайдың «Бернияз Қулеев» мақаласы «Ақжолда» жарияланған (1923, 22-қантар). Мақалада жиырма жасында «өзін-өзі атып, дүниеден қайтқан» ақынның әдеби мұрасы сөз болған. Кіші жұз Әлім руынан шыққан Б.Қулеев ауыл мектебінен білім алып, Бөрте болысындағы 2 класты школ бітірген. Орынбордағы мұғалімдер мектебін 1917 жылы бітіргені, 1920 жылы «Ұшқын» газетінің қызыметкері, 1921 жылдан бері Қазақстан елді ағарту комиссариаты қызыметі мен Қазанды болған, сонда қайтыс болғаны айтылған. Ақынның сөзіне баға беру – мақаланың негізгі мақсаты. «Бернияз төңкеріс заманында туған ақын, бірақ төңкеріспен дүниеге шықкан шағы бір келетіні болмаса, төңкеріс туғызған ақын емес. Тегінде, әдебиет көктен түскен пайғамбарлық емес. Әдебиет – елдің жанында жүре бастаған толқындардың жарыққа шыққан жаңғырығы» (1: 219). XX ғасыр басындағы ата-баба сөзін жоққа шығарғандар туралы былай дөлінген: «15–20 жыл бұрын еліміздің көзі жасты еді. Әдебиетіміздің де көзі жасты еді. Бірақ алдыда келе жатқандығын ақтап, жұбата білді. Соңғы 10–15 жылдарда елімізге елдік сезімі кіре бастады. Соңдықтан әдебиетіміз де екпінді, отты мінез алды. «Кекті кексей», алыстағы үмітті жырлай бастады. Әдебиетіміздің жүріп келе жатқан табиғи жолы осы еді» (24: 219). Алаш әдебиетшісі Мағжан Жұмабай Берниязды сол табиғи жол өкілі дейді. Бернияздың «Енбекші қазак», «Қызыл Қазақстанда» шыққан өлеңдері мен поэмасына жоғары баға берілген: «Бұл өлеңдерінде, әсіресе поэмасында Бернияздың бұрынғысынан бірталай ілгері кеткендігі көрініп-ақ калып еді... Оянған үмітіміз біржола бекіп еді. Бернияздың әдебиетіміздің берік бір бағанасы болуына сеніп едік» (1: 220). Ақынның өмірден ерте кеткеніне өкініш білдірген әдебиетші Мағжан Жұмабай оны бейнелі сөзben берген: «Бағытты бір қылышп, таспик болып тізіліп келе жатқан аз ғана жазушыларымыздың қатарына жас Бернияз да келіп тізіліп еді. Бірақ не лаж, таспиктан сол тас үзіліп түсті». «Ақынның өмірден кетуіне не себеп?» деген

сауалға Алаш әдебиетшісі әлеуметке кінә тағады: «Бернияздың өз өмірін, өз қолынан бітіруіне қандай себеп болғаны бізге мағлұмсыз. Алайда жастықпен, әсіресе тәртіпті дұрыс тәрбие алмаудан туған бір себеп болуына шүбә жоқ. Олай болса, жас жанның мұндай жолға түсуіне өзінен бетер әлеумет айыпты. Тұзу жолға сала білмеген дұрыс тәрбие бере білмеген әлеумет. Аласұрған жас жанның қолына мылтық беруші – сол. Осыны ұғыну керек. «Үмітті жасымыз неге ерте кетті?» деп емес, «Неге ерте кетірдің?» деп ренжу керек. Күнә сенікі емес, көптікі, Жаның тыныш болғай еді, жас ұлан!» (1: 220).

Мұсылмандыққа қарсы іс болғанын мойындан отырған алаш әдебиетшісі айыпты заманға тірайді «дұрыс тәрбие бере алмаған». Соңғы сөйлем Алаш ғалымдарына қатысты айттылғандай. Өмірлері қыршынынан қызылып. 1937–1938 жылдары оларды да ерте кетірген сұрапыл заманға біздің ренжуіміз әбден занды. «Күнә» сендердікі емес, ол совет заманының белсенділеріне болсын дейміз.

«Әбубәкір ақсақал Диваев» – 1924 жылы Ташкентте Диваев жинаған халық әдебиетінің үлгілерін құрастырып, «Тарту» деген атпен кітап боп шыққан. Кітапты Мағжан Жұмабай құрастырған. Аталған мақала осы жинаққа алғысөз ретінде кірген. Сонында: «Қазақ-қырғыз білім комиссиясының мүшесі Мағжан Жұмабай. 1923 жыл 30 май. Ташкент» деп жазылған (1: 230).

Кітапқа алғысөз болғандықтан, мәтін қысқа, бірақ нақты жазылған. Әбубәкір ақсақал Диваев – башқұрт тұқымынан, ата-мекені Упі губерниясы. Істерлі тамақ уезі, Тоқай ауылы. Ғалым Орынборда 1855 жылы туылғаны мәлімделген. Жасынан орысша оқып, Орынбор кадет корпусын бітіргені, 20 жасында әскерлік қызметінен босатылып. Сырдария губернаторы кенсесіне тілмаш болып кіргені айғақталған. Ол кездегі Сырдария губернаторы Гродеков деген адам болған: «Бұл – қазақ-қырғыз елін патша үкіметіне әбден бағындырып, ноқталап алу үшін қазақ-қырғыз елінің жайын, күйін тексеріп жазып жүрген шенқұмар бір төре» (1: 226). «Әбубәкірдің қазақ елінің жайын тексеруге кірісіп кетуіне сол Гродековтың бұзық оймен болса да осындей жолда журуі» себеп болған. «Бірақ: «Әбубәкірдің қазақ-қырғыз елімен араласа бастауы һәм өзінің тұрмысы қазақ-қырғыза жақын башқұрт баласы болуы себеп болған» (1: 226). Әбубәкірдің осы жолдағы қызметі туралы: «Осы себептерден Әбубәкір 1883 жылдан былай қазақ-қырғыз елінің жай-күйін тексеруге кірісіп кеткен, бірақ Гродековше қазақ-қырғыздың азат басын ноқтаға кіргізе беру үшін емес, қазақ-қырғыз елін жақсы жақтан таныстыру үшін, қазақ-қырғыз еліне тұмсығы-

Алаш әдебиеттануы

мен су тасыған қарлығаш болу үшін. Қарлығаштың қымбаттығы тасыған сұнының молдығында емес, жүргегінің адалдығында. Әбу-бәкір ақсақалдың да қазақ-қырғызға қымбаттығы еткен еңбегінің үшан-төніздігінде емес, адаптация болуында» (1: 226).

Әбубәкір Диваев 40 жыл бойына «қазақ-қырғыз елінің ауыз әдебиетін, жол-жорасын жинаған. Елдің елдігін сақтайдын әдебиеті, тарихы, жол-жорасы. Қазақ-қырғыз елінің ел болуын тілеген Әбубәкірдің әдебиет, жол-жора жинау жолына кіруінің мәнісі осы. Ол күндерде қазақ-қырғыз тілінде газет-журнал жоқ болғандыктан. Әбубәкір жинаған әдебиет орыс тіліне аударылып, газет-журналдарда басылып отырған. Ол күндерде қазақ-қырғыз елін аузын арандай ашып жүтіп жатқан патша үкіметі қазақ-қырғыз елінің жақсы жағымен, терең жаңымен, сұлу сөзімен Әбубәкір бастырған әдебиет арқылы танысады. Түрік халқын тексеріп, таза ғылым жолында жүрген орыстың Радлов, Катанов, Бартольдт, Самойлович сықылдығының дарындағы ғалымдары Әбубәкірдің қазақ-қырғыз туралы жазған мақалаларына кең орын беріп, қабыл алғып, сол Әбубәкір мақалалары арқылы қазақ-қырғыз елінің жайын арғы Еуропа ғалымдарына да білдірген. Сейтіп, қырық жыл бұрын Сырдария губернаторының кенесесіне тілмаш болып кірген Әбубәкір қырық жыл бойына жапанды жатқан қазақ-қырғыз елі мен орыс һәм Еуропа арасына адаптация болған» (1: 227). «Осыншама еңбек атқарған ғалымға қандай ілтифат көрсетіледі?» Оған былай деген: «Бағалаудың қымбаты – алдына айдан мал салу емес, шын көңілден разылық білдіріп, елдің оны «Сен – менің ұлымсың» деуі» (1: 227). 1923 жылы 22 марта Ташкентте қазақ-қырғыз білім комиссиясының бастауымен Әбубәкір Диваевтың 40 жылдық еңбегіне ұлы той жасап, өзінің ризалығын білдірген қазақ-қырғыз елі оған «ұлым» дегенін еске салады, – деп Алаш әдебиетшісі: – Ердің еңбегін ел ақтады һәм ақтамақ. Ақтағаны шын көңілмен мақтағаны; елге – ер кымбат, елге – ердің адаптация жүргізілген. Әбубәкір ақсақал осы күні 68 жаста. Әлі де болса қайратын жоймаған, қолынан қаламын тастамаған қария. Әлі де болса қазақ-қырғыз елінің әдебиетін жинап, байытып, өзі сүйген қазақ-қырғыз елінің мәдениетті болуын тілейді.

Өмірдің сары белінен ел үшін еңбек қылып, асып бара жатқан ақсақалдың қасиетті тілегі қабыл болғай еді» (1: 227). Сондықтан болар мақала басында да *ер* деген сөз алға шығарылған. Фалымның ісін ерлік деп бағалаған Мағжан былай дейді: «Елге еңбегін сіңірген *ер* қымбат. Ердің елге бағасы қаны бір болуда емес, жсаны бір болуда; қуаныш-қайғысы ортақ болуда. Ердің бағасы елге еткен еңбегі-

Айгүл ІСІМАҚОВА

нің зор яки кішілігінде емес, ел деген жүргегінің таза болуында; тілегінің елмен ортақ болуында; ер өмірінің өрі мен көрі ел өмірінің өрі-көрімен бір болуында. Әбубекір ақсақал қазақ-қыргыз елімен қаны бір болмаса да, жсанын бір қылып, шамасы келгене еңбек қылған адам. Қырық жыл бойына арымай жетапта жатқан қазақ-қыргыз елімен қуаныш-қайғысын ортақ қылған адам» (1: 226).

«Ер өмірінің өрі мен көрі ел өмірінің өрі-көрімен бір болуында; қазақ елімен қуаныш-қайғысын ортақ қылған адам». Бұл сөздер әдебиеттанушы ғалым, Алаш ақыны Мағжан Жұмабаевтың өзіне де тікелей қатысты екені осы зерттеулерден де дәлелдене түседі.

М.Жұмабайдың дастан-поэмаларындағы тарихи тұлғаның бейнеленуі өрекше тақырып. «Ертегі» поэмасы «Бостандық туы» газетінде басылған (1922), «Оқжетпесстің қиясында» Ташкентте 1923 жарық қөрген. Екі туындының басты ойы – ел қорғаны бола білген Кене ханды аңсау. «Ертегі» деп аталуы да тегін емес, совет өкіметі кезінде Кене ханның ісін ертегі жанрында ғана айтуда мүмкіншілік бар еді. Ақынның қиялы «Жұбатады айтып маған тәтті ертек» дейді замандастарына. Ақын өлеңіндегі сырғаның сыйлдыры емес, енді дүшпан қозғалысы осылай бейнеленген. Сыздық төрениң албастымен кездесуі – ердің өзінің сұрапыл заманмен алысып, женіліске ұшырағанын мензегендей. Заманы жеңілірнақ болған Сыздық төре өзінің тегіне сай істердің басында болғаны белгілі. Сол заман Кене хан мен Абылайға да төніп, оларды да «елден бездірген ел үшін». Есіл ерлердің ел корғанын өз мойындарына жүктеп алғандарын Алаш ешқашан естен шығармаған.

Ертегі-поэманың соңғы сөздері М.Жұмабайдың өз заманына арналған. Алаш зиялыштары нені армандал, кімді үлгі тұтты? Үлт үшін, қазақ үшін жанын пида етуді кімнен үйрену керек? Неге «заман озды, адам тозды, ерлер жоқ?» Ол туралы былай делінген:

Ертек, ертек, ертек, ертек – ерте екен,
Ерте күнде ешкі жуні бөрте екен.
Хан Абылай немересі Кене хан
Аспанга өрлем лаулап жаңған өрт екен!

Ертедегі адамдардың бәрі де ер,
Түн жағында ел бар екен орыс дер.
Орыс елі Арқада қол салған соң,
Жас Кененің жүргегінде қалың шер.

Елім дейді, жерім дейді, жсанады,
Жеткіншегі Ер Наурызбай баланы,

Алаш әдебиеттануы

*Ертін алым, қоргамақ болып қазагын,
Абылайдың ала туын алады.*

*Осы ойлармен ерттеді атын мінгелі,
Шөлден безіп, қанды жолға кіргелі.
Алаш елі, сары сайран жері үшін,
Жапанда емес, жау қолында өлгелі.*

*Осы ойлармен Сыздық атын ерттеген,
Тап сол кезде ер жүргегі өрт екен...
Заман озды, адам тозды, ерлер жоқ...
Заман озды, ер заманы ерте екен... (3: 129–130).*

Ата-баба жолын жалғастыратын ерлер бар екенін Алаш әдебиеттісі осылай көрсетіп кетті. Өз заманының қолы байлаулы екенін былай білдірген: Осы ойлармен Сыздық атын ерттеген, тап сол кезде ер жүргегі өрт екен... Заман озды, адам тозды, ерлер жоқ... Заман озды, ер заманы ерте екен... (3: 130).

Алаш саяси элитасының қолы байлаулы екенін, «Алаш айбынды ел» үшін ол заманда тек «күніреніп күрсініп» қана ертегі айту қалғанын М.Жұмабай поэмада меңзейді. Алаш тұлғаларының елі, ұлт рухы үшін күресі дерт екені де осы ретте айқындалған.

«Оқжетпестің қиясында» (1923) – совет өкіметі орнап, таптық жүйе бұрынғының бәрін жойып, Абайдың өзін жоққа шығарған кезде жазылған. Поэманың бас кейіпкері – отанын қорғауды ардың ісі деп санаған хан Кене. Оны Алаш ақыны қалай аңсайды? Кене ханның өзін құрбандыққа қіған ісін Алаш ақыны қалай жырлайды? Бұл сауалдар туралы шығармада былай делінген:

*Арқада Бурабайга жер жетпейді.
Басқа жер ойды ондай тербетпейді.
Бурабайдың көлі мен Көкшетауды
Көрмесең, көкіректен шер кептейді.
Қиясымен бұлт құшқан Оқжетпестей
Басқа тау ойды аспанга өрлемепейді.
Арқада Бурабайга жер жетпейді.
Алаштан Кенекеме ер жетпейді.
Көкшеде күніренген Кенем қайда?!
Дарига, жүргегімді дерт өртейді.
Көкшені күндіз-түні мұнар басқан.
Қап-қара бұлттармен құшақтасқан.
Алдында бүйра жалды бөлек тау тұр.
Көкшеге қосылмаққа қойнын аиқан.*

Айгүл ICIMAKOVA

*Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек көл ортада.
Жел ойнап, ақ бетіне меруерт шашқан.
Сол көлдің жасагасында Оқжетпес бар.
Жасаган мұнарадай құйып тастан.
Найзадай Оқжетпестің қиясына
Жалғыз-ақ Кенекем гой қадам басқан.*

Қазақ ұғымындағы «ер» мен «еркек» түсінігі осы ретте айқындалған:

*Алашта талай-талай ерлер еткен.
Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен?
Сүйремей елін өрге, көрге сүйреп.
Ер емес, «ершіктер» ол елді еңіреткен.
Жалғыз-ақ Кенекем гой қайрат қылған.
Қазақты құтқарам деп қалың өрттен...
Бір кезде Кенекемді ойлар билеп.
Бір өзі Бурабайды кезін кеткен.
Артында Оқжетпестің үңгір тау бар.
Сол тауда бірнеше күн мекен еткен.
Бір түні тым құтырып жесл ойнайды,
Жынды жесл қатты сақ-сақ күле ойнайды.
Бетінен жесл кеп сүйіп алғаннан соң,
Көбіктеніп кулегеш көл ойнайды.
Сол түні сонау үңгір тау ішінде
Қабагын қарс жауып Кене ойлайды.
Қамалған қазагына жсол таппаққа,
Журегін тілім-тілім тіле ойлайды.
«Қазагым, ханың да мен, қараң да мен,
Сен үшін жсаным құрбан», – деп ойлайды.

Кенекем құлаштаган ой теңізін,
Бұлдыртқан бұлдыр заман қыран көзін.
Бір кезде серпіледі, шыгарған соң
Ойлардың «үн» деген у лебізін.
Келеді маң-маң басып Оқжетпеске,
Құмдарга жолбарыстай тастап ізін.
Көзін жұмып, қияга шықсам-ау деп,
Ойлайды жогарыға жөндеп жүзін.
Сол минут Оқжетпестің қиясында,
Жіберсе көзін ашип, көреді өзін (3: 131–132).*

Алаш әдебиеттануы

Поэмалық лирикалық кейіпкері – ата-баба аруағы қазақтың «сырттан баласына» Кенеханға батасын береді, алты Алаштың намысын жүктейді. Алаш ақыны ол туралы былай деген:

*Кенекем көзін ашып, таң бол қатты,
Қараңғы, көз көрмейді ешбір затты...
Нажасай маңайында жарқ-жұрқ етіп,
Қарагай, сыңсың біткен шулап жатты.
Төменде, Оқжетпестің етегінде
Толқындар тасты сабап, тұлап жатты.
Кішкене сескенгендей болғаннан соң,
Кенекем аузына алды аруақты.
«Аруақ» деп алғанша аузын жиып,
Көреді қарсы алдында аппақ қартты.
Қарт сонда қозгагандай болды басын,
Қолыменен көтерді түкті қасын.
Ойнаган ақ бұлттай денесі аппақ,
Жасаган бұлт ішінде барлық жасын.
Күніренген көлдердің көбігімен
Жугандай аппақ қылып сақал-шашиң.
Ізгі қарт «а» деп аузын қозгаган
Төменде судың шуы болды басым.
Қарт сонда күніренен:
«Аманбысың, Кенежсан, елдің ері жолбарысым!*

*Кенежсан, берірек кел, сырттан балам,
Ел үшін елсіз жерде жортқан балам.
Сақтайтын қолдан, тілден сендей Ерді
Ата пір қасиетті – мен қарт бабаң.
Өз қолымен төменнен тартып алдым,
Қияда күтіп сені сансыз заман.
Ел үшін еңіреп туган жолбарысым,
Білемін, жүргегінде бар бір жараң.
Сені улаган қазақтың қайғысы гой,
Дарига, қазагыңың күні қараң.
Алаштың алдын қара тұман жапқан,
Мынау орыс обыр ол еміп жатқан.
Заман азған шағында адам азбақ,
Көп ерлер жаумен бірге елін шапқан.
Кешегі Абылайдан азып туган
Үәли анау қар қатынмен басы қатқан.*

Айгүл ІСІМАҚОВА

Шормандай шолтандаган шолақ билер
Орыстың шекпеніне елін сатқан.
Кенежсан, елің қалды жасу қолында,
Алып кет алашыңды осы жақтан.

Тайсалма, тәуекел қыл, батыр балам,
Арсыға дұға асырап мен қарт бабаң.
Еңіреген ерге серік жолдас болар,
Балауса жас жолбарыс – інің Науан.
Жау қалың: азғантай ел, азғантай шақ,
Болгай ед аруақ жасар, Құдай панаң.
Мерт болсаң мақсұтыңа жетпей егер,
Сол сағат мен осы жерде тасқа айналам.
Алашта тағы сендей ер тууын
Төбеде тас бол шөгін күтіп қалам».
Осы сөздерді айтып, қарт гайып болды,
Таудың үсті тамаша нұрга толды.
Тербеліп, күңіреніп қара бұлттар,
Жер мен көк қасиетті жырға толды.
Бұлтты айдан, сылдыратып сумен ойнап,
Ерке жесел тасты құшып сақ-сақ күлді.
«Аллалап» ну қарагай шулай-шулай,
Төменде тулай-тулай толқын өлді.
Тамашадан тас болып біраз тұрғып.

Көзін ашип, Кене өзін жерде көрді (3: 132–133)

Бата алған Кене хан қандай істің басында болды?: «Сол кеткеннен Кенекем кете барды. Жанына жас жолбарыс Науанды алды. Алашты алып шығып ел қылмаққа. Орысқа аш бөрідей ойран салды. Үйсін, дулат, қырғызбен қол ұстасып. Қытаймен катынаспакқа ой ойланды. Біле алмай надандықпен ердің ойын. Сорлы қырғыз мерт қылды арыстанды. Арыстан Алатауда мерт болғанда. Оқжетпесте тұрған карт тасқа айналды. Содан бері бірталай заман өтті. Алашты улай-улай жаман өтті. Тұлпар – тулақ, ер арып аруақ бол. Сарыарқа сайран жердің сәні кетті. Жолбарыстар жортатын сар далада қорсылдаған доныздар мекен өтті. Жалғыз-ақ Оқжетпестің киясында шөккен карт күншығысқа түзеп бетті. Көп заман талмай-тозбай тау басында. Алаштан Кенекемдей бір ер күтті. Арқада Бурабайдай жер болмайды. Алашта Кенекемдей Ер болмайды. Кене Арыстан мезгілсіз мерт болды ғой. Алашқа бұдан да зор шер болмайды. Ел азды, арқа тозды, қайғы басты. Күніреніп біздей бейбақ жыр толғайды. Құдай-ау,

Алаш әдебиеттануы

мәңгілікке қарғамасан. Кенедей енді неге ер тумайды?! Кене жоқ, ізін басар іні де жоқ. Дариға, жүргегімді дерт улады» (3: 133–134).

Соңғы тармақ Алаш қайраткерінің Кене хан сияқты ерді аңсауы ғана емес, өзінің заманына деген құсалық шерін аңғартады: «Күніреніп біздей бейбақ жыр толғайды» (3: 134). Алаш арыстары ер қорғаны Кене хан тұлғасын әдеби-ғылыми зерттеулерінде, тарихи еңбектерінде, осындаі көркем, асыл сөзben бейнелеп кетті. Не үшін? Өздеріне тіреу іздеу үшін ғана емес, келешек үрпак пен замандастарының еңсесін осындаі ер тұлғалық ел қорғаны болғанын көрсету үшін.

М.Жұмабай өз заманының абызы Жамбылға 24 шумақ өлең жазған деген дерек бар. 1937 жылы Жамбыл атағы кеңінен танымал болған кезде, карт ақыннан рухани демеу күткен Алаш ақыны аталған өлеңдерін арнаған екен. Содан сақталғаны келесі шумақ қана, Жамбылға:

...Жан аға! Шықтым өлімнен,
Халімді менің көрсейші.
Жаңың нұрга көмілген,
Нұрыңнан ұшқын берсейші!.. (3: 116).

Магжанның эпиграммаларында әдебиетшілердің, Алаш ақындарының басты тақырыптары қамтылған. Мадиярга:

Жолдан азып,
Закон жазып,
Майқы бол,
Ақын Мәкең
Отыр ма екен Қайқыып? (3: 108).

Жаһания Досмұхамедов пен Халел Досмұхамедовке:

Қайда екі дос?
Орал бол-бос...
Қайда олар?
«Алла, хақ», – деп,
«Біз нахақ», – деп
Жүр бұлар (3: 112).

Ахмет Байтұрсынұлына:

Ақаң, Ақаң,
Тілек-батаң
Аққа жсаң.

«Я, Жаппар хақ,
Мен шын нахақ», – де де жат.

Әлиханға:

Ел ағасы,
Елдің басы,
О, Әли!
Есенбісің,
Көсембісің,
О, пәли! (3: 112).

Мағжан Жұмабайдың абайтануға қосқан үлесі де нақты. Алаш ақыны әдебиетші Мағжан «Атақты ақын, сөзі алтын Хакім Абайға» атты өлеңінде Алаш абайтануының негізгі ұстанымдарын айқындап берді. Өлең 1912 жылы «Шолпан» жинағында басылған. Алаш әдебиетшілері Абайды қорғауды өздеріне міндет қып қана қоймай, оның Хакім Абай екенін айғақтаған. Бүгінгі философ замандастарымыз Мағжан әдебиетшінің осы түсінігін дәлелдеу үшін том-том кітаптар жазып әлекке түсіп жүр. Алаш әдебиетшісі ақын Мағжан Абайға нақты кәсіби дәлелденген баға берген. Атальған өлең тәуелсіз кездің әдебиеттануына қосылған үлес екені де даусыз.

Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға:

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.
Қараған хакім болған сендей жанды
Дүние қолын жайып енді күтпес.
Сөзіңе құлақ салып, баға бермей,
Қисайып, қыңырайды жұртың иттес!
Бұтыып, теріс қарап: «Аулақ жсур!» – деп,
Болды гой жақын туган бәрі кектес.
Тыныш ұйықта қабіріңде, уайым жеме,
«Қор болды қайран сөзім босқа!» – деме.
Артыңда қазақтың жасас балалары
Сөзіңді көсем қылып, жүрер жөнге!
Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүргін артар.
Көз ашип, жұртың ояу болған сайын,
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.
Жүргеннен жансың артында ізі қалар,
Етіксіш өлсе, балга мен бізі қалар.
Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,

Алаш әдебиеттануы

Жүйрік өлсे, артында сөзі қалар!
Сұм дүние сылаң беріп көптен өтер,
Сау қалғанның көбісі ертең бітер.
Тоқтамас дүниенің дөңгелегі.

Жүйріктің айтқан сөзі көнке кетер (3: 12).

Хакім Абай ұғымын өлеңімен нақыштап кеткен Алаш әдебиетшісі келешектегі шала сауатты зерттеушілер жаңылмас ұстанымды осылай анықтап берді. Алаш зиялларының қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы істері еліне тұмсығымен су тасыған қарлығаш жүргегіндей адап және иманды. Сондыктан бұл еңбектер бүтінгі әдебиеттану ғылыминың үлгілі түрлері болып қала бермек. Аз сөзге көп мағына сыйғыза білген, әдебиеттің халық өміріндегі маңызды міндетін мойындана білген Алаш әдебиеттанушысы Мағжан Жұмабайдың осы тұрғыдан мойындалып талданған ғылыми мұрасы қазақтың Тәуелсіздік кезіндегі ғылымина қосылған субелі және ғылыми құнды үлес екені айқын.

Алаш ақыны, әдебиетшісі Мағжан Жұмабайға Алланың рақымы, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) шапағаты болгай!

1. М.Жұмабаев. Үш томдық шыгармалар жинағы. 3-том. А.: Жазуты. 2003.

2. М.Жұмабаев. Шыгармалар. А.: Жазуты. 1989.

3. М.Жұмабаев. Үш томдың шыгармалар жинағы. 2-том. А.: Жазуты. 2003.



2.7. ҚОШКЕ (ҚОШМУХАММЕД) КЕМЕНГЕРҰЛЫ

*Бұл сөздің магынасы емес терең,
Сонда да қорытуын айтып берем;
Әр түрлі сыйналатын жер болмаса,
Достықты, жақындықты шын-ақ дер ем;
Жап-жақын жайшылықта көп дос-жарды
Мен неге жамандықта сирек көрем?*

*Тар кезең, талма жерде табылу жоқ,
Қалады құлақтары болып керең.
Осындай дүниенің ісін байқап,
Достық пен жақындыққа талғап сенем.*

A.Байтұрсынұлы

Алаш әдебиеттанушысы атағына Қошке Кеменгерұлы (1896–1937) толығымен сай екенін езі көзі тірісінде дәлелдеп берген әдебиетші. Алғашқы мамандығы дәрігер Қошке 15 шілдеде 1896 жылы дүниеге келген. «Бірлік» үйімінде белсенді мүше болғаны С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында айтылған. Оттызыншы жылдардың басындағы жеке адамға табыну зардаптарының алғашқы нышаны біліне бастаған осы бір тұста-ак отызға жуық қазақ оқығандары Алматы түрмесіне қамалады. Бұл кезде М.Әуезов пен Қ.Кеменгерұлы аспирантурада оқып жүрген болатын. Сол жылдардағы Сталиндік жаппай жала жауып, мін тағудың қармағынан бұл Алаш әдебиетшілері де шет қалмайды. Мұхтар мен Қошке ұсталып, оқудан қуылады. Құрамында М.Тынышбайұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Досмұхамедұлы, Ә.Ермекұлы, т.б. қырықтан астам қазақ зиялышлары түрмеге қамалады. 5 жылға жер аударылғандардың ішінде Қ.Кеменгерұлы да болды.

ҚАЗАПП үйімінің 1932 жылғы съезінде алашордашылар және оларды қолдаушыларды «байшыл, ұлтшыл» деп, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Сәдуақасұлы, С.Торайғырұлы, Қ.Кеменгерұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов және басқалардың шығармаларын тексеру керек деп нұскай берілді. Жоғарыда аты аталған қаламгерлер төл туындыларында халық мұндың мұнданап, жоғын жоқтағаны үшін «байшыл-ұлтшыл жазушылар» болып танылды. Алаш тұлғаларының халықтың болашағын толғаған мұралары кінә болып тағылды.

Каулы жарыққа шыққаннан кейін кеп ұзамай-ақ Қошке Кеменгерұлы НКВД-ның тұзағына екінші рет түсіп, 1937 жылдың 21

Алаш әдебиеттануы

қарашасында Омбы түрмесінде атылады. 1957 жылы саяси ақталған Қошке Кеменгерұлының еңбектері 1965 жылы жарық көре бастады. Бірақ ғылыми айналымға тек Тәуелсіздік кезінде енді. *Галымның әдебиет, тіл білімі, тарих, журналистика, педагогика саласында жазған зерттеулері төмөндегідей: тіл саласындағылары:* «Тілшілердің міндеті, мәнісі туралы» («Ақжол», 1925 сөуір) атты қолемді баяндама. «Жат сөздер туралы» («Қызыл Қазакстан», 1926, № 11, 14, 138–143-бб.), «Қотыр сөздер» («Жана мектеп», 1926 № 14, 15) «Қазақша-орысша тілмаш» (М., 1925), «Жағрапия үшін оку құралы» (Т., 1928, 1-том, Қызылорда, 1929) атты еңбектер жазды. «Қазақша-орысша тілмаш» туралы: («Еңбекші қазак», 24.XI.1926) «Жат тіл: оқыту әдісі» 1927 жылы «Жана мектеп».

Алаш әдебиетшісі әдебиетті танытуды ұлттың тарихымен тығыз байланыстырыған. Сондықтан келесі еңбектерінің де әдебиет тарихына тікелей қатысы бар. «Қазақтың тарихи түрмисынан» («Темірқазық», 1923, № 2, 3, 53–68-бб.) зерттеуі қазақтың жайы мен әскері, сот, оку және жер мәселесі, ру жайында; «Қазақ тарихынан» (М., 1924) атты еңбегінде қазақ халқының Ресейге қосылуына дейінгі кезден басталып, кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі (1923–24) тарихи, мәдени процеске сараптама жасалған.

«Бұрынғы езілген ұлттар» (М., 1925) атты зерттеу кітабында патшалық Ресейдің езгісіне ұшыраған 36 ұлттың түрмисы (тарихы, жер-сүйе, мәдениеті, шаруашылығы, қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік жағдайы) сүрьыпталған. Алаш ғалымының аталған еңбектері тарих саласының кәсіби зерттеулері болып табылады.

Көсемсөзші Қошке Кеменгерұлының келесі еңбектері айқындалған: «Кеңес қызметкерлері туралы» (сұрауларымыз, жауаптар, анкеталар, «Ақжол», 1924, № 5, 9. XII), «Мектеп қай тілде болу керек?» («Еңбекші қазак», 1926, № 25), «Дұрыс па? Ұбырыс па?» (Еңбекші қазак, № 249), «Қызмет адамдарының қонақасы» («Еңбекші қазак», 1926, № 237), «Ұмытшактық» («Жас азамат», 19.XI, 1918. № 11), «Ел газеті қандай болу керек?» («Ақжол» тілшілерінің бірінші конференциясы) жинағында), т.б.

Қ.Кеменгерұлының әдебиеттанулық еңбектер: «Абайділда хан айдаудан келгенде Орынбай ақынның айтқаны» («Сана», 1924, №3), «Қалмақ-қыргыз», «Мұрат ақынның сөздері» («Сана», 1924, № 2, 3), «Есенбике қыз бер жылқышының айттысканы» («Әйел тендігі», 1926, 2–3). Алаш әдебиетшісі Қошке Кеменгерұлының «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазак», I, XII, 1926), «Сәбитпен айттысты дөгардым» («Еңбекші қазак», 1927, №23), «Қазақ тарихынан»

Айгүл ICIMAKOVA

зерттеуінің III бөлімі (XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы қазак әдебиеті) атты зерттеулер өзінің кәсібілігімен тәуелсіз әдебиеттануға әсер етуде. Қ.Кеменгерұлының жазушылығын айқындалап тұрған мұра: «Солған гүл» («Айқап», 1915, №14, 207–208-б), «Жазғытұры» («Айқап», 1915, № 7–8), «Сонда...» («Айқап», 1915, № 12), «Ашығып үш күн болды арығаныма», «Қайғыланба қамығып», «Сүйікті сәулем», «Нұрмагамбет тілмашқа», «Атаң менен анаңды», «Бұлбұл үнсіз, ғулсіз бе?», «Жаздым сәлем жаныма», «Бала-шаға, серік жоқ» өлеңдері және Пушкиннің «Пайғамбары» («Айқап», 1915. № 4). Никитиннің «Сәскелік көлдін жағасында» («Айқап». 1915. № 13) өлеңдерінің аудармасы. Сонымен катар К.Кеменгерұлы келесі пьесалардың авторы: «Алтын сақина» (1925). «Парашилдар» («Жана мектеп». 1926. № 7–8). «Ескі оқу» («Жана мектеп». 1927. № 1). «Бостандық жемісі» (1919). «Қасқырлар мен қойлар» (1920). «Құнәсіз қүйгендер» (1930).

Жазушы Қ.Кеменгерұлы келесі прозалық мұраның да авторы: «Жетім қыз» («Жас қайрат». 1924. № 6). «Момынтай» («Лениншіл жас». 1925. № 3-4-5). «Отаршылдық ұсқындары» («Әдебиет термесі». 1925. № 1). «Қанды толқын» («Еңбекші қазақ». 1926. №3). «Дүрия» («Әйел тенденгі». 1927. № 12–13). «Қазақ әйелдері» («Әйел тенденгі». 1927. № 4). «Қарашаш» («Әйел тенденгі». 1928. № 4). «Назиқа» («Әйел тенденгі». 1928. № 4). «Ерлік жүректе» («Сана». 1924. № 2–3) (2: 11–12). Жазушының аталған әңгімелері замандастарының пікіріне ие болған. Осы тізімде аталған «Көркем әдебиет туралы» мақаласын бүгінгі әдебиеттану тұрғысынан саралап шығуды жөн көрдік. Аталған мақала «Еңбекші қазақта» (1.12.1926) әдебиет мүддесі төнірегіндегі айтысқа арналып жазылған... Оған М.О.Әуезов, Қ.Кеменгерұлы, Е.Алдонғаров, А.Байділдин, М.Дәулетбаев, С.Мұқанов, т.б. катысқан. Қ.Кеменгерұлының бұл мақаласына Сәбит Мұқанов «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікір» деп қарсы жауап жазып (1927. № 1. 4. 5) әдеби айтысты саяси-таптық айтысқа айналдырған. Бұған Қошке «Сәбитпен айтысты доғардым» («Еңбекші қазақ», 30.1.1927) деп қысқа жауап берген. Сәбит: «Мен айтысты доғармаймын», – деп кінелаганымен, Қошке жауап бермеген. Осы тұста «Екеу» деген бүркеніш атпен («Еңбекші қазақ», 3.8.1927) Ж.Аймауытұлымен М.Әуезов айтыстың доғарылуына себеп болған кәсіби мақала жариялады.

«Көркем әдебиет туралы» мақала Сәбит Мұқановқа жауап ретінде жазылған. Бұл мақалада әдебиетші Қошке саяси емес, әдебиеттанулық кәсібілікте алға тартқан. Қ.Кеменгерұлы былай деп

Алаш әдебиеттануы

бастайды: «Пікір таластырғанда кекетіп-мұқатудың, сөгудің керегі жоқ дегенге қол қойып, мәселені салқынқанмен шешейік. «Алты жылдың ішінде көркем әдебиет туралы не істедік?» дегенде, Сәбит «жоқ» деп жауап береді. Сәбит өзгені көрмесе де, Бейімбет пен Сәкенді көру керек еді... «Қартқожа» сияқты романды көру керек еді» (1:123), – деп жазады. Осы тұста Қ.Кеменгерұлы «Ертеректе Абай мен Ақанды іске жарагысыз қылған Сәбит: «ұлтшылдықты отаршылдық туғызды, «Масаны» әжетке жаратып, «Заманды әркім билемек» деп Абайдан мысал келтіріп отыр», – деп, өзіне тағылған саяси кінәға әдебиетші ретінде кәсіби жауап береді. Әдебиетші Луначарский, Троцкий, Неверов, Горький, Даниловтардан дәйектеме көрсете отырып, әдебиеттің «тап мәселесіне тікелей байлануына қарсылық білдіреді. «Сәбиттің үлкен уайымының бірі ұлтшылдардың көркем әдебиеті көп басылып кетті дейді», – деп, Мағжан мен Мұхтарды қорғайды: «Өзі ұлтшыл болғанымен, бұқара, кедей тұрмысын жазатын болса, не айып шамы бар! Жүсіпбектің пьесаларынан, «Қартқожасынан» қандай кінәмшіл адам болғанымен ұлтшылдықтың ісін таба алmas, Мұхтардікі де осындай» (1: 123).

Осы ретте әдебиетші Достоевский, Фет, Пушкин, Толстойларды Сәбитке дәлел ретінде келтіреді: «Орыстар ескі жазушыларының, ақындарының жазғандарын таңдал алып басып жатқанда, кең бұқарашибылдық рухында жазылған кітаптардың басылғандарына Сәбит неге ренжиді?» (1: 123). Бухаринен сілтеме келтіріп, Қошке өз ойын дәлелдей түседі: «Ұлтшылдардікі көп басылса, көркемдігі үшін басылған шығар», себебі: «Ақындық суретпен ойлау дегенге марксшілдердің бәрі қол қойған». Вагнер, Плеханов пікірлері осы ойды дәлелдеу үшін келтірілген. Әдебиетші көтерген келесі мәселе күні бүгін дау тудырып келе жатыр: «Көркем жазушылық пен жай жазушылықтың арасы жер мен көктей» (1: 124). Троцкийдің Пильняк пен В.Иванов туралы пікірі осы ретте пайдаланылған. Сондықтан Қ.Кеменгерұлы Мағжан мен Міржақыпты осы тұрғыдан қорғаған: «Оян, қазақ!» пен «Шолпанды» Сәбиттің «көже» деп синауы диалектикаға жатпайды. Нені болса да орнына, заманына, тарихи жағдайларға қарай бағалау керек» деп, әдебиеттанудағы тарихи контекст қажеттілігін еске салады. Осы тұрғыдан келесі тұжырымға келеді: «Оян, қазақ!» алғашқы шыққанда Грибоедовтің «Горе от умасындей» болған. «Оян, қазақты» ел қазактары Құрандай жаттаған. Міржақыптың атын алты Алашқа таратқан «Оян, қазақ» болған. Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы» «Бедная Лиза» сияқты болған», – деп пікір білдіреді.

Айгүл ICIMAҚОВА

Міржақып ақталғалы біраз болды, бірақ шығармалары Қошке атағандай әлі зерттелмей келе жатыр. Мақаладағы Гегель, Маркс, Плеханов, Воровский, Луначарскийлерден келтірілген сілтемелердің қазақша берілуі Қ.Кеменгерұлының аудармашылық даралығын және көрсетеді. Бұлар Сәбиттің Мағжанды кінәлауына тосқауыл қою үшін қажетті ғылыми ақпарат ретінде келтірілген. Алты жылдағы әдебиет жетістіктері туралы және оның шынайы халін айтуды Қошке езіне міндет деп санайды: «Шын реализмнің қоныс теппеу себебі не? Шын тұрмыстың бәрін қисайтып жібергендердік біздің жазушыларымыздың Лебединский, Сейфуллина, Всеивод Иванов, Пильняк сияқты жаза алмағандығы» деп, оның себебін де айтып кетеді: «Мәселен, Лебединский «Неделя» деген әңгімесінде ЧК-ның агенті төңкеріс жауларын жалаңаштап атқанда, шыдай алмай өзі атылады. В.Иванов бір әңгімесінде партизандардың қазақ әйеліне істеген зорлығын жазады» (1: 126). Алаш әдебиетшісі Қ.Кеменгерұлы қазақ ақын-жазушыларының ішінде шын реализммен жазылған шығарма Бейімбет өлеңдері екенін атап көрсетеді. Бұл мысалдарды келтірген Қ.Кеменгерұлы заманға мін тағып, заманды кінәлап қана қоймай, оның сүркіялышын, сүм заман екенін айта кетеді. Әдебиетші ретін тауып өзінің замандастарын, Алаш ұлтшылдарын корғап қана қоймай, өзінің жаңа заманға, оның таптық сойқанына қарсылығын осылай білдіреді.

Алаш әдебиетшісі Ұлт деген сөзден қорықпауға шақырады. Қ.Кеменгерұлы келесі ұлтшылдарды қолдайды: «Ұлтшылдардың бір жігі совет үкіметін қазақ ұлтына пайдалы деп табады, сондықтан еңбегін аямайды, қазақ ұлтын мәдениетті болса екен дейді. Ондай ұлтшылдар ру тұрмысына, атқамінерлерге, жуандарға, молдаларға, кейбір байларға, отаршылдарға, кеңсешілдерге, қызмет адамдарының бұзықтығына, парасына қарсы еңбекшілердің еңбегін корғайды, әйел тендігін жактайтын, қазақ ұлтын орыс ұлтымен тен құқықта болуы жүзеге асса екен дейді. Осындай ұлтшылдардан шыққан жазушы коммунистің пікірін қуаттамаса да, бағалай ма, жок па? Мұндай жазушының жазғаны объективная ценность емес деп кім айта алады?» (1: 126–127). Сын реализм тұрғысынан жазарлық деп төмендегідей тақырыптарды Алаш әдебиетшісі бөліп атаған: «Көркем әдебиеттің құшағына түгел алатын тақырыптар: 1) қазақ елінің жер үшін талас-тартысы, орыс поселкелерімен қатысы; 2) отаршылдықпен құрескен ұлтшылдар; 3) қадимдермен құрескен жадидтер; 4) 1916 жыл толқындары; 5) Жетісудағы жер реформасы; 6) Февраль төңкерісінің әсері; 7) Октябрь төңкерісіндегі қазақ

Алаш әдебиеттануы

окығандары, бұқарасы (арғынның алашорда болып, қыпшақтың большевик болу негіздері сияқты); 8) разверскідегі атқамінерлер әділсіздіктері; 9) 1921–1922 жылдағы жұттар; 10) 1921-жылғы көтерілістегі крестьян, қазақ қатыстары (Мұстай, Санбай сияқты байлардың большевик болу оқиғасы сияқтылар); 11) алғашқы жылдарда ел арасында ячейка жасалу тарихтары» (1: 127). Аталған «осы тақырыптардың бәрі көркем әдебиеттің толық еншісі болса, сонда ғана толық ұлт әдебиеті болады». Сонда ғана қазақ ұлтының өзгешелігі айқын көрінеді», – деп айқындайды Алаш әдебиеттанушы галымы Қ.Кеменгерұлы.

Мәскеудегі ВАПП туралы да Қошке өз пікірін білдіріп қана қоймай: «Ресей жазушыларының үйімі бөлек жасалып отыр» деп, ескертуді жөн санайды. Әдебиетші үшін ең маңыздысы: «Қандай үйім болса да, негізгі көркем әдебиетті гүлдендіру болу керек. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» дегенде. Абай мазмұнды алтын деп, түрді күміс деп отыр. Абай пәлсалапашы болғандықтан мазмұнға артық баға беріп отыр. «Пікір жағынан мазмұны алтын болса, сұлулық жағынан түрі де алтын болу керек» дегенді ұран қылу керек. Атақты Сейфуллина айтады: «Жазушы көзін жұмбай, тұрмыстағы жараларды, таңбаларды, ауруларды көрсетсе, бірақ адамның алғыр күшіне, батыл ісіне, ыстық қанына, жалынды жанына, шығарғыш мына сеніп, журегінен сәуле түсіріп жазса – ол көркем болады», – деп (1: 128). Алаш әдебиетшілерінің бұдан асырып айтары сөзсіз, бірақ орыс жазушысының пікірі Сәбитпен айтыста мықты аргумент ретінде келтірілгені бірден аңғарылып тұр.

Осының бәрін Қ.Кеменгерұлы Сәбиттің қазақ әдебиетіне шын көзben қарауын көздел келтірген: «Қазақ қалам қайраткерлері де жараны бетімен, таңбаны тексермей, ауруды сау қылмай, күншығысты құлдықтан құтқарған октябрь төңкерісін кінәламай, қазақ ұлтының өткен, казіргі дәуірдегі тұрмысын көркем әдебиет айнасына түсіру керек. Сәбитпен айтысты додардым» (1: 128). Мақала соңында осыншама кең көлемді пікір таластыра білген Қошке Кеменгерұлы Сәбиттің сөздеріне қынжылып қана қоймай, оның сөздерінің неліктен дұрыс еместігін де айтуды жөн санаған: «Мениң бұлардан келтірген мысалдарыма (Плеханов, Воровский, Луначарский, Троцкий) Сәбит: «Сену де қыын», – дейді. Бұл нені көрсетеді? Сәбиттің жоғарыда көрсетілген шығармаларды оқымағандығын, тексермегендігін көрсетеді. Сәбит диалектиканың мағынасын түсінгенмен, тұрмыс жүзінде қолданбай отыр. Осындай себептерден маған қарсы жазған макаласында Сәбит өзіне-өзі қарсы

келіп отырған. Мұндай адаммен айтысарлық менің уақыттым жоқ, сондықтан айтысты доғардым. Білім жолымен айтысатындар болса, мен даярмын» (1: 128–129).

Алаш ғалымы Қошке Сәбиттің тағы бір ескертпесіне жауап бере кетеді. Сәбит Қошкенің сөзін контекстінен жұлып алғып, өз ойынша пайдаланған екен. Қошке сол сөздерді жазылған қалпында қайта көлтіріп, өзінің сөзінен бас тартпай, сол пікірін тағы да дәлелдеп берген: «Мен жазған едім: «Бұдан былай кедей әдебиеті ерісін кеңейтеді деп үміттенуге болады. Әлі де болса кедей әдебиеті көрнекті орын алу үшін көп жылдар керек». Мен кедей оянды дегенмін. Менің пікірімді бұрып, «бүйректен сирак» шығару адамшылыққа сыймайды. Әдебиетке орыс әсері туралы «болды», «болмады» деп мен бір ауыз сөз айтқан едім. Сәбиттің орыс әсері туралы жазуы «бас десе, құлақ» дегенмен бір екен. Сәбиттің Зеленский деген поляктың «қазак» деген өлеңі бар дегеніне айтатыным: «Отаршыл патша үкіметі Польшаға қырғын жасаған. Бостандықты қөксеген азаматтарын айдаған, атқан, асқан. Зеленский Польшаның құлдықта шіріп жатқанын айқын көрсетуге болмаған сон, астарлап «қазак» деп жазған. Ұлтшыл жазушылар мен қазақ әдебиетінің ұлтшыл дәүірі туралы бөлек мақала жазамын» (1: 129). Орыс әдебиетінің әсері туралы Қ.Кеменгерұлығының негізі бар болжам жасаған. Сәбиттің тек орыс әдебиетінің әсері туралы жазуы сол кездегі соцреалистік әдебиеттанудың басты қағидасы еді.

ХХ ғасыр басындағы саяси кінә оп-опай тағыла салатын қауіпті кезде Қ.Кеменгерұлы басына түскен ауыр дауға қарамай, қазақ әдебиетінің мұддесін ғылыми негізге салып, өз пікірін алға тартқаны ерлікпен бірдей тұлғалық іс. Қошке «қазақ әдебиеті тек орыс әдебиеті әсерімен ғана күн көрмейді» дегенге қарсылық қана білдірмей, әр әдебиеттің төл дәстүрі болуы заңдылық дегенді көздеңін нағыз әділ, шынайы кәсібілік білімі биік әдебиетшінің ғана қолынан келетін іс екенін біз ілтипатпен мойындауымыз қажет. Аталған зерттеу тәуелсіз әдебиеттануға қосылған үлес екені айқын.

«Қазақ тарихынан» атты (Мәскеу, 1924) кітапшада Қ.Кеменгерұлының қазақ тарихы туралы ойлары қамтылған. Қазақтың Ресей отаршылығына қарсылығы ерекше сөз болған. Кітапша Фаббастың бұл басылымды қatal сынға алған қөлемді теріс пікірімен ашылған: «Қошмұхаммедтің саяси беті – ұлтшылдың жолы, қоғам тұрмысына көзқарасы идеализм көзқарасы, сондықтан Қошмұхаммедтің каншама қаламы жүйрік, тілі өткір болғанымен, сөз түйіні кітапшада шешілмей қалады, шешілсе, дұрыс шешілмейді». Бұл саяси баға

Алаш әдебиеттануы

және кінәлау екені айқын (1: 143). Саяси ызғарлы заманның лебі-пікірі басқарманың тапсыруы бойынша жазылғаны туралы ресми ескертуден де аңғарылады. Іс жүзінде Қ.Кеменгерұлы Қазақты қазіргі күйге не келтірді? деген саулға жауап берген. Әдебиетші ата-баба дәстүрі тарихта қазак үшін шешуші және зор міндет атқарғанын еске салуды жөн деп санайды. Ғалымның бұл пікірі келесі үзінділерден көрінеді: «*Руссияга багынбай тұрғанда таңбасыз тайга, енсіз қойға ие болған қазақ елі киіз үйді мекендереген, толық қошпелі еді. Қошпелі тұрмыстың арқандалған кіндік қазығы – ру еді. Қошип-қону, кек алу, жсаудан қорғану, көптен құн алып, құн төлеу, немеурін қосу, жылу жинау бір рудың ішінде міндет еді... Бір рудың ішінде талас-тартыс болмаган, бір рудың ішінен өзара қызы алдырмау – жансқал шыгармау мақсатынан еді... Сондықтан қазақтың руын саяси шаруа үйимы деп қараша керек*» (1: 145).

1. «Ханның тізгіні әр рудан басы құралған ақсақалдардың, батырлардың тобында болса да, құшті ру меңгерудің мұрындығы еді... «Қараша хан тұсында, ханда қырық кісінің ақылы бар», т.б. халықтың ханга байлаулығын көрсетеді». Себебі: «Ханга наразы ру бір түнде түндік алып ауатын болған. Рудың ауып кетуінен қорқып, хан әсіресе құшті руга босақ болды» (1: 146). 2. «Қасым ханның қасқа жолының, Есім ханның ескі жолының һәм Тәуке заңының жазылмай қалуы» сондықтан. «Жазба заңың орнына «Ауылда қарияң болса, сзып қойған хаттай болады» деген сарынмен бірден-бірге сөз мұрасын қалдырып отыратын ақсақалдар болды. Бұлар заң кітабының (кодекс законов) орнына ұсталды» (1: 146). 3. «... Қазақ әйелге еркін көзben қарашы еди. Кейбір атапардың шеше атымен кетуі – әйел билігі (матриархат) болғандығына дәлел. «Алып анадан», «Көш бастаған бәйбіше» деген мәтепдер қазақ әйелінің шаруа әм алеумет аумағында еркін болғандығын көрсетеді. Ерекк жсаудан қорғаушы болса, әйел шаруа сақтаушы болды» (1:147).

«Меңгеру жайы» тараушасында Қ.Кеменгерұлы қазақтың Ресейге кіруіне себеп болған жайларды айтады. «Қазақ кірейін деп кірген жоқ, қалмақ, башқұрт, орыс, жонғар талқысынан еріксіз кірді». Осының негізінде Әбілқайыр саясаты түсіндірілген. Бұл түсініктемелер қазіргі тарихшылардың еңбектерінен әлдеқайда ғылыми негізді болып тұр. Ханның Ресей өкіметінен қарсы наразылығы тиянақты түрде тізіліп келтірілген. Кіші жүздің ғана емес, бүкіл қазақтың басына түсken қасірет сөз етілген.

«Қарсы қозғалыстар» атты тараушада басында бір ру төңірегін-дегі наразылық ұлттық деңгейге көтерілгені анықталған: «Жалпы

Айгүл ICIMAҚОВА

ұлт наразылығы» Кенесарыда да көрінді. Кенесары толқуының шығуына бас себептер: 1) рамат алымының жиналуы; 2) үкімет төрелерінің қысымшылығы; 3) шенге сатылған хан тұқымдары мен еркіншілікті қексеген хан тұқымдарының арасында наразылық тууы; 4) приказ жұмыстарының әділсіз болуы, мәселен, бұқарлары не татар сәудегерлері қазақ жерімен жүргенде мал тауарлары талансын, таланбасын «қазақ талады» деп өлшеуден артық қампайтып көрсетіп, приказ арқылы төлеттіретін болған. Кейбір сәудегерлер қазақтың қанын сорып, алдын алып, «таландық», не «пәленше борыш төлемеді» деп арыз беретін болған. Жазғанды өтірік оқып, қазаққа кол қойдыратын болған; 5) казак-орыс қысымшылығы; 6) болыс-болысқа бөлінген рулардың арасындағы наразылық.

Кенесары калың қауға түсken бір шағым оттай болып, халықтың толқынын көтеріп жіберді. Халықтың һәм Кенесарының нені нысана қылып ұстағаны әм не деп жауап қылғандығы сол кездегі айтылған мынау өлеңнен көрінеді:

Багынбагын, қазақ, орысқа.

Багынсаң, қазақ, орысқа.

Осы бастан амандас.

Сарыарқа деген қонысқа.

Береке кетер асынан.

Билік кетер басынан.

Некеннен-некен күйерсің.

Күйдіруші табылып.

Көршилес жақын-қасынан.

Қызығып тұрсың байқамай.

Күйінгеннен айтам-ай!

Көрінісі орыстың

Текеметтің түріндей.

Ойлаганы жамандық.

Жарадан аққан іріңдей.

Абақты деген үйі бар.

Қазулы қара көріндей.

Қара қазан, сар бала

Обалына қаларсың.

Кейінгі өрім бұтақтан

Қарғысын һәлет аларсың.

An кетейін бір жаққа,

Соңымнан ерші, ерінбей!

Алаш әдебиеттануы

Кенесары көтерілісі Қарқаралыдағы тобықты, сегіз найман, байжігіттердің Қытайға көшуіне себеп болды (1831–1840). Құдайменденің (Кенесарының қызын алған күйеу баласы – К.К.) Қарқаралыдағы наразылығы өзі өлгенше жалғасқан туралы мағлұмат берілген (1: 151). Кенесары қозғалысының туына қандай саяси, әлеуметтік себептер болды? деген сауалға Қ.Кеменгерұлы толық ғылыми мәлімет берген. Бүгін де әртүрлі пікірге жүгінген тарихи дерекке қатысты былай делінген: «Хұқиметтен кешірім алып, Кенесары Сырдария мен Телеке арасында жүрді. Бірақ өзіне бағынбаған елге шабуылын тоқтатқан жоқ. Сібірге жақында мауға бүйірылған соң, Кенесары Орынбор қазақтарының арасында көтеріліс жасады. Орынбор аймағының сыйықта отырған қазақтары алғашқы кезде Кенесарыға қосылды. Мұның себебі: 1) арадағы қазақтың жерлерінің казак-орыс пайдасына кеткендіктен; 2) алымның қүшейгендігінен» (1: 151). «Толқып-толқып қажыған, үкімет шідері мұқтап салынған Орынбор елі Кенесарыға тиісті көмек бере алмады».

Кенесарының кейін Түркістанға бет алуына, аға сұлтан Баймұхаммет Айшолақ баласының Кенеханға жазған хаты да себеп ретінде келтірілген: «Мәселе 1839 жылы Күнбатыс бөлімінің аға сұлтаны болған Баймұхаммед Айшолақ баласы алыстан Темірлан, Батыйдай даңқы шыққан Кенесарыға хат жазды: «Толқынның түбі жақсы болмас: сақтық керек, үлкен мүйізді қошқар көп қоймен келіп бір арыстанды жеңе ала ма?» деп, Кенесарыны қошқарға, оған ерген елді қойға, үкіметті арыстанға ұқсатқан. Алғашқы сөйлемеде Қ.Кеменгерұлының Кенеханға деген ерекше сүйіспеншілігі мен ілтираты түр.

Зерттеуде Кенесарының ұлы жүзге келу себептері (1846) де нақтыланған: «1845 жылы Кенесары тағы да үкіметтен кешірім алып Түркістанға кетіп, одан Іле өзеніндегі ұлы жүзге барды. 1846 жылы Кенесары Балқаштың оңтүстігінде тұрып ел-елге елші жіберді. Матайдан қалған үйсін Кенесарыны жақтады. Ұлы жүздің сұлтандары медальга қызығып, Кенесарыға қарсы болды. Кенесары 10 мың қарулы кісімен жүріп, жеті жиуалыққа мылтық соқтырды. Ұлы жүздің 500 үйіне астық салғызды. Орыс әскерінен құғын жеп, қамалды мекен қыла алмай, Кенесары Шуга ауып, Ташикент қазақтарын қаратты. Қамалдан қашып, жсан-жасынан жсау қамалаганда Кенесары хан болу пікіринен қайтқан жоқ» (1: 152). Кенесарының қалай қайтыс болғаны да айттылған: «Қазақта жүріп қорғана алмайтын болған соң, қыргыздың Алатауын мекендеуге ойланды.

Айгүл ІСІМАҚОВА

Қырғыз қарсы болды. 1847 жылы қыргызбен согысқанда, Кенесары өлді».

Алаш әдебиетшісі Қ.Кеменгерұлының келесі сөздері оның осы мәселеге деген жеке көзқарасын білдіреді. Ол Кене ханды аңсау, жоқтау іспеттес: «Халық қаһарманы Кенесары мен Наурызбай өлген соң, қазақ елі жылдың оны өткенде мүлде жуасыды. Одан кейінгі күншығыс мұсылман елдерінің көршилестік әсерімен кіші жуз ішінде бірен-саран толқыншылар болды: Есем Қотібар баласы, Байқадам би, Жоламан батыр, Жангожса Нұрміште баласы сияқтылар. Бірақ бұлардың толқыны от басынан озған жоқ» (1: 152).

Қазақ әдебиетінде, ел тарихында тұңғыш рет Кенесары ханға «Халық қаһарманы» деген бағаны Қ.Кеменгерұлы берген. XX ғасыр басында Кенесарының атын атауға тыйым салынған Голощекин заманында адамзат тарихы деңгейінде ұлттық тарихқа әділ баға берген Алаш әдебиетшісі Қ.Кеменгерұлының тарихи тұлғаға әділ атақ беруінің өзі ерекше ерлік екенін ескерсек, бұл бүгінгі тәуелсіз елдің қазактары үшін әділ ғалымдықтың үлгісі болып қала бермек.

«Қ.Кеменгерұлының аудармашылығы», «Көркем әңгімелеріндегі заман келбеті мен лирикалық кейіпкері», «Қошкениң драматургиясы» атты ғылыми жобалар бүгінгі тәуелсіз әдебиеттануға қажетті мәселелер. Жазушының «Жетім қызы» (1925), «Момынтай» (1925) әңгімелері заманың тарихи кестесі ғана емес, дінсіз, имансыз замандағы кісліктің тапталынуының бейнеленуі болып табылады.

Қ.Кеменгерұлының Алашыл, Отаным үшін жаным пида тұрғысынан қалдырган әдеби, тарихи, ғылыми мұрасымен асылсөзі, бүгінгі күнде өз зерттеушілерін күттеде. Бұл – Тәуелсіз қазак әдебиеттануының басты ұстанымы.

Алаш Арысы Қошмұхаммед Кеменгерұлына Алланың рақымы, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) шапағаты болғай!

1. Қошмұхаммед Кеменгерұлы. Шығармалар. А.: Тұлға, 1995.

2. Г.Жұмабердікызы. Алаштың бір ардағы. А.: Рауан, 1998.



2.8. ХАЛЕЛ ДОСМҰХАММЕДҰЛЫ

*Мінсіз таза меруерт
Су түбінде жатады
Мінсіз таза асыл сөз
Ой түбінде жатады

Су түбінде жатқан зат
Жел толқытса шығады
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады*

A.Байтұрсынұлы

ХХ ғасыр басындағы көрнекті мемлекет, қоғам және саяси қайраткер, Алаш ғалымы, профессор Халел Досмұхаммедұлы 1930 жылдары Қазақ жерінде орын алған зорлықтың құрбаны болып кінасіз репрессияға ұшыраған. Ғылыми мұрасына совет кезінде тыйым салынды, ғалыммен біз тек 1988 жылдың сонындаға таныса алдық.

Х.Досмұхаммедұлы жеті жыл күгінде болып, «халық жауы» деп айыпталып, 50 жасында халық комиссариатының (НКВД) әскери трибунасының үкімімен ату жазасына кесілген. 1913 жылы әскери қызметтен босап, Темір уезіне дәрігер болып келеді. Содан бері «Қазақ» газетіне ұзбей макала жазып тұрады. Ғалым қазақтың жан саулығы мен тән саулығының шипасын жазған. 1917 жылы Орынбордағы съезге, 5–13.XII өткен Құрылтайға қатысады. Яғни қазақ үкіметтік автономиясы мен «Алашорда өкіметі құрылған істің басында болады. Әлихан, Ахмет, Міржакып Семейде, Халел мен Жаһанша Оралда Батыс Қазақстан «Алашордасын» құрса, Мұхаметжан Тынышбайұлы мен Мұстафа Шокай Жетісу, Коқан автономиясын құрган. 1918 жылы Жаһанша мен Халел Мәскеуде Ленин және Сталинмен кездескен. Алашорда өкіметі тарағаннан кейін Жаңа өкімет жұмысына қатысады. 1920 жылдан бастап Ташкенттегі халық ағарту институтында оқытушы болып істейді. Орта Азия университеті медицина факультетінде ординатор. 1923 жылы Түркістан Республикасы ғылыми кеңесінің төрағасы. 1924 жылы Ресей Академиясының оргалық өлкетану бюросының мүшесі. 1926 жылдан бері Қазақ Мемлекеттік университетінің проректоры. 1927 жылы доцент. 1929 жылы профессор атағына ие болған. Негізгі зерттеу енбектері: Жануарлар. (Қызылорда–Мәскеу, 1928). (Ташкент, 1922); Табиғаттану (1922); Окушылардың саулығын сактау (Ташкент, 1925); Адамның тән тірлігі. (Қызылорда–Мәскеу, 1927); Адамның

Айгүл ICIMAҚОВА

тән тіршілігі (жаратылыстану сөздігі қазақша-орысша) (Қызылорда-Мәскеу, 1927); Сүйектілер туралы (1928). «Сана» журналының редакторы, «Шолпан», «Ақжол», «Еңбекші қазак», «Сәүле» атты газет-журнал беттерінде мақалалар жарияланған: тіл, халық ағарту, тарих. Негізгі мамандығы дәрігер болса да, Халелдің тіл мен әдебиеттану саласындағы зерттеулері ерекше. Бұл арнайы зерттеуді талап ететін тақырып.

«Диуани лұғат ат түрік» («Шолпан», 1923, №67) түркі әдеби мұрасымен таныстыратын ғылыми зерттеу. Х.Досмұхаммедұлы терминология, әліпби, емле туралы пікірталастарға өз пікірін беріп отырған. Нәзір Төреқұловтың «Жат сөздер» деп аталатын кітабына жазған макаласы («Қызыл Қазақстан; 1926, № 11») күні бүгін де ескірмеген. Совет өкіметі соңына түсіп, ғылыми еңбектеріне қатаң тыыйым салған Алаш зиялдысы қандай ғалым болды екен? деген сауал бүгін біз үшін қажет.

Халел Досмұхаммедұлы – латын, араб, парсы, түрік, орыс, неміс және француз тілдерін менгерген ғалым. Сондықтан ол тілтанушы, тарихшы, этнограф, аудармашы, әдебиеттанушы болған.

ХХ ғасырдың басындағы Алаш зиялдылары қазақ қоғамы ғылымнан кенжелеп бара жатқанын мойындағап, осы істі түзетудің басында болуды азаматтық парыз санаған. Саяси тұлға Х.Досмұхаммедұлының биология, зоология, медицина салаларына нақты үлес қосқаны да бізді таңғалдырмайды. Алаш ғалымдары мемлекеттікі лауазым үшін емес, керісінше елге қызмет ету деп қазаққа қажетті істердің басында болған. Х.Досмұхаммедұлы «Табиғаттану», «Адамның тән тірлігі», «Жануарлар», «Окушылардың саулығын сақтау» және сол кездегі қажетті ғылыми еңбек ретінде Ю.Вагнердің «Дене бітімі мен оның жұмысы туралы әңгімелері», «Өсімдіктердің жаратылышы мен тіршілігі туралы әңгімелерін» қазақ тіліне дер кезінде аударуы да осы ірі ғылыми мақсаттан туындаиды. Бұл аударма сол кездегі А.Байтұрсынұлы мен Т.Шонанұлының «Оқу құралына» молымен енгізілген.

Х.Досмұхаммедұлының әдебиеттану саласындағы сүбелі еңбектері: «Мұрат ақын сөздері» (1924); Қазақтың ел әдебиетінен алғынған «Исатай–Махамбет» жырларының алғашқы басылымы (1925); «Аламан» (1928) сөздер жинағы мен ғылыми түсініктер; «Қазақ-қыргыз тілдеріндегі сингармонизм заңы» (1924, Ташкент); «Шернияз шешен», «Алаш» не сөз?», Бұхарадагы Қөгілташи медресесін салу туралы әпсана, Самарқан қаласындағы Тилләқары мен Ширдор медреселерін салғызған Жалаңтөс батыр шежіресі (1928),

Алаш әдебиеттануы

«Диуани-лұғат ат-турк», «Проф. Поливановпен бірге «Сұлтан Кенесары тарихына қосымша материал» кітабы (1923) және «Қыз Жібек» (1923); «Кенесары Наурызбай (1923) жырыр кітаптарына редакторлық еткен және «Кенесарының соңғы күндері» атты ғылыми зерттеулері әдебиеттануга қосылған құнды үлес. Осы тұста ғалымның «Құтадгу білік», «Жамигат ат-тауарих», «Кодекс Құманикус», «Китабал-нисаб», «Саясатнаме», «Китап ал-идраки», «Гүлстан» сияқты әдеби-тарихи жәдігерлерге арналған зерттеу еңбектеріндегі құнды пікірлердің жөні ерекше.

Қазақ-қырғыз комиссиясының тәрағасы Х.Досмұхаммедұлының ұсынысымен Мағжан Жұмабайұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сұлтанбек Кожанұлы, Әбубәкір Диваев, Мұхтар Әуезов педагогика, тарих, психология, есеп, әдебиет пәндері бойынша тұңғыш оқулықтар жазғаны белгілі. Сонымен қатар «35 ұлт пен ұлыстың тілін білген ғұлама ғалым Евгений Дмитриевич Поливановтың «Грамматика казахского языка», «Казахско-найманский говор», «Казахский язык среди языков мира» деген еңбектерінің дүниеге келуіне Х.Досмұхаммедұлының тікелей әсері еткені сөзсіз» (1: 6). Олай болса, Алаштың ардақты тұлғасы Х.Досмұхаммедұлының ғылыми мұрасын таныту біздің міндетіміз. Осы ниетпен ғалымның 1998 жылы жарық көрген «Тандамалы» еңбектерін бүтінгі кезең талаптары түрғысынан саралап шығуды жөн деп санаймыз. Кітаптың атавы «Қазақ тарихы, әдебиеті мен тілі, медицина, биология, табиғаттану салаларына қатысты зерттеу мақалалары және оқулықтарынан үзінділер» деп нақтыланған.

Х.Досмұхаммедұлы 1883 жылы сәуірдің соңғы күндері қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсоган мекенінде дүниеге келген. 1938 жылы 26 шілдеде Ресейдің Воронеж қаласында үй ішімен айдауда жүрген жерінен тұтқындалады. Одан Мәскеуге, кейін Алматыға әкелінеді: «1939 жылы 24 сәуірде әскери трибуналдың үкімімен атуға бұйырылады», ал 19 тамызда «түрме аурұханасында екпе туберкулезінен кайтыс болады». Досмұхаммедұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер ғалымның бар болғаны 56 жыл ғұмыр кешкен өмір жолын 4 кезенге бөліп қарастырады: 1. Тұлғалану жылдары (1916 жылға дейін). 2. Ат үстінде өткен күрес жылдары (1916 – 1920). 3. Ғылыми-шығармашылық һәм қоғамдық педагогикалық қызметі (1921 – 1928). 4. Куғын-сүргінге ұшыраған азапты жылдары (1929 – 1939).

Ғалымның Алашорда қозғалысына белсенді қатысқан тұлға ретіндегі арнайы зерттеулер К.Нұрпейіс, М.Қойгелді, Д.А.Аман-

Айгүл ІСІМАҚОВА

жолова, Р.Әлмұқанова еңбектерінде жазылған. Алаштың батыстық үйімін Халел Досмұхаммедұлы мен Жаһанша Досмұхаммедұлы қалай басқарғаны жөнінде накты деректер бар.

«Алаш» партиясы ресми құрылған. «Алашорда» мемлекеттің негізі қаланған Орынборда 1917 жылы 5-13 желтоқсанда өткен екінші съезіне Халел мен Жаһанша арнайы шақырылған. Б.Құлманұлы, Ә.Бекейханұлы, Ғұмар Қараш, Әзімхан Кенесариндермен бірге тәралқаның терағасы ретінде қатысқан. Осы съезде Алаш мемлекеттің органы Ұлт кеңесі құрамына Оралдан Халел Досмұхаммедұлы мен Жаһанша Досмұхаммедұлы сайланса, Кеңес терағасы, яғни Қазақ елінің тұңғыш Елбасы болып Ә.Бекейханұлы сайланған.

1920 жылы 5 наурызда арнайы қауымен Алашорда өкіметтің Күнбатыс бөлімі ресми таратылды, оның белсенді басшылары халықтан алыстатаула басталды. Жаһанша мен Халел Мәскеуге жіберілді. 1920 жылдың жазында Х.Досмұхаммедұлы Түркістан Автономиялы Республикасының орталығы Ташкентке келеді. Осында Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Н.Төреқұлов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ж.Аймауитов, М.Тынышбаев, Қ.Кеменгерұлы сынды Алаш азаматтарымен бас қосады.

Х.Досмұхаммедұлының қазақ мәдениеті, тарихы, әдебиетіне қатысты еңбектеріне келсек, ең біріншісі – Махамбеттің ақындық мұрасын ғылыми айналымға енгізгенін атауға болады. Сонымен қатар Мұрат Мәңкеұлы, Шерніяз шешен, Үғылман жырау, Қарасай-Қази, Қызы Жібек, Кенесары-Наурызбай, Абай, Мағжан, Бернияз шығармалары туралы алғашкы әдеби мәтіндер мен ғылыми деректер де ғалым еңбектерінде сақталғаны анық. Халел Досмұхаммедұлы халық ауыз әдебиетін жинаумен ғана шектелмей. «Қазақ әдебиеттің тарихы» атты әдеби-теориялық зерттеу жазған. Халел Досмұхаммедұлының ғылыми еңбектері мен жай мақалаларының ескірмейтін сыры да бар. Ол не жазса да, тіл, тарих пен әдебиетті қатар ұстап отырған. Саяси баяндамалары, пікірталастары әдебиет мысалдарымен түйінделгенімен құнды.

1930 жылы Ф.И.Голощекиннің «тазалауына» бірінші А.Байтұрсынұлы, Мағжан, Жұсіпбек, Міржақыптар ілінсе, екінші кезекте Х.Досмұхаммедұлы сынды өзге ұлт зияллылары нысанана алынды.

Х.Досмұхаммедұлының «Қазақ әдебиеттің тарихы» атты теориялық зерттеуінде қазақтың асыл сөз казынасы, мәдени-рухани қоры қарастырылған. Қазақтың тұс жору, ырым, салт-дәстүрі ауыз әдебиеті нұсқаларымен байланыста қарастырылды. «Аруақпен

Алаш әдебиеттануы

айтыс» деген жанр тұнғыш рет ғылыми айқындалып берілді. Фалым ел өміріндегі орын алған дәстүрдің ғылыми негізін салды. Х.Досмұхаммедұлының зерттеулеріне асыл сөзбен тек тарихты қамтитын кешенділік тән. Сондықтан болар фалым өзіне дейінгі жоқ «тән сөздерін» зоология, анатомия, табиғаттану саласы бойынша жазылған оқулықтарында қалыптастырып берді. Алаш ғалымының ұстанымы айқын: «жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туды», бірақ «қолдан келгенше нағыз қазақ сөзін алу», «ғылым атауларын түсінікті қылуға тырысу». Х.Досмұхаммедұлы айдауда жүргенде де мектеп дәрігері қызметін атқарып отырды. Қазан педагогикалық университетінде бала тәрбиесі – педагогия қазіргі педагогика кафедрасын ашқан, осы пәннен дәріс беріп «педагогия ғылымының профессоры» (1929) атағын алған (1: 25). 1932 жылы (20.IV) фалым Воронежге жер аударылады, онда саяси, кісілік құқығы шектелген адам ретінде өмір кешеді. Мерзімі бітсе де қазақ жеріне оралмайды. Бірақ Голощекин белсенділері оны 1938 жылы қайта қамауға алады: Мәскеу түрмесі, Алматы абақтысы, басқа Алаш ардақтыларына бұйырғандай – белгісіз жерлеу. Бұғынгі тәуелсіз кездің ғылымына қайта оралған ғалымның елдің руханилығын зерттеген еңбектері зор үлес болып табылады.

«Легенда о постройке медресе Когелташ в Бухаре» атты зерттеу «Сборник в честь Бартольда» жинағына енген (Ташкент, 1927). Мақаланы қазақ тіліне 1991 жылы F.Әнес пен Ш.Керім аударған. Ташкенттегі атақты Көгілташ медресесін қазақ салған деген аңызды Алаш ғалымы зерттеп, анығын айқындаپ берген: «Оны ташкенттік Мунауар қарі Абдрашитов 1923 жылдың қазан айында, біз Бұхарада өткен бүкілөзбектік ғылыми съезге қатысып, осы медресеге тұрактағанымызда айтып еді. Өкінішке орай, Абдрашитов тәптіштеп ештеңе айтып бере алмады. Осыдан соң мен: «Қазактардың арасында соған ұқсас аңыз-әңгіме бар ма?» – деп сұрау сала бастадым. Түркістандық қазактардың Көгілташ медресесін өздерінің руластарының бірі салғыздырғандығы туралы аңыз-әңгімесі, шын мәнінде бар болып шықты. Түркістан уезі, Құрші болысының тамасы Омар Диханбаев айтқан жері Қызылорда уезінің қазағы Жұманазар Ұрымқұлов өлеңге түсірген осындай аңыздың бірінің кысқаша мазмұны мынадай» (2: 44).

Алаш әдебиетшісі аңызды әдеби тілмен көркейтіп берген: «Тәжіктер, өзбектер және қазақтар Бұхара ханына бағынған замандарда Бұхара қаласында Шамси Мұхаммед деген молда болыпты. Осы молда өзінің ханына келіп, қырда қазақ атты

көшпелі халық барлығын, олардың Мұхаметтің нағыз діні жолын білмейтіндігін және шаригат қағидаларын орындауға мән бермейтіндігін айта келіп, ханнан қазақтарды дінсіз деп жариялад, базарда құл ретінде сата беруге рұқсат етуді ұсынады. Хан кенес шақырады. Кеңесте: тұтас халықты аяқ астынан дінсіз деп жариялау ынғайсыз шығар, алдымен олардың өкілдерін шақырайық және шаригат қағидаларын қаншалықты білетіндігін сынап алып, айқындаіық» деген мәмілеге келеді. Егер де олар молдалар берген сауалдарға тиянақты жауап бере алмаса, онда барша қазакты дінсіз деп жариялад, құл есебінде базар да саттыруға рұқсат бермекші болады. Бұхара ханының жаушысына осы шешімді естіген соң қазактар хан мен молдалардың алдында жауап беруге кімді жіберу қажеттігі туралы үлкен кенес құрады. Қалайша жауап беру, кімді жіберу турасында ұзак кеңеседі. Бір кезде Көге атты казак тұрып, кеңестен молдалардың сұраптарына жауап беруге және қазак халқын құлдықтан құтқаруға Бұхараға өзін жіберуін өтінеді. Кенес рұқсат береді. Көге Бұхараға тура бесін намазы уақытында келіп, Шамси Мұхаммед молданың мешітіне кіреді де, көпшілікпен бірге намазға үйиды.

Мешіт есігінің алдында қолында қамшысы бар жендет намаз оқығандарды бақылап тұрады. Намаз аяқталып, жиналған топ соңғы аятқа кол жайғанда, Көге қолын жеңінен шығармастан-ақ бата жасай салады. Шамси Мұхаммед молда: «Мына кісіні алып шығып, шаригат қағидасын білмейтіндігі үшін жазасын бер», – деп жендетке айқай салады. Сол кезде Көге былай дейді: «Молдеке, сабыр етіңіз, егер Құдай тек жалаңашты естітін болса, онда киіміңізді тегіс шешіп, намазды тыр жалаңаш күйінізде оқыңыз. Намаз оқыған кезде неліктен қолынды жалаңаштап, қалған жерінді киіммен жасыру керек? Алла тек киініп тұргандардың ғана намазын қабыл алады дегенді Құранның қай жерінде айтты? Ханға барады, төрелігін сол айтсын» (2: 45).

Молда не айтарын білмей, тосылып қалады. Хан алдына келген Көге өзінің және қазақтардың мұсылман екенін дәлелдеу үшін Бұхарада төрт-бес жыл тұруына рұқсат беруін өтінеді. Хан келісімін береді. Осыдан соң Көге өзінің аттарын, киім-кешектерін, тіптен қырдан алып келген азық-тұлігін де каріп-қасірлерге таратып беріп, өзі тақыр кедей болып шыға келеді. Ол ақ адап еңбек етіп, мандай терімен дүние жинауға белін буады. Қала сыртына шығып, шөп жұлып, одан сырпырғы жасап, базарға апарып сатады. Азын-аулақ ғана ауқат ішіп, сырпырғы сатудан түскен ақшасының қалғанына

Алаш әдебиеттануы

тауықтар сатып алады. Кешікпей Көгенің тауықтары сансыз көбейіп кетеді. Ол енді кірпіш баса бастайды. Өте көп кірпіш дайындаған алған соң ол ханға келіп мешіт салуға рұқсат сұрайды. Хан келісімін береді. Сол кезде Көге ханнан құрылыш салуға шебер тауып беруін сұрайды, бірақ ол шебер өз айтқанын гана орындастын болуы қажет» деп шарт қояды. Хан келісіп, Бұхараның барлық шеберлерін жинатады да, Көгеге: «Өз шарттарынды айт», – дейді» (2: 44–45).

Алаш ғалымы Көгенің талабын былай деп баяндайды: «Көгеге айтады: «Менің қарауымда жұмыс істейтін шебер мыналар туралы ант-су ішүі керек: 1) ол өмір бойы бес уақыт намазын оқыған және бір рет те қаза жібермеген; 2) ешқашан шаригатқа сай дәрет алмай қара жерді баспаған және ешқашан жасамандық ойламаган; 3) ешқашан зинақорлық жасамаган және әрқашан таза жүрген; 4) есік алдына келген қайырышыга әрқашан қайыр-садақа берген; 5) нағыз мұсылманның парыздарын орындаған; 6) үйіне келген мейманды қайдан және неге келгенін құрамастан әрқашан қонақ қылған; 7) кім болса да шындықты бетіне айтқан; 8) Құдайдан басқаға құлышылық етпеген. Тек осындағы жсанға гана мен серт бойынша мешіт құрылышын бастауга рұқсат беремін» (2: 46). Сондықтан «Бұл арада Көгенің шарттарын қабыл алатын бірде-бір адам табылмаган соң оның өзі жоғарыда айттылған тұрасында ант-су іше алатындығын ханға мәлімдеп, мешіт құрылышына кіріспін кетеді. Ешкіннің көмегінсіз Көге мешіттің қабыргасын жалғыз өзі қалап, шеберлерге тек оны аяқтау мен сырлап-әрлеуге гана рұқсат береді» (2: 46).

Мешіттің аталу себебі де осы тұста айғақталған: «Шаһар халқы жаңа мешітті көріп таңғалысады, бүкіл Бұхарада нағыз тақуа адам Көге болғандықтан, бұл мешітті оның атымен Көгетас яки Көгеннің құрылышы деп атайды, бұл атап бірте-бірте қазіргі Көгілташ қалпына ауысады» (2: 46). Көгенің істері тек қара басының қамы емес, қазақтың абыройы үшін істелгені туралы былай делінген: «Бұл күні түн ішінде Көге намаз оку үшін өзінің мешітіне келсе, ән айттып, дуттар тартып, қыздар билеп, сауық-сайран салып жатқан бір топ халықтың көреді. Аза бойы қаза болған ол жылап жібереді. Сонан соң қолына балта алып, мешіттің қабыргасын құлата бастайды. Өзі салған қасиетті орынның жын-шайтанның ойнағына айналғанынша, жер бетінен жоғалып кеткенін жөн көреді. Сол кезде оған сауықшылардың арасында жүрген Шамси Мұхаммед молда жүтіріп келіп: «Токта, Көге, сенің мешітің соншалықты қасиетті де таза, егер біз оны қорламасақ, бұл күйінде ол жер бетінде қала

Айгүл ICIMAKOVA

алмайды. Біз бұны қасиетті кітаптардан оқып білдік. Сондықтан да біз, молдалар, сенің Көгілташың жер бетінде мәңгі қалсын деп осы ойын-сауықты әдейі жасап жатырмыз, әйтпесе ол не аспанға ұшып кетеді, не жер астына түсіп кетеді. Және біз жер бетінде сенен тақуа адам, сен тұрғызған ғимараттан қасиетті құрылыс жоғын білдік», – дейді. Молданың сөзіне сенген Көге Бұхараның ханына келіп: «Егер менін істерім тақуалық деп танылса, онда қазақ халқын шын мұсылман деп танитын және оны мәңгілікке құлдыққа сатудан босататын пәрмен беріңіз», – дейді (2: 46). Хан Көгениң тілегін орындайды және тұтас қазақ халқына жала жапқан Шамси Мұхаммед молдаға дүре соғуға, соナン соң дарға асуға әмір береді» (2: 46).

Осыншама ұлтына қызмет еткен Көгениң кейінгі өмірі былай болыпты: «*Өз халқын құлдықтан құтқарған Көге Меккеге атманады және сол жақта мәңгілікке көз жұмады. Міне, қазақ халқын құлдықтан құтқарған Көге осындаі адам болатын және ол салған Көгілташ қазір де Бұхарада тұр, заман ақырына дейін тұра да бермекші». Ақында осылай делінеді» (2: 47).*

Ғалым Халел Досмұхаммедұлы ақында аталған Шаман Мұхаммед молда туралы да дерек берген: «Бұл ақында аты аталағын Шамси Мұхаммед молда, біздіңше, тарихта болған адам секілді. Оны Самарқанда туған, Гераттағы Хұсайын Байқара тұсында өмір сүрген Шамсұддин-Мұхаммед молдамен салғастыруға болатын секілді. Вамберидің баяндауынша, оның патихасымен хижраның 945 жылы (біздің жыл санауымыз бойынша 1538 жыл) парсылар дінсіз деп жарияланып, күғынға ұшырады (2: 47). Әдебиетші зерттеу соңында ғылыми түсініктеме берген. Онда бұл мәліметті қайдан алғаны туралы толық мағлұмат бар: «*Маған бұл ақынды айтып берген кісі Кіши жүзінді тата руынан шыққан. Ал тата руынан тарайтын рулардың ішінде атамашал деген ру бар, оның бір атасы Көге. Қазіргі кезде көгелер Ақтөбе уезінде (Ойсылқара, Бестамақ, Бөрлі, Бөрті, Қаратогай болыстары) тұрады. Шежіре бойынша, «атамашалдар мен көгелер Ақтөбе уезінде бұдан 200 жыл бұрын Бұхара мен Сырдария облысынан келіпті-міс» делінеді. Көге атасына жетатын қазақтар да Көгілташты салған өздерінің атасы Көге деп биледі» (2: 47).*

«Самарқан шаһарындағы «Тіллә-қары» және «Ширдар» медреселерін салдыруышы Жаланұтөс батырдың шешіресі» Ташкентте орыс тілінде басылған (1928). Қазақ тіліне Ф.Әнес пен Ш.Керім аударды. Жаланұтөс батыр туралы аудармашылар тарапынан былай делінген: «Қазақ энциклопедиясында Жаланұтөс батыр мен ол салдырган

Алаш әдебиеттануы

медреселер туралы мынадай деректер көлтіріледі: Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлы (1576 – 1656) – қазақ батыры, қолбасы, Самарқандың әмірі. XVII–XVIII ғасырларда әмір сүрген Әйтеке бидің үлкен атасы. ...Акад. М.Е.Массонның айтуынша, Ж. б-ға сырттан келген сый-сыяппаттардың мөлшері мемлекетке түсетін қазына байлығынан асып түскен. Ол осы қаражат-байлыққа әскер ұстаумен қатар Самарқанда сәүлетті сарайлар, медреселер салдырған. 1619–35/39 ж. Ж. б. Регистан орталығында атақты «Ширдар» («Арыстанды медресе»), 1647 – 1660 ж. «Тіллә-қарі» («Алтынмен аптаған») медреселерін салдырған. Ж. б.-дің сүйегі Самарқандан 12 км жерде, Дағбит қыстағындағы қорымда жерленген» («Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия». 1-том. Алматы, 1984. 134-135-беттер)» (2: 173).

Алаш ғалымы медресе туралы былай деген: «Тіллә-қарияки «Алтынмен апталған» медресесі іш жағында ауласы бар, тік бұрышты көлемді ғимарат, оның биік, шаршы шатыр жиегі (фронтон), сыртқы қабырғалары мен мұнаралары әсем нақышты өрнекі жазу түзеген түрлі түсті, алтын жалатқан жұқа кірпіштермен қапталған. Ал аулада шәкірттерге арналған 25-ке жуық құжыра бар, мешіттің ішкі қабырғасы да түрлі түсті, алтын жалатқан өрнекті жазу, суреттермен безендірілген. «Ширдар» яки «Арыстанды медресе» медресесі айбынды да сәүлетті ғимарат, оның сыртқы жағы адам таңғаларлық өрнекті жазу түзген түрлі түсті жұқа кірпіштермен қапталған. «Ширдардың» шатыр жиегі айбынды аспалы дарбаза іспетті, оның жоғары жағына аузын арандай ашып тұрған қос арыстанның бейнесі салынған. Аула ішінде мешіт пен шәкірттерге арналған құжыра бар. Мешіттің ішкі жағы да өрнекті жазулармен безендірілген. Самарқан тұрғындарының ақыз қылып айтуынша, бұл ғажайып қос медресені салдырушы әмір Жалаңтөс батыр көрінеді.

Шынында да «Ширдардың» порталының ішкі қабырғасында парсы тілінде мынадай жазу бар: Бұл жазудың аудармасы мынадай: «Әмір қолбасшы. турашыл Жалаңтөс; оның кемелдігін жеткізе мақтайдын қызыл тіл – інжу-маржан; ол тұрғызған медресенің биіктігі соншалық, оның ұшы көкке тірелген; ақылдың қыраны канатын қанша қатты қақса да, жылдар бойы сенің биік аспалы дарбазаңа жете алмас; оның мұнарасының ұшына ғасыр бойы ілмекті арқаны бар айлакер ұры да шыға алмас; сәулетші оның аспалы дарбазаларының тізбегін жасағанда, таңғалғандықтан аспан бармағын тістегендей (таңданыс, қызғаныш белгісі ретінде) жаңа толған айды қарпып алды; осы құрылыштың іргесін Жалаңтөс

баһадүр қалағандықтан, ғимараттың тұрғызылған жылы «Жалаңтес баһадүр жылы» деп аталады. Егер «Жалаңтес баһадүр» сөзін күрайтын (араб) қаріптерінің сандық мәнін тізсек, онда ғимаратты салу жылы хижра бойынша 1028, ал қазіргі жыл санаумен 1619 жыл болып шығады» (2: 40–41).

Жалаңтес батыр кім, қандай тұлға болған? Орыс тілінде шыққан әдебиеттерде қазірге дейін бұл сауалға дәлелді жауап берілген жок. Орта Азия туралы жазылған бізге белгілі тарихи еңбектерде Жалаңтес туралы атусті, оның тамаша ғимараттар салғызғаны ғана аталып өтеді, ол жайында егжей-тегжейлі деректер келтірілмейді. Левшин өзінің «Описание казачьих орд и степей» атты белгілі еңбегінде (т. 2. стр. 60.) «Ер Есім ханның ұлы, қазақ ханы Жәңгір 1643 жылы 600 сарбазымен қалмақ ханы Қонтайшы батырдың 50 000 қолын женғенде, оған (Жәңгірге) көмекке 20 000 атты әскері бар бір татар князі Ялантуш келді» дейді, бірақ оның кім екендігін тәптіштеп айтпайды. Масальский «Туркестанском крае» атты еңбегінде «Тілла-қарі» мен «Ширдар» медреселерін «өзбектің алшын руынан шыққан Жалаңтес баһадүр әмір (Имамқұл ханның қолбасшысы) салдырғандығын» жазады, әйтсе де автордың бұл деректі қайдан алғаны бізге белгісіз. Кіші жұз қазақтарының арасында Жалаңтес батыр (қазақ тілінде осылай дыбыстылады) белгілі тарихи тұлға саналады, ол алшындардың әлім бұтағынан тарайтын төртқара руына жатады, ал оның тікелей ұрпақтары казіргі кезде Сырдария губерниясының Қазалы уезінде тұрады» (2: 42).

Батырдың қалай Самарқан әмірі болғаны туралы былай делінген: «Жалаңтес заманының тұсында Бұхарада 1608 – 1644 жылдар аралығында аштархандық Имамқұл хан хандық құрғаны тарихтан белгілі. Шейбаниліктердің соңғы тұяғы Абдулмомын ханды елтіруге қатысқандардың бірі әрі бірегейі – ықпалды қазақ Абдул Үәсі болған (Қараңыз: Вамбери. т. II. стр. 59). Бұдан шейбаниліктер мен аштархандықтар тәнірегінде қазақтан шыққан лауазымды орынды ұстаған, салмағы бар адамдардың болғанын көреміз. Ол кезде қарасүйектен шыққан адамның ішінде бұндай лауазымды орындарда билікке ие жұрт өзбектен ғана шыққан немесе әскери жағынан тірек боларлықтай, саны көп ру өкілдері ғана отыра алатын еді. Соңғылары, мәселен, соғыс, шапқыншылық, сарай төңкерістері кезінде хан мен хандықтың тағдырын шеше алатын үлкен саяси күшке айналып кете алатын-ды. Соңдықтан да Бұхара хандығында өзбектермен терезесі тең болған қазақтардың тұтас рулары ис боліктегі болды деп айтуымызға болады.

Алаш әдебиеттануы

Темірліктердің тақ басына әкеліп, патшалығын жаулап берген Алтын Ордан шыққан түркі тайпалары болатын, ал оларды сол кездегі Түркістанның тұргылықты халықтары (шагатайлықтар, тәжіктер, сарттар) бірде өзбек, бірде қазак деп атайдын (*Қаранды: Тынышпаев М. «Материалы к истории казак-киргизского народа»* стр. 37).

Мұхаммед Салихтың «Шейбанинәмәсіндегі» Түркістанды жаулап алған кезде «қазактар» қатысты делінеді және қазақ ретінде қоңырат, найман, жалайыр, тама және басқа руларапа сілтеме жасалады. Бұхара хандығында Жалантөс батырдың аса үлкен лауазым, салмағы болғанына қарал, Түркістанды жаулап алушылардың ішінде Кіші жүздің (алшының) де тіпті жоқ дегенде Жалантөс батыр жататын әлім руының қазактары болды деп айтуда әбден болады. Отрықшы Түркістанды (Бұхара, Самарқан) билептестеу заманында шейбаниліктер мен аштархандықтарға баста серік болған Жалантөстің, Көгөнің, мүмкін Абдол Уәсі бидің үрімбұтағының бүгінгі таңда қазактар арасынан табылуы Тынышпаев айтқан (Аталған еңбек, 37-бет, т.б.) қағиданы XVI–XVII ғасырларда шейбанилік, аштархандық көшпелілер (өзбектер) мен жәнібектік көшпенділер (қазактар) арасында айтарлықтай этнографиялық айырмашылық болмағандығын, олардың қай-қайсысының кұрамында да бұрынғы Алтын Орда руладары барлығын тағы бір дәлелдей түседі» (2: 43–44).

«Диуан лұғат ат-турк» зерттеуі белгілі түркілік әдеби жәдігер туралы мағлұмат – талдау. Кітаптың Стамбулда табылғаны, ол туралы жылы мәлімет келгені айтылған. Фалымның кітапқа деген зерттеушілік ынтысасы ерекше. Бірақ соғыс (1914 – 1918) себебінен Турция шекарасы жабық болып, ешбір ғылыми пікірді алу мүмкін болмағаны баяндалған. Кітапты Стамбулдағы Көпрулы Заде Махмұт шығарғаны, оның «Милли татаббулар меджумасы», «Адабиат факультеті меджумасы» журналдар шығарғаны сөз етіледі. Өз қаражатына «Диуан лұғат ат-турк» кітабын 3 том етіп (1–843-бет, 2–320-бет, 3–253-бет) шығарғаны (1917) айтылған. 3-ші кітап соңында Ахмад Рифаттың жазған түсініктемесі туралы: «Түрік ғалымдары бұл кітаптың жанып, болмаса өртеніп жоғалуынан коркып, бастырып майданға шығаруға асықтырыпты» (2: 155). Осы ретте «Милли татаббулар меджумасы» журналының қызметі аталаған. «Диуан лұғат ат-турктің» шығарушысы Махмұт бин Ал-Хусейн бин Махмұд ал Қашғари түрік ғалымы туралы былай делінген: «Бұл адамның аты бұрынғы ескі тарих кітаптарында көрінген жоқ

еді. Тәржіме халі (биографиясы) туралы сөздер өз кітабынан ғана табылып отыр. Бұл адам 999-ыншы жылдан 1212-нші жылға дейін Күнбатыс, Күншығыс Түркістанды билеп тұрған «Қараханы» түрк хандарының ең күшті болып, дәуірлері жүріп тұрған заманда болған адам. Атасы Хасен (түркше аты «Бехрикин») осы қараханылардың атақты бектерінен болған, саманилардан Маураннаһұрды алғы берген кісі болған. Бұл «Бехрикин» осы күнгі Ыстыққөлдің күнбатыс пен онтүстік арасының жағасындағы «Барсхан» шаһарында болған. Кітаптың шығарушысы Махмудтың туған, кіндік кесіп, кір жуған жері, атақонысы Ыстыққөл жағасы Барсхан шаһары болады. Махмуд Қашғари Азиядағы түрк бектерінен, әскерінен, ғалым, шайырларының (ақын) алдыңғы қатарынан болған. Өзінің өмірін түрк қауымдары арасында, түрлі түрк рулары ішінде өткізген. Өзін «Қашғари» (Қашғарлық) деп атағанынан, Қашғар хандарымен болған сұхбаттарын (беседа) жазғанынан оның Қашғарда өмірін өткізген-дігі білінеді. Бірақ кандай себеппенен екені белгісіз, бұл түрк ғалымы, түрк қаһарман бегі Бағдад халифасының алдына барған. Кітабын халифа ал-Қаим иәміраллаһының патшалығының соңғы жылында жазып, оның өзін Басари ал-Мұқтади иәміраллаһға тарту қылған» (2: 156). Осы ретте Ж.Баласағұн туралы дерек бар: «Әйтеуір кітап 1073-інші жылы (сиыр жылы) жазылған. Махмуд Қашғаридың замандасты болған екінші бір Қараханы түрк жазушысы баласағұндық Ӣусуф Хас Хажиб «Құтадғу білік» есімді кітабын 462-нші жылы, тауық жылында (1069–1070 қыс күні) жазған. Осылайша Махмуд Қашғари кітабы мен Ӣусуф Хас Хажибың кітабы жазылуының арасы екі-үш-ақ жыл уақыт болады. Бірақ бұл кітаптардың біреуі тұп Түркістан орталығы Қашғарда, екінші Бағдадта жазылған. Махмуд Қашғари кітабының Стамбулда табылған нұсқасы 664-інші хижра.

Махмуд Қашғари кітабының басында бұл кітапты сол замандағы мәдениет дүниесі мұсылмандарға түрк ұлтын таныту, білдіру үшін жазғанын айтады. Осы себеппен ол өзінің түрк қауымы, түрк әдебиеті туралы кітабын араб тілімен жазған. Әрине, Махмуд Қашғари араб тілін өте жақсы білген һәм кітабын зорланбай-ақ арабтың шешен сөздері, ашық тілмен жазған. Махмуд Қашғари өз заманындағы ғалымдардан Хусейн бин Халаф ал-Қашқариды атайды (1: 293). Бұл ғалым туралы Самани «Китаб-ал-инсад» деген кітапта (кітап бастырыған бет 472) Қашғар туралы сөйлегендеге баян қылады. Бұл кісі 484 (1091 (жыл) шамасында опат болған бір мұхадис (пайғамбар сөздерін көшіруші) ғалым екен. Бірақ бұл ғалымның сөйлеген хадистері көбінесе өтірік, байлаусызы саналған. Махмуд Қашғари бұл ғалымнан түрктер туралы

Алаш әдебиеттануы

бір хадис көшіреді, тағы сондай түрктер хақында хадистерді (I; 3-те) Бұхара. Нишабур ғалымдарынан алып жазады» (2: 156–157).

Мұхаммед Пайғамбар с.а.с. туралы: «Мұхаммед пайғамбар түрк патшалығының Тукиу хандарының ең күшті. Византия һәм Иранға қарсы ең үлкен бір дәүлет болып күн көрген дәүірінде келген. Әрине. ол түрктерді білген. Ескендір патшаның «йажуж уа мажуж», яғни күн шығыста бастапқы түзілген соғыс қамалдары туралы сөйлеген бұл пайғамбардың заманында арабтар арасында, әрине, түрк қауымы туралы ұзын құлақ хабарлар болуы анық» (2:157). Кітапта бейнеленген кез қай заман? Діни білімі қандай болған? Ол туралы: «XII–XIII ғасырларда исламға дүшпан болған әһли сәлиб (крестовые походы), қара қытай гурхандары һәм найман ханы Күшліктердің ислам елін бұзуы туралы көп әфсаналар (легенда) түзгені сияқты сасани Иранға дүшпан болған арабтарда да өз заманындағы Тукиутүрк хандары туралы көп хабарлар болған болса керек. Бірақ түрк қауымын мақтап, көтеріп айтқан хадистерді оғыз, салжұқ Сәбек текин сұлтандарының Мұфтасим халифа уақытында-ақ халифа қызыметінде Бағдадқа барған түрк әскерлерінің һәм ерлерінің көңілдерін көтеру үшін парсы (Иран) ғалымдары түзген. Махмуд Қашғари һәм басқа түрк елдері бұл хадистерге сеніп жүрген. Осыған қарағанда, Махмуд Қашғари иран мен араб әдебиетін жете білсе де, дін һәм хадис ғылымдарын өте білмеген. Бірақ ол араб тілін, әдебиетін жете білген һәм кітабын атакты араб филологы (тіл ғылымына жетік кісі) Халилдің «Китабул айни» деген классик (ұлғі) кітабына ұқсатып жазғанын (I.5) айтады. Шынымен ол тіл әдебиет майданында арабтың ең алдыңғы қатардағы ғалымдарымен қатар тұрып, түрк тілін сол замандағы ең жоғарғы фани усулға салып жазған. Бірақ дін жағынан ол жақсы мұсылман болғанымен, бірге шала шаман (баксы) болған һәм ол XIV–XV ғасырлардағы ислам діні үшін тырысып жүрген Әмір Темір һәм Әбілқайыр хандардай өзінің шамани иғтиқадтарын ашық жазады. Қалай болса да, бұл адам дін ғалымы емес, бәлки таза дүниауи (светский) ғалым болған. Бұл оның кітабынан ашық көрініп тұрады. Кітабында кірікпеген ұзын сөйлемдер, пайдасыз сөз бастары жоқ. Кітаптың басынан-ақ Тоқтамыс хан сөзі деп тұра өзінің мақсатын сөйлеп, жарлық жазған түрк хандарындей «Қал ал-Ғабду Махмудин ал-Хусейн» деп тұра мақсатын сөйлеп алып кетеді. Ол кітабына өз заманындағы түрк қауымдарының жағрафи орындарын, өз заманындағы ұлттарға алыс-жұығын көрсету, кітабын түсінікті қылу үшін ол уақытқа дейін мұсылман ғалымдарында көрінбеген бір жобамен дөңгелек

Айгұл ІСІМАҚОВА

(ықтимал «жер дөңгелек» – «ал-арду курат» мәселесін біліп) харита (карта) жазған. Мұнда таулар, теңіздер, өзен-дариялар, құмдар, шаһарларды санап көрсеткен. Бұлардың әрбірін басқа-басқа бояумен түсірген. Осылардың үстіне ислам ғалымдарына қарсы мадди мәдениет, шаруашылық, егіншілік, сауда-санат терминдеріне артықша назар салған. Ислам дүниесінде иктисадий ғылымдарды Сырдария жағасынан барған бір түрк ғалымы (Фараби) бастап жазған болса, Махмуд Қашғаридың да таза бір дүниауи (светский) ғалым, дүниауи жағрафия һәм тіл ғалымы болып, кітабын мынадай бір жолға қойды» (2: 157–158).

Кітаптың түрк рухани мәдениетіне қатысы туралы: «Бұл мәселе түрк қауымының ислам дүниесіне келіп қосылып қана кететін бір ғұнсур (элемент) болмай, өз елінен жоғарғы бір мәдениетпен тәрбиеленіп келгенін һәм біздің бұл күнге дейін ойлағанымыздай, «жұлдыз қарап бал ашып, құмалак тартып, сонымен ас қылып» үйренген көшпелі түрктердің ислам дүниесіне келуімен рухани мәдениетті білуге шамасы келмеді. Бәлки деректі істер (практическ.) жұлдыз, расадхана, есеп, риадиат пенен математика болды. Өйткені рухани мәдениетке олардың ынтасы, салахиаты жоқ еді. Түрктердің ислам дүниесіне келіп расадхана, риадиатпен болулары, сол жолда қызмет қылулары мәдениліктен емес, мәдениетсіз болып, тіршіліктерінде рухани мағына (духовное содержание) болмағанын көрсетеді деген назарлардың (взгляд) дұрыс болмағанын ашты. Мұсылман түрк сұлтандары болған салжұқилардың Бағдад һәм Иранға келіп «халифат», яғни теократизмге қарсы дүниауи мемлекет (светская власть) «сұлтандық» кіргізулері, мұсылман қараханилардың Маураннаһрды алған соң, ислам руханиларымен (молдалар) құресулері (бұл таптардың тартысуында хандардың бұқарашиб (демократия) жағында болуы ғана емес), Махмуд Қашғари, Фараби сияқты ғалымдардың дүниауи ғылым түзүлдері, түрк хандарының риадиат, расадпенен болулары сияқты фактілердің арасында бір-біріне байланыс болса керек. Бұл фактілер Орта Азия түрк қауымы ішінде Сырдария, Тарым, Тянь-Шань аудандарында дерексіз дүниеге (мағаука ат-табигат) рухани мәдениет, фәлсафага қарамай, мәдениет маддие дүниеге ашық қозбен қарайтын иран, жуңуд мәдениетіне қарсы бір мәдениет болғанын көрсетеді» (2:158).

Келтірілген үзінділердегі түрік сөздері мейлінше қазақшасымен қатар берілген. Кітаптың ғылыми негізі жоғары бағаланған; оның сол кездегі ғалымдарға жіберілгені туралы: «Бұл уақыға яғни Махмуд Қашғаридың өзі шахси һәм түрк тарихында үлкен бір уақыға болуында

Алаш әдебиеттандырылған

кәдік жоқ. Махмуд Қашғаридың кітабына келгенде, бұл кітап туралы әзірге біз Аурупаның түрк тілі мамандарының пікірін естігендегі мәдениеттің бір нұсқасы академик Бартольдқа берілген екен, бірақ Бартольдтың бұл кітап туралы бір нәрсе жазып-жазбағанын білдік» (2: 158).

Х.Досмұхамедұлы өз пікірін анықтағанда: «Қалай болса да біздің мынаны айтуға шамамызың келеді: Түрк қауымының тіл, әдебиет һәм мәдениет тарихы үшін 1889 жылы Орхон жағаларында Ядринцев тапқан, Томсен, Радлов һәм басқа ғалымдар тарарапынан үйреніліп, нәшр етілген, барлық мәдениет, хан дүниесінің назарын өзіне қаратқан, хан ерлерінің фікірін алдырыған (әзгерткен) ескі түрк, Орхон «бітіктастары» қандай аhamiatы болса, Махмуд Қашғари кітабының да аhamiatы сондай. Махмуд Қашғаридың түрк қауымына, өз ұлтына мұнасабаты Күлтегің, Білге хандардың мұнасабатындағы һәм түрк руладының, түрк тілін білуі, әсіресе білімі олардан артық болған» (2: 158–159).

Алаш ғалымы Орхон жазбаларынан басталатын түркі мәдениеттің құдіретін осылай Алаш әдебиеттандырылғанда анықтап берген. Ежелгі түрк әдебиеттің тегі, бастаулары осылай анықталған. Алаш ғалымы былай дейді: «Кітаптың басында Махмуд Қашғари мынау сөздердің жазады: «Махмуд Хусейнұлы айтады: Тәнірі дәүлет күнінің көзін түрктердің көгіндегі тудырды. Жер, Азияның дәрелерін олардың қолына берді. Оларға түрк деген ат қойды. Дүниеде патшалық жұмысын оларға тапсырды. Оларды патшаның иесі, патшасы қылды һәм дүниедегі ұлттардың (әhlі-ad-dəhp) тізгінін олардың қолына берді. Оларды туралыққа берік кылды.

Түркке сиынған кісі жоғары болды, күшті болды һәм қалағанына жетті. Бәлелерден, шығарушы бассыз, тиянақсыз бәлесінен құтылды. Түрктің наизасынан құтылам деген һәр бір ақылды кісі олардың етегіне жабыссын.

Бірақ түрктерге жақын болу үшін олардың өз тілімен сөйлеуден бөлек амал жоқ». Олар өз тілімен айтқан сөзге ғана құлақ салады. Сонда ғана олардың көңілін өзіңе каратаип болады. Бұхара, Нишабур молдаларының айтуынша, «Мұхаммед пайғамбар түркү тілін үйренініздер, өйткені олар дүниеде ұзақ, көп заман патшалық қылады» дейді-міс. Бұл хадис шын ба, өтірік пе – оны сол молдалардың өздері біледі. Әгер дұрыс болмаса да, ақыл соны тілейді. Мен өзім түрк қауымдарының шаһарларын, далаларын әр килем бойына кезіп жүрдім. Түрктің тіл һәм әдебиетін үйрендім. Түрк болсын, түркмен, оғыз, шігіл, йағма, қырғыз болсын –

Айгүл ICIMAKOVA

бұлардың бәрінің тіл уа әдебиеттерін білдім. Оның үстіне, мен өзім түрк қауымының сөзге шешен, тілі тазаларынан бір кісімін. Асылзада, артық туған тұқымынанмын. Мінеки, соның үшін де түрк қауымының әр тайпасының тіл һәм лұғаттары менің миыма тұра кіріп отырды. Ол тіл, әдебиетті мен ең бір жақсы низамға тіздім, бұл кітабымда жаздым. Сөйтіп, менің атым мәңгі қалсын. маған мәңгілік азық болсын (I.3). Кітабымда Халилдың «Китабул айни» деген кітабының формасына жақын қылып тұздім. Сөйтіп, түрк тілі мен араб тілі жарысып барған жүйрік аттай болып көрінсін (I.5). Арада түрктердің тіршілігінде айтатын өлеңдерді (шиғр) келтірдім; түрктердің рахтади заманында болсын, тайғақ кешу тар жерлерде болсын, айтатын үлгілі мақамдарды келтірдім (I.7). Түрк еліндегі тау, өзен (дария), қолдерін жаздым (I.26). Бірақ түрк тіліне шеттең кірген сөздерді жазбадым. Және де түрктердің руладын жаздым. Бұлар жиырма (20) шамасында болды. Бірақ ұсақ руладың санын Құдайдан бөлек ешкім білмейді. Бұл ұсақ руладардан мен түркмен мен оғыз руынан-ақ айттым һәм олардың таңбаларын жаздым. Оның үшін бұл керек нәрсе (I.27). Түрктің ең шешен тілі (фасих тілі) түрк тілінен басқаны білмеген, араб, парсыға, мәдени қауымдарға араласып жүргемегендерінен болады. Бәрінен фасих тіл хақанджарында һәм оларға жақын жүргендерінде болады (I.30). Түрктердің елі күн батыста Рұм, күн шығыста Қытайға дейін сегіз (жүз) фарсах шамалы жерлерді алып отыр. Түрк елі сондай үлкен. Адамдар мұны ашық түсінүү үшін мен жер дәһресін харита қылып жаздым (I.31)» (2: 159). Қазақтың түркология ғылымының негізін Х.Досмұхаммедұлы осылай негіздел берді.

Ежелгі ата-баба қонысы «түрктердің елі күн батыстан Рұм, күн шығыста Қытайга дейін» екені анық атап өтілген. Түрікке қатысты хадисте келтірілген «Түрк қауымы Түрк бин Йафас бин Нұхтың балалары болды (I.27). Құдай Адам пайғамбарды «инсан» деп атаган һәм сол ат бүкіл адам балаларына есім болып қалған. Сондай-ақ түрк балаларына һәм «түрк» деп есім берілген. Рұм бин Ficusga қарап, барлық Рұм қауымдары «Рұм» деп аталаңдай, түрктерге һәм аталарының аты ат болып қалған (I.293). Молдалар хабарынша, Мұхаммед пайғамбарга (с.а.с) Құдай айтыпты-мыс: «Мениң бір әскерім бар, оларға түрк деп ат бердім. Оларға күн шығыс жасағынан қоныс бердім. Әгердә бір қауымға ашуым келсе, осы түрктердің жіберіп билетемін («мусалат қыламын») деп. Түрк қауымын Құдайдың бүкіл дүниенің басқа ұлттарынан айырып, оған түрк деген атты өзі беруі – түркті басқа ұлттардан айырған бір фазилат (артықтық) болады. Құдай түрк қауымын дүниенің

Алаш әдебиеттануы

ең биік жеріне (Тянь-Шань тауларын айтады) һәм жер жүзінің ауасы ең таза орынга жайластырды. Оларды өзінің әскери деп айтады. Түрк халқы – осының үстіне сұлу, жүзі күліп тұрған, өзі әдепті, сыйайы, жасы үлкен адамдарға құрмет қылғыш, айтқан созінен қайтпайтын, үәдесіне берік, тәкаппарлықты, мақтанды білмейтін халық. Түрк – қаһарман, батыр ұлт, мұнан басқа да олардың мақтауга лайықты мінездері, әрине, көп. Соның ішінде олеңде де айтылған.

*Качан көрсө аны түрк,
Бозун анга аның айдачы,
Мұңар тегір улуглук,
Мұнда нәрү кеслінүр.*

Яғни біреуді мақтаганда: «Мұның жақсылығына түрктер күэ болар» деп айтылады» (2: 159–160).

Совет әдебиеттануы бұрын білмеген түркілер туралы Хадис пен тарихи деректер осылай Алаш әдебиетшісі Х.Досмұхаммедұлының зерттеуінде айқындалған. Түрк ұлағатты ел екенін ғалым кітапқа сүйеніп мақтаныш етеді. Оның тілі, мәдениеті, лұғаты туралы былай делінген: «Темір балаларының дәүірі жүріп тұрған замандарда келген шайыр Науайдың түрк қауымын мақтап айтқан өлеңдері (бұл туралы 1917-жылы Қоқанда шыққан «Йорт» журналының 3-нөмірінде жазылған) сияқты Махмуд Қашғаридың түрк қауымын мақтауда салжүқілардан алып, Арслан малик шаһлардың бүкіл ислам дүниесін өздеріне қаратып, ғазнеуилердің Һиндустанды алып, қараханилардың бүкіл Түркістанның һәр екі жағына қожа болып тұрған шауқаты (могущество) тәсіріменен болған. Біз болсақ, бұл ислам мәдениеті һәм шауқаты дәүірінде арабстан, парсы ортасына барған түрк ғалымының араб, ислам мәдениеті алдында сасқалақтап, танырқап қалуын ойлар едік. Бұл кісі Дажле, Ефрат жағасында тұрып, мұндай қылышп құр көнілмен өз ұлтын мақтауы һәм өз ұлтының тілін, әдебиетін араб тілі, Құран һәм араб әдебиетімен «қатар жарысып барған ат» деп жарыстыруы, әрине, өз елінде, Қашғар һәм Түркістанда, мәдени сүйеніші, арқа таяныши болған себебінен болады. «Диуан лұғат ат-түрк» шынымен осыны «лұғат» кітабы сыйдырған шамада ашып береді. Бұл кітаптан біз ол замандағы түрк дәuletтерінің ішкі тұзілісін, түрктердің иқтисадий, ижтимаий тіршіліктерін, дін, иғтиқадтарын, түрлі тарихи хикая, ғанғаналарын, түрі шаһар-қыстақтарын, жайлау-қыстауларын, мадди һәм рухани мәдениетін үйренеміз. Мұнан да артық керекті болғаны, әрине, тіл һәм әдебиет жағы» (2: 160).

Кітаптағы түрк қауымдарының тіліне қатыстыбы лай делінген: «Махмуд Қашғарі Тянь-Шань үстінде һәм оның екі жағында оғызы, шігіл, ယағма, тухси, қырғыз, ұйғыр, қыпшақ, йамақ, басмыл, татар, башқұрт, булғар, қарлұқ сияқты түрк қауымдарының тілдері тақаррабаты осы соңғы заманда Радлов кітаптарында жазылғандай қылып татбикі (сравнительная) фонетикасын береді. Түрк тіршілігінің һәр жағынан алынған һәр түрлі 238 шамалы таза түрк өлеңдері һәм 270 шамалы мақалдар, өте көп сөйлемдер келтіреді. Әсіресе Махмуд Қашғаридың түрлі руладың ләһже (наречие) айырмалары туралы берген мағлұматы өте қымбатты», – дейді Алаш әдебиетшісі (2: 160).

Кітаптың ғылыми құндылығы туралы Алаш ғалымы нақты: «Түрк сөзін араб харфімен жазған адам, әрине, Қашғарі бірінші (тұңғыш) адам болған. Ал араб харфін түрк харфі демейді. Түрк сөзін тек арабтарға һәм басқаларға түсіндіру үшін ғана араб харфімен жазады. Ол түрк «харфі» деп ұйғырша харфіті-ақ біледі. Ұйғыр харфтерімен жазудың жол-жобаларын һәм араб харфімен жазылған сөздердің ұйғырша қалай жазылғанын көрсетеді. Араб харфімен жазылған асты, үсті (харакат), сукунымен жазған. Һәр түрлі харфтің маҳражун (дыбыс шығаратын орны), һәр ҳараке, сукуның қалай жұмсалуы ҳақында ашық мағлұмат береді. Соның үстінен, араб сөздері бәрі де асты-үстімен жазылған. Мінеки, соның үшін де һәр сөздің қалай айтылуы, мағынасы туралы һеш қатесіз ашық, қатғи мағлұмат алынады» (2: 160).

Пайдаланған әріптердің жазылу тәртібі, оқылуы осылай Алаш әдебиетшісі түргысынан түсіндірілген. Кітаптың араб түріндегі нұскалары, оның басқа басылымдарға қатысы туралы былай делінген: «Осы күнге дейін қойнелі Халил деген адам тараپынан көшіріліп қалған арабша «Түрк-монгол-парсы тәржіманы» (Хоутсма һәм Мелиоранский нәшрі) һәм Абу Хайан ал-Гарнатидің «Китаб ал-идракы» және Мысырда табылған «Гүлстан» тәржімасы. Күтб деген адамның бір кітабы және Радлов. Геза бастырған «Құман һежесі – Кодекс Куманикус» һәм басқалар бар. Бірақ олардың бәрі де XIII-XV ғасыр яғни моғолдардан соңғы дәуірлерге жататын және де тек аз, шала, қатасы көп, жазулары бұзылған кітаптар еді. Соның үстінен олар бәрі де түркмен, қыпшақ тілдеріне жататын кітаптар еді. Күн шығыс ләһжелерге яғни бұқ күнге дейін бәріне де ұйғыр тілі деп аталаған жүрген тілге жататын Түркістандағы кашфийат (открытие) заманында табылған. XIX ғасыр басынан-ақ майданға шықкан мәшінүр «Құтадғу білік» кітабы бар еді. Әрине, бұл әсерлер де аса қымбатты, муһим әсерлер. Бірақ «Құтадғу біліктің» оқылуы (чтения)

Алаш әдебиеттануы

бұл күнге дейін бұл тілдің мамандары (Радлов, Томсен, Вамбери, Мюллер, Ле-Кок, Хартмандар) арасында шешілмей жүрген бір талас мәселе еді. Соның үстіне «Құтадғудың» нұсқалары жаңарап Мысырда һәм Ферғанада жазылған. Араб харфімен жазылған нұсқалары харақатсыз жазылған, тәржімәсіз ибаре (текст) ғана еді. Және де бұл ескі «ұйғыр» кітаптарының көбінің тілдері де анық халық тілі емес, әдеби һәм бірталай шет (ислам яки будда) нәсіріне кірген тілдер еді. Махмуд Қашқаридың кітабы күн шығыс, күн батыс Туркиу хүкіметі бұзылғаннан мағолдар дәуіріне дейін келген түрк қауымдарының барлығының тірі (живой) халық тілі үстінде тегсе, ру һәм фани жолмен жазылған бір кітап болып, мағолдардан бұрынғы түрк қауымдарының оқиғалары, түрк тілінің соңғы заманда тәшкіл еткен тармақтарының (группа) әсәстері туралы ашық, аян, қатғи мағлұмат береді» (2: 161).

Махмұт Қашқаридың пікіріне сүйене отырып, оның түпкі тілінің тәртібі туралы еңбегі сөз етілген: «Мұның арқасында ескі ұйғыр әсерлерін, әсіресе «Құтадғу білікті» жаңадан қарап шығуға лазым болады һәм түркі тілдердің, түрк әдебиетінің тарихи үйрену бағында жаңа дәуір кіргізген, Махмуд Қашқаридың айтуынша (I.24). бұл түрк ғалымы және де түрк тілінің наху, сарғы туралы «Китабу джаяһир ан-нахуи фи лұғат ат-түрк» есімімен арнал бір кітап жазған екен. Әгәр бұл кітап та табылса, өте жақсы болар еді. Сондағы осы табылған кітабы. әрине, оның ең үлкен асыл кітабы. Мұнымен де максуд хасыл болады. Түрктің өз арасынан шыққан бұл ғалымның мәдени, ижтимай-тариҳи, иқтисадий мағлұматтары истаҳдері (термин) арасында күнбатыс Тукиу-түрк хүкіметі бұзылғаннан татарлар дәуіріне дейін тұрған бұл күнгеше фақат ибн Хордадбек, Кудама, Гардизи, Ауфи уа ғайри сияқты араб, парсы жағрафия ғалымдарының ұзын құлак хабарынша жазған жарқым-жұрты шатақ жазуларына һәм Қытай мағлұматына қарап үйренілген түрктердің ішкі тіршіліктері анық мәлім болды» (2: 161).

Түрк тілдері қашан пайда болды? Осы тұста Х.Досмұхаммедұлы Радлов, Бартольд, Аристов арасындағы пікірталасқа өз көзқарасын білдірген: «Түрк ру һәм қабиларының түзілісінде түрк тілдерінде татарлар дәуірінде һәм онан соң хасыл болған тәңкерістер, лұғат һәм ләһіже мына себептер группаларға бөліну туралы бұл күнге дейін фрадис (гипотеза) болып қана жүрген һәм түрлі ғалымдар (мәселен, Радлов, Бартольд, Аристов, Корш һәм басқалар) арасында таласты болып жүрген түйіндер шешілді. Фи ал-жумлә (вообще) қазақ-қырғыз, сарт (шағатай), өзбек, түркмен тілдерінің асылдары (нұры) мәлім болды. Бұл кітаптан алынған мағлұматтарды біз ұзак

Айгүл ICIMAКОВА

қылып, айрықша жаздык. Осы кітапханалары толық болған бір жерге барсақ, тамамдал, түзетіп, сәті түскенде бастырамыз. Әзірге соナン алып, həр бабтан біраз қысқаша мағлұмат жазамыз. Жазғанымызды мынадай төрт бабқа бөлеміз: 1) Махмуд Қашқари түрк тарихына ғайд маглұмат; 2) XI ғасырдағы түрк қабилалары туралы мағлұмат; 3) Түрктердің иктисадий, ижтимаий тіршіліктеріне ғайд маглұмат; 4) Тіл уа әдебиет, шейр, мақалдар һәм түрлі ләһжелер арасындағы фарқ һәм мұның бүл күнгі ләһжелерге мунасабаты» (2: 161–162).

Түркі, парсы сөздері келтірілгені кітаптың «пән сөзіне» деген ықыласы ерекше. Аталған ғылыми зерттеуге мән берген Х.Досмұхаммедұлы өзінің бірнеше тілдер менгергендігін ғана менземейді. Ғалымның бүл зерттеуі түркі тілдердің әдеби жәдігері туралы ғылыми дерек беріп, сонау XX ғасыр басындағы Түркітану ісінің негізін салу болып табылады. Түркі тіліндегі сингармонизм заңы туралы жазуға осындаі кең, көлемді түркітанулық зерттеулер әсер еткені де айқын.

Алаш әдебиетшісі Махмұт Қашқари еңбегіне әдебиеттанулық талдау жасаған бірінші ғалым болып саналады. Ежелгі дәстүр түгілі Абайдың өзінен бас тартуға шакырған кеңес заманында түркі рухының еңсесін көтеріп, оның кең байтақ тарихы, ортақ тілі, рухы биік екенін алға тарту, әрине, үлкен ғылыми үрдіс.

1998 жылы шыққан «Х.Досмұхаммедұлы. Таңдамалы» атты кітаптың «Тарих» атты тарауына келесідей зерттеулер кіргізілген: «Қазақ батырлары»: «Исатай–Махамбет», «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы тұрасында қысқаша маглұмат»; «Исатай кім?» «Баймагамбет кім?»; «Легенда о постройке медресе Когельташ в Бухаре», «Родословная Жалантус батыра строителя медресе Тилля – Қары и Шир-Дор в Самарканде»; «Жалаңтөс батыр»; «26-шы мизам. Ойыл»; «Қазақ-қыргыз білім комиссиясымен»; «Қазақ-қыргыз білім комиссиясы жайынан қысқаша баяндама».

«Түзетушіден («Кенесары–Наурызбай»)» атты мақалада тарихи жырдың мәтіндерінің нұсқаларының жариялануы, Нысанбай өлеценің ақиқат екені айтылады.

«Қазақ батырлары: Исатай–Махамбет» атты еңбек ұлт-азаттық қозғалыстың батыстағы жағдайы қалай іске асқаны туралы мәлімдеді. «Исатай–Махамбет қозғалысы қалай туды, оған қандай тарихи деректер себеп болды?» деген сауалға толық жауап берілген, тіпті бұл қозғалыс туралы Ордадағы мұрағатта 27 том іс бар екені келтірілген. Тайманұлы Исатайдың қозғалысы тұрасында

Алаш әдебиеттанды

қысқаша мағлұматты зерттеуде тарихи деректермен қатар тарихи өлеңдер берілген. Жанұзақ жыраудың Жәнгір ханға айтқаны мақала құндылығын арттыра түседі (Бекей заманындағы қазақтың қонысы туралы (1: 37–38). Жанұзақ жыраудың Жәнгір ханға мақтау айтқаны Бекей заманындағы қазақтың қонысын бейнелеу», – дейді Х.Досмұхаммедұлы (1: 37).

Х.Досмұхаммедұлы Махамбет, Исатай, Баймағамбет туралы нақты тарихи мағлұматтар берген. Бұл ғылыми айналымға тұнғыш енгізілген деректер болып саналады.

Әдебиет ел тарихының көркем шежіресі екенін осы зерттеу анықтап тұр. Алаш әдебиетшісі тарихи деректі көркемсөз үлгісімен дәйектеп отырады. Себебі, Алаш әдебиетшілері ушін әдебиет, тарих, тіл – елдің басты рухани тіректері. Әдеби мәтіннің туу себебі туралы былай дедінген: «Баймағамбет сұлтан бір күні Шерниязға: «Исатай өлген болмай, ұсталып кетіп, қайтып келген болса, кәне, не айттар едің?» дегенде, Шернияз былай айтып, мойынынан құшақтар едім, депті:

*Бармысың жауга түскен, алтыным-ай,
Самалым, саз қонысым, салқыним-ай.
Кәуірдің қоржынына түсін едің,
Шықтың ба, аман-есен, жарқыним-ай.
Ақ алмас, алтын сапты қылышым-ай,
Құрып ең алты алаштың тынысын-ай.
Жатпапты асыл пышақ қап түбінде
Шықтың ба, қабын жарып, ырысым-ай.
Кеткен соң им малданған сонау жаққа
Тапсырдық Құдай менен аруаққа.
Қазақтың күйі кетті орыс алып.
Төбеге доңыз шығып, ер аулаққа.*

Беріш Мұрат ақын да Исатай туралы көп сөйлеген. Беріш Ұғылман ақынның Исатай туралы шығарған сөздерінің бір белігін осы кітапта басып отырмыз. Он тоғызынши әсірдегі Орал, Бекейліктен шыққан ақындардың көбі-ак Исатайды сөз қылған. «Ордасын ажар ету үшін», «арғымақтың аласын бермей, қарасын беріп заманындағы айтқыштардың көбін Жәнгір хан қасына жинаған. Жәнгірді мақтаған жыршылар, әрине, Исатайды мақтай алмаған.

Байтоқ, Жанұзақ секілді жыршылар Жәнгірді қанша ұлығыласа да. Исатайды жеңдік деп мақтап сөз ете алмаған. «Тентегін тыйдың қазақтың», – деп, бұлар Исатай туралы тек жанай еткен. Ел арасын-

Айгүл ICIMAҚОВА

дағы сөздердің бәрі де Исадайды мақтап, ісін дұрыстап, өлгеніне күйініп. жоқтап сөйлейді. Исадайды жамандаған халық арасында сез жоқ. Заманындағы қас болған Жәнгір мен Баймагамбет те қазак арасында Исадайды жамандап сөйледі деп естілмейді. Бұлар Исадайды тек «тентек» дейді екен» (1: 58).

«Махамбет батыр» туралы тараушада ақынның ататегі, өмірі, өлеңдерінің дүниеге келуі сөз етілген: «Махамбеттің мінезі де, Кенесарының жолдасы Наурызбайдың мінезі де тексерे келгенде, бір-біріне өте ұқсас келеді. Екеуінде де ерлік бар да, көпті ертетін тәсіл аз. Рушыл, ататекті сыйлаған қазақта Махамбеттің Құлмәлінің немересі болғандығы да әсер берсе мүмкін.

Махамбеттің жыраулығы күшті болды. Махамбеттің сезі көп болған. Көбі жойылған. Ел арасында сақталған сөздерінің бірқатарын осы кітапшада келтіріл отырмызы. Махамбеттің сезінің ішінде ел ішіне көп жайылғаны – Баймагамбет сұлтанға айтылғаны... Біздің бастырып отырганымыздың негізіне Мұрат ақыннан естіп едім деп. Шөрекұлы Ығылман ақынның жазып бергені алынды. Қолымыздығы нұқсаларды салыстырып құрастырғанда, бабтарға бөлгенде, сөздердің орны алмасып кетуі мүмкін. Бала күнінен осы сезге құлағы қанық Махамбеттің еліндегі аксақал, қарасақалдары біздің келтіріп отырган өлеңімізді дұрыс дейді...

Махамбет ел ішінде жүре алмайтын болған, Махамбет ақыры ұсталуына көзі жеткен соң, байұлының адамдары басы Үбі, Байнақ дегендер болып, Махамбетті зорлап Баймагамбет сұлтанға алып барады. Баймагамбеттен үкіметке ұстап бермейтін қылып, ел ішінде жүре беруіне рұқсат алыш береді. Билердің сезін қабылдаған соң, Баймагамбет батырды үйіне шақырып, танысады. Батыр үйге қаружарагын тастамай кіреді. Баймагамбет батырдан: «Бір-екі ауыз өлең айтыңыз», – деп өтініш қылады. «Менің сезім сізге жақпас», – деп батыр айта коймайды. Баймагамбет қайта-қайта өтініш қылады. Сонда Махамбет Исадайды жоқтап, Байекені боқтап, белгілі өлеңін айтады. Байекенің қасындағы жас төрелер батырдың сезіне ашууланып, қызған екен. «Былай айтпаса Махамбет батыр бола ма, батырдың сезін көтермесем, мен хан болам ба?» – деп Байеке оларды тоқтатыпты-мыс. «Ұялғаннан кірерге жер таба алмадық. Ханның бетінде қарай алмадық, кеткенше асық болдық» деп, ертіп барушылар талай айтқан екен-мыс. «Сезімді жаратпай, бірдене істейін десе, со жерде Байекені қасындағы жолдастарымен жарып тастайын деп отыр едім» – деп Махамбет сонынан айтыпты-мыс...» (1: 63).

Алаш әдебиеттануы

Махамбеттің өлімі туралы да Х.Досмұхаммедұлы нақты мәлімет берген: «Байекеден қайтқан соң Махамбет Оралдағы ағайындарының арасында жүреді. Үкіметке, хандарға қарсы елді азғыруын қоймаса керек. Бір күні үйіне бір бөлек адаммен Ықылас деген кісі келеді. Қонақ болып отырып Ықылас Махамбеттің өз қылышымен басын кесіп алады. Ықыластың руы тама, жабал бөлімінен, тұқымдары осы күні Орал уезінде Бөрлі болысында. Ықыластың азғырып өлтіруге жұмсаған Баймағамбет деп айтады-мыс. Батырдың басын апарып бергенде Байеке Ықыласқа айтыпты-мыс:

«Өлтір деп жіберген жоқ едім, тірідей ұстап әкел деп едім, басын алып кет», – деп. Махамбет қырық екі жасында 1845-інші жылан жылы өлді. Сүйегі Ілбішін үйеziндегі Дендер деген жердің күншығыс жағындағы Қараой деген жерде. Бір жылдан соң Ықыластың көмгендің жерінен ағайындары Махамбеттің басын ұрлап әкеліп, денесімен бірге көмгенді» (1: 64).

«Исатай кім?» тараушада – ақынның ата-тегі, қозғалыс туралы дерек келтірілген: «1830-ыншы жылдардан бастап Исатай, Бекейліктің Жәнгір деген ханына қарсы болды. Ақырында елді топтап, ханмен жауласты. Ханға патша үкіметі болысты, Исатайға қарсы көп әскер жіберді. Исатай женілді. 1837-иňши жылы қашып, Жайықтың бергі бетіне өтті. Әлім деген рудың ішіне келіп, қазакты үкіметке қарсы көтерді. Бүтін Кіші жұз сонына ерді. Қиуа мен түрікпен жәрдемдес болды. 1838-інші жылы хандарға, патша хұқіметіне қарсы соғыс ашып, өзі Оралға келеді. Аз ғана әскермен жортуылға шыққанда, абалламай үкіметтің көп әскеріне кез келіп қалып, соғысып өлді...»

Кіші жұздің үкіметке жасаған тәртіпті қозғалысының соны Исатай қозғалысы. Бұнан кейінгі қозғалыстар ылғи тәртіпсіз болды.

Исатайдың қозғалысы патша үкіметіне де, қара қазаққа да көп әсер берді. Исатайдан соң патша үкіметі қазақты жүгендегеуге шындалп кірісті. Түркістанды жаулап алуға бел байлады. Қара қазақ ханнан күдер үзді. Өзінің күшіне сенімі кетті. Елдің көnlіне «Асан қайғы» кірді. Исатайға заманындағы батыр-білердің көбі-ақ жолдас болды. Исатайдың бас жолдастары мыналар: беріштен Махамбет батыр, байбақтыдан Жұніс, алашадан Ырсалы, ысықтан Қалдыбай мен Қабыланбай, әлімнен Есет батыр, танадан Науша, Есімханұлы Қайболды төре, тағы талайлар... Исатайдың қозғалысын басқан соң үкімет елге қатты тиді. Исатайшыларды Бекейліктегі Жәнгір хан тергеді. Оралда Баймағамбет сұлтан тергеді. Көп адам жазаланды, құғын-сүргін көрді. Исатай туралы толығырақ мағлұмат менің «Исатай–Махамбет» деген кітапшамда берілген» (1: 65).

Айгүл ICIMAҚОВА

«Тайманұлы Исатайдың қозғалысы туралы қысқаша мағлұмат» – 1925 жылы Ташкенттегі шыққан «Исатай–Махамбет» атты кітапқа жазылған алғысөз. Кітап «Исатай–Махамбет» Іғылман ақынның сөзі, «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Ереуіл атқа ер салмай», «Махамбеттің сөзі», «Махамбет батырдың Шернияз шешенге айтқан жұмбағы», «Махамбет батырдың басқа сөздері» атты тараулардан тұрады (1: 173).

Жалаңтөс батыр кім, қандай тұлға, қандай істердің басында тұрған? деген сауалдарға тарихи деректерді алғаш рет Х.Досмұхамедуды еңбегінен табамыз.

«Қазақ-қыргыз білім комиссиясынан» атты еңбектен тәмен-дегідей сөздер алынды:

1. «Білім алушың жолы көп, жолдың ішінде ең төтесі – жақсы мектеп, білімді мұғалім, мұнан қалса, ел ішінде көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары. Мектеп жақсы болу үшін құралдары түгел, саймандары жеткілікті болуы шарт. Сондықтан мектеп түзеу – біздің бірінші жұмысымыз... Ауруын жасырган жазылмайды. Мектеп пен мұғалімдеріміздің нашар екендігін анық айттып, анық түсіну керек. Нашарға жәрдем беріп, жоқты бар қылу «бәріміздің міндетіміз» (1: 81).

2. Біздің жұрт сөз айтпай, сөз тыңдамай отыра алмайды. Бұрынғы заманда жұрттың айтатыны, тыңдайтыны өзінің ата сөздері еді. Ертегі, жұмбак, өлең, толғау, терме, жыр, тақпақ, айтыс, жылау, жоқтау, түрлі тарихи әңгімелерді бұрынғы уақытта екі кісінің бірі сөйлейтін еді. Елдің салты, тіршіліктің қалпы өзгерген сайын, сөз айтушылардың саны азайып, сапасы кеміді... Сондықтан «Сапаны» шығарғанда біздің ұстайтын жолымыз мынау:

1. Ең негізінен бастап әр пәндерден түсінікті қылыш жалпы білім беру;

2. Қазақ тарихымен, салты, әдетімен, тұрған жерімен таныстыру. «Жеті атасын білмеген мұртұұ» деген мақал бар».

3. Қазақ жұрттың тілімен, әдебиетімен жақсы таныстыру. Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел – ел болмайды. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт. Тілімізді бұзбай ұстарту шарттарын қарастыру, жұрт әдебиетінен, көркем әдебиеттен үлгілер көрсетіп, өрнекті түрлерімен таныстыру.

4. Білім таратып, елдің қолын мәдениетке жеткізетін – мектеп, сондықтан мектептің тарихы, тұрларі, түзелісі, окуы, оқыту реттері, мұғалімдерінің, шәкірттердің күй-жайы туралы, оку құралдары, кітаптары туралы баяндама беріп тұру.

Алаш әдебиеттандырылған мәдениеттің тарихы

5. Адамның табиғаттағы бір мінезі – ойын-сауық қылып, қызықтар көру. Ойнамайтын адам жоқ. Күлмеген адам – адам емес. Ойын-сауыктың пайдалысы да, зияндисы да көп. Салтымызға, тұрмысымызға қарай түзелген елімізге көп ойындар бар. Бұларды менсінбей, ұмытып барамыз. Бұл жарамайды. Біздің кейір ойындарымызға Еуропа таңданарлық. «Сананың» бір міндеті – өз еліміздегі ойындармен, бөтен елдердегі ойындармен оқушыларын таныстыру.

6. Бұл дүниеде адам баласы таңданатын іс қылып өткен ірі адамдар бар. Бұл адамдардың аттары атадан балаға ұмытылмай келе жатыр. Түрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар, билер, тағы басқалары көп өткен. Өз жұртына жұмыс қылып, еңбек сінірген адамдарды қадірлеу – елдіктің белгісі. Сондықтан, ең алдымен, өз жұртымызды болған, сонан соң шет елдерде болған ірі адамдармен таныстыру.

7. «Мәдениет мейрамы» бөлімінде елдің мәдениеті туралы істелінген істі, ұлгілі мектеп, медреселердің күй-жайын, мәдениет-білім ұйымдарының тіршілігін, үкіметтің мәдениет туралы бұйрық жарлықтарын жазып тұру.

8. Жаңа кітаптар туралы сын беріп тұрмақшымыз» (1: 82–83).

Х.Досмұхамедұлының «Сана» журналы алдына қойған шарттары бүгінгі бізге де қажетті екені айқын аңғарылады.

«Қазақ-қырғыз білім комиссиясы жайынан қысқаша баяндама» атты мақалада Қазақ білім комиссиясының 1921 жылғы есебі қарастырылған. Х.Досмұхамедұлы 1922 жылдың аяғына дейін С.Хожанов арифметиканың 1-бөлімін, Қ.Жәленов арифметиканың 2-бөлімін, А.Таныбаев педагогиканы; П.Ғалымжанов арифметиканы; Х.Досмұхамедов жануарлар жайын, С.Оспанов қазақ-қырғыз тіліндегі сөздерді түзуді жазып бермекке үәде бергенін айтады. Сонымен қатар өткен жылғы мәжілістер туралы айтылған: проф. Фалов А.Байтұрсынұлының «Тіл – құралы» туралы баяндамасы, проф. Поливанов – түрік грамматикасын қалай түзеу керек деген баяндамасы, т.с.с. (1: 87).

Комиссияның колдауымен келесі кітаптар баспаға жіберілгені: А.Байтұрсынұлы «Әліппе»; А.Байтұрсынұлы «Тіл – құралы», 2-бөлімдері, А.Байтұрсынұлы «Баяншы», М.Дулатов «Есеп құрал», 1, 2-бөлімдері, Токтыбаев «Жаграфия сөзі».

Ә. Диваев материалдарынан батырлар: Қара қыпшақ Қобыланды, Нәрікөғұлы Шора, Бекет батыр, Қамбар батыр, Шора батыр, Мырза Едіге батыр, Алпамыс батырлар туралы 7 кітап шыққаны,

Айгүл ICIMAКОВА

осы тізімде «Абай тандамалы өлеңдері жуырда басылып шыққан» деген мәлімет бар.

«Тұзетушіден Кенесары–Наурызбай» атты мақалада «тұзетуші»: «1923 жылы 15 наурызда жазылған» деп нактылайды. Мақалада «Кенесары–Наурызбай» соғысы туралы Нысанбай жыраудың өлеңі бүтін казак арасына жайылғаны сез етілген. Осыған байланысты Алаш әдебиетшісі бұл өлең дұрыстальп тасқа басылып шықпаган соң, Нысанбайдың өлеңі өзгертіліп, әртүрлі айтылып жүргені жөн емес екенін мәселе ретінде көтереді. Сондықтан Х.Досмұхаммедұлы білім комиссиясы алдына нақты мәселелер қояды: 1) Нысанбай ақынның шығарған сезінің дұрыс нұсқасын шығару; 2) Ел арасындағы «сыңар езу» сөйленіп жүрген сөздердің әсерін жою; 3) Мектептерде оқылатын ана тілі үшін тарихи поэманиң жақсы улгісін беру» (1:90).

Бұл тарихи жырды 1837 жылы Әбубәкір Диваевқа Жұсіпбек Басықараұлы бергені, оның өзі Ораз деген ақыннан жаздырып алғаны туралы мәлімет берілген. Тарихи жырдың стилі туралы Х.Досмұхаммедұлы: «Нысанбайдың сезінің артықшылығы – ең әуелі, тіл жасағынан. Нысанбайдың тілі – нағыз үлгі боларлық қазақ тілі», – дейді. Мәтіннің шынайылығы: «Нысанбайдың өзі соғыста болып, көзімен көргенін жазып отыр». Сонымен қатар Х.Досмұхаммедұлы басылымның ғылыми болуын көздейді: «Кенесары–Наурызбайдың» ішінде ұшырайтын адамдардың, жерлердің аттарына, түсініксіз сөздерге түсініктеме, Абылай хан, Қасым, Кенесары туралы қысқаша тарихи баяндама жазады». Бұл тұста Х.Досмұхаммедұлы өзі пайдаланған дереккөздерін де атап көрсетеді: «Комментарий жасағанда Шәкәрімнің тарихын, Ахмет топе Кенесарыұлының Смирновқа «Кенесары мен Сыдық топе туралы» жазып берген сөздерін, орыс тілінде Түркістан туралы, әсіресе Жетісу туралы жазылған көп кітаптарды пайдаландық. Бұл – бір. Екінші, Қоңырқожса Қожықұлынан, Мұхамеджан Тыныштайұлынан, Жаңқарааш немересі Сатарқұл Диқанбайұлынан, Ишагали Арабайұлынан, Кенесары немересі Әзімхан Ахметұлынан, т.б. алынған мағлұматтарды пайдаландық» (1: 90).

Х.Досмұхаммедұлының «Тандамалы» кітабының «Әдебиет» ат-ты бөлімі «Мұрат ақын туралы қысқаша мағлұмат» (Ташкент, 1924) деген зерттеумен басталады. Қазақ әдебиеттануында алдыңғы әдеби ақпарат жәдігерлер сияқты – бұл да Мұрат Мөңкеұлы туралы тұңғыш ғылыми ақпарат. Осы зерттеуде ақынның ата-тегі, туған, қайтыс болған кезі бірінші рет анықталып берілген. Оның 63

Алаш әдебиеттануы

жасында қайтыс болғаны дәлелденген (1843 – 1906). Ең бастысы, Мұрат өлеңді мал табу үшін шығармағаны, ескі тарих сөздерін, шежірені жақсы білгені айтылады. Сондықтан ол еліндегі Есет бидін ақылын көп алған дей келе, оның Орақ, Мамай, Қарасай-Қази, Асанқайғы, Қазтуған туралы шығарған өлеңдерін» ерекше атап өтеді. Мысалы, «Қарасай-Қази туралы Мұрат екі күндей айтатын еді» деп ақсақалдардан естігенім бар. Мұрат сөздерінің көбі осы күні жойылған. Біздің басып отырған «Қарасай – Қазиымыз» ұзак сөзден қалған бір жұрнақ» (1: 93).

...Еділді тартып алғаны – Етекке қолды салғаны.

Жайықты тартып алғаны, – Жагага қолды салғаны.

Ойылды тартып алғаны – Ойындағысы болғаны

Толғаудың авторы Мұраттың өмір бойы үстанған ойы – оның он жеті жасында Жылқышы деген ақынмен айтысқан сөзінде айқындалған: «Жігіттің халыққа тиғен пайдасын айт, сырғия ұрыны айтып не керек» (1: 93). Ақынның білімі туралы Х.Досмұхаммедұлы былай деген: «Ескі тарихтық сөздерді, елдің шежірелерін Мұрат ете жақсы білген. Мұраттың елінде. Есет деген би болған. Есет қазақтың шежіре билерінің бірі екен. Жас бала Мұраттың белгілі Жылқышы ақынмен айтысамын деп жүргенін естіп. Есет би Мұратты шақырып алғып ақыл айтыпты-мыс: «Айтысу үшін өткен-кеткенді, ата-бабалардың бұрынғы істерін, қазақтың шежірелерін жақсы білу керек» – деп, Есектің осы ақылы Мұратқа ұнаған (1: 93).

Тарихшы ретінде Халел Досмұхаммедұлы Мұрат сөздеріндегі жерлердің аттарына ерекше мән береді: Осы аттардың бірқатары осы күнде Еділ, Жайық алаптарында ұшырайды. Бұл жерлерде қазақ қай мезгілде жүрген? Боқсақты, Тенгелік, Өгізтау, Бесікші, Бадашы, Қараша, тағы талайлар қай жер? Кубанда қазақ қай уақытта жүрген? Асанқайғы, Қазтуған, Айсаның ұлы Әнет, Қараның ұлы Сидақ, Жанбыршының ұлы Телағыс, басқа да айтылған бөтен батырлар кім? Бұлар қай уақытта болған? Ноғайлы кім? Қазақтың ноғайлыға не жақындығы бар? деген сауалдарды ғалым анығынан қойған. Мұрат ақын сөзінің ғылыми құндылығы да ақын анғартылған: «Қазақтың тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындардың сөзін елеусіз тастай алмайды» (1: 94).

Х.Досмұхаммедұлы ақын мұрасына былайша баға береді: «Мұрат, бір жағынан, өткенді білген шежіре болса, екінші жағынан, халықтың мұғын, елдің зарын айтатын әлеуметшіл ақын». Себебі: «Қазақ елі елдігінен айырылып, «ыштатқа» көшіп, нағыз болдырып

тұрған кезде Мұрат өмір сүрді. Мұраттың заманы бостандық үшін «егескен ердің бәрі жер тіреген» заман. Патша үкіметінің қазаққа құрған саясатының гүрілдеп тұрған заманы қазактың бұрынғы тұрмысы өзгере бастаған. қазактың бұрынғы кең қоныстан, сүйкімді әдеттен, еркін салттан айырыла бастаған заманы. Елдің өзінен шықкан, қанымен қаны, жанымен жаны бір дерлік ақын елдің мұнын айтпай қалай тұрысын?» (1: 94). Сонымен қатар әдебиетші патша саясатынан жалпы орыс халқын бөліп алады: «Мұраттың өлеңдерінде ұшырайтын орыс туралы айтылған кейбір сөздерді бүтін орыс халқына жору керек емес, бұндай сөздерді кешегі өткен патша үкіметінің залымдарына арналған деп түсіну керек» (1: 94).

Мұрат ақынның негізгі тақырыбы қандай? Ол туралы былай делінген: «Елдің мұнын, зарын қанша зарласа да, Мұрат елге анық түзу жол сілтей алмады. Жауга түскен адам не қылмашы? Ең алдымен, қашу керек. «Құтылар қашқан – жаудан, көшикен – жұрттан» дегендей-ақ, Мұраттың ұлы сарыны – құтсызы қонысты тастау керек, кету керек. Асанқайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телагыс, Шора, Едіге пәледен қашып құтылған, осылардың жолы Мұратқа сүйкімді. Бірақ «осылай қыла қоймаңыз» деп Мұрат анық тағы айтпайды. Екінші жасынан, Мұрат «Заманга қарай саз керек», «Законын екі жұрттың тегіс білсең, дәмем бар адаспас деп қисаң жолдан», – дейді. Және де оқудан қайтқан балага: «Адассам, жетелерсің, алтың қолдан, халықтың адасқанын бастамасаң, білектен не пайда бар кеудең толған», – дейді. Елу-алтыс жыл кейін мұндай жаңа жол барлығын айтту Мұраттың пікірлі адам екенін көрсетеді...

Елдің мұнын, зарын көрген, кемшилігін айтып қоймайды, Мұрат осындағы күйге түсірген себептерін де айтады. «Қазақты айналдырыды Сырды алғаннан», «Қоныстың бәрін жоғалтқан, Ногайлы, қазақ надан жұрт, бірлігінің кемісі», – дейді Мұрат... Мұраттың тілі – әдебиетімізге негіз болған ел әдебиетінің тілі. Мұраттың өлеңдерінде қазақтың ел әдебиетіндегі жыр, толғау, айтыс, мақтау хат, асқақ, жоқтау секілді өлеңдерінің бәрі бар. Әдебиет тарихына Мұраттың сөздерінің керектігі шекіз нәрсе» (1: 95).

«Шернияз шешен (ел әдебиетінен)» атты зерттеуде ақынның руы, ата-тегі, шығармалары туралы әдеби танымдық мол ғылыми ақпарат берілген. Исатай мен Махамбет Шернияздың замандасы екені анықталады. Х.Досмұхаммедұлы Шернияздың Баймағамбет сұltанға Исатай туралы айтқан сөздерін тұнғыш рет көлтіргенмен шектелмей, бұл мәтіннің талдауын да берген. Әдебиетші бұл зерттеуде

Алаш әдебиеттанды

Махамбеттің жұмбак жауабын келтіре отырып, осы сөздерден Шернияздың Махамбеттен не кіші, не замандасты болғанын дәлелдеп береді. Шернияздың Баймағамбет сұлтанға қарашы болғанын өлеңдерінен дәлелдеп қана қоймай, бұл әдет Әз-Жәнібек ханның Жиреншісі, Абылай ханның Орынбайы, Кенесарының Нысанбайы іспеттес баяғыдан келе жатқанын еске салады.

Әдебиетші Х.Досмұхаммедұлы Шернияз мәтіндері тарихи жағдайларға байланысты туғанын нақты талдау арқылы дәлелдеген. Х.Досмұхаммедұлы ақын мұрасын баяндаумен шектелмеген: «Шернияздың әзілқойлығы, біреудің мінін табуға, не көзге мақтай қоюға шеберлігі, қысылған жерде сөз тапқырлығы, құлдіргі сөзге ұсталығы таңданарлық нәрсе», – деп жазады (1: 102). Бұл Шернияз өлеңдерінің стильдік сипаты екенін ескерсек, бүгінгі әдебиеттандуда мұндай талдаулар жоқтың қасы. Х.Досмұхаммедұлы бұл тұста мазмұндау, тақырыпты ғана айқындаудан аулақ. Әдебиетші ақын сөзінің ұшқырлығының сырын ашып берген: «Көкей молда Жарылғасты да, Шерниязды да молда еді дейді. Балмырза жырау бір сөзінде: Айдын көлге жабылған Құлаш едім ордалы. Асатаяқ алысқан. Ауыл едім молдалы, – дейді. Шернияздың шарифатқа жетік екендігі сөзінен байқалатын еді» (1: 102). Әдебиетші талдаудың жөнін де көрсеткен: «Шернияздың патшаға айтқаны, жандаралға айтқаны» деген, жазылғанына қырық-елу жылдай болғанмен де, екі сөзі бар. Патшаға арнаған сөзінде мынадай сөйлемдер бар (көрек жерлері алынды): Қатадан қалы ермес Қақан өзге. Айтамын әуел бастан Құдайым бір. Алланы айтсам кетеді көнілден кір. Мағрыб машырыққа қаты еткен, дерқаң қабыл болғай бұ ымырада. Үмітсіз әр кез یатмас ер мұрада, таулар тағат қыла алмас қысматында. Патшан болмай еткен жоқ еш затыңда. Шыбын жан көкіректе есен болса, ұлғұ, кішік баршамыз қызматында.

Жандаралға Шернияз былай дейді: Дұшпандар тітірейді айбатыннан. Дүнияда келмес іс аз құдышратыннан. Сөз мұқтасар қылар деп өтінемін, ұлғұлы ғаламатлу қазір атыннан» (1: 102–103). Бұл сөйлемде әдебиетшінің қынжылулы тұрғаны да анғарылады.

Совет кезінде ағтарын атауға тыйым салынған Мұрат ақын мен Шернияз туралы бұл зерттеулер – тәуелсіз кездің ғылымына қосылған үлес екені айқын. «Шернияз кім?» атты мақалада қосымша былай делінген: «Шернияз – Исадай батырдың, оның жолдасы Махамбеттің, Баймағамбет сұлтанның замандасты. Бекейлікті тастап, Жайықтан өтіп, бергі бетке шыққаннан кейін Исадай көбіне Өлімұлының ішінде жүрді. Исадайға еріп, қазакты қорғауға

да бас болған әлім Исадайдың жан жолдасы болған – шекті мен кетенің адамдары. Исадайдың өлген жері де (Қыыл бойы) кетенің жері. Исадай туралы осы күнге дейін әлімнің арасында әңгіме көп. Шернияздың Исадайдың жорығында болуы шексіз. Исадай өліп, қозғалыс басылған соң Исадайға ергендер үкіметтің кәріне тап болған. Көп адам жазаланған, қуылған-сүрілген. Шернияз жазадан құтылу үшін тілін безеп, Баймағамбет сұлтанға жағып аман қалған. Шернияз амалсыздан Баймағамбеттің «сүркүлтайы» болған. Сүркүлтайдың жұмысы белгілі ғой. Дегенмен Шернияз зәрлі тілмен Баймағамбетті талай шаққан. Бұны ел арасы әңгіме қылады. Ал енді катын алып берді, үй тігіп берді, төрт түлік мал берді деп ел айтпайды. Баймағамбет сыйлық берсе, берген болар, бірақ мұнданың қылып беруі бекер. Баймағамбеттің сыйлығы ат, түйе, тоннан артық болды деп елде ешкім айтпайды. Ел арасындағы әңгімелерге қарағанда Шернияз ақын емес, тапқыр, сөзге тарылмайтын, тез жауап бергіш, мысқылдауға, әзілдеуге шебер, ылғи тақпақтап сойлеғен, аузынан шыққан сөздің бәрі билік болған, сөзге жүйрік шешен. Ел арасында Шерниязды ақын демейді, ишеңен дейді. Шернияздың сөзі көп, бірақ осы күнге дейін жиылған жоқ. Шернияз заманындағы Жиренше болған. Шернияздың тұқымының бәрі «желді», «ауызды» болды, бірақ жалғыз Балмырза дегенінен басқасы ауыл арасындағы тойтопырда сойлеуден жоғары аса алмады» (1: 97–104).

«Дұрыстаушылардан» мақаласында әдебиетші Х.Досмұхаммедұлы Абай кітабының бірінші баспасы туралы сөз еткен. Баспадан кеткен кемшіліктер ғана емес, ең бастысы, қазақ емлесін қолдануды ұсынған. Ғылыми түсініктер жат сөздерге берілген, тіпті әр өлең аяғындағы сандар сол өлең жазылған кезі екені де ескерілген. Бұл мағлұмат 1922 жылы 25.IU. берілген яғни сол кезде қазақ әдебиетшілері ғылыми басылымға қойылған шарттарды толығымен ұстанған.

Х.Досмұхаммедұлының «Аламан» зерттеуі 1924 жылы 26 қарашада Ташкентте жарияланады. Әдебиетші әдебиеттің қоғамдағы орнын кітапта нақтылай анықтап береді. «Халықтың құлқы, мінезі, ойы заманындағы әдебиетінен білінеді. Әдебиет халықтың түрлі қимылдарының айнасы» (1: 107). Әдебиетші: «Ауыз әдебиетінің көбі – XIX ғасырдың мирасы. Арғы әдебиеттен қалған журнак аз», – дейді.

Әдебиеттен нені аңғаруға болады? Осыған орай Алаш әдебиетшісі Х.Досмұхаммедұлы былай деген: «Осы әдебиеттің тексеріп отырсақ, қазақтың өткендері құлқы, мінезі, заманындағы күйініші, сүйініші, арасында болған түрлі әлеумет қимылдары

Алаш әдебиеттануы

анық сезіледі. Заманымыздагы түрлі қимылдардың, жаман-жақсы мінездердің құр өз-өзінен пайда болмай, өткен заманмен тамырласып жатқаны байқалады».

«Аламан» сезін кітаптың атына қою себебін де әдебиетші осы тұста түсіндіріп кетеді: «Бұрынғы әдебиетпен танысқанда, қазактың бойына біткен мінездің бірнеше түрі орасан адырайтып тұр. Қазақ арасында болып өткен бірнеше әлеумет қимылдар да көрініп тұр.

Ел әдебиетімен танысқанда осындай бадырайып көрінгеннің бірі – аламандық». «Аламандық» деген не, оны не үшін білу керек? Оған былай делінген: «Көптің пайдасын ойлай тұрса да, бүтін жүргіттың қамын жей тұрса да, өзінің менмендігін, көп үшін құрбан қыла алмайтын, өз дегенін күшпен орындағынын; өз басын артыққа санаң, сезін сөйлеп соңына ермегендерді, қарсы тұргандарды түсінбегендігінен, ақылсыздығынан қылды деп білетін, қоңіліне жақпаса, өзі қойған бастығының бүйрекінен, өзі қалаган тәртіптің жолына бас ұрмайтын; Отан сезімі, мемлекет сезімі кем, менмендік сезімі өте күшті құлышты аламандық дейміз». Яғни «Аламан» деп тәртіпке, жолға, низамга көнбейтін, өз дегені болмаса, басқаны елемейтін топты айтады» (1: 107).

Алаш ғалымы Х.Досмұхаммедұлы былай дейді: «Өткен ғасырларда қазактың әлеумет қимылдарының көбінде-ақ аламандық бар. Шетелмен жауласса да, ру ара таласса да, хандарына, билеріне көнбесе де, қазактың ісінің көбінен-ақ аламандық иісі шығып тұр, – деп, «аламан» сезінің мән-мағынасын терендей түсіндіреді, сондай-ақ: «Осы «Аламан» деген кітапшада аламандықты көрсететін ел әдебиетінен бірнеше үлгі боларлық сөздерді тіздік», деп кітапшаның негізгі міндетін көрсетеді. Әдебиетші мысал ретінде 400 түрікмен аламан болып келіп, адайдың Байбоз-Жанбоз деген ауылын шапқанын келтіреді. Сонда байдың ел арасындағы зорлығы үшін басқа адай жәрдем бермеген екен. Шабылған ауылдың 40 жігіті түрікменмен оңаша соғысып, жауға кеткен жесір мен малды айырып қалады. Бұл ерлікті мақтап, Нұрым ақын сез айтады. Адайдың аламандығы осы өлеңнен анық көрініп тұр» (1: 107).

Осы тұста әдебиетші Х.Досмұхаммедұлының: «Ауыл арасы, кемпір назын өкпе қылып, ағайыны шабылып жатқанда, көп адай көре тұра жәрдем бермейді», – деп назаланады. Сондықтан Х.Досмұхаммедұлы: «Отан бірлігі, Отан нағызы, Отан сақтау сезімдерінің қазақта аз екені осыдан анық», (1: 108) – деп жазады. Нұрымның аталған өлеңін талдаған әдебиетші: «Ақын бола тұра Нұрым да көптің бірі, қырық

жігіттің қайратын мақтайды да, көп адамды масқаралық іс еткені туралы бір ауыз сөз айтпайды. Аламандық сүйекке сіңген көптің мінезі, ешкім таңданбайды. Нұрым да бұған таңданбайды, бір ауыз сөз болса да мұндай қылықтың кемшілік екенін білдірмейді» (1: 108). Бұл әдебиеттанушы Х.Досмұхаммедұлының қазақ әдебиетіне қойған басты міндеті. Яғни қазақтың кемшілігі де әдебиет тақырыбы болуы тиіс. Әдебиетші екінші мысал ретінде адай Қалнияз ақынның түрікпеннің аламанымен жауласып өлген Қармысты сөз еткен шығармасын талдайды. Қармыстың ержүректігін айта келе, оның аламан батыр екендігін дәлелдеп береді: «Бір ауылды түрікпеннің аламаны шапты» деген хабарды есть сала, Қармыс он жігіт болып көп жауды куа жөнеледі. Соғысып өледі. Алды-артын жимай, елге хабар айтпай, жаудың куатын салмақтамай, «ерлігіне сиынып» жалғыз барып екі жұз елу түрікпенмен соғысу аламандықтан шықкан меммендік емей немене?» (1: 108).

«Аламандық жалғыз адайдың мінезі емес» деп, елдегі беріштен шықкан Айса, Есентемір Досжан дегендердің істерін мысал ғып көрсетеді. Басты мін ретінде келесі кемшілікті алға тартады: «Әлеумет міндеті туралы бір ой жоқ. Айла жасап, шеберлік қылып өкіметтің тұтқынынан босау керек те, бұрынғы қылықты қыла беру керек. Міне, қазақтың психологиясы. Мұны аламандық демей, не дейміз?» (1:108).

Елбасының бүгінгі тапсырмасын сол жағынан яғни тек өз қарабасы үшін айналдырып келе жатқан шенеуніктердің де сол баяғы аламандықты қолдап келе жатқан іс екені осы орайда еріксіз еске түседі.

Х.Досмұхаммедұлы тұра Абайша өз әдебиетінің алдына нақты Отаншылдық міндетін койып, оны жан-жақты дәлелдеп, қажет екенін баяғыда мойындағы кеткен екен.

Х.Досмұхаммедұлының әдебиеттанулық талдаулары сонша анық: «Әлім мен байұлының айтысқаны деген сөзде ру меммендігі анық байқалады. Екі ру бірнеше жыл жауласып келеді. Ақырында татуласады. Татуласып болып тарқарда екі рудың екі ақыны бір-бір ауыз өлең айтады». Осы өлеңді талдаған Алаш әдебиетшісі оған неге көңілі толмағанын айтады: «Бітімнің сонынан қандай өлең айтуға лайық? Әрине, татуластықты, ағайындықты, бітімді, бірлікті мақтап отыруға лайық еді. Бірак жиылған көпкө бітім туралы бір ауыз сөз айттар ниет жоқ. Әрқайсысы өз руын мақтап, екінші руға тіл тигізе бастайды. Ақындардың сөзі қайта жауласуға жол бастап түр» (1:108). Әдебиетші Құлбарақ батыр туралы өлең жолдарын тал-

Алаш әдебиеттануы

дайды: «Адай дағдарында Құлбарақ батыр ағайынымен адайдын ары үшін соғысып өлді деп мақтайды». Ал іс жүзінде бұл тарихи деректі Алаш ғалымы басқаша айғактайды: «Құлбарақтың батырлығында шек жоқ. Батыр-ақ. Құлбарақтың он адаммен 4000 жауға шабуы – алды-артын ойламағандық. Менмендік, өзінен басқа адамды кісіге санамағандық. Құлбарақтың батырлығында аламандық көрініп түр», – деп түйіндейді өз пікірін Х.Досмұхаммедұлы. Байырлықты, жаугершілікті жырлаған өлендерге талдау жасай келе: «Отан бірлігі, Отан сую сезімі, әлеуметшілік міндеті секілді бүтін мемлекетке керек сезімдерді менмендік, бәсекелестік, ерегіс секілді аламандықтың жеңгенін ел арасынан жиналған ескі сөздер анықтап көрсетіп түр», (1:109) – деп ой қорытады.

Әдебиетші бұл кемшілік тек XIX ғасырға тән емес екендігін де айғактап береді. Осы ретте ғалым «Ногайлы заманы деп сөйлейтін жырларды тексеріп (Орақ, Мамай, Қарасай–Қази, Ер Тарғын, Ер Сайын, Қобыланды туралы), бұл сөздерден де аламандық иісі анқып түр» деп, шыншыл талдаудың үлгісін көрсетеді.

Әдебиетке мұндан елдік, отандық сезім түрғысынан талаң қою біз күні бүгін айырылып қалған әдебиеттанулық шарт. Әдебиетші мысал ретінде «Жиembet батырдың ашуы» деген жырды талқылайды. Және бүгінгі бізге үміт боларлық талдау нұсқасын ұсынады. Х.Досмұхаммедұлы Есім хан мен Жиembettің қызы үшін араз болғанын айта келе келесі ойын алға тартады: «Есім хан заманында қазақ пен қалмақ өнемейін жауласып жүрді. Хан ел ұстаган батырга мұқтаж. Осындау үақытта Жиembettің ханды қорқытуы, Жолымбеттің қызды тартып алуы аламандық емей немене? Сыйлық қылып хан батырдың ашуын баспаса, Жиembettің қалмақпен қатар ханды шабатыны шексіз» (1: 109). Бұл мысалда да Отансүйгіштік сезімнің тапталғанын дәлелдеп түр.

Осы аламандық қазақта қайдан пайда болды? деген сауал көтерген әдебиетші оған былай дейді: «Қазақтың көшпелі салты, рулық қалпы, жөнделмеген мемлекет құрылышы аламандықтың тууына, айнала жаугершілік аламандықтың үдеуіне себеп болса керек» (1: 110). Тарихи дәлелді талдаулар екені күмәнсіз. Осының бәрін әдебиетші кемшілік ретінде көрсеткен. Ел мәдениеті туралы Алаш ғалымы былай дейді: «XIX ғасырдың ортасына дейін қазақтың мәдениеті ақсақал дәуірінде болды. Әр рудың, әр тайпаның адамдары өзінің ақсақалына ерді. Ру ақсақалдары өте күшті болып, бүтін қазаққа бас болған. Хандар шала-жансар болды, сондықтан тайпа бастықтары (әр рудың ішіндегі) «көніл түссе, ру бастықтарына бағынды, көнілі

Айгүл ICIMAKOVA

сүймесе, бағынбады» деп осы істің теріс екенін айтқан: «Сананы салт туғызды, ру салты аламандық туғызды» (1: 110). Сондықтан Алаш әдебиетшісі тоқетерінен қояды: «Осы құнгі қазақта аламандық бар ма? «Жоқ» деп айтуға болмайды. Қалың қазақтың арасында аламандық мінез толып жатыр. Бірақ түрлі себептерден аламандық өзгерулі. Ұлт мемлекетін жасап, қазақ арасынан әлеуметшілік туғызамыз деген дәүірде тұрмыз. Жаңа әлеуметшілікті тұра жолмен жасау үшін елдің бұрынғы, соңғы әлеумет мінездерін тексеру керек. Ең алдымен тексеретін нәрсе – аламандық», – дейді әдебиетші (1: 110). XX ғасыр басындағы Алаш тұлғалары үшін бұл негізгі мақсат еді. Елдің, алаштың ауызбірлігін Алаш әдебиетшісі осылай айқындалп берген. Сондықтан аламандықтан құтылуымызды мензейді. Себебі: «Аламандық бар жерде нағыз әлеуметшілік тұра алмайды. Шын әлеуметшілік орнаған жерде аламандық та бола алмайды. Әлеуметшіліксіз қазақта ұлт тіршілігі, ұлт мемлекеті болуга мүмкін емес» (1: 110) «Осы жолды кімдер бастау керек?» деген саялға былай делінген: «Қазақ әлеуметшілігінің өткенін жөнден түсініп, әзіргі қалпын анық көріп, кемісін болжай білу – көп қазаққа көз болған, мәдениет жолына көшбасшы болған «молдага оқып тәрбие алған, ордага кіріп жол көрген» оқыған зияллыларымыздың міндеті» (1: 110). Бірақ осы зияллылардың ішінде аламандық бар ма, соны да тексеру қажет деп санайды Х.Досмұхаммедұлы. Қазақтың ұлт болып бірігуін, рушылдықтан арылуын, оны кемшілік ретінде айғақтаған Алаш әдебиетшісі осы жағдайда әдебиетке ерекше жүк артады: «Ел әдебиетімен таныспайынша, өткеннің көбін де, бардың жарымын да тану қыын». Бұл бүтінгі өз әдебиетіне менсінбей қарайтын шенеуніктерге айтылғандай.

«Казахская народная литература». Краткий очерк (Доклад, прочитанный в кабинете казахского языка при Казахском высшем Педагогическом Институте) атты еңбек (Ташкент, 1928. Орыс тілінде басылған). Әбубекір Ахметжанұлы Диваевқа арналған. Алғысөзде орыс тілінде қазақ әдебиеті, халық әдебиеті туралы аз жазылғаны айтылған. Сондықтан бұл еңбек орыс тілінде арнайы жазылғаны да сөз етіледі. Басты мақсат – қазақ халық әдебиетінің жүйесін анықтау, оның үлгілері мен түпнұсқаларын айқындалп беру екені де осы тұста айтылған.

«Содержание народной литературы» атты II-тарауда қазақ әдебиетінің негізі халық әдебиеті екені, ал шығармалары саны мен мазмұны жағынан өте бай екені айқындалған. Себебі, әдебиетші Х.Досмұхаммедұлының айтуы бойынша, қазақтың бұл дүниеге

Алаш әдебиеттануы

келген кезі мен өлім арасындағы өмір оқиғалары өлеңмен өтетіні белгілі. Осыған дәлел ретінде Х.Досмұхаммедұлы шілдехана мен бесік жырын келтірген (қазақша мен орысша нұсқасы қатар берілген, орысша Ә.Диваев аудармасы). Нәрестенің еститін бірінші дауысы – ол ана тіліндегі ананың бесік жыры. Қазақтың жастық кезі махаббаттық өлеңдерімен байланысты делінген (1: 112). Осы ретте әдебиетші Х.Досмұхаммедұлы балаларға арналған халық әдебиетін арнайы зерттеу қажет екенін ескерткен. Фашықтық әдебиет деп бөліп қарастырған салаға махаббат туралы өлеңдер кіргізілген. Мұның ішінде үйлену салт-дәстүрлік өлеңдерді бөліп қарастырған. Үйлену ғүрүптық өлеңдерді: жар-жар, тойбастар, бет-ашар деп топтастырған. Әрқайсысының өз реті, орындалатын орны, кезі анықталып берілген. Бұл топтан әдебиетші қоштасу өлеңдерін (прощальные песни), кездесу-көріскендері (песни при свидании), сәлем беру, сәлемдеме (песни-поклоны), жоқтау, сықтау (оплакивание и причитания) (похоронные песни) өлеңдерін бөліп жүйелеп берген. *Жоқтаудың мағынасы кең болатындығын аңғартып, мысал ретінде Нысанбай ақынның Кенесары Қасымұлын жоқтағанын келтіреді:*

*Кенекем мениң кеткен соң
Заманым қалды тарылып.
Салтанатты хандардан
Жетім қалдым айырылып.
Екі бірдей қанатым
Топышынан сынды, қайырылып.
Балдагы алтын ақ берен,
Тасқа тиді майырылып.
Кемшилік түсті басыма
Көрінгеннен қаймығып.
Жаңбыр жсаумай су болды.
Пұлы қымбат манатым.
Тасқа тимей кетілді,
Балдагы алтын болатым.
Кенесары, Наурызбай
Асын туған манабым,
Қырғыздан біткен ұсайды,
Тағдырлы ажал сағатың (1: 117).*

Мақтау (восхвалительные песни-оды) өлеңі арнайы қарастырылған. Мақтау мен жоқтаудан кейін жұбату, көңіл айту (утешающие песни) өлеңдері арнайы жүйеленіп, үлгілі түрлерімен айғақталған.

Алаш әдебиетшісі қазақ әдебиетіндегі сынау, мыскылдау, қалжың өлеңдерін арнайы топқа жатқызған (сатира, ирония, эпиграмма). Әркайсының ерекшелігі анықталып берілген. Мысал ретінде Атагөз бидің Қаратай ханға айтқаны (XVIII ғасыр) талданған. Бұл жанрлардан әзіл (шутка) бөлініп алынған: «Среди народной литературы встречается особый вид, служащий для увеселения собравшихся и смеха. Это кульки сөз – комическая литература» (1:119). М.Бахтиннің теориясындағы бұл әдеби категория осында түнғыш анықталған.

Әдебиетші бата мен алғысты (благословление и пожелание счастья) – ауыз әдебиетінің ең көп колданылатын түрі ретінде атаған. Бұған қарама-карсы – қарғыс (проклятие) сөз етілген. Мысал ретінде Мұрат Мөңкеұлының Сібірге айдалған қалмақтың қазақтың ханына айтқан қарғыс өлеңі келтірлген.

Болжасу өлең (предсказывательные песни) бөлініп қарастырылған. Мысал ретінде Асанқайғы өлеңі, ол туралы азыз дәлел ретінде пайдаланылған.

Би сөздері (замечательные приговоры судей) тапқырлығы мен нақтылығымен ерекшеленген: «Замечательные приговоры судей (биев) по родным судейским делам, находчивые иски и замечательные ответы сторон – излагаются обычию в виде рифмованной поговорки или стихотворения. Этот вид поэзии составляет т.н. бийлік сөз. В ней сказывается находчивость, справедливость, неподкупность биев. Очень часто примеры, как знаменитый бий двумя-тремя словами разрешал долголетние споры и тяжбы – и обе стороны оставались довольны (1: 122). Бұл сөздерден «нравоучительная поэзия» деп бөлініп алынған түрдің жанрлық, тақырыптық, гибраттық мәні былай анықталған: «в нравоучительных песнях, как на ладошке, виден весь институт казахской нравственности и добродетели. В них указывается, какими качествами должна обладать добродетельная жена, послушный сын, воспитанная дочь, невестка, богач, батыр, бедняк и.т.д. В них воспеваются хорошие, благородные качества, как щедрость, милосердие, бережливость и др. И даются предостережения не совершать дурные, злые и вредные дела, вроде прелюбодеяния, воровства, лжи, мести, жестокости, склонности, негостеприимства и др» (1: 122).

Зар заман мен толгауды бөліп алған (скорбная поэзия) әдебиетші бұл түрдің мазмұнын, жанрлық ерекшелігін орысша айқындалп былай берген: «Одним из важнейших видов народный поэзии является скорбная поэзия – зарзамани толгау. В этих песнях

Алаш әдебиеттануы

воспеваются порча нравов, падение древнего обычая и старого строя народной жизни, порча судей и начальников, их продажность и подкупность, ухудшение условий жизни, уменьшение скота и обеднение населения, изъятие земель переселенцами, уменьшение пастбищ, ухудшение почвы, голод, джут и т.д. и выражается скорбь по этим поводам, восхваляются древние обычай и старый строй жизни» (1:123). Бұған қарама-қарсы (агитационная литература против царского и кокандского правительства и произвола их чиновников) – «қызыдыруши сөз», – түр деп айқында берген. Мысал ретінде 1869 жылы орыстардың «Степное положение» енген кездегі қазактың жағдайын жырлаган өлеңдер келтірлген.

Халық әдебиетінің ерекше түрі ретінде *биографиялық* және *автобиографиялық* әдебиет қарастырылған. Автобиографиялық ретінде Эбубәкір ақын мен Ұғыманның үлгілері көрсетілген.

Халық әдебиетінің ерекше түрі – *өситетті* (завещательные песни) адамның өлім алдындағы Аллаға жалбарынуы делінген. Бұны А.Байтұрсынұлы *мінәжат* деп атайды. Ол туралы былай деген: «Эти песни сочиняются во время болезней или перед смертью, в них описывается прошлая жизнь, высказываются покаяния в грехах и сожаление по несоблюдению правил религии, высказываются тленность всего земного и мирского, боязнь наказания за грехи в будущей жизни, просится прощение грехов у бога и окружающих, даются советы, как прожить жизнь. В этих песнях в большинстве случаев замечается влияние религии» (1: 124).

Әдебиетші тағы бір саланы атаған: «Лечебная и народная литература очень богата и разнообразна». Осы ретте бақсы домбыра мен қобызben бірге қарастырылған: «Лечебная литература состоит из песен, заговоров, шептаний, и проч. Бақсы, вызывающего духов (жын шақыру) во время игры на инструменте, лизания каленого железа, пляски и различных, манипуляций над собой и больным; очищений (аластау), кружения (көшіру), қағу (выбивание)» (1: 125). Дәлел үшін Х.Досмұхаммедұлы Ә.Диваевтың «Бәдік» өлеңдеріне сілтеме берген. Емдеу әдебиетіне Х.Досмұхаммедұлы кітап ашу, тұмар тағуды жатқызады: «Тумары: различные выписки из Корана, молитвы, просьбы к богу и святым, которые зашиваются в мешочек и носятся на шее или пришиваются к одежде (обыкновенно к спинке). В связи, видимо, с баксийской литературой, стоят так наз. переговоры с душами умерших (аруақпен сөйлесу)» (1: 125).

Бақсылық дәстүрлі әдебиет ретінде аруақпен сөйлесу аталған (переговоры с душами умерших) және нақты мысалдар берілген. Түс

жору (снотолкование) ерекше жанр ретінде анықталған. Бұл жанр сонау Фараон түсін жорыған Жұсіп Пайғамбардан басталатыны айтылған. Мысал ретінде «Қызы Жібек» пен «Қозы Қөрпештегі түс жору сарапанған.

Демонологические рассказы деп бақсы, албасты, қара, пері, жын, эруақ, жалмауыз кемпір, жестырынақ, т.б. туралы әңгімелерді айтқан. Бұл олар туралы жай жанр ғана емес. олардан адам қалай сақтануы қажет деген де ақпарат көзі делінген.

Келесі бөлініп алынған жанр – *легенды* – жер мен көк, жұлдыздар, т.б. туралы әңгімелер. Мысал ретінде үркер, жетіқарақшы, т.б. туралы аңыздар баяндалған. Бұлардан әдебиетші *«поверье»* мен *«предание»* деп бөліп алған жанрлар бар: «Поверъе» о происхождении различных животных, растений и других предметов. Поверья имеют происхождение от шаманизма, ислама и бывают смешанные». «Предания относятся к разным историческим личностям, отдельным постройкам, городам, развалинам и проч, к отдельным родам, коленам и целому племени или отдельным событиям» (1: 126). Мысал ретінде қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақтардың шығу тегі. Шыңғыс хан, Жошы, Жәнібек хан, Жиренше, Асанқайы туралы ауыз әдебиеті мәтіндері келтірілген. «Әр рудың преданиесі шежіре-родословная» деп анықталған. Қазақ 7–10 атасына дейін білуі шарт екені ескерілген.

Әдебиетші Х.Досмұхамедұлы *Героический эпос и исторические песни* деп батырлар эпосын атаған (Қобыланды, Алпамыс, Едіге, Орақ-Мамай, Қарасай-Қазы, Ер Тарғын). *«Тарихи жыр – ұлт-азаттық козғалыс кезінде туған жырлар»* деп айтылған (ресей империализмі мен жонгарларға қарсы). Бұл ретте Кенесары, Исатай, Бекет туралы жырлар ерекше аталған: «Исторические же песни описывают действия определенных исторических лиц, хотя и с большими прикрасами, главным образом, в период борьбы казахов за свою независимость с русским империализмом и джунгарами. Примерами могут служит песни о Кенесары, Исатае, Бекете и. др. Многие былины и исторические песни являются настоящими эпопеями» (1: 126). *«Бытовые поэмы»* деп Қозы Қөрпеш, Қызы Жібек, Айман-Шолпан қарастырылған. Бұлардың жанрлық, тақырыптық айырмашылықтары айқындалған.

«Айтыс – состязание импровизациями» деп бөлініп алынған: «Соперничество отдельных лиц, родов среди казахов выражалось очень часто в виде состязания словами (в стихах) – айтыс». Айтыс – самая любимая поэзия казахов до сих пор. Ни одно собрание,

Алаш әдебиеттануы

по какому бы слушаю оно ни происходило, обыкновению не проходило до последнего времени, чтобы не было на нем айтыса. Айтыс состоит в том, что два соперника начинают поочередно перепиরаться стихами – экспромтом. Каждый из них восхвалением себя, своих знаменитых представителей рода; родины и указанием на ошибки, недостатки и позорящие деяния противника, его рода, его родины и проч, старается победить другого. В состязательной литературе встречается и описание природы и животных, и загадки, и сатиры, эпиграммы, последние виды преобладают. Состязание продолжается до тех пор, пока не замолчит один из состязающихся. Это означает – сознание победы противника. Многочисленные общество, слушающее состязающихся и одобряющее своих представителей различными возгласами, служит обычно аудиторией и нередко судьей.

Слова акына-победителя в состязаниях необычайна, и поэтому любители состязания зачастую отыскивают противников – знаменитостей за тысячу верст, чтобы, победив известного акына состязателя, увеличить свою славу. Бывают состязания часто исключительно загадками. Айтыс в большинстве случаев имеют названия: состязания такого то с таким-то. Но есть и безымянные айтысы. Последние обычно касаются целых родов или народностей» (1: 127). Айтыс туралы жан-жақты ғылыми талдау берген әдебиетші келесі компаративистикалық байламға келген: «всенародное состязание в импровизациях встречается, кроме казахов, только у древних греков и арабов. Эта форма народной поэзии, к сожалению, в последнее время падает и начинает заменяться айтысами в письменном виде» (1: 127).

Х.Досмұхаммедұлы жанр ретінде атағандар: *ертегі, мәтеп, жұмбақ, жаңылтпаштар*. Жаңылтпасты «комедиялық» әдебиетке жатқызған: «К комической же литературе относятся и так называемые небылицы, когда воспеваются невозможные события и положения». Мысал ретінде келтірілген: «Еще не родившись на свет, я уже пас табуны моего деда» (А.Диваев аудармасы) (1: 128). Бұл түрге «небылицы» кіргізілген. Әдебиетші жануарлар эпосын қарастырған; Осы тұста жыл санауына қатысты – *мүшел түсінігін анықтап* берген. Дербес жанр ретінде «приметы» – ырым алынған: «Соблюдение некоторых ырымов является признаком хорошего тона и необходимым правилом приличия. Ырымы сопровождаются произношением известных выражений, пожеланий и пр, обычно в стихотворной форме» (1: 128).

Х.Досмұхаммедұлы бұлардан кейін діни жаңарды бөліп алған: «Переходным видом от казахской чисто народной литературы к следующему отделу – духовной религиозной литературе – является особый вид поэзии, называемый жарамазан. Жарамазан поется странствующими лицами, обыкновенно во время поста. Эти песни имеют характер полурелигиозный. Певцы (Жарамазанши) в своих песнях, ссылаясь на требования шариата, выпрашивают себе милостыни и подарки» (1: 129).

Бұдан кейін әдебиеттанушы Х.Досмұхаммедұлы ерекше діні әдебиетті бөліп қарастырады: «Литература религиозного характера описывает основы ислама, требования и правила шариата, ужасы ада, улады рая и другие картины загробной жизни. Жизнеописание Магомета, его ближайших сподвижников в этой литературе занимает значительное место. Особенно много поэтических сказаний о халифе Али и его сыновьях – Хасане и Хусаине. Имеются обширные поэмы, описывающие загробную жизнь, например, Жумақ – Тамук поэта Мулдагалия». Продолжением религиозной литературы является литература на казахском языке из арабско-персидской жизни. Это переводы, подражания и пересказы в поэтическом виде различных арабских и персидских сказаний и сказок, вроде «Тысячи и одной ночи»; «Шах наме» и др. (1:129). Бұл әдебиетке араб-парсыдан келген мәтіндердің әсері айқындалған (Шах Наме, 1001 тұн).

Алаш әдебиетшісі келесідей тұжырым жасаған: «Весь быт и условия жизни казаха можно изучить на его народной литературе». Х.Досмұхаммедұлы: «Даланың кенәдігі, казак жерінің құмы, өзені, тауы, тогайы – бәрі әдебиетінде өлеңмен бейнеленген», – дейді. Көшпелі өмір салты, тіпті ұлттық киім атаулары да әдебиетте жырланғанын еске салады. Ұлттық өмір мен табиғат, қоршаган орта, көшпелі өмірдің заттық әлемі – жан-жануар, әр шөпке дейін бәрі қазақ әдебиетінде суреттелгенін алға тартады. «Осының бәрі ұлттық әдебиеттің мазмұнын құрайды», – деп танытады ғалым. Ол туралы былай делінген: «Рождение ребенка, его игры, юность, любовь, свадьба, успехи и горести в жизни, болезнь, ее лечение, смерть, похороны, поминки, горе родителей, соболезнование и утешение близких – все это великолепно зафиксировано в поэтической форме народной литературой.

Весь быт и условия жизни казаха можно изучить по его народной литературе. Широкая степь и необъятный простор казахской равнины, ее пески, реки, горы, долины, леса и луга – все воспето

Алаш әдебиеттануы

в народной литературе. Жесточайшие зимние бураны, губящие все достояние казаха-скотовода, палящий летний зной, осенний пронзительный ветер, весенне пробуждение земли и красота степей – во всей подробности запечатлены в народной литературе. Голубое небо, яркое солнце, красавица луна, мириады звезд, таинственный млечный путь, красивая радуга, благодатный дождь, глубокий снег, разливы рек, засуха полей – одинаково находят место в народной литературе. Из народной литературы ясно видно, насколько мила сердцу казаха свободная кочевая жизнь, условия перекочевок, скотоводческий образ жизни и скот, и насколько презрительна для него оседлая жизнь в городах и нелюбезны его сердцу занятия торговлей и земледелием. Воспевая с восхищением кибитку, ее принадлежности и всю ее обстановку до мельчайших подробностей, народная поэзия отзывается с презрением о избах (землянках и тамах).

Казахская национальная одежда (тумак, чекмень, купе, шапки, серебряные, нанизанные на девушки монеты, боевые доспехи, седельные принадлежности и проч.) также воспеваются в народной литературе.

Все виды домашнего скота и вообще вся фауна Казахстана и сопредельных стран в народной литературе занимает значительное место. С особенной любовью казах относится к лошади, казахская народная литература создала типы особых коней – «тулпаров», вроде «Тайбурыл» в былине Кобыланды, «Кокбюйра» в поэме Карасай-Казый, «Тарлан» в поэме Ер Таргын и т.п.

Волк, барс, шакал, тигр, лев, кабан, медведь и масса других животных занимают место в народной литературе, которая создала типы казахского волка – этого бича казахского скота и казахской лисы. Такого совершенного типа лисы, как казахской, ни в какой другой литературе не встретишь, кроме германской (Рейнеке-лис).

Целый ряд птиц встречается в песнях, но особенно казахи любят и воспевают часто ястреба, сокола, степного жаворонка, соловья, лебедя и казарку. Змеи, лягушки, ящерицы и прочие гады, вплоть до безобразного варана – имеют в народной литературе свое место. Кузнечики, бабочки, жуки, мухи, комары, тарантулы и скорпионы и вообще животный мир беспозвоночных имеют в литературе положительные и отрицательные характеристики, но с особой любовью казахи воспевают бабочек.

Вся флора степи, начиная со стройных тополей и сосен и кончая родным казаху жусаном (полынью) упоминается в народной

Айгүл ICIMAKOVA

литературе, но имена тюльпана (кызгалдак) и весенник цветочков (байшешек) очень часто повторяются в народной поэзии, особенно любовной. Таково вкратце содержание народной казахской литературы» (1:129–130).

Қазақ тілінің әдебиетке қатысы туралы Алаш әдебиетшісі нақтығылыми негізді тұжырым жасаған: «По содержанию казахская народная литература вполне самобытна и почти сохранилась в первобытной чистоте. И с внешней стороны, т.е. со стороны языка, казахская литература тоже сохранила самобытность и чистоту. ...Правда, что и в него вкрались некоторые чуждые ему элементы, но они не сохранили такой самостоятельности, как у остальных тюркских мухамедан, а подчинилась звуковым законам киргизского языка, и, таким образом, сделались вполне достоянием народа», – говорит известный ориенталист В.В.Радлов (Образцы нар. литературы тюркских племен, т. III, стр. XVII).

«Киргизы отличаются от других своих соплеменников особенной ловкостью в выражениях и замечательным красноречием», – продолжает тот же Радлов. Характеристика известного ориенталиста-лингвиста особенно верна по отношению к казахской народной литературе. Правильность, точность, ясность и благородие слога, картиность выражений и музыкальность речи замечательны в казахской народной литературе. Эти качества казахской народной поэзии, при почти непостижимом однообразии языка при далеком его распространении, приводят в удивление всякого изучающего казахскую литературу» (1: 130).

Қазақ сөз өнері негізі өлеңге бейім екені де айғақталған: «Форма языка народной литературы – в большинстве стихотворная. Прозою излагаются, главным образом, сказки и различные рассказы, но много сказок, рассказов и сказаний и в стихотворной форме» (1: 131).

Қазақ әдебиетінің ауызша таралуы туралы да мағлұмат берілген: «Казахская народная литература существовала и существует в устном виде. В прежние времена никаких записей не было и произведения передавались устно из поколения в поколение. Хотя казахи отличаются замечательной памятью (нам лично известны случаи, когда целые поэмы после одного выслушивания передавались казахами в том же виде, в каком были заслушаны), но, конечно, с течением времени многое подвергалось забвению. Этому особенно способствовали различные эпидемии, потрясения в виде воин, голода и джута, когда многие знатоки народной литературы гибли массами.

Алаш әдебиеттануы

В народной литературе существует авторство, но это авторство особого характера. Народные поэты всегда высказывали свои произведения экспромтом и сами обычно не записывали. Эти экспромты сейчас же заучивались и передавались от одного к другому, как произведения определенного лица. При передачи многое изменялось. Естественно, изменений оказывались тем больше, чем древнее автор. Поэтому в настоящее время существует масса вариаций одного и того же произведения, приписываемого одному определенному автору. В этих случаях большое значение имеют, конечно, давность и достоверность записи. Даже произведения, высказанные несколько десятков лет тому назад определенным лицом, в настоящее время имеют много вариаций.

Поэтому имея в себе элемент коллективного творчества, произведения таковых авторов, а к таковым относятся большинство выше указанных имен, бесспорно являются народной литературой. Имеется в народной литературе другого рода авторство. Известные народные былины, поэмы и проч, приписываются обычно тому акину, со слов которого они были записаны в первый раз или некоторые акины приписывают авторство их себе, как последний передатчик существующей вариации.

Третьего рода авторство в народной поэзии появляется с того момента, когда записывали свои произведения сами авторы или последние исправляли чужую запись своего произведения. Такое настоящее авторство несомненно существует в казахской народной литературе, но сейчас нет точных данных к выделению таковых авторов и таковых произведений. По некоторым данным можно предположить, что такое авторство начинается не позднее первой половины 19-го века. Это начало Казахской письменной литературы. Несомненно начало казахской письменной литературы положили грамотные поэты, поэты, получившие мусульманское образование. Первых образцов письменной литературы, естественно, нужно искать в религиозных и нравоучительных видах народной поэзии» (1: 132).

А.Байтұрсынұлы діни дәуір деген кезеңді Х.Досмұхаммедұлы осылай айғақта берген. Алаш әдебиетшісі қазақ тілінің сұлулығын В.Б.Радловқа сілтеме жасай отырып дәлелдеген. Оған былай деп қосады: «Правильность, точность, ясность и благородное выражение слога, картина выражений и музыкальность речи замечательны в казахской народной литературе» (1: 130). Х.Досмұхаммедұлының келесі тұжырымы теориялық мәнін күні бүгін жоғалткан емес:

Айгүл ICIMAҚОВА

«Казахский язык имеет ударение в словах на определенном месте (на конце) – поэтому казахская поэзия имеет силлабическое стихосложение, основанное на равном количестве слогов в каждом стихе» (1: 131).

Х.Досмұхаммедұлының осы зерттеуінде тұңғыш рет ғылыми айналымға Жиренше (XI ғ.), Сыпыра жырау мен Шалгез (XVI ғ.) есімдерімен қатар бір топ қазақ ақындарының тізімін енгізген. Олар: Қалнияз, Абыл, Нұрым, Қадыrbай, Мұрат, Матай, Куан, Өтебай, Байтоқ, Марабай, Иманбай, Бабас, Жылқышы, Абат, Жылқыйдар, Қозыбек, Жұмыrbай, Қашқынбай, Базар, Есенбақ, Жиенқұл, Ораз, Шернияз, Жаскілен, Бақы, Жанақ, Нысанбай, Нарманбет, Майлышқожа, Мәделіқожа, Ешнияз, Бұдабай, Ермамбет, Ығылман, Құлымбет, Шегебай, Ақтам, Молдағали, Балмырза, Сүйінбай, Досқожа, Өмірзак, Жамбыл, Боқтабай, Әбубәкір, Біржан сал, Ақан сері, Жұсіпбек, Бұқар, Орынбай, Ақмолда, Қарпық, Сейдахмет, Қабан, Құдері, Бөлтірік, Елеусіз, Нұржан, Токжан, Қанапия, Өске, Бейбіт, Серәлі, Тұрмажамбет, Қанлы-Жұсіп, Кете-Жұсіп, Шәже, Садық, Әзіл-Кеш, Онғар, Шораяқтың Омары (1: 131–132).

Әдеби жанрды сақтаушы әрі дамытушылар ретінде қазақтың билері де аталған: Төле би, Досбол би, Бала би, Атагөз би, Есет би, Ескелді би, Байдалы би, Қазыбек би.

Еңбек соңында берілген «Классификация казахской народной литературы» кестесі мен «образцы казахской народной литературы» атты тізімнің ғылыми құндылығы ерекше. Мұндай жүйе сол кезде «Әдебиет танытқышта» ғана келтірілгенін ескергеніміз жөн.

КЛАССИФИКАЦИЯ КАЗАХСКОЙ НАРОДНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Эпос (жыр): а) героический; б) исторический; в) животный.
2. Сказки (ертегілер).
3. Пословицы и поговорки (мақалдар мен мәтелдер).
4. Загадки (жұмбак).
5. Приметовые поговорки (ырым сез).
6. Скороговорки (жаңылтпаши).
7. Поверия.
8. Легенды.
9. Двенадцатилетнее летоисчисление (Рассказы о временах года, месяцах и днях недели и их происх. и значение).
10. Демонологические рассказы. Баба яга (Жалмауз-Кемпир), Жеэстыринақ (médные когти). Албасты, Марту, Кара, Обр, Убе, Жин (жинны). Пери.
11. Космогонические рассказы (о небесных светилах, громе,

Алаш әдебиеттануы

молнии, падающих звездах. Полярная звезда. Малая и Большая медведицы. Плеяда. Радуга и проч.).

12. Сны и их толкования (тұс жору).
13. Игры и разные поговорки, припевы и рассказы при них (ойын).
14. Предания.
15. Родословная (шежире): а) отдельных лиц; б) племен; в) родов; г) колен; д) ханов.
16. Бытовые поэмы (Қызы Жибек, Қозы Корпеш и Баян, Айман-Шолпан и проч.).
17. Состязательная литература (айтыс): а) состязания родовые; б) состязания племенные; в) состязания жигитов и девиц; г) состязания загадками; д) состязания письмами.
18. Хвалебные песни (мақтау): а) восхваление одного лица; б) целого рода или колена; в) родины или отдельной местности; г) какого-либо события, предмета, животного и проч.
19. Оплакивающие песни (жоқтау): а) умершего или ссыльного; б) родины; в) молодости; г) возлюбленного и проч.
20. Причитания (жылау-сықтау).
21. Соболезновательные песни (соболезнование и утешение, жұбату).
22. Сатира, ирония и эпиграммы (жамандау, мысқыл, келеке, кекесін-келемеш, шағу).
23. Бийлик сөз (замечательные и остроумные решения биев, их поговорки, ответы и наставления).
24. Благословение и благопожелание (бата, алғыс).
25. Проклятие (қарғыс).
26. Развлекательные (комические) песни и рассказы (құлқі, көңіл ашу сөзі).
27. Шутки (әзіл).
28. Нравоучительные песни (үгіт өлең).
29. Скорбные песни (зарзаман, толғай).
30. Агитационная литература против царского и кокандского правительства и произвола чиновников (қыздыруши, намыстандыруши өлең).
31. Предсказывательные песни (болжай өлең).
32. Предсмертные песни (завещательные песни перед смертью или во время болезней – өсиет өлең).
33. Биографии и автобиографии.
34. Колыбельные песни (бесік жыры).
35. Свадебные песни: а) жар-жар; б) тойбастар; в) беташар.

36. Любовные песни (жігіт өлең).
37. Прощальные песни (коштасу өлең).
38. Песни при свиданиях (көрісу өлең).
39. Песни-письма (сәлем өлең).
40. Переговоры с духами умерших (аруақпен сөйлесу).
41. Лечебные песни: а) песни баксы (жын шақыру); б) заклинание (оку); в) заговоры (арбау); г) изгнание беса (көшіру); д) выбивание (қағу); е) ұшқіру. дем салу (спрыскивание); ж) молитвословие при садаке. худай. назире; з) тыб (кітап-ашу); и) бойтумар (слова талисмана); к) слова и причтание при предсказывании по кумалакам (камешкам и лопаткам).
42. Небылицы (өтірік өлең).
43. Жарамазан (вроде колядования).
44. Нецензурные песни (богауыз өлең).
45. Религиозная литература.
46. Литература из арабско-персидской жизни (қисса) (1: 133–134).

Зерттеу соңында «образцы казахской литературы» деген тізім берілген. Аталған тізімдегі басылымдар совет әдебиеттануының қазақ әдебиеті тек сол кезінде қалыптасты дегенін және басқа көп үстірт пікірін жоққа шығарады. Сондықтан да бұл еңбек – қазақ әдебиеті туралы орыс тіліндегі тұңғыш зерттеу ғана емес, қазақ сөз өнерінің жанрлық түрлері мен мазмұнын айфактап берген ғылыми зерттеу. Бұл жанрлардың теориялық мазмұны А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» зерттелген. Екі ғалым бір мәселе – әдебиетті қазақша таныту ісін осылай бөліп алған.

Х.Досмұхаммедұлының «Аруақпен айтысу» зерттеуі ерекше. Алаш әдебиетшісі ел әдебиетін негізге алған бұл жанр туралы былай деген: «Қазақтың ел әдебиетінің түрі көп екені мәлім. Осы түрлерден ескерілмей келе жатқан түр – аруақпен айтысу. Қазақ жұрты өліктерін өте сыйлайды. Там салу, ас беру, өліктің аруағына сиыну секілді ырымдар – қазақтың бұрынғы шамандығынан қалған ырымдар. Күйікке шыдай алмай сүйгенінің моласына барып зарлайды. Моладағы кісіден жауап алады. Іштегі шерін шығарып, мауқын басады. Өлік зарлаушыға жауап береді. Мола басында айтys болады. Аруақпен айтysу – жоқтаудың бір түрі. Аруақпен айтysу көбіне ерлі-зайыпты адамдардың арасында болады.

Үлгі үшін төменде күйеуі жауда өлген Аймандаі деген қыздың моланың басына барып күйеуінің топырағын құшып жатып біресе өзі болып, біресе күйеуі болып айтysқанын келтіреміз: Қыз:

Алаш әдебиеттануы

Жігіттер жиырма бесте аттай желді, басынан атқара көр бір тайпа елді. Алғаным, аш қойныңды, көтер басың, касыңда Айманңайдай досың келді. *Жігіт*: Жігіттер жиырма бесте аттай желді, басынан атқарайын бір тайпа елді. Далада иесіз тұрған ку молаға Айманңайдай мұндық болған неге келді? (28: 37–38).

Жігіт пен қыз айттысы түріндегі мәтіннің мазмұны ерекше. Қыздың жарын жоқтауына тіл қатып жауап берген сөздері тоқтау болып қызы мауқын басады: *Қыз*: Қояды өлгендерді қырық қадамға, тыңдаусыз айтқан сөзім еш адамға. Алаштан таңдал алған асыл Бабам, тимеймін тиме десен еш адамға. *Жігіт*: Айманңайдай, енді сені ала алмаймын, мойныңа ақ білегім сала алмаймын. Атаңың оң жағында қалдың жастан «Тиме» деп обалыңа қала алмаймын» (28: 39).

Х.Досмұхаммедұлы ел ішіндегі бар жанрды ғылымға дерек ретінде ұсынған. Мұсылман қазақ елі ата дінді ұстанғаны айқын. Қайғыға жұбаныш ретінде мұндаи диалогтар айтушының ойынан шығарылғаны болуы мүмкін. Бұны көркемсөздің бір жанры ретінде қарастыру ғылым ісі.

Х.Досмұхаммедұлының медицина, гигиена, биология, табиғаттану саласындағы ғылыми мұрасы арнайы зерттеуді талап етеді. Олардың мазмұны: Медицина. Гигиена. Биология. «Тамыр дәрі хақында; Жұқпалы аурулар хақында; Сары кезік – сүзек (брюшной тиф); Ұйқы деген немене; Окушының саулығын сактау; Как бороться с чумой среди киргизского населения; Шума қандай ауру? Жұқпалы аурулар; Жануарлар. Бірінші бөлім (ұзінділер); Жануарлар. Екінші бөлім (ұзінділер); Жануарлар. Үшінші бөлім (ұзінділер); Адамның тән тірлігі (ұзінділер); Профессор Ю.Вагнер. Өсімдіктердің тіршілігі мен түзелуі туралы әңгімелер (ұзінділер); Профессор Ю.Вагнер. Денеміздің түзелуі мен жұмыс қылуы туралы әңгімелер (ұзінділер); *Табиғаттану. Природоведение*. Табиғаттану (ұзінділер); Милион деген немене?; Жұлдыздарды қундіз көруге бола ма?; Мәшиненің қүші» (1: 383).

Аталған басылымдар әрқайсысы өз саласы бойынша «пән сөздерін» негізге алып жазылған. Жат сөз араласпаған қазақтың кәсіби, ғылым тілін дамытуға Алаш ғалымы Х.Досмұхаммедұлы осылай өз үлесін қосқан. Аталған ғылыми зерттеулер бүгінгі арнайы зерттеушілерін күтуде.

Әдебиеттанушы әрі тілтанушы Х.Досмұхаммедұлының «Қазақ-қыргыз тіліндегі сингармонизм заны» атты зерттеуінің жөні ерекше. Аталған зерттеу – Ташкентте 1924 жылы шыққан қазақ

тілінің заңдылықтары туралы теориялық еңбек. Ғалымның басты түсініктері: «Мәдениеттің негізі – білім. Білім тіл арқылы жетіледі. Білімді жүргіттардың тілі бай болады» (1: 139). Зерттеуде түрік тілінің ғылыми заңдылықтары айқындалып, казақ тіліндегі сингармонизм заңы сөз етілген. А.Байтұрсынұлының «Тіл құралына» сілтеме жасаған Х.Досмұхаммедұлы нақты сингармонизм заңдылығын былай түсіндіреді: «Бір сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрінің бірдей дауыспен (не жуан, не жінішке) ұйқасып айтылуын білім тілінде «сингармонизм» дейді. Сингармонизм деген сөз казақша айтқанда, *ундестік, үйқастық* деген мағынада. Сингармонизм – түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті. Осы күндерде қазақ-қырғыз секілді шет жүргіттармен жарытып араласпай, нағыз түркіті сактаған елдердің тілдерінде ғана сингармонизм заңы өзгермestен қалып отыр» (1:139). Осы қағиданы ғалым көлемді зерттеу шенберінде жан-жақты дәлелдеп берген. Түрік тілінің табигаты туралы былай делінген: «Түрік тілі – жалғамалы тіл. Жалғамалы тілдегі сөздердің тубірі өзгермейді. Сөз аяғына жалғанған косымшалар арқылы өзгереді. Қазақ тілі – түрік тілінің бір тарауы. Сондықтан қазақ сөздері де тубін өзгертпей, аяғына косылған жалғаумен өзгереді. Бұл заң «Тіл – құралдан белгілі» (1:139). Жалқы сөз туралы: «Жалқы сөздің тубіріндегі дыбыстардың біреуі жуан болып, біреуі жінішке болып еш уақытта естілмейді. Қазақтың негізгі жалқы сөзінің тубірінде жуан дыбыстармен жінішке дыбыстар араласып шырамайды» (1: 139).

Сөздің үйлесімі, келісіп айтылуы туралы былай делінген: «Бірқатар білгіштердің ойынша, сингармонизм дауысты дыбыстардың үндес болып, ұйқасып, бір дауыспен (не жуан, не жінішке) айтылуынан шығады. Дауысты дыбыстар қалай айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар солай айтылмақшы. Бір сөздің ішіндегі дауысты дыбыстар бірігіп, өнге дыбыстарға ән береді, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар өз алдына үн шығара алмайды. Дауыстылардың берген әнін ғана ұстайды. Дауыстылар сөздің қалай айтылуын билеп тұрған ұғарушылар, әншілер. Дауыссыздар мен жарым дауыстылар бұлардың соңына ерген дауыссыз нөкерлері болып шығады. Сондықтан сингармонизм заңы дауыстылардың *гәрмөндесу заңы* я дауыстылардың *гәрмөнение заңы* деп те айтлады.

Біздің оймызыша, сөздегі дауысты я жарты дауысты дыбыстар үнсіз, мұлде сакау емес, бұлардың аз да болса дауысы бар. Бұлар костаушылар. Бірақ бұлардың дауысы дауыстылардікіндегі ашық емес, саныраулау естіледі. Сөзді әнге, сөз ішіндегі дыбыстарды

Алаш әдебиеттандырылған жазылыштар

қосылып ән айтушы адамдарға балауға болады. Мәселен: бес кісі қосылып ән салса, бір-екеуінің ғана дауысы анық естіледі де, өңгесінің дауыстары дүдемел байқалады. Сондықтан біз «дауыстылар гәрмәниесі» дегендегі орнына «дұбыстар гәрмәниесі» деп айтқанды дұрыс көреміз» (1: 140). Фалымның келесі анықтамасы да ерекше: «Қазақ-қырғыз тіліндегі сөздердің түбірі еш уақытта өзгермейді. Қазақ-қырғыз сөзі өзгергенде, аяғына жалғанған қосымшалар арқылы өзгереді. Тіліміздегі қосымшалар: 1) жалғау; 2) жүрнақ; 3) жіктеу болып бөлінеді. Байқап қарасақ, жалғаулар сөздің түбіне ұйқасады. Сөздің түбірі жуан айтылса, жалғанған жалғау да жуан айтылады. Сөздің түбірі жінішке айтылса, тіркелген жалғау да жінішке айтылады. Сондықтан жалғаулар қос болады.

Тіліміздегі жуан айтылатын жалғаулар мыналар: 1) -ның, -дың; 2) -ға, -қа, -а, -на; 3) -ды, -ны, -н; 4) -да, -нда; 5) -дан, -нан; 6) -дар, -лар.

Бұлардың жінішке айтылатын жұптары мыналар: 1) -нің, -дің; 2) -ке, -ге, -е, -не; 3) -ні, -ді, -ін; 4) -де, -нде; 5) -ден, -нен; 6) -лер, -дер.

Қазақ-қырғыздың өзіне меншікті түпкі сөздерінде бұлардан басқа жалғаулар жоқ. «Тіл – құрал» осыны айтады. Шеттеп келген сөздерге -дә, -ндә, -дән, -нән, -ләр, -дәр деген жалғаулар бар деушілерге тілімізге кірген жат сөздерді тексергенде жауап береміз. Жалғаулар айрықша сөз емес, сөздің мүшесі, буыны. Өз алдына айтқанда, бұларда мағына жоқ, сондықтан бөлек айтылмайды.

Қазақ-қырғыз тіліндегі жалғаулардың жалғасқан түбірімен үйқасып, әндесіп сөйленетіндігі анық. Жінішке түбірге жуан жалғау я жуан түбірге жінішке жалғау еш уақытта қосылмайды.

Жалғыз сингармонизм заңымен жалғасады. Тәуелдіктер де жалғаулардың ізімен жүріп сингармонизм заңына көнеді» (1: 140–141).

Алаш ғалымы Х.Досмұхаммедұлы А.Байтұрсынұлының «Тіл құралына» кірмеген жүрнактарды да бөліп атайды: «Тіл құралға» кірмеген шын жүрнактар көп:

1. -лдырық, -лдірік (*табалдырық, сагалдырық, тұмылдырық, көзілдірік, өмілдірік*);

2. -нғы, -нгі, -нкы, -нкі (*салбыраңқы, астынғы, болдырыңқы, еңкейіңкі, үстіңгі, ауысыңқы*);

3. -қак, -кеқ, -ғақ, -гек (*жарғақ, шорқақ, шорқақ, піскек, ілгек, үркек, іскек*);

4. -қай, -кей, -ғай, -гей (*балақайың, қарагай, еңсегей, әшекей, өңкей, наизагай, жөнегей*);

5. -кам, -кем (*қалқам, салқам, жөргем, көркем, икем, желкем*);

Айгүл ІСІМАҚОВА

6. -ау, -еу (*қинау, жинау, көрнеу, ернеу, кернеу*);
7. -ман, -мен (*қылмаң, күлмен*);
8. тағы талайлар.

«Жұрнақтың бәрін тізіп жату бұл жерде орын емес. Бірақ жүрнектардың бәрін толық қылып жинау кезекті жұмыстың бірі болуы керек», – деп айғақтап қояды ғалым Халел Досмұхаммедұлы (2: 143).

Жат елден келген жүрнақтар: «Тілімізге жат тілдерден (парсыдан) кірген жүрнектар бар: 1) -кер (-гер), 2) -хор, 3) -паз. Жат тілден кірген жүрнектар шала жүрнақтарға қосылады, бұларда костық жок.

– *Ker (-ger)* өнемейін жіңішке айтылады. Алдындағы қосылатын түбір сөзі жіңішке болса, дүп-дұрыс болып сингармонизм заңымен жүре береді (*ic-ker* – іскер). Алдындағы қосылатын түбірі жуан айтылатын сөз болса, бұл сөзді «-кер» жіңішкертіп лып қосылады: сауда-гер – сәудегер, хайла-кер – хәйлекер яғни айла-кер – әйлекер, жұмыс-гер – жұмыс-кер – жұмыс-кер, тағы талай үлгі келтіруге болады.

– *Ker(-ger)* жүрнақ жат тілден келген шала жүрнақ болса да, бұқунде шын жүрнакқа айналып барады.

– *Паз* (әсем-паз, өнер-паз) өнемейін жуан айтылады. Бұ да алдындағы сөзбен әндеспейді.

– *Xor* (пара-хор, алым-хор, жем-хор) өнемейін жуан айтылады, түбір сөзбен әндеспейді» (2: 143–144).

Қорытындыны былай берген: «Жүрнақтар туралы әнгімені қорытқанда, мынадай жазу қағидасы туады: 1) Шын жүрнақтар сөзге қосылып жазылуы керек. Шала жүрнақтар түбір сөзге жалғаспай, сзызықшамен бөлініп жазылуы керек.

– *Ker (-ger)* жүрнақ шын жүрнакқа есептелінеді, сондыктан түбірмен бірге жазылуы керек.

Жазудың осындай қағидасы сингармонизм заңынан шығып отыр.

Демеулерде де сингармонизм заңы анық байқалады. Сұрау демеудің жуан түрлері: *ма, ба, да*; жіңішке түрлері: *ме, бе, де*. Демеу алдыңғы сөзбен үндеседі. Алдыңғы сөз жуан болса, демеу де жуан айтылады; алдыңғы сөз жіңішке болса, демеу де жіңішке айтылады. Үлгі үшін: ұрыстым-ба, сөктім-бе, оқи-ма, жүр-ме.

«*Да*» деген демеу жуан айтылатын сөздің соынан қойылады. Мәселен: мал да, құс та, адам да сүт емушілер тобына кіреді. «*Де*» деген демеу жіңішке айтылатын сөздің соынан қойылады. Мәселен: мен де, сен де – адамбыз; көз де, бүйрек те, жүрек те, ішек те – денедегі мүшелер.

Алаш әдебиеттануы

Біздің кейбір жазушыларымыз «да» менен «де»-нің қай орында қалай қойылатынын шатастыра береді. «Қазак тілі»-нің талай сандарында ретсіз «да» мен «де»-нің шатасып жүргенін байқадық.

Мағжан Жұмабай өлеңдерін бастырғанда басқарған Бернияз Құлеев «Бастырушидан» деген сөзде мынаны жазады: «Өлеңдердің қолжазбасында көпшіліктің сөйлем жүрген тіліне, емлеке дұрыс келмейтін кейбір сөздер жергілікті турде жазылғандары бар еді. Мәселен: *менде, сенде, өзімде, көзімде, өлімде, меніде* деген сөздердегі демеулер көпшіліктің сөйлем жүрген тілінде емледе орнымен «де» де, «да» да айтылып жазылады. Қолжазбада барлық сөздерде деп айтартылған «да» демеуі жазылған жоғарғы сөздер *менда, сенда, өзімда, көзімда, өлімда, менімда* (болып) жазылған. Бұлардың талас еместерін «де» қылышп түзетсем де, өлеңнің ұқастарын бұзатын орындарда һәм дүдәмал естілетін орындарда түзетуге тәуекелім жетпеді». Бернияздың түзетуі дұрыс-ақ, бірақ түзетуді аяқтамағаны – сингармонизм заңымен таныс болмағандығы.

Ақындық – табиғаттың саннан таңдал бірен-сарап адамдарға беретін артық өнері. «Көп берілгеннен көп сұранады» деген нақылды ескеріп, аяғына дейін түзету керек еді. Тілді бұзбай ұстарту, ше-берлету, байыту – ақындардың мойындарына артылған зор борыш.

Сұрау демеулік соңында екен деген сөз келсе, қатар тұрған екі дауысты дыбыс бірігіп айтылады, сондықтан мекен, бекен деген сөз туады. Мәселен: *барама екен, жүреме екен* деген сөздер *барамекен, жүремекен* болып айтылады. Мекен, бекен болып айтылса да, *барама екен, жүреме екен* деп жазу керек. Сингармонизм заңы осылай қылышп айырып жазуды дұрыстайды.

Туынды демеулердің кейбіреулерінде сырттан қарағанда сингармонизм заңы дүдәмал байқалғандай болады. Шындығында туынды демеулерде сингармонизм заңы анық. Туынды демеулер мыналар: *үйткенде, сүйткенде, бүйткенде, әйткенде, қайткенде, немесе* (бір түрі ғана алынды)» (1: 144).

Қазақ тіліне сол кезде енген жай сөздер туралы Х.Досмұхаммедұлы былай деген: «Жоғарғы айтқанның бәрі түпкі қазак сөздері туралы еді. Енді шеттен келген жат сөздерге келелік. Қазақ-қыргыз тіліне сіңіп кеткен жат сөздер көп: қала, молда, шілде, амал, айып, әділ, әлім, әдет, ылаж, өмір, ар, құрбан, әкім, аспан, дұспан, занғар, құн, береке, патса, дастарқан, сабын, бедеу, Асан, Үсен, Сәмеке, Шайбақ, Сидак, Мәмбет, Мәделі, әзіл, масқара, дәүлет, апат, есеп, шынжыр, несібе, серт, әсет, акырап, жеді, дүйсенбі секілді тағы талай сөздің бәрі қазақ тіліне жат тілдерден кірген сөздер.

Бұл сөздер біздің тілімізге соншама сіңіп кеткен, қазақ-қырғыз халқы бұлардың жат екендігін сезбейді. Байқап қарасақ, жоғарғы сөздердің бәрі де қазақ тілінің қай заңына да көнеді: қазақтың түбір сөздерімен бірдей болып өзгеріп, бірдей құбылады. Қай жағынан қарағанда да бұларды жат сөздер деп айтуға болмайды, бұларды жат сөздер десек те ел көнбейді. Бұларды жат деген адамның өзін ел өзіне жат санайды. Сондықтан бұл сөздердің бәрі қазақ-қырғыз сөзі деп айтуға тұра келеді. Шет тілдерден келіп сіңіп, қазақ-қырғыз сөзі болып кеткен сөздердің ататегін қуып түбіне жете тексерсек, бұлардың асыл қалыбы, біздің тіліміздегі қалыбына көбіне ұқсас емес. Қазақ-қырғыз тіліне сіңу үшін бұлар танымастай болып өзгерген. Өзгергенде бұлар қазақ-қырғыз тілінің заңдарына бағынатын болып, алдымен сингармонизм заңына көніп өзгерген. Өз заңымен өзертепей қазақ тілі ішіне ешбір жат сөзді алмайды, кіргізбейді. Бұл – ақиқат нәрсө» (1: 145–146).

Фалым орыс тілінен енген жат сөздер туралы: «Орыс тілінен қазақ тіліне кірген сөздерді тексеріп қарасақ, бұлардың да сингармонизм заңымен өзгеріп тілге сіңгені байқалады. *Самауар* (*самаурын*), *Бәселей*, *Шодыр*, *Гәбрөшке*, *жәшенке*, *лампы*, *корпыс* секілді сөздерде сингармонизм анық байқалады. Осы сөздердің орыс тіліндегі асыл нұсқаларында сингармонизм жоқ. Орыстың қалаларының я жерлерінің атактарына келсек, оны да қазақ не өз сөзіне аударады, не сингармонизм жолымен өзертеп айтады. *Топайлы* (Тополевский), *Өрлік* (Орловский), *Кірімшік* (Гребенщиковский), *Сарытау* (Саратов), *Самар* (Самара), *Мәскеу* (Москва), *Хәркеу* (Харьков), *Орынбор* (Оренбург) деген сөздерде сингармонизм анық байқалады.

Гүбірнетір, *үйез* (*ойаз*), *болыс*, *жандарал* (*боласнай*), *ауылнай*, *ыстаршина* (*ыстарышын*), *пәмөшнік*, *нәшәндік*, *содиа*, *пірістөп*, *өрендік*, *пірнеске*, *эткез*, *шербій*, *сиаз*, *пірсеміл*, *перебөтшік*, *шөтшік*, *песір*, *үшетіл*, *мұжық* секілді сөздердің көбін орынды ма, орынсыз ба тексермей, ел ішіне ықтиярсыз біздің оқығандар, әсіресе тілмаштар кіргізді. Оқығандар мұндай сөздерді нағыз орысшасынан бұлжытпай сөйлемді, қазаққа бұлжытпай сөйлетуге тырысты. Қара халық оған көнбеді, өзінше аударып сөйлемді. Жоғарыдағы жазылған сөздердің бәрі де нағыз қара қазақтың айтуынша жазылған. Сингармонизм бұларда анық.

Қара халық өте сак болады. Тұрмысына, салтына, елдігіне зиянды нәрселерді кабылдамайды. «Қара қарын ел бұзады» деп жат рулардың адамдарын арасына өте сақтықпен кіргізгеніндей, шет

Алаш әдебиеттануы

сөздерді де сынап, тергеп, тексеріп, екшеп, өзгертіп, өз тілінің әдебітіне ылайықтап кіргізеді. Сондықтан оңаша жүрген елдің өз еркінде тұрғанда тілі бұзылмайды. Елдің тілін бұзатын – көршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған мәдениетті елдердің эсері» (1: 146).

Алаш әдебиетшісі әдеби тілдің сакталуы мектеп пен баспаға байланысты деп санаған. Әдеби тіл туралы Х.Досмұхаммедұлыбылай дейді: «Әдебиет тілі дұрыстап түзелмесе, қара тілдің заңымен жүрмесе, әдебиет тілі көп бұқараға түсініксіз жат тіл болады, елге сіңбейді; сондықтан жер жүзіндегі жүрттың кебі әдебиет тілін қара тілге жақын қылыш елге түсінікті қылуға тырысады.

Әдебиет тілінің қаруы – баспа мен мектеп. Баспа мен мектеп деген – адам шошынарлық өте қайратты қару. Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды. Мектеп пен баспа-ның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендір-еді; мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды.

Қазақтың әдебиет тілі жаңадан басталады. Елдің қара тілі әдебиет тілімізге негіздікке алынды. Әдебиет тіліміздің табаны дұрыс салынды деуге болады. Табаны дұрыс салынғанмен, үйді көркем болып түзеледі деп айтуға болмайды. Үйдің керегесі (дуалы), төбесі, есік-терезелері, түрлі әшекейлері көп болады. Осылардың бәрі дұрысталып салынғандаған, әрқайсысы өз орнына қойылғандаған үйді түзеліп бітті деуге болады. Осы күні әдебиет тіліміз өте қарқындал өсіп барады. Бір жағынан, өз сөзінен сөз тудырып байыса, екінші жағынан, жат сөздерді кіргізіп байып бара жатыр. Тілдің өз сөздерінен туған сөз тілдің негізгі заңымен тууы керек, тілдің нағыз өз баласы болуы керек. Бұған ешкім таласпас та, таласпайды да» (1: 147).

Жат сөздер туралы: «Жат сөздерді қолданғанда, тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жердүниеде жоқ деп айтса да болады. Бұл туралы Аурупа тілдерінен алдымызда үлгі келтіреміз. Жат сөздерді өзгерпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді» (1: 148). Олар қайдан еніп жатыр? «Тілімізге жат сөздер екі жақтан кіріп жатыр. Бірі – араб, парсы сөздері, молдаға оқығандар арқылы. Екіншілері – Аурупа сөздері, ордаға оқығандар арқылы.

Араб-парсы сөздері тілімізге дінмен бірге кіре бастады. Молдалар қашшама дін сөздерін дұрыс айтқызамыз деп (тіл) бұраса да, ел болмайды. Жат сөздерді өзінше айтып, тілінің заңына лайықтап

қолданатын болды. Дін тілімізді бұза алмады. Бұған себеп – көшпелі салтымыз һәм елге тым қадірлі болған орасан бай ауыз әдебиетіміз. Көшпелі елге жазу-сызу оңайлықпен таралмады. Жазба әдебиет жоқтық бізді сақтады. Жазба сөз қазақ арасына он тоғызынышы ғасырдың екінші бөлімінде пайда болды десе болады. Онан бұрынғы есепке алынбайды. Жазба сөз бізге, бір жағынан. Қазаннан, бір жағынан. Бұхардан келді. Араб-парсы сөздерінің де көбі осы көршілер арқылы келді.

Қазақтың балалары ногай, сарт мектеп-медреселерінде оқитын болды. Медреселерде араб-парсы сөздерін өзгертіп айту зор күнәға есептелінетін еді. Молдалар казақ арасына араб-парсы сөздерін бұлжытпай айтуды жазу арқылы үйрете бастады, ана тілін бұзып, ногайшылап, сартшылап сөйлеуді, жазуды шығарды» (1: 148).

Қазақ тіліне әсері туралы: «Көп қазаққа «шатақ» тілдің әсері жарытып тиген жок. Шатақ тілден сақтаған: 1) көшпелі салтымыз. 2) бай, ауызша айтылып жүрген ел әдебиеті. 3) Ыбырай Алтынсарыұлы һәм Абай Құнанбайұлы сияқты шын тіл қамқоры болған нағыз әдебиет тіліне жол салған оқымысты жігіттеріміз» (1: 148).

Алаш ғалымы әр әріпке қатысты нақты мысалдар келтіре отырып, жалғау, журнақ, жіктеу, қосымшаларды да арнайы қарастырған. Мысалдар көркемсөзben берілген. М.Жұмабай өлеңдерін бастырғанда, Бернияз Құлеевтің «Бастырушидан» деген сөзі колданылған. Асыл сөз үлгілері тізілген ерекше көркем мәтіндермен қатар ғылыми зерттеудің мысалдары болып табылады.

Ғалым жат сөздерді колданудың екі түрін бөліп көрсетеді. «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертиң, тілімізге лайықтап алуымыз керек. Жат сөздерді өзгертпейінше, «жүргіземіз» деп қазақтың тілін бұрагандар да, «мәдениетке үйретеміз, онер шашамыз» деп арақ пен шылым, жұқпалы ауру таратқандар да бір есеп. Арақ, шылым, аурулар адам денесін бұзса, зорлықпен кіргізген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады», – деп санайды Алаш ғалымы Х.Досмұхаммедұлы (1: 148). Сонымен бірге ғалым сингармонизм занына келмейтін сөздер бар екенін ескертеді: «Арабтың Махмуд деген сөзін қазақ Мәмбет, Мұхамбет, Махамбет, Мағамбет деп өзгерtedі. Мәмбет сингармонизмге толық көнеді. Мұхамбет сингармонизмге шалалау көнеді. Мағамбет сингармонизмге қарсы» (1: 149).

«Қазақ тіліне кірген араб-парсы сөздерін тергеп қарасақ, бір бөлек сингармонизмге шалалау көнген я көнбейтін сөздер ұшырайды. Бұлар тілге ықтиярсыз кіргізілген, бұзып айтылуына қарсылықты көп

Алаш әдебиеттануы

көрген, тілді бұрап алғашқы қалыбында сөйленуіне, жазылуына көп еңбек сінірілген сөздер. Бұларды қазақ тіліне толық сіңіп болды деуге болмайды. Бұлар шала сіңген сөздер. Жаттығын білдіртпей бұларды тілге әбден сініріп жіберу – әдебиет тілінің міндеті.

Арабтың *Махмуд* деген сөзіне қазақ тілінде сәйкес сөз *Мәмбет*. Бөтен түріктерде *Мамед*, *Мемед* деп айтады. *Мұхамбет*, *Мұғамбет* деген молдалардың, оқығандардың қолданған, елге ықтиярызың сөйлеткен сөздері. Бұлар шала қазақ сөздері. *Махамбет*, *Магамбет* осы шала сөздердің түзетілген түрлері. Жат сөздерді қазақ сөйлеменде, өз сөзіне жақындастырып, ұйқастырып айтуды жаратады, *Магамбет* деген сөз жалқы айттылмайды. Алдында қосымша қосылып айтылады. (Қос-мағамбет, Қос-махамбет).

Махамбет деген сөзді қазақ екіге бөліп айтад: біреуі – *Махам-Махан-Мақан*. Екіншісі – *бет*. Сондықтан *Махамбет* деп айтылу пайда болады. *Ханибет*, *Ханден* деген сөздерді де қазақ *Қани-бет*, *Қан-ден* деп екі бөліп айтады. *Қани-бет* секілді айтылуына ыңғайлыш келетін, тағы талай сөздер бар. Осындай орындардың бәрінде де жат сөздер қазақ тілінде екіге бөлініп айтылады. Шындығында да бұл дұрыс болса да, әдебиет тілімізге *Махам-бет*, *Қани-бет*, *Қан-ден* деп алу керек емес, *Махамбет*, *Ханибет*, *Ханден* деп алу керек.

Түрік тілінде түбір сөздер қысқа келеді. Түрік тілі ұзын сөзді жаратпайды. Мұндай қасиет қазақ-қыргыз тілінде анық байқалады. Сондықтан шет тілдерден келген сөздерді қазақ тілі екіге, ушке бөліп айтуға тырысады. Махмұттың *Махамбет* (*Махам-Махан-Мақан* həm – *бет*) болуы да осыдан. Қос-махмуд деген сөз *Қос-багам-бет* болып қазақтың тіркелген үш сөзіндей айтылады, сондықтан қазақтың айтуынша, сингармонизмнің заңынша жүрсек, *Қосмахмұтты* *Қос-багам-бет* деп жазу керек.

Қос Багам-бет деп жазуды өте ерсі көрсек, онда ережеден тыс қалып, *Махмұттың* *Махамбет* болуына көніп, *Магамбет* секілді сөзді бір жазамыз. Бірақ мұндай болып жазылуудың айрықша тыс нәрсе екендігін өнемейін ұмытпай, жалпы ережеге аудармасқа керек. Бұлай болғанда *Қос-махмуд*, *Дос-махмуд* деген сөздерді *Қос-багамбет*, *Дос-багамбет* деп екі бөліп жазу керек. Алдыңғы сөз жуан болады да, соңғы сөз жіңішке сөзге баланады.

Ұзын сөздің қыскасы, арабша, парсыша сөздерді арабша, парсыша айту керек емес, қазақша айту керек, қазақ тілінің занына көндіріп қолдану керек. Нагыз түрік сөзінің ішінде жуан, жіңішке айтылатын дыбыстар аралас келмейді. Сондықтан бір сөздің ішінде бір жағынан «қ», «ғ», екінші жағынан «қ», «ғ», «е» дыбыстар

Айгүл ІСІМАКОВА

кірмесін. Жуан сөздерге жіңішке жалғаулар, жіңішке сөздерге жуан жалғаулар жалғанбасын» (1: 149–150).

Европалық жат сөздер туралы былай деген: «Тілімізді байытайын деп тұрған екінші тұрлі жат сөздер Аурупа сөздері, бұқ сөздердің жаңғызы-жарымы болмаса, елге сіңгені жоқ. Бұлар қолданып, елге ықтиярыз кіргізейін деп тұрған – әдебиет тіліміз. Аурупа сөздері соңғы заманда әдебиет тілімізге жапа-тармағай кіріп жатыр. Сондықтан бұлар туралы да біраз ғана сөз айтпақшымыз. Аурупа тілдері бірнеше топқа бөлінеді. Бізге керегі мынау үшеуі: 1) роман тілдері, 2) гермен тілдері, 3) ислабиан тілдері. Бірінші топқа франсоз, ителиен, португалия, іспания, романия, тағы басқалар тілі кіреді. Гермен тобына: неміс, норвегие, шибетсие, дания тілі кіреді. Ағылшын тілі неміс тіліне жақын, гермен тілі мен франсоз тілінің араласуынан пайда болған. Ислабиан тобына: орыс, хахол, пәлек, былғар, серб тілі кіреді. Эр топтың ішіндегі тілдің бір-біріне жақындығы біздің түрік тілдерінің (ногай, қазақ, қырғыз, өзбек, түрікпен, осман) жақындығындаі. Эр топтың бір-бірінен айырмасы түрік тілінің манғұл я фин тілінен айырмасындаі.

Аурупа жүрттарының ғылым тілі қылыш алған тіл – латын тілі. Латын тілінде бұл қунде сөйлейтін ел жоқ. Латын тілінде бұрынғы заманда рұм халқы сөйлеген. Рұмдардың тұқымы – бұл қүндегі ителиендер мен романдар.

Латын тілінде сөйлеу я кітап жазу бірден-бірге қалып баратсада, сонда да Аурупа ғылымындағы атаулардың (терминдердің) бәрі латынша. Латын тіліндегі терминдерді ешкім қалдыруға ниет қылған жоқ, қалдыруға қолдан да келмейді. Ғылым ұлғайған сайын латын терминдері де ұлғайып барады. Аурупа жұрты латын сөздерін термин қылыш қолданғанда бұлжытпай алып отырған жоқ, ер сөзді әркім өз тіліне бейімдеп өзгертіп қолданып жүр, сөзді өзгерктендер әрқайсысы өз тілдерінің заңымен өзгертеді. Мысал үшін бір аз ғана үлгі келтірелік. *Латынның* портсио (порцио) деген сөзін *неміс* портсион (порцион), *орыс* портсиа (порция) *деп* қолданады...

Роман (латын), герман тілдерінде шолак «у», «h», «e» дыбыстары бар, орыс тілінде мұндаидыбыстар жоқ, сондықтан орыстар шолақ «у» дыбысын «в» дыбысымен, «h» деген дыбысты «г» я «и» деген дыбыстармен сөйлейді. Біздің қазақ-қырғыздардың ішінде Ауропа тілдерін жаксы білетініміз аз, көбіміз білмейміз. Аурупа тілдері бізге орыс арқылы жалғасады. Сондықтан Аурупа сөздерін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес. Аурупа сөзін асыл нұқсаынан алып, өзгертіп қолдану керек...

Алаш әдебиеттануы

1) Аурупа сөздерін алғанда, сөзді қазақ-қырғыз тілінің заңымен өзгертіп, сінуге қолайлас алу керек. Аурупа тілінен бізге әсері көп тиетін тіл – орыс тілі, орыс сөздері ықтиярсыз қолдануға керек болатын дәүірде тұрмыз. Сондықтан орыс сөздерін қолданғанда өте сақтық керек.

2) Құнбатыс Аурупа сөздерін алғанда түбін тексеріп, шамадан келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындастып алу керек. Сөз франсоздік болса, франсоздың айтуына, немістік болса немістің айтуына жақындастып алу керек. Көпке дейін Аурупамен біздің арамызға орыс тілі дәнекер болады. Орыстың Аурупа сөздерін өзінше өзгертіп алады. Мұны үнемі ұмытпасқа керек. Аурупа сөздерін орыс арқылы алғанда өте сақтық керек. Аурупа сөзін орыс өзгертіп, орыстың өзгерктенін біз тағы өзгертсек, ақырында Аурупа сөзі орынсыз танымастай болып кетіп, аурупаша да болмай, орысша да болмай шатақ болуы мүмкін. *Копенгаген дұрыс емес, Қөпен-наген я Қөпеннаген болуы керек. Гелсингфорс дұрыс емес, Һельсинк-Форс болуы керек. Мұндай үлгілер көп.*

3) Роман, герман сөздері, жалпы айтқанда, жуан айтудан ғөрі жіңішке айтуды сүйеді. «Л» деген дыбыс бұ тілдерде өнемейін жіңішке айтылады. Сондықтан ішінде «л» дыбысы бар Аурупа сөздерін жіңішкертіп айтқан сөздің түбіне жақын, қолайлырақ болады. Немістің «Лэнд» деген сөзі кірген сөздерді жіңішкертіп айтқан – тіпті артық. Мәселен Һолландия дегенмен Һөлләндие деген сөздің асыл нұсқасына жақынырақ болады.

4) Франсоз тілінде сөздің басуы (ударение) соңғы буынның ішіндең дауысты дыбыстарда болады. Қазақ-қырғыз тілінде де осындағы қасиет бар. Сондықтан Аурупа сөздерін өзгерткенде, франсоз тілін үлгіге алсақ, көп жеңілдік көреміз. Мәселен, латынша *механикус* деген сөз орысша *механически* (*механический*), франсозша *механик* (*механик*) болады. Бұл сөзді қазақша *мехеник* деп алуға болады.

5) Аурупа сөзін алғанда, түбірін сингармонизмге көндіріп алған соң, жалғаулардың да бәрін сингармонизм заңымен жалғау керек. Алған түбірден туынды сөздерді өз тіліміздің заңымен тудыру керек» (1: 150–152).

Сингармонизм түркі тілдеріне тән заңдылық екені туралы былай делінген: «Сингармонизм заңы – жаңғызы қазақ тілінің емес, тек түрк тілінің емес, орал-алтай тобына кіретін тілдердің заңы.

Орал Алтай тобы мынадай тілдерге бөлінеді: 1) фин тілі, мадиар-онғар, фин (суами), есті, мордба тағы талайлар; 2) самойет (касуами); 3) түрк; 4) монгол (қалмак, бурлат); 5) тоңғызы. Түрктің

Айгүл ІСІМАҚОВА

бұрынғы тарихы қытай, араб, парсы тілдерінде жазылған. Бұлар түрк-монгол сөздерін орасан өзгертіп жіберген.

Тарихтағы жаңылыс сөздерді түзетіп алуға сингармонизм заңы жол көрсетіп отыр. Ноғай тарихында *Селенх* деп жазылған, бұл дұрыс емес, сингармонизм заңынша *Селенге я Сыланғы* болуы керек, шындығында – *Сылаңғы*. *Селжық* дұрыс емес, не *сөлжік*, *селик* болуы керек, не *салжық*, *сылышық* болуы керек» (1: 153).

Қазақ руларының атына қатысы былай делінген: «Қазақ-қырғыздың руларының, адам аттарының арасында бұрынғы түрк-моңғол аттары көп ұшырайды, сондықтан тарихтағы адамның, жердің аттарын алғанда, осы күнгі казақтағы адамдардың, рулардың, жердің аттарымен салыстыру керек; *Құбылайды Көблей, Һулагуді Әлеке* деу керек; *Шыңғыздың* атын *Темешін* деу дұрыс емес, *Теміршін я Темірші* болуы керек.

Түрк, монгол тілдерінің тұқымдас, тумалас екендігін, кытай тілінде «*r*» дыбысының жоқтығын ескерсек, *Шыңғыздың* аты *Теміршін* болуға қолайлы бола қалады» (1: 153).

Орыс мектебінде оқығандар туралы Х.Досмұхаммедұлы былай деп ғылыми негіз берген: «Орыс мектептеріне кірген балалар ана тілін оқып әбден жаттығып кірмей, ана тілімен таныс болмай тұрып, орысша оқи бастайтын еді. Орыс мектептеріне кіргендердің есдерті – орыс тілін жақсы білу, орысша жақсы сөйлеу болатын еді. Орыс мектептеріндегі оқытулардың да бар тілегі – жас өспірімге орыс тілін жақсы білдіріп, орыс тілін ана тіліндегі қылып жіберу еді. Осылай болған соң, бірнеше жыл орысша оқыған балалар орысша орасан шебер болып кететін еді. Ана тілінің заңын, әдетін ұмытып кететін еді. Ана тілінің нақуы, сарфы жоқтығы, орыс тілінің астамдығы, болашақтағы пайдасы адамды қызықтыратын еді.

Жасында ұлт мектебінде дұрыстап оқыған адам ана тілінің заңын ұмытпайды, бөтен тілдің сөздерін ана тілінің заңымен айтамын деп шатасады. Эксент туады, бөтенше сөйлеуге, бөтен елдің адамынан айырылмастай болып сөйлеу бұларға ете қын болады. Бұлардың жат тілде сөйлегенде жаттығы білініп тұрады. Өз тілін жақсы білген түрікке Аурупа тілдерінде сөйлеу қын болса керек.

Сонда да біздің ноғай, қазақ сықылды түріктер орысша соншама жақсы сөйлейді, бұлардың орыс еместігі жақсы сөйлегеннен білініп тұрады. Оқыған түрк орыстың нағыз әдебиет тілімен сөйлейді. Нағыз орыс көбіне жасында үй ішінде үйренген тілімен сөйлейді; оқыған түріктер орыстың әр дыбысын ішкөлде үйренген қалпымен айтады. Сондықтан орыс ішкөлінде қатар оқыған орыс, қазақ

Алаш әдебиеттануы

балалары диктөбке жазғанда, қазақтар хатасыз жазады, орыстар хатамен жазады.

Мектепте ана тілін жақсылап оқыған балаға орыс сөздерін көпкө дейін дұрыстап сөйлеу мүмкін емес. Біздің айтайын дегеніміз мынау: бөтенше жақсы сөйлеймін деп мақтану керек емес, ойлаң-қырау керек» (1: 154).

Қоссөздер деген не? Олар біріккенде қалай жазылады? Оған былай делінген: «Мұнан жазудың тағы бір қағидасы туып отыр: Қос сөздер сызықша арқылы жазылуы керек (қызыл-жар, көк-жар, әулиа-ата, Ешкі-өлер, оқ-жылан, Бай-тұрсын, Сәрсен-бай, Кенесары, тағы талайлар. Қос сөзден сингармонизм заңымен біргіп, бір сез болып туған сөздер бірге жазылуы керек (Ташкент, Шымкент, Жауғашар, Жарқанат, тағы талайлар)» (1: 145).

Зерттеудегі жалпы түрік және нақты қазақ тілін роман, герман, славян, француз, италиян, португалия, испания, романия, т.б. тілдері контекстінде зерттеудің ғылыми деңгейін асқақтатын түр. Латын сөзінен келтірілген мысалдар мен әр тілдегі дыбыстардың қайталануы таңғалдыра түседі. Осындағы теориялық деңгейі мен шеңбері кең ғылыми зерттеу нақты тұжырыммен түйінделген: «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беруі зор хата. Бұл оқығандардың һем оқушылардың есінен шықпауы керек» (1: 154).

«Диуани лұғат ат-түрік», «1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының съезінде сөйлеген сөздерінен», «Қазақ тіліне латын хәрфін алу мәселесі», «Жат сөздер туралы», «Қазақстан білім ордасы қабылдаған пән сөздері», т.б. еңбектерінің ғылыми құндылығы күні-бүгінге дейін жоғалған емес.

Осыншама білім иесі, ғұлама ғалым совет кезінде аман қалса, қазақ тілі мен әдебиеттануының деңгейі қандай болар еді?! деген сауалмен бұл зерттеуді тамамдайық. Х.Досмұхаммедұлының осы мақалада аталған ғылыми көзқарастарын әрі қарай зерттеп, жалғастыратын қауымның еншісіне де осы сауалды қалдырайық. Алаштың ардақтысы, профессор Халел Досмұхаммедұлына қазақ елі мен ата-баба тарихы, қазақ тілі мен асыл сезін зерттеп бізге аманат етіп қалдырған ғылыми мұрасы үшін Алланың рақымы Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с) шапағаты болғай дейміз.

1. Х.Досмұхаммедұлы. Таңдамалы. А.: Ана тілі. 1998.
2. Халел Досмұхаммедұлы. Аламан. А.: Ана тілі. 1991.



2.9. СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

*Бауыр тартқан
Жүрек қайда?
Намыс қызған
Сүйек қайда?
Нұлы жерден
Күшті айырды,
Сұлы көлден
Сұсты айырды.
Ер орнына
Еркек қалды,
Көлеңкеден
Үркек қалды.
Би орнына
Биің болды.
Би деу бірақ,
Қыын болды.*

A. Байтұрсынұлы.

Сәкен Сейфуллиннің әдебиеттанулық еңбектері: «Қазақ әдебиеті туралы хат» («Еңбекші казак», 1929); «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (құрастыруши, Қызылорда, 1931); «Батырлар жыры» (құрастыруши, 1933); «Билер сөзі» («Жаңа әдебиет», 1931, №3); «Ертедегі жыр-әнгімелер, яки ноғайлы дәүірінен қалған әдебиет нұсқалары» («Жаңа әдебиет», 1931, №10, 11); «Қазақ әдебиеті», (1932); «Батырлар жыры». (1 том, 1933); «Көркем әдебиет», (1935, (Ө.Тұрманжановпен бірге); «Ақмолла». Өлеңдер жинағы (1935); «Ләйлі-Мәжнүн» (Құрастыруши, 1935).

Сәкен Сейфуллинның туған жері – Қарашилік бүгінгі Қарағанды облысы, Ортау мекені. Алғаш сауатын Ағаш аяқ молдадан оқып хат танып, 1905 жылы Нілді мыс корыту зауытындағы орыс-казак мектебінде оқиды. Кейін Ақмоладағы приходская школада екі жыл, үш кластиқ қалалық училищеде үш жыл оқиды. 1925–1937 жылдары ақын жазушылығымен қатар орта, жоғары оқу орындарында сабак берді. «Қызылорда қалалық халық ағарту институтында, Ташкент педагогикалық институтында (1927–1928), 1930–1937 жылдары Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтта қазақ әдебиеті тарихынан сабак берді. Сәкен қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын «Көкшетау» поэмасын жазу дәүірінде жинай бастаған.

Алаш әдебиеттануы

Майкөт, Каракожа, Ақан сері, Біржан сөздерін ел аузынан жинайды. 1930 жылы Жамбылды, оның төңірегіндегі басқа ақын-жырауларды тауып алғып, Жетісу еліне мәлім көптеген ақындардың сөздерін, соның ішінде, Сүйінбай, Шөже, Тезек, Жамбыл, Құлмамбет өлеңдерін жазып алған. Гүлбарамның айтуына қарағанда, Сәкен Қызылордада, Ташкентте тұрғанда да және Алматыға келгендесін де әртүрлі ақын, сөз білетін адамдардың жатқа айтатын өлеңдерін, қызықты әңгімелерін жалықпай тындал, ерінбей жазып алғып отырган. Фольклор, әдебиет нұсқаларын өзі оқытқан студенттер арқылы да жиналады. Ташкентте Әбубекір Диваевпен әлденеше рет кездесіп, одан да көптеген материалдар алған көрінеді. 1930 жылы Қоянды жәрменкесінде бір айдай жатып, сол жерге жинағандарын әдебиет тарихы тұрғысынан сұрыптап, зерттеп жазуға кіріседі.

Сәкен газет арқылы және мәдениет майданындағы қызметкерлерге арнағы хат жазу арқылы да қазақ әдебиеті тарихының материалдарын көтеп жиналады және сол жинағандарын әдебиет тарихы тұрғысынан сұрыптап, зерттеп жазуға кіріседі. Сәкен осындағы үқыпты зерттеу жұмысының нәтижесінде 1931 жылы «Қазақ әдебиетінің нұсқалары» атты бір том жинақ. 1933 жылы бір том «Батырлар жырының» жинағын. 1934 жылы Алтынсариннің өлеңдер жинағын. 1935 жылы Ақан сері. Ақмолла ақындардың өлеңдерін. «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын бастырып шығарады. Ал негізгі зерттеу енбегі 1932 жылы «Қазақ әдебиеті» деген атпен қалып бір том кітап болып басылады.

Сонымен Сәкен 1930 жылдарда бұрынғы әдебиет мұрасына деген көзқарасын өзгертеді. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші үлкен ғалым екендігін танытады. Сәкен ақын, жазушы, революционер, қоғам қайраткері ретінде халық арасында қандайлық беделді, ағалық орында болса, оқытушы ретінде студент, шәкірттер арасында да білімді ұстаз бола білді, – дейді Е.Ысмайилов (1: 28-29).

Сәкеннің өзі жырлаған қоғамның қолынан жапа шегуі туралы сәкентанушы Е.Ысмайилов былай дейді: «Сәкен өзінен оқыған жастарды қазақ әдебиетінің тарихын, көркем поэзияны терең сую, білу, зерттеу рухында тәрбиеледі. Егер көптеген ақын, жазушылар Сәкеннің творчестволық ықпалымен әдебиет майданына арас-ласқан болса, бірталай жас таланттар Сәкеннің оқушы шәкірті есебінде әдебиет майданына араласып, өзінің творчестволық қабілетін дамытуға мүмкіндік алды. Мұны алдымен ҚазПИ-де Сәкеннен оқыған – Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, Қажым Жұмалиев, Мұқаметжсан Қаратеев, Белгібай Шалабаев, Сагыр

Айгүл ІСІМАҚОВА

Қамалов, Хамза Есенжанов, Қадыр Ҳасанов, Мәлік Ғабдуллин, Еркімбеков Дүйсембек, Қалижан Бекхөжин, осы сөздің авторы және басқалар туралы айту керек.

Сәкен – қатал күрес үстінде шынығып өскен ақын азamat. Ол өзі белсene араласкан әдебиет қозғалысы қайшылығының абыттыұзы дәмін де мол татты. Ол әр уақытта Қазақстандағы әдебиет қозғалысының басы-қасында, жуан ортасында болды. ҚазАПП-тың алғашқы дәуірінде (1929 жылға дейін) қазақ совет әдебиетінің идеялық позициясыныңғайтуға белсene араласкан болса, онан кейінгі дәуірде, бір кезде өзі ұйымдастырып басшылық еткен ҚазАПП енді Сәкеннің өзіне ауыз салды. 1931 жылғы жазған бір мақаласында ҚазАПП-тың бастығы М.Қайыпназаров: «Жақында ҚазАПП болып Сәкеннің шығармаларын сынадық, сол сынның аяғында Сәкенді пролетариат әдебиетіне одактас ақын деп таптық», – дейді. Егер 20-жылдары Сәкен ұлтшылдардың шабуылды сыннына ұшырайтын болса, енді ҚазАПП-тың кезіндегі осындай сындардың тегеуіріне өзі түседі. Бірақ Сәкен мұндай сындардың бірде-біріне абыржып, сасқан емес. Өзіне қарсы айттысып, тартысып жүрген адамдардың сорына қарай жаңа шығармаларды үсті-үстімен жазумен болды.

1935 жылдардың алғашқы жартысында Сәкен көркем шығарма,ғылыми еңбектермен қатар мемлекеттік қоғам істеріне жаңадан құрылған Қазақстан совет жазушылары одағының ұйымдастыру, творчестволық жұмыстарына белсene араласады. Қазақстан Орталық атқару комитетінің мүшесі, Жазушылар одағы президиумының мүшесі. Пушкиннің кайтыс болғанына 100 жылдығын өткізу комиссиясының бастығы. Жазушылар ұйымына жаңадан мүше алу комиссиясының бастығы, ақындар слетін, декаданы өткізу комиссияларының мүшесі. «Әдебиет майданы» журналының редакторы болып, толып жатқан мәдени-агарту және қоғамдық иғі істердің жүзеге асуына Сәкен өте жігерлі кіріседі. Сәкеннің әдебиет майданындағы аса маңызды партиялық шараларды іске асыруға мұндайлық білек сыйбанып, жігерлі араласуына Мирзоян бастаған өлкелік партия комитетінің жаңа басшылығы себепші болды. Осы тұста Сәкен көркем шығармаларын да мол өндіріп жазып тасталды. 1933 жылы «Альбатрос», «Қызыл ат» поэмаларын, жылы «Социалистан» атты өлеңдер жинағын шығарды. «Альбатрос» пен «Қызыл ат» Сәкен поэзиясының тағы бір белге көтерілген, творчестволық іздеуден туған күрделі шығармалары еді. Сәкен поэзиясымен катар, творчестволық еңбектің негізгі салмағын енді бірте-бірте проза жанрына аудара бастады. Ол бірқатар жағдайларда

Алаш әдебиеттанды

өзі көрген, өзі араласқан өмірден елес беретін «Біздің тұрмыс», «Сол жылдарда», «Дауыл алдында», «Жемістер» атты роман, повестерін жазуға кіріседі, олардың бірқатар тараулары газет, журналдарда, түрлі жинақтарда жарияланды. «Айша» атты повесі 1935 жылы жеке кітап болып шығады. «Қызыл сұнқарлар» пьесасын бүтіндей жөндеп, қайта жазып, ол Қазақтың мемлекеттік драма театрында қойылады. «Тар жол, тайғақ кешу» толықтырылып, 1936 жылы қайта басылды. Ал Сәкеннің бірқатар шығармалары (1927–1937 жылдар арасында) «Атаман Анненковтың азап вагонында» «Тар жолдан» (үзінді), «Советстан», «Көкшетау», «Айша», «Қызыл ат», «Жемістер», т.б. орыс тілінде басылып шықты.

Қазақ совет әдебиетін өркендедүдегі Сәкеннің зор еңбегін партия мен үкімет айрықша бағалап, 1936 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады. Ақынның әдебиеттегі еңбегінің жиырма жылдығын бүкіл Қазақстан жұртшылығы болып тойлады. Ақын 1939 жылы 9 октябрьде қайтыс болған. Ұзақ уақыт үзілістен кейін КПСС-тің XX съезінің Қарапына сәйкес 1957 жылдан бастап Сәкен өзінің дұрыс, әділ бағасын ала бастады. Орысша, қазақша Сәкен шығармаларының таңдамалы жинақтары жарияланды» (1: 29–30).

Альбатросқа теңеген заманның жыршысы ату жазасына ұшырайды. Алаш тұлғалары сияқты Сәкен, Илияс, Бейімбеттің де қабірі белгісіз. Отаны үшін, елінің тарихы, әдебиеті үшін өздерін құрбан еткен ерлер шаһид болып саналатын болар деп біз бүтін өзімізді жұбатамыз. Сәкеннің қайраткерлігі, оның ұлттық мұддені корғау жолындағы істері туралы Е. Ысмайлов былай деген: «Онан соң Сәкен ақынғана емес, Қазақстандағы саяси қоғамдық жұмыстарға белсene араласқан жауапты қызметкерлердің көбіне адамгершілік мінезд-құлық жағынан елеулі идеялық ықпал жасап отырған революционер, қоғам қайраткері. Сәкен 1925–1932 жылдары Қазақстан Өлкелік партия комитетінің секретары Голощекинмен де бірталай принципиалды мәселелермен келісе алмайды. Голощекиннің көшпелі ауылды колхоздастыру, мал шаруашылығын өркендеду жөніндегі қателіктерін, кадрларды іріктеуде Лениндік принципті бұрмалағандығын Сәкен өз кезінде ашық айттып, батыл сынап отырған. Ресми жиналыстарда Сәкен өзіне тән тұрашылдықпен Голощекин, Құрамысовтардың теріс, оғаш қылыштары мен қателіктерін өткір сынап жүрген. Сондықтан да Голощекин өзіне қолайсыз, беделін түсіретін, бір рет, ешкімнің ырқына көнбейтін, алдына келіп жағынбайтын Сәкенді «жуасытып» алу үшін айрықша тапсырма беріп, мезгіл-мезгіл ұлken тал-

қылаудан өткізіп отырған. Голошекиннің осындай тапсырмаларын F.Тогжанов, М.Қайыпназаров, т.б. орындауға тырысты. Турашыл, сыншыл Сәкен ондай талқылаудан жуасымай, қайта шиыршық атып, халықтың зор ықылас, құрметіне бөленіп шығатын. 1929 жылы партия тазалауы қарсаңында алдын ала «Еңбекші қазак» газеті бетінде Сәкенге ауыр айып тағылды. Оның қастары: «Енді осыдан бәлем қалай құтылар екен?», – деп қуанысады, бірақ үш күнге созылған тазалау жиналысы кезінде бұлардың қуанышы аяққа басылады: жиналысқа келген жұмышы, оқушы жастар Сәкенді колдап, жақтап сөйлегендерді қол шапалақтап қарсы алғып, қаралап сейлемек болғандарды тындармай, ыскырып, мінбеден қуып шығып отырған. 1931 жылғы Қайыпназаров айтатын талқылаудың ішінде болдық. Баяндамашы Р.Жаманқұлов та, қатты сынап сейлемек болған F.Тогжанов та жиналыстан үлкен соққы көріп шықты. Қайыпназаровтың өзіне сөз де бергізбей койды. Ал залда отырған жазушылардың көпшілігі және ҚазПИ-дін оқушы жастары түгелдей Сәкен творчествоның жақсы жағын көтере, жеткізе сейледі» (1: 31).

Ақын әдебиетшінің полемикалық қуаты мен тапқырлығы туралы Е.Ысмайылов былай деген: «1927 жылы Қызылорда қаласында әдебиет туралы бір жиналыста Н.Нұрмаков сөз сөйлеп «трат-тат» дегенге түсінбеймін деп, «Советстанды» сынамақ болған жерде Сәкен жұлып алғандай: «Сен не түсінесін? Сенің түсінуіңе қарап өлең жазылмайды» деп, оны сөйлетпей тастайды.

1931 жылғы бір жиналыста да Сәкен өте қызық тапқыр сейлейді. Баяндамашы Р.Жаманқұловтың поэзияны үстірт түсінетін түрпайы сындарын іске алғысыз етіп сынап, өлтіре ажуалап: «Ана бір өлеңді қай жерден алдың, қашан жазылған екен өзі, сен келтірген шумактың алдында, соңында кандай шумақ өлеңдер бар?» – деп сұрау бере отырып, сұрау үстінде оны үсті-үстіне сүріндіріп, жұрт алдында күлкі етіп алды да: «Мінекей, өлеңді шала түсініп, шала тексерген осындай шартық сыншы түбімізге жетеді ғой, мұның сейлекен сөздері мениң жауап беруіме түрмайды», – деп Рақымжанды қайтып түрмастай сұлатып салды. Жұрттың барлығы қайта-қайта қол шапалақтап отырды. Женіл-желпі сын айтпақ болған Қалмақанға: «Қалжың мен шынды айыра алмайтын байқұс-ай, түсінбейтін сында сенің не жұмысың бар?» – деп өте шықты. Габбастың сыннына тоқталмастан тек айтқаны: «Баяғы ескі әңгіменің қайта-қайта басын мүжи бергеннен саған келер пайда қанша, өзің сыншы, бір газеттің шығарушысы бола отырып, әлі күнге қатын өсектің айналасынан шыға алмаган сенің хәлің менен ауыр ғой, ә? Әдебиетіміз туралы

Алаш әдебиеттануы

сендейлердің топас, саутасыз ақыл айтуы біздің сорымыз да», – деп тоқтады. Жұрт тағы да үсті–үстіне қол шапалақтап жатты» (1: 33).

Әдебиетшінің баяндамалары туралы Е.Ысмайлов: «Міне, мұның бәрі сырттай қараганда асқан шешендей емес сияқты, бірақ ақынның логикалық ойы тапқыр да алғыр.

Сәкен айтыстарда әрдайым мерейі үстем болып шыга келетін. Осындаған айтыс араласқан жиналыстардың бәрінде де қалың оқушы, жазушы жүргіштылығы Сәкеннің сөйлеуін күтіп, оны тыңдауга ынтығып отыратын. Сәкенде жүргітты өзіне магниттей тартып алатын ерекше бір құват, ерекше бір жылдылық қасиеттер бар еді. Кітаптың тілімен жүргіттың ықыласын аудармақ болған ақылгөй сөздердің көбін біз міссе тұттай, әр кезде Сәкеннің бірер ауыз тапқыр да өткір сөздерін ұғып, қолдай кететін едік. Оның себептері жоғарыда айтылғандай, Сәкеннің тамаша көркем шығармаларының ерекше құатты әсерінен екендігі белгілі. Сәкеннің шығармаларын, әсіресе «Тар жол тайгақ кешуін» оқыған жас қауым Сәкенге арналған ауыр сындардың көбіне нанбайтын. Сәкен шын мәніндегі ерекше сәнділікпен жүретін кербез, сұлу, дарқан сері ақын. Ақан сері, Біржан туралы оқыған бір баяндамасында ол Ақанның сынышыл, турашил, тәкаптар, наэік жанды лирик, сері, ақындық келбетін Лермонтовпен, Байронмен салыстыратын еді. Шындығында Сәкеннің бірқатар ақындық мінездері орыстың арыдағы – Пушкин, Лермонтов, берідегі – Блок, Маяковскийлермен, қазақтың өзіндегі сері ақындарымен салыстыруга әбден болады. Әсіресе Маяковскийдің буржуазияшыл ақын, жазушыларга, олардың ескілікті дәстүріне қарсы шыққан батыл, өршіл күрестерімен Сәкеннің күрестері үндесіп, тамырласып жатады» (1: 34).

Сәкеннен дәріс алған шәкірті ұстазының келбеті туралы былай депті: «Сәкеннің ерекше сәнділікпен жүріп-тұруының өзі жас қауымға қызықты да еді. Адам әрқашан айрықша әсемдікке. жарапастықты өмірге талпынбай ма! Сондай жарапастық сұлулық, сыр-сипат сыртқы келбетінен де, ішкі мінез-құлқынан да, өмірінен де, шығармаларынан да түгел табылып тұрған Сәкенге жас қауымның қызыға қарап, кездескен жерде бір ауыз сөзін тыңдауга құмартып, зор ықыласпен қошемет көрсете қоршап алуы табиғи заңды нәрсе еді» (1: 34).

Алаш әдебиеттану ғылыминың советтік, дәүіріндегі дамуы осы еңбектерде орын алды. XX ғасыр басындағы халықтың ескі әдеби мұраларын зерттеу, оның үлгілерін жинастыру ісін әдебиетші әрі қарай жалғастырды. 1929 жылы «Еңбекші қазақта» С.Сейфуллин-

Айгүл ІСІМАҚОВА

нің «Қазақ әдебиеті туралы хаты» жарияланды. Әдебиетші қазақ әдебиетінің тарихын жаңаша зерттеу үшін оның үлгілерін ел болып жинастыруды үндеді. Осы мақалада С.Сейфуллин қазақ аузы әдебиетінің тарихын жазу ісіне ниет білдірген. Әдебиет тарихын С.Сейфуллин Алаш ғалымдары сияқты түсіндірген: «Халық тарихын, әдебиет тарихын тәптіштеп жазып шығуға әдебиет тарихының деректері керек». Осы ой кейін «Қазақ әдебиетінің» (1932) «Сөз баласында» да айтылған (2: 8). Яғни әдебиет тарихы ұлт тарихымен тығыз байланысты екенін ғалым анықтап алған. Бұл тұста: А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926), М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х.Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1928, орысша) жарық көрген еді.

С.Сейфуллиннің осы басылымдардағы терминдерді тұра Халел Досмұхамедұлыныша «әлеуметшілікті» басты түсінік ретінде пайдалануы бірден аңғарылады: «Сол себепті қазақ елінің әр түкпіріндегі әлеуметшіл сезімі бар азamatтардың жоғарыдағы айтылған қазақтың ескі тарихи маглұматтарын, шежіре, билер сөзі, батырлар әңгімелері, жырлары, тақпактар, ертегілер, қиссалар, әдет-ғұрып жырлары (беташар, жар-жар, жоқтау, айттыс), үгіт-насихат, болжау тағы да осы тәрізді сөздерді, әркімнің аузында айтылып жүрген осылар тәрізді сөздерді жазып, жинап, университетке жіберулерін өтініш қыламыз» (2: 7). Қазақ әдебиетімен жете таныс С.Сейфуллин әдебиет, тарихқа ең қажеттілері деп келесілерді атайды: «Өтме-мөтө керек болып отырган маглұматтар: Асан-қайғы сөздері, Бұқар жырау сөздері, Шортанбай сөздері, Ақмолла ақын сөздері, Мәшіүр Жүсіптің сөздері (әсіресе хал-ахуалы), Ақан серінің сөздері, өлең-куйлері, Жаяу Мұса өлеңдері, Манмаңбердінің Ыбырайының өлеңдері, Мәди тәрізділердің өлеңдері, Омар Қарашев өлеңдері, әсіресе «Терме» деген өлең. Бұлармен қатарлы ел аузында жатқа айтылып жүрген түрліше өлең-жыр, әңгімелер. Қазақтың әндерінің, күйлерінің әңгіме, тарихтары. Мәселен, «Бозайғыр», «Бозінген», «Балбырауын», «Ақжелең», «Сарыжайлай», «Қосбасар», «Терісқақпай», «Қорқыт күйі», «Ықылас күйі», «Балабақсының күйі», «Дайрабай», «Тоқа», т.б. қазақтың тарихына, мәдениет, әдебиет тарихына керек маглұматтар болады» (3: 196).

М.Әуезов пен Х.Досмұхамедұлынан айырмашылығы С.Сейфуллин қазақтың әндерінің, күйлерінің әңгіме тарихын сөз еткен. Қазақтың әр күйінің артында накты оқиға бар екенін ескертеді. Ақан сері туралы Мағжан Жұмабайұлы жазғанын білмеуі мүмкін емес, сондықтан С.Сейфуллин Жаяу Мұса, Ыбырай, Мәди өлеңдеріне

Алаш әдебиеттануы

мән береді. Әдебиетші халық әдебиетінің өлеңде сакталған жәдігерлерін бөліп алуы Алаш әдебиетшілерінен ерекшелендіріп тұр.

Совет әдебиеттануы әдеби мұраны зерттеуді өз қолына алып, 1933 жылы ұлттық мәдениет зерттейтін ғылыми-зерттеу институты құрылады. Ел арасындағы ауыз әдебиет үлгілері жоспарлы және жүйелі жинала басталды. С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Аманжолов, Ө.Тұрманжанов, И.Кеңесбаев, Е.Ысмайлов бұл істердің басында болды. Советәдебиеттануы біржақты болғанымен, осы кезде бірнеше кітаптар шықты: «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (құрастыруышы С.Сейфуллин, 1931), «Батырлар жыры» (құрастыруышы С.Сейфуллин, 1933, С.Мұқанов құрастыруымен 1939), «Қазақтың мақал-мәтеддері» (құрастырган Ө.Тұрманжанов, 1937), «Қазақ өртегілері» (1939), «Халық поэмалары» (құрастырган К.Жұмалиев, 1939), «Жұмбактар» (құрастырган С.Аманжолов, 1940), т.б. «Әдебиет майданы» журналы «Ескі сөздер» деген айдар берді. Осы кезде бұл әдеби жәдігерлер орыс тіліне аударыла басталды. 1936 жылғы Мәскеудегі онкүндікке байланысты бұл іс жандана тұсті. Нәтижесінде, «Қобыланды батыр» (аударған М.Тарловский, 1937), «Қазақ өртегілері» (құрастырган Л.Макеев, 1940), «Қазақ антологиясы» (1940) орыс тілінде шықты. Бұлардың сапасы мен шығуына байланысты С.Сейфуллин «Қазақ батырлар жырын Пеньковский мен Тарловскийдің орысшаға аударуы туралы» «Қазақ әдебиет» газетіне (1935, №31.20.XI) мақала жариялады (3: 197).

Алаш тұлғалары атылып кеткен кезде С.Сейфуллин совет әдебиеттануында олардың еңбектерін жалғастырган іс басында табылды. Отызынши жылдары келесі кітаптарын жариялады: «Қазақтың ескі ауыз әдебиет нұсқаларынан» (1931), «Батырлар жыры» (1933). Әдебиетші бұл әдеби мұраны кеңестік бір күндік ұранға қарсы қойғандай болуы да ықтимал. Басқалар сияқты партияның белсенді қолшоқпary емес, ұлттық сөз өнерінің үлгісін жаңа заманға қажет етемін деген ниетпен әдебиетші осы іс басында болған шығар. С.Сейфуллин әдебиетті ғылым деп қараған. Ұлт мұрасы деген түсінкіті саясаттың алдына қойғаны А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлының ойларының жалғасы іспетті.

1930 жылы «Жаңа әдебиет» журналында С.Сейфуллиннің келесі мақалалары жария болды: «Билер сөздері» (1931, №3), «Қасиетті құс, ақку құс туралы» (1931, №2), «Ертедегі жырлы-әңгімелер яки ногайлы дәүірінен қалған әдеби нұсқалары» (1931, №10, 11). Аққудың қазақ үшін киелі құс екенін әдебиетші өртедегі ауыз

Айгүл ICIMAҚОВА

әдебиетінен мысалдар келтіріп баяндап берген. Кейін ақын бұл білімді лирикалық поэмада пайдаланды.

Отзынышы жылдары оқулық жазу – совет қазақ әдебиеттануының негізгі мәселесі болды. Осы жылдары қазақ университетіндегі әдебиеттен дәріс оқыған С.Сейфуллин оқулық қажет екенін ғылыми мәселе ретінде койды (Қазақ әдебиеті, 1932). Көп ұзамай «Қазақ әдебиеті» оқулығының шығуы кеңес әдебиеттануына нақты үлес болды. Алаш ғалымдарының еңбектеріне тыйым салынған кезде бұл оқулыққа қажеттілік зор еді. *Төте жазумен шыққан «Тар жол тайгақ кешуде»* (Қызылорда, 1927) Ә.Бекейхан, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынулы, М.Дулатов суреттері енгізілгені тегін емес-тін.

Әдебиетші С.Сейфуллин оқулықтың мақсатын былай деп айқындал алған: «*Бұл билер дәуірінің әдебиеті кірген бірінші кітапқа әдебиет нұсқаларын әдейі молырақ кіргіздім. Өйткені, бұл кітап бір жасагынан, ескі ел әдебиеті туралы жазылған кітап болса, екінші жасагынан, сол ескі ел әдебиеті нұсқаларының жинағы тәрізді материалдар болсын дедім*» (2: 8). «Әдебиет танытқыш», «Әдебиет тарихы», «Аламан» кітаптарына тыйым салынған кезде С.Сейфуллин басты ұлттық әдеби мұраларының ұмыт қалмауын осылай өз мойнына жүктеп алғандай әсер етеді. Сонымен қатар бұл кітап ғалымның ауыз әдебиетін жинау, зерттеу барысындағы істерінің корытындысы іспетті. Алғысөзде қазақ халқының тарихынан қысқаша мәліметтер берілген. Негізгі мәселе – ауыз әдебиеті үлгілерінің туу тарихының негізін анықтап беру.

С.Сейфуллиннің Алаш әдебиетшілер көзқарасымен басты ұқсас-тығы «әдебиет – өмірдің айнасы» деген қағиданы ұстанғаны. Халел Досмұхамедұлы пен Мұхтар Әуезовше әр мәтіннің тарихи негізін ашуға тырысады. Бірақ олар сияқты әдебиет – қазақтың мұны мен қасиетін бейнелеуші емес, тек өмірдегі шындықтың көрінісі деп анықтап алған. Бұл – советтік, партиялық тұжырым.

Жыр, тақпақ, мақал, нақыл, өлең, әңгімелердің ел арасында ауызша таралуы да ғылыми негізді мәлімет берілген. Ауыз әдебиетінің басты сипаттамасы осы деп айтылған. Әдебиетші сонымен қатар әр айтушы мен жырлаушының өз тарапынан түрлі өзгерістер енгізіп отыруын да заңдылық ретінде ескертеді. Бұл ғылыми тұжырым екені айқын. Бірақ бұл кітаптың негізгі бағыты – қазақ әдебиетін таптық көзқарас тұрғысынан таныту болып табылады.

С.Сейфуллин «*Қай дәуірде болса да әдебиет тап құралы болатыны белгілі*» (5: 63) қағиданы басты ұстаным ретінде ұсынады. Осы тұргыдан зерттеуше заман талабына сай қазақтың өткен

Алаш әдебиеттануы

замандағы әдебиетінің көбі үстем таптық деген тұжырымға келеді. Бұл совет әдебиеттануының басты теориялық қағидасы еді – бұрынғы мәдениеттен тек таптық идея сай болғандарын гана таңдал алу. Дегенмен С.Сейфуллин ғылыми негізіде сақтаган. Әдебиеттануыш төңкеріске дейінгі қазақ әдебиетін екі дәүірге бөледі: 1) Билер дәүірі; 2) Орыс патшасына бағынған дәүір. Ежелгі әдебиет өкілдерін билер дәүіріне жатқызуы сол кездегі Алаш әдебиеттануының ғылыми жобасын сақтауға тырысу іспетті. «Әдебиет танытқыштан» айырмашылығы А.Байтұрсынұлы осы қатарға діндер дәүірін қости.

Қазақ ертегілері қалай шығады? Оның пайда болуына не әсер етті? Олардың елдің тұрмыс-тіршілігімен тікелей байланысты екені де айғаталған. Бұл ғылыми анықтаманы әдебиетші ақындықпен бейнелеген: «Батыр мерген, жортушылар тұн қатып, тұн жамылып, көктегі бырдай болып құлпырған алтын гауһар жұлдыздардың от шашып ойнаған құбылыстарын, жүрістерін бақылайды. Бұл жортушылар да жорықтан қайтқанда көрген, білген, естігендерін от басында әңгімелейді. Және алыс жерге барған жолаушылар қайтқанда да немесе қонақ келіп қонғанда да, тағы да осындаілар жүзден ауылға қайтқанда, кешке от басында отырып, айнала отырган қатын-қалаш, кемпір-шал, ауыл адамдарына көрген, білген оқиғаларын әңгіме қылып айтады. Айтқанда, өзінің түсінуі бойынша, болған оқиғаны екінші түрде әңгімелегуі мүмкін. Немесе екінші әңгімені дәрмендіріп айтам деп немесе серпіп, мақтанып айтып, өтірікті қосып айттар болатын. Міне, сол көрген-білгендерін, естігендерін сөйлеген дәмді әңгімелер бірте-бірте ертек болып та келетін» (2: 72–73). Ақын, ғалымның ғылыми тұжырымы да көркемсөзбен жазылған. Ғылыми стильдің осыншама ажарлы болуы Мағжан мен Жұсіпбектің мақалаларына А.Байтұрсынұлының «Қазақтың Бас акынына» ұқсан тұрганы анық.

Әдебиетші ақын талдауы былай жалғасады: «Отқа қазан асып, күздің, қыстың ұзақ кештерінде отырғанда, домбыраның қоңыр күйімен маздаған отбасы әңгімесіз болмайды. Тыстағы алтын айлы бырдай болып шашылған гауһарша от шашып құлпырған сансыз жұлдызыды, сансыз сәулелі көк зенгер аспанды, торғын түннің күн-гүрт мұнарын жамылған майда ескі үйде от басындағы домбыраның қоңыр күйімен әңгіменің әуеніне ызындаған үнін қосады. Немесе түнерген кара түннің жұмсақ қалың кара қанатын жамылған қоңыр желдің құбылған, біресе күй сарының екпіндесіп үйитқытып, біресе ақырын, жұмсақ сыйырлаған үні домбыраның қоңыр күйін қосып,

Айгұл ІСІМАҚОВА

әңгіме айтып, маздаған от басына әуенін қосады. Сөйтіп тыстағы түннің құбылған желінің ыңғыздаған әуеніне үн қоскан домбыраның коңыр күйімен от басында неше түрлі суретті әңгімелер шертілетін ...» (2: 73).

С.Сейфуллиннің кітабының тағы бір ерекшелігі – жанрлардың типологиялық түрін анықтап отыруы. Батырлар жырына қатысты бұл жанр тек қазактық ғана еместігін ескерткен. Бұлар жалпы түрік тектес туысқан халықтарға ортақ мұра деп айқындалған. Сонымен қатар С.Сейфуллин «ногайлы» деген ұғым қашан шыққаны, казаққа не қатысы бар екенін осы кітапта анықтап берген. «Қазіргі қазақ атанып отырған ел ол кезде ногайлы атанып жүргендігін білмегендіктен айтылған сөз. Казіргі Қырым, Астрахан, Қазан, Еділ бойлары, Башқұртстан, Өзбекстан, Қарақалпақ және басқа жерлердегі түрік-монгол рулатының ол заманда Ноғай елі атанғандары ертедегі Ноғайлы батырлары туралы айтылған жырларды, әңгімелерді «біздікі еді» десе – айтуларына болады. Олар айтуға қақылары бар. Ноғайлы заманындағы Ноғайлы батырлар әңгімесіне бәріне де ортақ деуге болады. Оларға ол заманда Ноғайлы болған қазіргі қазақ та ортақ» (5: 319). Бұл – күні бүгін біз пайдаланып келе жатқан ғылыми дерек.

Алаш әдебиетшілерінің «ұлы батыр әңгімесі», «кіші батыр әңгімесі» деген жіктеуге С.Сейфуллин қарсы шыққан. Әдебиетші бұл батырлар жырының ертерек және кейінгі «көлденең қоспасы» барын анықтауды ұсынған. Осы тұрғыдан «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қамбар батыр», «Алпамыс», «Ер Қекше», «Ер Қосай», «Желкілдек» талданған. Лири-эпостан «Қозы Қөрпеш Баян сұлу» мен «Қызы Жібек» қарастырылған. Ең көлемдісі деп «Қобыланды» айғақталған. Қобыланды тарихи тұлға екені анықталған. Бұл ретте де Ә.Бекейханға ұқсас болғанымен, басқа да тың деректер негізге алдынған.

С.Сейфуллин ауыз әдебиеті жанрларын Алаш әдебиетшілері сияқты былай жүйелеген: 1) ертектер; 2) салт өлең-жырлары; 3) дін салтынан тұган өлең, тақпақ, жырлар; 4) мал туралы және «қадірлі жсануарлар туралы» әңгіме, өлең, жырлар; 5) жастық ойын-күлкі өлең тақырыптары; 6) билер сөздері. «Батырлар әңгімесі» мен «Ертедегі жырлы әңгімелер» деп эпосты атаған. Алаш әдебиеттануының әсері бұл кітапта анық аңғарылғанымен, С.Сейфуллиннің таптық тұрғыға сай біржакты ғана жазған. Сонымен қатар С.Сейфуллин «Батырлар жырының» 1-томын 1933 жылы жария еткен. Ақан сері, Біржан сал, Майкөт, Қарақожа өлеңдерін жазып алған.

Алаш әдебиеттануы

Жамбыл мен Кененмен кездесіп, әңгімелерін, өлеңдерін тыңдаған. Құлмамбет пен Майкөттің айтысын жариялаған. «Жанқожа жыры» мен «Жанқожа жайындағы өлеңдерді» бастырушы да – С.Сейфуллин.

«Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларында» берілген ақындардың шығармалары Алаш әдебиеттануы шеттетілген кезде тұңғыш рет басылған болып саналады. Кітап 1931 жылы жарық көрген. «Бұл жинақтағы ескі әдебиет сөздерінің пікірлері – еңбекші тап мақсатына теріс келетін пікірлер. Ол жайлы оқушылар есінен шығармауы тиіс», – дей отырып, С.Сейфуллин Шортанбайдың орыс отаршылдығына қарсы, Бұқардың, Кенесары қонысынан ауғанда Досқожаңың айтқан өлеңдерін берген. Совет кезінде тыйым салынған Шортанбай мен Досқожа өлеңдерін Сәкен осылай ретін тауып жария еткен.

Сәкеннің Ақан сері туралы жазғаны Мағжанды қайталау емес, алғашқы дерек тереңдетіле түсken. 1931 жылы атылған Шәкәрімнің «Ләйлә – Мәжнүн» дастаны осы кітапқа енгізілгенінің өзі – үлкен батылдық. «Дастанды казакшаға аударған белгілі ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы» деп анықтап беруі кейін Сәкенге кінә ретінде тағылғаны белгілі. Ақын, қоғам қайраткері С.Сейфуллин Алаш әдебиеттануының басты қағидаларын кеңес әдебиеттануына осылай енгізді. С.Сейфуллин кеңес әдебиеті мәселелеріне тікелей арасқан.

С.Сейфуллиниң 1936 жылғы жазылған «Өрлеу үстінде» мақаласында Мәскеуде еткен әдеби жиынның қорытындысын баяндаған. Әдебиетші С.Сейфуллиниң заман әдебиетіне деген келесі көзқарастары бар: «Біздің жиылдысымыздың күн тәртібінде үш мәселе бар еді. Әдебиеттегі формализм, натурализм, упрощенство (ұшевінің, әрине, түйіні, негізі бір). Баяндамашы жолдас; «Әсіресе біздің әдебиетімізде упрощенство күшті», дегенді айтты. Бұлай деу дұрыс та еді. Өйткені, біздің Қазақстанның советтік әдебиеті – жас әдебиет. Біздің әдебиетіміздің еткендегі дәүірінен анағұрлым кедей...

Біздің жас мәдениетіміз Октябрьден берігі жердеған өркендей бастады. Сондықтан да бізде қалыптанған формализмнің, формализм ағымының болуы мүмкін емес. Бірақ жеке формалистік бұрмаландар, жеке натурализм элементтері біздің әдебиетімізде, әрине, бар...» (7: 460–461).

Ақын ескі әдебиет үлгілерін ауылдағы ақсақалдардан жазып алғанын көрген кісілер ел ішінде әлі бар. С.Сейфуллиниң таптық көзқарасты ұстанғанымен, ұлттық әдебиеттану ғылыминың базында болуы, азаматтық іс қана емес. А.Байтұрсынұлы, Ә.Бекей-

Айгүл ІСІМАҚОВА

хан, Х.Досмұхамедұлы, С.Сәдуақасұлы, М.Дулатұлы еңбектеріне тыйым салынған кезде қалай болғанда да, қазақтың асыл сөз үлгілерін ғылымға енгізуі басты ғылыми мақсат етіп қойған әдебиетші Сәкен Сейфоллаұлы екенін ескергеніміз жөн.

Тәуелсіздік сұнқары Сәкеннің «асаумен алысып жүріп» қалдырыған мұрасының бүгінгі қажеттілігі

ХХ ғасыр басындағы Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Жұсіпбек Аймауытұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Илияс Жансұгірұлы, Бейімбет Майлышұлы сияқты қазақ зияялы қауымы ұлттық мұддені қазақ тілінің мәртебесін асқақтату арқылы көтере білді. Олар мемлекеттік қызметте бұл мәселені ресми колдаумен ғана шектелмей, жеке шығармашылықтарында іске асырды. Көркем шығармалар ғана емес, қазақ тілінде қажетті окулықтар жазудың басында болды. Әр кезең өзінің саяси, көркемдік, ғылыми, діни стильдік жүйесімен ерекшеленеді. ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының тіршілігі, ғибраттары, саяси өмірдің шежіресі аталған жазушылардың еңбектерінде толық суреттелген.

Сәкен – Қазақстан үкіметінің басшысы болып жүрген кезінен бастап қазақ тілін мемлекеттік тіл етіп жариялауды күн тәртібіне батыл қойған азамат екені аян. Сәкен рух пен жан тірілуін осылай бейнелеп кеткен екен. Жан тірілсе, оның көркі – сән мен шаттық, ән келуі де зандалық сияқты. Ақын осы шумақтарымен өзінің өмірге, өлеңге деген көзқарасын аша түседі. Ол кейір ақындарша әдемі табиғатпен тек сүйсінбейді, Сәкен мәңгілік адамның рухы мен жанының бірігуін аңсайды. Балалық шағы ауылда өтеді. Сол кездегі замандастары А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезовтер сияқты Сәкен де ауылдағы Ағаш аяқ дейтін молдадан діни білім алғып, саутап ашқан (1: 6). Сәкен қазақ елінің тәуелсіздігін, оның басқа елдермен тең дәрежеде болуын о бастан намыспен түсініп, бүкіл ғұмырын осы мақсатқа бағындырғанын біз бүгін мақтаныш ете аламыз.

Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансұгірұлы, Бейімбет Майлышұлы кезінде өздері жырлаған совет үкіметінің қолынан ату жазасына ұшырайды. Е.Ысмайыловтың айтуынша 9 қазан 1939 жыл (1: 30). Тағы бір дерек: 25 ақпан, 1938 жыл (1:30). Олардың шығармашылығы олар ақталғаннан кейін ғана әділ, оң бағасын алды (1957). Сәкен шығармашылығының негізгі зерттеушілері белгілі қазақ әдебиеттанушылары – Е.Ысмайылов, С.Кирабаев, Т.Кәкішев.

Е.Ысмайылов пен С.Кирабаев ақын шығармашылығын талдауды мақсат етсе, әдебиетші Т.Кәкішев мұрағат деректеріне

Алаш әдебиеттануы

көбірек мән беріп, Сәкентануға осы жағынан өз үлесін қосты. Академик С.Кирабаев ақынның көркемдік әлемінің талдауын қазіргі ғылым талаптары түрғысынан айқындалап берді. Ғалым Т.Кәкішев С.Сейфуллиннің саяси, қоғамдық, шығармашылық, кісілігіне қатысты құнды ғылыми мағлұматтарды нақты мұрагат деректері арқылы анықтау арқылы қазіргі сәкентанудың негізін қалыптастыруды.

«Сәкеннің әкесі Сейфолла өз еңбегімен күн көрген саятшы, домбырашы, ақжарқын, әңгімелі адам болған. Шешесі Жамал да ел әдебиетін жақсы білген. Осы орта жас Сәкеннің халық өнеріне деген сезімінің оянуына көмектескен» (3: 170), – дейді Сәкеннің шығармаларының негізгі зерттеушісі академик С.Қирабаев.

1905 жылы, 11 жасында әкесі Сәкенді Нілді зауытына оқуға жібереді. Сәкен орысша үйреніп, зауыттың орыс-қазақ мектебінде оқиды. Еңбек адамдарының ортасында болған келешек ақын ерте есейеді. Отаршылдық езгімен, ұлттық қанаумен ерте танысқан Сәкеннің өлең жазбауы мүмкін емес еді.

Негізгі шығармалары: «Асау тұлпар» (1922) – өлеңдер жинағы. «Бақыт жолында», «Қызыл сұнқарлар» пьесалары жеке кітап болып шықты, «Домбыра» (1924), «Экспресс» (1926), «Тұрмыс толқынында» (1928), «Еңбекшарт-жалшылар қорғаны» (1928), «Көкшетау» (1929), «Альбатрос» (1932), «Қызыл ат» (1935), «Социалистан» (1935) атты өлең-поэмалары. Қарасөзбен жазылған шығармалары: «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романы (1927), әңгімелері: «Жұбату», «Екі кездесу», «Бандыны қуған Хамит», «Қыр балалары», «Омар», «Айша» (1922), «Жер қазғандар» (1928), «Жемістер» (1935) атты повестері.

Сәкен әдебиеттануши ретінде көп еңбек сіңірген. Оның зерттеу жұмыстарының нәтижесінде шыққан кітаптар: «Қазақ әдебиетінің нұсқалары» атты жинақ (1931), «Батырлар жыры» (1938), Ыбырай Алтынсариннің өлеңдер жинағы (1934). 1935 жылы Ақан сері, Ақмолла ақындардың өлеңдерін, «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын күрастырып шығарғаны мәлім. Өзінің басты енбегі «Қазақ әдебиеті» 1932 жылы баспадан шықты. Сонымен қатар ол мектепке арналған әдебиет окулықтарын жазуға қатысты және көптеген әдеби-сыни мақалалардың авторы.

1936 жылы А.Байтұрсынұлы елуге толуына байланысты Орынбордың орталық клубында Аханың мерейтойына арналған жиналысты Қазақ АССР Халық Комиссарлары кенесінің төрағасы Сәкен Сейфуллин баяндамамен ашты. Сондықтан қазақ

Айгүл ІСІМАҚОВА

әдебиеттануында Мұхтар Әуезовпен қатар Сәкен Сейфуллин ахметтанудың басында тұрған әдебиетші екенін есте сақтағанымыз абзал. Ол Ахмет Байтұрысынұлының 50 жылдық мерейтойына арнайы мақала жазған. Сол кездің өзінде Ахмет Байтұрысынұлының еңбектеріне, ісіне әділ баға беріп кеткен. Кейін осы баяндама кінә болып тағылады. 1923 жылы 19 қаңтарда «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Ахмет Байтұрысынұлы елуге толды» атты мақаласында әдебиетші Сәкен А.Байтұрысынұлының әдеби, ғылыми, азаматтық келбетін ашып, өзінің шәкірттік әділ бағасын берген. Сондықтан ахметтанудың басы болып табылатын бұл мәтіндерді осы тарауша сонында толығымен біреуді жөн санадық: 1925–1937 жылға дейін Сәкен оқытушылық қызмет атқарады.

1936 жылы Сәкеннің әдеби қызметінің 20 жылдығы аталағы. 1925–1928 жылдары Қызылордадағы халық ағарту институтында, 1927–1928 жылдары Та什кент педагогикалық институтында, 1930–1937 жылдары Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтында қазақ әдебиеті тарихынан сабак береді. 1925–1933 жылдары Қазақстан партия үйімін басқарған Голошекин саясатына ашық қарсы болғанының салдарынан ақын 1937 жылы «халық жауы» атанип, тұтқындалады. Сәкен 1938 жылы 25 ақпанды Алматы түрмесінде, өзі жырлаған совет үкіметінің шешімімен атылады.

Ақын шығармашылығы 1930-жылдары кінәсіз репрессияға ұшырап, оның есімі тек 1957 жылы ғана ел тарихымен қайта қауышты. Сәкеннің шығармаларын біржақты, тек совет кезінің туындысы деп қараған бүгін дұрыс емес. Оған көз жеткізу үшін ақынның өлеңдеріне үнілейік.

1922 жылы Орынбордан шыққан «Асая тұлпар» атты жинағының алғысөзінде Сәкен былай деген:

Әділдік, теңдік іздеген,
Тұрмыстың таршылық зынданын бұзып.
Еркіндік, кеңдік іздеген,
Көкіректері жсанып бақыт іздеген, жастар,
Сендерге арналды бұл әндер!

Үнемдел, өлшеп күн өткеру үшін тумай, дүниенің сасық байлышына жетуді мақсұт қылмай, қырандай жер-көкке қанат жайып, қырандай дүние шетіне көз жіберген, асая тұлпардай қырысyz жерге құлаш керіп, бақыт, махабbat іздеген, жастар сендерге арналды бұл әндер!.. Шығындар далаға, жолға бұрынғы ерлер салған жолға! Жүріндер, бақыт – еркіндік бақыты алдарында таяу. Жолдарың жүрер бетпак дала, шөп, тау тас – меніреу жерлер. Жолдарың керінер

Алаш әдебиеттануы

қын. Талай ерлер қасірет, жапа шегіп, жалпы әлемге бақыт іздең, құрбан болған бұл жолда. Қурес үшін, еркін, шатты еңбек үшін туған – сендер. Шақырыңдар арттағы ұйықтаған, именшек, бақыт жолын білмейтін бауырларыңды! Шақырыңдар, арттағы құлдықта жүрген бауырларыңды! Сендерге ерік, махаббат жолына бастаған ер қарындастар, інілер сендерге арналады бұл әндер. Қосындар дауыстарыңды! Құшті дауыстар мен қызу ән жаңғыртсын дүниені! Жаңғыртыңдар, жаңартыңдар ескі дүниені, қайратты, ер жастар! Сендерге арналды бұл әндер – асауменен алысып жүріп салған әндер!» (2: 64–65).

Асая уақытта өмір кешкен Сәкеннің шығармашылығын таптық көзқарастың не екенін білмейтін ұрпақтың жаңаша бағалауы зандағылық. Өйткені, нағыз көркемдік схемаға сыймайды, Сәкен өлеңдерінің інжу-маржан мағыналарын, жаңр мен стильдік жаңа-лықтарын аршып алар кез жетті. Сәкеннің лирикалық кейіпкерінің әр сөзінің ішкі сырын, төркінін бүгінгі ұрпақ саясаттан бөліп алып қарауы азбал.

Тәуелсіздік кезеңінің әдебиеттануы Сәкен шығармашылығын жаңаша зерттеуді талап етеді: «Сәкен – әдебиеттанушы», «Сәкен – қоғам қайраткері», «Сәкеннің көркемдік әлемі», «Сәкеннің лирикалық кейіпкерінің мұны», «Сәкеннің ғашықтық лирикасы», «Сәкеннің азаматтық лирикасы», «Сәкеннің пейзаждық лирикасы», «Сәкеннің прозасының қазақ әдебиетіне қосқан жаңр мен стильдік жаңа-лықтары», «Тар жол, тайғақ кешу» романының жанрлық түрі мен тарихылық мәні», т.б. тақырыптар бүгін өзінің жас зерттеушілерін күтуде. Бүгінгі қазақ әдебиеттануы бұрынғы зерттеулерді жоққа шығармайды. Бірақ Сәкеннің шығармашылығы туралы жаңа сөздер айтылуы зандағылық екені де рас. Қазақ елінің басына түсken ауыр күндердің суретін біз Сәкеннің «Қамауда», «Адасқандарға», «Сағындым», «Тұлпарым», «Қамыққан көңілге», «Шәһит болған достарыма» атты өлеңдерінен көреміз. Бұл өлең шумақтары ыза мен өкінішке ғана толы емес, бұл – тұтқында болған. оның зардабын бастан кешкен асыл ердің толғаулары. Сәкеннің «тар жол, тайғақ кешу» деген бір сөйлемі – оның замандастарының, бүкіл қазақ зиялыштарының басына түсken қасіретті аласапыран күйдің формуласы іспеттес. Бұл бір ұлттың көзі ашиқ зиялыштарының арасын бөліп, бір-біріне қарсы қою саясатының ісі екенін біз бүгін мойындаимыз.

Ахмет Байтұрсынұлының мұрасына тарихи әділ баға берген С.Сейфуллин сол кездегі қазақ зиялыш элитасының нағыз дүшпашының пішінін осы өлең соңында былай суреттеп кеткен екен:

*Жауыз, залым, дұшпандар.
Пайғамбарға оқ атқан.
Пайғамбарды «бұзғыш» деп.*

Тобынан қуып. ... атқан! (1919. Арқа) (2: 125).

Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жұсіпбек пен Сәкендер бірігіп кетсе, қазақ елінің тағдыры, совет үкіметінің құні қалай болар еді? Кедейді байға қарсы қою саясаты көпке жетпеді, бірақ осы таптық көзкарас қазақ зиялыштарын қырғынға ұшыратты.

«Кім басшы – аға халықа?» өлеңінде Сәкен ағынан жарылғандай: Халық ағасы жүрт қорғайтын панадай. Адасқанды жөнге салар данадай. Қара халық жөн білмейтін, адасқан. Сонынан еріп қалықтаған баладай (2: 51). Қазақ елінің қамын ойлаған, ол үшін өмірін саналы түрде осы биік мақсатқа бағыштаған қазақтың XX ғасыр басындағы зиялыштарының біздің тәуелсіздігіміздің рухани көсемдері екенін есте сактауымыз қажет.

Қазақ ұлтының зиялышы элитасы саяси қуресте шынығып, өз елінің мұддесі үшін жайлы күй кешпеген ұрпақ. Оларға тән мәртік, турашылдық, әділдік, имани тектілікті біз бүгін ансаймыз. «Қазақ сабағы» атты өлеңінде Сәкен былай дейді: ...Мені ешкім зорлаған жоқ «шетте жүр» деп, Не «хасірет» болса дағы өзім таптым. Шалқамнан жатар едім мен де үйде. Мен дағы ұрпағы боп аруақтың. «Өнер тап, жолдастығы жоқ», – дейді ойым. «Атадан қалған артта мал мен бақтың». Я, Алла! Жеткізе көр мұрадыма, Рақаты бар деуіші еді михнаттың» (2: 52). Бұл өлең жолдары Аллаға мінәжат емес пе?! Сәкен бізге басына түскен қыншылықтарын, тағдыр соққысын айтып отыр емес пе?

Сәкен Сейфуллин өз заманының жаңа сөздерін қалыптастырумен қатар Абайдан келе жатқан классикалық дәстүрді жалғастырыды. Сәкеннің лирикалық кейіпкері өзінің ойы, логикалық дамуы бар, өз кәсібіне сай тілі қалыптасқан тұлға. Ақындық, азаматтық, ғалымдық, ұстаздық қызметін Сәкен казақ елінің Тәуелсіздік жолындағы куресімен тікелей байланыстырганы айқын.

Сәкеннің шығармашылығы – қазақ зиялыштарының совет дәуірі кезіндегі бастан кешкен «тар жол, тайғақ кешу» тарихы екені сөзсіз. Өзі жырлаған өкіметтің қолынан қаза тапқан Сәкенді біз бүгін жаңадан тануымыз керек.

Сәкеннің жүргегі қазақ елінің тәуелсіз болуын ғана аңсағанын, оның бүкіл шығармашылығынан көреміз. Олай болса, өз заманына сай елінің жоғын жоқтай білген, халқының намысын қайрай білген ақынның әр сөзін түсініп оқитын кез келді.

Алаш әдебиеттануы

Соңында С.Сейфуллиннің А.Байтұрсынұлының мерейтойы қарсаңында жазылған мақаласы мен Әйтиевке берген жауабын сол қалпында беруді жөн санадық. Сәкеннің «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген алғашқы мақаласы 1923 жылы 30 январь күні жазылып, 2 февральда «Еңбекшіказак» газетінде жарияланды. Бұл совет өкіметі қайраткерлерінің атынан жарияланған бірден-бір мақала. М.Әуезовтың эссеци «Ақжол» газетінде 4 февральда жарық көрді. Әркілы түсініктегілердің мақала-құттыхтаулары да болып жатты. «Степная правда» газетінде Әbdіkәrim Әйтиевтің «Фактические поправки деген ескертпесіне Сәкен «Тағы да Ахмет туралы» (Әйтиевке жауап) деген мақаламен жауап берді. *Тұрсынбек Кәкішев* (4: 185–191)

Біз С.Сейфуллиннің сол екі туындысын қалың окушы қауымға ұсынып отырымыз.

Совет кезінде Алаш әдебиеттану ғылымын дамытқан Сәкен ақынға Алланың рақымы, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) шапағаты болсын!

Сәкен Сейфуллин

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕЛУГЕ ТОЛДЫ

Осы өткен январьдың 28-інде Ахмет Байтұрсынұлының жасы елуге толды. Халыққа өзінше қызмет қылған адам кәміл тоқтайтын кісілік жасына жеткенде, сол кісінің халыққа істеген қызметтерінің кандалай екенін бастан-аяқ баяндап отыру әр үлгілі халықтың әдеті. Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан өз заманында патшаның арам құлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түсken халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі. Әрине, Ахмет қазақ халқының байы мен жарлы-жалшы табының жігін ашып, бұл екі тапқатар тұрғанда, жарлы табын байлар табы жұмыска жегіп қойып, борсықша сора беретіндігін айтқан жок. Байлардан бөліп жарлы табының ғана намыстарын жыртып, арын жоқтаған жок. Жарлы табының шоқпарын соқкан жок. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртты, арын бірге жоқтады.

Өзге оқыған мырзалар шен іздел жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, үйқы басқан қалың қазактың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмаш болып, кейбірі арларын сатып ұлықтық іздел жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызметтерін қылды.

Әуелі ол школда қазақ балаларын оқытты. Надандықпен күресіп, патша үкіметінің әділетсіз үкім-зорлығымен күресіп, Крылов деген орыстың жазушысының 40 мысалын қазақ тіліне аударды. Ол 40 мысалдың әрқайсынына сол патша заманының әділсіз тұрмысынан алғып, қазаққа патша үкіметінің істейтін жәбірлігін айтЫп, өзінен мысалдар келтірді. Қазақ халқының арын, намысын жоқтап «Маса» есімді өлең кітаптарын жазып шығарды. Одан соң Орынборда «Қазақ» деген газетті шығарды. Қазақтың бастауыш мектептеріне арнап «Оқу һәм тіл құралдарын» жазып шығарды. Коммунистерше жалпы байлардың құлдығында жүрген жарлылардың ғана арын, намысын жоқтамаса да, коммунистерше жалпы байларға оқ атып, жалпы жарлылардың таяғын соқпаса да, Ахметтің халыққа бұл істеген қызметтері – зор қызмет. Бұл қызметінің, әсіресе көзге көрінетіндігі сол, өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздел, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздел, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын байгеге тіккен.

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл. Ұлтын сүйодің зорлығынан, 1917 жылы патша түсіп, революция (өзгеріс) болғанда, қазақтың бұрыннан арсыз, имансыз оқығандары «ұлтшыл» бола қалып «Алаш» партиясында... болды. Адал ниетті Ахмет бір тұтынған жол үшін, шын сүйетін ұлты үшін қандай партияға болса да кірмей қойсын ба?! Өзі үшін ұлтшыл болған қулардан бөлініп, Ахмет сол ұлт қамы үшін коммунист партиясына да кірді.

Әрине, Ахмет коммунист партиясында да көп бола алмады. Көп бола алмайтындығы белгілі еді. Қазақтығына, орыстығына қарамай, бай мен жарлының арасын ашып, борсықтай сорып келе жатқан байлардың қолдарынан үкіметті қара күшпен жарлыға тартып алғызған, малын, жерін тартып алғызған коммунистер, жердүниедегі барша халықтарды бірдей сүйетін коммунистер рухы майда һәм қазақты ғана сүйетін Ахана дұрыс болмады.

*Бізыңдан ұшқан нәзік маса.
Сап-сары аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түрі өзгерілмес.
Дегенмен, қара яки қызыл маса.*

*Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып.
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес не екен.
Қоймастан құлагына ызыңдаса?!*

Алаш әдебиеттануы

Рас айтады, Ахаң нәзік маса, ол ұйықтаған қазақ халқының үстінде қоймaston «ұйқысын аз да болса бөлуге ызындағы». «Коммунистердің ертелі-кеш «ызындағы» жүрудің орнына мырзалардың, байлардың бетіне былш еткізіп салып қалғаны нәзік жанды Ахаң қолайлы көрінбеді. Қанша ұлт үшін коммунист партиясына кірсе де, дүниедегі барлық адам баласының ұлттарына қарамай, бәрін бірдей сүйетін коммунистерді көріп, өз ұлтын ғана сүйетін Ахаң өзі айтқандай, «қызыл» бола алмады. Ахаң байлардың құлдығында шіріген жарлылардың айғайшысы емес, олардың шоқпаршысы емес, бірақ байын, кедейін айырмай қазакты ғана сүйетін – адал жүрек таза ұлтшыл. Қалай болса да жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына «Оқу һәм тіл құралдарымен» қылған қызметі таудай (Ахаң туралы толық қылып жазбак едім, газет бетінің орны шамалы болғандықтан, қысқа, үстіртін жазылды).

50 жасқа толған Ахаңды шын қөңілден құттықтап, былай да өмірінің ұзақ болуын тілейміз.

1922 жыл, 30 январь, М.Шамиль.

ТАҒЫ ДА АХМЕТ ТУРАЛЫ

(Әйтиевке жауап)

Орынборда орыс тілінде шығатын «Степная правда» деген газеттің 33 нөмерінде Әйтиев жолдас менің «Енбекшіл қазақ» газетінің 64-нөмерінде Ахмет Байтұрсынұлының 50 жасқа толғаны тақырыпта жазған макаламды мінеп, менің «қателерімді» түзеп сөз жазды («Фактические поправки»).

Біреудің сөзінің біреу қатесін түзетіп жазғанда, сол қате мақала басылған газеттің өзіне жазушы еді. Егер де ол газет баспаса, сонда барып басқа газеттерге жазушы еді. Бұл – бір. Және де менің мақалам қазақ тілінде қазақ газетіне жазылған еді. Ал Әйтиев жолдас менің мақаламмен таныс емес орыс оқушыларының алдына өзінің «қате түзеткен» мақаласын былш еткізіп ұрып қалды. Бұл – екі. Бұдан не мақсат шығармақ болғанын білмейміз, әйтеуір, сыншымның мұнысын мен баяғы Боранбек батырдың мінезіндей ғой деп аңғарып қалдым, «Бізді ұлы жүз алса, біз кіші жүзді аламыз...» деп баяғыда Боранбек батыр айтады екен. Сондай-ақ «ол қазақ газетіне жазса, мен орыс газетіне жазамын» деген Әйтиевтің құлқы болған-ау деймін.

Айгүл ІСІМАҚОВА

Әйтиев менің дұрыс деп жазғанымды түзетемін деп қисайтып жіберген соң, мен бұл туралы сол «Степная правда» газетіне «Түзеткенге түзету» деп жазып едім, «Степная правда» менің сөздерімді адыр-бұдыр үшкірлі, қырлы көріп, басуға лайық көрмеген соң, лажсыз «сыпайыға сыпайы» қылып, мақта бітелеп қазақ газетіне жазып отырмын. Қысқасы, менің Ахмет туралы жазғаныма Әйтиевтің көnlі толмайды. Себебі, мен «Ахметтің әлеумет-саясат жолындағы істеріне женел қарап, қате баға беріп, құр үстіртін әшейін сипап отыр» дейді. «Байлар, жарлылар табына бөлмей, жалпы қазаққа қызмет қылмақ ниеті жолында Ахмет жалған ұлтшыл, шенкүмар адамдармен бірге «Алаш» партиясында болды» деген сөздерім Әйтиевке қате көрініпті.

«Мұнысы несі? «Алаш» партиясында қазақ үшін жаман ойлы адамдармен бірге болды дегені несі? «Алашты» жасағаниң бірі Ахметтің өзі емес пе еді?» дейді. Рас, Әйтиев жолдас, «Алашты» жасасқанның бірі Ахмет екені рас. Олардың ішінде шенкүмар, жалған ұлтшылдар болды. Ахмет, әйтеуір, қазаққа қызмет қыламын деп солармен бірге болды. Мен бүйтіл тәптіштемесем де қысқаша солай деп айтқанмын.

«Қазаққа қызмет қыламын деп, Ахмет коммунист партиясына да кірді» деген сөздерім де Әйтиевке қате көрініпті. Әйтиев айтады: «Ахметтің партияға кіруі олай емес еді. Коммунистердің жолына, екпініне шыдай алмай партиядан өзі шыққан жоқ, оны шығарып тастаған», – дейді.

Коммунист партиясының жолымен жүре алмай, екпініне ере алмай қалған кісі мен сол жолмен жүре алмай, екпініне ере алмағанды қалдырып кеткенінің қанша айырмасы бар екен?.. Бірақ, әйтеуір, айтуға сөз керек кой.

*«Дау құмарға ел керек,
Тау құмарға бел керек».*

Және Әйтиев жазады: «Ахметтің ұлтқа қызмет қылмақ болып коммунист партиясына кіргенін Манап Шамиль жолдас дұрыс деп біледі әм басқаларға солай қылуды мәслихат қылады», – дейді. Бұл енді Әйтиевтің биікке, тұранға шығу үшін мені басқыш қылмақ болғаны. Шын құздың басына шық, Әйтиев жолдас, бірақ мені басқыш қылмай шық!

Ахметтің онысын дұрыстаған біз жоқ, жалғыз-ақ Ахметтің дұрыс жері – адалдығы, шенкүмар еместігі деп білеміз. Және шын ұлтшылдық, шын коммунистік көрінген адамның қолынан келмейді. Біз осылай деп жазғанбыз. Оны сіз орыс жолдастарға

Алаш әдебиеттануы

теріс аңғартпақ болғанмен, қазақ жарлысының газетін оқитындар теріске бұрмайды.

Ұлтшылдыққа қарсы кім қаттырақ күрескен екен, оны жүрт айттар. Және Әйтиев жазады: «Партияға Ахмет ұлтшылдығымен кіріп, ұлтшылдығынан шығып қалған жоқ. Әркімнің саяси ұжданын ыждиһати, тұрмысының негізі туғызады...» – дейді. Яғни мәселен, «коммунист болу үшін дүкен көру керек» дейді. Бұл – хақ сөз. Талас жоқ. Коммунист болуға осындаш шарт керек екені рас. Ахмет бұл шарттарға қарамай, өзін-өзі құштеп компартияға кіріп еді, коммунистерге ере алмай шығып қалды. Мұнысы жоғарғы қағиданың дұрыс екенін көрсетті. Бірақ бұрынғы патшалардың, атарман-шабармандардың, бақташылардың арам табандарына түсіп, езілген ұлттардан коммунист болғандардың көбіне қазір жоғарғы қағида дөп келмейтін болып көрініп отыр. Мәселен, қазіргі коммунист болып жүрген қазактардың көбі учитель, мұғалім, хатшы, біразы фельдшер, доктор, агроном, техник, хатта адвокат, болосной старшын болғандары да бар. Міне, бұған қарағанда Ахметтің коммунист партиясына ере алмай шығып қалуына үлкен себеп – өзінің шын нәзік жанды ұлтшылдығы. Міне, Әйтиевтің түзетемін деген жерлері осы сөздер ғана, өзге сөздер әшейін домбыраның құлақ күйі.

Әйтиев жолдас қазақша хатқа шорқақтау болушы еді. Тегінде, қате түзетпек болып қисайтынқырап жібергені – сол хатқа шорқақтығынан болар. Немесе басқа бір мұдделі мақсатпен қисайтқан болар. Қайтсін, мұдделі мақсатпен сынайтын сыншыларым мені ағаш атқа қамшы қылса, сорым-дағы! Және хат білмейтін кісілер менің сөздерімді сынамақ болса, тілмаштардан етінемін: «Сөздерімнің мәнісін бұза көрменіздер».

Әйтиев сөзінің ақырында маған: «Коммунист партиясының ұлт мәселесі туралы нұсқауын женіл бағалайсың, бұдан былай мұндайдан тыйылуынды лайық көреміз», – дейді. Сонымен ұлтшылдыққа жалғыз өзі ғана қарсы болғысы келеді. Көрерміз. Қайдам?! бұл уақытқа шейін Әйтиевтің ақылынсыз-ақ ұлтшылдыққа қарсы күрескен болып келіп едік. Бірақ, әрине, Әйтиевтің ізімен, Әйтиевтің жолымен емес, Қайткен күндерде, кез келген уақыттарда Әйтиевтің осындаш ыңғайлы сөздерді жазып тұруы ақыл-ақ.

«Не қылсаң да ел тап.

Биikkе шық, бел тап!»

(Манап Шамиль, 1923 жыл) (8: 180–185).

Айгүл ICIMAКОВА

1. Есмағамбет Ысмайылов. Сәкеннің қоғамдық, творчестволық өмірі тура-сында // Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин. Шығармалар. I-том. А.: КМКӘ баспасы. 1960.
 2. Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин. Шығар. 1-том. А.. КМКӘ. 1960.
 3. Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. А.: Фолиант. 2002.
 4. Тұрсынбек Кәкішев. Қазақ әдебиеті сыйнының тарихы. А.: Білім. 2003.
 5. С.Сейфуллин. Шығармалары. VI-том. А.. 1964.
 6. Д.Ысқақұлы. С.Сейфуллин // Қазақ әдебиеттандыруның тарихы. А.: ҚазАқпарат. 2006.
 7. Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин. Шығармалар. Бесінші том. А.: КМКӘ. 1963.
 8. Бес арыс. Естеліктер, эссе және зерттеу мақалалар. А.: Жалын. 1992.
-

2.10. ИЛИЯС ЖАНСҮГІРҰЛЫ

*Я, Құдайым аққа жасақ,
Өзіңе аян: мен наңақ.
Аққа деген жсолымның
Абыройын аштай, жасап,
Аят пенен хадисте
Адал ниет, ақ іске,
Жаңылмасам, жоқ еди,
Жаза тартсын деген бап.*

А.Байтұрсынұлы

Жансүгірұлы Илияс, 1.V. 1894 жылы Алматы облысы, Ақсу болысында, Қапал уезінде дүниеге келген. Сталин-Голощекиндік репрессияның құрбаны, 1938 жылы атылған.

Алғаш білімін әкесінен алып, ауыл молдасынан сауатын ашқан Илияс Жансүгірұлы анасынан ерте қалған екен. Ескіше хат тану – араб, парсы, шағатай тілдерін менгерумен қатар азыз-ертеғілерді, батырлық жырларды оқып өсken. Ауыл мектебінен кейін Илияс Жансүгірұлы 1920 жылы Алматыдағы үш айлық мұғалімдер курсында оқиды, бірақ денсаулығы жарамай, елге қайтады. Ақынның алғашқы өлеңі 1917 жылы «Тілші», «Кедей еркі», «Лениншіл жас» газеттерінде жарық көріп, 1928 жылы «Сағанақ» атты тұңғыш кітабы шығады. 1925 жылы Мәскеудегі коммунистік журналистика институтына түседі. Оны 1928 жылы бітірген Илияс Жансүгірұлы «Еңбекші қазақ» газетінде жұмыс істейді. 1934–1935 – Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, 1935–1937 – Көркем әдебиет баспасында поэзия бөлімін баскарады.

Ақын, жазушы Илияс Жансүгірұлы қазақ совет әдебиеттану негізін қалаушылардың бірі. Бала кезінен өлең, қисса жаттап өсken жас ақын айтysқa да қатысқан. Жас совет әдебиеттануының қалыптасуына И.Жансүгірұлы С.Сейфуллин, Б.Майлыұлы, М.Әуезов, т.б. бірге өз үлесін косты. Әдебиетші ретіндегі Илияс Жансүгірұлы орта мектепке арналған қазақ әдебиеті оқулығының авторы, қазақ әдебиеті мұраларын жинап бастыруши, көркем аударма мен әдеби сынның кеңес кезіндегі өкілі. Поэзиядағы ұстазы Абай екенін оған еліктеген өлеңдері аңғартады. Атажұрт пен жаңа советтік қоныстың көрінісі «Көші-қон», «Бүгінгі дала» өлеңдерінде бейнеленген. Қазақ даласы Илиястың тұрақты бейнесі ғана емес, басты лирикалық кейіпкері. «Заводта», «Отарба» өлеңдері жаңа

Айгүл ІСІМАҚОВА

заманың ішкі қыр-сырын рухани жағынан қарастырған. Елге жат қылықтарды әшкерелеу, фельетон, сықақ, өлең, әңгімелерінің («Кұқ», «Сөз Қамысбаевқа», «Жалаңаштар жиналышы», «Жанды куыршак») басты тақырыбы. 1935 жылы жарық көрген «Жолдастар» атты романы саяси-әлеуметтік мәселелерді көтерді. Бас бостандығы үшін құрес, таптық тартыс, революцияны қолдау «Кек» (1931), «Түркісіб», «Исатай-Махамбет» (1936) шығармаларында орын алды. Аудармашы Илияс Жансүгірұлы орыс әдебиетінен таңдал алып қазақ тіліне аударған шығармалардың да реті ерекше. Олар: В.Маяковский («Ленинград»), М.Горький («Дауылпаз»), Н.А.Некрасов («Темір жол»), Ю.М. Лермонтов («Ақынның өлімі», «Тұтқын», «Қанжар»), А.С.Пушкин «Евгений Онегин». «Евгений Онегин» аудармасы құні бүгінде ең сүбелі болып саналады. Поэмалары: «Мақпал», «Кебік шашқан», «Исатай» (1937) аяқталмай қалған. «Рұстем қырғыны» (1926), «Байқал» (1937) көзі тірісінде жарияланбаған. «Дала» поэмасының бас кейіпкері қазақтың киелі Даласы. Осы лирикалық кейіпкер арқылы ақын қазақтың басына түскен сан алтуан тарихи оқиғаларды сарапап шықкан. Оқиғалардың ерекше тіркемі арқылы ақын тарихтың қыр-сырын айқындап береді.

Илиастың «Күй» (1929), «Күйши» (1934), «Кұлағер» (1937) поэмалары 1930 жылдардағы қазақтың көңіл күйін, оның тәуелсіз рухты аңсағанын бейнелеген классикалық туындылар болып табылады. Өнердің адамның еркінен тіс көңілге асер ететіндігі «Күйшіде» бейнеленген. Бұл – Илияс Жансүгірұлының күй күдіретіне деген өз ескерткіші. «Кұлағер» поэмасының басты кейіпкері – XIX ғасыр сонында өмір сүрген ақын, өлеңші, әнші Ақан сері. Илияс Жансүгірұлы Ақан өміріндегі ең бір жанына батқан кезін бейнелеген – Кұлағердің бәйгеден озып келе жатқанда дүшпанның колынан мерт болуы. Жүйрік сәйгүліктің адам қолынан қиянатқа ұшырауы кеңес заманының сырын әшкерелеуге арналған мәңzeу. Аталған поэмаларда Илияс Жансүгірұлы толғаудың бүкіл жанрлық және стильдік мүмкіншіліктерін пайдаланған. Бас кейіпкерлердің ішкі көңіл күйі осылай айқындала түседі.

«Қазақ күйлері жиналсын» («Еңбекші қазак», 1927 18 шілде) атты мақалада Илияс Жансүгірұлы: «Елде не көп, ән көп, әдебиет көп, күй көп. Бірақ біз ел әдебиетінің, ел өнерінің бәрін де жинап жеткізе алмай жатырмыз. Ел өнері – бізде әлі ақтарусыз жаткан қазына» (1: 318). Мақалада Затаевичтың «1000 әні» туралы ғана емес, Жетісу домбырашыларының, Қарқаралы өңірі, Балқаштың екі жағының күйлері аталған. Әдебиетші Илияс Жансүгірұлы «Домбыра» өлеңінде (1930) киелі аспаптың адам жанына әсерін

Алаш әдебиеттануы

суреттеген: От шалып, жалын жалап, қозғап қанын, Шыжғырса күйрдақ қып жанның жанын. Еріксіз қол қағылды екі шекке, Назды мұн, сылқылдақ үн жалғап сарын (1: 328).

1928 жылғы «*Толғау*» (көмпеске кезінде) өлеңінде ақын заман келбетін былай берген: Қозғауы қозған қоғамым. Қолқалап: «Әңгіме айт» – десен. Қобалжимын, қозғалам. Қозғайын десем даланды. Домбыраң емес, қаламды. Қобалжимын, қолға алам (1928) (1: 280–283). «Жанды сөз» (1915) өлеңінде әдебиетші Илияс Жансүгірұлы асыл сөздің қажеттілігін айтқан: Ұйықтап жатқан көңілді өлең түртер. Қайғы, зарын, куанышын жақсы тінтер. Жүргімнің айнасын шаң басқанда, орамалым осы өлең бетін сүртер. Өлең, мақал, жаңылтпаш, ертегі, жыр – мұның бәрі жанды сөз, ішінде сыр. Елдің сәні сақталар жанды сөзben, қай жұрт болсын талассыз осыған құл! (1915–1916).

Бұл ой «*Домбыра*» (1936) және «*Күй*» (1936) атты соңғы өлеңдерінде нақтылана түскен: Домбыра, сенде мін бар ма?! Мінсіз болсаң – тіл бар ма? Тіл жоқ деуге бола ма Тілден анық үн барда! Домбыраның күші мол Көмейінде күй барда! Сылдыры-сылдыры, сар қамыстан төгілді жыр, өрді алыстан. Келді жақын сен қағысқан, үн шыққандай жолбарыстан. Тұншыққандай өлді арыстан, ат шапқандай жер қайысқан (1936). Күй: Күйді қаққан саусактан, Шерткен қүйлі ішектен. Көкке серпіп кетті күй. Алыстағы тұмандай Көз ұшында бұлдырап, Кейде санқыл соқты күй – тас бұлактай сылдырап (1936) (1: 419–421).

«Ән, әншілер жайында» («Еңбекші қазак», 24–25 қантар 1931) мақаласында әдебиетші Илияс Жансүгірұлы қазақ әні мен әншілер жайында мағлұмат берген: «Біздің ән-күй – тың, жанды нәрсе. Бұл туралы шөптің басын сындырған кісі бола алмай келеді. Ән туу үшін алдымен әнші туады. Әнді шығарушыны әнді тыңдаушы тудырады. Тыңдаушы дегеніміз – әр дәуірдегі ел, ұлт, соның ішінара табы, тобы болады.

Ел музыкасының түрі көп болады. Мұны қамсыз жіктеу, қатыссыз тәптіштеу де киын. Сейтсе де долбармен басты үш салаға бөлуге болады. Онда мұның бірі – ой музыкасы болмақ. Біздің осы құнгі ел әндеріміздің көбі-ақ ой музыкасына жатуы керек. Мұнда ән не зар, не қуаныш сарынды болып, ыргағымен, толқынымен, тыңдаған құлаққа ой салады. Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй. Қөнілге түрлі ой салар, Әнді сүйсек, менше сүй, – деген Абай осы ой салатын музыканы айтқан. Бұл әндердің өзіне лайықты сөздері, өлеңдері болады. Өлеңдері сол эннің негізгі сарынына бағынып айтылған болады. Сөз көмекші ретінде ғана болады. Әнді

Айгүл ІСІМАҚОВА

сол сөзімен айтқанда, әншілер өзі әсерленіп салады. Әнді сөзсіз ыңыранып айтса да сарынды ой салады. Біздің бүгінгі қолда қалған әншілеріміз – Қали, Әміре, Манаубек, басқалар осы ой әнінің атқарушылары.

Сөз мұзыкасын екінші сала демекпі. Бұл да – ән, бұл да – ырғак. Мұнда ән сарыны тұйықтау, үн мен ой салатын ырғақтан көрі сөз салмағы басым болады. Ән сөзге еріп, сөз әнге жетекші болады. Біздің ел әніндегі жыраулардың, ән ақындарының қолданысы осы үлгі болады. Өткен жырау, ақындардың әндері, бүгінгі Исаның «желдірмесі» осы саланың сарыны болмақ керек.

Кімді мұзыкасын үшінші десек, бұл бізде көп, жоқ па деймін. Өйткені біздің әнді биге, қозғалысқа, дене қимылына септеген үнді жоюға тән. Музыканың бұл түрінде кимыл, қозғалыс басым болу керек. Қалған сөз сол қозғалыстың қоштаушысы есебінде ғана болады. Домбыра күйді билеушілер, толкушылар, домбыраның басына байлайтын «Ортеке» дейтін би куыршақтары болатын сияқты еді. Біздің көп күйдің өзі жорғаның жүрісін, аттанған қолдың, құстың қанат қағысын тартып отырады ғой. Бірақ қазақтың билі әнін мен өзім естіген емен. Бірде-бір әннің қалаға үйір болмағанымыздан бері қарай жаңа түрлерінің басы қылтиып көріне бастаған сияқты. Құрманбек, Елубай осы жаңалықтың басы сияқтанады. Бірақ бұлар да әлі тұракты жолға дәл басқандар емес, ізденушілер. Бұларда әнді ырғағынан, қозғалыс ырғағынан әлгі ән, сөз басым жатыр. Әсіреле Елубайдың әндеңі қозғалыстары сәнге қосымша жамаулар ғана» (2: 327–329).

Қазақтың әні қандай? дегенге былай делінген: «Қазақ әнінің көпшілігі күйінді, зар келеді. Мұн көбірек орын алады. «Дудар» сияқты секекті әндер сирек келеді. «Дударда» да өзгенің қалпына соғылып шықкан бір жаңа жинақтау болуы керек. Қазақтағы әннің көбінде мұнмен сарындағас болуының да өзінше бір дәлелі болмақ керек. Табиғаттың керен құштері: жұт, боран, қасқыр, ауру бәрі алғалы тұрган жау емес пе еді? Оның үстіне, бір-бірімен шабысқан қазақ, жауынгершілік заман, аздың әлсіздігі, әлсіздің корғансыздығы, әдеттің құштілігі, әйелдің теңсіздігі, журек демінің іштен, тыстан еріксіздігі, еңбекке қарусыздығы – осының бәрі азап, бәрі мұн емес пе еді? Ендеше, тіршілік сарыны – әндеңі қарын мұн басым болмай не болатын еді?» (2: 330).

Бұл XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің басты тақырыптары еді. Әдебиетші I.Жансүгірұлы қазақ әнінің әр өңірде әртүрлі айтылу сырын сипаттап береді: «Онаң соң қазақ әндерінің сарынына қоныстың көп әсері бар сияқты. Арқаның әні аспанга өрлең баста-

Алаш әдебиеттануы

лып созылып, неше қайырып, толқып-толқып тоқталаатыны – Арқаның жеріндегі айдала, құба-құба жон. Қырқа-қырқалатып барып тастаганы сыйылды. Оナン соң қоныстың әндегі әсерін осылай деуімізге және бір дәлел – құзды, шыңды қоныстаган тау елдерінде ән Арқадағыдан аяғын көсіле салмайды. Бір қайырымы келтелеу, шоқ етпе келеді. Өйткені, шыңда, биік тауларда дауыс көсіле алмайды. Аузыңнан шықса, алдыңдағы даусы құз, бет қайта аузыңа тығады. Жаңғырығады. Мұны көшпелі түрмисста қазақ пен ағайында қыргыз әндері дәлелдейді. Кавказ және басқа тау мекендереген елдер де ән құлашын жайып, даладағыдан даусын жаза алмайды. Сондықтан Қазақстанның әр жеріндегі елдер бір тұқымдас, бір шаруалас болғанмен, әннің сарынында және өзгешеліктер болатыны қоныстың әсері, мекен еткен жердің басқан мөрі болуы керек. Әр жердің әні әртүрлі. Қарқаралы, Баян, Қөкшетау, Ертіс бойы әнді асқақтатып шырқап салса, Орал, Бөкей жасагы қоңыр жыраулатып, құба жондатып ыңыранып келеді. Жетісу жеңіл желпілете аяқ жорғалау келсе, Сырдария мыңқылдайды. Бірақ бұл біздің өз болжасауымыз. Тексеруді тілейтін пікір» (2: 330).

Қазақ әншілері туралы былай делінген: «Ән шығарушы талант сирек болар дегенді айттық. Ондай ән шығарушы композитордың өздері өз дәүіріндегі таптың, топтың жемісі екендігін ескерттік. Олай болса, қазақ әншілері де дәүіріне, өзінің әлеумет-қоғам тілегіне қарай түрлі-түрлі болмақ керек. Әндерінде әлеумет басындағы заманының сарындары бір-бірінен айырылмақ керек. Мәселең, Бұқар жырау әнін толғау ырғағына, жұмбактауға, қара бұқараға түсініксіз ханға, биге, батырға арналған түйткілдеу сұрау тастау ырғағына салса, Асанқайғы ашықтан-ашық зарлау, қоныс іздеу, дағдару, безілдеу сарынымен кетсе, ку тілді ақын Құлдың (кісі аты) әні мақалдау, ақырын ыбыр, шымшымалау келеді.

Біздің бізге жақын замандарда атын естіген әншілеріміз: Біржан, Ақан, Өсет, Мұхит, Шолақ, Жарылғапберді, Фазиз, Ыбырай, Жаяу Мұсалар болса, осылардың әндері деген әннің өзі де бір-бірінен бөлек-бөлек жатады» (2: 331–332).

Әдебиетші әннің шығу себептерін ғана емес, стильдік ерекшеліктерін де осылай айқындал берген.

Біржан мен Жаяу Мұса өлеңдері былай сипатталған: «Айтальқ, Біржан аспанға өрлең даурығып салады. Өсет аспанға да өрлейді. жерде де жорғалайды. Жарылғапберді даланың дауылы сыйылданса. Жаяу Мұса қала мен даланың екеуінен қосып жаңа бір сарын шығарады. Осы айтылғанның ішінде бір ескеретін ерекше адам – (оригинальный) Жаяу Мұса. Бұл – Арқаның ацы айғайлы, қоңыр

Айгүл ІСІМАҚОВА

толқынды әніне өзінше бір түр кіргізген адам. Мұның Қали салып жүретін «Қатынының өліміне шығарған» әні «Құлбайбай – Шорман ауылын былғап шығарған әндері өзінше бір шырқамалы айғайды. келте қайрысты, қоңыр төгілісті түгел жинаған бір үлгімен келеді. Міне, сөйтіп осындағы әр әншінің өздерінше өзгеше сарындары. өздерінше елктеушілерді, бұзып салушыларды туғызады. Кейін келе-келе шын иесі ұмытылып ел әні, ел музикасы болып қалады, бірақ бір ән әлденеше түрге (вариант) түсे береді.

Біздің жоғары атаган әншілеріміз – Біржан, Ақан, Әсет, Жаяу Мұсалар – сол ән шығарғыш қырдың музика таланттары – композиторлар. Ұлтар дала музикасының әрі актері (салушысы), әрі авторы (шығарушы). Ұлтар – өз заманымен өткендер. Артына бірталай ән мұрасын тастағандар. Ұлтардай ойдан ән салушы енді жоқ. Енді ел әнін тыңнан салушыны есту қынырақ болар» (2: 332).

«*Абайдың сөз өрнегі*» («Әдебиет майданында» 1934 жылы № 11–12) жарияланған. Абайдың алдындағы әдебиетті сол кезде жоққа шығарғандарға әдебиетші Илияс Жансүгірұлы былай деген: «*Абайдың алдындағы қазақ әдебиетінің үлгісі – батырлардың жырлары, билердің, шешендердің сөздері, жыраулардың толгауы, ақындардың айтысы, араб-парсының ескі қисса, ертегілері ел әдебиетінің түрлері еді. Абайдан бұрынғы заман әдебиеті – сол ескі жұртшилықтың заман бетінен торыққандығынан туган әдебиет еді. Абай негізінде, осы жұртшилықпен қайнасып, осы әдебиетпен аяқтасып жатқан ақын. Бірақ Абайдың басына біткен қайшылық Абайды ескі заманға қүйіндіре отырып, жаңаның бағытына жырлаттырады*» (2: 343).

Абай араб, парсы, шағатай әдебиетімен таныс болғаны былай мәлімденген: «Өміріне қарағанда Абай өлеңге бала жастан-ак ауызданыпты. Өлеңді шүу дегенде арабшадан бастайды: араб, парсы, шағатай ақындарына сиынып кіріседі: Физули, Шамси, Сайхали, Науай, Сағди, Фирдоуси, Қожа Хафиз-бұ һеммәсі Медет бер я шағири фәрият. Ұл – Абайдың 1858–1859 жылдардың бірінде жазған өлеңі. Абайдың үл – кездегі өлеңі тіпті аз. Болған бірлі-жарым елецинің ішінде арабтың, парсының шұбар тілімен бұлдіре жазған өлеңі де бар: Иузи – раушан, көзі гауһар, Лағилдек бет үші ахмар. Тамағы қардан әм биңтәр, Қашың құдірет, коли шәгә,.. – деген өлеңі және алиф-бидің гарпімен қызға жазған өлеңі Абайдың алғашқы тілін көрсетеді. Басында ол кезіндегі әдебиеттің тілі де, түрі де осыған айналып та еді. Әсірепе Абай ауылы сияқты молда, кожалы ауылда, Абай оқыған Семей молдасының дін мектептеріндегі елге тарайтын түрлі кітап өлеңінің тілі осы еді» (2: 343).

Алаш әдебиеттануы

Сонымен қатар Абайдың тыңнан жол салғаны да айғақталған: «Абай мұраны ержетпей тұрған кезінде алса да, ертең-ақ тастап кетеді. Ол кітаптың анандай тілінен жұлқынып шығып, тыңнан жол салады. Қазактың таза тілін, күшті сөздерін жаңа мазмұнға қалап, жаңа мәдениетке, жаңа әдебиетке жөн тартады. Сөйтіп, Абай өзі өлгенше қазактың ұлт жазба әдебиетін жасаудың бір қайраткері болады» (2: 344).

Илияс Жансүгірұлы Абайдың ақындығының бір қырын бөліп атайды: «Абайдың ақындық ауданы кең. Ол ақындық өнерінің бір-ақ мазмұнды, бір-ақ түрлі саласын қызып отырған емес, Абай ақындықты, тіл өнерін ақындықтың әр жағына да жұмысайды. Бірақ соның берінде Абай ақылшы, үгітші не айтса да, не жазса да, әлеумет өміріне тіреп, әлеумет өмірінен бастап отырады. Өлеңінің көбі үгіт-насихат, мінез-құлық түзеуге арналады...

Абай ақыл айту үшін, алдымен, айналаны мінеп, қазып отырады. Оның көретінінің көбі – ақылға, «адамшылыққа» жатпайтын жаман мінез, жат өнеге. Абай осыларды сынап, мінеп шығады. Абайдың қарасөзінде болсын, өлеңінде болсын, оның сыны күшті. Абай сындары өз ортасына дәл сындар болады. Оның «бала асырау» деген қазақ ұғымына айтқан қарасөзіндегі сыны қара қазактың ұғымын табандатып женіп шығады. Оған айтуға дау қалдырмайды. Абай осы міндерді түзеуге жалан үгітті, сынды, ғана жұмсамайды, Абай аңы тілді, улы сөзді, сықақты, мыскылды, ілмені, мазақты да қолданып отырады. «Адасқанның алды жөн», «Болыс болдым, мінекі» деген сияқты өлеңдері Абайдың біз тілді (сатирик) ақын екенін де көрсетеді» (2: 344).

Осы ретте Абайдың лирик ақын екендігі де айғақталған: «Абай, бұлардың үстіне, толғауышы (лирик) ақын, Абайдың ақындығының көрсететін тәтті өлеңдері осында. Бірақ Абай толғаганда, сол өз басының күйінен, дүниеге көзқарасынан шыгарып толгайды. Өлеңді жсан сергітетін жалғыз досым деп биледі: «Өзгеге, көңілім, тоярсың, Өлеңді қайтіп қоярсың? Оны айтқанда толғанып, іштегі дерпті жоярсың. Сайра да, зарла, қызып тіл. Қара көңілім оянсын...». Міне, осы секілді «Холеңке басын ұзартып», «Қарашаада өмір тұр», «Адамның кейбір кездері», «Көңіл күйі тағы да», «Келдік талай жерге енді», «Қуатты оттai бұрқырап», «Жүргегім менің қырыңқ жасамау» деген сияқты өлеңдері – Абайдың ішіндегі шынайы шерін толгайтын өлеңдері. Бұл өлеңдердің көбі-ақ Абайдың өмірінің соңғы жылдарында жазылған өлеңдері» (2: 345).

Абайдың Лермонтовтың өлеңдерін аударғанына байланысты әдебиетші Илияс Жансүгірұлы былай деген: «Абай осы өлеңдерінің

Айгүл ІСІМАҚОВА

тұсында орыстың сүйікті ақыны Лермонтовтың бірсыптыра шерлі өлеңдерін қазақшаға аударады. Ол өлеңдердің де өзінің нысанасына келгендерін, жүргегіне жылы ұшырағандарын таңдап аударады. Кейбіріне өзінен сөз жалғап отырады («Ой», «Жартас» деген өлеңдер)...» (2: 345).

Абайдың бейнешіл-суретшілігі туралы: «*Абай – шебер суретші (художник)*. Өлеңімен *Абай салған суреттер мінсіз, көрікті, тұрманы түгел келеді.* Абайдың ондай бір суретшілікпен көрінетін өлең-дери – «*Аттың сыны*», «*Қансонарда*», «*Аңшылық*», «*Жаз*», «*Күз*», «*Қыс*» текстес өлеңдері. Абай бұл өлеңдерінде ақындықты лақылдатып құя салған. Осы өлеңдерінің қай-қайсысын алсаңыз да, өлең жазылған тақырып алдыңыздан жаңды тұлғасымен тұтас түрегеледі. Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ, Кой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақты, – оқыған адам Абайды осы жағынан тани береді» (2: 345).

Абай өлеңді өнер деп танығаны да осы ретте анықталған: «Өлеңді өнер деп бағалаған Абай – сол өлеңді кестелеп, қазакқа қызмет етті. Өлеңдің өнер екенін көрсettі. Қазақта да мынадай сөз өнерінің ұлгілері болады деп өнер белгісін қалдырды. Абайды жазба әдебиеттің – сырлы әдебиеттің басы дейтініміздің бір жағы осында» (2: 346).

Абайдың тілі туралы әдебиетші нақтылай түседі: «*Абайдың тілі бай. Абай – қазақ ұғымындағы сөздің сабазы. Тілге Абай құйған қор көп.* Абайдың өлеңдеріндегі араб, орыс сөздерінен кірген кей-біреулерін алмаганда – Абайдың жалпы өлеңінің дені сау, тілі таза. Оның өлеңі таудан тасыған бұлақтай сарқырап жатса, өлеңіндегі сөздері сол бұлақтың түрлі тасындај жарқырап жатады. Абай – өзінен тіл жасаған ақын емес, елдің тілін толық пайдаланған ақын.

Абайдың ақындық қуаты, тілге шеберлігі – оның сөзінің арасына қыл сыймайтындығы. Абай ақындықтың өнері – сөздің іші, сырты екеуде жақсы, екеуде көркем болсын деген: Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы. Сонда да солардың бар таңдамасы. Іші алтын, сырты күміс, сөз жақсысын. Қазақтың келістірер қай баласы? Абайдың терең ұғымды қуат иесі екендігі туралы: «*Сөзді осылай саптан өлеңге кіріскең Абайдың өлеңінің іші – өз мазмұнында алтын болып шыгады. Оның аз сөзіне көп магына сыйып кеткен, сөз шеберінің іші қалың қазына, өлең қауызының іші толған дән болады. Абай аз сөзбен, аз мұқаммен көп мазмұнды, көп магынаны беріп тастайды. Абайдың «Болыс болдым» деген кішкентай өлеңі болыстың кейінгерін түгел береді. Сол сықылды аз сөзбен ірі мазмұнды айтта қоятындығына тағы да бір мысал;*

Алаш әдебиеттануы

Желсіз түнде жарық ай, – дейтін өлеңінде ұзақ әңгіменің жеслісін аз сөзбен қайырып тастайды емес не?! Бұл – Абайдың ақындық қуатының күштілігіне дәлел» (2: 346).

Абай шығармаларының негізгі жанрлық түрі туралы: «Абайдың әдебиет түріндегі кестесі қалай? – дегенге келсек, оның әдебиет түрі негізінде – өлең. Абай – өлең түрін жасауға қызмет еткен жазушы. Абай бұрынғы қазақ өлең-жырларының өлшеуін, парсы, шағатай, орыс өлеңдерінің үлгісін кіргізіп, оларды кенітудің үстіне, араб, қазақ әдебиетін жаңалаған адам. Сол түрлерге қазакша тәтті тілмен қызықты мазмұн салып, тыңдан тартқан өз үлгісімен де қазақ өлеңін байытқан ақын. Абайда ескілі-жаңалы он бір түрлі өлең өлшеуі бар. Мұның ішінде Абайдың соңғы ақындар әлі қолданып, үлгі қып жаймаған: «Сен мені не етесін», «Ақылбайға», «Қатыны мен Масақбай» деген сияқты түрлері, өлшеулері бар. Жырдың бірінші, үшінші, екінші, төртінші жолы да үйқасып отыратын көркемдікті қазақ әдебиетіне бастап кіргізген де – Абай. Бұл – Еуропа, араб үлгісі. Сөйтіп, қазактың әдебиетіне бірсыныра жаңа өлең өлшемдері Абаймен келіп кіреді. Бізге өзге түрлі елдерінің, Батыс елдерінің өлең үлгісін Абай тастап кетті. Абайдың қарасөздері ақыл, нақыл, үгіт сөздері, сындар. Абай сырлы әдебиеттің күйсіз түріне, драма түріне енбек еткен болса, Абайдың қалам қызметі бұдан да мол болатын еді» (2: 346–347). Абайдың жаңа түр енгізгені, өлең өлшемін езгертукені осылай айғақталған.

Ілияс Жансүгірұлы Абайдың қарасөзін – публицистикаға жақын деп атайды: «Әйтсе де, Абайдың қарасөздерін, әлеумет пікірінің ортаға түсетең қарасөзінің де (публицистика) алғашкысы деп ұғынуымыз керек. Өйткені, Абайдан бұрын қазақтың таза тілімен мақала, нақыл, үгіттер жазған адам, сірә, бола қойды ма екен? Тіпті таза қазақ тілімен хат жазуға да болды ма екен? Абайдың жырлары мына секілді сыйлдырлап шығады: Жазды құн шілде болғанда, Көгорай шалғын, бәйшешек Ұзарып өсіп толғанда; Күркіреп жатқан өзенге Көшіп ауыл қонғанда...

Әдебиетші Ілияс Жансүгірұлы Абай өлеңдерінің табиғатын, қолданған сөз мүшелеріне дейін мән берген. Абай өлеңінің өлшемі, әуені туралы былай деген: «Абай жыры ыргақ, музықа, дыбыс құралысы жағынан төзгіліп кетеді. Абайдың бұл өлеңіндегі ақынның бір өзгешелігі – ол өлең үйқасындағы етістіктердің сайдың тасындаі, ірі қымылды, қозғалысты қорсетуге жандылығы. Тегінде әдебиеті өрлеген өзге жұртта (әсіресе Еуропа үлгілерінде) өлең үйқасын етістікten тізу ақынның нашарлығына жатады. Ал Абайдың «Жаз» деген өлеңіндегі етістікten тізген өлеңдері қайта

Айгүл ІСІМАҚОВА

жырын жандандырып шыгарган. Бұл – Абайдың тілінің тазалығы, ақындығының күштілігі деп білу керек.

Абай өлеңінің іші алтын болса, сиртының күміс болуына қатты күзет істейді. Оның өлеңдеріне қыл сыймайды. Қарашада өмір тұр, Тоқтасаң, тоқсан көнер ме? Арттағы майда көңіл жүр, Жалынсаң, қайтып келер ме? Майдагы жұрттың іші қар, Бәйшешек қарга өнер ме? Ішінде кімнің оты бар, Қар жауса да, сөнер ме?! – сияқты сөздің қилюна қыл сыймайтын сұлу өлеңдер осындаилар.

Абай өлеңдерінің көркем болуына, дыбыс сәйкестігі, дыбыс үйқастығы өлеңнің көркемдігінің бір тұлғасы екендейгіне көңілді ерекше бөлгендігін, әсіресе мына өлең айқындаиды. Абай бұл өлеңді Оспан деген інісі өлгенде жазыпты: Жайнаган туың жығылмай, Жасқанып жаудан тығылмай, Жасаулы жаудан бұрылмай, Жау жү-рек жомарт құбылмай, Жақсы өмірің бұзылмай, Жас қуатың тозыл-май, Жалын жүрек суынбай... Жақсы өліңсің, ятырмай! Міне, осы жырдың бас дыбысы, бас буынының бәрі «ж» әрпімен келеді. Өлең жолының мұнда біріншідегі дыбыстың құрылуын аллитерация дейді. Бұл қазақтың ел әдебиетіндегі де көп кезігеді. Абайдың бұл өңшең «ж» дыбысынан бастап жасаған жырының бір көркемдігі – оның осы өлеңнің дыбыс құргандагы білінбей еркін шыққандығы. Абай өлеңі мұнда тым еркін, «ж» дыбысы өзінен-өзі құралғандай, сөздің тігісін жатқызып, жынптып кеткен. Жыр жыртылмай, жоссылып жатыр. Бұл – Абайдың шеберлігі. Осы сыйқылды үлгі Абайдың әр сөзінде келіп отырады: Самородный сары алтын, Саудасыз берсен, ал-майды. Саудыраган жезіне Саудырсыз сары қамқаны Садага кеткір, сұрайды Самарқаның бөзіне дегендері сияқты. Мұнда жырдың іргесі «с» дыбысынан қаланып, сылдырлат келеді» (2: 347–348). Бұл кәсіби әдебиеттанулық талдау болып табылады.

Абайдың шешендік шеберлігі былай айғақталған: «Абайдың кара-сөздерінде де түрлер бар. Оның қарасөзінің бірсыптырасында бұрынғы ескі макалдың өзегі жатады: «Күншілдің күні қаран, енбексіздің дәмі арам», «Жаман дос көленке, басынды күн шалса, қашып құтыла алмайсын, басынды бұлт алса, іздел таба алмайсын» дегендері сияқты мақал сөздері – Абайдың ақындығының қарасөз түрін жасауға қызмет еткендігі. Тегінде макалды да Абай сияқты кісілер шығарған емес пе? Абайдың шығарған мақалдары, – әрине, көпкө таралып, сіңісіп кеткен мақалдар» (2: 349).

Алаш әдебиетшісі Илияс Жансүтірұлы Абай туралы пікірін былай қорытындылаған: «Абай – біздің көркем әдебиеттімізге үлкен еңбек сіңірген, көп жағалық кіргізген ақын. Ол бұрынғы қазақ өлеңнің

Алаш әдебиеттанузы

арнасынан табыстар тауып, үлгілер қосты. Терең ойдың толғауы, мұңының, маҳаббаттың лирикасы, кестелі көркем суреттер, алдыңғы елдің ақындарының үлгілері, мысал, сықақ түрлөрі бізге Абаймен келіп кірді. Сонымен бірге Абай бұрынғы ескі сөз үлгісін де олиеп, екшеп, оз дүкенінен жаңалап шығарды. Абайдың өзінен кейін көп ақынға үлгінің ұстасы болғаны содан» (2: 349). Мақала 1934 жылы жарияланғанын ескерсек, қазақ әдебиеттанузының кәсібиlíк деңгейі биік екеніне разы боласың.

Илияс Жансүтірұлының «Асан туралы» зерттеуі «Ақыр заман» деген атпен шыққан өлеңдер жинағына (Қызылорда, 1934) жазған алғы сөзі. «Асан кім?» деген саяулға былай делінген: «Асанның өзінің кім екенін былай қоя тұрып, сөзін алғанда, Асан төңкерістің алдындағы заманға кезіккен ру-бектік қалыптағы ескі ауылдың тілі болған, өзінің айтудынша, «акыр заман» ақыны. Мұның жазған өлеңінің басынан аяғына шейін туңтул, тоқырау, сарыуайым! Асан сөзінше, баяғы елдің «өзбек заманын», «кең заман», «еркін заман» өзбектен кейін тар заман туып, зар заман басталады... Бұл – екінші Асанқайғы» (2: 349). Асан ақынның сөзінің табиғаты былай айғақталған: «Мұның неге бұлай екендігіне тоқтауды кейіндептің кіреп, алдымен Асан сөзінің негізгі күйін (мотивін) байқасақ. Асан сөзінің бізге бағалы болып, тарихи құнды болатындығы – оның инесінен жібіне шейін әлеумет басындағы күйден, жұртшылық мұңынан шыққандығы. Асанның өзінің әлеумет басындағы жалпы ауыртпалықты, жұрттың қайғысын жырлауға тиісті ақынмын деп түсінгендігі. Осы ұғыныспен Асан өлең жазады. Жазған өлеңдерін шұбатып, керуendetіп жосыта бергенде, Асан өлең жазған кездегі жүрген органың, есken елдің жай-күйі, жанына батқан ауру, басына түскен ауырмалық тегіс-ак қылға тізіледі. Осы жиналған Асанның аз сөзінен де сол кездегі қазақ, қырғыз халқының басындағы тарихи уақыфанды, құнқөрісті, тап тартысын, әлеумет қатынасын зерттеуге, сынауға өте бай материал алуға болады. Асан сөзінің әдебиет үлгісі, мұрасы есебінде көркемдік не түр жағынан мактарлық үлгі болмаса да, Асан сөзінің маңызынан, ішіндеңі келтірген толып жаткан сол заман бойындағы қайшылық, фактілерден Асан заманы туралы үлкен керекті қорытынды шығады» (2: 349–350). Бұл – негізгі әдебиеттің танымдық ерекшелігі.

Илияс Жансүтірұлы Асанды қорғай алмаса да, оның өлеңдерінің қажет екенін осылай дәлелдей шыққан. Асанның тұған жері, есken ортасы, заманы қандай? дегенге былай делінген: «Асан өлеңінде көбінесе «албан», «бұғы» деп келеді. Бұлар – қазақ, қырғыздың қоныстас рулары. Албан – қазақ та, бұғы – қырғыз. Бұл екі елдің

Айгүл ICIMAКОВА

төсекте басы, төскейде малы қосылған – жапсар ел. Жайылса – өрісі бір, жырласа – мұны бір, бергі Алатаудың күнгей, теріскейін мекендереп жүрген елдер. Руладың қоныстары осы күнге мекендереп жүрген Ыстықкөл айналасы, Сырт, Қарқара, Текес, Асы деген жерлер болды. Бұл елдердің орында қарауы 1850–1860-ншы жылдардың шамасында. Одан бұрын ұлы жүз түгелімен Қокан хандығының қол астына қарап келген. Асан сөзінің екісінін бірінде «өзбек қайран заманым» деп отырады. Асанның ұғымынша «өзбек заман» – Қокан хандығы қырғыз, қазақты билеп тұрған заман. Асанша ол – бейбіт заман, бірақ расында олай болмаған, орыстан сырлылып. Қокан қолтығына келген елді Қокан ханы, оның алымшылары жегідей жеген. Бұл найман Жанкісі айтты деген мынадай сөзден көрінеді: Ассалаумағалайқум, Алдияр, тақсыр ханымыз. Алдыңа келді қарашаң Арызды қабыл алышыз деген сыйылды тарихи сөздерін Қокан ханының, оның зекетшілерінің ел басына қандай күн туғызғаны, қара бұкараны қанай сорғаны анық көрінеді. Бірақ оның бәрі де Асан жырауға «кенешілік» болып көксетеді, тарих «өзбек заманнан» кейінде туған болып табылады.

Асанның бұлай болуы оның өзінің таптық салт-санасы өзбек заманына жатқандығынан «өзбек заманды» дәл мәнісінде атасақ, ол – рулық, бектік құрылыштағы еңбек жеуші бек билеген заман. Әрине, Ресейдің сауда, кәсіп капиталы кернеп келген соң «өзбек заман» атанған бектердің билеп келген шаруашылық түрі, әлеумет қатынасы ыдырай бастады. Оған капитал тізе қылды. Өзіне жол ашты. Өз тәртібін орнатты. Елдін, қатынастың ордасы орда болмай, базар болды. Аяқ басқа тенеліп, бас аяқ болды. Бұл жаңа заманың нысанасы ескі заманың адамына, Асан сыйылды ақынына «ақыр заман», «сұм заман» болып көрінді. Асанның уайымдап, болашақты құбыжықтап, өткенді қызықтап Асанқайғы болатындығының тұптамыры – жаңа заманнан жеркену, ескі заманды алатын жау болып көрінуі. Асан – заман түрінен әбден шошынған, іші суынған, торықкан ақын. Сондықтан оның өлеңінің басынан аяғына шейін үмітсіз, зар заман ақынға айналыңаң бәрі құбыжық. Асанды тыншытпай жанын жеген айналасындағы «азғындық» Асанды өлеңге қозғап қалам алдырады. Ақындыққа итереді (2: 350–352). Қоғамның әдебиетте бейнеленуі, оның адам санасына эсер етуі осылай анықталған.

Әдебиетші Илияс Жансүгірұлы Асан өлеңін былай талдаған: Заманың түрін жазайын, Іштегі дертім қозгалсын. Қайғы-қасірет мысалы – Қыс кірсін де, жаз қалсын. ...Заманың түрінен, Асан атты кәріден кейінгіге сөз қалсын, – деп, заманды тарта, жерді құрта, «жсақсыларға» арыз қыла, ішіндегі дертін

Алаш әдебиеттанды

азайтуға Асан жырын жазып кетеді. *Міне, осылай сөз саптаған Асан қалам алып, өлеңге отырған соң, өз тұсындағы заманың, өз айналасындағы қылыштардың барлығын жырга тізіп «Заман түрін» жазып тастайды».*

Ілияс Жансүгірұлы ақынның әлеумет өміріне тәуелді екенін, бірақ өз арының талғамымен өлең жазуға бет алғанын былай деп түсіндірген: «Асан өлеңінің әлеуметтік маңызы мол деп жоғарыда айттық. Расында, Асан күр жырау, құрғақ жылау емес, Асанның жырының басынан аяғына шейін қадап-қадап айтқан – өзі жек көрген кемшіліктер. Асан сөзінің әлеуметтік тарихи бағасы – өз тұсындағы тарихи дәуірдің, екінші сөзбен айтсақ, Асанға құбыжық болған сүм заманың, біздің артымызда қалған патша отары, капитал билеген заманың барлық ірік-шірігін Асан ашып отырады. Асан өлеңінде болыс сайлау штат – әрекенің бір үлкені, іштен туған ел биінің орнына – ұлыққа пара берген қу билер, атасы төрге шықпаған құл билер отырған» (2: 352–353).

Келесі талдау совет заман әдебиеті түрғысынан болса да, оның түсініктеп арқылы шындықты айту болып табылады: «Асан өзінің таптық тамырын терендетіп, капитал жүйесінің қырдағы ойнағына қарсы болғандығын, екі сөзінің бірінде ашық айтылып отырған «тиын сату», «Қарқара жәрменкесіне» «сәудегерлік» сияқты жүйеге ереуіл жасап отыратындығынан көрінеді. Асанша өзбек заманды. кешегі кең заманды, бейбіт заманды бұлдіріп тұрған – базар, сатуалу болады: Күші, сүті сатулы. Бай қайыры байланды. Тиынсыз нәрсе табылмай. Заман тарға айналды.

Бұл мәтінді әдебиетші былай деп талдайды: «Асанның өлеңінде, әсіресе қымбатты жері – оның өзі жүрген елдің жер қысымышылығын жырлап кеткендігі. Жетісуга жер мәселесі – отарлау заманда айрықша ауыр мәселе болғаны әйгілі. Бұл облыстагы алғаш жасап алғандығы Сібірден көшіріліп орналастырылған қазақ-орыс қалалары, Алатаудың алдындағы сұлы жерден бауыр басқан. Оның үстіне, кейін Албан, Бұғы қоныстары, Қарқаралы жайлалауы сияқты жерлер жайылыстан алынып, қазыналыққа, пәленге, түгенге кесілген. Ел қоныссыз, мал өріссіз қалдырылған. Міне, Асан сөзінде елдің осы жер қысымышылығын көп жырлайды. Асанның бұл айтып отырғандары – Албан, Бұғы аттанған қазақ, қыргыздың Қарқара, Тегіс көл (Ыстықкөл) деген қоныстарындағы отаршылдықтың, патша үкіметінің зорлығының ағы қақиғаттары. Осы жер мұғы Асан өлеңінде көп келеді. Асан сөзінен Жетісуге өлкесінде жер мәселесінің төңкеріске шейінгі қалай шиеленісп келгендейдігіне дәлел көп» (2: 353–354).

Айгүл ICIMAКОВА

Асан ақынның әлеуметшіл ақын екендігі былай қарастырылған: «Асан – әлеумет мұнын көп жырлаған ақын. Жер мұны, ел билеу, қарым-қатысы, капитал жүйесінің ірік-шірігінің барлығы да Асан қаламына ілінген. Бірақ сонымен бірге Асан ескіні қөксеп, ақсақалдық қылады, дінді жоқтап, сопылық та қылады. Билердің бәрін жоқтап күні кеткендігін, заман ақыр жеткендігін жырлап, өлеңнің түпкі пікірін өзінің таптық арманынан шығарады.

Асан ақындығын әлеумет басындағы күйді қанша айқындаста да, қанша бұқара тілегіне жанастырам деп жырласа да, айналып келіп өзінің арғы заманының ескі кезі Асан Қайғыға әкеп тірей береді. Үлдай болуға орынды екенін жоғарыда түсіндірдік. Қайта айтсақ, бұған себеп, бірінші, Асан өзі арғы дәуірдің бек билеген заманындағы феодалдық ақын болса, екіншіден, Асан жүрген өлкеде патша отарының қысымшылығы шексіз болғандығы. Осыдан келіп, Асан өлеңінен үміт кесіледі. Асан – Асан Қайғы болады» (2: 354–355).

Илияс Жансүгірұлы М.Әуезовтің концепциясын осы тұста дамытып әкетеді: «Асан – зар заман ақын. Оның өлеңін жалпы қазақ әдебиетінің откен күніне, өркендеу жолына таяп тексерсек, әдебиетте Асан тапқан жаңағылар жоқ. Бірақ мына Асанның тарихи бір қымбаттығы бар. Ол: біздің өлкені патша үкіметі алғаш отарлаганда, қазақ даласында қым-қигаш көпшілік көтеріліс (Исатай, Бекет, Сырым, басқалар) көп болған – ілгерілі-кейінді ел ауган қозғалыс, ڈүрбілең дәуір. Осы дәуірді қорсететін біздің әдебиетте аз гана жырлар қалған. Сол жырлардың ішінде өзі әулиеге, сөзі керемет данышпандыққа, магана жөнінен азық қақиқатқа айналған ертегі тұлғалы тарихи жырау – Асан Қайғы. Ол Асан Қайғының тарихи тұсын тепшилеп болған, болмаган адам екендігін аяқтаған кісі жоқ. Асан Қайғы әулие меңзеу, аты да, заты да берне, ел қиялындағы көлеңке сықылды. Егер Асан болған жырау болса оған «желмаяны», «сәуегейлікті», тіпті түрлі отарышылыққа қарсы, жылау жырларды ел қиялы «Асан» атын «қайғы» қосып жасаған сияқты. Сондықтан кім болса ол болсын, бұрынғы әдебиетте Асан Қайғы бастаған жылауық, зар заман әдебиеті тұмасынан бір дәуірдің әдебиеті болып жатады. Бұл әдебиет отарышылық басталғаннан жарыққа шығып, Асанқайғы, Досқожса, Мұрат, Махамбет, Бекет, Шортанбай, Мәшінүр, басқаларды ішіне алады. Бұл қазақ даласының отарышылық дәуірі тарихи жағынан Октябрь төңкерісімен келіп біткен болса, Октябрь төңкерісінің алдындағы албан Асанмен келіп аяқтайды. Зар заманының әдебиетінің басы да Асан болса, аяғы да Асан болып біткендей. Сондықтан бұл албан

Алаш әдебиеттануы

Асанды біз аргы Асаннан бағыт алған. Шортанбайдан үлгі көрген, зар заман ақынының соңғысы екінші Асан Қайғы дейміз» (2: 355). Қазақ әдебиет тарихындағы албан Асанның орны осылай айғақталған түседі.

Асанның үні Шортанбайда бар екені арнағы сөз болған: «Асанның мазмұны да, түрі де – Шортанбай үлгісі. Бұл да Шортанбай сияқты шолақ молда, жырында әлеумет мұңы мол, бұқаралық ақсақалдың тілегін қосып жырлаган феодалдың жырауы, бірақ Асандағы әлеумет мұңы, Шортанбайдан әлдеқайда кең, әлдеқайда жеселі жатыр. Асанда көбінесе Шортанбайда жоқ жер мұңы, базар қарсылығы, патша үкіметінің соңғы тәртібі, бұқараның басына түгандың «ақыр заман» қосылып жазылған. Асан өлеңдерінен Жетісудагы отар қысымышылығының, ол заманың жатқан ішмерездерін көруге болады» (2: 355–356).

Асан ақынның ата-тегі, жері-мекені туралы да мәлімет нақты: «Ақын Асан Алматы облысы, Кеген ауданындағы (Жәркент уезі) албан руынан. 1916 жылы 50 жасында дүниеден қайтқан. Асанның қай жерде туып, қайда өлгендігі өзінің қарабасының кім екендігі туралы қолымызға толық материал түсіре алмадық. Әйтсе де, Асанның албан руының алжан деген рушаның ішіндегі молда сүрей адам болғандығы өлеңінен көрінеді. Және Асан туралы сол елдің адамдарының айтуынша, Асан – бір ат, бір бұзаулы сиырдан дәүлеті артылмаған жұқана, молда кісі, молдалығын бұлдап, оны іске асыра да қоймаған адам. Тек бес намазды оқығанда оқып, оразаны қаза қылмай, дінге ықыласты болып, ығы келсе әрбір ауылға қоңсы қонып төртті-бестілеген балаларға кой-серкеш хат оқытарлық молда болған. Асан туралы әзірше долбарлап бар білгеніміз де осыақ.

Асан сөзінен мына жинаққа кірген өлеңдерінің қалай, қайда жазылғандығы туралы қолымызда дерек болмады. Тек өлеңінің ішіндегі Асанның өз айтуына қарағ, бір бөлегін доңыз жылы (1911 жыл), бір бөлегін қоян жылы (1915 жыл) жазғандығын анықтаймыз. Бұл өлеңді жаздым деген екі жыл да көпке белгілі жылдар. Бірінші доңыз жылы – құрғақшылық болған, құйрықты жұлдыз көрінген жыл. Бұл жылы Арқада атақты жұт болған. Күн тұтылып күзінде, Айдарлы жұлдыз көрінді. Доңыз жылы әлеумет, Қағазға жаздым бес күнді. Қысында үш, жазында бес, Сегіз түрлі әлеумет, Көрсө де көзі жұмылған Көр заманға тұс қалды, – дейді Асан» (2: 356). Бұл өлеңдерден әдебиетші саяси тақырыпты боліп алады: «Асанның екінші бөлек өлеңі қоян жылы (1915 жыл) жазылған. Бұл – атақты 1916 жылдың алды. Жұрт қүйзеушілігі шегінен шығып, патша

отаршылығының қысымшылдығын әбден асқындағандығы Асан өлеңінен айқын көрінеді» (2: 356–357).

Илияс Жансүгірұлы осы ретте 1916 жылғы көтерілістің бейнелуеін де келтірілген: «1916 жылдың көтерілісінің күшті болған жері – Жемісу. Жемісудың қыргызы, қазагындағы әсіресе осы – албан, бұғы көтерілісі. Көтерілістің бұл елдерде күшті болуының себебі – жалғыз шекараға жатқандығы емес, көтеріліс алдындағы күйі. Көтеріліс алдында ел басында қандай күй еді, қандай ауырмалық, азғындық бар еді – Асан сөзінде жақсы айттылған.

1916 жылдың көтерілісін, әсіресе оның Жемісудағы болған түрін, себебін зерттеймін деген адам, албан Асан сөзін төшілемей лажын жоқ. Өйткені, Асан ақын көтерілістің алдындағы күйден ашиқ сурет көрсетеді. Міне, Асан ақын өлеңдерінің тарихи қымбаттылығы осы жағында жастыр. Сөйтін, қорытып айтқанда, албан Асан сөзінің тарихи бағасы бар. Ол бағасы – өз дәуірінің кезін кескіндеп, көзін ашатын әлеумет басындағы күйді суреттеген өлең. Ескі ру-бекшіл құрылыш пен капитал құрылышының тартастыры, осы тартастырагы салт-сана, патша отаршылығының қысымшылығы, қара бұқараның басына түскен құйзаршілік, 1916 жылдың көтерілісінің себебін тексеруге кілт болатын керекті материалдар осы Асанның табылады» (2: 357).

Асан ақын туралы мағлұматты әдебиетші осылай айқындағ берген. Соңғы сейлемдерде әдебиет пен тарихтың байланысы, асыл сөз – ел тарихының шежіресі екені айқындала түскен. Бұл – Алаш әдебиеттануының басты ұстанымы еді.

«Жемістің жыл» мақаласында («Социалды Қазақстан», 1.1.1937) Илияс Жансүтіров өткен жылғы Мәскеуде өткен апталақ туралы баяндаған. Бұл мәдениет мейрамына (1936) Құләш, Жамбыл, Сәкен қатысқандары айттылады: «Әсіресе жасы жүзді алқымдаған, арғы, бергі заманының неше оқиғасын көзінен кешірген Жамбыл жырау қазақ халқының шежіресі сияқты, қазақ халқы түлғасының коленкесі сияқты. Қазақ ақындарының бұл әкесі – қазақ халқының бұрынғы қайғысының, бүгінгі куанышының кәрі күәсі.

Халық қиялындағы Асан Қайғы, Қорқыттан бастап, еліміздің ер көңілді, өткір тілді ұлдары – ескі заманда алыс арман, ацы зармен өткен. Оларды қөрге тыққан, жерге байыр қантаған сүм заманнан қазақ халқын тек Октябрь революциясы ғана азат етті. Міне, сол бұрын тарихи өлімге байланған елдің көп ақындарының бірі Жамбылды жанадан жасартқан, қайта туғызған – Октябрь дәуірі. Елдің ескі ақындарының еніреп өткен дәуірінен құтылып, олардың тарихының аяғын топқа ұластырып, бүгін жүз жастың

Алаш әдебиеттануы

табалдырығына таянғанда тілегіне жетіп отырған – тек Жамбылғана. Жамбылдың ескі күнде есікте қалған басының бүгін тарихтың теріне шыққандығы – бұл қазақ елінің бакыт туына шығуының образы. Сондықтан қазақ халқының көңілі биыл орасан көтерілген жыл. Бұл жыл қазақтың жазушылары түгіл, жалпақ елді ән, өлеңге қозғаған жыл» (2: 357–358).

Әдебиетші өзінің осы іске қосқан үлесі туралы былай деген: «Қазақ әдебиетінің осы жылғы үлкен табысының бірі – Пушкин аудармалары. Пушкин кітаптарын ұлт әдебиетіне кіргізуде биылғы істеген жұмысымыз ете маңызды, көлемді жұмыс. Пушкин шығармасын аудару 1936 жылғы Советтер Одағы елдері жазушыларына әдебиет жарысы сияқты болды. Осы табыстың ішінде мениң де біраз еңбегім бар. Мен Пушкиннің «Евгений Онегин» атты атакты романын жуырда аударып бітірдім. Бұл романның қазақ тілінде шығуы – қазақ әдебиетінің өсуінің үлкен айғағы. Бұл жылда Пушкиннен басқа «Кұлагер» атты поэма, «Отан» атты әңгіме жаздым. «Кұлагер» «Социалды Қазақстанда» басылып тарады. Бұл поэма көпшіліктің көптен бір сүйіп оқыған шығармасы болды. «Отан» атты әңгімем бүгінгі колхоз өмірінен жазылған, колхоздың большевиктік, колхозшының ауқатты болуын суреттеу арқылы бақытты адамды көрсету, адамның бақыты бізде, колхоз өмірінде деген тақырыпта жазылған шығарма. Бұл әңгімем Октябрь революциясының жиырма жылдығына арналып шығатын «Екі бесжылдықтың» «Отан» атты томында басылады.

1936 жылы істеген еңбегім осылар. Өзім өзге жылдарда мұндай жемісті жұмыс істей алған емеспін. 1936 жылғы қазақ әдебиетінің тәжірибесіне, осы күнгі беталысқа қарағанда алдымызыдағы жыл мұнан да табысты, мұнан да маңызды болады деп білемін» (2: 358–359).

Мақала 1937 жылдың 1 қантарында жарияланған. Көп ұзамай әдебиетшінің өз басына қара бұлт үймелегенін білеміз.

«Пушкин аудармасы қазақ әдебиетіне не берді?» «Қазақ әдебиеті», 1937, 10 акпанды жарияланған. Әдебиетші Илияс Жансүгірұлы компаративистика мәселесін көтеріп, Пушкинді таныту ісін Абай бастағанын сөз етеді: «Қазақ халқының бел баласы акын Абайдың сол өз түсінде істеген мәдени кызметін бүгінгі Пушкин жүз жылдығында ерекше еске алмауымызға жөн жоқ. Біз бұл жағынан Пушкинді қазақ халқына ерте таныстырып, оны халықтық түрге айналдырған Абай қызметімен көршіміздегі туысқан елдердің көбінен бұрын мактанамыз. Сол заманда Абай шет-пүшпақтаап аударған Пушкинді біз бүгін түгел аудармасақ та, оның ән тәтті, ән

Айгүл ІСІМАҚОВА

тандамалы шығармаларын қазақ тіліне аударып отырымыз. Бұл біздің жоғары айтқандай, бүгінгі советтік қазақ әдебиетінің өркендеу ерісінен туып отыр» (2: 360).

Илияс Жансүгірұлы осы мақалада аударма мәселесін де көтерген: «Қазақ әдебиетіндегі аударманың осы күнгі беталысы аса маңызды, өте көлемді. Соңғы еki-үш жылдың ішінде біз көркем әдебиет аудармасы жөнінен аса маңызды жұмыс істедік» (2: 360).

Әдебиетші нақты Пушкин аудармасына қатыстыбылай деген: «Қазақ әдебиетінің өткен жылғы көрнекті жұмысы – Пушкин кітаптарының аудармасы. Пушкиннің тарихи юбилейіне дайындалу қазақ әдебиетіне үлкен серпін берді. Қазақ көркем әдебиет баспасы. қазақ жазушылары Пушкин юбилейіне жақсы дайындалды. Ақынның негізгі шығармаларын жүзжылдықта арнап қазақ тілінде шығардық. Пушкин юбилейіне ұлы ақынның жиынтына үлкен шашу – үш том Пушкинмен барғалы отырымыз. Мұның ішінде ақынның атақты романы «Евгений Онегиннен» бастап, поэмаларынан «Руслан – Людмила», «Жебірайыл-нама», «Полтава», «Кавказ тұтқыны», «Цыгандар», «Ағайынды қарақшылар», «Мыс салт атты», «Граф Нулин» тағы басқалар; әңгімелері: «Дубровский», «Капитан қызы», «Белкин әңгімелері», «Боран» тағы басқалар; пьесаларынан: «Сараң сері», «Тас қонақ»; ертегілерінің бәрі; өлеңдерінен ең маңызды, көркем, тәтті, жұртқа әйгілі: «Сібірге хат», «Чадаевқа», «Анчар», «Арион», «Сезік», «Пайғамбар», «Дауыл», «Әзәзіл», «Элегия», «Ақын», «Ақынга», «Өшеді үнім», «Ескерткіш қойдым өзіме», «Өмір арбасы», «Кошкі», «Кавказ», «Жанғырық» тағы сол сыйылды лирика, сатиralарынан елу шамалы ұсақ өлеңдері бар. Міне, осы айтылған аудармалардың жалпы сомасын алғанда, ақынның ар жағынан танысуға, тексеруге қазақ окушысына Пушкинді түгелге жақын көрсетеді» (2: 360).

Аударма не үшін қажет, бір әдебиет екіншіге қалай әсер етеді? Ол туралы Алаш әдебиетшісі былай деген: «Пушкин шығармаларын аударғандағы қазақ әдебиетінің олжасын айтатын болсақ, алдымен, біз әдебиетімізді Пушкинмен байыттық. Әлемге әйгілі, асқан шебер, данышпан ақынның ең тандамалы шығармаларын қазақ окушысына бердік. Бұрын бізде үзіп-жұлқып қана аударылған Пушкинді енді том-томдап кіргіздік. Пушкиннің басылып шыққан үш томы тек жайғана кітап емес, бұлар – бүтін дүние әдебиетінің алтын қазынасына жататын шығармалар. Бұл қазақ әдебиетіне Александр Пушкин еңбегіне әр саласымен, түгел тұлғасымен кіріп, Пушкин қазақ ақыны болды деген сөз» (2: 361).

Алаш әдебиеттануы

Озінің аудармасы туралы әдебиетші кесіби пікір білдірген: «Екінші, бұл аударма тәжірибесінде (әсіресе «Евгений Онегинде» Пушкиннің өз үлгісі кірді. Ақынның атақты романындағы өлең түрі, сөз үлгісі, шумак айшығы, образ, тенеу, үйқастары сияқты түрі де сакталады. Бұл – бұрын қазақ әдебиетіндегі аударма тәжірибесінде болмаған жаңа үлгі. Пушкинге артық сөз қоспай, кем қалдырмай, мүмкін қадарынша өз нұсқасын беруге тырысқанымыз тарихи, әдіс жағынан дұрыс болумен бірге Пушкин үлгісінің біздің әдебиетке үлкен әсері тиетіндігі көзге көрінді. Аз сөзбен көп мағына беретін ұмытылmas образ, өткір өлеңдерімен бар халықтың жазушыларынан жоғары жатқан асқар шебердің үлгісі – бізге үлкен ұстаз. Пушкиннің мастерлігінде қазақ жазушыларына сабак көп» (2: 361).

Әдебиетші өз талғамын нақтылады түседі: «Сондықтан бүгінгі қазақ әдебиетіне тек мазмұнымен ғана емес, ақындық шеберлігімен кірген Пушкин өз тұсында орыс әдебиетінде қандай дәуір туғызыса, біздің әдебиетімізге де аз әсері тимейді» (2: 361).

Пушкиннің 100 жылдығына Илияс Жансүгірұлы осындай нақты әдебиеттанулық зерттеу қалдырған. Мақала сонында әдебиетші нақты әдебиеттанулық мақсаттар қойған: «Бірақ осы жұмыстың артынан талай міндеттер туады. Пушкин аудармасының тәжірибесінен бір белгі – қорытынды жасауымыз керек. Аударылған нәрселерді жақсы талдап, жүртшылықта жайып, Пушкинді біздің ел ішіне әбден сіңіру керек. Аудармалардың кемшилігін көрсетіп, қатасын ашып, зерттеп, алдыңғы ісімізге сабак етуіміз керек. Әсіресе қазақ жазушылары Пушкинді окуды, оның шеберлік, ақындық үлгісінен үйренуді, өз жазуына ұстаз қылуды тездету керек. Енді аз жылдың ішінде біздің әдебиетте Толстой, Шекспир, Фирдоуси, Гете, Гейнелермен қатар адамзаттың әдебиет қазынасындағы атақты «Иллиада», «Одиссея», «Энеїда», «Ниболунгі», «Конан жыры», «Манас», «Калевала» сияқтылар қазақ халқының қолына тиетін болсын. Мұны істеуге күшіміз жететіндігін Пушкин тәжірибесі көрсетті» (2: 362–363). Мақаланың авторы келесі 1938 жылы ату жазасына ұшыраган.

1933 жылғы Қызылордада шыққан *Абайдың тұңғыш шыгармалар жинағына алғысөз жазған Илияс Жансүгірұлы edi* (1894–1938). Бұл мақалада бұл істің басында болған азаматтар туралы былай делінген: «Заман тапшылық уысында, керекті мүлік қолда жоқ. Кітап бастыру жұмысы Түркістанда инемен құдық қазғандай. Түркістан Қ.Қ. білім комиссиясының негізі құрылғалы екі-үш жылга айналып барады. Жалпы іс жүзінде білім комиссиясын алмаулап мұқтаждандырмау шарасына кіріскен ел жоқ. Бірақ мұ-

Айгүл ICIMAKOVA

ның басында түрлі бөгет, тосқауылдарға көнбістігін көрсетіп, қажымай істеп келе жатқан Х.Досмұхамедовтің көзге көрінерлік еңбегінің біреуі болса, ол да – Абай кітабы. Заманның мұндай жеткіліксіз ауырында білімге аңсан, шөлдеп отырган халықта тәртіптен, сүйкімді қылып Абайдың кітабын ұсынганына жолдас Төреқұлов пен Халелдің «қарыз алғысы» халықтың мойнында» (3: 109).

Мақалада тұнғыш рет Абай шығармаларының текстологиясы көтерілген. Басылымда кеткен қателер корректор-түзетуші кінәсінен деп айыталған. Осы ретте абайтанушы Илияс Жансүгірұлы әр сөзге нақты әдебиеттанулық түсініктеме берген: «Мен бұл жерде баспа жаңылышын коя тұрып, жорамалмен кеткен жаңсақтарынан мысал көрсетейін:

1. «Мал мен бастың кеселін ұят бұзар» – 26-бет, 6-жол. Бұл ұят бұзар емес, «ұя бұзар». Ынтыймақ, бірлікте іріткі салатын шәргездердің сын аты.

2. «Тиянақсыз, билеусіз байқұс кұлын» – 28-бет, 12-жол. Құлың емес, «құлқың», құзғындық.

3. «Кірлі болып түскен соң» – 57-бет, 17-жол. Кірлі емес, «көкірлі»: қылмысты, жазықты. Ұлықтан келетін жазаға «кәкір» дейді.

4. «Кіреден мойын кесілсе» (өзі туралы айтқанда). Кіреден емес, «керден»: керден қылжақ.

5. «Тәуекелмен батырады». Батырады емес, «батыр ой».

6. Алла деген сөз жеңіл.

Аллаға ауыз жол емес.

Ынтальы жүрек, шын көніл.

Өзгесі хаққа қол емес.

Бұл екі жолдағы «қол» мен «жол» айырбасталып түскен. Абайдың бұл жыры кітаптың басындағы өмірінде дұрыс жазылған, ортасында түзетілмеген.

7. «Байқасаң, дүние біткен ретімен». – 146-бет. 18-жол. Дүние емес, «дене» – тән.

8. «Қобыз бен домбыра алып тұнде сарнап», – 15-бет. 172-жол. Тұнде емес, «топта», жиында.

9. «Шалғаннан жұні қылтылдап», – 188-бет. 2-жол. Жұні емес, «жоны», жотасы.

10. «Сау болмаспын әлбетте», – 196-бет. 3-жол. Болмаспын емес, «болмас па ем».

11. «Ұлы сусын төгілсін», – 212-бет. 16-жол. Ұлы емес, «улы».

12. «Кез болсаң қойға жазарға», – 233-бет. 7-жол. Жазарға емес, «я зарға», мұнға.

Алаш әдебиеттануы

13. «Лап бергіш, көп ойланғыш, қайта ойланғыш», – 218-бет. 22-жол. Көп ойланғыш емес, «көт айланғыш».
14. «Биікке басты болар деме залым», – 223-бет. 18-жол. Биікке емес, «бейіске», ұшпаққа.
15. «Жылы жүзбен жұлдыздар желіп жүріп», – 223-бет. 7-жол. Жұлдыздар емес, «жұлдыздай».
16. «Ие сені бітірген қиян дөңге», – 237-бет. 17-жол. «Ием» сені бітірген «иен дөңге», иен дала.
17. «Тым-ақ даусың күшті деген», – 250-бет. 5-жол. Күшті деген емес, «күштеген».
18. «Жүгенде жөндеп ерттейді», – 257-бет. 12-жол. Жұқ емес, «шом», қом бұл ескі баспасында «шомында» делінген еді. Жүкші ерттейді деу жаңылыс.
19. «Надандар сол заманда шырыш бұзған». – 227-бет. 15-жол. Шырыш емес, «шырық», қоғам, бірлік, ұя. Мұны кітаптың аяғындағы түсінік сөздер айтады.
20. «Шапқан елдің бәрін де будам қылып», – 268-бет. 15-жол. Будам емес, «бодам», ауылдық ретімен бас ідіру.
21. «8-бағынды өзіңен кім сұрайды?» – 275-бет, 16-жол. Бағынды емес, «бағанды», құнынды. Міне, бұлар жорамалмен кеткен жаңсақтар. Мұның ішінде кейбіреулерінің үйқастық жағынан жақындығы бар болса да, мағына жағынан зор айырмалары бар. Мұны келесі басылатын кітаптарда ескеру керек» (3: 109–111).

Абайдың тілі туралы Алаш әдебиетшісі былай дейді: «Бұлай болғанда Семей мен Жетісу да тұтас жатқан арғын, найман қазақтың ішіндегі таза – «сара тілдісі» деуге болады. Абай, міне, сол таза қазақтың баласы. Оның үстіне, қазақтың ескі сөзді қара тілі, әдіеі қысқарған жат тілдердің бірлі-жарымдысы болмаса, қазақтың қара халқының қара даңғыл сөзінен ауытқып сөйлеуді білмейді. Абай, мәселен, «Аттың сынындағы» мүшелердің көбін осы күнгі біздің оқығандарымыздың көбі білмейді. Ел арасындағы мал бақсан бір шалдан сұрасаң, Абайдан асырып айтып бере алады» (3: 112).

Абай өлеңінің, оның үйлесіп үйқасуы туралы: «Тегінде Абай өлеңнің, жырдың үйқасымына өте сақтық қылатын ақын. Өлең жырлардың иықтарында қыл сыймайтын қию бар. Басқалардай пікір үйлесетін жсанамалау сөзді әкеле салмайды. Тізбегіне әдемі келетін ұнасымды сөзді, пікірдің ішіндегі үйқасымды да қарамайды. Абайдың өлеңін дүрыстаганда бұл сарын да ескерілуі керек.

Екінші, Абай жазу ретінде сипайыланып та отырмайды. Азалағық, асықтық, қосылыс жырларында, өлеңдерінде көңілде өзі үрлап отырғанының бетін жарқ еткізіп ашып жіберуге тақалады.

Айгүл ICИMAҚОВА

Шындық тұсы жеңіл-желті сөзден Абай именбейді. Мәселен, «көт» деген сөздің Абайдың өлеңінен кемінде бір онын табуга болады. Бұл біздің қара халықта көбірек қолданылатын сөз. Қазақ «соңы» дегенді көбінесе «көті» дейді. Мұндай сөздерден бір сырттайшылық жузінен түзетсек, жазуышыға қиянат қылған боламыз. Абай сол халықтың өз рухы тілімен сөйлеген ақыны» (3: 112).

Абайдан кейінгі ақындар не тындырыды? Ол туралы былай делінген: «Абайдың алды, артындағы ақындардан бір үздік артықтығы өлең жырларын неше түрлі күй сымбалдарына салғандығы. Кейінгі жазушылардың көбі Абайдың күйін қолданып жүрсе де, Абайдан артық күй тапқан жоқ. Аспак түгіл, қайбір күйіне өлең өлшеп та жаза алған жоқ. Мәселен, «Сен мені не етесін?». Абай қазақ әдебиетіне тіл жағынан үлгі болса, күй жағынан да үлгі» (3: 112–113).

Абайдың сөзіне мұқият болып, қиянат жасап алмас үшін әдебиетші келесі басылымдарға: «Абайды жете білетін Шәкәрім, Мұхтар, Мағжан, Әлихан, Ахмет сияктыларды бұл жолға үндеу керек. Сөйтіп, осы бастан қам қылып, асықпай бірнеше жылды мойынға алу керек», – дейді (3: 133). «Себебі Абайдан күні бұрын қорқып, Құдайға сиынған сыншысы салпаң құлақ Сәбит Абайды жуан жұдырық деп, қара тақтай ұстап, бақырып отыр: Демеймін мені мақтасын, Я жақсын, я жақпасын. Сүйтсе де сондай сыншыдан Құдайым мені сактасын!» (Абай).

Қазақстанның жалпақ еңбекшілері кімнің қораз, кімнің бұлбұл екенін айырап. Бір есектің бетімен кетпес. Түркістанның езілген еңбекшілерінің шөлдегені – білім, аңсағаны – ұсак өсек емес, – бірлік негізі. Сондықтан кім білім берсе, кім білім жағынан еңбегін жұмысаса, тілесе, кім болсын Түркістандағы еңбекшілердің әкесі де, ең қасиетті кісісі де – осы» (3: 113–114). Абайдың есімін қара тақтаға жазғандарға осылай тойтарыс берген Алаш әдебиетшісі Илияс Жансүтірұлының бұл зерттеулері тәуелсіз әдебиеттанудың төрінен орын алары да айқын.

Алаш әдебиеттануын совет кезінде осылай дамытқан ақын ақын Илияс Жансүтіровке Алланың рақымы, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) шапағаты болсын!

1. Илияс Жансүтіров. Шығармалар. Бірінші том. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960.

2. Илияс Жансүтіров. Бесінші том. (Жауапты шығарушы Әди Шәріпов). – Алматы: Жазушы, 1988

3. Абайды оқы, танырқа (Құрастырушы М.Мырзахметов). – Алматы: Ана тілі, 1993.

2. 11. ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ

*Әр сөзің алтын,
Ұгар ма екен халқың.
Сынаған да шығарсың,
Милләттің қалпын.
Тіл алмас деп қорқамын,
Дер едім тартын...*

A. Байтұрсынұлы

Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» («Әдебиет майданы». 1934. № 11–12) атты ғылыми мақаласының мәні зор. Бұл мақаланың басты мақсаты қазақ әдебиеті тарихындағы Абайдың «үстайтын орнын босағага қараң ысырмалаушылар оған да місе тұмттай, табалдырықтан шығарып тастауышыларға» (1: 14) карсы жазылғаны айқын. Абай сияқты тұлға басқа көршілес елдерде де жоқ екенін, бар болса, ең үздігі Абай екенін Қ.Жұбанов осы мақалада дәлелдеп берген. Бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы Қ.Жұбанов қазақ әдебиеттануында ең бірінші болып Абайды классик деп танығанында. Осы пікірді дәлелдеу үшін Қ.Жұбанов Абайдың шығармашылығын Армения, Грузия, Татарстан әдебиеттеріндегі ұқсас құбылыстармен салыстыруды алға тартады (1: 14).

Татарстанның атақты Маржани мен Насыридің «ескіше молда» болғандарын, бірақ орысша білімі бар Насыри «ескі түрік кітаптарындағы шағатай тілі үлгісін жойып, татар әдеби тілін» қалыптастырғанын ғалым еске салады. Оның «таза татаршасы» Абайдың қазақшасындай таза болмай, араб-парсы сөздерін көп кіргізген шұбар тіл болғанын тағы анықтап етеді.

Қ.Жұбановтың Абайдың ренессанстық ісін М.Лютердің (XVI ғ.) неміс тіліндегі реформасымен салыстыруы да тегін емес. Осы орайда М.Лютерді жоғары бағалаған Энгельстің пікіріне жүгінуі де сол кездегі саяси қажеттілік екенін түсінікті. Қ.Жұбановтың дәлелі орынды әрі сауатты екеніне күмән жоқ: «Неміс прозасының іргесін қалаған М.Лютер «Жаңа есиеittі» («Новый завет») аударған болатын. Оның 1521 жылдан 1534 жылға шейін 13 жыл үздіксіз істеген әдеби қызметі – Тауратты (Библия) неміс тіліне аударуы болды. Сонда да оған Энгельс: «Библияны» неге аудардың?» – деп ұрыспай, тілге сіңірген еңбегін бағалап отыр. Абайдың аударғаны Құран емес, – Байрон мен Лермонтов, Пушкин мен Гете, Крылов» (1: 15).

Айгүл ICIMAKOVA

Эрине, бұл аргумент Қ.Жұбановқа Абайды сол кездегі солақай саясатшылардан арашалап алу үшін қажет.

«Абай «діншіл» идеализмге түсіп кеткен» деген пікірлерді жоқ-ка шығару үшін ғалым осындай салыстыруларға жүгінуге мәжбүр болған. Қ.Жұбановтың ғылыми ойы нақты. «Еленбеген ерекшелік» атты мақаланың I-тaraушасында Абайдың қазақ әдеби тілінің қалыптасуына эсер еткен ерекше айтылады.

Қ.Жұбановтың тұжырымы орынды екенінде сөз жоқ және ол саясаттан тыс: «Абайдың ақындығын, басқа қасиеттерін былай қойып, тек әдеби тілімізді жасаудағы еңбегінің өзін ғана алсақ та, ақымыз кететін түгі жоқ». Оның үстіне, Абайдың ірі ақын болғанын, оның өлеңі болсын, қарасөзі болсын, бұрынғы халық ақындарынан да, шағатайшыл молда ақындардан да озып шығып, соны жол салғанын ескерсек, Абайдан бейнелі ақын сол кезде қазакта ғана немесе көрші елдерде де болып жарымағанын көру кын емес» (1: 16). Ғалым Қ.Жұбанов үшін Абай басқаларға карағанда (Ф.Тоқай, С.Гаспринский, Маржани, Насыри, т.б.) «бәрінен де озық тұр». Себебі: «Ол кезде таза қазақ тілімен жазып, ол жазғанын классикалық әдебиет деңгейінде шығарған адам болған жоқ». Ғалымның пайымдауынша, ескерілмей жүрген оқшаулық осы еді. Демек: «Абай – өз оргасының Данте сияқты адамы. Бірақ Данте – ескінің соны, жаңаңын алды еді. Орта дәуір мен ояну дәүірінің аралығындағы көпір еді. Абайдың алды жоққа жуық та, арты ғана бар: ол – соны дәүірдің басы. Оның төңірегі – Эгей тенізі емес, Сарыарқаның шөлі де, еткені – классикалық Рим емес, үдере көшкен қайшылық өмір ғой».

Тіл білімінің теоретигі Қ.Жұбанов «Абай және шағатай әдебиеті» атты тараушада «Абайдың алдында қандай әдеби дәстүр бар?» деген саяулға жауап береді, себебі «Абайдың алдында да әдебиет болуы». Абайдың өніп шыққан арнасы жайында ғалым нақтылай түседі: «Ата мұрасы болып Абайдың енисінеге тиғен әдебиет қазынасы екі түрлі: бірі – емшек сүтімен қатар құлагына кіріп, сүйегіне сіңген ананың «әлди-әлди, ақ бөнемі!», атанаң «сал-сал білек, сал білегі!», қойшының әні, қыздың сыңсуы, қаралы қатынның жоқтауынан бастап, көркемдік сезімін шарбыдай шырмаган халық әдебиеті. Екінші – шағатай әдебиеті» (1: 17). Күні бүгінге дейін зерттелмей келе жатқан «Абай және шағатай әдебиеті» атты ғылыми мәселені теоретик Қ.Жұбанов еткен ғасырда-ак алдымызға қойып кетіпти.

Абайдың халық әдебиетіне катысы туралы сөз болмай, оның шығармашылығына тек ресейлік әсер болғанын ғана айтқан қatal заманда Қ.Жұбанов көтерген бұл ғылыми тұжырым тым батыл еді. Заманның талабына сай Қ.Жұбанов шағатай әдебиетін сыйнауға да

Алаш әдебиеттануы

мәжбүр. Фалым үшін «иран-шағатай мистицизмінің» әсерінен аман қалған Абай шығармашылығының мәні ерекше. Оның сыры неде? Ол үшін автор Абай өлеңдерінің «поэтикалық техникасына» үнділеді. Осы орайда классикалық стильдің басты белгісін айта кетеді: «Абайдағы тұтастық, түгелдік, гармония оны шалағайлыққа жібермеген. Абай – ойшыл ақын. Өлеңін пікір кернеп тұр. Оның сезімі ойшыл сезім. Оның ойы да сезімшіл ой. Сондықтан Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да, тұрі мазмұнын ашып тұрады» (1: 18).

Абайдың ойшылдығын бірінші айтқан Ахмет Байтұрсынұлы екенін ескерсек, әрине, Қ.Жұбанов «Әдебиет танытқышты» оқығаны аңғарылып тұр. Осы орайда тілтанушы Қ.Жұбанов А.Байтұрсынұлы сиякты өз саласына қатысты Абайтануда бұрын айтылмаған тұжырымдар жасайды. Бұл мақалада қолданылған терминдерден де анық аңғарылады. Ол Абай тілінің сөздігі (лексикасы, грамматикасы): мазмұн, тұр, Абай тілінің сөздігі (лексикасы), Абай өлеңінің өлшемі, ырғағы, ұйқасы, сөздің ұғымы, өлең поэтикасы, өлең қалыбы». Абай суретінің бейнесі, бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптың күйіне билеп тұрады. Оның сөздері тек бермек үзгымын жеткізегілік амал болып, поэтикасы өлең қалыбына сиярлық қана болып қоймай, бірі олай, бірі бұлай да кептейді, солардың әрқайсысы үлкен симфония оркестріндегі жеке музыка аспаптары сияқты, өздері бір-бір күй тартып тұрады да, бәрі қосылып негізгі күйді шығарады, тақырып соның бәріне дирижер болып тұрады» (1: 19).

Классикалық стилюге тән гармония терминін де Қ.Жұбанов тұнғыш болып қолданған сиякты, себебі «Абай өлеңінің мазмұны өзіне лайық тұрге орана келсе, тұрі де бойына шақ мазмұнын жамалып келеді. Тұр мен мазмұн тек жарасып отырмайды, «бір-біріне ауысып, бірінен-біріне құйылып отырады» (1: 19).

Қазақ әдебиеттануының «тар жол тайғақ кешуі» кезінде Қ.Жұбанов шағатай тілінің табигатын анықтай келе, оның Абайға әсері болғаны туралы, бірақ классик ақын одан асып кеткенін жай сөзбен емес, нақты талдау, салыстырулар арқылы дәлелдеп береді. «Шағатай тілі араб-парсымен шұбарланған тіл» деп отырса да, ғалым бұл тілдің ерекшелігіне осы екінші тарауды толығымен арнаган. Шағатай тілінің теориялық негізі туралы бұл құнды мәліметтер бүтін де қажетті екені сөзсіз. Яғни, нағыз ғылыми талдаулар өзінің деректік мәнін жоймайтындығы анық (1: 19–22).

«Абай және халық әдебиеті» атты соңғы тараушада Қ.Жұбанов ақынның бұл арнаға сынмен қарағанын айта отырып, халық өлеңі мен әдеби өлеңінің айырмашылығын көрсетіп береді (1: 27). Ескі өлең мен жаңа өлеңінің теориялық негізін осылай аныктайды. Фалым

Айгүл ICIMAКОВА

бұл жерде халық әдебиетін төмөндөтуден аулақ. Аталған тараушада Қ.Жұбанов тұңғыш рет ауыз әдебиеті стилі мен жазба әдебиет стилінің айырмашылықтарын да айырады. Ойын дәлелдеу үшін ғалым Байрон, Шиллер, Гете, Толстой, Пушкин, Крылов, Маяковский, Мейерхольд, Тұрағұлдын, Б.Майлиннің даралық стильдерін салыстыруға мәжбүр болған. Сондықтан: «Абай өлеңдері бейнелі, суретті келіп, шын мағынасымен көркемдік шартын орындаған отырды» дейді (1: 27).

Ғалым осы тараушада да қазақтың ескі әдебиеті – халық әдебиетінің жанрлары, олардың поэтикасы, стилі туралы мол мағлұматтар берген. Бұл не үшін қажет? Абайды әктарап алу үшін, сондықтан Қ.Жұбанов бүгін де ескірмеген ғылыми тұжырымға келеді: «*Абайдың арқасында XIX ғасырда қазақ әдебиеті өзінің атам заманғы «казалы ақ көрпесін сілке тастап».* Еуропаның классикалық әдебиетінің қалыбына түседі, сыйте тұра қазақ әдебиеті болушылығын да бұзбайды» (1: 30). Бұл ойды нақтылай түседі.

Тәуелсіз кездің әдебиеттануында Қ.Жұбанов зерттеуі классикалық болып табылады, сондықтан мәтінін беруді осы тұста жөн деп санадық.

Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты зерттеуі қазіргі абайтанудың басты зерттеуінің бірі болып саналады. Себебі, нағыз ғылыми зерттеулер өз мәнін еш уақытта жоймайды. Абайды қазақ әдебиетінің классигі деп дәлелдеген шағын зерттеуінде ғалым Абайдың мұрасын жақтап қана коймай, оның мәңгілік мәнінің сырын ашып берді. Ол үшін ғалым макаласының басында діни әдеби стильді сынауға мәжбүр болғанымен, соңында Абай шығармашилығына қатысты арб-парсы сөздерінің стильдік қажет екенін контекстік талдаулар арқылы дәлелдейді. Ғылыми зерттеудің жазылған кезі күрделі саяси кезең екенін ескерсек, әрине, бұл зерттеу Қ.Жұбановтың азаматтық, ғалымдық, шәкірттік ерлігі екені даусыз.

Ғылыми зерттеудің стилі, талдау жүйесі, анық логикасына қызықпау мүмкін емес. Ғалым Құдайберген Жұбановтың бұл еңбегі абайтанудың ғана емес, қазіргі қазақ әдебиеттануының үлгілі зерттеуі болып қала береді.

Алаш ғалымы Құдайберген Жұбанұлына Алланың ракымы, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) шапағаты болғай!

1. Қ.Жұбанов. Абай – қазақ әдебиетінің классигі // Абай тағылымы (Құрас-тырушы Н.Ғабдуллин). – Алматы: Жазушы, 1986.

2. Абай тағылымы. Әдеби-сын макалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1986.

2. 12. МҰХТАР ӘУЕЗОВ

*Тұрмысың жырақ,
Аман ба, шырақ!
Күйзеліңсің көбірек,
Милләт үшін бегірек,
Нәмәндә сақтан,
Сақтамақ Ҳақтан.
Коршаган дұшпан төңірек.*

*Милләтке қызмет,
Жұмлаңе міндет.
Үйқынды аш! Дер ек,
Надандықтан қаш! Дер ек.
Болмайды үндең,
Дұшпан тұр күндең,
Бізде бұл бір індең.*

A. Байтұрсынұлы

Совет кезінде алдындағы Алаш мұрасымен қатар тыйым салынып келген М.О.Әуезовтің әдебиеттанулық зерттеулері еді.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануында М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» кітабының (*Ленинград, 1925; Қызылорда, 1927*) жөні ерекше. «Жазушыдан» атты алғысөзде М.Әуезов әдебиетті не үшін білу керек екенімен қатар бұл кітаптың жазылу себептерін де айтқан: «Әдебиет мектеп ішіндегі ақыл, сезім тәрбиелеп, қалыптасып жестілуден басқа оқушыға қазақ деген елдің откендерегі мен бүгіндегі пішінін танытуға керек.

Белгілі заманың тарихи шарттары мен кесіп дағдысынан туган салт, сана, сезім, тілек қандай еді? Елдің өнер туғызған қиялымен үлгілі сөз туғызған ақыл шалымы, ішкі дүние байлығы қандай еді? Қазақ тілінде әрбір заманда шыккан сырлы сөздердің үлгі түрі қандай? Мағына, маңызы қандайлық? Бір-бірінің ортасындағы тарихи байлам, тіркестік қайсы? Әрбір жүрнәкты туғызған себеп не? Міне, осының бәрін бүтінгі мектеп ана тілінің шеңберіне сыйғызып, оқушыға білдірмеккे талап етеді. Орта дәрежелі мектепте жүрген оқушылардың осы сияқты ақыл, сезім азығын тілеп, сұрап отырған жайы бар.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» деген кітапты шығартып отырған себептер – осы айтылғандар» (1: 9).

Қазақ әдебиеті деген ұғым нені қамтиды? Алғашқы басылым

болғандықтан, автор қолданған әдісін, ұстанымын былай деп анықтаған. Ежелгі әдебиет пен Абайдан басталатын әдебиет арасы нақтыланған: «Ескі күннен бастап, Абай мезгіліне шейін қазақ тілінде шыққан сырлы сөздің түрлерін айырып, жік-жікке бөліп, әрбір дәуірден қадау-қадау белгі қойып, сол белгілер бойынша тарих шаңы басып жатқан ескіліктің желісін созып шығу болды. Баяғы заманнан бері қарай құмды, шөлді далада, шан ішінде қоңыраулатып келе жатқан әдебиет көші қай кезең, қай асудан асты, соның ұлы сүрлеулерін тауып алуды мақсат қылдық. Сол себепті, әрбір түр, әр бөлімнің ішіне әдебиет жүрнектарының бәрі бірдей кірген жок, солардың әрқайсысының үлгі мысалдары ғана кірді» (1: 10).

Алаш әдебиетшісінің пікірінше, кейбір бөлімдер толығымен ашылмаған, оның да себептері айтылған: «Сондай бөлімдер: ертеғі, билер айтысы. Бұлар – ел әдебиетінің ең бір мол саласы. Олардың мысалдарын жиып алған соң ғана тексеруге болады. Біздің қолымызда сондай көп мысал болмады» (1: 10).

М.Әуезов – сонау 1920 жылдардағы әдеби айтыска қатысушы ғана емес, өзі де сынға ұшыраған жазушы. Сондықтан да болар, сол кездегі жаңа заман талабы бойынша ескі діні әдебиет бұл кітапқа енгізілмеген. Ол туралы өзі былай дейді: «Көптің ішінде тағы бір көзге түсетін зор кетігі: – қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың аяқ кезінде үлкен ағым сияқты болған дін қыссалары кірген жок. Дін сарынымен айтылған үгіт-өсінет өлеңдері де тексерілген жок. Ол ағымға кіретін ақынның ешбірінің аты да аталған жок. Бұл түрдегі өлең жүрнектары қазақ әдебиетінің тарихына кіру керек еді. Бірақ олардың бұл кітапқа кірмеген себебі: қазақ ескілігін тексерген тұнғыш қызметте, біздің кездеген мақсатымыз, әуелі қазақ елінің өз қанынан туып, өз сүтімен өскен ескіліктің ұлы денесін туғызып алмақшы болдық. Дін өлеңдерін, қыссаларды алсақ, көбінің сарыны шеттікі болудан басқа, мазмұндар да түгелімен мұсылман ғаламынан келген көшпелі, қыдырма әнгімелер. Сондықтан оларды тексеріп, ұғынып түсіну үшін жалғыз ғана қазак топырағындағы көлең-кесіне қарап тон пішу керек емес, әрқайсысын туғызған жағдай мен себепті әуелі шыққан ұясынан бастап ұғыну керек. Қазақтан бүрін парсы, онтүстік түріктері, шағатай, татар әдебиеттерін шолып өту керек. Сондықтан бұл өлеңдерге бөлек бір қызмет арнамақ болып, мына кітаптың ішіне әдейі кіргізгеніміз жок» (1: 10–11).

М.Әуезов діни сарындардағы шығармаларға арнайы зерттеу жұмысын, өкінішке орай іске асыра алмады. Оған әрине, атеистік заман кінәлі еді.

Алаш әдебиеттануы

Әдебиетші ғалым қазақ әдебиеті тарихы тікелей қазақ елі тарихымен байланысты екенін ашығынан көтерген. Әдеби құбылыс, әдеби факт, әдеби туынды белгілі тарихи контексте ғана туындастының ғалым негізгі ұстаным ретінде айғақтаап алған. Әдебиет тарихы – ел тарихымен тығыз байланысты болуы ғылыми шарт ретінде айқындалған: «Әдебиет тарихының қазіргі заманда шығуы туралы айтатынымыз: тегінде бұл тарих қазақ елінің жалпы тарихы шыққан соң тізілуі лайық еді. Бұл күнде шалғай шығып қалды. Сондықтан барлық ескілікті қарастырған уақытта, қазақ тарихының ұлы аңғарына жанастыруға тырысып, әлеумет тіршілігінің ішкі-сиртқы қалпымен байланыстыруға талап етсек те, нағыз тарих сөзі мен бұның мөлшерінің арасында шалғайлық болып кетуге мүмкін. Ондайлық адасқан жері болса, кітаптың тарихсыз заманда шыққанын еске алуды тілейміз» (1: 11).

Әдебиеттану ғылымы XX ғасыр басында тарихтың да міндетін атқарғанын М.Әуезов осылай еске салады. Ғалым XX ғасыр басындағы әдебиеттану ғылымының ежелгі әдебиетке көзқарасын былай берген: «Онан соң кітапты тізудің үстінде көзге көрінген айқын кемшілік: бізде бұл уақытқа шейін Абайдан арғы ақынның өмірі туралы жиналған мағлұмат жоқ. Бүгінде қазақ ескілігіне көз салып, жинастырып жүрген азamatтардың қатты ескеретін бір жұмысы осы болу керек сияқты. Ескі ақындардың өміrbаянын білсек, соның әрқайсысы өмір сүрген заманның тірі пішінді белгісін тауып алғандай боламыз. Әрбір дәуірдің сондайлық бір-бір белгісі болса, «темір таяқ тебендей» болатын көмескі, күнгірт, ертегі заманның ұзақ сапарында қадам басып, жылжи беруге болады. Сонда ертегі сапарында алыс көрініп түрган кәрі күннің өзі де жақындан келіп, ескі тұлғасын көрсетіп қалуына да болады... Ленинград, 1925 желтоқсан» (1: 11).

Сөз басы тарауы келесі тақырыптардан құрылған: 1. Тагылық тұсындағы ортақшылдық дәуір; 2. Ана қожалығы жүрген дәуір; 3. Ата, ру қожалығы жүрген дәуір; 4. Дін таралуы; 5. Мемлекет негізі құрылған дәуір; 6. Әдебиет тарихының міндеті не? 7. Әдебиет тарихының қолданатын жосолы; 8. Қазақ ескілігінен аз мағлұмат; 9. Қазақ әдебиетінің тарихы.

Бұл дәуірлеу «Әдебиет танытқыштан» ерекше болғанымен, негізгі тарихи реттілігі екеуіне де ортак. Әдебиет тарихы деп нені айтамыз? Ауызша мен жазба әдебиет қалай сипатталады? Соңғысы туралы былай делінген: «Қазақ әдебиеті барлық жүрттың әдебиеті сияқты екіге бөлінеді: біріншісі – ауызша әдебиет, ел ақындығы;

екіншісі – жазба әдебиет. Ел ақындығы не ауызша әдебиет – елдің жазу өнерін білмей жүрген кезінде шыққан сөздер. Жазу өнері болмаған соң ол елде ғылым, мәдениет те тумаған болады. Ондай елдің өнер, білімі бір ауыздан екінші ауызға көшіп, сонымен сақталады. Жалпы білім деген нәрсе, алдыңғының артқыға тастан келе жатқан атамұрасы сияқты ауызша әңгімелерінен құралады. Сол ретпен ескіліктен қалған сөзді, өнер иесі болған арнаулы жалғыз адамғана біліп қоймай, жалпақ ел болып үйреніп, түгелімен есінде сақтайды» (1: 20).

Салт өлең дегеніміз не? Батырлар өлеңі қандай? Шығарушы ақын өз қара басының сезімін білдіреді ме, әлде жалпы бір ұлттың көзқарасымен көніл күйін бейнелейді ме? Салт өлең мен батырлар өлеңі туралы былай делінген: «Жалпақ ел болып отырып шығарған сөздер емес. оның жеке шығарушылары бар. Бірақ бұл шығарушы ақындар сол сөздердің ішінде жалғыз өзінің көзқарасын, жалғыз өзінің гана ұғымын айтпайды, олардың өлең, жыр ішінде айтатыны түтелімен жалпақ елдің ұғымы мен жалпақ елдің көзқарасы. Айтатыны – көптің қарадай айтып жүрген сөзі. Сондықтан өлең қылуышылар ауызша әдебиеттің құр гана жақсы айтушысы, құр гана әңгімешісі болады» (1: 20–21).

Ауыз әдебиетін кім шығарады? Ол қандай түрлерді қамтиды? Ол туралы нақты мағлұмат бар: «Ел ақындығын жасаушылар солар деп санауга болмайды. Сондықтан: 1) Ауызша әдебиеттің шығарушысы жалпақ ел дейміз. Ауызша әдебиет жүрнәктарының арнаулы шығарушысы жоқ. 2) Ауызша әдебиеттің барлық жүрнәктары күйге өлшеніп, арнаулы әнмен айттылады. Сол себепті, оның сыртқы түрінде жазбадан айырмасы бар. Ол желпініп айттылады. 3) Ауызша әдебиетте бір жаққа қарай беттеген арнаулы бағыт болмайды. Оны елдің дін нанымы, елдің белгілі салты, әдеті туғызады. Сондықтан ауызша әдебиет бірнеше түрге бөлінеді. *Ауызша әдебиет түрлері:* Сыршылдық салт өлеңдері. 2. Әңгімелі өлеңдер (батырлар әңгімесі, ел поэмасы, тарихи өлеңдер). 3. Айтыс-тақпақ. 4. Ертегі, мақал, мәттел, жұмбақ» (1: 21).

«Әдебиет тарихы» келесі 7 бөлімнен тұрады: Сыршылдық салт өлеңдері; Батырлар әңгімесі; Ел поэмалары; Тарихи өлеңдер; Ертегі; Айтыс өлеңдер; Билер айтысы; Зар заман ақындары. Қазақ әдебиетінің қазіргі дауірі.

Сыршылдық салт өлеңдер 3 түрге бөлініп қарастырылған: «1) Жалпақ елдің салтымен байланысқан шер өлеңдері. 2) Дін салты мен ұғымынан туатын өлеңдер. 3) Кыз ұзату үстіндегі салт

Алаш әдебиеттандырылған

өлеңдері» (1: 22). Байқасақ, М.Әуезов жазба, ауызша деп екі әдебиет арасын алшақтатпайды. Бар әдебиетті сол күйінде сөз етеді. Асыл сөз түрлері әдеби-тариhi негізінде реттеліп келтірілген.

Ел салтындағы шер өлеңдер: *жоқтау, естірту, қоштасу, көңіл айтту*. Мысалы, Абылай әл үстінде жатқанда Бұқар жыраудың жоқтағаны; Нарманбеттің заманды жоқтаған өлеңі. Жоқтаудың түрлері деп Әйткенің жоқтауы, Шеген би өлгенде келінінің жоқтауы, күйеуі өлгенде Бопы төрениң қарындасының жоқтауы.

Естірту өлеңдері дегеніміз не? Оның басты шарты туралы былай делінген: «Ескі қазақ салтында, көп елді күйзелтетін қайтыны ариаулы өлең мен естіртетін әдет болған. Хан өлгенде естірту, ардақты азамат өлгенде жанкүйеріне естірту өлеңдері ескі қазактың өмірінде куанышын ұлғайтып, қайғысын кемітетін жұбанышты бесігі болған. Дүниеге келгенде, өлеңмен қарсы альп, дүниеден кешкенде, өлеңмен жөнелтетін. Жалпақ қазақ тіршілігінде сұлу сөз, кімнің де болса, сүйеуі болатын», – дейді Алаш әдебиетшісі (1: 27). Естірту кейде күймен жеткізілеттіні туралы жазған М.Әуезов Ахмет ханың баласын желіккен құлан өлтіріп кеткенде, күйші домбырамен естірткені жөніндегі мысалды келтіреді.

Қоштасу өлеңдері қандай болады? Жанрлық анықталған қоштасу мотиві қалай іске асырылған? «Сыршылдық өлеңдерінің бір түрі – қоштасу. Мұнда ел басынан кешкен күндердің қайғысы білінеді. Көп елдің күйзелген уайым, шері айттылады. Қазактың ақыны, әр алуан жақсылары өлім үстінде қалжың айтып, кейде ән мен өлең шығаратын болған. Қайғыда сөзді жұбаныш қылу, күйініштің үстінде өлеңмен шерін тарқату – ескіліктің сүйген түрі. Сол сияқты жастықпен қоштасу, кәрілікті өлең қылу бар. Бұл қазақ мінезіндегі ашықтықты көрсетеді. Әркімнің өз ішіне жиналатын шері, өз жүргегінің түбінде сақталып жүретін қайғыны, жүдеулікте топқа салу, қалың әнгімесіне, ермегіне арнап беру қазақ мінезінің бір үлкен айырмасы. Қоштасу өлеңдері: а) жерге қоштасу, елге қоштасу, ә) өмірдің өткен шағына қоштасу, б) өтіп бара жатқан заманға қоштасу» (1: 28–29).

Жермен қоштасудың мысалы деп Ай, Таңсық өлеңдері келтірілген. Бұл өлең жолдары былай талданған: «Бұл қоштасудың ішіндегі үлкен магына: *Сарыарқаның туып-өскен еліне қанша-лықты қымбатты екенін көрсетеді. Сарыарқа – ел бесігі*. Қазақ жүртіның жүргегімен бір туысқан қымбатты жері *Сарыарқа – қазақ байлығының құтты* берекесі. Арқадан басқа жерде изенди, мың жусанды, бетегелі жер жоқ. Өзге жерде екпе, жиде, көлеңке

Айгұл ІСІМАҚОВА

агаш жоқ. Өзгенің желі де Арқаның желіндегі еспейді. Арқаның қоңыр желі, Арқаны жайлалған елдің гана желі. Қазақ елі табигат баласы. Ен жайлалаудың табигаты мен жүргегі туысқан. Арқада еріккенде ермек табылады. Тілесе малына құт, береке табылады. Жарастығын толтыратын бақалы, бағырғанды колі де бар. Екі қыздың аузымен Сарыарқаның қазақ баласына қаншалық қадірлі екені білінеді. Өзгеден сезімі артық, жүргегі нәзік әйел тілімен Сарыарқага қоштасу айтылады» (1: 30).

Қоштасудың екінші түрі туралы былай делінген: «Өлерде артта қалып бара жатқан туган-туысқаны мен туып-өскен елге арнап айтатын сөздер. Мысалы, Кемпіrbайдың Әсетке айтқан өлеңі, Сабырбай ақынның Куандық деген қызына айтқан сөздері. Кейде өлердегі қоштасу өлеңі сол арада шыгарған арнаулы әнмен айтылады» (1: 31). Осыған орай, Алаш әдебиетшісі өлеңдерін тарихи негізі оның тұра осылай шығуына нақты себептер болғанын анықтайды.

Кемпіrbайға Әсеттің айтқаны, Кемпіrbайдың жауабы осы кітапта өзгерусіз сақталғанымен де құнды. Кемпіrbайдың жауабын талдаған М.Әуезов былай деген: «Кемпіrbайдың сыры: оны бес жасасынан Әүіт иектеген екен. Сол күнде кеудесіне кокала үйрек болып кәрі жолдас өлең қонған екен. Бұл өлең барлық ақынга ақындық өнері шеттеп келіп даритын қасиет деп түсінгенді білдіреді.

Бұрынғы ескі нағым бойынша, ақындықтың иесі – Әүіттей Пайғамбар, соның жіберген сыйы. Өзінің болек жсан, болек денесі бар: кокала үйрек пішінінде. Осы сырды ақын сырласына ашумен бірге Кемпіrbай дүниеден көшкелі жатып өз өмірінің арманын айтады. Ол арманы – сол қадірлі, қасиетті сыйы бұның үрпағына қалмайтын сияқты. Руга болінген салттың баласы Кемпіrbай артында өзінен үрпақ қалып, ол үрпақ бұған біткен өнерге ие болуын тілейді. Атадан балага ру жолдасы сияқтанып ақындық өнері сақталуын тілейді. Кемпіrbайдың өз тіршілігінен кейін әлде болса, тілейтін тілеуі бар. Онысы – артында із қалып, тіршіліктегі қасиеті сақталып қалуы, бірақ кокала үйрек айналсоқтап қимай отырып, артынан «қош!» деп ұшып кетеді. Ол – өлең кейінгі үрпағына қонбайтынын білдіргені. Өлең Кемпіrbайдан кетеді. Кокала үйрек кеткен соң ақынның тіл-аузы да тыйылады. Жалғызақ арман қалды: «Осы өлең Серкебайға қонбас білем», – дейді. Міне, қоштасқан жерде жүректегі сыр мен көңілде кетіп бара жатқан арманды айтқан жері» (1: 33).

Алаш әдебиеттануы

Қоштасудың үшінші түрі – өтіп кеткен дәуренді айтып, соны еске түсіру делінген. Мысал ретінде Қаратақай Есет бидің қартайғанда айтқан өлеңі берілген. Бұл өлең түрі бүкіл өмірге, өткенге берілген талдау екені анықталған. Ел өмірінің салтымен тығыз байланыста туған қоңіл айту өлеңдерінің классикалық үлгісі қандай? Оларда қандай белгілі тарихи деректер бар? Қоңіл айту өлеңдері ретінде Сүйіндік Едігे бидің Жәнгір ханға айтқан сезі берілген.

А.Байтұрсынұлы айтқан діндар дәүірі өлеңдер арқылы айғақталған. Ислам дініне дейінгі наурызға қатысты және тікелей дінге қатысты ғибратты өлеңдер. Мысалдар тек біріншісіне берілген. дінге байланысты келтірлемеген. Дінмен байланысты өлеңдер туралы былай делінген: «Салтпен байланысқан өлеңдердің бір алуаны дін салты, дін танымымен байланысқан өлеңдер. Қазакта бұл өлең екі жікке бөлінеді: 1. Ескі діннің сарқыты болған өлең. 2. Ислам дініне байланысқан өлеңдер. Алғашқы жікке кіретін наурыз жайындағы сезідер мен бақсылардың сарыны» (1: 36). Осы ретте Наурызға қатысты ғылыми мағлұмат берілген. Сол күні құшақтасып көрісу туралы: «Амансыз ба! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса, жол болсын!» Кейбірі: «Ұлыс бақты болсын! Төрт түлігі ақты болсын!» Кейбірі: «Ұлыс береке берсін! Бәле-жала жерге енсін!» (1: 38).

Бақсылар сарыны деген жанр несімен ерекшеленеді? Оған былай делінген: «Ескі дін, ескі нанымның сарқыты болған өлеңдердің бірі». Мысалы, Жамансарт бақсының сарыны. *Бақсылық* деген не? Оны ұстанушылар оған қалай қызмет еткен? Бұлар «Дін өлеңдеріне дейінгілер» деп реттелген. Дін өлеңдері туралы: «Дін өлеңдерінің ендігі бір түрі – ислам дінімен байланысқан өлеңдер. Қазакта мұндай өлеңдердің түрі көп емес, бірен-саран, азғана. Мысалы, жарамазан, бата беру өлеңдері сиякты» (1: 42). Осы ретте жарамазан мысалы келтіріліп, оның салт бойынша ораза күндерінде айтылатыны анықталған: «Қазақ ішінде де кей жерлерде әдейі ел қыдырып жүріп, үй басына жарамазан айтып, оразаның садақасын алып жүретін жарамазанышылар болады. Жарамазан өлеңі мұсылмандық діннің қадірін көтерген өлең, дінилік өлең» (1: 44).

Бата сезі қайдан шыққаны, оның қазақ арасында пайда болуы тікелей дін исламмен байланысты екені айғақталған. Қазақтың арабша тілекті жыр ғып есте қалу үшін ыңғайланнып алынған түрі екенін ғалым осы тұста теориялық негізде анықтаған. Оның негізгі жанрлық түрлері, тақырыптық аймағы да айтылған. Бата жанры туралы мынадай ғылыми мағлұмат береді: «Мұсылманишы-

Айгүл ІСІМАҚОВА

лық дінмен байланысы бар өлең сөздің тағы бір түрі – бата беру өлеңдері. Бірақ бұл өлеңдердің туысын гана мұсылманишылық негізінен шықты деу керек. Дін салтындағы тілек, дұға сияқты сөздерге ұқсасады. Арабша айтатын дүгелардың орнына елдің өзі шығарған, тақпақтаған өлең, жыр болады. Дін сөздерімен негізін ұқсастыратын осы жері. Осыдан басқа өлеңнің қалған сөздері мен магына жағын білдіретін тілектерін алсақ, оның барлығы да қазақтың өз заңына үйлесіп, өз тіршілігінің қалтынан шыгады. Бата өлең-тақпақта батагөй қария не адамшылық, не болмаса абыұры атақты тілейді. Кейде байлықты, бас амандықты тілейді. Егер бір сапарға аттанушыга берілетін бата болса, жол оңгарылып, олжасалы қайтуын тілейді» (1: 45). Мысалдарды келтірген М.Әуезов былай деген: «Бұған қарағанда батаның түрі ғана діннен алынған, бірақ мағынасы мен мақсаты, барлық сөздері ел әдебиеті мен ел тіршілігінің өз туындысы болады» (1: 46).

Қыз ұзату үстіндегі салт өлеңі туралы Алаш әдебиетшісі былай деген: «Қыз ұзатардағы өлеңнің бірі – танысу, сыңсу болса, ол қыздың көз жасымен айтылатын шын шері. Сондықтан ол жаттама болмайды, жанынан шығарылады» (1: 46). Бұл өлеңдер төмендегідей рет бойынша қарастырылған: *жар-жар, қоштасу-танысу, беташар*.

«Батырлар әңгімесі» атты бөлімде батырлар туралы әнгіме қашан басталғаны, елдің сүйеніші кім? деген сауалдарға жауап берілген. М.Әуезов қазақ батырларын 2 жікке бөліп қарастырган: «Алғаш-қы жікке кіретін ұлы батырлар: туысы бөлек, орны басқа, ел қия-лындағы баға – жоғары болған, ер рудың басшысы әрі ел іргесін бермейтін елдің ұлы қамқоры, ханы катарлы болғандар.

Бұдан кейін жікке кіретін – кіші батырлар. Бұлар қазақтың тіршілігі тыныштық дәуіріне қарай ауысып, асау ханың жуасыған кезінде шыққан батырлары. Бұл кездің батыры – азғындаған батыр. Бұлардың тұсында әншейін жабайы адамнан бөлек жаттық жок.

Бұрынғы Едіге, Қобыландылар бір жағы періден, бір жағы керемет иесі – әулиеден туса, кейбірі көп тілеумен әулиеге ат айтып, корасанға қой айтқан күнде, алпыстағы Аналық, тоқсандағы Токтарбайдан туса, болмаса Ер Сайын сияқты пірдің батасы, тілеуімен туып, пірдің қорғауымен тіршілік ететін болса, соңғы батырлар әншейін қоңыр қазақша тудады. Екінші үлкен айырмасы: бұлардың ісі мен күшінің бәрі де қазақтың өз ортасындағы араздық, жауалыққа жұмсалады. Болмаса, үй іші туыстың ғана жоғын жоқтайды. Мысалы, Алпамыс» (1: 57). Мысал ретінде «Едігенін»,

Алаш әдебиеттануы

«Қобыланды батырдың», «Ер Тарғынның», «Ер Сайынның», «Нәрікұлы Шора батырдың» қысқаша әңгімелері деп әрқайсысына арнайы мазмұннан кейін кәсіби әдеби талдау берілген.

«*Kiши батырлар*» тараушасында былай делінген: «Бұл қүнге шейін біз қарастырған 4–5 батырдың әңгімесі, қазақ ескілігінде сақталып, ескі күннен сарқылып қалған ұлы батырлар әңгімелері. Сол әңгімелермен қазақ ішінде қалған ұлы батырлардың әңгімесі бітеді.

Ол – батырларды ұлы батыр ретінде қосатын, әуелі, тарихи мезгіл дегеніміз. Екінші, олардың өзге жабайы адамнан гөрі жатырақ болып ерекше туатын туысы. Онан соң, оларды ұлы батыр ретіне қосатын – елге істеген еңбектері. Бұл айтылған белгілерден басқа, ол замандағы батырлардың әңгімесі жалғыз батыр басының әңгімесі емес, жалғыз ғана бір адамның өмірі емес, солардың өмірімен бірге бір батырдың айналасына жиылған ел өмірі, тұтаскан ру өмірі көрінетін. Әрбір батыр әңгімесі әрбір рудың құшті болған кезі мен басынан әртүрлі қылып кешірген тарихи уақығаларын білдіретін. Сондықтан ондағы әңгімелерде бір адамның өмірімен тұтас елдің өмірін көрсеткен, тұтас елдің тілеуі мен үмітін көрсеткендей, кең аудандылық болатын. Бір елдің барлық ішкі өмірі, сезім-қиялды бір» (1: 95).

Кіші батырлар туралы былайша маглұмат берілген: «Кіші батырлар бұрынғы түрік батырларының ізі жоғалып, әрбір ру отырған жер ыңғайына қарап, бөлек-бөлек елдік жасап кеткен кезінде шыққан батырлар. Бұлардың көпшілігі бергі жерде жасалған жаңа елдің, жаңа бірліктердің батыры. Бірақ ол бірліктер ірі елдер емес, тарих жолында ұлken орын алып, кең майданда көрінген ел емес. Көпшілігі тозып, азғындал кеткен, бұрынғыдан ұсақталып қалған ел болады (1: 96).

Бұлар ұлы батырлардан несімен ерекшеленеді? Оған былай делінген: «Қазіргі кіші батырлар заманында бұрынғы ұсақ рулар ескі бірлікті біржолата ұмытқандай кез болған. Біріне-бірі жат болған. Сондықтан бұл кездің батыры да бұрынғы пішінінен айырылғандай болады. Батырлық бұрынғы дәрежеден тәмен түскендей, батыр бұрынғыша түгел ел емес, не бір таптың, не бір кәсіптің батыры сияқты. Осы бетімен батыр аты сиреп, батыр пішіні ел қиялында жүдей береді. Бұл замандардың батыры бұрынғыша елдің тұтас елдігін білдіретін не болмаса елдің ескі өмір, үміт, қиял, тілегін түгел білдіретін батыр емес. Кірген сезім, қиял жартылап, әлсіреп келіп кірген сияқтанады. Не болмаса бұрынғы батырлар әңгіме-

Айгүл ІСІМАҚОВА

лерінің қайталамасы сияқтанып кетеді» (1: 96–97). Мысал ретінде «Қамбар батыр» мен «Алпамыс батырдың» қысқаша әңгімесі мен олардың мәнісі – талдауы берілген.

«Ел поэмалары» деген үшінші бөлімде «Қозы Көрпеш-Баян» мен «Қызы Жібек» талданған. Олар туралы: «Қазіргі жиналған ел әдебиетінің ішінде қазақ жұртының ел поэмасына қосылатын екі үлкен әңгіме, 5 өлең бар. Біреуі – «Қозы Көрпеш – Баян», екіншісі – «Қызы Жібек». Ел поэмасы деп қандай түрдегі әңгімелі өлеңді айтатынымызды осы екеуінің мағынасы мен үлгісін қарастырған уақытта анықтап айтпақшымыз». – дейді (1: 106). Алаш әдебиетшісі қысқаша әңгімесі мен оның мәнісін ретімен берген.

IV-бөлім «Тарихи өлеңдер» деп аталған. Оның жанрлық түрі былай анықталған: «Ел ескілігінің бір алуаны – тарихи өлеңдер. Бұл уақытқа шейін біз қарастырған әдебиет жұрнақтарынан тарихи өлеңдердің бөлінетін бір үлкен айырмасы бар: бұдан бұрынғы ескілік кейде әңгімелі өлең туғызыса, кейде ел салты мен ел сезімінін әртүрлі ауыр-женил күйлерін шығарса, барлығында белгілі орынға байланбаған еркіндік бар. Дағаның желіндегі, кезіне қарай шалқып есіп, кейде ілгері, кейде кейін кететін, ел өмірінің арнаулы мезгілімен нық байланудың орнына тарихтың ұлы шебер, көмескі дәуірінен болымсыз ғана белгі беретін. Ол өлеңдерді менгеріп, билейтін көніл күйі, ақындық қиялды болатын. Оларға қарағанда, тарихи өлең ел әдебиетінің жаңа бір ағымы, жаңа түрі сияқты» (1: 140).

Тарихи өлеңдердің мазмұны қандай? Оның кейіпкері кім? Тарихилығы қандай? Бұл туралы да мағлұмат бар: «*Тарих өлеңдері, ең алдымен, ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады. Пәлен жыл мен пәлен жылдың арасында болған тарихи дәуірдің жыры. Сол дәуірде арнаулы оқиғаның қақ ортасында болған атакты адамдардың басынан кешкен өмір, қолымен істелген істің жыры болады. Тарихи өлеңдердің ішіндегі адамдар жалпақ елге аты белгілі, жалпақ елге қадірлі сүйікті адамдар. Сол адамдардың істеген ісі, беттеген мақсаты, көптің өміріне қозғау салған әсері, көптің аузында неше алуан әңгіме болып қалады. Бұл әңгімелердің көбі сол оқиғалардың ішінде болған, көзі көргеннің әңгімесі. Сондықтан сөзі мен суреттерінің шындығы көбінесе даусызы*» (1: 140–141). Тарихи өлең жсанры осылай анықталған.

Тарихи өлеңдер Абылай заманынан басталады деп санаган М.О.Әуезов мысал ретінде Абылайдың жорығын баяндаған, Сырым қозғалысы, Кенесары, Исатай, Бекет өлеңдері көлтірілген. Тарихи

Алаш әдебиеттануы

өлеңдердің кезеңін ғалым екіге бөледі: «Тарихта бұл екі дәуірдің жасасары Әбілқайыр, Тәуке, Қайып, Абылай хандардың заманына келеді. Бұл дәуірдің басы – 1723 жылғы ақтабан шұбырының. Екінші сатысы – орыс сияқты шет жүргітқа багынуға айналып, елдің алдында «темір ноқта мен қайыс ноқтаның» таңдауы шықкан заман. Ақыры орысқа багынып, ноқтага бас iip, асаудың жусасып, алыптың басылған уақыты болады» (1: 142).

Бұл тақырыпты жан-жақты менгеру үшін М.О.Әуезов: «Х.Досмұхамедұлының «Исатай–Махамбет» жырының басына жазған баяншысы мен Қошмұхамбет Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» еңбектерін қарап өтсін дейміз», – деген (1: 143). Тарихи өлең жанрының ерекшелігі мен міндепті нақты көрсетілген. «Әдебиет пен тарих – ұлт өмірінің айнасы екені, ел мұнды мен жоғын жоқтаушысы, барын мадақ етуші», – делинген. Тарихи өлең туралы былай делинген: «Қалың қазақтың наразылығын қолына ту қылып ұстап, көптің жоқшысы болған ел қаһармандары қазақ даласының қай бұрышынан болса да шығып бой көрсетті. XIX ғасырда 60 жыл бойында қазақ даласының бір жері болмаса, екінші жерінде іспен қарсылық көрсету деген мақсат өшпестен келеді. Бірақ қазақ даласы жайылған ұшан-теніз үлкен. Сондықтан бірімен-бірінің желісі косыла алмай шыққан өрт сияқты болып, өз бетімен шығып, өз бетімен басылып отырды. Осы қалыпты болған көтерілістің басы кіші жүз Сырым батырдың Нұралы ханға қарсы шыққан қозғалысы. Онан соң Жәнгір ханға қарсы жасаған Исатай – Махамбет қозғалысы. Осымен заманы бір болған оқиға орта жүзден шыққан Кенесары – Наурызбай қозғалысы. Бұлардан соң тарих пен әдебиетте орын алған бір көтеріліс Есет пен Бекеттің көтерілісі» (1: 146). Осы тарауда «Кенесары – Наурызбай» жырының мазмұны мен оның талдау мәнісі берілген. Нысанбай жыраудың тарихты асыл сөзben бейнелегені өмір қажеттілігінен туылған кәсіп екені айғақталған. Нысанбай жыраудың авторлық ұстанымы да талдауга негіз берген: «Кенесары – қалың қазақтың үміті. Бір қырғызға аттанған жорығы емес, одан көп арғы жерден Кенесары арқылы қалың қазақ жақсылық күтетін, Кенесарының түп мақсатымен беттеген беті жалғыз Нысанбай емес, кейінгі жалпақ елдің үмітін артқан беті еді. Кенесары ірі іске ұзақ күнге белгіленген үміті еді. Сондықтан жақын жерде шұғылынан қаза тапқаны, алыстан тоят іздеп ұшқан ақ сұнқарды қанатынан қайыргандай, ақынның қабыргасын сындыргандай болады. Нысанбай жүргінің түкпірінде зіл қара тастай қайғы қалады. Соны ойлағанда, Нысанбай жырмен тақылдалап, қайғылы сапарды баяндап

Айгүл ICIMAҚОВА

отыра алмайды. Оны шын кайғы женіп, шын зар басады. Қайғымен іші егіліп жылап, өртөнген жүрек өлендетіп, шырактық қылуға жарамайды. Жарық жұлдыздай ағып өткен қырандары Нысанбайды таусылмастай арманға батырады. Сондықтан оқиғаның қайғымен, жылаумен бітетін жерін айтып біте алмай, әлсіреп, жылап тоқтайды. Дәл қайғылы хабардың үстіне келгенде, әңгімесін үзіп, жоқтау, жылаумен қалған халді баян етеді. Бұл жоқтау Кенесарының бар қызығын бірге көріп, соның жорығы мен жүрісін өмір қылып кеткен Нысанбайға мінсіз жарасады. Нысанбайға осылай айтудан басқа жол жоқ сияқты. Аламаншыл ақыннан бұдан арғыны тілеуге болмайды. Сондықтан сағынып-сағайып қайғылы, қаралы көнілімен «Көп сағайып келмestey Кene хan сaғan ne болды?..» – деп, «Кенекемді қалдырып көк бурыл саған не болды?..» – деп тоқтайды» (1: 154 –155). Бұл – қалың қазақ елінің өзінің ханын жоқтауы, оған деген сағынышы мен сүйіспеншілігі. М.Әуезов жырдың стиліне де ерекше назар аударған: «Кенесары жырындағы өлең тілі ерекше сұлу кестелі тіл, окушыға ұғымды, артынан лепілдеп ертіп отыратын құрыш қайратты қызу бар. Ақынның жанын салған қызумен шын сезімін білдірген, міні жоқ. Ұзак қайғы өлеңі болып шығады. Өлең тілі – құрғана үйқасы мен қызыуын құған сөз емес, сол заманың кестелі сұлу, шешен түрлерінен құрылған сом алтындаі жұмыр келетін кесек тіл. Өлеңдері – ерекше отты келетін соғыс суреттері мен айтыс, талас сөздер. Соғыста еске алатын үлкен оқиғаның бірі қалмай тізілген, ақынның ірі суретшілдігін білдіретін өзгеше шеберліктер бір емес, әлденеше жерде келеді» (1: 155). Қазақ тарихы асыл сөзбен осылай ел жадында сакталғаны және оның ел өміріндегі орны осылай анықталған. Тура осы жобамен «Исатай–Махамбет» жыры мен «Бекет батыр» талданған.

V-бөлім – «Ертегі». Мұнда М.Әуезов ертегінің шығу себебін, жанрдың басты тақырыптарын айғақтаған: «Ертегінің жері де, мезгілі де белгісіз болады. Баяғы тағы заманда болған оқиға. Белгісіз от дариясы, жын, пері мекені, алтын сарай, күміс бейтерек, аспанда салынған үйлермен келеді. Осы сияқты жай өмірден жат болып жасалатын істер ертегінің дағдысы деп саналады. Ертегілі сөздердің белгісі болады, бірақ барлық ертегі сөзін түгелімен ойдан шыққан деп есептеуге келмейді. Оның ішінде белгілі шындық болған. Кейбір ертегілер ескілікті дүниені түсінуін білдіретін болып, сол ескі замандағы ұғымның белгісін сактап қалғаны бар. Ондай ертегілерді, ескілік әңгімесін аuzeze дейді.

Екінші бір түрі: сол ескілікті ұғымды білдірумен бірге елдің ескі

Алаш әдебиеттануы

салт әдетін де білдіретін болады. Белгілі үлгі, өситет шығаратын да ертегілер бар. Бұларды *салт ертегісі* яки *үлгілі ертегі* дейді. Қазақтағы «Құла мерген» сондай салт пен үлгі ертегісі деп саналуға болады» (1: 168–169).

Әдебиетші әуезе деп «Әдебиет танытқыштағы» жанрды өз атымен атауды жөн санаған. Әдебиетші кейде тарихи өлең кейіпкерлері (Наурызбай, Ағыбай) туралы да ертегі пайда болғанын да сөз еткен. «Мәселен, Наурызбай, Ағыбайлар әңгімесі сияқты кешегі болған батырлар да кейбірі ертегіге айналып, жалмауыз, жezстырнаққа кездесіп кетеді. Елдің сүйіп, сүйінген батырының барлығы да көпке жайылған, сансыз көп ертегі болған» (1: 171). Бұлардан етірік әңгімелер бөлініп қарастырылған: Алдар Көсе, Жиренше шешен, Қожанасыр туралы.

«Айтыс өлеңдер» атты VI тарауда айтыстың тегі, түрлері, айтыскерлер туралығылыми мағлұмат берілген: «Елдің айтыс өлеңді қатты қадірлекеннен айтыс ақындары: Шөже, Кемпіrbай, Жанак, Сабыrbай, Мұрат, Тоғжан, Біржан, Сара сияқтылардың атағы қазақ ішіне тегіс жайылған. Барған елінің барлығында бағалы, қадірлі болып, қайда барса да, сый, құрмет, қызық, сауық болатындықтан, айтыс ақындары сол жүрісін біржолата салт қылып әкеткен» (1:174). Қазақтың айтыс ақындарының біге ұқсастығы да осы ретте айтылған: «Айтыс өлеңдердің ішінде мұң менен зар айтылмайды. Мұның ішінде елге бүтінгі мінін айтып, пәлендей жолға түсіп, түзел деген өситет сөздер жок. Мұндағы сөздердің барлығы екі кісінің тартыс-таласы. Бұл өлең түрімен айтылған сез күресі, сез жекпе-жегі ішкі мағынасына қарағанда, мұндай айтыстар бұрынғы елдің сауығы, желігі үшін айтылатын айт пен той, ойын, жиынның өлеңдері» (1: 176–177). Ол екеуіне де ортақ мәселе – ру жігіне қатысты еді: «Қазақтың ақыны мен биінің біріне-бірі ұқсайтын жері осы арада. Әрқайсысы әр алуан жолда, әр алуан сез сейлейтін болса да, сол өздері шыққан руладың күреске түскен палуаны есепті болғандықтан, екеуінің айтысында жалпы әдебиетте бір-ак түрлі өнер есебінде болуға лайық» (1:177–178). Мысал ретінде Біржан мен Сара, Мұрат пен Жантолы, Кемпіrbай мен Шөже, Сабыrbай мен Тосыбай айтыстарынан үзінділер келтірілген. Осы ретте де айтысты палуандар күресіне теңеу Ахаңның теориясына сүйенгендік болып табылады.

«Билер айтысы» атты тараушада бұл жанрлық түр жалпы айтыстан ажыратылып қарастырылған. Оның анықтамасы төмендегіше берілген: «Билік айтыстары: бірінші, дау мен билікті қоса

Айгүл ICИMAКОВА

айтып, ру жігінің бетімен сөйлейтіндері болады. Мысалы, Бұкар жыраудың Керейге айтқан тақпағы: Керей, қайда баrasың, Сырдың бойын көбелеп? Сен қашсан да мен қойман, Арғымағым жебелеп. Енді алдыңнан шығайын, Жауған күндей себелеп. Ақ мырзамды өлтірдің, ақ соыйлмен төбелеп. Мен – арғын деген арыспын, азуы кере қарыспын (1: 188). «Екінші, екі бидің әділ билікке таласып айтқан талас сөздері. Мысалы, Ақтайлақ пен Солтабайдың билігі. Ақтайлақ: Бай қонысын сұрасаң, – Батпак сулы даласы. Қой қонысын сұрасаң, – Кекірелі Жантық шорашы. Құйса-дағы таусылмас, Қыдырлы байдың сабасы. Сірә да ұшпак көрер-ау, Осыны тапқан анасы (1: 189). «...Үшінші, арбасып, ыргасып жұмбақпен, тұспалмен айтысатын – талас билік, мысалы, Қараменде мен Кенгіrbай билігі. Дадан руы Бокты деген кісінің бір ағайынынан тобықтының мырза деген руы бір қысырап ұрлап, қырып алыпты. Құғыншы келгенде, мырза танып, әлденеше жерде сөз болып, аяғы Қабекен мен Қараменде барып, екеуі біріне-бірі сөзін айттып, арасына қайта-кайта кісі журіпті. ...Сонда Қараменде айттар: «Бұл Қаракенін күмән ал дегені ме, не басқа жүзден келген дау емес. Тым болмаса, өзге орта жұз дауы емес. «Қараменде мен Кенгіrbай тобықтының бес тайын таба алмай, күмәнға салыныпты» дегенге жанның бәрі күлмей ме?! Онан да Қабекем өзі қақында, не бар, не жоқ қылсын, мен сөзімді сол кісіге билеттім», – дер. Сонда сен ойланғансып отыр да: «Япыр-ай, бұрын да шатасқан антүрған дау еді. Енді екеуінің аранда журіп, осы бес тай үшін өміріміз өте ме?» (1: 188–189).

Билер айттысның төртінші түрі туралы: «Төртінші, дау мен билік тұсында, не жамандап, не мақтап айтатын сөздер. Мысалы, Сабырбайдың Солтабай төреге айтқан өлеңі» (1: 191). Билер сөздерінің ортақ жанрлық сипаты да айқындалған: «Бұл айтystарда екі жақтың бірдей айтуы шарт емес, затында дау мен талас, тартыс үстінде шыққан сөздер болғандықтан, жалғыз бір-ақ жақтың сөздері өлеңмен айтылған болса да, билер айттысның мысалына аламыз» (1: 191).

VI бөлім – «Зар заман ақындары». Бұл атап туралы автор М.О.Әуезов былай деген: «Зар заман» деген – XIX гасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халин айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарының бір арага тұмастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «зар заман» ақындары деген ат қойдық. Бұл – ақындардың дәуірі жоғарыда айтқан тарихи дәуірді тұгызыған дәуір. Зар заман

Алаш әдебиеттануы

акындарының алгашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайга келіп тіреледі. Сондықтан қазақтың тарихымен салыстырсақ, зар заман дәүірі толық жуз жылға созылады» (1: 192).

Әдебиеттің міндеті елдің көнілі – оның қайғысы мен қазасын да сөз етуі осылай айтылған. Әдебиетші ел тарихының «қайғыны да, қазаны да» көргенін айтады: «Сол ауыр күндері ел ортасынан екі алуан адамды шығарды дегенбіз. Біреуі – тарихи өлеңдерде саналған ел қаһармандары, екіншісі – ел тілегін айтып, зар, мұзын сөзбен шығарған ойшыл қария, өлеңші ақын, жырау болатын. Қазіргі қарастырылғалы отырған зар заман ақындары сол ел қамын сөзбен жоқтаған жоқшылар. Бұлардың туысы мен бағыт сарыны ел басына келген тарихи дәүірден тұғандықтан, барлық ақынды тарихи қөлемінде қарастыру керек. Бұларды ұғу үшін соларды туғызған ел мен шартты тарих бетінен ұғыну керек» (1: 192–193).

«Зар заман» деген бағыт қашан, кімнен басталады? немен біtedі? Ақындары кім? Бұрынғыларға қарағанда қандай жаңалық бар? Өздерінен кейін қандай сөз қалдырады? Әдебиетте қандай орын алды? Бұл – осы бөлімнің басты мәселелері. М.Әуезов бұл туралы былай деген: «Зар заман өлеңдерінің өзге барлық өлеңнен ерекше бір айырмасы барлығынан. Біздің білуімізше, зар заман ақындарынан бастап біздің әдебиет екінші жікке қарай ауысады. Бұдан бұрын қарастырған әдебиет жүрнақтарының барлығын ауызша әдебиет десек, мыналарды жазба әдебиеттің басы деу керек. Не болмаса, қазақ топырағында ең алғашқы жазба әдебиетті туғызған анасы осылар деу керек» (1: 193).

Алаш әдебиетшісі сонымен қоса ауызша және жазба әдебиет айырмашылықтары туралы мәселе көтерген: «Тарихшылардың көбі жазба әдебиет деп жазу кірген соң шыққан әдебиетті айтады. әйтпесе жалғыз ақынның жазып шығарған өлеңін айтады». «Елдің әдебиеттің ауызша мен жазбаға айыру үшін қолданылатын ең онай, ең сыртқы белгі осы» (1: 193). Біз күні бүтін тек сыртқы белгісіне қарап ажыратып жүрген әдебиет түрлерін М.Әуезов осылай нақтылап берген. Оны тыскарғы емес, ішкепер ғаламынан табуды мензейді. Әуезов «Әдебиет танытқыштағы» сияқты мәселенің ішкі сырын түсіндіруді талап етеді. Жазу кіргеннен соң шыққан әдебиет туралы былай деген: «Жаңағы зар заман ақындарына осы белгінің жалғыз өзін алып қарасақ, алғашқы ақындар жазып айтпаса да, орта буыннан бастап, соңғыларының барлығы да жазып сөйлейтін болған. Бірақ ауызша әдебиет пен жазбаны айырудың жалғыз белгісі бұл болмауга керек. Бұл ғана емес. Біз осы кітаптың бас

Айгүл ICIMAҚОВА

кезінде, екі түрлі әдебиеттің айырмасын айтқанда, жаңағы белгіден басқа тағы бір белгіні көрсеткенбіз. Ол белгі: ел әдебиеті жалпақ елдің сөйлем, әңгімелеп, өзінше қалыпташ жүрген жұрнақтарынан туады. Оның ішінде елдің өз ұғымына, өз пікіріне жат нәрсе болмайды. Не жаңалық, не ескілік болса, барлығы да елдің өзінікі. Өлең қылышы ақын болса, ол құрғана жақсы айттуши, әншайін ғана шешен әңгімеші. Өз жаңынан елден бөлек ұғым, нағым, пікір, ой туғыза алмайды дегенбіз. Оナン соң ескі әдебиет жұрнақтарының барлығында бір бетте, бір мақсатқа қарай тартқан бағыт жоқ. Елді үйретіп, түзеп тастаймын, мұнын жоқтаймын деген тілек жоқ. Бұл жұрнақтардың әрқайсысы өздігімен туып, өз бетімен бөлек өмір сүреді. Барлық ескіліктің басын бір жерге қосатын тамыр жоқ. Бұған қарағанда жазба әдебиетті туғызатын, ең алдымен, жалғыз ақындар» (1: 193–194).

Жазба әдебиет қашаннан басталады? Ауыз әдебиеті мен екеуінің айырмашылығы тек жазылу түрінде ме? Бұл сауалдарға да кәсіби тұрғыда жауап берілген. Сонымен қатар М.Әуезов будан басқаша ақындарды бөліп қарайды. Олар: «Әрине, бұл ақындар да ел тіршілігі мен ел ұғымына тіпті жат шырқап кетпейді. Бірақ елмен кейде ұғысса, кейде ұғыспайды. Елді кейде мақтаса, кейде сынап, сөгеді. Кейде елмен бірге қуанса, үміт қылса, кей уақытта көптен жалғыз шығып, бөлініп алып жылайды. Қамығады. Қайғырады. Не қылса да бұл ақын елден гөрі бойы озған, ой, сезім, білім шалымы көптен гөрі ілгерілеп, асып кеткен адам болады. Сондықтан бұлар кейде көптің сыншысы болса, кейде сол көпке ақыл, өсінет айтатын басшысы, ақылшысы болады» (1: 194).

Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті өкілдерінің негізгі айырмашылығы туралы былай делінген: «Осындай ақыл шығып, көптің жайылып жүрген бетінен бөлек бір жаңа беттер тауып, қалың елге жаңа өріс, жаңа жайылыс табамыз деген ниеттер тұған соң, бұл елдің әдебиетінде ең алғашқы бағыт, мақсат деген нәрселер туды. Жақсылыққа бастасын, теріске, жаңылысқа, жаманға бастасын, қайда тартса да, әйтеуір ел халқының бұрынғы халіне қанағаттанбай жаңалықты іздел, «бастаймын, түзеймін, қазіргі күйге қанағаттанбаймын» деген күй бірлік, алғашқы рет тұтасқан ой құралып, әдебиет жүзінде елдің, әлеуметтің тіршілігі сөз бола бастаған соң, жазба әдебиет дәүірі туда бастады деп есептеу керек. Ауызша мен жазба әдебиеттің арасын бөлетін белес, кезең осы» (1:194).

Зар заман жазба әдебиеті «әлеумет халін ұғып, ел қамын жоқтауға кіріседі. «Өлең бұрынғыша қызық, сауық сияқты ермек

Алаш әдебиеттануы

емес, қауым қызметін атқара бастайды. Елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұн, зар сияқты сезімдерінің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт санаасын құрай бастайды. Бұл уақытқа шейін болмаған әлеуметшілдік сарыны, азаматтық нысанасы шығады» (1: 194–195). Х.Досмұхамедұлының әдебиетке қойған әлеуметшілік шартын М.Әуезов осылай дамытып әкеткен.

Аталған зар заман дәуірі ақындары кімдер? Бұларға қандай күй ортақ? Олар нені мензеп, нені жырлаған? Әдебиетші бұл саударға былай деп жауап берген: «Зар заман ақындарының көвшілігі XIX ғасырдың орта кезінен бері қарай, Исадай, Махамбет, Кенесарылар қозғалысының артынан шығады. Қалың қазақтың ұйытқысын шайқап шыққандай болып, орта жүзді, кіші жүзді түгел оятқан Исадай, Кенесары қозғалыстары қайғылы халмен біткен соң, елдің тауы шағылып, ишін түскең, бұрын болымсыз үміт болса, белгісіз келешектен күткен азғана сәүле болса, барлығы да жаңағы ерлердің жолсыз жорығынан соң суалып біткендей болады. Сондықтан XIX ғасырдың орта кезінен кейін зар заман күйі қалың елге түгел жайылады. Өкінішті қазаның артынан қара жамылған елдің жүргегінен қайғыдан басқа еш нәрсе шықпайтын сияқтанады. Сол қазалы күй осы заманың қайғышыл ақындарын туғызып, зар заманшыл уайымшылдардың санын көбейтті. Бұған қараганда, «зар заман ақынының қалың шоғыры өткен ғасырдың орта кезінде шықты» деу керек» (1: 195).

Алаш әдебиетшісі қойылған мәселені тарихи түрғыда зерттейді. Заманың ауыртпалығы алдыңғы кезден шыққанын осылай еске салады: «Бірақ қазақ тарихында Кенесары дәуірінің ауырлығы жалғыз Кенесарының өз тұсында түгел жсоқ. Ауыртпалық аргы жерден, Абылай заманынан басталды дегенбіз. Қазақ елі қайда барып, қайда тұратыны туралы, басына келе жатқан ықтиярсыздыққа қарсы не шара қолдану туралы ең алгашиқ рет қатты толғанып, ойланғаны Абылай тұсында болатын. Сол Абылай тұсында ілгергі күннің талай жұмбабына шешу айттылған сияқты болып, саяси бет, негізгі пікір сол кезде белгіленіп, қалыптаса бастаған. Сол күнде-ақ, мүмкін болса, патша үкіметіне багынбай, елдің өз іргесін өз бетімен болек сақтау түбегейлі ниет сияқты нық байланған болатын. Орысқа қараган күнде ел басына құлдық, зорлық, ауыртпалық келетіні ел басшысының барлығына белгілі болатын. Сондықтан кейінгі заманда Кенесары, Исадай көтерілістері болса, барлығы да Абылай заманынан суат алады. Солардың тұсында нығайған пікір, қалыптанған бет кейінгі заманда

Айгүл ICIMAKOVA

ел батырларының көтерілістерін тұғызды дегенбіз. Тарих жүзінде әлеуметтік міндеттік мәселе тұрғанда. Кенесары мен Абылай заманының арасында осындай байланыс болса, әдебиетте Кенесары жорығының артынан шыққан зар заман ақындары мен Абылай дәуірінде болған ақындардың арасында сондайлық үзілмейтін жалғастық бар. Абылайдың ұясынан ұшқан балапаны Кенесары болса, кейінгі замандагы ақындардың ой, бағытын баулыған аналары да сол Абылай заманында тұршылік еткен. Ел тарихынан осы сияқты қадауқадау белгі тұргызып алған соң әдебиет тарихының да күш асуы анығырақ ұғылып, анығырақ көрінетін болар дейміз» (1: 195–196).

Әдебиет ел тарихының көркем шежіресі екені, екеуі бірінбірі толықтыратын ұлт тарихының көркем шежіресі екені осылай айқындалған. Әдебиетші Абылай тұсындағы әдебиетті, ол кездегі зар заман ақынын арнағы сөз етеді: «Абылай дәуірінде зар заман ақыны екі алуан болған. Мұның бірі – елге келер күннің жұмбағын шешіп беріп, ұлғі есiet сөйлейтін, болжап айткан қария; екіншісі – толғау айтқан жырау. Екеуі де кейінгі заман ақындары сияқты елеңшілдікті салт қылып қазақтың ақындық өнерін дағды қылған адамдар емес. Екеуінің де көпке айтқан сөздері өлең күйінде айтылып, тақпақ, толғау болып кетсе, ол қазақтың баяғыдан шешенендік ұлғасын өлең күйінде бағалап, өлең түрінде жақсы ұғынып, жақсы тыңдайтындығынан туған. Сол себепті, ескінің биі, батыры, барымташысы болсын, даугтер жауапкері болсын барлығы да қарасөздің арасына тақылдаған тақпақ, желдірген өлең қоспаса, сөзі сүйік болып, дәлелсіз болатындей көрген. Абылай тұсында болған жаңағы екі алуан жақсының көп сөзі өлеңге айналып кеткен себебі де сол» (1:196).

Тарих бүгінгідей арнағы жазылмай, тек осы асыл сөздерде бейнеленген осылай айтылған.

Ата-баба сөзін қорғаған ақын екені, оның қоғамдағы басты міндетті де арнағы сөз етілген: «Анығында өситетшіл қария, толғаушыл жыраудың негізгі міндетті – өлеңшілдік емес, елге басшылық істеп, бас алқа айту болатын. Бұның екеуі де, ең алдымен, елдің ақылшы кеменгері, заманның сынышысы, қырагысы болатын. Сондықтан әрқайсысы өз елі, өз табының не биі, не баталойі болады. Екеуі де жалғыз ел ақылшысы емес, елді менгерген хан мен бектің ақылшысы, уәзірі есебінде болған. Хан шеше алмаган ауыр түйін, қын жұмбақ, көмескі келешек болса, барлығына да шешу сөзді солар айтатын». (1: 196–197). Жазба әдебиет айрылып қалған асыл сөздің негізгі әлеуметтік міндетті осылай тағы бір еске

Алаш әдебиеттандырылған

түсіріледі. Әдебиет том-том жазу үшін емес, елдің қажетіне керек рухани ақыл ретінде қолданылған.

Ақын сөзінің қоғамдық мәні, оның негізгі орны туралы да М.Әуезов нақты тұжырым берген: «Бұлар хан қасына қалың елдің ішінен қосылған қариялар кеңесі сияқты. Сондықтан хан аузынан шыққан үшкәріс сөз болса, жөнге салатын да осылар. Көп елге хан жарлығын орнату керек болса, айтқан сөзі ем болатын дуалы ауыз да осылар. Кей кезде қалың ел ханнан да осылардың аузынан шыққан сөзді толымдырақ көретін. Ел тіршілігінің барлық ауыр істері осылардың қабылдауымен іске асатын. Қауым тіршілігінде бұлардың саяси салмағы сондайлық зор болғандықтан, аузынан шыққан сөзде олқы болмауға керек. «Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» болатын жақсылардың сөзі көптің көзінде мінсіз, толық болуы шарт. Көлденен кісі мін таба алмайтында, қорғасында ауыр, оқтай жұмыр, өтімді болуы керек. Сол себепті, бұлардың сөзі асыл өлең өлшемімен шығуы шарт болған. Айтылған сөз: тақпақ толғау сияқты болсағана ел көзінде мінсіз, асыл болып көрінетін. Ел билеген жақсы туралы заманның сыны мен ұғымы сондайлық болғандықтан, әрбір хан өз қасында ақылшы болатын биді таңдағанда, ең алдымен сөз тапқыш өткір деген суырылған шешенниен, судырланған ақыннан алатын. Осы салтқа Абылай да бағынған. Сондықтан таңдал алған ақылшыларының ішінде Бұқардай жырау, Жәнібектей шешендер болады. Бұл адамдар, ең алдымен, ел менгеру жолындағы саясат адамдары болғандықтан, көпке айтқан сөздерінің барлығы ел мұнына, ел қамына арналған сөздер болады. Бұлар өз заманындағы қазақтың жоғарғы табынан: билер, басшылар ортасынан шыққан, өздері экім. Сондықтан ел тізгінің ұстаудың бір шарты көптің қамын жеу болғандықтан, артына қалған сөздерінің барлығы әлеумет-шілдік сарынымен айтылады» (1: 197–198).

Ата-баба даласында өмір сүрудің өзі осылай рухани билік арқылы іске асқанын М.Әуезов әдебиетті талдау арқылы алдымызға тартады. М.Әуезов Абай қайдан пайда болды, «арғы ата-бабасы кім екенін» «қазақ елінің жазба әдебиеті алғашқы дәүірінде ел өмірінің осы сияқты қайнар бұлағынан, жуан тамырынан шыққандығын» білу қажет деп санайды. Біреу Асанқайғы, екіншісі – Бұқар жырау. Әдебиетші осы екі тұлға туралы тарихи мағлұмат береді: Асанқайғы әз-Жәнібек тұстасы болғаны, Абылай заманы алдында аз-ақ бұрын өмір сүргенін айтады. Асанқайғы өлеңдері туралы былай делінген: «Осы өлеңдеріндегі: орыс, қытайдың арасында отырған қазак, Ертісті өрлеп жүрген орыс, бодан болғалы отырған ел, жат жүртқа

Айгүл ICIMAКОВА

кул болмас үшін ауа көшуді ем көрген басшылар барлығы да Абылай дәуірінің суреті емес пе?! Абылай дәл өз заманы, болмаса соның алдындағы 30–40 жылдай бұрын болған хандардың анық белгісі емес пе? Сондыктан Асан өмір сүрген заманды Абылай дәуірінің айналасынан іздеу керек деп білеміз. Асанның мезгілі турасындағы сөзді осымен дөғарып, енді жаңағы өлеңдердегі негізгі пікір мен сарынга келсек: Асанның аузынан шықкан сөз Абылай заманындағы барлық кеменгер қария мен кемел бидің жүргегінде жатқан дерті, аузынан шыққан жалыны болатын. «Қылы-қылы заман болып, қарағай басын шортан шалғанда», ұлы, қызы орыска бодан болғанда, қайран ел есіл жүріп, «не болады?» деген ауыр сұрақ, аңы жұмбак сол заманың барлық жақсысына тағдыр түйіндей кеселді түйін болған. Қалың қазактың ішінен: «Не болады?» деген сұрақты ең алдымен өзіне қойған Асан. Содан кейінгі заманда шыққан жақсының барлығы да сол сұрақты мың қайтарып айтқан, бірақ ешбірі жауап беріп, шешу айта алмаған.

Әуел басы Асаннан басталып, барлық зар заман ақындары осы сұрақтың алдында не дерін білмей, қайғылы қара жамылып тұрып, амалы құрығандықтан күрсініп жылап, күніреніп өткен. Бүгінгі күні – қайғы күні толып жатқан жара сияқты, ауыр дерт, аңы азап күні. Бірақ алда не болады? Қай жарға апарып соғады? Шығар жол, көрер сәуле бар ма? Оны ешкім білмейді. Сол жолды білмегендіктен, ел қамын ойлаған ойшылдың барлығы да тығырыққа қамалған сияқты. Шығар есік табылмаған соң, зар менен шер женеді. Сол сұрақ сол жұмбак, жұз жыл бойында қазақтың есі кірген әдебиеті ылғи бір-ақ сарын, бір-ақ бағытпен өтеді. Ол бағыты – зар заман» (1: 200–201). Осы зар заман сарыны Асаннан басталғаның әдебиетші айқындал берген. Асан өлеңдерінің жазылу сыры, стилі туралы: «Жырау – құрғана тақылдақ өлең айтпайды: бұл заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбак, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі түрган заманың белгілеріне қарап, келешек заманы не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терен ой, терен мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді. Айтқан жайларын ашып, ұғымды қылып, анықтап бермейді. Әдейі көмексілеу жұмбак қылып айтады. Ұғарлық кісі сол жұмбактан ұғыну керек. Жыраудың сөзі, мақсаты айтылмайды. Не айтса да, көптің мұны мен қамы, көптің жайы туралы: не көпке арнаған ақыл, есiet есебінде айтылады» (1: 201).

Осыған Бұқар жырау не қосты? Зар заман сарыны қалай жалғасты? Ең алдымен, әдебиетші М.Әуезов Бұқардың қоғамдағы орнын

Алаш әдебиеттануы

анықтап берген: «Бұқар жырау – Абылайдың жасындағы уәзірі, заман күйін сынға салып, қорытынды айтып, бет нұсқайтын кемел ақылшысы. Абылайдай ханмен бірге қалың елге де осиет айтады. Айтатын сөзінің барлығы да күнде қазақ елінің басына келіп тұрған саяси хал, тарихи дәуірге арналады. Ел билеген ұлықтың ішінен шыққан болғандықтан ақылының көбі елді бастап, билеп жүрген басшыларға, артынан ерген елге арналады. Қарашаны қалай билеп, қалай бастау керек екендігі туралы сөйлейді. Жыраудың міндемі – осы жайлардың барлығын көпке тараитын, көпке естілеметін құрыш сөзбен айту. Сондықтан ең алдымен, өлеңмен айтады. Екінші, өз алдында болған ойшыл жақсылар қазақ қамынан не сөз айтқан, нені тілеп, нені арман қылған, соның бәрін білу керек. Кейінгі көпке солар айтқан сөздің шешуін айту керек. Сондықтан Бұқардың ірі толғауы жоғарыда Асанқайғы айтқан көмескі жұмбақты шешуғе арналады. Асанқайғы қойған сұрақтың магынасы қайсы? Дерті немене? Соны ұғындырады, сөзбен Асанның қайғысын жалғыз Абылайга емес, қалың елге де ашып береді» (1: 202).

Ол заманың саяси халі қандай еді? Саяси, әлеумет әсері әдебиетте қалай көрінеді? Әдебиеттің негізгі міндемі жалпы елдің мұнды мен жоғын жоқтау емес пе? деген сауалдарға М.Әуезов жауап іздейді. Толғаулардың зарлы болуына қандай себептер әсер етті? деген сауалға былай делінген: «Бұқардың заманы – ел басына ауырталық тұрған заман. Саяси хал, қазақ елінің басына құлдық ноқтасын кигізгелі қабагын түйіп, ауырлан келе жатқан. Сондықтан Бұқардың толғауында екі түрлі күй, сарын бар. Біреуі, жоғарыда айтқан шарт, әлеумет қамын сөйлеу, екінші, сол жайды сөйлегендегі мұң-зармен, арманмен сөйлеу. Қайғылы пішиң, қаралы қоңылмен күніреніп сөйлеу. Бұл сарын көрер көзге бола қолдан жасап алған сарыны емес. Сол заманың дерті улатқан ақынның жүргегінен қайнап шыққан шын жалын, шын қайғы. Сөйлесе, жүргегінен қайғы ғана шығатын болғандықтан Асанның сөзін айтпастан бұрын «Осы қайғыны көпке жайғанша айтпасам қайтеді?» деп, жыраудың өзі де қиналады. Сондықтан Абылай Асан сөзінің шешуін айт деп сұраганда: Ханга жауап бермесем. Ханның қөңілі қайтады. Қайтара жауап сөйлесем, Халқым не деп айтады? Хан Абылай-Абылай, Мұндай жаман хабарды Сұрамасаң не етеді... – деп тілек етеді. Бірақ бұл сөзді көпке ұғындыру – жыраудың міндемі. Жырау жасасырганмен, заман өз пішиңін жасасырып тұрған жоқ. Асан айтқан ауыр күн тақап келіп қалды, енді ел жыласа да, күніренсе де қандай заманға келгенін ақылшы, ойшылдарының аузынан естуі керек» (1: 202). Әдебиетші Бұқардың өз заманының қайғы-шерін

Айгүл ІСІМАҚОВА

Асан заманының қайғысымен жалғастырғанын осылай айқындаپ береді. Кейінгі зар заман ақындары да осы сарынды ұстанып, жалғастырғанын дәлелдей түседі.

Абылай заманын осы Бұқар жыраулардан тануға болатынын әдебиетші осылай айқындаپ береді. Алаш ғалымы «Бірінші тілек тілеңіз» толғауын талдаپ, төмендегідей тұжырым жасаған: «Бұл толғауды туғызған да жаңағы сарын. Келешек қандай күйлер экеледі? Не сыбага тартады? Зәлімнің тіліне еріп, ел аза ма? Алпыс басты ақ орда жатқа жем бола ма? Жер қайысқан қол келіп, ел саса ма? Тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін жібіткен аналар анырап қала ма? Барлығы да келе жатқан кер заманда болуга мүмкін. Соны сезгендіктен ақын зарлайды. Соның ызғары өткендіктен жыраудың жүргегін қаралы қайғы басады. Бұл – толғауы сол замандағы саяси халдің бетін ашып айтқан ашық белгі. «Қарағай басын шалғалы жүрген шортанның» кім екенін түсіндіргені.

Жыраудың бұлардан соңғы кейбір толғауы саяси халдің дәл өзіне арналмаса да, терең ой, терең өсietпен: заман азып, заң тозып, тіршілікті уақыт өзгерісі билейтіні туралы тұспалдаған. Бұның мысалы: «Айналасын жер тұтқан» деген толғауында «Тіршілік бір қалпында тұрмайды. Өмірді уақыт билейді» (1: 204). Бұқардың авторлық поэзиясы мен ұстанымы туралы М.Әуезов былай деген: «Мұның бәрі қалың елге кеменгер жыраудың толғанып айтқан ақыл өсietі. Өмір даналығы. Өлең сөздің міндегі – елдің ақылойын тәрбиелу, білім үйретіп, басшылық ету, ой түсіріп, көзін ашу, көңілін ояту. Сондықтан өмір ақиқатын теңіздей тереңнен толқытып экеледі» (1: 204).

Осы орайда ғалым жалпы жыраулардың қоғамдағы орнын да айқындаپ берген: «Бұқар жырау – заман сыншысы, бірақ жогорыда айтқан бір сөзде жыраулар жалғыз гана ел ақылшысы, ел сыншысы емес. Ханға да ақыл айтып, ханды да сынайды. Кемшилігін мінейді дегенбіз. Хан байлаган істің барлығына ел үндемей көне бермейді. Елдің ырза, наразылығын хан қасындағы жырау мен ақылшы би сөйлейді. Ханның байлауы солармен ұғысқан уақытта гана байлау болады. Сондықтан ел басына келген согыс, бітім сияқты мәселелер болса, барлығында байлау сөзді ел үәкілдері, жыраулар, билер айтады дегенбіз» (1: 204–205). Әрине, бүгінгі ақындарға бұл міндегі тән емес. Жырау «құр гана өлеңші, құр гана ақылшы емес, керекті кезінде ханның да, қараның да қатты сыншысы, қатал тезі болатынын білдіреді. Ақылшы өсietшіден шығып, кей кезде саяси салмағы бар, зор құат иесі болатынын сездіреді. Сондайлық

Алаш әдебиеттануы

салмагы болып, айтқан сөзі кімге де болса ем болатындықтан, жырау кей уақытта бөлініп жарылған елдің бітімши біi де болып кетемін» (1: 205).

Жыраулар поэзиясы туралы әдебиетші өз бағасын былай берген: «Асан мен жыраудың өлеңдерін түр жағынан қарасақ, ылғи құба жондатқан, жұмбакпен жарыстырған ой, қатарластырған көп үлкен суретпен келеді. Барлық сөзі терең ой мен ақыл, өситетке айналады. Кейінгі ақындарға тастаған үлгісінің бірі де осы. Болжалышыл қария, толғауышыл жыраудың сөздерін осы белгімен сынасак, бұлар біздің әдетте өз бетімен туған салтанатты әдебиет белгісін көрсетеді. Қазақ топырағының өзінен, қазақтың тарихы дәуірінен туған үлгілі әдебиет дәүір сияқты болады» (1: 207).

Бұлардың арты кімдер? Осы ретте Абылай заманынан кейінгі Сырым, Исатай, Кенесары кездері айттылған. Бұлардың алдында Абылай заманы тұрғаны былай келтірілген: «Абылай заманында негізделген саяси багыт Сырым, Исатай, Кенесары тұсында іс жүзіне шығып, қалың ел өмірін асты-устіне келтіреді. Сол заманың пікір жолындағы басшысы, табалдырығы Абылай заманы болатұғын. Соңғы заман адамы ой суатын, саяси багытын артқы дәуірден алды. Сондықтан бір заманда толғау айтқан қария кейінгінің ақыны мен ақылшы басшысына қадірлі аруақ, қасиетті ұран сияқты болады. Ел билеген би болса, батагой ақсақал, қария болса, заман халін Асанқайғыша қайғырып, Асанша жоқтап, күніренетін болды. Өмір қажытып, қайғы жеңген басшысының барлығы Асанды үлгі қылып: «Құлы-құлы заман болар, қарагай басын шортан шалар» дейтін болды. Осы күйі Асанқайғы мен Бұқар жыраудан кейінгінің ақынында да күшті. Сондықтан жогарыда айттылған жүзжылдық дәуірдің ақынын түгелімен осы күй, осы сарынды үлгі қылып, Абай заманына жетті. Кейде сол сарынның арты Абаймен тұстас болған ақындардан да жогалмаганы бар» (1: 207).

Абаймен тұстас дәуірдің зар заман ақындары кімдер? Оған М.Әуезов былай деген: «Бізше бұл ағымға XIX ғасырда болған ақындардың бәрі кіреді. Бұл ғасырда қазақ ақындары екі алуан болған. Біреуі: есі кірген ойлы ақындар, нағыз зар заманың өз ақындары, екіншісі: елдің қызық-сауығын салт қылған айттыс ақындары. Жоғарғы айтқан ағымға айттыс ақындарының кіретін себебі: бұлардың барлығы бірдей ылғи айттыспен өткен емес. Қөшпілігі айттыспен айт пен тойды қызықтап жүріп, сонымен бірге анда-санда ел басына келген ауыр құндерді де өлең қылатын.

Айгұл ІСІМАҚОВА

Орыс зорлығымен жерден ауған ел, елден қуылған ер болса, соның барлығына айтыс ақындары да жылаған, жоқтау өлеңдерін айта білген» (1: 207–208).

Зар заман ақындары кімдер? Оған былай делінген: «Бұқар жыраудан соң XIX гасырдан зар заман ақындарының басы – Махамбет. Одан кейінгілері: Шортанбай, Мұрат, Алтынсарыұлы, бұлардан соңғы буыны Абаймен тұстас ақындар. Әзірше бұлардың мысалына алатынымыз Нарманбет, айтыс ақындарынан кейбір өлеңдерімен осы жікке кіретін Шерніяз, Досқожса, Күдері қожса сияқтылар. Оナン соң зар заманың күй сарынымен әңгімелі өлең айтқан ақындар жоғарыда тарихи өлеңнің ішінде айтылған Нысанбай, Ілеыман сияқтылар.

Енді жаңағы саналған ақындарды жеке-жеке қарастырып көрейік. Абылай тұсынан кейін зар заман ақындарының санын көбейтін, сарынын қүшейткен Кенесары, Исадайлар дәуірі дедік» (1: 208).

Әдебиетші енді осы тізімдегі Махамбеттен бастап шығармашылық талдау берген. Ол жай ақын емес, Исадай қозғалысының батыры екені анықталған: «Исадай, Кенесарылар қазақ елінің ақырғы рет патша үкіметіне қарсы түяқ серіпкен қимылын көрсете, Махамбет осылардың жолын түгелімен қабылдан, өзіне иман қылған адам. Жырау осиет пен билік соңындағы адам болса, Махамбет солардың үлгісімен жаңа заманда, тар заманда шыққандықтан, үгіт пен істің соңына түскен адам. Сондықтан қалың елді артынан ертіп жүріп, үкіметке қара қайраттеп қарсылық етеді. Қотеріліс жасайды. Согысады. Сөз сөйлесе, жалпы қазақтың қанын қызыдышып, жесілкітіріп, осы жолға ертпекші болады. Өлеңнің қарасақ, өздері істеген істің алгаиқы кезіндегі Махамбет осы пішінімен айқын көрінеді.

Бұның заманы Абылай заманынан да бұзылып кеткен. Бұл күнде бұрынғыша толғау айтып, алыстан қозғап, ой түсіремін деп отыруға болмайды, енді іс қана қалған. Жүрек тоқтатып, бекініп, қолға найза алып аттану ғана қалды. Не өлу, не тірілу керек. Тыныс бітіп, тығырыңқы қамалған жердегі жалғыз асу осы. Сондықтан қызылұлы үгіт сөзбен қалың қазақтың қайраты бар ерлеріне ұран салады. Қотеріліс жалаяуын сермен. «Алақаны мұздамаган» ұл болса, соларға арнап: Ерулі атқа ер салмай. Егегулі найза қолға алмай. Егіндікті жер шалмай. Қоңыр салқын төске алмай... – дейді» (1: 209). Истері «Иманмен басталса да, тез уақытта бастарына қаза келеді» – деп мұңдасады М.Әуезов. Енді ақын «Нәлет оқиды. Ақын көнілінен жаңағы өлеңмен шыққан осы күй, қарсылық ақын көні-

Алаш әдебиеттандузы

лінен еш уақытта кеткен жоқ. Исадай толқыны өтті. Ел жығылып, жеңілді, жаңа заманға зорлықпен болса да бас иді. Жаңа өмірге ырза болған қанағатшылдар да шықты. Жаңалықтан рақат алатын «жақсылар» туды. Заман өзгерменесін сияқты болып, бұрынғыша жұбаныш, қызық тапқандар болды, бірақ ақын көnlі бұның біріне де қанағаттанған жоқ. Өзгеге жақсы көрінген өмір бұған тозақ есебінде көрінеді. Тұтқын төбет болғанына мәз болған жігерсіз, отсыздың ырзалығы. Шынында, бүгінгі күн қаралы күн емес пе?! Қаралы болатын себебі: Желкілдеген ала ту. Жиырылып ойға түскен күн. Жез қарғылы құба арлан Жез қарғыдан айырылып. Заман осы болған соң, ақылды қанаттандыратын жұбаныш жоқ. Сондықтан бұның аузынан шық-қан сөздің барлығында жаңағы бір заман күйі арылмастай, қайғылы сарын болып, білініп отырады» (1:211). Махамбеттен кейінгі зар заман ақындары өлеңді жазып айта бастады: «Бұлардың алдындағы тарихи дәуір Исадай Кенесарының жолсыз жорығымен байланыс-кан, жүдеулік қайғы күндері болады. Ол уақыттағы елдің өміріне қандай жаңалық, өзгерістер, ауырлықтар кіріскенін бұрынғы ақын-дардың тұсында айтқанбыз. Енді сол тарихи оқиға мен патша саясатынан басқа тағы қосымша жаңалықтар болды ма? Болса, не жаңалық? Бұрыннан келе жатқан күй сарының өзгертуесе де, бояуын жаңылтып жаңа иіс кіргізгені бар ма?» (1: 211). Заман өзгергенін М.Әуезов былай деп көрсеткен: «Бұқар жырау заманынан келе жатқан бұрынғы әлеуметшілдік, ойшылдық сарынына Махамбет заманында ісшілдік қосылса, кейінгі ақындардың тұсында жаңа әсер сияқты болып дін мен мәдениет ісі кіре бастайды.

Зар заманың орта буынинан бері қарай дін сарыны біздің әдебиетте жылдан жыл откен сайын үлкенірек орын алады. Басы Шортанбайдан басталған діншілдік, XIX гасырдың аягына келгенде толып жатқан дін қиссаларына келіп согады» (1: 211–212).

«Зар заман өкілдерінің тағы бір ерекшелігі – діншілдік сарыны, – дейді М.Әуезов. Тағы бірі – мәдениет ісі, ол тек Ы.Алтынсариннің ісінен анғарылған». Келесі ерекшелік, әдебиетшінің ойынша басты болып табылады: «Зар заманың орта буыннандағы бір жаңалық діншілдік сарыны делік. Екінші – жоғарыда айтылған мәдениет ісі. Бірақ бұл дәуірде соңғы жаңалық оншалық айқын болып, толық күйінде білінбейді. Білінсе, жалғыз Алтынсариннің ғана сөздерінде білінеді. Сондықтан мұны бір үлкен жаңалық демей, «ісі» деп қана атадық. Бұл айтылған жаңалықтардан басқа зар заман күйінде болған тағы бір өзгеріс – Махамбеттен соңғы ақындар, бұрынғы Бұқар жырау тұсында өлең сөзді ойға әкеліп түсірді. Бұлардың тұсында

өлең ел өмірінің ұсақ салаларын тарауға айналды. Бұрынғы ақын казақ өмірінің ұлы құрсауын, үлкен ауданын сөз қылса, бұлардың сөздері, күндегі өмірдің ұсактаған жамаушысы сияқты болып, жеке-жеке дерте арналатын болды.

Жырау жырлағанда ел басына келе жатқан жаңа заманның ұлы денесін, нобай суретін сөз қылатын, содан қорқып, толғанатын. Олар казақ жайланаған сахараның бір шетінен шыққан шоқтай қара бұлтты көріп, соның белгісінен шошып, содан келетін бәле қандай екенін болжап, тұспал қылып айтатын. Соңғы ақындардың заманында сол бұлт бір есептен қазақ даласының үстінен соғып өтті. Сондықтан бұл қүннің ақындары баяғыдай шыққан бұлтты сөз қылмай, содан түскен бұршақты, үй жыққан дауылды, мал ықтырған соққынды сөз қылды. Дала жайланаған елдің өмірінде бұлттан түскен қаза менен дерпт қандай болды, соларды айтып, күніренетін болды. Сол қаза мен дертер қайсы? Дерт көп» (1: 212–213).

Жырау мен ақын сөздерінің айырмашылығы, өлеңнің жанрлық түрлерінің өзгеруі осылай анықталған. Жыраулар болжап, тұспал-дал айтса, ақындар нақтылыққа жүгінген, дерпт пен уайымның негізгі себептерін сөз еткен. Ол қандай дерт? Ол – елден береке, бірлік кеткені, байлық кетіп, кедей болғаны. Ел жайланаған орыс алып, жер тарылған, зорлық көргені. Бұрынғы кен өрісті жоқтау. Үшіншісі діннен айырылғаны: «Біреуі – елді орыс ұлығы билегенін арман қылады. Ел мінезінің бұзылып бірлік, берекеден айырылғанын айтады. Байлық кетіп, кедей болғанына қайғырады. Екіншісі – ел жайланаған орыс алып, жер тарылғанын, зорлық көргенін айтады. Бұрынғы кен қоныс, кен өрісін жоқтайды. Үшіншісі – дін жоғалып, қарындастық қадір тозып, ру тіршілігінің шыркы бұзылғанын сөйлейді. Кейбіреулер өзгеріп тұрған заманың ауыртпалығын айтып келіп, өткен күнге жоқтау айтады. Осының бәрін санаумен бірге тығырыққа камалып, сенделген елдің қайғылы хандары кей-кейде ем айтқысы да келеді. Бірақ мұның ешқайсысыда алдыңғы заман неге соғатынын білмейді. Өткен күннен қалған ұлы жұмбақты шеше алмайды. Сондықтан әрқайсысының демі де әртүрлі. Кейбірінікі дін, кейбірінікі таза адамшылық, тағы бірінікі шала күйде айтатын оқу, өнер. Бұлардың сөз қылған жайлары баска-басқа сияқты болып, атаған емдері де әртүрлі болғанмен, барлығының басын қосатын ортақ жері бар. Ол ортақ жері – заман халінің қайғысынан туатын өкініш, зар өткендей ойлап, құрсініп, сағынып, қазірден қажып, торығу, алдыңғыдан шошынып, қорку, сондықтан ыңыранып, зарығу, жылауына зорлау» (1: 213). Осы анықтамадан

Алаш әдебиеттануы

кейін ғалым аталған ақындардың өлеңдерін «сөз мысалдарынан» деп тексереді. Осы тұста Алаш әдебиетшісі бұл қоғамдық әдеби сарынга ат қояды: «Соңғы заман өлеңдеріне «Зар заман» деген ат қойдық. Бұл аттың иесі – Шортанбай. Бұл ақын «Зар заман» деген өлеңінде өзі көріп түрган қазақ өмірінің барлық суретін айтады» (1: 213). «Шортанбай ең бірінші болып заманға сипат берген», – дейді М.Әуезов. Шортанбайдың әуелі бұрыннан көп сөйленіп келе жатқан «Заманға» қай заман екенін атап, ат қояды: *Мынау ақыр заманда Алуан, алуан жсан шықты, Арам, араз хан шықты, Қайыры жсоқ бай шықты. Сауып ішер сүті жсоқ, Мініт көрер күші жсоқ, Ақша деген мал шықты.*

Баяғыдан құбылып, бұзылып келе жатқан заман, өзге заман... екен. Бұл арада «дін» ұғымы мен ескі қазақ көзқарасы бір араға қосылғандай болады. Сондықтан «акша деген мал шығып, қайыры жсоқ бай шыққаны» – ақырзаманның белгісі. Заманның осы сияқты жаман белгісі «Зар заманын» ішінде көп айттылады. Ел өмірінде бұрынғыдан өзгерген жаңалық, жаттық болса, барлығы да ақырзаман нысанасы сияқты көрінеді: Мұның өзі зар заман, Зарлығының белгісі – Ұлы сыйламас атасын. Арам сідік болған соң, Атасы бермес батасын. Қазы, болыс, хан қойды, некесіз туған шатасын. Сол заманның кезінде, қызы сыйламас шешесін, «Ержеттім» деп шаштасып.

Заманның бұзылған белгісі жалғыз адам емес, табиғатта өзгереді. О да жүттей жүдеп келеді: Асылы азған замандай, Шөп сүйілді жердегі, Құс таусылды қөлдегі, Бай таусылды елдегі. Бұның бері – заман бұзылғанының белгілері. Енді осы заманды бұзған кім? Қандай іс, қандай кұлық, қай өзгерістен соң бұрынғы заман бұзылуға айналады? Бұған ақынның беретін жауабы: Заман қайтіп оңалсын, Адам қайтіп қуансын – Майыр болды сыйпайың. Арылмастай дерт болды – Нашарға қылған зорлығың. Кінәзді көрдің піріндей, Тілмәшті көрдің биіндей, Дуанды көрдің үйіндей.

Мінеки, басында заман жайын ел өмірінің ұсақ белгісінен бастаса да, аяғында келіп тірелетіні – баяғы ескі түйін. Заманның зарын айтып, қүңіреніп келгенде, сол қайғыға салып отырған себепті іздесек, ол: орыс үкіметінің билігі болып шығады» (1: 214–215).

Бұл тек бір заман сипаты ғана емес. Алаш әдебиетшісінің әдеби үдерісті анықтау үшін ұсынған әдебиет – ел тарихы шежіресінің моделі күні бүтінде өз маңызын жойған емес. Әдебиет ел өмірі, оның саясаты, оның тіршілік демі мен ойындағы мұнды, көңіл қуйі мен арман үміттерімен тікелей байланысты екенін М.Әуезов бізге осылай айқындалп берген.

Айгүл ІСІМАҚОВА

Ақынның өз уақытынан қандай үміті бар? Ол туралы М.Әуезов кесіп айтқан: «*Үміті жсоқ. Жалғыз жұбаныш: бүгінгі заманың бәрі осы қунғи ісінің жазасын ақыретте тартады деп сенеді. Сондықтан осы тез құрылатын заманың болуын тілегендей: Келе жатыр жақында, Ай мен күннің арасы. Таңда мақшар болғанда, таразыны аударар, Залымның қылған күнәсі, әкімнің қылған зинасы, – дейді. Зар заман ақындарының ішінде қауым тіршілігін, әлеуметтің қайғысын дін бояуымен бояп айтқан – осы Шортанбай» (1: 215).*

Осы тұста әдебиет елдің көңіл күйі, мұңы, үміті болса, ол оның діни білімімен тікелей байланысты еkenі де айқындалған. Мұсылман қазақтың дүниетанымы осы Шортанбай өлендерінде әлеуметті қабылдау арқылы берілгенімен ерекшеленеді.

Зар заманың келесі өкілі – Мұрат. Ол туралы М.Әуезов: «*Мұрат зар заман ақындарының ішінде патша саясатының бір тарауына көп көңіл бөлгөн ақын. Ол тарауы, қазақтың жері алынуы болатын. Сондықтан бұл ақын көп жырында қоныс пен өрістің жоқшысы болады. Жер тарылып, заң бұзылып, ел сасқан соң, бұрынғы үйшіктің бұзылмаган ру тіршілігі көркінен айырылып, құбылып, қуарып бара жатқан сияқтанаады. Бұзылған заман мұның да өлең сөзінің бар күшин әлеумет қамына жұмсатады. Мұрат – зар заман ішіндегі ірі ақынның бірі. Бұның сөз үлгісі бағының толғауы сияқтанаады, қарсыға шапқан жүйріктей көсіліп, құлашын керіп келеді. Елдің жайлайу мен қонысын жоқтағанда, жалғыз өз заманынан бастамайды. Қазақтың қайғылы күйі алыстан, ескіден келе жатқанын айтып: Еділді тартып алғаны – Етекке қолды салғаны. Жайықты тартып алғаны – Жагага қолды салғаны. Ойылды тартып алғаны – Ойдағысы болғаны... Мал мен басты есептеп, Баланың санын алғаны. Аңгарсаңыз, жігіттер, Замананы тағы да Бір қырсықтың шалғаны, – дейді* (1: 215–216).

Қазақтың әдеби сөзі тарихты бейнелеууші сөз еkenі осылай айғақталынады. Қазақтың басына түскен қайғылы күйдің саяси, әлеуметтік себептері бар еkenі де осылай нақтыланады. Мұраттың өлендері Шортанбаймен салыстырылып талданған. Шешуі Шортанбайша табиғат бұзылғандықтан, дін жоғынан емес. Табиғат бұрынғы қалпында, заманды бұзған қазақтың өз қауымы: Бәйт еттім бұл сөзді, қайғы шегіп заманнан. Заман азып не қылсын?! Ай орнынан тудады. Күн орнынан шығады. – Бұнын бәрі адамнан...

Осыдан кейінгі сөздерде адамның бұзылуының белгісі қайсы еkenін айтады. Белгілері: бұрынғылар айтқан берекесіздік, арам-

Алаш әдебиеттануы

дық, жат бауыр болып қарындастан айырылғандықтан. Қауымды бұзған себеп: Қатпа болған түйедей. Киеңкі болған биедей. Ел биледі бір сымпыс Екі бұты таралған – дейді. Заманды аздырған себептің бірі – осы болса, екіншісі – күшті дүшпан иыққа шығып, қырандай қадалып бағып тұр. Мойнын бұргызыбайды. Сондықтан ақын: Дүшпан тазы, біз тұлқі, Қашсақ ерікке қоймайды. Ингे кірсек суырып, құлғанадай қадалып. Қазынасы кен Құдайым Сақтағай-сың сәламат – дейді (1: 216).

Отарлау орыстандыру арқылы іске асқанын Алаш ғалымы осылай ашығынан айтқан. Қазақтың жерін ғана алу емес, оның санасын өзгерту, колдан келгенше оны бұзу. Ол туралы былай делінген: «Мықты дүшпан ақын жүрегін шошытып, жаратқан иесінен тілек тілетеді. Тыныс бітіп қажыған соң әлі құрыған зарлының арғы тіреғі – Құдай. Сондықтан «сактай көр» деп соған жалбарынады. Қайғы мен үмітсіздік женғен ақын алдыңғы заманнан да шошиды, алдыңғы заман ел сұрқын бүгінгіден де жаман бұзатын сияқты. Қемескі келешек тағы да талай бұзық белгіні сездіріп тұрған сияқты. Өмір ұйытқысының бұзылуы ақын заманындағы жамандықпен токтайды. Жақында тағы бір қауіп бар. Ол қауіп: Ұстай ма деп білегін, нығая ма деп жүрегін, Кейінгі туған баланың шашын, мұртын қойдырып, Аңы суға тойдырып, бұза ма деп реңін. Адыра қалғыр заманының жаратпаймын сүренін. Бұл сөзде жақындал келе жатқан заманың ақынды құпті қылған жұмбағы бар. Ол жұмбақ патша үкіметінің қазақ елін орыс қылмақ саясаты» (1: 216). Бұл талдау таза әдеби емес, әлеуметтіктің саяси сипатын анық көрсеткен және олар тығыз байланыста екенін айғақтап тұр. Мұраттың «Сарыарқа» толғауы ел қайғысының үлгісі ретінде талданған: «Мұнда жерден ауган елдің арып-ашқан қүйлерін, бұрынғы дәуренін айтады. Мұнда да күшті сарыны – заман қайғысы. Бұзылған, азған заманың жыры. Сонымен бірге қазақ қоныс қылған жердің құтсыздық, сорлылығын айтады: Кірін жуып, кіндігін кескен жерден, Қысылмай, ер кете ме еркіменен. Бұрында адыра қалғыр құтсыз еді, Егескен ердің бәрі жер тіреген, – дейді.

Жер үшін талай ел өмірін сарп қылып, еңбек еткен, бірақ ежелден баяғы батыр мен жауынгер елдің ешбіріне пайызды қоныс болмаған құтсыз жер. Сондықтан басшысынан айырылған кара халықта қарсы тұрарлық шара жоқ» (1: 217).

Көркем әдебиет заманың тынысын бейнелеуі қажет екені осылай нақтылана түскен. Зар заман ақындарының заман қайғысын түсінуі, оны жүрекпен сезініп, ел үшін қамығуы бұл ағымның басты

Айгүл ІСІМАҚОВА

ерекшелігі ретінде айғақталған. Бірақ әр ақын өзінше сезініп, өзіне ғана жақын қырынан заманды бейнелегені де осы ретте айтылған.

М.Әуезов: «*Зар заман ағымына өлеңнің кейбір сарынымен қосылатын ақын – Ыбырай Алтынсарин*», – деген. Өзгелерден бөлектігі «*бұл мәдениетті ақын*» делінген: «Сондықтан кейбір өлеңдері оқымысты, үлгілі ақындардың салтымен жазылған. Ондай үлгінің мысалы: «Сәуірде көтерілер ракмет туы» деп даланың жазғы түрін суреттеп айтқан өлеңі. Алтынсариннен ең алғаш рет казак әдебиетіндегі сипаттау өлеңі басталады. Еуропа ақындарының үлгісімен қыр тұрмысының көркін суреттейді. Бұл өлеңінде әлеуметшілдік сарыны, ел қамы жоқ қазак әдебиетінде алғашқы шыққан жаңа үлгі болғандықтан, сол жаңалық мысалының есебінде атап отырмыз» (1:218). Ақынның әлеуметтің күйін бейнелеуі оны зар заман ақындарымен жақындастырады. Әлеумет қамы туралы өлеңдері осы тұрғыда талданған: «Бұл да елге үлгі, өсiet айтады. Жүдеген елді жұбатқысы келеді, ел түгелімен көңілі кірбен, ғаріп сияқты, сондықтан жұмсақ қолмен ұстап, жылы сөзбен келіп, көңіліне қонатын ұғымдай ақыл айтпақшы. Елдің басына келген күн көп сөйлеген, көп айтылған. Сондықтан ендігі сөзді Алтынсарин заманды жоқтап, заман зарын айтуда арнамайды. Заманың қайғышерін қалың елдің өзі сезіп біліп, көріп тұр. Оның орнына, мүмкін болғанша, ем айтқысы келеді. Бірақ мұның айтқан емінде бір бағыттық, анықтап бастаған екпін, ағын жоқ. Елдің әр алуанына әртүрлі ем айтады. Елдің үміт, сүйенішін жас буынға артқандай болады. Сондықтан балаларды окуға шакырып, бата береді» (1: 218). Сонымен қатар М.Әуезов Ы.Алтынсарин өсietті «көмескі» дейді, себебі ол оқымаған көпшілікке ешбір үміт арта алмайтын сияқты: «Сондықтан қалың елге кейде таза адамшылықты ем қылады. Кейде дін өсietтін үлгі қылып ұстайды. Зар заман ақындарының ішінде дін сарының шығарып, дін мейманалығын көп ұсынатын ақын – Алтынсарин. Таза адамшылық жолында елге айтатын ақылы: Араз бол, кедей болсан, үрлукпенен, Өліп кет, басың кетсе шындықпенен. Алланың ракметінен күдер үзбе, телмірме еш адамға мұндықпенен. Мақтанба бай болдым деп, бағынызға, картаймақ, о да қын тағыңызда. Дөң аспай бақ-дәүлеттің кетуі онай, басынан бақыт тайған шағыңызда, – деген сияқты жалпы адамшылық үгітімен келеді» (1: 218–219).

«*Ыбырай Алтынсарин өлеңдері адамдықты үлгі етуімен енбратты*», – дейді М.Әуезов. Бұл өлеңдердің ерекшелігі де – осы басты діни түсініктерді менгергендейтін. Бұл өлеңдерде діни

Алаш әдебиеттануы

сарын басым екені, оның гибратты айырмашылықтары туралы былай делінген: «Дін сарынының келетін өсіметі, тәкаппар болмау, сабырлы болу, әділдікпен иесінен ұялу, иман байлығын жиында тырысу. Осы үлгінің барлығын дін жақсыларының өміріндегі мысалдарымен айтады» (1: 219).

М.Әуезов нақты өлеңдерді талдай келе: «Мұның барлығы – жоғарыда айтылған дін мейманалығы. «Жуасып, жүдеген елге ақырғы тыныштық, жұбаныш осыдан табылmas па екен? Ендігі өмірдің емі бойсұнып, сабырмен шыдап, дінмен тірек іздеу болmas па екен?» дейді. Әр заманда әр елдің тарихында үміт кемесі су астындағы жартасқа соғылып, талқан болған шақта әрбір жан өз жарасымен ыңырануға айналғанда, осындаі момындыққа түсіп, мұнға батып, дін бесігін іздейді. Тағдырына бас иіп, үміт, тілекке қош айтып, жарық сөүлені ол дүниеден күтеді. Өлеңнің мағынасы мен үлгісі өзгелерден жат болса да, Алтынсариннің өзге зар заман ақындарымен жалғасатын желісі бар. Ол желісі жаңағы айтқан көңіл қуйінде, түпкі сарынында, зар заман ағымының бір саласы осы бетпен, осы құймен кеткен» (1: 219–220).

Алаш әдебиетшісі зар заман өкілдеріне тән стильдік ерекшеліктерді осылай нақты айырып берген. Сарын ортақ болғанымен, сөздерінің рені, қүйі біріне-бірі ұқсамауы осылай аңғарылған. Бұл әдебиетші М.Әуезовтің сөз өнеріне үніліп, оны жүрекпен сезінуді кәсібілік ретінде ұсынған ұстаным үлгісі.

Келесі ақын Нарманбет туралы былай делінген: «Зар заманының артқы ақыны XIX гасыр мен XX гасырдың жасасарында өмір сүріп, сол кезде өлең айтқан – Нарманбет. Заман зарының ең ақырғы қүйін шертіп, тоқтаган – осы ақын. Осының заманымен, осыдан кейінгі дәуірде зар, қуй қазақ әдебиетінен бітеді. Нарманбет – мезгілінде зар қүйінің басын шертіп, алгашиқ толқынын шығарған толғаушыл. Қалың елдің қамын тұмас ойлат, тұмас жоқтастының қамқордың бәрі біткен. Заманың өзгерісі мезгіл сайын құбыла келіп, аяғында танымастық болып басқарған. Енді кәрі қүйді жоқтаудың өзі де ескірген сарын болып, ол жайлы сөз қылатын алжыған шал сияқты бірен-саран ғана болып қалған. Елдің жақсы деген кісісінен Абылай заманының қүйін күйлеу түгіл, Кенесары, Истатайдың да ісі мен мақсатын білетіндер де бірен-саран-ақ болған. Қалың ел, бұрынғы көп тілекті кемітіп, бойсұнып болып, жаңа заман жетегіне жүргуге ынтық бола бастаган, құлдыққа, қорлыққа, таршылық пен зорлыққа елдің еті үйреніп, денесі ұланып, еліп кеткен. Енді зар заманды Махамбетше айтып, жаңағалыққа

Айгүл ICIMAKOVA

қарсы болса, ақынды елдің өзі де тыңдамайтын, ұқпайтын сияқты болған» (1: 220).

М.Әуезов заман өзгергенін оның әдебиетті қабылдауымен тіке-лей байланыстырып берген. Жаңа заманның құлдыққа дайын болуы зар заман сарынына жаңаша көзқарас тудырады. Мұндай ақынды түсінбейтін ел пайда болғаны осылай анықтала түседі. Нарманбет сезінің алдыңғылардан айырмашылығы да сөз етілген: «*Нарманбет осы дәуірдің ішінде туган ақын болған соң, зар заманның барлық бағыт мақсатын ұғып отырса да, солар айтқан күйді қайта шертудің мезгілі өтіп кеткенін сезген. Бірақ ақын жүргегі бүл күнге солардай ырза емес, соларша құсаланып, қайғырып, шерленеді. Қиялы солардың заманында, көңілінің күйі солармен туыстырады. Бірақ олардың үлгісі өтіп кеткенін күндегі өмір мен күндегі тіршілік мақсаттары көп дәлелмен миландырып, ұқтырып отыр. Сондықтан бар зар заман дәуірінде «Сарыарқа» деген өлеңмен қош-қош айтады. Зар күйінің ақырғы толғау мен ақырғы ыргагы осы өлеңмен келіп бітеді», – деп тебіренеді Алаш әдебиетшісі М.Әуезов (1: 220–221). Нарманбеттің «Сарыарқа» өлеңі әдеби талдауға түскен: «Сарыарқаның» басы зар заманшылардың ескі құлақ күйінен басталады. Ақын алдыңғы сөзде: «Заман бұзылған соң, табиғат та бұзылып, бұрынғы көркінен, бұрынғы жарқын қызығынан айырылады», – дейді: Сарыарқа, сарқыраған сұың қайда? Тұнде шық, күндіз мұнар, буын қайда? Найзагай жарқ-жүрк етіп нөсер құйған, Кек-жасыл, кемпірқосақ туың қайда? – деген сөздер бүгінгі күннің табиғатына да наразы болған көңілді білдіреді. Зар заман Нарманбетке келгенде жоқтау болып кеткен, ескі күнге қош айтумен бірге сол ескінің қасиетін айтЫП, жоқтау араластырады. Бұнда бұрынғылардай ем айтЫП, ел дертінен шығарлық жол іздеу жоқ, өзінің мақсаты ескіні жоқтау болғандықтан, сол үлгіден ауыспай отырып: Бай бар ма баяғыдай барқылдаған, Асы мол, аты тегін тартылмаған, Алдыңнан атынды ұстап құрмет еткен, Жайдары жеңғен бар ма жарқылдаған? дейді.*

Зар заманың артқы ақыны бұрынғы зарлы мұнның бәріне ақырғы күмбезді тұрғызып, әдебиеттің бір ғасырлық дәуірін осы жоқтаумен тындырады. Біз зар заман дәуірін осы саналған ақындармен бітіреміз. Бұл дәуірге аты белгілі ақындардан кіретін көп болуға керек еді. Өйткені аргы заманың Сыпира жырауы, Қазтуғаны, бергінің Алаша Байтөк жырауы, Базар жырауы, Досқожасы болсын – барлығы да зар заман дәуірінен үлкен орын алатын ақындар» (1: 221–222).

Алаш әдебиеттануы

Зар заман әдебиетінен кейінгі әдебиет қандай? Оның не жаңа-шылдығы бар? Ол туралы былай деген: «Қазақ әдебиетінің тарихи зар заман дәуірінен соң Абайга келіп тіреледі. Сол себепті енді Абайга көшеміз» (1: 222).

«Әдебиет тарихының» соңғы сөйлемдері, Абайға «көшу» тек советзаманында іске асқаны белгілі. Әдеби зерттеу мен роман-эпопея арқылы М.Әуезов бұл істі өмірінің сонына дейін абыраймен атқарып, бұл дәүірді Абайды танытумен өткізді.

Әлихан Бекейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы бастап берген Алаш әдебиеттануының аманатын Мұхтар Әуезов «Абай жолын» жазу арқылы советтік-тоталитарлық жүйе кезінде абыраймен орынданап шықты.

«Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі (тарихи-әдеби сын)» 1922 жылы (№ 2, 3) «Шолпан» журнальда және 1923 жылы (№ 4, 5) жарияланған. Әдебиеттің басты міндеті – заманын бейнелеуі, оның көnlі мен күйін көріп, сезіне білуі. М.Әуезов ұсынған қазақ әдебиетті дәуірлеу мәселесі осылай анғарылған. Бұл әдебиетті қазақша танытудың үлгісі ғана емес. М.Әуезов әдеби сөзді нақты талдау арқылы сөздің ішкі мазмұны мен шерін сезініп, заманды бейнелеуді көре білуді осылай үлгі етіп көрсетіп береді.

Бұл бөлімде XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің хал-ахуалы сөз етілген. «Орыс жазушыларының айтуы бойынша, – дейді М.Әуезов, – қазақ ауыз әдебиеті «бай, өрнекті, түрі, тарауы көп кестелі, қысқасынан айтқанда, қазақтың даласы секілді кен, келешегі көрікті үлкен, жалпы түрік әдебиетінің ішінде үлкен өріс алатын әдебиет секілді көрінеді. Бірақ осы жазушылардың айтуына қарағанда, жазба әдебиетіміз әлі іргесі нығаймаған, беті анықталып ашылмаған, белгілі түрге түсіп қалыптанбаған майысқақ, сынғақ әдебиет деп саналғандай» (1: 223). Осы мәселеге қазақ әдебиешілері қалай қарайды? – деген сауал көтереді М.Әуезов. Ескіден қалған мұрага жаңа әдебиеттану қалай қарайды? Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет қалай ажыратылады? Ескі әдебиетке қалай қарau жөн? Осыған орай былай делінген: «Бірақ өткен күннің әдебиетін еске түсіргенде, ескіліктен сол белгіні қалдырып кеткен адамды ойлағанда, айтылған өлең, жыр, тақпак, мәтелдердің ауыздан шыққан кезін ойлағанда, бәріміз де өткен күннің өнеріне ішімізден бас игендей боламыз, сөзі қалған кісінің атын құрметпен атағандай боламыз.

Сөзінен туатын мағынасын, ішіндегі қайратты рухы, сыртындағы кестесі мен келісімі өзін еріксіз еліткендей болды. Біз

Айгүл ICIMAКОВА

ескі әдебиетімізді сүйеміз, суюіміз дәлелсіз емес. Құрметтейміз, құрметіміз орынсыз емес. Себебі, әдебиетімізде өзге көп жүрттың ауызша әдебиетінде жоқ нәрселер табылып отыр. Ауызша әдебиет бір заманда тәртіпті жазба әдебиеттің қызметін атқарғандығы білініп отыр. Сол міндеттің үққандықтан ауызша әдебиет өз ерісін кеңейтіп әкеткенін көріп отырмыз. Сол ескі сөздің ішінде ескі қазақ өмірінің әрбір дәуірі, әрбір мезгілі және әрбір жеке-жеке суреттері де айтылған. Мұның үстіне, жазба әдебиетте классические произведениялерде кездесетін ұлгілі мінездер – типтер, ел ішінде айрықша таптардың өзгеше психологиясы да дәл айтылған жерлері бар. Бұл бәрі құрғақ сөз болмас үшін төмендегіше дәлелдерді көрсетпекшімін» (1: 223–224).

М.Әуезовтің осы үзіндіде келтірілген әдеби түсініктепі – бүтінгі әдебиеттанудың басты іргелі категориялары.

М.Әуезов «Қазақ өміріндегі» бақташылық салтты көрсететін атақты «Қозы Қөрпеш – Баян» өлеңін талдаған. Онда былай деділінген: «Мұнда бақташылықтан (отрицательная черта) «тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да, үйінде сілкіп салар сырмағы жоқ» Қарабайдың мінезінен көрінеді. Қарабайдың мінезі, әдеті, өміріндегі мақсаты өлеңнен бастан-аяқ көрінеді. Қарабай – Пушкиннің Скупой Рыцарының казактағы айқын тұрған типі. Бұған қарсы қойылған сол өлеңдегі байдың ұлгілісі, мінездісі Сарыбай. Бұл да өлеңде бүтін адам болып көрінеді» (1: 224). Әдебиетші тексті мен тексіздер аражігін осылай ажыратып берген. Және олар біріне-бірі қарсы қойылуымен ерекшелене түскені аңғарылған.

Қазақ әдебиетінің арнағы түрі ретінде батырлар өлеңі сөз болған. Олар әдебиетте қалай бейнеленген? Несімен ерекше? «Қазақ батырлары бәрі бір қалыпқа соққандай, барған жерін қырып келіп, жойып келетін, үнемі жолы болып отыратын, хазірет Әли Сейітбатталша батыр емес, Бұларда қазақ мінезі бар деуге болады. Қазақ батырларындағы мақсат – алдыменен қанышыл болу. Бұның мысалы: Қобыланды. Ер Тарғын, Қобыланды – атаны, руды, туысты бел қылған батыр...

...Екінші, мұның қарсысындағы – Ер Тарғын. Бұл – қазақтың бірлігі кетіп, азған заманының батыры. Арысы – мұсылман, берісі қазақ ішінен жау тауып, үйитқы бұзған, шепті жарып, шенбер бұзған батыр. Сондықтан мұның жолы болмайды. Қазақтың жай шылбыр мінезді салғырт батыры: Атадан кескекті тұған аюмын – Кескілеспей басылман. Кілегей кара бұлдытпын – Кенет жаумай ашылман... Әуелі туысынан бастап сөйлейтін тәкаппар, нағыз қазақ бұл сөзінен

Алаш әдебиеттандырылған

көрінеді. Қазақ батырының барлығының жайынан айтатын сөз. Бәрі де – өзге батырлығынан бұрын әуелі рухын батырлыққа айналдырыған салқынқанды, дene қайратынан да жан қайратын артық бағалаған батырлар» (1: 224–225).

Күні бүгін айтылып келе жатқан батырлар тұлғалары осылай анықталып берілген. «Батырлық» деген ұғым қандай сипаттардан тұрады? Қара білек күші ғана емес, ерекше парасаттылықты қажет ететін кесіп осылай анықталған. Әуезов айтқан «рухын батырлыққа айналдырыған, дene қайратынан да жан қайраты артық» болған қазақ батырының текті тұлғасын Алаш әдебиетшісі осылай сұрыптаған. Қазақ әдебиетінің ірі, текті екенін М.Әуезов осы ретте анықтап берген: «Біздің әдебиеттің бізге сүйкімді жерлері осындай ірі жерлерінде, ірі қалпымен, өзге жұрттықіне ұқсамай, таза қазақтікі болып шығатындығында. Біздің ауызша әдебиеттің бұдан басқа тұрлеріне, ұсақ тарауларына келгенде, алдымыздан көзді қуантып, жайнап шығатын асыл тас сияқты қымбатты бұйымдары басқа жерде де бар. Сол ауызша әдебиетте қарасөзben айтылатын анқаулықтың иісі анқыған қарапайым ертегімен қатар Сарыарқаның «қақ көде малға шүйгін шебі, кір жуып, кіндік кескен жері, көлеңкелі ағашы, қоңыр желіне» шейін шеберліктің орамына кіргенін көреміз: Тайлақтың енді аман бол, қалған елі, Арқаның сен де аман бол, қоңыр желі...

Нәзік сезімді әйел заты Ай, Тансықтың аузына туған елі, өскен жерімен қоштасарда, ел қиялдының салған сөзі – осылар. Қазақ даласында ақындықтың тәтті сұлулығынан қой баққан қотыр тайлы тазша бала, жар басында жарты лашықтағы сақау қатынға шейін күр қалмағандықтан, ел еркесі батыр да, жұрт тұрғысы бір тере де күр болмаған. Сондықтан өлеңмен айтқан билік, жырмен айтқан өсиет, тақпакпен айтқан дау бір кезде «татуды араз, жақынды жат қылуга» жараса, бір кезде іріген елді біріктіріп, іріткішінің шіріген сезін сағ қылуга жараган. Хан, қара, би, төре, аламанышыл батыр, жетекшіл қарашы – бәрі де айырмасыз кестелі, сырлы сөздің қадірін білімге ұстартып, зейіні ашылған европеецтен кем білмеген» (1: 226).

«Ел еркесі – батыр» қандай істерімен танылған? Неге қазақ өлеңмен айтқан билікке тоқтаған? Ата-бабамыз өсиетті неге жырмен айтқан? Дауды қалай тоқтата білген? Дала мәдениеті кестелі, сырлы сөздің қадірін білімге қалай ұстартқан? Осының бәрін М.Әуезов айғақтап берген.

Әдебиеттің, өлеңнің адам өміріндегі орны да қазақша нақтыланған: «Ескі қазақ баласы, шынында, туған жерде өлеңмен қарсы

Айгүл ІСІМАКОВА

алынып, өлеңмен шыгарып салынатын болған. Бұл қазақ рухына анық сіңген мінез еді. Сондықтан қазақтан шыққан тұ ұстар адамдардың бәрі де өмірінде кез келген ірі істердің бәрінің жасынан ақын рухы мінген тұлпары – өлеңменен жедіртіп откенге үқсайды.

Ол замандағы қазақтың өміріндегі кез келетін қызын асу, тар кезеңде жорыққа аттанаңып, жасанған жаудың қарсысына бару болса, Абылайдың үлкен согысының біріне бара жатып, керей Жәнібектің өзіне берген батасы мынау: *Құрулы мылтыққа жолықтыр, Құрсаулы жауга жолықтыр, Ел сасқандай, Етек басқандай, Абылайдың сарт... ашқандай күнге жолықтыр, – деген. Бұл асай қанды батыр, тайгақ кешу, тар жолда еліне еңбек сіңіруді қиял қылған елшіл аламан сөзі»* (1: 226). Осы ретте М.Әуезов Абылайдың өлім халінде жатқанда Бұқар жырлаған бейнесін талдаған: *Абылай өлім халінде жатқанда айтқан Бұқар жырау сөзі мынау: Қалыңсыз қатын құштырган, ханым-ай, Қайырусыз жылқы бақтырган, ханым-ай. Үш жұздің баласынан үш кісі айтсам, Қалар да ма екен, жасын-ай?!*

Осы бір ауыз өлеңдегі мағына қанша? Мұнда – Абылайдың жауынгерлігі, жолы болып, кезенген жауын көп жеңгендігі, ел билеуге шеберлігі, тентек бұзықты тыя білгендігі, ел ішіне тыныштық орнатқандығы; сол үшін үш жұздің баласының оған деген тілегі, құрметі түгел көрінбей мे? Аз сөзде көп мағына осыдан артық бола ма? Әр адамның өз басына кез келетін қызын құн – өлім күні болса, оны да өлеңмен қарсы алып және өлім халінә лайықты зарлы сарынмен ән шыгарып кеткен адамдар біреу ғана емес» (1: 226–227).

Откенге өзіміз үшін қараша – мәдениет пен тектілік белгісі екені де ерекше анғарылған: «*Rac, откен күннің әдебиеті біздің суюімізді тілемейді. Суюімізben семірмейді де, түрленбейді. Жек көруімізben жогалып та кетпейді. Есқи әдебиеттің түрлерін білу, бетін үзу, ағымына түсіну – біздің өзіміз үшін керек. Бүгінгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз дегенде, жалпы қазақ әдебиеттіңің откен күнін, бүгінгі қалтын һәм келешегін де түгел түсіну керек. Сонда ғана әрбір жазушы хақиқатқа жақын сойлеуі де мүмкін*» (1: 227). Яғни хақиқатты таныту – әдебиеттің басты міндеті. Бұл туралы Эуезов тұра Байтұрсынұлыша айтқан.

Қазақ жазба әдебиеті туралы да арнайы ғылыми сараптама берілген. Осы ретте «жазба әдебиет тек Абайдан басталады» деген дұрыс түсінік емес екенін ашық айтқан: «Бұл пікір суретті художественная литература ретінде қарағанда дұрыс болса да.

Алаш әдебиеттандыру

Әдебиет тарихының ретімен қарасақ, үлкен адасқандық болады. Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке көбінесе, дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды.

Наурызбай мен Тілеуқабактың қызының айтысуы. Біржан мен Сараның айтысуы бір жағынан, ауызша әдебиетке кірсе, бір жағынан, жартылап келіп жазба әдебиетке кіреді. Терінде қазақтағы айтыс өлеңдер – өзге жүрттың әдебиетінде кез келмейтін, біздін әдебиеттің байлығына дәлел болған айрықша бір түр.

Айтыс өлеңдердің ерте күндегілері ауызша әдебиетке кірсе де, бергі замандағы айтыстың ішінен ұзак әңгіме тудыратын Наурызбай мен Біржан – Сара сияқтылары жазба әдебиетке кіреді. Екі кісінің айтысуынан немесе екі кісінің жайынан туатын әңгімелер ертерек уақытта ағылшын әдебиетінде Грандисон, Ричардсон, Достоевскийдің уақыттарында туған. Орыстардың «Бедные люди» деген кітабында бар. Мұндай әңгімелерді әпистолярный роман деп атаған. Біздің айтыстардың көбі әпистолярный роман түріндегі өлеңдер. Сондықтан жазба әдебиеттің әуелгі басына бұл өлеңдер кіруі тиіс. Одан беріде жазба әдебиеттің өз міндеттін ұға бастап, қазақ тұрмысындағы кем-кетікті қолға ала бастағаны да Абайдан бұрын басталады. Бұл жағынан қарағанда, Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай. Алтынсарин, Мәшіхұр Жұсіп, һәм Нарманбеттерді алу керек» (1: 228).

Көшпелі дәүір қазақ тұрмысында қандай әлеуметтік мәселелерді койды? «Дала эстетикасы» деген ұғым нені қамтиды? Қазақтың діні мен тілі қандай халге түсті? Ол туралы: «Қазақты патша саясаты билеп алған, қол-аяғын байлап, бағындырып алған, жерін алып, өзінің төрелерін қазаққа ұлық қыла бастаған отаршылдық әрекетін күшайте бастаған, дінінен айыра бастаған уақытына келеді.

Сыртқы өмірдің осы сияқты себептерінен қазақтың ойына уайым араласқан, көnlі жабығып, қайғы басқан, сөзінен, елецинен, әнінен бұрынғы билік, еркелік, еркіндіктің бері де арыла бастап, оның орнын арман, зар-шер, қайғы басқан. Сондықтан әдебиеттегі көшпелі дәүір де осындай мұнды күйден құралған. Осы ретпен қарағанда, Шортанбай жазған «Зар заман» – әдебиеттегі, тарихтағы көшпелі дәүірдің зор айнасы. Бұл өлеңнің ішінде қазақ тұрмысына жанасқан кемшиліктің айтылмағаны жоқ деуге болады. Патша ұлығынан бастап, қазақтың өз ішіндегі берекесіздігі, бұрынғы мінезден айырылып бара жатқандығы, дінін жогалтып, жастарының азып бара жатқандығы, – барлығы да зарлы сарынмен айтылып

өтеді...» (1: 228–229). «Сыртқы саясаттың қазақтың ішкі өмірінің сынын сындырғаны, оның тектілі дәстүрден айырылуы осылай анықталған. Дінінен күшпен айырылған елдің мұны асыл сөзде бейнеленген», – дейді М.Әуезов.

Ыбырай Алтынсарин өлеңдері де осы түрғыдан талданған. Оның басқалардан ерекшелігі: «Бірақ мұнда алдыңғылар сияқты шексіз уайым болса, сонымен араласқан жалпы дерптек ем іздеудің талабы да бар. «Аурудың емі мынау» деп, ашып айтып, бір нәрсені шешіп бермесе де, бірде дінді, бірде оқуды, бірде таза адамшылықты ем қылып ұсына бастаған – Алтынсарин» (1: 229).

Көшпелі әдебиеттің басты сипаты былай тұжырымдалған: «Көшпелі дәуірдегі ақындардың бәрінін жайынан айтатын сөз – бұлар – өз заманының бел баласы. Олардың заманы – қараңғыда сипалап сенделудің, қиналудың заманы. Ел дертіне не нәрсенің ем екенін білмей, бірі дінді, бірі ескілікті жақтап, бірі орыс ұлығын жамандап, бірі қазақты жамандап, түпкі дергі таба алмай жалпақ аласқан заман» (1: 229). Осыған орай айтылған М.Әуезовтің «религиозный мистицизм» деуі де заман талабына берілген қолдаушылық. Қазақтың көшпелі дәуірі осылай бейнеленген. «Бірақ ол дәуірдің ақындары жазба әдебиеттің басы екендігі даусыз. Себебі бұлардың өлеңінде ел тұрмысының бұрынғы айтылып жүрген жалғыз қызығы мен желігінен баска, тұрмыстағы негізгі дерпт, негізгі себептер айтыла бастаған. Ел күндеңі өмірі, күндеңі сезімі, күндеңі ойыменен әдебиет шеңберінің ішіне кіре бастаған» (1: 229). Әдебиеттің дамуындағы заттың әлемді менгеру кезін М.Әуезов осылай айғақтап берген (М.Бахтин, А.Чудаков).

Осы еңбекте Абай шығармашылығы туралы да нақты ғылыми тұжырым берілген: «Абайды әдебиеттің басшысы дегенде, осындай кейінгі дәуірді еске алып айтамыз. Қазақ әдебиетіне Абай кіргізген жаңалық көп. Абай – қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы; теренге сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне үлгі, өрнек берген, түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан – Абай. Ол қазақтың ішінен окушы тапкан.

Әдебиетке, өлең-жырға бұрыннан орнаған теріс пікір, теріс ұғымның бәрін жоғалтып, жұрттың ойын тәрбиелеген.

Бұдан соңғы бір үлкен қызметі – қырдағы қалың қазаққа Еуропа мәдениетінің есігін ашқан. Орыстың Пушкин, Лермонтов, Крыловтарын қазаққа таныстыруышы – Абай. Мәдениетті жұрттың ысылған тілімен айтқан тәтті күй, нәзік сезімдерін Абай қазақтың дүкен көрмеген жалпақ тілімен өзіндей тәтті қылып, сезімді қылып

Алаш әдебиеттануы

айтып берген. Сондықтан Абай қазақ оқушысының ойымен қатар сезімін де тәрбиелеген. Қазақтың тіліне Абайдың сіңірген еңбегінің арқасында, бұл тілдің барлық байлығы, орамдылығы, өрнектілігі табылған.

Абайдың барлық өлеңі – қазақтың сол күшті тілінің ішінен туған асыл құрыш; қырдағы қалың қазақтың осы күнге шейін сөйлем жүрген жалпақ тілінің жемісі, соның сыры мен сымбатын көрсететін айнасы. Бұл – Абайдың қазақ тіліне істеген қызметі» (1: 229–230).

Классик ақынның әдеби тілді дамытып, классикалық өнегелі жазу түрін стилін қалыптастырғаны осылай бағаланған. Себебі, Абай қазақ «өлеңіне үлгі, өрнек берген, түрін көбейткен, қалыбын молайтқан» – жаңр мен стильді дамытқан.

Абай өлеңінің ерекше мазмұны туралы Алаш әдебиетшісі былай дейді: «*Абайдың өлеңін ішіндегі мағынасы мен беттеген базыты жасынан қараганда, көшпелі дәуірдің өлеңдерінен айырылатын жері – мұнда сүлдері құрыған зар да, әлі құрыған уайым да жоқ, оның орнында қазақ өмірінің кем-кетігін түсінген көзі ашиқтық бар, дәлдеп ауруын тауып, емін айтқан ширақтық бар. Бұрынғыдан әр нәрсені ем көрген далбасалықтың орнына, Абай қазақтың жасасына білім жарығына ұмтыл дейді, көрісіне малды дұрыстап бақ дейді, атқа мінген жақсыларына елді іріткіге салмай, адап еңбек қыл, қарызыңды атқар дейді. Қазақтың өміріндегі кемшіліктің қайсысынан болса да, Абай өз емін айтқан кеткен*» (1: 230). Бұл – Абайдың басты тақырыптары.

Әдебиеттің міндеті қандай деген сауалға да Абаймен жауап берілген: «*Әдебиеттің зор міндетінің бірі – елдің мінезін түзеу деп білгендейткен. Абай ел ішіндегі көпшіліктің мінезін өлеңменен суреттеп, белгілі типтерді де көрсеткен. «Мәз болады болысың». «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ», «Болыс болдым, мінеки!» деген өлеңінің бәрінде де қырдағы әрбір таптың адамдарының мінезін сипаттаған. Абай өлеңінде кездесетін мұғ мен зар болса, ол бұрынғы зардың сарқыты емес, өз жүргегіндегі сырын айтқан сыршылдықтың сарыны. Бұл да – Абай өлеңіндегі жаңа түрдің бірі*» (1: 230–231). Абай сөзінің алдыңғылардан ерекшелігі стиль дәрежесінде осылай анық аңғарылған.

Абай реализм өкілі екені, оның жаңа бағыт ашқаны сөз етіледі: «Сондықтан өлеңді бастағанда ескіліктің ақындарымен арбасудан бастайды. Рас, олармен ұрысу Абайдың қатасы шығар, өзін тапқан енесін тепкенге ұқсар-ақ. Бірақ ол ұрысу ескіліктің бетіне қанағаттанбай, жаңадан бет іздеудің белгісі болатын. Сондықтан

Айгүл ІСІМАҚОВА

ол қатасы Абайға кешіріледі. Абайдан басталған сол реализмнің сарыны қазақ әдебиетіне осы күнге шейін жол болып келе жатыр. Рас, бұл жолда кейде бір ағым күшейіп, кейде жалпақ жарысқа ұқсап, бытыраңқылық күшейіп жүрген мезгілдер бар. Бірақ негізгі сарынға келгенде, қазақ өміріне тез боламын деген әдісіне, айласына келгенде, қазақ әдебиеті Абай салған жолдан көп ұзап, өзгеріп кете койған жок» (1: 231). Міржақып Дулатұлы. Магжан Жұмабай пен Жүсіпбек Аймауытұлы айтқан Абай ғасырын Әуезов те осылай қолдаған.

М.Әуезов Абайдан кейінгі құбылыс ретінде «Қазақ» газеті туралы мағлұмат берген: «Қазақ» газетінің мезгілі әдебиетке ұлтшылдық туын көтерген мезгілмен тұстас. Ол уақыт қазақ жұрты 1905 жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұфып, емін біліп, енді қазакты оятып, қүшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп, талап қыла бастаған уақытына келеді.

Сондықтан бұл уақыттағы іс пен сөзде тығыз қамның, асырудың ретінде бұдан өзгенің бәрін қоя тұрып, бір саясат әңгімесіне жұмылудың, жалғыз соған ғана үнілудің қалпында өтті...» (1: 231). «Қазақ» газетінің бетіндегі саяси бағыт пенен тұтынған жол да осы ретпен жүрді. Жазылған ұсақ өлеңдер, әңгімелер, барлық макалалардың бәрі де қазакты үйқыдан ояту, сергіту, қүшін біріктіру, оқығандарын тұзу жолға салу, соларға басшы болу, қазақ ісіне көз-құлақ болуға арналған. Бұл тұтанған жолда «Қазақ» газеті өз міндетін атқарады. Бірақ таза әдебиет көзімен қарағанда, «Қазақ» газетінің заманында қазақ әдебиеті бөлекше түр тауып, өркендер кетіп еді деп айтуға болмайды. Затында тарихпен салыстырғанда, әдебиет саясат жүзіндегі біrbеткей жұмылудың заманында көп жаңа түр тауып кете алмайды. Жаңа түр өзге жұрттың ізіне қарағанда, тұрмыс жүзіндегі қызы-жықылықтың, брожениенің мезгілінде көп тудады. Сондықтан ол күндегі өте жас әдебиетте жаңа түрлерді іздеу де болған жок», – дейді М.Әуезов (1: 232).

«Абай» журналы да осы тұрғыдан сипатталған. Өз замана әдебиеті туралы былай делінген: «Бірақ бұл жылдардың жаңалығы әдебиеттің беті өзгермесе де, түрі көбейе бастады. Қазақ тілінде пьесалар, әңгімелер жазыла бастады. Аз уақыт шығып тұрса да, ғылыми, әдеби журнал болып, «Абай» журналы азын-аулақ түр шығарды. Өзгерістің алғашқы жылдарындағы әдебиет калпы осы болды. Жазба әдебиеттің Абайдан бергі дәуірін алғанда, жолын өзгертертін жаңалық соңғы жылдарда туып келеді» (1: 232).

Алаш әдебиеттануы

Жаңа әдебиет, жаңа сапа туралы да нақты мағлұмат берілген: «Ол жаңалық – жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік, сыршылдық (романтизм) дәүірі. Бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері қарай келе жатқан реализм сарыны көбінесе құрғақ ой, жадағай сез (рассуждение) күйі осы күнде терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді... Бұдан басқа сезім жағына көбірек көз салған бірен-саран пьесалары да, соңғы жылдардың кішілеу әңгімелері де бар. Жаңа басталып келе жатқан әдебиет дәүірінің бұл сияқты жұрнақтарында, көбінесе құлакқа ілінетін күй – сезім күйі. Бұлардың ішінде тіршіліктің суреті, әңгімесі аз болса да, ішкі өмірдің сырлы көп, адамды өз ішіне үңілтетін мұн мен шердің сарыны бар. Сыршылдық дәүірі, қай жұрттың болса да әуелгі кезде ескі өртегідегі жын, пері, жалмауыз, жестырнақ сияқты жаратылышы тұманды, қарангы заттарды жыр қылумен басталған. Қазақта да осының белгісі көрініп отыр.

Қазақ әдебиетінің бұл күнге шейін жүріп келген жолына қарағанда жаңа дәүір, жаңа үлгінің туатын кезі жеткендей. Жазба әдебиеттің жаңадан түбір тауып, ауданын кеңейтіп, келесі өрнекті дәүірге қарай аяқ басуы осы белгілерден басталса керек.

Қазақ әдебиетінің бұл дәүірі буыны бекіп, қатарға кірерлік әдебиет болғандығын көрсететін сыршылдық-романтизм дәүірі болады. Бұл арада біздің әдебиеттің өткен күні туралы айтылатын бір сез: Абайдан бергі дәүірді орыстың реализм дәүіріндей, толық реализм дәүірі деп айтпаймыз. Ол уақыт қазақ әдебиетінің аяғын апылтапыл басып келе жатқан кезі болғандықтан, толық реализм шартын көрсеткен жок» (1: 232–233). М.Әуезов әдебиетті сез еткенде, оның кәсіби тілімен сөйлеуін яғни нақты сипаттарын анықтап, бізге үлгі етіп берген.

Жаңа әдебиетке де М.Әуезов нақты ескертпе берген: «Біздің ескі әдебиеттен қалған көп сарын, кең ауданың бәрі де жазба әдебиетке келіп, тартылып, азайып отыр. Жазба әдебиет бірбеткейліктен арылса, жаңа арылайын деп, жаңа ғана қайтадан тарауланып, ауданын кеңейтейін деп отыр. Болмаса ауызша әдебиет жасаған құлдіргі тип – Қодарды, қайғылы (трагический) геройлардың типі – Қозы Қөрпеш – Баянды, елдің зар-мұнның тілшісі – Асанқайғыны, еркелік-серкеліктің типі – Ақан серіні жазба әдебиет жасады ма? Әлі жасаған жок. Бұларды айрықша жан деп (тип деп) ұға білген қазақ кейінгіні де ұға алады, ұқпак түгіл өміріне үлгі қылыш еліктеуге жарайды.

Ел ішіндегі бозбала Біржанның ақындығы мен салдығына,

Айгүл ІСІМАҚОВА

Ақанның серілігіне елікtesе, батагей қария Асанқайғының қайғысына елікtesе, далада еркін өскен ерке қыз Сараның салдығы мен айтыс құмарлығына еліktese, бұл еліктеудің Чайльд-Гарольдке, Печоринге еліктеген орыс жастарының мінезінен қай жері кем? Әдебиеттің қазақ мінезін түзеп, басшы болуына мүмкін екендігі осы белгілерден білінбей ме» (1: 233–234). Әдебиеттің «мінез түзейтін» басты міндеті осылай ескертілген. Әдебиет өзі үшін емес, елдің пейілін, қамын, көңіл қүйін түзеуге арналған сала екені осылай айғақтала түседі.

Осы мақала соңында М.Әуезов бүгін де қажетті ғылыми ойды алға тартқан: «Қазақ әдебиетінің ішіне қазақ өмірін түгел суретімен алып кіру – әдебиеттің ендігі міндеті. Бұл күнге шейін біз саяз жүзіп жүргіміз. Қазақ әдебиеті өмірінің бетіндегі қаймағын жсалап жүр. Бұрынғы әдебиеттің ішіне тазша бала менен жсалышы сақтау қатын да кірген болса, бүгінгі әдебиетке қалпақ киген, оқығаннан бастап, қой жайып жүрген қоishiыга шейін кіруге тиіс. Әдебиет сол кунде гана өмір айнасы, өмір тезі болуга мүмкін» (1922–1923) (1: 234). Әдебиет «өмір айнасы, өмір тезі» екені осылай айқындалған.

М.Әуезовтің әдебиетті танытатын бұл ойлары XX ғасырда толығымен іске асты деу киын. Себебі, бұл «Әдебиет тарихы» да саяси тыйым салынған кітаптар тізімінде болған. М.Әуезов бұл кітаппен ғана шектеліп қалмаған. Оның әдебиеттанулық еңбектері туралы М.Мырзахметұлы былай деген: «М.Әуезов «Әдебиет тарихы» жайлы жалпы қазақ әдебиеті тарихының алғашқы соқпағын салған окулығын жазумен тоқталып калған жоқ. Артынша осы мақсатқа орай «Новый аул» (1929), «Жеткіншек» (1930), «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы» (1933), «Әдебиет хрестоматиясы» (1937) және бұларды оқыту туралы методикалық нұсқау хаттарын жариялады» (1: 238).

«Әдебиет тарихы» тек 1991 жылы ғана қайта басылған. Бұл еңбек тек тұңғыш окулық қана емес, қазақ әдебиеті тарихы туралы кәсіби ғылыми маңызды құнды зерттеу. М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» тәуелсіз әдебиеттанудың қазығы болып табылуының сырды да осыдан.

Қазақ әдебиеттану ғылыми анықтагандай, Мұхтар Әуезов Сәкен Сейфуллинмен қатар ахметтанудың негізін салып берген әдебиетші. 1992 жылы ғана қайта жарияланған «Ахаңның елу жылдық тойы» атты зерттеу-баяндамасы осыған айғақ болды. Бұл зерттеу Тәуелсіздік кездегі ахметтанудың негізгі ұстанымдары болып табылады.

Алаш әдебиеттануы

АХАҢНЫң ЕЛУ ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫ

М.О.Әуезов:

Қазақ жүртynың өткен күндеріне көз салғанда, оқыған азаматтарының артынан ерген күндері аз да болса мағыналырақ, тәуір күндерінің бірі деп саналады.

Сол оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі болған Ахана арналған тұңғыш той – ой ойлаған қазақ баласының журегіне жылы тиетін қуанышты ісінің бірі. Әркімнің қалғыған сезімін оятып, өткен күндерін есіне түсіретін көп істің ішіндегі ірісі.

Ахаңның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері бәріміздің де есімізде. Кешегі күні окушы болып, соның тәрбиесінде жүрген күндерімізді көз алдымызға елестетеді. Ахаңның қазақ окушысының ойы мен пікірін тәрбиелеген заманнан бір ай ұзағамыз жоқ. Кешегі күндерге шейін бәріміз де жетегінде келгенбіз.

Қаламынан туған өсietі, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы үкіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға сінірген пікірі әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді.

«Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отыrsa, кейінгі жас буын Ахан салған өрнекті біліп, Ахан ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ахаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Истеген ісімен өзіне орнатылған – мәнгілік ескерткіш.

Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ахан сөйлегенде, менің есіме «Қазақ» газетінің әндегі түседі. Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жүртyn әлсіретіп, «Кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызыға мас қылып», елдігін жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік, көмексі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзіне де елестегендей еді.

Сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер, қауіптің пішінін айқын қылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін тұзу жолға беттеткендей болушы еді. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын жол «мұндалап», жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын.

Айгүл ІСІМАҚОВА

Бетен қалада қыр есіне тұсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті аулынан келген сәлемдемедей болатын. Ел басына келген бәлениң атын білмей, тұсін танымаса да, елі мінген еспесі жоқ қайықты теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйының бар екенін оқып жүрген бала да сезетүғын. «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына» түгелімен ой тұсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне кан жүгіртіп, күзгі таның салқын желіндей ширықтырған, етек-женін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ишіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін ұйықтаған қазакты айқайлад оятуға, заман ерік бермеген соң, «маса» болып талай ызындан «оятамын» деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Аханың екпіні болатын. «Қазақ» газетінің сол заманнан бері қарай талай өмірі өткен сияқты. Бұл уақыттың жылдай, саусақпен санағандай аз жыл болса да, болып өткен уақығаларына қарағанда көп, заманға жауап ұратын толқынды заманың бірі (2: 186).

Өзге дүниеде болып жатқан ұлы өзгерісті қоя тұрып, қазактың өзін алғанда, әлденеше тарихшыға еңбек болатын тарихи уақығалар өтіп жатыр. Бұрынғы уақытта қазак баласының есіне келмеген, мағынасы үлкен уақығаның бірі – қазіргі жасалып отырған Аханың 50 жылдық тойы.

Саясат толқынына тұсіп, ойы ашылған, мәдениет жолында аз да болса ілгері басып беті ашылған қазақ жұрты, бұрынғы ауыр күнде басшысы болған азаматының атын құрметпен атағысы келеді. Еркін ойды ойлатпай, ауыздан шыққан сөзді баққан патша заманында қазақ жұрты қайрат қылған еріне арнаулы сөзін айта алмаса, бүтінгі күнде азаматы 50 жасқа келіп, сақал-шашы ағарған күнде өкікті сөзін айта алады.

Аханың атын қазақ даласындағы қазақ баласының естімегені аз шығар!!! Бірақ Аханды туғызған елі жалаң атын естіп қоймай, басынан кешірген өмірін білуге де ынтық болғандықтан, білгепінізше бала күннен бергі өмірін қыскаша қылып айтып өтпекшіміз.

Ахан 1872 жылы Торғай облысы, Торғай уезінде Тосын болысында туған, сүйегі Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергідегі аталары Үмбетейден шыққан Шошак, Ахан Шошактың немересі. Өз әкесінің аты – Байтұрсын. Аханың туып-өскен ауылы қыр қазағының ұғымынша ол кездегі Үмбетейдегі іргелі, аталы ауылдың бірі болған. Оның үстіне белгілі батырдың тұқымы болғандықтан, Ахаңың жақындарының ішінен батырлықты, мықтылықты салт қылған ірі мінезді адамдар көбірек шыққан. Ахаңың әкесі Байтұрсын баласын өзге ағайындары түскен жолға тұсірмей, өнер-

Алаш әдебиеттануы

білім үйретпекші болып, жас кезінде Торғайдағы екі сыныфтық орыс-қазақ школына берген. Сол школда оқып жүріп 13-ке келгенде, әкесі Байтұрсын үкімет алдында «жазықты» кісі болып, Сібірге айдалып кеткен.

Мұның себебі Тосын болысының сайлауына шықкан Торғай уезінің начальнигі «кәрі ояз» Яковлев Үмбетейге бұрыннан көптігін көрсетіп, зорлық қылып жүрген Дәуітбай тобына болысып, соның сезін қостап, бұларға қиянат қылғандықтан, Байтұрсын кәрі оязды сабап басын жарған, Байтұрсынның айдалған себебі осы. Бұл уақыға Ахаңның соңғы кездегі «Анама хат» деген өлеңінде бала күндегі жүргегіне қандай зесер бергендігін көрсетеді: Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, Бітпеген жүргегімде бар бір жарам, – дегені сол күнде әкесі көрген бейнеттен қалған белгісі.

Торғайдағы алғашқы түсken школын жастай бітірген соң тағы ілгері оқуды талап қылып, Ахмет Орынбордағы учительдік школына түсken. Әуелгі школында да һәм соңғы Орынбор школында да сабактас балалардың алды болып, жақсы оқыған. Учительдік школдан 4 жыл оқып, жасы 19-ға келгенде, 1892 жылы оны да бітірген.

Ахаңның тәртіпті мектептен алған барлық окуы осы. Оқу бітірген соң әуелде мақсұт қылған жолымен ел ортасына барып, казақ балаларын оқытпақ ниетімен Ақтөбе уезі Батпакты болысындағы Ахметкерей Қопсыбақовтардың ауылындағы аульный школға барып оқытушы болған. Мұнда біраз уақыт болған соң Қостанай уезінде Әулиекөл деген жерде болыстық школында екінші рет оқытушы болған. Әулиекөлден үшінші рет ауысып барған школы Қостанай қаласының уезіндегі екі сыныфтық орыс-қазақ школы. Бұл айтылған үш школда неше жылдан тұрғаны бізге белгісіз. Жиыны үшеуінде төрт жыл тұрып, 1896 жылы Омбыда, Ақмола, Семей шкодарын басқарып тұрған Алекторовпен хабарласып, Омбыға барған.

Ахаңның Қостанайдан кетуіндегі себептерінің көбі бізге белгісіз, кетуінің бір себебі, қазақтың басқа жерлеріндегі хал-жайын көріп-білу болса керек. Омбыға барып Алекторовпен көрісу Ахаңның кейінгі күндегі адамшылығы мен ісіне екі түрлі әсер берген. Біреуі – Алекторовтың қазақ тұрасындағы отаршылдық саясатының басын біліп, көздел жүрген мақсұтын сезген болар. Атақты Ильминскийдің жолымен қазақтың көзін ашу үшін осы оқу керек деген саясатты тұтынып жүргендігін сөздерімен білдірген Алекторовтың ниетімен жақын келіп танысқан соң, Ахмет қазақ халқының жағдайының ауырлығын үзүп, ел тұрасындағы түкпірлі ойы сол кезде ояна бастаған.

Алекторовпен танысадың екінші әсері – Ахаңның жолы ашылып, пікірі ашылып, бұрынғы білім-өнер жүзіндегі шала білініп,

Айгүл ICИMAКОВА

көмескілеу түсініп жүрген нәрселерін таза білуіне себеп болған. Омбыдан соң аз уақыт тұрған жері – Қарқаралы. Онда 1896 жылдан бастап 1907 жылға шейін тұрған. Қарқаралыда әуелде сыныптық орыс-қазак школында болып, артынан городское училищеннің оқытушысы болған.

Қарқаралыда тұрғандағы соңғы 4 жыл Ахаңың саясат ісіне белсene кіріспін жазуымен де, ісімен де бой көрсеткен кезі, сол мезгілде 1905 жылдың өзгерісі болған қазақтың Мәскеуден келген бірнешаран студенті, басқа қалаларда оқып жүрген жастары һем ескіліктен келе жатқан пікірі тұзу үлкендерінің арасына өзгеріс рухы жайылып, қазақтың елдігін сөйлей бастаған кездері сол мезгіл болатын. 1905 жылы Қарқаралыда Ахаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке казақ халқының атынан петиция (арызтілек) жіберген, ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші – жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған; екінші, қазақ жүртіна земство беруді сұраған; үшінші, отаршылдардың орыс қылмак саясатынан құтылу үшін ол құннің құралы барлық мұсылман жүртіның қосылуында болғандықтан, қазақ жүртін муфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол қундегі ой ойлаған қазақ баласының дерпті мәселесі осылар болғандықтан, Ахандар бастаған іске қыр қазақтың ішінде тілеулем кіслер көп шыққан. Қөпшіліктің оянуына себепші болған. Сол жылдардан кейін бас қосқан жиында, жазысқан хатта, онашада болған әңгімеде «ел камы», «ел мұны» деген сөздер Ахаңың аузынан кетпейтін сөзі болған. Елшілдік ұранын салып, агитацияның ауданын кеңейтіп, ел ішіне арманды сөздерін жая бастаған. Сол жылдардың ішінде белгілі «Қырық мысал» жазылған. Қалың қазақ жүртіның алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі «Қырық мысал» болатын. Бұдан кейін Аханың атағы жайылып, елдін шын қамқоры екендігі екінін біріне мәлім бола бастаған. Бірақ сол кезде төңкерістің құн бітіп, патшаның жауыз үкіметі қайта күшейіп, елшілдерге құғын жасап, қысымшылдық жасайтын қанды құндері қайта туған. Қазақ ішінен ежелден елді ұмытып, адамшылық қарызын шенді-шекпенге сатқан құзғын сияқты тілмаштары, өзімшіл надан болыстары бірнешарандап бас көтерген. Қаранғы үйді бинат қылған «сабаздарға» жем айыратын жер табылған. Олар «Қырық мысалдың» өлеңдерін перевод қылып, 1905 жылдағы петиция берген адамның бәрінін атын жиып, үстінен белгілі доностарын жүргізе бастаған. Бұлардың бейнеті көпке созылмай-ақ, құнде еңбегі жанған. Қазақтың өзгеріс уақытында түзелуді ойлад, тұра бетпен жүрген азаматтарының бәрі де үкіметтің қырын қабағына ілініп, абақтыға түсе бастаған.

Алаш әдебиеттануы

Сол доностың арқасында 1907 жылы Қарқаралы қаласында Аханды бір жолдасымен абақтыға салған. Қарқаралы тұтқынында аз уақыт отырған соң «жазалыларды» Семейге айдаған. 12 жыл өмірін өткізіп, енбекі жанбай айдалып бара жатқанда Ахандың қайылы көңілінен шыққан ауыр сөздің бірі: Қош сау бол, Қарқаралы, жуылмаған, Айдай бер, қалса адамың күлмаған! – деген өлеңінен анық көрінеді. Семейде сегіз ай абақтыда отырған соң бір жарым жылға (административтік ссылкаға) айдау ретімен Орынборға келген. Орынборда сол түрган жылдарындағы әуелгі ниет қылған бетінен тайынбай, бұрынғыдан ашырақ, күштірек тілмен «Масаны» жазған. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны «Маса» болатын. Бұл кітабы шыққан кезде Уфадағы «Фалияд» оқып журген қазақ шәкірттері тырбанып талап қылып, қазақша газет шығармақшы болған. Керекті қаржыны елден жиып, өз орталарынан шығарып, газеттеріне шығарушы болуға Аханды белгілеген.

Қазақтың ол кездегі ерте оянған тобының бірі – «Фалия» шәкірттері еді, солардың талабымен кейінгі уақытта атақты болған «Қазақ» газетіне алғашқы негіз салынған. Ахаң шығарушы болып, «Фалия» шәкірттері көмекші жазушылары болып, Орынбордағы орыс школында жүрген барлық қазақ баласы басқарманың қара жұмысшылары болып, көптеп-көмектеп алғашқы сандарын шығара бастаған. Артынан «Қазақ» нығайып, өзін-өзі алып жүріп кетті.

1917 жылдың төңкерісіне шейін Ахандың уақыты «Қазақ» газетімен бірге өтті. Бұнда да «Қазақтың» сатылған тілмаштары жасаған доностары аз болған жоқ. Өлденеше рет «Қазақты» жаппақ болған, штраф төлеткен, Аханды абақтыға салмақ болған күндері бізге белгілі. Бірақ Ахандың денсаулығын ойлап, халін ұққан жолдастары абақтыға жатқызған жоқ. Үкіметтің тілеген штрафын беріп, босатып алды. 1917 жылдың төңкерісінен бері Ахандың істеп жүрген қызметі, жазып жүрген кітаптары, сөздері жүргіттың көбіне белгілі болғандықтан, одан бергі жайларын көп жазбақшы емеспін. Осы күнде Ахан Орынборда.

Басынан кешкен толқынды күндер сақал-шашына ерте күннен- ақ кіргізіп, бетіне әжім түсірсе де, әзірше дені сау, жас күнінен көnlі сүйген қызметі болғандықтан, Орынбордағы қазақ институтының һәм басқа қазақ баласы оқыған мектептердің оқытушысы болып жүр. Мектептен босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазады.

Бұрынғы оқушыларға белгілі «Тіл құрал», «Оқу құралдарынан» басқа соңғы жылдарда «Әліппе істерін» һәм қазақша жазған. Бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр. Жаңадан алған

Айгүл ІСІМАҚОВА

хабарға қарағанда, былтырдан жазып жүрген «Мәдениет тарихы» деген кітабын осы күнде бітіріпті. Жақында о да басылып шықса керек. Ахаң соңғы жылдардағы уақыттың бәрін қазақтың мектебіне сарып қылып, істеген ісі де, жазған жазуы да соған арналған. Сондықтан бұрынғы уақыттағы жас буынның әлсіз ойын тербеткен, жүрекке жылы тәтті өлеңдерін соңғы жылдары ести алмай жүрміз. Бірақ Аханның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ.

Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге есіп шалқып жатыр. Бұдан 10–15 жыл бұрын: Алаштың Үмбетінің бәрі мәлім. Кім қалды таразыға тартылмаған? – дегенді Ахаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп, Аханың ғана ардақты атын атаймыз. Одан басқа жалпақ елдің сыннына толып, мейірін қандырған кісілері санаулы.


Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, енер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсак та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Оны жүрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды. Сондықтан 50 жылдық тойын істеп отырған қуанышты күнде Ахана біздің айтатын сөзіміз: Ахаң еңбегі жанған жанын бірі. Истеген ісінің жемісі – артынан келе жатқан жастар. Оның арты Ахаң мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы деп санайды.

Қalamынан тамған бал ем болудан айнымайды, әлде болса өмірінің ұзак болып, еңбегінің өнімді болуын тілеуден қазақ баласы қайтпайды (2: 185–191). 1923 жыл.

Алаш ұранына тыйым салынған қыын-қыстау кезеңінің өзінде Мұхтар Әуезов «Абай жолы» концептін орнықтыра алды. Үстаздары – Алаш Арыстарының аманатын совет кезінде іске асырған Мұхтар Әуезовке Алаш ұраны мен ерекше ұлтжандылық сезіммен жазылған әдебиеттанулық еңбектері үшін Алланың разылдығы, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) шапағаты нәсіп болғай!

1. Әуезов М. Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Ана тілі. 1991.
2. Бес арыс. – Алматы: Жалын. 1992.



2.13. АЛАШ АБАЙТАНУЫ

*Жазған сөз жсаным ашып Алашыма;
Алаштың адасқан аз баласына.
Қаннан қан, еткен інім, бауыр жүртүм!
Қараган «Қара таудың» қаласына.*

А.Байтұрсынұлы

Абай 1904 жылы қайтыс болды. 1905 жылы Ресейді дүр сілкіндірген орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы бүкіл империя халықтарының алдыңғы қатарлы зиялышарын үйқыдан оятып, саяси өмірдің жандануына әсер етті. Қазақ зиялышары да осы 1905 жылы өздерін саяси-әлеуметтік күш ретінде тұнғыш рет көрсетті. Алаш зиялышары өз ұлтының басты рухани құндылықтарына бұрылды, Абайды тануды бастады. С.Торайғыров бұл үрдісті былай деп анықтап берді: «Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа, Абайды оқы, таңырқа, басыңды шайқа».

Алаш ғалымдарының яғни алғашқы абаитану туралы еңбектері совет кезінде саналы түрде жасырылды. Ал бұл мұра 1905 жылы Әлихан Бекейханның зерттеуінен басталып, 1924 жылғы «Ақжолдағы» Абай туралы жазылған редакциялық мақалаға дейінгі екі аралықтағы 20 жылдық мерзімдегі авторларымен бірге репрессияға ұшыраған ғылыми мұра ұлы классикті таныту абаитану саласы тек тәуелсіз әдебиеттану ғылымының еншісіне бұйырған екен.

Ол кандай еңбектер? Ең алдымен, Ә.Бекейханның «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты мақаласы (1: 11–20). Мұнда тұнғыш рет Абайдың айналасы, туған ортасы, ата-тегі, негізгі өмірі мен шығармашылығы тұнғыш рет сөз етіледі. Абайдың 13 жасынан өлең жазғаны, 15 жасында экесінің қасында болып, билік ісін менгерे бастауы айтылады. Ә.Бекейхан тұнғыш рет Абай қандай кітаптар оқыды деген сауалға жауап береді: Спенсердің «Тәжірибелерін», Льюистің «Позитивті философиясы», Дрепердің «Еуропаның ақылойының дамуы», Н.Г.Чернышевскийдің «Современниктегі» мақалалары, т.б. Ә.Бекейхан Абайдың аудармаларына да арнайы тоқталған.

Ә.Бекейхан 1904 жылы 14 мамырда Абайдың сүйікті ұлы Магауияның қайтыс болғанын, 40 күннен кейін ақынның өзінің де дүние салғанын айфактайды. Әлихан Бекейхан осы мақалада Абайдың ұлы Тұрағұл ақын шығармаларын жинағаны, оны «стаяу

Айгүл ICIMAKOVA

арада императорлық Ресей географиялық қоғамының Семей бөлімшесі басып шығарды» деген мәлімет береді. Осыншама деректі, әдеби мазмұны мол мақала Абайтану туралы тұнғыш ғылыми зерттеуі болып табылады.

Келесі еңбек «Уақыт» газетінде 1908 жылы жарық көрген. «Ибраһим ибын Құнанбаев» атты мақалада Лермонтовтың «Жалғызық» өлеңі Абай аударуымен жарияланғаны сез етілген. Абай туралы келесі мағлұмат берілген: «Бұл адам – Семипалат облысы, қазақ, нәсілі тобықтыдан еді, Өскенбайдан тараған Құнанбайұлы Ибраһим мырза.

Ибраһим мырза ұлы ақын аталып, бұдан төрт жыл бұрын дүниеден қайтты, 59 жаста еді. Ғылымсыз, қара халық арасында, сахара қазақтары ішінде жалғыз жұлдыздай болып жанып шығып, тілі, окушыларын оятатын өлеңдері оны бүкіл атырапқа машһұр етті. Шығармалары қазақша жазылды. Мейлінше мол еңбектенумен орыс тілін үйреніп, орыс әдебиетіне еркін жетіліп, достасып алды. Өлеңдері есіткеннің жүргегін жігерлендірлерліктей табиғи болып, шығармаларының асыл негізі Лермонтовқа ұндес. Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләззатты, араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымы тұқымды еді. Адамшылық ой-қиялды өте таза, ұлтжанды, елін-жерін сүйген кісі еді. Марқұмның өлеңдері көп болса да, басылғандары жоққа тән еді. Обалы шығармаларын биліп жарыққа шығаруға қайрат етпеген кісілердің басында тұр. Марқұмның сөздерінің бірі: Қуаты оттай бұрқырап, Ұзінге салып тізілген. Жаңбырлы жайдай сарқырап, Қек бұлттан үзілген. Қайран тіл, қайран сез! Наданға қадірсіз (1: 31–32). «Уақыт», 1908.

Келесі еңбек Зейнелгабиден иби Әміре-әл Жауһари ал-Омсакауи «Әдебиет қазақия яки қазақтардың тіл өнері» деп аталған (1: 34). Автор Абайды заманының көркем тілін дамытушылық ісі әрі өлеңшілігі қадірлі екенін ескертеді және ақын өлеңдерін берген.

Алаш абайтануының реті келесіндей: Қәкіттай Ысқақұлы Құнанбаев «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі»; Алексей Белослюдов «Белослюдов қолжазбасынан»; А. Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» («Қазақ». 1913. № 43); Нұр Рамазанов «Абай Құнанбаев» (1845–1904) (Керуен уезінің қазағы. Мақала 1914 жылы «Әлшархият» жинағында Петроградта жарияланған); Міржасақып Дулатов «Абай» («Қазақ». 1914. № 67).

А. Байтұрсынұлы Абай неге қазактың Бас ақыны деген сауалға жауапты келесі сөздерінде берген: «Сөзі аз, магынасы көп, терең,

Алаш әдебиеттануы

Бұрын естімеген адамга шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің магынасына жете алмай қаласың.

Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң сөзінің бәрі де халықта тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларын да сынайды... Заман бұрынғыдан болса, Абай Алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбесіз. Біліммен би болып, жүргт билейтін заман өтіп, таспен би болатын заманга қарсы туган. Білімі көптер жүргт билейтін заманга қарсы туган. Абай жүргт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жүргттың беті малға сұып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген. «Білімнен мал артық болушы ма еді?» деп, Абай жүргттың онисына көнбей таласқан» (1: 57). Абайдың көркемдік элементінің наративі былай нақтыланған: «Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген» (1: 59).

«Жүргт магыналы, маңызды, терең сөзден ғорі магына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп құлаққа дыбысы тиіп, оте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауга құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөзінде көрсетілген. Сол сөзінен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуга не керектігін білетіні де көрініп тұр. Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Магыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне Абай көсем, үлгі шыгарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі улгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шыгармай, орыстан алса да орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік. Абай өлең жақсы болуга керек шарттардың бәрін білген» (1: 59).

Абай мәтіндеріндегі ғибратты хикмет туралы келесіндей пікір берілген: «Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайшылықына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген. Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда: «Мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайшылыққа кемшілігі болар», – деп тайсақтап тартынбаған, хакиқатты хакиқат қалыбында, теренде терең қалыбында жазған. Хакиқатты тануға, теренен сейлеуге бойына біткен зеректігінің үстіне, Абай әртүрлі Еуропа білім иелерінің кітаптарын оқыған» (1: 62).

Айгүл ІСІМАҚОВА

Міржасып Дулатұлы «Абай» мақаласында («Қазақ», 1914, № 67) қазақ әдебиетінің басты рухани Темірқазығы туралы былай деген: «Абай сынды ақынның қадірін білмей – қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды. Себебі, қазақ өзге жүргітпен узеңгі қағысын, тең халық болып жасай алмауы – тарихы, әдебиеті жсоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қыны. Әдебиеті, тарихы жсоқ халықтар басқаларга сіңісіп, жүтілген жсоқ болады. Қай жүргітта болса да жсалты әдебиет жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігендін, қайдан өскенін, атабабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жүргітқа бұл таластартыс, тар заманда арнаулы орын жсоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлардың сондай ескеруіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей.

Соның үшін жиырмасынши гасырдың таңында халқымыздың үйқыдан азырақ бас көтеруі жасас әдебиетіміздің өсуі, белгілі кісілеріміздің тірлігіндегі һәм өлген соң да мәңгі ұмытылмастай болуы – біздің бірінші ескеретін борышымыз. Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайга шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын магынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жсоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол» (1: 71). «Бәлки мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шыгар. Бірақ ең жоғары ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жүлдіз Абай» (1: 72). Сондықтан Міржақып Абайды Ломоносовпен қатар койып, ұлт дүниетанымына қосқан үлесін айқындаң берді.

1921 жылы «Ақжолдың» 19 маусымындағы санында Телжсан Шонанұлының «Абай кітабын бастыру керек» атты мақаласы шыққан. Берніяз Қулеевтің «Абай кітабы басылатын болды» («Ақжол», 1921, 14.IX) мақаласында 1904 жылы Петерборда Бураганский баспаханасында шыққан 125 беттік ақын кітабының тиражы аздығынан қазір жоқтың қасы екені айтылған.

Жұсінбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов «Абайдың өнері һәм қызыметі» («Абай» журналында, 1918) мақаласы «Екеу» деген бүркеншік атпен шыққан. Мақаланың басты ойлары келесі: «Абайдың ең бір артық өзгешелігі – заманының ыңғайына жүрмей, өзінің «өздік» бетін мықты ұстап, ақылға, ақтыққа, көңілдің шабытына билетіп, көз тұндырарлық кемшілік, міннің ортасында туып, ортасында жүріп, үлгілі жерден өрнек алып келген кісідей ашық көзбен қарап, барлық мінді мұлтіксіз суреттеуі – шарықтап

Алаш әдебиеттануы

жүріп, қылт еткенді көретін қырағы қырандай сыйнылдығы. Мұндай сипат Абай бұл жүрген адамдарға ұқсамай, өзгеше зор мақсат үшін келгендейдіне дәлел» (1: 95). Абай мәтіндерінің басты дискурстық ерекшеліктері былай анықталған: «*Абайдың ақындық өнері тар жолды, бірбеткей емес, һәр тараулы, сегіз қырлы. Ол тараулар мынау: мінез тұзетеміндік (ахлақи), тереңнен толгайтындық (фәлсафа), сыйнылдық (критика), суретшілдік (художественность), жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық (лирика), азы тілділік, ызамен күлетіндік (сатира), һәм керемет переводчиктік*

Абай өлеңдеріндегі негізгі тақырыптық концепт былай ай-ғақталған: «Және «*Алла деген сөз жесеіл*» деген сөзі фәлсафамен сәйлейтіндігін көрсетеді. Абайдың басылмаган қарасөздері көп. Сол сөздерінің бәрі терең ойга салып, толғап жазылған. Ахлақ, адамшилық, дін, халықтың мінезі, неше түрлі хақиқаттар туралы жазылған сөздері Абайда фәлсафа қуаты барлығына үлкен дәлел. Абайдың данышпандық белгісі – озі шығарған он алты мақалы бар. Мақалының біреуі: «*Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырыңқи деген*» (1: 97).

«Ақынның жүргегі не нәрсенің болсын жаразтығын, келісімін, сұлудан сұлуын іздейді. Жүргегінің сезімі, көnlінің шабыты билеп, өз бетімен жазып кеткен сөзін «былай неге жазбадың, ахлаққа халәф» деу жол емес. Ол – зорлық. Оның суретшіл көnlіне, жүрек қиялына басқаның мөлшері өлшеу емес. Абайдың бірсыныра өлеңдері жүргегінің сырын, шерін толқытып, қайғымен, мұң-зармен шығады. Мысалы, «*Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?*», «*Ішім өлген, сыртым сау*», «*Жүргім менің қырық жамау*» деген өлеңдері» (1: 98).

Абайдың әдеби тілі туралы: «Бұрын қазақ тілі аса ұстарып, өрнекті келмеген. Қазақ тілін анық түрлеп, өрнектеп, керекке жаратып түзеген – Абай. Бұл бір. Екінші, Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінің беті мактау, жамандау, асыру, кеміту, болмаса зарлаган сарыуайым болып келген» (1: 99). Жаңа жаңарлық форма туралы: «*Абайдан бергі қазақ әдебиетінің беті жаңа түр тапты. Абай бұрынғы ақындардың ұстанып келе жатқан бетін тастап, тың-нан жол салды. Бұл Абайдың бұрынғы ақындардан ақыл көзінің артықтығы болды – бір, ақындығы күшті болды – еki, өлеңнің өнер екендігін білді – үш.* Сонымен Абай ешкімнен үлгі алмай, қазақ әдебиетінің бетін бұрып муйіс шыгарды, өлеңшілікке өзгеше түр кіргізді. Осы күнгі қазақ әдебиетінің түрі Абайдың көрсеткен

бетімен келеді. Абайдың ақындық күшінің зорлығы, өз заманында жұртты өзіне қаратаң алып, кейінгілерді де сол ізben әкеle жа-тыр. Кейінгі жазушылардың бәрін Абай өзіне еліктемеп, соңынан ертеп, шәкірт қып әкетті. Абай өлеңнен неше түрлі өшлиеу көрсетеп, көп түр кіргізді. Бұл күнге ақындар Абайдың салған көп түріне түр қоспақ түгілі, әлі сол түрлерді түгел сіңіріп ала алған жоқ» (1: 100).

М.Дулатұлы осы мақаласында «Абай дәүірі» деген ғылыми түсінігін енгізген: «Қазақтың әдебиеті ілгері басып өрлейтін болса, Абайдың бұл қызметі әдебиетімізге негіз болып, келешектегі көтерілуіне тұғыры болмақ. Пушкин айтқандай, Абай «Өзіне мәңгілік ескерткіш орнатып» кетті. Қазақтың жұртты кең дала, еркін ауда сайран қылып жер мен көк, су мен агаш, тау мен тастың тамаша сырларымен бірге туысып, біте қайнап, басы бос, қиялы құшті бұлғақтап жүрген дүниенің бір ерке баласы, сондықтан қазақтың сүйегіне біткен ақындығы бар – бұл бір. Екінші, әдебиетіміздің алғашқы адымында наған халықтың ішінен мәдени жұрттардың алдыңғы ақындармен таласа Абай сықылды кісі шығып көтермеші, таяныш болып отыр. Бұл екі себепке қараганда – біздің әдебиетіміз мәдени жұрттардың әдебиетінің қатарына тез ілінеді деп білеміз» (1: 101–102).

М.Әуезов «Абай – әдебиеттің басшысы» мақаласында келесі теориялық ойлар қамтылған: 1) «Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке, көбінесе дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды. Наурызбай мен Тілеуқабақтың қызының айтысуы, Біржан мен Сараның айтысуы, бір жағынан, ауызша әдебиетке кірсе, бір жағынан, жартылап келіп жазба әдебиетке кіреді. Тегінде, қазақтағы айтыс өлеңдер – өзге жұрттың әдебиетінде кез келмейтін, біздің әдебиеттің байлығына дәлел болған айрықша бір түр. Айтыс өлеңдерді өрте күндегілері ауызша әдебиетке кірсе де, бергі замандағы айтыстың ішінен ұзақ әңгіме тудыратын Наурызбай мен Біржан-Сара сияқтылары жазба әдебиетке кіреді. Екі кісінің айтысуынан немесе екі кісінің жайынан тұатын әңгімелер ертерек уақытта ағылышын әдебиетінде Грандисон, Ричардсон, Достоевскийдің уақыттарында туылған. Орыстардың «Бедные люди» деген кітабында бар. Мұндай әңгімелерді әпистолярный роман деп атаган. Біздің айтыстардың көбі – осы әпистолярный роман түріндегі өлеңдер...». Күні бүгін айтылмаган тың теориялық пікір!

Алаш әдебиеттануы

Осы ретте М.Әүезов *Абай бастап берген жаңа мазмұндық түрді анықтап* айтқан: «*Одан беріде жазба әдебиеттің өз міндеттін ұға бастап, қазақ тұрмысындағы кем-кетікті қолга ала бастағаны да Абайдан бұрын басталады. Бұл жағынан қараганда, Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Мәшіүр Жүсіп һәм Нарманбеттерді алу керек*» (1: 104).

М.Әүезов әдеби тұжырымдарды ұлт тәуелсіздігі ойына бұрады: «*Көшпелі* деп ауызшадан жазбаға қарай көшкенін айтамыз. Мана сол замандағы ой ойлаған адамдардың ойында болған өзгерісті, сөздерден туған жаңа күйді айтамыз. Әдебиеттегі бұл көшпелі дәуір казактың жалпы тұрмысындағы, тарихындағы көшпелі дәуірмен жалғасып келеді. «*Қол ұстасып қатар келді, егіз болып туды*» деуге болады. Қазақты патша саясаты билеп алған, кол-аяғын байлап, бағындырып алған, жерін алып өзінің төрелерін қазаққа ұлық қыла бастаған, отаршылдық әрекетін қүшайте бастаған, дінінен айыра бастаған уақытына келеді» (3: 104).

«*Зар заман*» сарыны туралы түсінікті әдебиетші осы ретте келтірген: «*Сондықтан әдебиеттегі көшпелі дәуір де осындай мұнды күйден құралған. Осы ретпен қарағанда Шортанбай жазған «Зар заман» – әдебиеттегі, тарихтағы көшпелі дәуірдің зор айнасы. Бұл өлеңнің ішінде қазақ тұрмысына жанасқан кемшиліктің айтылмағаны жоқ деуге болады. Патша ұлығынан бастап, қазактың өзінің ішіндегі берекесіздігі, бұрынғы мінезден айырылып бара жатқандығы, дінін жоғалтып, жастарының азып бара жатқандығы барлығы да зарлы сарынмен айтылып етеді...*» (1:105).

Абай қандай жаңалық кіргізді? Оның ерекшелігі қандай? Ол туралы былай делінген: «...*Қазақ әдебиетіне Абай кіргізген жаңалық көп. Абай – қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы; тереңге сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне улғі, өрнек берген, түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан – Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан. Әдебиетке, өлең-жырга бұрыннан орнаған теріс пікір, теріс ұғымның берін жоғалтып, жұрттың ойын тәрбиелеген. Бұдан соңғы бір үлкен қызметі – қырдағы қалың қазаққа Еуропа мәдениеттің есігін ашқан. Орыстың Пушкин, Лермонтов, Крыловтарын қазаққа танытушы – Абай.*

Мәдениетті жұрттың ысылған тілімен айтқан тәтті күй, нәзік сезімдерін Абай қазақтың дүкен көрмеген жалпақ тілімен өзіндей тәтті қылып, сезімді қылып айтып берген. Сондықтан Абай қазақ оқушысының ойымен қатар сезімін де тәрбиелеген. Қазақтың тіліне Абайдың сіңірген еңбегінің арқасында бұл тілдің

бетімен келеді. Абайдың ақындық күшінің зорлығы, өз заманында жұртты өзіне қаратып алып, кейінгілерді де сол ізben әкеle жастыр. Кейінгі жазушылардың бәрін Абай өзіне еліктемеп, соңынан ертеп, шәкірт қып әкетті. Абай өлеңнен неше түрлі өшлиеу көрсетмін, көп түр кіргізді. Бұл күнге ақындар Абайдың салған көп түріне түр қоспақ түгілі, алі сол түрлерді түгел сіңіріп ала алған жоқ» (1: 100).

М.Дулатұлы осы мақаласында «Абай дәүірі» деген ғылыми түсінігін енгізген: «Қазақтың әдебиеті ілгері басып өрлейтін болса, Абайдың бұл қызыметі әдебиетімізге негіз болып, келешектегі көтерілуіне тұғыры болмақ. Пушкин айтқандай, Абай «Әзіне мәңгілік ескерткіш орнатып» кетті. Қазақтың жұртты кең дала, еркін ауда сайран қылып жер мен көк, су мен агаш, тау мен тастың тамаша сырларымен бірге туысып, біте қайнап, басы бос, қиялы құшті бұлғақтап жүрген дүниенің бір ерке баласы, сондықтан қазақтың сүйегіне біткен ақындығы бар – бұл бір. Екінші, әдебиетіміздің алгашқы адымында наадан халықтың ішінен мәдени жұрттардың алдыңғы ақындармен таласа Абай сықылды кісі шығып көтермеші, таяныш болып отыр. Бұл екі себепке қараганда – біздің әдебиетіміз мәдени жұрттардың әдебиетінің қатарына тез ілінеді деп білеміз» (1: 101–102).

М.Әуезов «Абай – әдебиеттің басшысы» мақаласында келесі теориялық ойлар қамтылған: 1) «Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке, көбінесе дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды. Наурызбай мен Тілеуқабақтың қызының айтысуы, Біржсан мен Сараның айтысуы, бір жағынан, ауызша әдебиетке кірсе, бір жағынан, жартылап келіп жазба әдебиетке кіреді. Тегінде, қазақтагы айтыс өлеңдер – өзге жұрттың әдебиетінде кез келмейтін, біздің әдебиеттің байлығына дәлел болған айрықша бір түр. Айтыс өлеңдердің ерте күндегілері ауызша әдебиетке кірсе де, бергі замандағы айтыстың ішінен ұзақ әңгіме тудыратын Наурызбай мен Біржсан-Сара сияқтылары жазба әдебиетке кіреді. Екі кісінің айтысуынан немесе екі кісінің жайынан тұатын әңгімелер ертерек уақытта ағылшын әдебиетінде Грандисон, Ричардсон, Достоевскийдің уақыттарында туылған. Орыстардың «Бедные люди» деген кітабында бар. Мұндай әңгімелерді әпистолярный роман деп атаган. Біздің айтыстардың көбі – осы әпистолярный роман түріндегі өлеңдер...». Күні бүгін айтылмаган тың теориялық пікір!

Алаш әдебиеттандырылған мәдениеттің тарихы

Осы ретте М.Әуезов Абай бастап берген жаңа мазмұндық түрді анықтап айтқан: «Одан беріде жазба әдебиеттің ез міндеттің ұзақтығынан да Абайдан бұрын басталады. Бұл жағынан қаралады, Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Мәшін Жусіп һәм Нарманбеттерді алу керек» (1: 104).

М.Әуезов әдеби тұжырымдарды ұлт тәуелсіздігі ойына бұрады: «Көшпелі деп ауызшадан жазбага қарай көшкенін айтамыз. Мана сол замандағы ой ойлаған адамдардың ойында болған өзгерісті, сөздерден туған жаңа күйді айтамыз. Әдебиеттегі бұл көшпелі дәуір қазақтың жалпы тұрмысындағы, тарихындағы көшпелі дәуірмен жалғасып келеді. «Қол ұстасып қатар келді, егіз болып туды» деуге болады. Қазақты патша саясаты билеп алған, қол-аяғын байладап, бағындырып алған, жерін алып өзінің терелерін қазаққа ұлық қыла бастаған, отаршылдық әрекетін қүшайте бастаған, дінінен айыра бастаған уақытына келеді» (3: 104).

«Зар заман» сарыны туралы түсінікті әдебиетші осы ретте келтірген: «Сондықтан әдебиеттегі көшпелі дәуір де осындай мұнды күйден құралған. Осы ретпен қарағанда Шортанбай жазған «Зар заман» – әдебиеттегі, тарихтағы көшпелі дәуірдің зор айнасы. Бұл өлеңнің ішінде қазақ тұрмысына жанасқан кемшіліктің айтылмағаны жоқ деуге болады. Патша ұлығынан бастап, қазақтың өзінің ішіндегі берекесіздігі, бұрынғы мінезден айрылып бара жатқандығы, дінін жоғалтып, жастарының азып бара жатқандығы барлығы да зарлы сарынмен айтылып өтеді...» (1:105).

Абай қандай жаңалық кіргізді? Оның ерекшелігі қандай? Ол туралы былай дедінген: «...Қазақ әдебиетіне Абай кіргізген жаңалық көп. Абай – қазақтагы суретті, сұлу сөздің атасы; тереңге сырлы, кең магыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне үлгі, өрнек берген, түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан – Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан. Әдебиетке, өлең-жырга бұрыннан орнаган төріс пікір, төріс ұғымының бәрін жоғалтып, жүрттың ойын тәрбиелеген. Бұдан соңғы бір үлкен қызметі – қырдағы қалың қазаққа Еуропа мәдениеттің есігін ашқан. Орыстың Пушкин, Лермонтов, Крыловтарын қазаққа танытушы – Абай.

Мәдениеттің жүрттың ысылған тілімен айтқан тәтті күй, нәзік сезімдерін Абай қазақтың дүкен көрмеген жасалпақ тілімен өзіндей тәтті қылып, сезімді қылып айттып берген. Сондықтан Абай қазақ оқушысының ойымен қатар сезімін де тәрбиелеген. Қазақтың тіліне Абайдың сіңірген еңбегінің арқасында бұл тілдің

Айгүл ІСІМАҚОВА

барлық байлығы, оралымдылығы, өрнектілігі табылған. Абайдың барлық өлеңі – қазақтың сол күшті тілінің ішінен тұган асыл құрыш: қырдағы қалың қазақтың осы қүнге шейін сөйлем жүрген жалпақ тілінің жемісі, соның сырьы мен сымбатын көрсететін айнасы. Бұл – Абайдың қазақ тіліне істеген қызметі» (1: 105).

Абай өлеңінің ішкі мағынасы мен сырьы туралы М.Әуезов былай деген: «Абай өлеңінің ішіндегі мағынасы мен беттеген бағыты жағынан қарағанда, көшпелі дәүірдің өлеңдерінен айырылатын жері – мұнда сүлдері құрыған зар да, әлі құрыған уайым да жоқ, оның орнында қазақ өмірінің кем-кетігін түсінген көзі ашықтық бар, дәлдеп ауруын тауып, емін айткан ширактық бар. Бұрынғыдай әр нәрсені ем көрген далбасалықтың орнына, Абай қазақтың жасына: білім жарығына ұмтыл – дейді, – малыңды дұрыстап бақ, – дейді. Атқа мінген жақсыларына: – Елді іріткіге салмай, адад еңбек қыл, қарызынды аткар», – дейді. Қазақтың өміріндегі кемшіліктің қайсысына болса да, Абай өз емін айтып кеткен» (1: 106).

Ілияс Жансүгірұлы 1933 жылы Қызылордада шыққан Абай жинағының жарық көруіне атсалысып, алғысөз бен ғылыми түсінік-темелер жазған әдебиетші. *Илияс Жансүгірұлының «Абай кітабы»* мақаласы да абайтануға қосылған сүбелі үлес. Автор баспа қатесін түзетуші (корректор) нашарлау болғанын айтып, баспа тарарапынан кеткен жаңсақ мысалдар келтірген. Әдебиетші текстолог ретінде Абай мәтіндеріндегі 21 сөйлемдегі кеткен қателерді тізіп берген.

Абай өлеңдерінің бік дәрежесін айта келе И.Жансүгірұлы сол кездегі саяси ахуалды да былай берген: «Қазақстанның баспасөзінен Абайдың толық кітабын да осы кезде дәмеленуге болмайды. Себебі, Абайдың күні бұрын қорқып, Құдайға сиынған сыншысы салпаң құлақ Сәбит Абайды «жұан жұдырық» деп, қара тактай ұстап, бақырып отыр: Демеймін мені мақтасын, Я жақсын, я жақпасын. Сүйтсе де сондай сыншыдан Құдайым мені сактасын (*Абай*). Бірақ Қазақстанның жалпақ еңбекшілері кімнің қораз, кімнің бұлбұл екенін айырар. Бір есектің бетімен кетпес. Түркістанның езілген еңбекшілерінің шөлдегені – білім, аңсағаны – ұсақ өсек емес, – бірлік негізі. Сондықтан кім білім берсе, кім білім жағынан еңбегін жұмсаса, тілесе, кім болсын, Түркістанға еңбекшілердің экесі де, ең қасиетті кісісі де осы» (1: 113–114).

Ғабдрахман Сагди – Абай мұрасын зерттеуші педагог (1922 жылдан бері) – ғалым, Тәшкендегі САГУ профессоры. Ғалымның «Абай» атты мақаласы «Ақжолда» 1923 жылы жарық көрген (№ 335, 336, 354, 372). Ғалымның зерттеуі «Абай еңбектерінің басылуы»,

Алаш әдебиеттануы

«Абайды жұртшылық жағынан тексеру», «Абай өлеңдерінің табиғаты һәм ішкі рухани жағы туралы», «Абайдың тілі һәм өлшеулері» тараушалардан тұрады.

Сағди тұңғыш рет Абайдың барлығы 5313 жол шамасында өлең жазғанын, 1700 шамасында орысшадан тәржіма қылғанын анықтаған (1: 136). Тіпті қай жылы қаншаға дейінгісі нақтыланған. Абайдың шығармашылығы келесідей бөлініп қарастырылған:

«1) Абайдың 20 жылдық әдеби өмірі бар. Соның әуелгі жартысында Абай күштілік көрсетеді. Соңғы жартысында әлсізденіп, өлеңнің табиғатын, ішкі рухын бүтіндегі өзгеріп жібереді.

2) Өмірінің әуелгі жартысында Абайдың өлеңдері табиғат, ішкі рухы мен тұрмысқа жақын дайым тұрмыс қайғыларын, тіршілік пікірлерін шешеді.

Соңғы жартысында (айрықша соңғы 70–80-жылдарында) Алла һәм ахрет туралы терең ойларға кетеді. Яғни Абай өлеңдерінің табиғаты, үміттері тұрмыстың түрлі дерттерімен суарылған болса, соңғы жартысы діни пікірлер һәм машшарға даярлану атымен суарылады. Идеализм деген пәлсапа жолына бұрып тұрактайды.

3) Абай өлеңдерінде өзінің машық сипаттарын, өздігін көрсетеді. Абай кітабында түсірілген суретте қандай көрінсе, өлеңдерінде де сондай көрінеді. Абайдың суретте көрінген маңайы өлеңдерінде көрінген маңайының өзі. Абайдың маңайында ойшылдық пен толқындаушылық бірлеседі, бірақ кейіннен ойшылдық жеңіп кетеді.

4) Абай өлеңдері халықшылдық, қазақшылдық рухымен шығарылған.

5) Абай өлеңдерінде (әсіреке әдеби өмірінің соңғы жылдарында) шындық (реальность) күшті, хатта діни мәселелерге де шын ынталасымен қарайды.

6) Абай мұсылманшылдық дүниесіндегі сопылыққа әсер бермеген. Абай – мұндай сипатпен уланбаған кісі. Оның өлеңінен сіздер өтірік монталықты сезбейсіздер.

7) Абайдың кейбір өлеңдерінің бір пікірден екінші пікірге, бір сезімнен басқа сезімге бірден секіргендігі, асығыстықпен көшкендігі көрінеді. Соның үстіне бағзы бір келіспегендіктер һәм бір-біріне қарсы болған пікірлер де жоқ емес (Газет жүзінде орын аздықтан мысал келтіріп болмайды).

8) Абайдың әдеби өмірінің әуелгі жартысында орыс әдебиетінің берген әсері сезілмейді. Абайдың өзінен өлең шығарушылық дәүірінде ешбір халықтың әдебиетіне ешбір адамға еліктегендігі білінбейді» (1: 142–143).

Айгүл ІСІМАҚОВА

«Д.А.» «Абайдың жиырма жылы» мақаласы «Ақжолда» 1924 жылы жарық көрген. «Бұғін маусымның 21 күні қазақ әдебиетінің атасы – атақты ақын Абайдың өлгеніне 20 жыл толды» деп басталады. Мақаланың басты ойлары келесілер: «Абайдан бұрын да қазақ әдебиетінің жазбасы да, ауызшасы да болған. Бірақ ол әдебиеттердің өзін-өзі танымағандығы, қайда, қалай жұмсалатындығы, өзінің міндетін толық білмегендігі болатын. Абайдың жаңа әдебиеттің басы болып саналаты себебі де содан. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...» – деп. Абай өлең жазуға қалай қарайтының, өзі қандай жолға жұмсамағанын ашық айтЫП кетеді. Әдебиеттің өсіп-өнуінде түрлі тарихи дәуірлер бар. Қай дәуірдің әдебиеті болса да өзінің жарыққа шыққан заманының жемісі болып отырады. Заманының ой-қиялы. әдет-ғұрпы, білім ауданы жалпы тұрмыс шартымен байланысты болады. Заманындағы тіршіліктің шындығымен байланысы жоқ. белгілі негізі жоқ шексіз еркін жайылған әдебиет болмайды. Сондықтан Абайдың қазақ әдебиетінде қандай орын алатының, оның маңызын күшті болу үшін һәм тұзу баға бере алу үшін алдымен, оның тіршілік еткен заманы мен ақынның өзі ержеткен ортасын білу керек. Абай қазактың бас асаулық көрсеткен дәуірді бастан кешіріп, шет қожалыққа әбден бағынған, бойына құлдық мінезін сіңірген заманында туып-өсті. Бұл заман қазақ халқының басына кара тұманы қалың болып жиналған, жарық сәуле көрінер деген үміттен айырылған халық ортасындағы бұрынғы байланысынан айырылып, жат мінездер орнаған заман болатын. Абай осында үлт қиялдының, үлт қайратының сөніп, ажарсыз тартқан дәуірінде туып, бойындағы қымбатты асыл өнерін аянбай жұмсарлық орын таба алмай, бетін бұрарлық жарық таппай, тіршілігінде ауыр қайғы кешірген. Саналы адамға ғана бұл – қайғы, жасы ұлғайған Абайдың өлеңіне өшпес мұнды танба салған.

Абай өзінің әр жұмысқа арналғанын сезіп, өзін сол жұмысқа дайындаған. Халыққа қызмет етуді өзіне зор борыш тапқан. Бірақ жоғарғы айтылған себептен айналасынан ешбір тірек таппай, караңғыда сипалап көп қиналған. Ақыры арты тұзу жол тапқан. Ол жол – ұстаздық құру, жаманшылықпен күресу болған». Абайтанушы осы ойды анықтай түседі: «Абай өлеңінің мағына жағын алсақ, үлгі, ақыл үйреткен, жаманшылдықтан жиренткен, тұзу жүрістүрьс көрсеткен рухта тәрбиеленген үлгі, үгіт екенін көреміз. Ал енді өлеңдерінің сырт көркемдігін, түрін, түзілісін, кестесін, сыршылдық жағын алсақ, Абайдың бұл ретте келтірер пайдасы айрықша артық. Абайдың неше түрлі сұлу суретін кестелі сөз, үлгі,

Алаш әдебиеттануы

өрнектері қазақ әдебиетінің бұл күнге дейінгі ардақты гүлі болып келеді. Алдында басшылық қылған әдебиет ағасы жоқ. Маңайында сөзін ұғып, тілегіне қосылып, ой бөліскен замандасы жоқ. Абай қаранғы тұманды жылтырап көрінген жалғыз жарық сияқты. Сол қаранғыда жұтылып кетпей, бұл күнге дейін бізге жарығы себіліп, күннен-күнге бағасы артылып бара жатуы Абайдың әсері қандай күшті екенін анық көрсетеді» (1: 148–149).

Алаш әдебиеттануындағы соңғы еңбек – *М.Жұмабайдың «Алтын Хакім Абайга»* атты арнау өлеңі 1912 жылы жазылған. Ақын өз заманының абайтанулық мәселелерін өлеңмен айқындал берген: Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес, Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес. Карадан хакім болған сендей жанның Әлемнің құлағынан әні кетпес! (1: 151).

Әдебиетші Мағжан Жұмабайдың «Шын хакім» сөзін дәлелдеу үшін бүгін қашама диссертациялар жазылуда! Сөзді нақты, орынды қолдана білген М.Жұмабай осы анықтама өлеңі арқылы абайтануға зор үлес қосып кетті. Олай болса, әр сөзінен үлттың рухы мен намысы өрлеп тұрган бұл Алаш абайтануы – тәүелсіз әдебиеттанудың басты ұстанымы болып табылады.

Осы тақырыпқа орай *Иса Байзақовтың абайтануга қосқан улесі* туралы нақты дерек бар. Мәселен, арнайы зерттеу жазуда емес. Сонау XX ғасыр басында Абайдың асыл мұрасын қорғай білу екінің бірінің қолынан келмегені белгілі.

Айттай Хангелдин 1924 жылы күзде Ташкентте болған оқиғаны былай деп еске алады: «Бұл 1924 жылдың күз айларының бірі болатын. Ташкент қаласындағы қазақтың халық ағарту институтына жасы жиырма екі, жиырма үш шамасындағы бір жас жігіт келді. Устінде қара өткерме жағалы қаптал шапаны, басында жасыл масатымен тыстаған пүшпақ бөркі бар – осы ойнакы көз, ұшқыр мінезді, қара торы жас жігіт институт тіршілігіне тікелей байланысты болмаса да, келген күннен бастап окушылардың іші-бауырына кіріп, өзін-өзі институт окушысында ұстап, институттың қоғам тіршілігіне араласа түсті.

Ол бір күні мектебіміздің ойын-сауық үйірмесінің жеті сайын беріп тұратын сауық кешіне өзінен-өзі шақырусыз келіп қалды.

Ол сахнаға шығып, сол кезде Ташкенттегі қазақ жастарының арасына жаңадан жайылып жүрген «Қызыл бидай», «Екі жириен» әндерін домбырага қосып, екпінді ыргақпен айтып берді. Онан кейін жанынан сұрыра «Қазақ жастарына» деген темаға тақпактата жөнелді. Жүрт ду-ду қол шапалақтап жатты. Осыдан кейін өлеңді

Айгүл ІСІМАҚОВА

домбырамен де, домбырасыз да айтып, концерт аяқталғанша қайтадайта шығып араласып отырды.

Осыдан кейін бұл жігітпен біздер қатты араластық. Бұл – марқұм Иса Байзаков еді. Бұл өзінің сырқатын емдеть үшін Ташкентке келіп, қазақ институтында істейтін өзінің бір таныс мұғалімінің үйіне түскен болатын. Ол осында жатып физиоинститутта емделді.

Иса институт оқушыларымен талай концертке араласты. Ол жұмысшылар факультеті мектебінде, сот қызметкерлерін дайындастын курста, коммунистер университетінде талай-талай концерттерге қатысты. Ол кейде біздің институттың әдебиет сабағына келіп тыңдал та жүрді» (2: 97–98).

Иса Байзақовтың Абайды қорғағаны осы ретте келтірілген: «*Әсіресе бір есте қаларлық нәрсе – Абайдың ақындығы жөніндегі бір талас үстінде оның өлеңмен шығып сөйлегені болатын. Мен оның өлеңмен шығып сөйлеген сөзінің алгашиқы алты жолын әлі жатқа білем. Ол Ташкенттегі қазақ жастары клубында, Абайдың ақындығы жайында болды. Бұл жиналысқа Ташкенттегі түрлі мектептерде оқытын қазақ жастарының көпшілігі қатысты. Баяндамашы Абайды «байыл-феодал ақын» деп қорытты. Міне, осы мәселе жөнінде улken талас болып, айтыс басталды. Жүрттың көбі баяндамашыны іремей сойып, жиналыстан қашып шыққандай етіп жатыр. Осының арасында баяндамашыны жақтап сөйлеушилер де табылып жатыр. Соның бірі – ақын Ғұбайдулла Балақадыров еді. Ол сөзінің басынан бастап, аяғына дейін Абайды «байдың, феодалдың ақыны» деумен болды.*

Балақадыров сөзін бітірісімен, Иса орнынан ұшып түрегеліп, жиналысты басқарып отыргандардан сөз сұрады. Сөз Исаға берілді. Балақадыровтың сөзіне шыдамай, ашу кернеп отырган Иса қызара бұлығып, сөзін салғаннан дәл осылай бастап еді: *Жаңада айтып кетті Балақадыр, Сөзіне мен отырмын етпей сабыр. Халқы сүйген Абайды «феодал» дейді, Сөз бар ма ұлы ақынга бұдан жәбір. Алтын мен мысты байқап айырмайтын, Санасыз Балақадыр неткен пақыр?*

...Бір шарықтап кетсе Исаны тоқтата қою қынға согатын. Иса шұбыртып ала жөнелді. Клубтагы жұрт қыран-күлкі, мәзмейрам болып жатыр. Иса онан сайын қыза түсіп, тіпті Балақадыровтың үстінен төне түсті. Жұрт әрең қойдырды» (Байзаков Иса. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Екінші том. Өлеңдер мен естеліктер. Құрастырған: М.Хасенов. Алматы: Жазушы, 1983. 192-б.) (2: 98).

Алаш әдебиеттануы

ХХ ғасыр басындағы әдеби мұраны, Абайды қорғауға бар кәсібилігін салған – әдебиетшілер *Райымжан Мәрсекұлы, I. Қабылов және Ы. Мұстамбайұлы еді*. Сондыктан бұл зерттеудің сонында әдебиетші Үйдырыс Мұстамбайұлының Сәбит пен Қошке айтысына қатысты негізгі тұжырымдарын беруді жөн деп санадық. Зерттеу сол кездегі абайтанудың биік кәсібиң деңгейін көрсетіп түр.

Үйдырыс *Мұстамбайұлы* – Алаш әдебиеттануының ірі өкілі. Сәбит пен Қошке айтысына пікірі «*Көркем әдебиет туралы* (айтыс ретінде)» мақаласында айғақтап берген: «*Көркем әдебиет туралы*» (44-бет) мезгіл-мезгіл 1924-жылдан айтыс болып келеді. Осы айтыс арқылы кейбір негізгі мәселелер ашылып, жол салынып қалды. Соңғы мезгілде айтыс қозғаған Сәбит, Ерғали, Әбдірахман, Қошке жолдастардың («Еңбекші қазактың» 1926-жылғы 227, 228, 248, 267, 269 сандарында және осы 27-жылдағы 3–4 сандарында) сөздерінің ішінде өзім байқаған кейбір кателерді, кемшиліктерді жазып өтуді міндет көрдім» (3: 66).

«Қазақ елінің көркем ұлт әдебиеті қашаннан басталады?» деген тараушада былай деген: «Қазақ әдебиетінің көркем әдебиеті қашаннан басталады? деген сауалға ел не деп жауап береді екен? Бұл қүнге шейін бұл сауал хакында бір жерге тоқталған пікір жоқ. Әке-шешесі, тарихы жоқ әдебиет бола ма екен?! Қай елдің әдебиеті болса да, көркем әдебиеттің қандай дәуірін алсан да, өзінің жеке тарихы болады. Қошкенің сөзінің ішінде түсініксіз, көмескі жері көп («Еңбекші қазак», 1926-жыл 267-саны). Қошке қазактың бұрынғы ауыз халық әдебиетінің жайын айтады да: «Орыстың отаршылдығына қарсы ұлт әдебиеті туды, – дейді. Жаңа ұлт әдебиетінің 17 жылдық тарихы бар», – дейді. Бұл сөз дұрыс болғанда да: «Қалайша, кімнен басталады?» деген сауалдар туады фой. Қошкенің бұл сөздері қазақ әдебиетінің ұлтшылдық дәуіріне 17 жыл болды дегені ме, жоқ ұлт әдебиетінің барлық тарихы 17 жыл дегені ме, анық емес. Жоқ, болмаса: «Қазактың көркем әдебиетінің өзі ұлтшылдық арқылы туады. Бұрын ауыз әдебиетінен басқа түк жоқ болатын, кейін орыстың отаршылдығын сезген соң орыс үкіметіне наразылықпен бірге ұлтшыл әдебиет туды. Біздің көркем әдебиетіміздің басы осы» деген пікірі ме, белгісіз. Осы айтылған Қошкенің сөздерінің түсініксіздіктерінен болар, Сәбит жолдас: «Қошке «ұлтшыл әдебиеттің тарихы 17 жыл» деп айтты», – деп түсінеді. Анығында Қошкенің түсіну қыын» (3: 66–67).

Аталған мәселе бойынша Сәбит не дейді? Ол туралы былай дедінген: «Ұлтшыл әдебиеттің басын кесіп 17 жыл деп айтуда

Айгүл ICIMAKOVA

келмейді» деген Сәбит жолдастың сөзін де түсіну қын («Е.К», 1927-і жыл, 5-ші гинуар № 3»). Біздің көркем әдебиетіміздің өмірі пәленше жылдық деген сөзге таласуға болады. Қошке аптекада өлшеген дәрі секілді мысылдан 17-і жыл деп отыrsa, бұл дұрыс емес. Бірақ Сәбиттің сол жоғарыдағы көрсетілген мақаласының әлгі айтылған жерінен бастап ақырына шейін оқып шыққанда туатын пікір: бірінші, көркем әдебиетіміздің тарихын айыру қын, екінші, көркем әдебиетіміздің басы жоқ, аяғы жоқ, ұшан-теніз бір нәрсе. Керек десен, көркем әдебиетіміздің басы жұз жыл бұрын басталады.

Мұның ішінде қазактың ұлт сезімі де 100 жыл жасайды. «Орысқа бағынғаннан бері қазақ арасында орысты жек көру болмай қалған жоқ. Орысқа қарсы сөз тарату Абайдан әрі басталады». Құнбатыс елдері көтерілістерінің ұшқыны, әдебиеттің әсері мұнан жұз жылдай бұрын келгенін көреміз. Сейтсе де бұл сөздердің ішінен тарих табылмайды. Сәбит сезінің аяғын: «Қысқасын айтқанда, қазактың соңғы жұз жылдық әдебиетіне өзге халықтың, XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы орыстың төңкерісшілдерінің әсері тимей койған жоқ», – деп токтады. Сәбиттің бұл сөздерінің бәрі де жаңылыққандық. Сәбит жолдаста айтатын жауабымыз: рас, тарихтың буындарын айыру қын, тарих тұтасып қайталап отырады, бұл диалектика материализмің жолы... (3: 67).

Қазақ әдебиеті қашан туды? оған әдебиетші былай деген: «Ал енді мәселенің өзіне келгенде, жоғарыда айттық: Сәбит қазақ әдебиетінің санын жүзге толтырып қояды. Бұл сөзіне бір үлкен дәлел қылыш: «Баяғыда мұнан жұз жыл бұрын жер ауып айдалып келген Зелинский деген поляк қазақ туралы қазактың халін ойлап өлең жазылты», – дейді. Сәбит жолдаст қазактың ауыз әдебиетін, халық әдебиетін айтып отырған шығар деп ойлауга мүмкін. Бірақ олай деп отырған жоқ. Екінші таласып отырған Қошкенің сөзі де халық әдебиеті жайында сөз емес және де айтыс (тың) өзі де көркем әдебиет болып отыр. Ал анық тарихын айыра алмайтын нәрсе – әр халықтың ауыз әдебиетіне басқа көршілес елдердің зор әсері болады. Бірақ біздің халық әдебиетімізге келсе, бұған көбінесе әсер берген орыс әдебиеті де емес, XIX–XX ғасырларда болған орыстың төңкерістерінің де әсері аз. Біздің халық әдебиетімізге көп әсер берген – күншығыс елдерінің әдебиеті. Орыс әдебиетінің не орыс ішінде болған төңкерістердің тіпті әсері болмады деп айтпаймын. Бірақ күншығыс елдерінің әсерінен қарағанда, тіпті аз. Бұл күнге шейін қазактың не бір ертегісінде, не бір өлеңінде айтылмай жүрген орыс ішінде болған көтерілістер қалайша әсер берген болады?

Алаш әдебиеттануы

Екінші, қазақтың халық әдебиеттің тарихы Зелинскийден де басталмайды. Керек болса 100 ғана жыл емес, 200, 300, 400 жылдар не онан да арман болар. Әр елдің ауыз әдебиеті өзімен бірге туып, өседі. Тек біздің ескі әдебиетіміз жиналған жоқ. Көбі жоғалып кетті» (3: 67–68).

Әдебиетші өзінің пікірін былай деп анықтап алады: «Сондықтан біз қазақтың ұлт әдебиеті Абай заманынан басталады», – деп айтушы жолдастарға қосыламыз. Ал енді: «Бұл заманда қазақтың ұлт әдебиеті туғандай қазақ ішінде қандай күштер оянды? Қазақ елінің шаруашылық тұрмысы, саяси күйі қандай еді?» деген сауалдар туса, оның өзі бөлек бір мәселе. Әзірше айқынта (айқында – Т.Ж.) алатын мәселе: көркем әдебиетіміз қай уақыттан, кімнен басталады деген сез ғана болып отыр. «Қалайша Абайдан басталады?» Басқа біреуден неге басталмайды? Абай сондай ақын ба еді? Абайдан бұрынғы әдебиет қандай еді? Әдебиетімізге берген Абайдың әсері қандай?» – деген сауалдар туады. Айтыстың да көбі осы арада болуы керек. Бұл сауалдардың әрқайсысына берілетін жауап, менінше, Абай жағына шығар деймін. Бәлки, толық дәлелдермен бұл пікірді теріс шығаратын жолдастар табылар. Сонда да біздің ұлт әдебиетіміздің жасы 100 жыл емес... (3: 69).

Әдебиетші өз пікірін нактылай түседі: «Сәбит айтады: Орысқа қарсы сез көтеру Абайдан әрі басталған. Абай заманы ұлтшылдықтың, отаршылдықтың ұшқырланған заманы еді, Ахмет заманында одан да күштейді», – деп. «Отаршылдыққа қарсы әдебиет туды» деп Қошке де айтады. Екеуінің де қате жері: қазақтың ұлт әдебиетінің тууы – елдің ұлтшылдық сезімінің көтерілуімен бірге қосып, араластырып жіберуі» (3: 69).

Әдебиетші әдебиеттегі ұлттық сезімнің көтерілуін XX ғасыр басымен байланыстырады. Ұлтшылдық туралы Ыдырыс Мұстамбайұлы былай деген: «*Отаршылдыққа қарсы туган ұлтшылдық қандай елдің болса да әдебиетіне үлкен әсер береді. Бірақ қазақ елінің көркем әдебиеті нағыз ұлтшылдықтың дәуірінен ерте басталған.* «*Қазақ арасында орысқа қараганнан бері*» орысқа наразылық болмай қойған емес. Сөйтсе де жауыз патша үкіметтінің құрып отырган залымдығын білгелі, оған қарсы ақыл тауысып, айла құрамын деп қазақтың ұлтшылдығының ояна бастаганы – Міржасақыттың «*Оян қазағынан*», Ахметтің абақтыда жасып жағзған өлеңдерінен кейін. Онан бұрын қазақтың жалпы қара бұқарасы, тек «*орыс жаман, орыс кәпір*» дегені болмаса, қазақтың ұлтшылдық сезімі дөңгелектелмеген уақыты. Кейін ұлтшылдық

Айгүл ICIMAКОВА

сезімі «Қазақ» газеті шықкан соң әбден күшегіді. Абайдың заманы қазақтың кең-байтақ заманы. Ұлтшылдық дәуірі тумаган. Абайдың пісіп-қатпаган заманы болатын. Сәбит пен Қошкениң сөзіне қаралғанда, Абай кейін шықкан ұлтшылдардың бастығы болуы керек» (3: 70).

Сәбиттің пікірі туралы Алаш әдебиетшісі анық пікір білдіреді: «Әсіресе Сәбиттің сөзінен «Абайдың ақындығы таза ұлтшылдықтан, отаршылдықпен күресуден шыкты» деген пікір туады. Бұған қарағанда: «Сәбит Абаймен аса жақсы таныс емес пе?» – деген ой туады. Абайдың өлеңдерінің ішінде жалғыз процент ұлтшылдық не орысқа қарсы пікір таратушылық жоқ. Тек қана үгіт, мысқыл есебіндегі қазақтың мінезіндегі яки тұрмысындағы кемшіліктерді айткан өлеңдері көп. Бұл ұлтшылдыққа енді Абайдың ақындық жағын алсақ, қазақ елінің тұнғыш шын ақыны Абай. Онан бұрынғылары «Көжебайлар». Абай өлеңдерінің ішіндегі сұлулы жалғыз «Теректің сыйы» емес, басқа да Абайдың мағыналы, әдемі, осы күнге дейін жас жазушыларымызға үлгі боларлық өлеңдері бар. «Қыс», «Жаз», «Жазғытұрым», «Аттың сыйы», «Желсіз түнде жарық ай» және басқалары. Peroуаттарының ішінде көбі «Теректің сыйынан» қалыспайды. Сәбит Абайдың сопы болып Толстойдың жолына түсkenін айтады да, Толстойдың «Жексенбі» («Воскресенье») деген романын көлденең келтіреді. Бұл – қате, Толстойдың дінге көзқарасы және езінше тұтынған анархистерге жақындау пікірлері «Менің дінім қандай?» – деген жазуында және «Синодқа» берген жауабында айтылған. Және де «Отец Сергий» деген секілді пьесаларында жазылған. «Жексенбі» деген психологиялық роман. Мұндағы сезіндің бәрі бір жігіт пен қыздың әңгімесі. Жігіт қызды алып рәсүэ қылады. Қыз бара бұзық болып, сотқа түскенде жігіт тәубаға келеді. Айбын мойнына алады, Абайдан бұрын көркем әдебиетіміз қандай екені елге мәлім. Бір ауыз сөзбен «жок» деп жауап беруге болады. Бар болса, тек әргүрлі қиссалар, не әлі де әдебиетке қосыла алмайтын «Көжебайлар» болатын» (3: 70).

Абайдың әдебиетке әсері қандай болды? Абай дәстүрі туралы да айқын пікір бар: «Абайдың әдебиетке әсері қандай болды? Мол болды. «Оян қазақтан», «Сары масадан» бастап, соңғы барлық белгілі ақындарымыз үлгіні Абайдан алды. Кейінгі ақындарымыздың көбі орысша оқығандардан шықты. Әрине, олар әдебиеттің негізгі жолдарын әдебиеті бай орыс жүртynan коріп үйренеді. Жас жазушыларымызға пішін, сұлулық жағынан Абай әлі де болса үлгі болады. Көп жолдастар Абайдың атын бүркей береді. Бұл тарихи

Алаш әдебиеттануы

қиянат. Абайды апарып осы күнгі ұлттылдарға жсанастырады. Мұның төріс екенін жоғарыда айттық. Абайдың заманы да, өмірі де басқа еді. Бәлки, кейінгі ұлттылдық дәуірі күшеген заманга жестсе, Абай да белгілі ұлттылдардың бірі болар еді. Атақты ақыны болар еді. Бірақ олай болғанда, әңгіме өз алдына басқа болар еді де, сонда да ел оны ақын дер еді. Ұлттылдар Абайды жсақсы көреді деп Абайды – Абай демеуге бола ма? Ұлттылдар: «Күн қозгалмайды, жер қозгалады», – деп айтады екен деп, бізге «жер айналмайды» дегу жөн бе? Екінші, Абайды жсузан атанаң баласы деп үркеміндер бар. Бұл бізге ұят. Абайдың тұмысы бай болғаны оның ақындығына таңба сала алмайды. Абайдың байдың жырын жырлаганы аз» (3: 71).

«Өнерді (искусство), оның ішінде, көркем әдебиетті қалай түсінеміз?» атты бөлімде Үдырыс Мұстамбайұлы өнер мен ғылым туралы пікірін анықтап берген: «Ал енді өнер (искусство), әдебиет деген сөздерге қандай мағына кіреді? «Өнер – өнер үшін, өнер деген нәрсенің былғаныш дүниемен қатынасы жок, періштеше пәк, таза нәрсе; өнер деген нәрсе, оның ішінде, көркем әдебиет таза рухтың (дух) жемісі», – деп көп шатасу болған. Мұндай пікірлердің бір заманда туып-өсуінің түп негізінде құдайшылдық, підияшылдық бар. Мұндай пікірлердің барлығы да қофам тұрмысының, тап тартысының күйіне қарай туған. Өнер, көркем әдебиет құрғак кана киялдың, сезімнің жемісі емес. Бұлардың анасы, тұрмысы – нағызылдық. Өнер де ғылымның бір түрі. Ғылым арқылы жаратылысты, қофам тұрмысының сырын ашып отырсақ, өнер арқылы да тұрмысты, өмірді танимыз. Сондықтан шын өнер нағызылдық негізінде болады. Сондықтан да ақын да, көркем әдебиет (те) шарқ ұрып аспан шарлап жүрмейді. Өнер, көркем әдебиет – жаратылысты, тұрмысты талдап, арапап, ақылға салып отырмайды. Тұрмыстың жайын пернелеп, суретпен таныстырады. Сондықтан өнердің, көркем әдебиеттің орны бөлек. Тұрмыстың бір сырына жаттығу үшін он күн ақыл тауысып отыратын жерде ақын он ауыз, адамның қанын қозғайтын, миға жылдам жатығатын кескін (образ) сөзбен айттып кетеді. Мұндай сөздердің бағасы ешбір ғылым дәлелдерінен яки пәлсапа қысынынан (теория) кем болмайды. Ақын дәлелдеп отырмайды. Жалпы ел байқай қоймаған тұрмыстың сырын көрсетіп, суретпен отырады.

Плеханов, Луначарский, Троцкий, Аксельрод секілді марксшіл сыншыларымыздың өнер, көркем әдебиет жайында айтатын пікірлерінің қорытындысы осы. Екінші, өнер, әдебиет – тап қолын-

Айгүл ICИMAKOVA

дағы қаруы, әр таптың тілегіне лайық өнері, көркем әдебиеті болған» (3:71–72). І.Мұстамбайұлының теориялық пікірі өзінің ғылымилығын жоймаған.

Алаш әдебиетшісі Сәбиттің тағы бір пікірі туралы былай деген: «Сәбиттің талант туралы: «Талант органың жемісі» деген сөздері дұрыс, бірақ сол пікірден шығып, мынадай сөздерді айтады: «Ақын – сөзіне ақын болса, ақынға былғары илеп беретін иші – өзінің илейтін інде ақын. Арбашы – шабатын ағашына ақын, техник – салатын үйіне ақын, Маркс – шаруа ғылымына ақын, қойшы – қой бағуға ақын, егінші – егін жыртатын жеріне ақын». Мұның алдында айтатыны: «Ақынның бар қасиеті сөзді ажарлай білуде. Бірақ жалғыз ажарлы сөзben тіршілік етуге болмайды». Сәбиттің бұл сөзі – Ақын кім?» деген сауалға берген жауабы. «Әдебиет (не) нәрсе, ақын кім?» деген сауалдарға берілген жауаптардың ішінде мұнан үлкен шатасқандықты біз білмейміз, мұны Қошкеден арашалап отырған марксизм деп айта алмаймыз.

Сәбиттің бұл сөздеріне қарсы көп дәлелдер керек емес. Рас, ақынға үйрену, тәрбие көру керек шығар. Маркс – шаруа, қоғам тұрмысының ақыны шығар, бірақ ақын мен етікші бірдей емес. Көркем әдебиетпен үй салу бірдей болмайды. Сәбиттің бұл сөздері холастика, қазақшалағанда – «былықтыру» болып шығады.

Көркем әдебиеттің қай дәуірде және қандай ағымдары бар? деген сауалдарға келгенде, Әбдірахманның: «Көркем әдебиеттің осы күні көшпелі дәуірде», – деген сөзіне қосыламыз («Е.Қ..», 248-сан. 9.Х). Кедейшіл дәуір әбден орнады, басқа ағымдарға қараганда кедейшіл ағым басқалардан үстем деуге әзір ертерек, Сәкен мен Бейімбет секілді ақындарымыз молая келе кедейшіл ағым үстем болады» (3: 72–73).

Әдебиетші дүниежүзілік әдебиет пен орыс әдебиетінен мысалдар келтіреді: «Әдебиет ішінде әртүрлі ағымдардың тууына себеп болатын нәрсе – тап тартысының жайы деп жоғарыда айттық. Англияның атақты Байрон секілді «жихан күйігі» деген сарынды жайып кеткен ақын – ақсақалдықтың, ақсүйектердің тұрмысы(ның) тігіс-тігістері ыдырап, тозып келе жатқан уақытта сол тұрмыстың күйін жырлап кеткен, өліп бара жатқан таптық ақыны еді. Капиталистер өсіп, тап сезіміне кірген, ақсүйек-ақсақалдық тұрмысы мен саясат жүзінде күресе бастаған соң шыққан атақты француз ақыны Вольтер ақсүйектердің зорлығына қарсы шығып, капиталистердің жоғын жоқтап, жырын жырлаған ақын еді. Кейінгі заманда, еңбекшілерге тап сезімі кіріп келе жатқан уақытта шық-

Алаш әдебиеттануы

қан неміс жұртының атақты ақыны Гейне еңбекшілер тілегін тілеп кетті...

БІ.Мұстамбайұлы әдеби процесті кең, дүниежүзілік kontekste қарауды ұсынады және өзі соны көрсетеді: «Орыс әдебиетінің ішінде Карамзин, Жуковский, Пушкин, Лермонтов, Толстой, Тургенев секілділері ақсүйек тұрмысының ақындары еді. Кейінгі бір буын Успенский, Некрасов, Никитин секілді ақындары Русияның іші де капитал тұрмысы әбден орнап, пролетариат туған мерзімде Русияның көпшілік қара бұқарасы крестиян ыдырап, кедейлікке түскенде шыққан орыс елінің кедейшіл ақындары Горький, Вересаев, Серафимович секілділер еді. Кейін өзгеріс заманына жақын, өзгеріс ішінде туған орыстың осы күнгі еңбекші ақындары Иванов, Сей-фуллина, Пильняк, Неверов, Маяковский секілділері» (3: 73).

Осыған орай әдебиетші Үйдірыс Мұстамбайұлы қазақ әдебиетіне қатысты З түрлі ағымды бөліп алған: «Ал біздің әдебиетіміздің осы күнгі дәуірінде үш түрлі ағым бар. Ұлтшылдық, бұқарашибалдық, кедейшілік.

Қазақ ішінде капитал дәуірі араласып, дала қазағының тұрмысы қаламен байланысты болып, орыс елі арқылы қазақ мәдениеттің шет жағасын көре бастаған соң Абай заманында қазақтың ұлт әдебиеті туды. Үкіметтің отаршылдығы күшіне бастаған соң мұнымен қатар қазақ елінде ұлтшылдық туған соң жаңа туған жас әдебиетіміз ұлтшылдық түріне айналып кетті. Көркем әдебиетіміздің сол ортақшылдық, ұлтшылдық заманында алған ұлтшылдық беті әдебиетіміздің ішінде әлі бір ағым болып келе жатыр. Бір заманда мұның пайдасы болса, осы күні зияны көп. Заманына қарай «Оян, қазақ!» та «Маса», «Жаралы жан» да Көжебайлар емес. Ал егер де енді мұндайлар жазылса, Көжебайлар сонда болады. Қошкенің бұл сөзі дұрыс, бірақ тарихтың кейбір басқыштарында ақсақалдық тұрмысына қарсы көтерілісті байлар бастады емес пе? Бір ел екінші елді отарлауы, бір ел екінші елмен жауласып, ұлтшылдық секілді нәрселердің шығуы – сауда капиталының (промышленность), капиталдардың таласуынан емес пе еді? Ұлт таластарын байлар туғызады, жалпы қара бұқараға ұлтшылдық та, отаршылдық та жат нәрсе. Тек өздеріне тап сезімі кіргенше басқа таптардың қолшоқтары болып кетеді деп түсінбейміз бе? Анығында, қазақ арасын сауда капиталы аралағанша қазақ елінде ұлт сезімі туған жок. Ақсүйек ата-балаларына шен берсе, болыс қойса болды, тыш жата береді» (3: 73–74).

Қазақтың ұлтшыл сезімі қашан басталды? Оған былай делін-

Айгүл ІСІМАҚОВА

ген: «Қазақтың ұлтшылдық сезімі қай уақытта дөңгелектелінеді? Капитал қазақ ішіне әбден араласып, бұрынғы қазақтың шаруасын ойран қылып, қазақтың қаласыз күні болмай, тұрмысы капиталдың дөңгелегіне әбден байланғанда, екінші жағынан ел ішіндегі пысықтар мал шаруасын заманның ыңғайына қарай капитал тұрмысына тіркестіре бастаған мезгілде, қазақтың бұрынғы тұрмысы капитал тұрмысына ықшамдалып, қазақтың өз ішінен саудагерлер, қала байлары шыға бастаған мезгілде қазақтың ұлтшылдық сезімі дөңгелектелген емес пе еді? Бұл өзгерістің алдындағы 15–20 жылдың ішінде, көп болса, 25–30 жылдың ішінде ғана былай болды. Ал орыс үкіметінін отаршылдығы, кем болса, 100 жыл бұрын басталған. Бұрынғы заманда қазақтың ұлтшылдығы қайда жур? Кейінгі замандағы ұлтшылдық бұрын неге тумайды? Бұрын тууға мүмкін емес. Орыс қол астына поляк, татар, башқұрт бәріміз бір заманда қарадық, бірақ бұлардың әрқайсысы, әсіресе поляк орыс үкіметіне неше рет көтеріліс жасап, қан төкті. Бізде де аз-аzdap көтерілістер болды. Бірақ олардың көтерілістері Кенесары, Махамбеттің көтерілістеріндегі болған жоқ. Ойран-топыры, қыргын болды. Бұл неге бұлай, біз жаманбыз ба? Себебі, ол елдерде, әсіресе поляктарда, орыс капиталымен бірге жарысып келе жатқан капитал тұрмысы бар. Сондықтан олардың ұлтшылдық сезімдері ерте оянған. Мұның барлығын айтып отырғандағы мақсат – отаршылдық, ұлтшылдық дегендегер капитал тұрмысының әртүрлі дәүіріне байланулы деген сез. Бір күнде әдебиеттің ұлтшылдықтың тамыры осы еді. Бұл күнде октябрь төңкерісі бұл тамырды мүлде жойып отырса, әдебиеттіміздің де бұрынғы ұлтшылдық бетінің тамыры бұл күнде жоқ. Ендігі ұлтшылдық бір нәрсенің күйігі – жоғарғыны жоқтау. Мұны бұқарашибылдық боламыз деп жүрген жазушыларымыз білу керек. «Қорқыт», «Ертегі», «Жұмбақ», «Өткен күн» секілді өлеңдердің арғы сарыны өткенді жоқтауды көрсетеді. Заманы өткен тап ақынның «сарындармалық» жолына түскендігін көрсетеді» (3: 74–75).

ХХ ғасыр басындағы әдебиет қай дәуірде? Реализм туралы: «Әдебиеттің қай дәуірде? Сентиментализм, романтизм дәуірінде ме, реализм дәуірінде ме?» – деп таласып жүрушілерге жауап: әдебиеттімізде жоғары айтылған ұлтшылдық, кедейшілдік, бұқарашибылдық секілді үш түрлі ағым бар. Бірақ бұлардың әрқайсысы жоғарғы айтылған дәуірлердің әркайсысын басынан өткізіп жур. Сарындармалық дәуірі – өліп бара жатқан таптың, ақынның жолы, (оның) бізге керегі аз дейтін жолдастардың сезі дұрыс. Сондықтан

Алаш әдебиеттандырылған орындар

осы күнгі әдебиеттің ішіндегі «сарындаамалық» ұлттылдардың ішінде, бұрынғы атақты ақындардың өлеңдерінен табылып отырса, бұл – бір нәрсенің күйігі» (3: 75).

Әдебиетші Ыдырыс Мұстамбайұлы сонымен қатар таптық көзқарасын қолдайтынын білдіреді: «Пайғамбар», «Бостандық», «Жолдасқа» деген секілді ұлттыл ақынның өлеңдері бұл күнде ұлт тілегін көрсетпейді. Тап тілегін көрсетеді. Бізде мұндай жырларды жырлайтын ақындар болса, бізде де тап сезімі туған, өткенін көксейтін, келешекте пайғамбар күтіп отырган (Күнбатыстан болсын, Күншығыстан болсын, бәрібір) бір таптың болғаны деп түсіну керек. Бұны Жұсіпбек, Қошкелер таныса жөн, танымаса – адасқаны. Әңгіменің, таластың зоры осы» (3: 75).

Әдебиетші заман талабына сай ескіні тексеріп алуды үйғарады: «Ескі тұрмысты суреттеме, халықтың ескі тұрмысын жазба» – деп ешкім айтпайды. Әбдірахманның мақаласындағы («Е.Қ», 248-сан, 1926 жыл, 9/10) романтизмге берілген мағынасынан және Сәбиттің мақаласының ішіндегі Мағжан: Кенесарыны өлең қылады, бұл өткенді жоқтағандық деген сөздерінен («Е.Қ», 4-сан, 1927 жыл, 4/1, «Мазмұн және пішін деген бөлім»): «Ескіні тексермесе, ескіше өлеңсарындаамалық болады. Бұрынғы аксақалдық тұрмысты жоқтау болады, – деген пікір шығуы мүмкін. Кенесарының, Наурызбайдың Пугачевтан, Степка Разиннан несі кем? Кенесары хан боламын деп көтерілсе, Пугачев та: «Мен қатын патша Екатеринаның ойнастары өлтірген Петр патшамын», – деп, ел көтерген. Пугачев былай айтты еken деп осы күнгі өзгеріс тарихының жүзінен сзызылып қалып отырган жоқ. Пугачев патшамын деп айтқанымен де, сол уақыттағы қарашекпен көтерілісінің саяси мағынасы жоғалмайды. Кенесары хан тұқымы болса да, хан болуға ниеті болса да, ол уақыттағы қазақтың үкіметке қарсы көтерілісінің саяси тарихы, мағынасы болмайды. Қанша бай патшалар тұрмысынан алынып жазылса да, «Анна Каренина», «Борис Годунов», «Отелло», «Гамлет» секілді драма, романдар көркем әдебиеттің ішіндегі маржан секілді нәрселер. Қанша заман өтсе де, бұлар өзінің мағынасын жоғалтпайды. Көркемдігінде бұларға сез жоқ. Бірақ ертегілерді, ескі әңгімені жазғанда қазақтың ескі тұрмысын дәл суреттемей, ескі тұрмыска аса орынсыз мағына беріп отырса, не болмаса тарихи уақыға жазғанда болған уақығаларды шын жазбай – бұрып, не өзінше жорып, әлде болмаса бұқараны былай қойып, батырды, ерді жеке алып (герой и этalon) отырса, ондай жазулардың мағынасы аз болады. Міне, жазушыларға қойылатын шарттар осылар» (3: 75–76).

Замандастарға қойылған шарттарды Ы.Мұстамбайұлы былай анықтаған: «Бұрынғыны қөксемей, жаңа тұрмыс заманында қойылып отырған саяси тілектерді орынсыз жерге зорлап апарып кыстырмай, жазылған бізде ертегі, ескі әңгімелер, тарихи уақыталар жоқ. Осылай жазылған бір-екі ертегі, драма, романдар болса, көркем әдебиетіміз әжептәуір байып қалар еді. Соңғы мезгілде ұлттың жазушылардың жазғандарының ішінде «Қарнакөз», «Бүркіт кегі», «Батыр Баян», «Қартқожа» секілді жаксы нәрселер шықты. Бұлардың ішінде кең бұқарашибылдық, нағызышибылдық жолымен жазылған нәрсе – «Қартқожа», Біздегі ұлкен кемшилік – сынның кемшилігі. Ұлттың, бұқарашибыл, кедейшіл жазушыларымыздың бұрынғы-соңғы жазған кітаптарының барлығын Маркс жолымен, әдебиет зандарымен тексеріп, бір өте оқитын уақыт жетті. Бұлай болғанда, айтып отырған үш ағымдарымыздың әрқайсысының салмағы шешілдер еді. Әрқайсысының қандай дәуірде жүргені айқындалар еді. Әрбір ақынның тұс сипаты көрінер еді. Әзірге мұндай сын жоқ. Бізге бұл күнде көп мәселе қаранғы. Кейбір нәрселерге орынсыз мағына берілуі де бар. Тәрбие алса, үлгі көрсе, ақын болып кетерлік жас, кедейшіл жазушыларымыз тексерілмей жүргені де рас. Бұл – ұлкен күнә. Жаңа жазып келе жатқан жазушыларымыздың ішінде ақындық сипаттары білінгені болса, оларды көтермелу керек. Азырақ қатесін айтып қойып, сылап, сипап, үміттендіріп коюға әбден қажет» (3: 76). Бұл – әдеби процеске берілген әдеби баға.

Әдебиетші: «Осыларды ажырататын сынның жоқтығы», – дейді. «Қошкениң теріс пікірі: сынның бір жағынан жетекші, тәрбиеші екенін ұмытынқырап кеткен. Орыстың атақты ақындарының көбі жаңа жазып келе жатқанда жетекшілері болған соң, жолға салып жіберерлік сыншылары болған соң, жол ауыртпалығын аз көрді. Бірақ сол сынның кемшилігі – кейбір жолдастар: «Біздің әдебиетіміздің ішінде жас жазушыларымызға үлгі аларлық дәнеме жоқ. Бәрі ұлттың, соткарыңың» деген кате пікірде жүр. Толық сынға енді келе жатырмыз. Әзірге жобалап қана негізгі пікірлерді айту керек. Жоғарғы ұлттың ағымы туралы азырақ айттылды. Бұл ағымның негізгі тілегі, әрине, біздің жолымызбен үйлеспейді. Сонда да ұлттың жазушылардың ішінде әлі қайда барып тоқтары белгісіз болып жүрген жазушылар да бар. Әсіресе ұлттың жазушылардың ішінен бұқарашибылдықты бетке шығып келе жатқан жазушылар бар. «Қартқожаны» жазған (Жұсіпбек) – «бұқарашибыл боламыз» деп жүрген жазушылардың бірі. Енді мұнан әрбір қадам алға басып, «Қартқожа» секілді кең бұқарашибылдық негізімен

Алаш әдебиеттануы

жазылған романдар көбейсө, бұқарашилдық – әдебиетіміздің ішінде көрнекті орын алады. Бұқарашилдарды осы жолға шақырамыз. Олардың кемшілігі – әлі де аландаң жүргендігі, совет үкіметінің негізіне әлі де сенімсіздігі қалмаганы, қазактың қара бұқарасына берген октябрь төңкерісінің кеп жемістерін бағаламай яки көре алмай жүргендігі. Сондықтан да бұлардың жазғандарының ішіндегі кемшілік – бұл замандағы елдің, ауылдың тұрмысының кейір түрлері суретtelмей жүргені, бұл күндеңі қара бұқараның күйі, ойы бұларға жасырындау болып келеді. Бара-бара бұл кемшіліктерден өтсе, әдебиетіміздің бұқарашилдық ағымы әлі кең жолға түскенін көреміз. Бұл кемшіліктердің кедейшіл жазушыларымыз сезеді және толтыруға тырысып жүр. Бірақ жаңа жазып келе жатқан кедейшіл жазушыларымыздың көбінің кемшілігі – сөзге нашар, пішінге ұста емес. Бұл жағынан, ұлтылы, бұқарашил жазушылар әлі асып отыр. Бұл әрине, бара түзелер, мұны үлкен кемшілік демесек, екінші түрлі кемшілік – саяси тілектер жеңіп, осы күнгі тұрмыс шын суретtelмей, боямалауы көп болып кететіндігі. Бұл – жаңа бет алып келе жатқан әдебиетіміздің жаңа ағымының жетіспеген жері. Алғаш бетінде бұлай болу да – тарихи жол. Азырақ үгіт те керек болады. Себебі, әдебиетке саясат араласпай отырмайды. Бұл заман күрес заманы, сондықтан әдебиетімізде саяси күрестің әсері қайтсе де болады. Демек Бедныйлардың соғыс уақытындағы, ашаршылық заманындағы үгіт өлеңдерінің әскерге, топқа берген әсерлері қандай болған?» (3:76).

Әдебиетші реализм туралы кәсіби пікірінде «нағызшылдыққа үйренуді алға тартады: «Нағызшылдық жағынан кедейшіл жазушыларымыз тезірек жатықса, кеп кемшіліктерден өткен болар едік. Кедейшіл жазушыларымыздың өсіп келе жатқанын байқамай қалғанымыз рас. Өзге жазушыларды әзірге сынға алмай, Сәкен мен Бейімбетті алсақ, екеуі де пікірі дөңгелектелген, ақындық беті өсіп, белгілі бір дәрежеге жеткен ақындарымыз» (3:77).

Сондықтан С.Сейфуллин туралы әдебиетші өз пікірін анық берген: «Сәкеннің «Қызыл сұңқарлар» мен «Тар жол, тайғақ кешуіне» заманының қалпы мен ақынның өскен ортасын салыстырып тексеруге бір жеке сын керек. Мұның өзі недәүір үлкен еңбек. Бұларды жоғарғы айтқан түрде көп кемшіліктері де бар. Бірақ соңғы жазылған жүрген «Тар жол, тайғақ кешуде» жақсы жерлер де бар. Соңғы жазылған «Қара жер», «Сабаншы», «Күзгі күні далада», «Ананың қаны» тағы басқалары, әсіресе «Аққудың айырылуы» деген өлеңдерде бәрі жақсы, көркем. Сынға қай жағынан болса да

Айгүл ІСІМАҚОВА

толық. Эр ақынның өзіне лайық лирикасы болады. «Сыр сандық» деген өлең осындайға жатады. Көркемдігі алдыңғылардан кем емес. Бірақ ақын мұнан әрі өзіне үңіліп кетсе, үлкен кемшілік болады, адасып кetedі» (3: 77).

Ауыл мен қаланы қалай жазу керек? Осыланысты Ы.Мұстамбайұлы Б.Майлин өлеңін келтірген: «Тағы осы мәселе-ден шығатын бір сөз, ауылдан шыққан ақындарымызға ескерткіміз келеді: ауылды жеке алып, қала мен ауылды екі түрлі дүние көріп жазатын болса, үлкен кемшіліктің туғаны. Бейімбеттің: Қой маңырап, сиыр мәніреп, маң-маң басып, Келеді еркін жүріп, көңіл тасып. Сауға келіншектер қарсы шықты, Қолына шелек алып, белдемше асып... Шан, топырақ көшесі жүргізбейді, Ерке көңіл елден үміт үзбейді. Назданатын нұрлы жүзді, от көзді, Ел сұлуын, қор сұлуын іздейді, – деген өлеңдерінде аса үлкен кемістік жоқ болса да, қала мен ауылды салыстыру бар. Салыстырғанда сынаржақтық бар. Бейімбет жолдастың шан, топырақ Қызылордадан шаршағаны болмаса, ауылдың қызығы өз алдына, қаланың қызығы өз алдына емес пе? Қаланың өмірінен өншең «секендердеген ешкілерді» көруі кате емес пе? Міне, кедейшіл ауыл ақынына екінші ескертетініміз осы. Мұндай сынаржақтық кейінгі шыққан бұқарашиборыс ақындарында да бар. Мұның терісін орыстың әдебиетшілері де көрсетіп айттып, түзетіп отыр. Бейімбеттің «Жазғы кеш», «Бұлтты күн», «Ауыл», «Әйт, шу, ала атым», «Елдегі екпінді істер», «Ленин өлді» тағы басқа әбден жақсы өлеңдері шықты. Бейімбет заманмен бірге өзгеріп, өсіп келе жатқан ақын. Бірақ жоғарғы айтқан сынаржақ бола ма деген қауіп бар. Анығында Бейімбеттің өлеңдерінің ішіндегі кемшіліктер – қала мен даланың байланысының жайынан жазылған жақсы өлең жоктығы» (3:78–79).

Кімнен үлгі аламыз? деген саяулға Ы.Мұстамбайұлы Лениннің сөздерін алға тартады, бірақ сонымен қатар әдебиетші шындықты айтуды жөн санайды: «Екінші айтатыным: былтыр «Правда» газетінің бір сандарында (шыққан айы есімде жоқ) Сосновский жолдас Лениннің Пушкин қақындағы көзқарасын айттып жазды. Әмәнда сүйсініп Пушкинді оқитын болған және жас жазушыларымызға Пушкинді әмәнда үлгі-өнеге етіп қөлденең тарта берген. Пушкинді боқттайтын жерлер толып жатыр. Оның бірнеше керемет сорақы, ұлтшыл пікірге жазған өлеңдері бар. Пушкиннің өзі де помещик тұрмысының ақыны, бірақ сол Пушкинді қадірлелі білген, жақын көрген. Біздің өз әдебиетіміздің ішінде үлгі аларлық дәнeme жоқ дейтін жолдастарға айтатынымыз: Лениннің айтқан

Алаш әдебиеттануы

«комчванствосы» болып жүрмесін дейміз. Бұл – қатты сөз. Бірақ менің айтып отырган – сөзім емес. Лениннің сөзі. Сондықтан мысал үшін айтсам маған ренжитін орын жоқ. Біздің жас жазушыларының мәдениетінде көбінесе әдебиеттің табылады. Бірақ «Батыр Баян», «Қартқожаны» оқы, үлгі ал. «Қартқожа» секілді романды сен де жаза алатын бол», дейміз. Бұл сөзден: «басқа елден үлгі алма» деген тағылық шықпайды. Орыстың әдебиетінен үлгі алмай, біздің әдебиетіміз жетісе алмайды. Бірақ «өз әдебиетінді де тексер, пайдаланатын жерлер бар. Үлгі ал, пайдалан!» деген сөз болып табылады» (3: 79–80).

Әдебиетші «Батыр Баян» мен «Қартқожаны» осылай заман ызғарынан ақтап алады. «Қошкенің тағы бір-екі айтылмай қалған мәселесі» тарауашасында әдебиетші былай деген: «Қошкеңің – Қошкелігінен шыққан бір қатесі тақырыптар туралы. «Отаршылдықпен күрескен дәүірді алсан, ұлтшылдардың кейіпі (тип) жақсы болып шығады» (дейді). Мұны Қошкеге кім айтыпты? Мұндай сыңаржақтық (субъективной) ақыннан не сондай синишидан шығады. Ұлтшылдардың көп жерлері заманына қарай дұрыс шығады. Бірақ ұлтшылдардың барлық сипаттары, істері жөн деген әрине, субъективизм. Нағыздық жолмен жазған кезде ұлтшылдардан да қызық-қызық кейіпкерлер шықпай ма? Тез арада қазақты Германия не Япония қыламыз деген қиялдарды суреттесе, баланың мінездері не Дон-Кихот секілді ерлердің мінездері боп табылмай ма? Өткен тарихи оқиғалар нағыздықпен жазылғанда Жүсіпбектің «Қартқожасындағы» елдің: «Орыс үкіметінің әскерімен соғысамыз. Түріктің халифасына ауамыз» деген бос күжілдегі секілді. Семей, Ақмола қазақтарының: «Алаш» болдық, «Күдай жасады» деп шуылдасып бос лепіргені жазылмай ма?

Қошкенің «Объективная ценность» дегені сондай нағыздық жолымен жазылған әңгіме, романдардан табылады. Және де өзгерістің аласапыран бас кезінде Қошке айтқан түрлі жаманшылықтардың болғаны рас, бұлар суреттелу керек. Бірақ екінші жағынан да ұмытпау керек қой. Февраль төңкерісінен кейін «Алаш» болып, ұлтшылдық нағыз күштейген уақытта өңшең Қаражан, Ике секілді байлардың бәрі бірінші ұлтшыл болып, ұлтшылдық жұмысына «Тобықты әңгімелері» секілді бықсыма ел даулары арапасқан жоқ па? Бұлар да жазылу керек қой. Мұны бұқарашиб жазушы Жүсіпбек білсе керек қой. Және де «Бақытсыз Жамал» мен «Бедная Лиза» екеуде бірдей емес, Карамзиннің сезімшілдік негізімен жазылған «Бедная Лизадан» «Бақытсыз Жамалды» біз артық деп ойлаймыз. Осымен

Айгүл ІСІМАҚОВА

тоқтаттым, кейін тағы пікір алысармызы» (3: 80–81). Бұл кәсібіліктен шықкан пікірлер екені де айқын.

Ідірыс Мұстамбайұлының «Біздің таластарымыз (ақындардың мінездері және Сәбиттің мінездері)» атты мақаласы біріншінің жалғасы. Жалпы ақындық туралы былай деген: «Ақын жырлайды, сұр тұрмысқа безер салады. Ақынның сөзінің сұлулығына, маңызына қарап, ақынның әлеуметшілдік саяси тілегіне қарап, ақынның өлеңдерінің көпшілік бұқараның мұнына үйлесуіне қарай, жұрт ақынға баға беруші еді. Бұл айтқандардай ақынның сөздерінің бағасы болса, ақынның қанша дұшпандары болсын (бас дұшпандары болсын, жок дұшпандары болсын, бәрібір), оған бөгет болып жолында тұра алмайды, ақын өрлеп жүре береді. Жұрт оны танымай қоймайды.

(Корқамын, Сәбит: «Құр «жұрт» депсін, ол қай «жұрт», қайдағы «жұрт», – деп тағы байланана түсе ме деп. Соңдықтан ескертемін: «жұрт» деген сөз бұл арада «аудитория, общественность» деген сөздердің ұғымына жақын. Әрбір сөз басы сайын ескерткіш жазатын болдық-ау ?!). Егер де ақыннымыз дүмбіlez болса, біраз заман аты аталаип жүрсе де, бара-бара жоқ болады, атағы өшеді. Бұл айтылған екі пікірге мысал келтіру артық шығар» (3: 85).

Бұған мысал ретінде әдебиетші ойын келесі түрде жалғастырады: «Ақын өзін кім екенін, тілегі, мұны не екенін өзінің сөзінде айтты да қойды. Ақынның жырына қарап оған бағаны жұрт береді. Ақынға өзін-өзі жақтап жату, өзін-өзі мақтап жату керегі жоқ нәрсе және лайықсыз. Біреу оған өтірік пәле жауып жатпаса, не аса кисынсыз кінә тағып жатпаса, «мен былай дедім, менің асылымды ұқпадыңдар» деп ақынға таласып отыру кисынсыз.

Гоголь, Тургенев, Достоевский, Салтыковтар да өздерінің көздері тірі отырған күндері әркім әртүрлі деп жатқанда, үндемей, көбінесе шыдап отырған. Олардың кейбір әнгімелері 4–5 жыл, біреулері 10 жылдай созылып жазылып жүрген. Соншама «сары майдай сақтап», «екі көзінің қарашығындей» күтіп, барлық тілегін, барлық пікірін кіргізіп, қанша еңбекпен, қанша сабырмен жазып шығарған нәрселерін әркім әртүрлі баға беріп, «іреп-сойып» жатқанда, кейбіреулерден орынсыз сөгіс естіп жатқанда, бұлар шыдап отыра берген. Ақырында, «тесік маржан жерде қалмас» дегендей, бос сөз далада қалды, бұлардың әрқайсысы әдебиет жүзінде тиісті орнын алды» (3: 85).

Осы ретте әдебиетші дүниежүзілік әдебиетке де жүгінеді: «Дүниежүзі әдебиетінің ескі мұраларының біреуі «Фауст» жазған немістің атақты Гете деген ақыны өлгелі жүз жылдай болса да,

Алаш әдебиеттануы

«Гамлетті» жазған Англияның атақты Шекспир дейтін ақыны өлгелі 300 жыл болса да, бұлар туралы әлі де талас-тартыс, дау біткен жоқ.

Бұл айтылған әдебиет мұралары 100–300 жылдан бері талай батыр сыншыларды көрген. Бұлар Белинскийді де, Плехановты да, Марксті де, Ленинді де, қала берсе, Троцкий мен Воронскийді де көрген. Бұлар шыққаннан бері тарих талай құбылған. «Гамлет» шыққан заман мен бүгінгі заманды салыстырсаңыз, ол уақыттағы адам баласының мәдениеті мен бұл күнгі мәдениетті, салт-сананы салыстырсаңыз, арасы қазекенің арбасы мен аптамабелдің арасындей, түйе мен айырпыланының арасындей еді» (3: 85–86).

Басты ойын әдебиетші былай анықтап берген: «Сонда да бұлар ескі әдебиеттің ең көркем нәрселері. Дүние әдебиеттің ең бағалы мұралары болып есептеледі. Бұларды әркім-ақ «бақайшағына» шейін қалдырымай талқыға салған, талайлар іске жаратпай шығарған. Сәбит екеуімізді былай қояйық, талай даналар бұлардың «жайын тауып» іске жаратпай шығарған. Мәселен, орыстың атақты ақыны Тургенев «Гамлет» – ешбір мағына таба алмай жынданған адамның сөзі, жай бір «құтыру», оны жазған жазушы Шекспир де көкек», – деп кеткен. Тургенев өзінің заманына қарай көркем әдебиетті Сәбит екеуімізден жақсы танитын шығар деп ойлаймын.

Егер де бұларды Сәбиттің сыннына салсақ, қорқамын, бір тынға жаратпас еді. Себебі, бұлардың ішіндегі әңгімелер өңшең патшалар, корольдер, жын-сайтандар не аруактар туралы болып шығады.

Сәбит не демейді? Бірақ сол жалғыз «Гамлет» туралы күллі жер жүзінде, неше жұз тілде шыққан сындарды жинап қалса, бір кішкене үй салуға болар еді. Соншама сындарды тапжылмай бір кісі үнемі оқып отыrsa, бірінші, ол адам жынданып кетер еді, екінші, оған 100 жыл жасау керек болар еді! Ал енді соншама пәлені көрген, сонша заманнан өткен, тарихтың түрлі құбылысын басынан өткізген «Гамлет» пен «Фауст» ескіріп, баяғының ертегісі болып қоймаға (архив) түсіп отыра ма? Патшалардың, жын-сайтандардың әңгімелері екен деп, СССР-дің күллі мемлекет театрларына қойылмай отыра ма?

Жер жүзінде қаламға шебер талай қаламгерлер қырықпышашақ болып қырылысып журген екі әңгіменің жазушылары өздерін-өздері ақтап ауыр сөз айттып па? Жоқ! Керек десе, «Гамлетті» жазушы анық кім екені даулы, «оны жазушы Шекспир емес», – деп таласушылар да көп. Бұлар ескі ақындардың мінездері» (3: 86). Ы.Мұстамбайұлы: «Сынды қабылдауда сабырлық керек», – дейді.

Осы ретте XX ғасыр басындағы әдебиетке катысты уәж орыс

Айгүл ІСІМАҚОВА

әдебиетінен келтірілген: «Ал енді жаңа ақындарды алайық. Горький туралы төңкөрістен бұрынғы айтылған пікірлерді қоя тұрайық, дәл сәбет үкіметінің заманында Горький туралы қаншама пікірлер болды. Луначарскийден бастап, марксшіл сыншыларымыздың әрқайсысы әртурлі деп жүрген жоқ па? Горькийге Лениннің берген бағасына қарамай, кейбіреулер өзінше соғысып жүрген жоқ емес пе? Горький отыра қалып бәріне жауап жаза бастаса, шашы ағарар еді. Айтыстан басқа түк бітірмес еді, жазу далада қалар еді.

Жаңа әдебиеттің басқа ақындарынан Пильняк, Иванов, Маяковский, Сейфуллина және басқалар туралы не айтылмай, не жазылмай жүр? Бұлар қолшоқпарын қолына алып, бір-біріне тұра ұмтылып: «Мен 1000 сөзімнің ішінде «енбекші» деп 100 рет айттым. сен 5-ақ рет айтыпсын», – деп неге жүгірісіп жүрген жоқ? Өздерін актап, бір газеттің бетін толтыруға бұлардың да күйі бар» (3: 86–87).

Қазак әдебиеті туралы да объективті болуға тырысқан әдебиетші былай деген: «Ал біздің ақындарға келсек, өздері – ақын, өздері сыншы. Бірін-бірі мактайды. Бірін-бірі боктайды. Айтысқанда, сөздерін сипатты, дәлелді ету үшін «мерез» деген сөздерді қоса салады. Бұл не деген сүмдүк? Әлде қалмай жүрген жікшілдік кеселдері ме екен? Жабайы кіслердің, әсіресе оқып жүрген жастардың біздің айтысмыздан миы қататын болды.

Баяғыда дәл осындаған таластардан, не әлде ескі молдалардың бакистерін тындалап, миы қата болған бір бейшара қазақ айтқан білем: «Біреу: «Қазақ жақсы», – деді, біреу: «Орыс жақсы», – деді. Ақыры «шортти бери» (черт, ты бери) деп шоқындым да кеттім», – деп.

Сәбиттің мінездері тым қызық: 1) бірінші, барлық жаңа әдебиеттің негізін жалғыз өзі қорғап отырған секілді болады. Өзгелердің бәрі Сәбит басқан таңбамен жүру керек. 2) екінші, Сәбит тым теке бір. Басқа дүниеде өзім білмеген тесік қалған жоқ деп лепіреді де отырады. Екі ауыз ақыл айтып, Сәбитке қатесін көрсеткен адам пәлеге қалады. 3) үшінші, Сәбит тым қылжан, «қазанбұзар» тентек. Қылжандап келіп рұқсатсыз келіншектердің бетін ашып қалады. «Бұл қалай?» – деп біреу сұраса: «Мен редакторымін» – дейді. Айтқанға түсінбей жатып «байбала» салады, біреумен айтысып отырып, екінші адамды қоса қабат беталды түйрей салады» (3: 87).

«Паңдық па, иә кекірек пе?» атты II-тараушада әдебиетші XX ғасыр басындағы талас мәселелерді анықтап саралаған әдеби процесті былай анықтаған: «Осы күнгі әдебиет айтыстарымыздығы талас мәселелер: 1) Ақын кім? Ақынды қалай бағалау керек? 2) Ескі

Алаш әдебиеттануы

мұраларды қалай пайдалану керек? Кімнен үлгі алу керек? 3) Осы күнгі ақындарымызға үйрену керек пе, жоқ па? Олардың қандай кемшіліктері бар? 4) Жолбикелер кім, олармен арамыз қандай болу керек?

Осы айтылған мәселелерге былтырғы жылы шыққан «Қызыл Қазақстан» журналында (1927 жылғы февраль-март айларында шыққан 2-інші саны) мен өз пікірімді айтып өттім, көбінесе Сәбиттің қателерін көрсеткенмін. Бұларды қайта жыр қылып отыруды артық деп таптым. Өйткені Сәбиттің кейінгі шыққан мақаласында («Жаңа әдебиет» журналы, 1928-інші жылы март айында шыққан 3–4 сандары) дәлелді жауап таба алмадым.

Етікші мен ақынды теңестіргендегі орасан қате пікірлерін түзеп, қатесін көрсеткен адамдардың бәрін бірдей өзіне жау көрмей, тиісті ақылды пайдаға асырудың орнына, біз көрген Сәбит: «Өңшең құрық көрмеген бас асауларды шыңғыртып құрық салып үйретемін», – деп, колына құрық алғып, далақтап бос шауып жүр. Жылқышының да бәрі бірдей ақын болмағанмен (Сәбитше қарағанда, жылқышы да, аңшы да бірдей ғой!), оның да ішінде жылқышылары бар ғой. Өңшең асауларды үйрететін жылқышылардың үлкен әдісі, үлкен қайраты болды ғой. «Әлін білмеген әлек» деген секілді Сәбит жолдас құр бекер даңғойланып шапқылап жүрсе, асауларды үйретудің орнына, орга жығылып мерт болмай ма?

Жоғарғы айтылған мақаласында Сәбит жолдастың қайтарған бір дәнді жауабы жоқ, бос қызу сөздер, не болмаса – жала. Мәселен, мен Абайды, оның идеологиясын «тап тартысынан тыскары таза идея» деппін. Абайды жалпы қазақтың «бейшара қамқоры» деппін! Өңшең осындай «қотыр сөзді» Сәбит жолдас қайдан табады?! Мұндай сөзді Сәбит жолдас шатасып, не айтқаныңды аңдамай қалып жазып отыrsa жөн ғой, тек ермек үшін жаза бере ме деп коркамын. «Жаза берсе, қағаз байғұс шыдай береді» деген сөзді амалсыздан кісі осындайда айтады екен ғой.

Әркімнің де тиісті бағасын білеміз. Егер де менде біреуді «қазақтың қамқоры» деп араша түсे қалар пигыл болса, мен Абайдан басқаны көрер едім. Бага беруге келгенде, кімге болсын, Сәбит болсын, басқа болсын, ешкімнен әлі ығысқанымыз жоқ» (3: 87–88).

Сәбитпен негізгі келіспеушілік туралы әдебиетші быладай дейді: «Үйрену керек, есқі мұралармен пайдалану керек» дегендердің бәрін Сәбит өзінше теріс жориды. «Ендеше, Бақырғанды да, әптиекті де, Құранды да қайта бастыр» – дейді. Мұндай сөздердің өткірлігі бар шығар, бірақ басқа қасиеті аз. Сәбитше қарасақ, бұрынғының

Айгүл ІСІМАҚОВА

бәрі бұл күнде Құран секілді. Керексіз болған. Бұл қалыпта бара берсе, Сәбит жолдастың ақындық бетінің жоғарғы өрлеуіне сенім азаяды.

Сәбитке біздің айтатын ақылымыз: бірінші, Сәбит енді өзін-өзі мактаудан кішкене тоқталсын. Сәбит өссе, ақындығын өлеңмен көрсетсін. Сәбит жаңа әдебиетке негіз салушы болса, оны байқап калатын жұрт тағы өсіп қалды. Екінші, Сәбитке әлі де көп үйрену керек: кемшилігі, білмейтін нәрселері тым көп. Қазақ әдебиетін тегіс ақтарған болса, оナン еш қадірлі нәрсе таба алмаса, не болмаса, енді мұнан былай Сәбитке қазақ әдебиетінен аларлық дән табылмаса, орыс әдебиетін қарасын. Өнер, әдебиет, мәдениет, адам баласының құллі тарихының толып жатқан ескі мұралары бар, Сәбит соларды тексерсін. Құранмен қатар «Одиссея» мен «Иллиаданы» қарастырысын. Мекке мен Әзірет сұлтанның зиратымен қатар орыстың Иван патшасы салдырып кеткен Кремльдің касындағы шіркеуді салыстырысын. Болмаса, Мадонна деген ел шулап қоймайтын құдай қатын бар, Сәбит оны да біліп қойсын. Ленин мен Марксті былай қояйық. Плеханов, Мартов, Каутскийлермен қатар бізге Сократ, Аристотель, Мефистотельге шейін білу керек. Ворошилов, Буденный, Фрунзелермен қатар бізге Македонский, Цезарьларды білу керек. Крупская мен Коллантаймен қатар Клеопатра, Орлеанская Деваны білу керек» (3:88–89). Әдебиетшінің білімі мен кең көлемді ой-ерісі осылай анғарылады.

Әдебиетші осындай білімділікті қөздейді: «Ауызша айтқанда, «үйренемін, үйреніп журмін» дейді. Бірақ сөзінің түрі көбінесе: «Сендер маған жөн айтпай-ақ қойындар, өз білгенімнен артық маған дәнeme ақыл қоса алмайсындар», - деген көкірек болып кетеді. Қай кәмөнестің неғұрлым білімі артық болса, соғұрлым үкіметке, партияға пайдалы, соғұрлым еңбекші елге пайдасын көп тигізе алады. Ақын неғұрлым білімді болса, соғұрлым ақындығы арта береді, сөздері сипатты, мағыналы болады» (3: 89).

Көркем әдебиетке қояр талап тек таптық еместігі туралы: «Ертengі күні, еңбекші бұқара тегіс ағарып жеткен күні, Сәбитті тексергенде (жалғыз Сәбит емес, басқа жаңа жазушыларымызы да айтамын). Сәбит өлеңдерінің ішінде «енбекші» деп неше рет айтыпты деп тексермейді. Алдымен, сол Сәбиттің өлеңдері еңбекші бұқараның мұнымен, тілегімен байланысы қанша? Өлеңдері еңбекші бұқараның жүргегін қанша қозғай алады? Сөздерінің сулұлығы, маңызы қандай? Сәбит бағаны осылай алады. Сәбиттің, еңбекші бұқара ақыны сөзінің асылдығы сондай болу керек: «Егер

Алаш әдебиеттануы

де сөзінді еңбекші оқыса, қуанып, күліп, мәз болып не қайраттанып, жігер бітіп, не сенімен бірге мұндастып отыру керек. Егер де сөзінді еңбекшінің жауы оқыса да, еріксіз елітіп отыратын болсын, не жанынан шошып тәубага келіп, не иғына алbastы мініп, кара-тұман қайғы-уайым басып кететін болсын. Үлкен үгітші қырдағы қойшыға қырық күн жырласа да, кәмунизм негізін түсіндіре алмай, шаршап қайтатын жерде Сәбит ақын екі ауыз сезбен қойшыны ертіп, елтіп жіберу керек. Қүйдіріп, жандырып жіберу керек. Міне, ақынның белгісі қандай (Бұл арада Риддер, Екібастұз, басқа жерлердегі қазақ жұмысшыларын айтпай отырғаным, олардың саяси саңылауы бар гой, қойшыдан гөрі тезірек ұғынады). Әйтпесе Сәбитпен қатар мен де ақын болып кетуім оңай. Әрине, ғұл айтып отырғанымыз – үлкен ақынның сипаты. Мұндай ақындар біз түгіл, бізден басқалардан да кем шығар. Мұндай ақындар бара-бара шығады.

Сәбит үйренбесе, талаптанбаса, құр айтыспен, құрықпен жүре берсе, ертеңгі күні өзінен басқаның асып кеткенін білмей қалады. Сондай Сәбитке біреу болмаса, біреу: «Дұрыс, жігерлі, пікірлі, қатты ортақшыл азамат екен», – дейді. «Бірақ таласып, айтысып жүріп үйрене алмай қалыпты, ақындығы кем екен, не өсе алмай қалыпты», – дейді. Егер де сол өскен еңбекшінің, сол еңбекші бұқарасының марксшіл нағыз бір Плеханов секілді сыйнышыларының біреуі, осы күнгі Сәбит құрық салып қайтарып жүрген ақындардың ішінен не жолбикелер деп жүрген ақындардың ішінен «Біздің нағыз үлкен ақын мынау», – деп Сәбиттен басқа біреуді тауып алса, тірі масқара емес пе? Мұны да Сәбит ойлау керек. Мұның бәрін Сәбитке нағыз достықпен айтып отырмын, жау көрсө, өзі білсін.

Бұл жалғыз Сәбитке айтылған сөздер емес. Бірқатар жаңа ақындарға да айтатын сөздеріміз осы. Жас ақындарымыз қаптап көбейіп келеді, өсіп келеді. Кемшіліктері көп болса да, олардың міндеті зор, жүгі ауыр, соған қарап оларға баға беру керек. Олар – жаңа әдебиетке негіз салушылар. Бірақ оған қарап кемшіліктерін айтпай отыруға болмайды.

Енді мұнан былай әдебиет мәселелерінде «тиіп-қашты» қылып «бүйректен сирақ шығармай», айтысты ұрыс-талас, жанжалға аудармай, әрбір ақынды жеке алып қарап, негізгі мәселелерге кіріссек жөн» (3: 89).

«Тарих пен ақын» атты III-тарауда Сәбитпен дау жалғасқан. «Сәбиттің мақаласынан толық бір екі кесім келтірейін, дұрыстығын, терістігін окушылар өздері сынасын. Мінеки, Сәбиттің былтырғы жазғаны. «Тарихтың жүрісінің буынын айыру өте қыын, тарих

Айгүл ICIMAКОВА

тұтасып отырады», – дейді Бухарин. Ұлтшыл әдебиеттің басын кесіп 17-ақ жыл деуге болмайды...»

«Қазақ ұлтшылдары өз бетімен өркендереп кетті дегенге мен қарсымын. Орысқа бағынғаннан бастап біздің есken ортамыз (среда) жалпы Ресей үкіметі болды. Қазір де солай, қазақтың өзі жеке орта емес...». «Зелинский деген поляк ақынының «Қазақ» («Киргиз») деген өлеңі бар...»

«Құлдықта шіріген қазақ, тағдырдың жауыз тырнағына іліккен қазақ» деп бастайды. Ол өлеңің жазылғанына биыл 96 жыл, олай болса, орыс түгіл күнбатыс Еуропа төңкерісінің салқыны қазаққа бұдан жүз жыл бұрын тигеніне Қошке қалай қарайды...» («Енбекші қазақ», 5 январь, 1927 жыл, № 3).

Осы айтылғанның бәрін оқушының сынына адал ниетпен толық әкеліп отырмыз. Осы айтылған сөздер бір мақаладағы әр жерде айтылған сөз болса, әрбіреуінің мағынасы алдындағы пікірлерімен байланысты (болмаса), бұлар (дың) бір-бірімен жалғасы аз болар еді. Жоқ, бұл келтірген сөздер Сәбиттің көркем әдебиет туралы бір газетте жазылған бір мақаласының «ұлтшылдар туралы» деген бөлімінде. Бұл жоғарғы сөздер бірімен-бірі жалғасулы, араларында бір-екі-ак жол қалды. Ал енді осы айтылған сөздерден тұтас бір пікір туғызуға бола ма?» (3: 91).

Әдебиетші әділ болуға шақырады: «Сондықтан менің берген жауабым мынау еді: «Ұлтшыл әдебиеттің басын кесіп, 17 жыл деп айтуға келмейді», – деген Сәбит жолдастың сөзіне түсіну қыын. «Біздің көркем әдебиеттің өмірі пәленше жылдық» деген сөзге таласуға болады. Қошке әптекте дәрі өлшегендей мыскылдан «17 жыл» деп отыrsa, бұл дұрыс емес. Бірақ Сәбиттің сол жоғарыдағы көрсетілген мақаласының әлгі айтылған жерінен бастап ақырына шейін оқып шыққанда туатын пікір: бірінші, көркем әдебиетіміздің тарихын айыру қыын, екінші, көркем әдебиетіміздің басы жоқ, аяғы жоқ ұшан-теңіз бір нәрсе... »

«Сәбит жолдастақ айтатын жауабымыз: рас, тарихтың буындарын айыру қыын, тарих тұтасып, қайталап отырады. Бұл – диалектика, материализмің жолы. Бірақ диалектиканың өзі тарихты дұрыс тану үшін керек...».

«Не нәрсенің болса да тарихын тексергенде, шұбаландатып 100 жыл, 200 жүз жыл деп дәлелсіз құргақ сөздерді айта берсек, онан тарих та шықпайды, диалектика да табылмайды». Мені енді оқушы өзі сынасын. Меніңше, Сәбит былтырығысынан биыл түзеліп, диалектиканы да дұрыс түсінуге шыққан» (3:92).

Алаш әдебиеттануы

Негізгі мәселе Абай мұрасы екені осылай анықталады: «Сәбит мақаласының аяғын әкеліп былай деп қойған: «Абайдың ар жағында да қазақтың жақсылы-жаманды әдебиеті болған. Сол әдебиеттер сарқылып келіп, Абай заманында бір қазақ қағып етті. Осының кезеңіне Абай кез келген соң, даяр табақтың иесі, даяр тоқпақтың ұрушысы, даяр қазықтың қағушысы болды да жүре берді...». Жөн, жөн, Сәбит!!! Онан да, қазақша «Абай – арамтамақ» деп бір-ак айтсаңшы. Көп сөз сөйлем әуре болып жататын не бар! Елдін бәрі мұндай қысқа, өткір тілге оп-оңай түсінеді ғой.

«Етікші де – ақын, балташы да – ақын» деген сөздерге, мұнан былай ақын дегендер тек тарихтың жасап бергенін ішіп-жеп кететін «арамтамақтар» десек те болмай ма? Ойлаймын, Сәбит жолдас біраз заманнан кейін бұл қатесін тағы түсінер, тек мені мұқату үшін қызу үстінде айта салған болар» (3: 92–93).

Әдебиетші осы ретте өз көзқарасын анықтап алған: «Тарихта жалғассыз еш нәрсе жоқ. Қазақтың бұрынғы кәкір-шүкір әдебиеті болсын, орыс әдебиеті болсын, Абайға азық болды, олар барып Абайды туғызды. Абай болған соң, Байтұрсынов болған соң, бұл күндерде Сәбит шықты.

Орыс әдебиетінде Ломоносов, Державин, Карамзиндер болған соң, Пушкиндер шықты. Әрине, алдында бұлар болмаса, Пушкин екі аяғы салақтап аспаннан түспес еді. Пушкинсіз, Гогольсіз Достоевскийлер де. Некрасовтар да аспаннан жаумас еді. Бұл айтылғандар болмаса, «арамтамақ» болып біреудің даяр дастарқанына Толстой мен Горький отыра қалмас еді. Бірақ ақын ойыншық емес, ақын арамтамақ емес. Қазақша айтқанда, ілуде біреу ғана тарихтың жүгін көтереді. Сондықтан ондай адамдарды жалпы бұқаралың алмайсын...

Адам баласының тұмысында бір-бірінің артықшылығы болмаса, дүниеге туған соң, көрген соң, жүрген соң, ортасына, заманына қарай әртүрлі болады. Ірі адамдардың бәрі – тарих, тұрмыс таңдал алып, мөрін басып, белгі салып кеткен адамдар. Коммунизм заманында ғана ел бәрі теп-тегіс бірдей ақылды, бірдей ақын болар. Онан бері де Абайдың аты – Абай болады. Толстойдың аты – Толстой болады. Лениннің аты – Ленин болады.

Сәбиттің тарих жүзінде белгілі орын алып қалған адамдарды «арамтамақтарға» ұксатуға мейлінше қарсымын» (3: 93).

Әдебиетші Ыдырыс Мұстамбайұлы нақты жауап беруді жөн санаған: «Сәбит жолдастың кісіге айтпаған пікірді жабыстырып қоятыны бар. Сәбит жолдас бұл мінезді қалдырмаса, тубі шатақ

болады. Мәселен: Жансүгірұлына жазған Сәбиттің жауабында («Еңбекші қазақ», 11 апель, 1928-інші жыл, № 12) мен Абайды тап тартысынан тысқары қылып қойыптын. Және де соңғы осы сөз қылып отырған мақаласында. Сәбит «Ұлтшылдық» деген бөлімінде былай дейді: «Тап тартысынан тысқары әдебиет болмаса, Үйдірыстың Абайды: «Абайдың заманы – қазактың кең-байтақ заманы, ұлтшылдық дәуірі тумаған», байдың пісіл қатпаған (шикі бай да бола ма екен?!) заманы болатын», – деуі қалай? Абайдікі әлде әдебиет емес пе? Әдебиет болса, ол тап тартысына бұл арада неге жанаспайды». Сонан кейін Сәбит баяғы менің мақаламдағы келтірілген сөздерді менің өзіме айтады.

Сәбит-ау! Мұндай сотқарлық неге керек? Мені не Абайды ұнатпасаң, соны айт, анық кате пікірді көрсөң, соны айт. Әйтпесе, «ақ» пен «қараны» айырып оқы, кісіге бос жала жаппа!

Ойындағы айтайын деп отырғаның мынау ғой: «Үйдірыс әдебиет мәселесіне идеалистшілдер көзімен қарайды, әдебиетті, ақынды тап тартысынан тысқары қояды. Маркстің жолынан шығып отыр» демекшісін ғой. Сәбит-ау! Мұндай «жатыптар» мінез саған қайдан бітті? Былтырғы «Қызыл Қазақстанда» жазылған мақаламда мен былай дегенмін: «Түбінде саясат, ғылым, пәлсапа, әдебиет, дін барлығы да шаруашылыққа байланады. Өндіріс қатыстарының өзгеріп отыруымен бірге бұлар да өзгеріп отырды. Бірақ бұлар белгілі бір дәрежеге жеткеннен кейін, бұлардың да шаруашылыққа, қоғам тұрмысына зор әсері болады. Адам баласының тарихы, тап тартысының тарихы, саясат, әдебиет – барлығы да тап тартысына байланулы. Тап тартысынан тысқары өмір сүрген әдебиет жоқ».

Міне, мен не дедім. Бұл келтірілген сөздің бір шетін өзің де мақаланды көрсетіпсің ғой. Енді не керек?

Ал мұнан әрі мен мақаламда «өнерді, көркем әдебиетті қалай түсіну керек» деген бөлімінде мен былай дедім: «Өнер – өнер үшін. Өнер деген былғаныш дүниемен катынасы жоқ, өнер – періште, пәк, таза деген нәрсе, оның ішінде, көркем әдебиет таза рухтың (дух) жемісі» деп көп шатасу болған. Мұндай пікірлердің бір заманда туып-есуінің түп негізінде құдайшылдық, идеалшылдық бар». Мұнан әрі осы айтылған сөздерге әр елдің әдебиетінен мысалдар келтіріп, Абай туралы былай дегенмін: «Қазақ ішінде капитал дәуірі араласып, дала қазағының тұрмысы қаламен байланысты болып, орыс елі арқылы қазақ мәдениетінің шет-жағасын көре бастаған соң, Абай заманында қазақтың ұлт әдебиеті туды».

Сәбит жолdas! Дұрыстап оқысаң, түсінейін деген ниет болса,

Алаш әдебиеттануы

түсінер едің. Мен «Абайдың заманы – кең-байтақ заман, ұлтшылдық дәуір тумаған, байдың пісіп қатпаған заманы еді» десем, мұнан Абай тап тартысынан тыскары еді деген сөзім емес. «Кең-байтақ» деген сөзі орыстың отаршылдығының ол уақытта аса күшейе қоймаған-дығын еске алып айтылған сөз. «Байдың пісіп қатпаған» деген сөзім – қазақ ішіне сауда капиталы араласпастан бұрын, қырдың жай бықсыма байларының орыстың отаршылдығына карсы тұруға жарамай, ұлтшылдық сезімі ашыла қоймаған уақыт деген сөзді түсіндіргенім. Ар жағында дәл осы мәселе қақында екі беттей түсініс бергенмін. Ұқпасан, амалым жоқ. Бірак ұғып отырып керітартпалап теріске жүріп отырсаң, – «сәбитшілеу» деген сонан туады.

Қысқасын айтқанда, менің бұрынғы мақаламда «Ақын кім, әдебиет не?» деген сауалдар берген менің жауаптарымнан Сәбит қанша іздесе де қате пікір таба алмайды.

Біздің бұл пікірімізге қазірде қосатынымыз: ақын қанша данышпан дегенмен де, ақынға екі үлкен тірек керек. Бірінші, ақын үйрену керек. Үлкен білім керек. Қандай атақты зор ақынды алсақ та, білім деген үлкен азығы болған, үйреніп, тәжірибе көріп барып ерлелеген. Екінші, ақын заманымен, тарихпен қатар отыру керек. «Жынынан айырылған бақсыздай» деп қазақ айтқан секілді, заманы өткен, қожалығы кеткен таптын ақыны да жыр жырлай алмайды. Оның ақындығы сарындана сарыуайым «жоқтау» болып шығады» (3:93–95).

Пролетариат әдебиетшісіне І.Мұстамбайұлы Белинский туралы пікірін былай берген: «Ақын кім, көркем әдебиет не?» – деген сауалдарға кейір жолдастар Белинскийді қолденең ұстай береді. Белинский – әдебиет жүзінде Пушкинмен бірдей адам. Көркем әдебиеттің сынын көбінесе Белинскийден үйрену жарайды. Бірак сол Белинскийдің өзін де байқап отырмаса болмайды. Белинскийдің сындарының өзінде де екі түрлі із бар.

Бір уақыт Белинский немістің Гегель деген философына бас ұрып, идеализмнің нағыз атасын соққан. Белинскийдің бастапқы сындарында «өнер – өнер үшін», «көркем әдебиет – саясат, тұрмыс тартысынан тыскары өзімен-өзі жасайды» деген пікір ұstem. Ол уақытта романтизм, идеализм ағымында Шекспир, Гётелердің құлды болып жүрген. Артынан барып Белинский: «Көркем әдебиет, өнер деген нәрселерде жолбасшы бір негіз болу керек» («идейное искусство») деп, бұрынғы пікірін өзгерткен. Ол уақытта нағыздық жолындағы Гоголь секілді адамдарды артық көрген. Белинскийдің сындарында Пушкин секілді, Шиллер секілді ақындар туралы екі түрлі пікір табасың. Сондықтан Белинскийден көркемдік жағын

үйрену керек. Бірақ жоғарғы айтылғандар еске алынып отырмаса «Ақын кім, әдебиет не?» – деген мәселеге келгенде, марксизмге үйлестіре алмай қалып жүрерміз» (3: 95).

Біздің әдебиетшілер күні бүгінге дейін табынып келе жатқан Ресей сыншысы туралы осындай білгір және шынайы пікір XX ғасыр басында берілген екен.

Ыдырыс Мұстамбайұлының «Абай. Сын-айтыс» енбегі XX ғасыр басындағы әдеби мұраға катысы көзқарастарға берілген кәсіби жауап. Басты дау туралы: «Әдебиет (туралы) айтыстарымдағы негізгі мәселенің бірі – ескіні тексеру. Дап-дайын тұрған, даладан тегін тауып алатын ештеме жоқ. Жаңа ескіден құралады. Ескіні құрастырып, қорытып «кәрі» тарих жаңа шығады...». Қандай ғылыми негізді пікір! Бұл – І.Мұстамбайұлының негізгі ғылыми ұстанымы.

«Жаңа әдебиет» журналының үшінші, төртінші сандарындағы соңғы мақаласының «Ескілік» деген бөлімінде Сәбит жолдас ескі мұраларды қалай тексеру керектігін айтқан. Қаншама мені түйремекші болып, орынсыз әуре болса да, Сәбиттің дұрыс пікіріне еш қарсылығымыз жоқ. Ескінің пайдасыздарынан безу керек. Әзірет Сұлтанның моласын мұра есебінде сақтап отырсақ та, «Бақырганды» жою керек, ескі мұраның құр әдемілігіне қызықпай, мағынасын да тексеру керек; ескінің ішінен пайдалысын ғана теріп алып, жаманын, зияндыларын тастау керек» – деген Сәбиттің сөздерінің бәрі дұрыс, Мағжанның «қоңыздары» болсын, Әлихан жастарды «сасытқаны» болсын, байқап отыру керек. Сәбиттің бұл сөздерінің бәрі тап тілегінен шыққан сөздер, пікірі қатқан большевик – азаматтың сөздері. Бұған қарсы еш дауым жоқ. Бірақ сол ескі мұраның ішінде не бар, не жоғын білу үшін жақсылап оны тексеру керек. Таласымыз ұғыспай жүргеніміз осы арада» (3: 95–96).

Білікті әдебиетші І.Мұстамбайұлы орыс әдебиетінен Пушкиннің «Борис Годуновын», «Онегин», Лермонтовтың «Герой нашего времени», Горькийдің «Фома Гордеев», «На дне», «Мать» шыгармаларын сөз етеді: «Гогольге тиіспейік – орыстың ескі ақындарының ішінде салт-сана жолында бізге жақындау тұрғаны осы нағызышыл Гоголь. Пушкиннің ертегілері – «Борис Годунов», «Онегин», тәгі басқаларын және былай қоя тұрайын, ал Лермонтовқа келсек, талай қызық нәрселер табасың. Лермонтовтың «Герой нашего времени» деген романын алсаң, осы күнге керектісі аз шығар. Печориннің пішінің қазіргі біздің айтыс тәртібімен тексереп бастасақ, «Эптиек» пен қатар мұны да өртеп жіберуге бола-

Алаш әдебиеттануы

ды. Бірақ Лермонтовтың сол романы осы күні біздің рапфактарда, басқа орта дәрежелі барлық оқу орындарында әдебиет сабактарының ішінде тексеріліп жсур. Жастарға мұны да оқытып, үйретіп жсур.

Горькийдің «Фома Гордеев» деген кітабын тексерсөн, Горькийдің өзі сүйіп қалап алған геройларына баға береріңді, жоқ, соның ішіндеgee жасалмауыз, тажсалы – екі байга артық баға береріңді білмейсің, бұл кітабының ішінде айтылған екі байдың пішіні Горькийдің өзі сүйген геройларынан пішінсіз, сүйкімсіз болып шықпайды. Бұган Горькийдің идеологиясын кірлеуге бола? Біздің школдарымызда Горькийдің бұл әңгімесін әдебиет жузінде үлкен мағыналы. Горькийдің жазғандарының ішінде маңыздыларының бірі – «На дне». Керек болса, толық марксизм сынын бұл да көтөре алмайды. Горькийдің ертерек жазғандарының ішінде нағыз еңбекшілер идеологиясында жазылған кітабы – «Мать», бірақ өзгелерінен ана-әүрлем нашар шыққан. Ал не себептен Горький бізге аса қадірлі? Не себепті кеше құшақ жасайып, қадірлеп, құрметтеп, қарсы алдық.

Толстойдың басын ауырттайық. Ал, Рүссияда капитал дәүірі әбден орнап, өрлең келе жатқан бетінде жазған Островскийдің кітаптарынан біздің көзқарасымызша талай сорақылықтар шығады. Кей жерлерінде пролетарский идеологияга тіпті жасансаптын не қарсы бағыт табасың. Бірақ «оқу тасын кеміріп» жатқан жастарға сол Островскийлерді неге мұжғылатып әуре етіп жүрміз.

Успенский мен Чеховты тағы былай қоя тұрайық. Атақты Салтыковты алып, марксизм жолымен сынаганда, талай кемшиліктер ол көсемнен де шығады, ал Достоевскийді мүлдем көміп тас-тауга тұра келеді» (3:96–97).

Бұларсыз орыс әдебиетін елестету мүмкін бе? Ол туралы: «Бұлардың қай-қайсысында да өзіне біткен артықшылығы, иә кемшилігі бар. Бірақ заманына қарай бұлардың бәрі де кеменгер, бәрі де кесем болған, заманында бұлардың сіңірген еңбегі келешекке салған жолы аз емес. Қазірде де бұлар тағы пайдасыз емес. Бұлардың жаңадан еш нәрсе құрастыра алмайсың. Сондықтан бұлар құрғақ тарих болып, ескіріп далада қалып отырған жок.

Бұл айтылған ескілердің бұл күнгі салт-санана, еңбекшілер жұртшылығына бір керекті жері болған соң, алдымыздағы тілек-максаттарға сәйкес, не оның бір пайдасына жаратарлық мәнісі болған соң болар, тиісті орындарында қалып отыр: Міне, ескілерді білу деген қалай болады. Бізде қалған ескі мұраның бірі – Абай» (3: 97).

Айгүл ІСІМАҚОВА

Мәселені Абайға тіреген әдебиетшінің пікірі анық: «Бірақ, сол Абайдың құлағын қашшама шулатсақ та, оның кім екенін, артық-кем жері кайсы, пайдалысы қандай, керектісі не екенін білмейміз. Бұл мәселелерде әлі күнге шейін негізсіз таластардан әрі аса алмай жүрміз.

Бұрынғы мақаламдағы Абай туралы жазылған бір-екі ауыз пікірімді алып, Сәбит жолдас қайдан тапқанын білмеймін, мені: «Әдебиетке қиялшылдық көзben қарайды, Абайды тап тартысының күйінен тыскары тұрган ақын деп таниды», – деген секілді жоқ жерден жала жапсыра қойды. Тек Абайды ауызға алған кісінің бәрі осындай ойда болады деген Сәбит жолдастың бойына біткен, тұрақсыз, дәлелсіз құр сенім болмаса, басқа менің сөзімде ондай еш пікір жоқ еді» (3: 97).

Әдебиетші бұл мәселені нақтылауды қажет санаған: «Абай туралы өз пікірімізді толығырақ жазуды міндеп көрдік. Абай туралы «өркөкірек», «ұрдым-жық» мінез, көбінесе Сәбит жолдаста болады. Бұған қарсы жауапқа алдымен сөзді өлтөн ақынның өзіне берейік:... Екі күймек бір жанға әділет пе? Қаны қара бір жанмын жаны жара. Жүргігінің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла! («Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма») Сәбит бар, басқа жолдастар да: «Абай жуан және де өзі байшыл, сондықтан бізге керегі жоқ. Абай консерватор, яғни ескішіл, не Абайдың өлеңдерінің сұлулығы шамалы, не болмаса онда аса үлкен ақындық та, иә терең ой да жоқ. Және Абайдың пікірі, жолы бұл күнгі еңбекшіл елдің жұртшылығының тілегіне үйлеспейді», дейтіндер, алдымен, Абайдың өмірін, ортасын тексерсін.

Абайдың жалпы идеологиясын кейін тексерерміз. Эзірге айтатынымыз – «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім» деген ақынның сөзі осындай орынсыз сөздердің көбіне берілетін жауап. Тағы да: «Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым» деген сөз Абайдың сыншылының есінде болатын сөз.

Әрине, бұл күнде Марксті, Плехановты, Ленинді тұн ұйқысында, Абай заманындағы Құранның орнына, басына жастап жатып жүрген жастар Абайдың сөзіне тоймайды, онан іздегенін таба алмайды» (98).

«Абай кім болды?» деген сауалға әдебиетші былай деген: «Бірақ Абай кім еді, заманы қандай еді? Ол уақытта әлі келген қазақтың балалары сәлдесі қазандай молданың алдында шарта жүгініп, әптиекті ежелеп, жамыраған қозыдай шуылдан отыратын заман емес пе еді? Бұл ортадан Абай өзіне азық болар не тапты?

Алаш әдебиеттандырылған

Қайратым мәлім, Келмейді әлім. Мақсат алыс, өмір шақ. Өткен соң базар. Қайтқан соң ажар. Не болады құр қожақ?! Кеш деп қайтар жол емес, Жол азығы мол емес... («Серіз аяқтан»). Бұл өлең 1889 жылы жазылған. Ал онан бері не заман өтті? Сол өлең жазылғатын замандағы орыс елінің жұтшылығының басшы адамдары Чернышевскийлер. Салтыковтар. Михаиловскийлер еді. Пушкиндегі қояйық, осылардың идеологияларын тексерші, бұл күнгі Сәбит жырлап жүрген еңбекшілдер жұртшылығының жырын солардан да таба алмайсың. Бұлардың заманы, көз алдында тап болып, құрылып келе жатқан жұмыскерлер табының заманымен қоныстас еді. Тек Чернышевскийдің сөздерінде ғана жаңа басын көтеріп келе жатқан таптың шала-пұла ізі бар...

Абай партия жасады, болыстыққа таласты. Өз елінде өзіндей жуандардан жеңіліп қалған соң сарындағ өлең жазды. «Өлендері ескілікті жоқтау, жуандықты көксеу», – дейтіндер бар.

Бұған алдымен айтатын жауап: ақынды болсын, кімді болсын тексергенде, тек тұмысын еске алып, оның сіңірген еңбегін, істеген қызметін соған қарап бағалауға болмайды. Екінші айтатынымыз: атақты ақындардың не ғылымға еңбегін сіңірген данышпандардың ішінде талайының талай қызықтары, талай кемшіліктері не мүлде жириенішті істері, не өмір жүзінде істеген қателері болған. Қайта Абайда олардың көбінде болған сорақылық жоқ. Партияшылдығы – органдың жемісі.

Абайды консерватор дейтіндер сол Абайдың заманында туса, кім білсін, Абайдың сойылын соғушылардың бірі болып, қатынды-қалашты, кәріні, жасты бірдей қамшылап жүретін тентектердің біреуі болар ма еді? Абайды партияшыл дейтіндердің біреуі сол заманда туса, Абайға қарсы партия ашып, таласып, Абайдан не жеңіліп қалып, не жеңсе, барынта ашып отыратын жуандардың біреуі болар ма еді, кім білсін?! Мұны – заман дегенді, орта дегенді ұмытып кетіп, жеңіл сөйлейтін жолдастарға амалсыз мысал үшін айтып отырмыз, әйтпесе «Құдай сақтасын», жуандықты не Абайдың жуандығын аңсағанымыз емес» (3: 98–99).

Абайды қорғап алу үшін әдебиетші «Жартасқа бардым, күнде айғай салдым» өлеңін талдап, былай дейді: ...Жартасқа бардым. Күнде айғай салдым. Онан да шықты жаңғырық, Естісем үнін Білсем деп жеңін...

Біздің байқауымызша, бұл сөздер – өзінің өскен ортасынан жириеніп, басын тауға да, тасқа да ұрып, бір нәрсені іздеген адамның не жәрдем сұрап, көмек шакырган адамның сөздері. Бос сандырақ

Айгүл ІСІМАҚОВА

емес. Бірақ, ол бейшаранын «ішім толған у мен дерт, сыртым дүрдей, мен келмеске кетермін тұк өндірмей», – деп тұк таба алмай тақыр жерге шашқан тұқым секілді тұншығып өліп кеткен түрі бар.

Абай ғылымды іздей ме, жоқ болмаса, қазақ ішінен жаңа орнап келе жатқан капитал дәуірінің айғайшысы ма, әйтуір, айғайы зор.

Сәуле ізден, жарық ізден жүрген адам тағы (консерватор) болмайды. Енді Абайдың ақындығын тексерейік. Құлақтан кіріп бойды алар Жақсы ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсек, меше сүй... Міне, Абай ән мен күйді қалай таниды. Өлеңнің басы «пісміллә» болып жүргенде, қазақ ішінде әліпті таяқ деп танитын бірен-сарап адамдардың білетіні «Бақырған», «Сал-сал», «Зарқұм» секілділер болатын заманда ақындық болмаса мұндай сөз кімнен шығады? Өзгеге қөнілім тоярысың, Өлеңді кайтып қоярысың? Орыстың тұңғыш Державин, Майков, Козловтар секілді ақындарын былай қойып, Пушкиндерді алсаңыз да, өлең, ақындық туралы сөздерінің көркемдігі, мағынасы осынданай-ақ. Қайта өлеңге, ақынға, бұлардан да ғөрі Абайдың көзқарасы дұрыс.

Өзіміз Абайға таңғаламыз, ұстазы Пушкин, Лермонтовтар болса да, әдебиет жүзінде тұқ тәлім-тәрбие көрмесе де, Абайдан ақындық, өлең қақында сандалбай қиялшыл теріс пікір таба алмайсың. Абай неге Мағжанша «Мен пайғамбармын», «Мен перімін» демейді. Орыс әдебиетінің атасы жоғарғы екі атақты ақынның да «Пророк», «Поэт» деген өлеңдеріндегі ақындық туралы пікірлері тым сұрапыл киялшылдық. «Мен Құдайдың елшісімін, менің сөзім жер сөзі емес, менің туысым дүниемен байланысты емес, дүниені менсінбей кететін мінездерім бар» дейтін лепіру жоғарғы екі ақында да бар.

Өлеңді өнер деп білген Абай бұларды да оқыған. Өлең, ән, күй туралы жазған өлеңдерінің бірінде Абай тағы былай дейді: Шырқап, қалқып, сорғалап тамылжиды, Жүрек тербел оятар баста миды.

Әдебиетші Абайды реалист-нағызшыл деп санайды: «Абайдың жалпы өлеңдерінің көркемдігін алғанда, әрине, бәрі бірдей емес. Кейбіреулер нашарлау, бостау келеді. Айтайын деген пікірі кейде бұлдырлау болып шығады, осы күнгі жат болып қалған «Алла, шаригат» деген сөздер жолығады.

Мұндай кемшіліктер тек Абайдаған емес. Қандай ақын болса да, барлық сөздерінің ажары, мағынасы бірдей бола бермейді. Ақынның өсіп барып тоқтаған жері болады. Оған шейін ақынның сөздерінің ішінде бұлтак-сұлтақ, кем-кетіктер бола береді. Ал ескіріп қалған пікірлеріне, не Алла деген сөздеріне Абайдың заманы кінәлі. Осындан шыққан Абайдың өлеңдерінің бірі – «Интернатта

Алаш әдебиеттануы

оқып жүр» деген өлеңі, бұл өлеңнің басы: Интернатта оқып жүр, Талай қазақ баласы.

Сынап отырып, Ы.Мұстамбайұлы Абайдың орнын анықтап береді: «Қазақтың көбі-ақ өлең жазады. Абай секілді өлеңшілер қазақ ішінде бұрын да көп болған деушілер де бар. Бұған біз нана алмадық. Рас, өлеңшілер қазақ ішінде бұрын да болған, бірақ дәл Абайдай ақын таба алмайсың. Абайды және де жабайы қара өлеңшілерге тағы қоса алмайсың. Абайдың ақындық беті тым күшті болған» (3: 102). Әдебиетшінің бұл ойы А.Байтұрсынұлымен үндес.

Ой жағынан Абайға көп әсер еткен Толстой деген пікірді айтқан Үйдірыс Мұстамбайұлы екен: «*Ой жағына Абайга үлкен әсер берген – Толстой. Абайдың олеңіндегі көп кездесетін елдің кемшиліктерін, жаман әдем-мінездерін, сықақ, мысқыл ету, мазақтау, нағандықтарын сезіп, кулу – барлығы Абайдың Салтыков пен Крыловтан алған сабагы. Сырласу, сезім күйін тартуы (лиризм) – Лермонтовтың әсері. Өлеңдерінің жалпы ыргагы – Пушкин мен Лермонтовтан алған үлгісі. Абайдың өзінше согатын пәлсапасы Толстойдың сабагы*». Ы.Мұстамбайұлы Абайдың нағызышылдығын бұлардан бөліп алады: Әрине, бұл айтылғандар айып емес...

Елдің ішіндегі түрлі кемшиліктерді, жаман-жақсыны өзінше тексеріп жазған Абайдың өлеңдері қазақтың сол кездегі түрмисына сайма-сай, кейбіреулері осы күнгі түрмисқа да жарап кетер еді. Тек осы күнгі еңбекші елдің түрмисына сайма-сай осындай өлеңдерді біздің жас ақындар жаза білсін.

Абай өзінің заманында жалмауыз жуанды мазақтады. Партияшыл, кесір, сотқар болыстарды жерледі. Арамтамақ, еріншек «іздегені айт пен той» жалқауларды не тыртқақ, жыртқақ «босбелбеу босаңыған бозбаланы» сықақ етті, талапсыз, намыссыз кедейді сөкті. Заманына қарай бұл үлкен батылдық, үлкен өткірлік, үлкен данышпандық еді. Абайдың бұл өлеңдері елге үлкен әсер берді. Не себепті Абайдың бұл өлеңдері бір уақытта қазақ ішіне соншама жайылып, кәрі де, жаста, бала да, шаға да, әйел де, ереккө те аузынан тастамай жүрді? Өйткені бұлардың бері елдің ойына, пікіріне үлкен әсер берді. Өзгеріс жасады. Әркім Абайдың сөздерінің ішінен өзін-өзі тани қалды» (3: 103).

Абайды сынаған болып әдебиетші шынайылдығын меңзейді: «Ақынның өзімен-өзі сырласатын не елге шағынып, мұндастасатын уақыты болады (лиризм). Бұл, бірінші, ақынның не өзінің шаршағандығынан болады не төңірегіне тоймағандығынан яки тұрмыста кездескен кемшиліктерден шықкан ыздан болады. Онда ақын өз қиялын жырлайды, мұнын шағады. Ақынның ыстық

Айгүл ІСІМАҚОВА

журегін қозғаған тұрмыстағы бұзақылар, кемшіліктер ақынның өткір тілінен, улы, зарлы жыр шығарады; мұнымен катар ақын жүртқа тілегін айтады, мақсатын, көксегенін жария етеді. Мұндай өлеңдердің бәрі далаға бос төккен көздің жасы болмайды. Мұндай жырлар атақты ескі ақындардың бәріндегі де бар. Осы күнгі еңбекшіл елдің ақындарында да болмақ. Тек оның орны бар, реті бар. Нағыз коммунизмге жеткенше тұрмыстан талай кемшіліктер, жүректі кысып қапаландыратын талай оқиғалар, өмірде талай таластартыстар, талай аянышты суреттер табылады» (3: 105).

Абайдың жырлары туралы: «Бұл жырлардың бәрін Абайдың заманымен, ортасымен, өмірімен салыстырып отырып сынасанызы әбден түсінікті. Бос зар, орынсыз асанқайғылық емес. Және де мұнда бір тындық сарынданамалық жоқ» (3: 107).

Әдебиетші І.Мұстамбайұлы Абайдың тілі туралы былай деген: «Ал, тіл жағына келсек, Абай өте шебер. Өлеңдерінің көбі жабайы тілмен келіп женіл оқылады. Тағы сол жабайы тілмен отырып орайтын мағынасы тым үлкен, қозғайтын сезімдері аса нәзік болады. Өлеңдерінің ішінде хат танымайтын қара қазактар түсінбейтін сөздер, орамдар жоқ. Тек анда-санда бірер жерлерде орысша не бір бөтен басқа тілдер кездеседі. Міне, ақынның бір қадірі осы.

Қаншама «әдебиет», «әдебиет» деп шуылдасып жатсақ та, осы күнге шейін тілге бәріміз де шорқақпыз. Дәл бұл заманда аздық-көпті әдебиетіміз болса да, бірқатар өсіп, ержетіп қалсақ та, тіліміз бай деп айта аламыз ба?

Ғылым тілдерін құрастыратын білімпаздарымыз талай қызық тілдер шығарып жатқан жоқ па? Ел, мейлі, не десе о десін, біз өзіміз тіл жағына келгенде, Абай – Пушкиндей демесек те, істеген енбегінің қадірі онан бірден кем емес деп ойлаймыз» (3:107–108). Яғни Абайдың стилін үлгі деп, Пушкинмен катар қоюды тұнғыш рет ұсынған – І.Мұстамбайұлы екен.

Абайдың аудармашылығы туралы: «Абай өлеңдерінің әдемі жерлерінің бірі – Абайдың жасаған переводтары (аудармалар), Пушкин, Лермонтов секілді үлгілермен отырып жазған өлеңдерінің әдемілігі Абайдың ақындығын тағы дәлелдейді. Абай көбінесе, Лермонтов пен Крыловтан аударған. Мұнысы тағы да еске алатын нәрселе. Пушкиннен перевод етілгені «Онегин мен Татьяна» ғана. Абайдың басылған кітабындағы Лермонтовтан жасалған переводтарының бір-екеуінен басқа барлығының аттары жоқ. Сондыктан кай өлеңдер кай жерден алынғанын ізден тауып алғып, салыстырып оқу – үлкен еңбек. Себебі, Лермонтовтың ұсақ өлеңдері

Алаш әдебиеттануы

тым көп. Көбінесе осы себепті Абайдың жасаған переводтары қақында жалпыға ортақ бір пікір жоқ.

Тек перевод көзімен ғана қарағанда құбылжытпай өте дұрыс жасалған переводтар мыналар: 1. Қөнілім менің қараңғы бол-бол ақын («Еврейская мелодия» из Байрона). Тұтқындағы батыр – «Пленный рыцарь». Қанжар – «Кинжал». Рақат мені тастап коймадың тыныш – «Хоть давно мне изменила радость». Жолға шықтым бір жым-жырт – «Выхожу один я на дорогу». Парус – «Парус». Асау той, тентек жиын – «Казот». Дұға – «Молитва».

Орысша билетін жігіттер осы переводтарды Лермонтовтың өз өлеңдерімен салыстырып қараса, Абайдың шеберлігіне өздерінің де көздері жетеді. Бұл переводтар Лермонтовтың өз өлеңдерінен не мағына жағынан, не сурет жағынан, не тіл жағынан, бірде кем емес. Ал жат тілде үйренген жігіттер переводтың қандай киын нәрсе екенін біледі. Әсіресе ақынның тілін, мағынасын, суретін дұрыс перевод ету киын нәрсе. Ол үшін кісінің өзі де ақын болу керек. Перевод деген нәрсенің киын болатыны: бір тілде бір сөзben айтатын мағынаны кей уақытта екінші тілге аудара алмайсың, аударсаң да, дәл болмайды; не болмаса бір халықтың тілінің сөз орамы екінші халықтың тілінің сөз орамына үйлеспейді. Әсіресе бұлар ақын сөздеріне жатады» (3: 108). Аударма теориясына қатысты бұл қағида дәл аңғарылған.

Абайдың өз тарапынан аудармага сез косуы да айқындалған: «Кейбір переводтарды Абай сөзбе-сөз тізіп отырып аудармай, жалпы мағынасын аударып кеткен. Перевод жолында мұндай болады. Орыстардың да талай ақындар небасқа жүррттың да ақындары да жасаған переводтарында басқа ақынның сөздерін жалпы мағынасын алып аударып кетеді...». Әдебиетші аудармаға текстологиялық талдау жасаған: «Кейбір жерлерінде Абай өзінше пікір қыстырып қояды. Мәселен, Лермонтовтың белгілі «Дума» деген өлеңінің аяғын: «Әкесі аштан өлген кісідей-ақ, неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын», яки Лермонтовтың «Жартас» деген өлеңінің аяғын бұзып: «Бәрі осы-ау деп қыз деген, томсарып тұрып жылайды» дегендегері сияқты. Мұндай өзгерістерден ана аударылған екі өлеңнің Лермонтов көздеғен мағынасы азырак бұзылып кетсе де, бұл екі қосымша арқылы аударылған екі өлең қазактың миына жатымды бола қалады. Бұған қалай қараша болады? Абайдың біреудің пікірін бұрып отыру білместігі мә? Біздіңше, жоқ. Мәселен, Лермонтовтың заманында елді шулатқан, сол замандағы орыс елінің барлық жүртшылығын қаралап айткан өлеңін дәл перевод етіп қойсан,

Айгүл ІСІМАКОВА

қазаққа ұғымсыз да болар еді, керегі де болмас еді. Ал Абайдың переводы елдің құлағына біртүрлі жатымды болып, қазактың өз тұрмысына қатынасы бар бір әңгіме секілді болып, қазак сүйсініп оқитын болды. Өсіресе біздің ойлап-ойлап таба алмағанымыз мынау. Лермонтовтың «Дұға» деген өлеңі, асылында, орыстың Құдайға сиынатын бір дұғасына арналған өлең. Лермонтовтың өзі де сол дұғаны өлеңдетіп, әрдайым оқи беретін болған. «Дұға» деп жазған өлеңінің ішінде: «Жүргім қысылып, қапаланғанда, сол дұғаны оқимын», – деген Лермонтовтың пікірі де, сөзі де ап-айқын тұр. Ал Абай переводында: «Сонда сенің ойынды басатұғын, осы өлең – оқитын дұғам менің», – дейді. Мұны қалай жоруға болады? Абай «Молитва» деген сөзді қазақшага айналдырғанда, «дұға» деген сөзден басқа мағына шықпайтынын білген шығар. Үйткені өлеңнің атын аударғанда, Абайдың өзі де «дұға» деп отыр. Ал Абай Лермонтовтың айтып отырган «Дұға» деген анық пікірін теріс түсініп қалып отыр деуге, бұл өлең шебер сезім тілімен жазылған өлең, сонда да басқасын Абай Лермонтовтай, Лермонтовтың сөзінен бір кемітпей аударып отыр (3:109–110).

Пушкиннің аудармаларына қатысты теориялық негіздер жасалған: «Евгений Онегин» туралы Үйдырыс Мұстамбайұлы былай деген: «Белгілі Онегинді алсақ, Абай мұның керекті жерін ғана алып, өзінше лайықты көркем түрімен аударған. Бірінші Онегиннің переводы тіл жағынан Пушкиннен қалыспаған, екінші, кей жерлерде Абай Пушкиннің сөздерін өзгертуінен, мағынасы дәл шыққан.

Абайдың Онегиннен перевод еткен жерлері: Татьянаның хаты; Онегиннің бақшада жүргенде Татьянаға кездесіп берген жауабы; Онегин мен Татьянаның соңғы кездесіп, сөйлескен сөздері.

Окушылар, алдымен ескертетініміз, Абай осының бәрін Онегинмен Татьянаның бір-бірімен хаттасу түрінде етіп шығарады. Абайдың түсінбей шатастырып алып отыр деуге переводтағы Абайдың сөздерін Пушкиннің өзімен салыстырсақ, ондай сенімсіздікке тағы орын қалмайды. Сондықтан қыз бен жігіттің хаттасып жүруін бұрын қазақ тұрмысында жастардың жақындаусының ең сырпайы түрі болған соң, Абай әдейі барлық переводын хаттасу түрінде алып отыр.

Ескі қазақ тұрмысындағы еркек пен әйелдің қатынастарын, елдің бұл мәселеге кезқарасын, «тек қана хайуандық нәпсі» деп қарап, жастардың бір-біріне өнегесіз қалжындармен, даракы ойындармен бастап жақындастынын негіzsіз тауып, Абай басқа елдің әйелі мен еркек арасының қатынасына көз салған. Әрине, алдымен Абайдың

Алаш әдебиеттануы

көзіне түсетін нәрсе – «Онегин». Абайдың Пушкиннен жалғыз Онегинді алып перевод етуінің өзінде бір мән бар. Абай Онегиннен алдымен жоғарғы мәселеге жауап іздейді.

Егер де Абай елге бір қызық әңгіме жазып беруге ғана ниетті болса, онда әңгімені Абай Татьянаның хатынан бастамай, Ленский мен Онегиннің атысынан (дуэль) бастар еді. Шіркін, баяғы киссалардағы ғашықтар секілді қыз үшін қып-қызыл ала қан болып жату қазекене қандай қызық әңгіме! Абай оның дуэль суретін тағы келістіріп жаза алар еді. Жоқ. Абай жастарға Онегин мен Татьянаны ұлғі қылғысы келді, сондықтан Абай Онегиннен аударған жерінің бәрін қыз бен жігіттің хаттасуы түрінде жазып қойған. Заманына қарай, бұл – Абайдың ұлken шеберлігі. Себебі, сол замандағы жалпы қазақтың тұрмысына жат Онегиннің әңгімесі Абайдың көзделген мақсатынан асып, жастардың құлағына жұғымды, жаңына жайлы, ел ішінде жастардың аузынан қалмай жүрген бір өлең болды. «Онегин мен Татьянаның айтысуы» деген өлең сол замандағы жастарға жаңа сыр ашты, жаңа қөніл, жаңа сезім берді.

Онегиннің жалпы әңгімесі небәрі ғашықтықтан ғана құрылған әңгіме емес. Онегиннің басына душар болған Татьяның зары» (3:110–112).

«Терек сыйы» туралы: «Абайдың екінші бір көркем аударылған переводы «Теректің сыйы». Бірақ бұл перевод та Лермонтовтың дәл өз өлеңінің аудармасы емес. Сонда да, көркемдік жағынан, тіл жағынан бұл перевод тағы Лермонтовтың өлеңінен бір кем емес. Лермонтовтың өлендерінің ішінде «Теректің сыйы» ең көркем өлендерінің бірі. Осы «Теректің сыйы» деген және тағы бір-екі өлендері үшін атақты Белинский Лермонтовты ең алғашқы шыққан бетінде-ақ Пушкинмен, Гётелермен қатар қойған. Ал Абай кей жерлерін өзгертінкіреп, өлеңнің жалпы тұрқын қысқартып отырса да, Лермонтовтың бұл өлеңінің еш сыны кеткен жоқ.

Орыстың атақты екі ақыны, Пушкин мен Лермонтов Кавказдың сипатын жеткізген. Бұлар екеуін екі жақта айдалып жүріп Кавказға барған. Жә, Абай «Желсіз түнде жарық ай» деп тамылжытып, қырдың түнінің суретін салып беріп отырса, бәрімізге түсінікті. «Асая терек долданып, бұырқанып, тауды бұзып жол салған, тасты жарып», – деп Кавказ суретін. Кавказды естімеген, көрмеген Абай қалайша жеткізіп отыр? Мұны сөзге ұста, көркемшіл, суретшіл бір ақын, екінші ақынның сезінен танып отыр деп білу керек.

Абайдың переводтарының көбі аударылған атақты орыс ақындарының өз өлендерімен салыстырғанда, көркемдік жағынан

Айгүл ІСІМАКОВА

да, мағына жағынан да бірдей отырады. Бұл Абайдың үлкен ақындығына жатады. Кей жерлерде Абай аударған өлеңдерінің жалпы мағанаасын алып, бөлек жерлеріне сөздерін өзгертіп жібереді. Бірақ онан аударылған өлеңдер не мағына, не көркемдік жағынан ақсамайды.

«Қараңғы тұнде тау қалғып», «Қорқытпа мені дауылдан», «Теректің сыйы», «Парус» деген переводтар Абайдың үлкен суретшілігін көрсетеді. Бұл переводтардан біздің жас ақындарға сез жағынан, сурет жағынан әлі де үлгі алуға болады» (3: 112).

Абайдың Крыловтан аудармалары туралы: «Абайдың тағы Крыловтан перевод еткен мысалдары бар. Бұлардың бәрі тіл жағынан, орам жағынан сұлу. Елдің ұғымына жатымды. Крыловтың мысалдарының қазақтың құлқына, мінезіне жатымды екені басқа, ал Абайдың тілі оларды жандандырып жібереді десе де болады. Мәселен: Шырылдауық шегіртке, Ыршып жүріп ән салған. Міне, бұл секілді тіл Крыловтан артық болмаса, несі кем? Орыс тілін білетін жігіттер біздің пікіріміздің дұрысын, бұрысын Крыловтың өз өлеңдерімен сынасын»? (3: 112–113).

Абайдың лұғаты туралы: «Ал, Абайдың идеологиясына, пікі-ріне кірсейік: Жасымда ғылым бар деп ескермедин, Пайдасын көре тұра тексермедин. Абай ғылымды көксейді. Өлеңдерінің көбінде жарық сәуле іздегендіктің белгісі бар. Бірақ сол жарық сәулені таба алмаған соң, қайғырып: Атымды адам қойған соң, Қайтып надан болайын, – дейді. Ғылым, өнерден өзі құр қалған соң баласын оқытады. Адамның бір қызығы – бала деген, Баланы оқытуды жек көрмедин. Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедин, – деп, Абай қазақтың нағыз тағы кезінде басқа қазақтың байлары, жуандары баланың қызығын – аталы жерден қалындық айттырып, отау түсіріп, балаларын жасынан албырт, есер өсіретін заманда, алдымен балаларын орысша оқытушының бірі болған. Мұны біз Абайдың ғылымды, жарық дүниені көксеп, сезінде ертелі-кеш қақсан айттып отыруын бос еліктеу емес – шын пейілі, нағыз арманы екеніне дәлел дейміз. Ал ғылымды, жарық дүниені іздеген кісіні тұрмысы қандай болса, ондай болсын, мейлі болыс болған адам болсын, мейлі партияшыл болса да, заманына қарай жай кісі емес деп танимыз. Мұнан басқа да Абайдың: «Қызмет қылып, мал таптай, ғылым оқып, ой таптай, бос үйінде жатады» не болмаса «Терен ғылым, терең ой іздемей, өтірік пен өсекті жүндей сабап» деген секілді сезіндері өлеңдерінің әр жерінде толып жатыр. Абай елге «надансын, өнерсізсін, басқа жерде ғылым бар, өнер бар» деген

Алаш әдебиеттануы

сөздерді көп айтады. Өз тұсындағы жастарға Абай, талапты ерге нұр жауар дегендей ғылым ізде, ой ойла, бос журме: «айт пен той», я болмаса «құр кү борбай» абыұыр емес деп көп айтады» (3: 113).

Әдебиетші Абайдың кемшилігі деп келесіндегі пікір берген: «Абайдың айтқан сөздерінде де, өлеңдерінде де талай кемшиліктер бар. Жоғарыда айттық қой: үлгі ала алмағандыққа жататын, Абайдың керемет үлкен ақындығына дәлел болатын сөздерімен қатар «Қара жазу» өлеңдері де бар...

Сол айтқанымыз секілді, «Ел табады сайтан өрнек, періште төменишектеп қайғы жемек», не болмаса «Ел азды деп надандар мұңаймай жүр, ала жылан, аш бақа құпілдектер кісі еken деп ұлықтан ұялмай жүр» деген секілді Абайдың шикі қазақшылығына жататын сөздері бар. Бұл Абайдың қазақшылығы, екінші жағынан, бұлар – заман мен ортаңың тілі. Бұл аталған сөздері үшін Абай ескішіл болмайды, я ескіні көксеген (консерватор) болмайды.

«Ғылым мен өнерді іздең, жаңа заманың айғайшысы. Және де кез келген адам тарихта бір белінің айғайшысы бола бермейді. Мұндай адамдардың қайтсе де орны бөлек» (3:114–115).

Әдебиетші Абайдың ғылым іздеу, талап, өнер, еңбек мәселе-леріне көзқарасын талдау арқылы дәлелдеп берген. Сондықтан заман сұранысын Ұйдырыс Мұстамбайұлы былай деп анықтап берген: «Ал Абайды тарих көзімен, мәдениет көзімен дұрыс тексеруге ниетті болған марксшіл сыншының бұл сөздерден шығаратын дұрыс магынасы біздіңше мынау ғана. Бірінші, Абай заманындағы құр қалжың, бозбалалық я әуегейлік пен ауыл қызырып «айт пен той» іздең жүрген, талаптанса жандырып еңбек жасайтын жастарға жүрсөң-тұрсан мейлі, байға жалданып адал қызмет істеп, приказ-шик бол десін, мейлі егін сал, еңбек қыл десін жан-жағында сен көрмеген өмір бар, сен білмеген өнер бар десе, заманына қарай бұл сөздерді теріс демейміз.

«Терін сатпай, телміріп көзін сатып», я болмаса «бір аяқ қымыз, бір жілік» үшін тентіреп өнерсіз бос жүрген жалқау кедейді сөгіп еңбек қылып, жалаңдамай қарнын тойғызып, сен еңбек сінірерлік жан-жағында толып жатқан кәсіп бар, мейлі егін сал, мейлі пароходқа, я тері илейтін заводқа жұмысшы бол түсіп, тамағынды енбегінмен асыра десін, заманына қарай бұл да дұрыс пікір. Абайдың бұл сөзіне қарап: «Сұмның айтып отырған сөзін карашы, кедейдің

еңбегін сору үшін не деп жылмандатып отыр», – деп сөгуге ешбір келмейді. Қай заманда болсын, еңбек сорушы тап өзінің байлығын, енбекшіл елді есіркеп беліп берген емес. Екінші, Абайдан енбекшіл елдің тап сезімінің, тап тілегінің жырын күту қате. Абайды «сен еңбекшіл елдің жырын жырлай алмадың» деп сөгу қате. Болмаса, «Абайдың жоғарғы сөзінде біздің тап тілегімізге қарсы сөз бар» деп, Абайды керексіз қылу орасан қате. Кедей, еңбекшіл ел өзі тап болып құралмай, өзіне тап сезімі кіріп, өз қатарын өзі құрамай, өз мұңын өзі жырламай оны біреу есіркеп, оның жоғын жоқтамайды: Абай да оны жоқтай алмаған. Абайдың кедейге «еңбек сінір» деген сөздерінде керек болса, жастарды «саудаға аралас» деген сөздерінде, бір жағында өзінің табының тілегі бар шығар. Бірақ еңбекшілер табының бұл күнгі тілекте кесірі тиетін ешбір пікірі жоқ. Заманына қарай дұрыс сөз. Қазірде сауда еңбекшілер табының мемлекетінің қолында. Сауда істеген кісілерді жек көреміз. Бірақ кәсіп іstemей жүретін жалқау кедейлерді тағы жақсы көрмейміз: ескі тұрмыстың арқасында өнерсіз, білімсіз қалған оларға тағы да қолымыздан келген мемлекет жәрдемін көрсетеміз. Абай өз заманында мұндай сөз айтқанына ешбір кінелі емес, ар жағында бұл сөздерді тап сезімі қозғап отырысын.

Шінші, біздің байқауымызша, Абай – тарихтың жүрісінің шала-пула салынып кеткен бір соқпағы. Абай заманын – ескі «atalық ру» жүртшылығының ыдырап тозып, күйзеліп, сауда капиталының қазақ ішінде орын теүіп келе жаткан заманы деп тану керек. Абайдың сөздерінен ескінің күйзелгенін, бір жаңалықтың келе жатқанын көресің. Әсіреле бұл белгі Абайдың «Бетен елде бар болса, әжеттесін, сыйласын» деп бастайтын өлеңінде ап-айқын көрініп тұр. Міне, Абай тарихтың қандай белінде кездескен ақын. Абайды шала соқпақ дейтініміз, Абайда ескілік те кездеседі. Бірақ Абайдың жалпы сөздерін, өлендерін түгел алғанда, Абайдың ынтасы, беті–жаңалықта. Тарихтың әрбір белдерінде кездесетін мұндай адамдарды жаңашыл (новатор) дейді: бұлардың сөздері – тарихтың бір белінің жаңа салып кеткен соқпағы. Абай елінің күйзелгенін анық сезеді, дағдарып тұрады, бір жаңалықтың келе жатқанын сезеді, анық не екенін білмейді. Сонда да тап тілегін шамалайды. Ақындық күш сезеді. Осы келе жатқан жаңалықтан басқа жол жоқ екенін байқайды. Сондықтан сарындал жылап отырып алмайды. Сол келе жатқан жаңалықты көрсем, білсем екен деп іздейді. Осының бәрін корытып айтқанда, Абай қазақ ішіне жаңа орнап келе жатқан сауда капиталы дәүірінің шала соқпағы деп танимыз.

Алаш әдебиеттандырылған ақындар

«Абай – тап тартысының күйінен тыскары шыккан ақын» деп еш уақытта айтқанымыз жоқ. Тағы да Абайды «еңбекшіл елдің ақыны» деп таласқанымыз жоқ. Бірақ Абай жоғарғы айтылған дәуірдің-ақ айтайшысы болып отырса да, оның тарихи маңызы аз болмайды. Тағы еңбекшіл елге қадірсіз болып қалмайды. Ал, енді, бұған тағы таласатын ел болса, не деуге болады? Енді Абайдың ғылым, өнер мәселелерінен басқа идеологиясын тексерейік. Нағыз сауда капитальды орнап, «atalyq ru» салты әбден жоғалып бітпей, ұлт сезімі еш елде тумайды.

Абайдың өлеңдерін түгел тексеріп қарап келгенде, ішінде «елім» деген сөздер кездеспесе, «ұлттым» деген сөздер не «ұлт» деген сөздің орнына жүретінә бұл сөздің мағанасын беретін басқа сөздер еш жерде кездеспейді...» (3: 116–117).

Міне, жоғарыда айтылған тарих дәуірінің анық пішінін Абайдан табасын. Тарихтың бір белінің пішіні, заманың тілі болған ақын әдебиет жүзінде үлкен ақын саналады. Пушкиннің де, Некрасовтың да, Салтыковтың да, Толстойдың да, Горькийдің де өлмес қадірі осы арада. Ал осы айтылған сөздерге қарап, Абайда жалпы қазақ елінің тұрмысына бірдей арналған сөздер жоқ, жалпы қазақтың пікіріне, салт-санасына ортақ ой жоқ деп түсінуге бола ма? Яки болмаса, Абай жалпы қазақ еліне ортақ ақын болмаған деп айтуға келе ме?» (116–118).

Абай бір ауылдың ақыны еместігі туралы былай делінген: «Абайды ақын деп көтеріп жүруші адамдар – тобықтылар», – дейтүшін жолдастарды да көрдік.

Бұл жолдастар не Абайды білмейді, не әдебиеттің не екенін білмейді. Абайды мақтасақ та өзіміз тобықты емеспіз. Және де тобықты деген тентек елмен аталарымыз жауласып, қан төгісіп өткен. Алдымен осыны айтып коймасақ, біреу мені де тобықты болған соң Абайды жақтайтын шығар деп жүрер.

Ақынның сөздері, өлеңдері, көбінесе өзінің ортасынан алған тәжірибеден, өзінің көрген, білген оқиғаларынан құралады. Ақыр аяғында ақын жеке бір адамның басындағы болған әңгімені алып жазуға ықтиярлы. Бірақ ақынның сол айтқан сөздері, өлеңдері жалпы тұрмыстың, бәрімізге ортақ өмірдің суретін дұрыс салсын, сырны ашсын – ақынға қоятын шарт осы. Ал Абайдың өлеңдерін алсақ, сол замандағы қазақтың жалпы тұрмысының пішінін анық суреттейді. Абайдың өлеңдері тобықтыдағы әңгімелер болсын, мейлі басқа бір елден алынған әңгімелер болсын, ол кездегі ата, руға бөлінген қазақтың салт-санасы, қай жерде болса да бірдей еді. Тобықтының

Айгүл ІСІМАҚОВА

партиясы басқа елдерде де болды. Тобықтыдағы болыстар, жуандар, тобықтының «желбуаз» күпілдіктері не «арамтамақ» әуекейлері, қазактың қай елдерінде болса да бар болған. Сондыктан бұларға арналған сөздер жалпы қазақ еліне бірдей айтылған ортақ сөз болып қалады» (3: 119).

Абайдың толғау лирикасы туралы: «Талай ақындар, талай философтар сүрініп-жығылып шықкан жерде, шатасып талай сандалбайға ұшырайтын жерде, Абай жүректің тілегін жырлай білген, көңілінің сырын аша білген. Табиғаттың заны туғызған еркек пен әйел арасының қатынастарының түрін, өмірдің бір қызығы – жастықтың-мастықтың ісін Абай жеткізе білген.

Абайдың ең ірі, ең мықты жері қай уақытта өзіне қаяу түсіретін кемшілік болып тағы шығады. Оның бірін жоғарыда айттық. Екінші, осы айтып отырған Абайдың күшті бетінен шығады. Жаратылыстың бір түрін, өмірдің бір көрігін жеткізе білген Абай сол мәселенің екінші жағына келгенде ақсайды. Ол мынау: жалпы қазақ әйелдерінің түрмис жүзіндегі халі, әйел мәселесі мен қоғам мәселесінің байланыстары (общественная точка зрения) туралы Абайдан тартымды жауап таба алмайсың. Абай секілді ойы, пікірі өз заманындағы салт-санадан анағұрлым озып шыққан адамның сөздерінде бұл мәселенің калуына танғаламыз. Себеп таба алмаймыз. Сондыктан Абайдың күшті беті құр сезімнен шыға алмай, зор нәпсіге айналып кеткен секілді көрінеді» (3:122–123).

Зерттеудің тоқетері былай берілген: «*Тарихи магынасы бар істерді, сөздерді тексермей, ешкім алдын болжай алмайды. Ескісіз еш жерден жаңа табылмайды. Абай – заманына қарай, сөзсіз, ірі ақын. Абайдың кемшилігі де көп, бірақ оның заманын да, ортасын да еске алу керек. Заманына қарай, келешекке сіңірген еңбегіне қарай, бұл күнгі еңбекші елдің жүртшылығы Абайды өзіне лайықты орнымен қадірлеу керек. Қайтсе де, Абайды жөнімен, ретімен тексеретін уақыт болды деп ойлаймыз» (3:126).*

Ыдырыс Мұстамбаев пен Илияс Қабылов 1920 жылдардағы әдеби мұраға – Абайды қорғауға қатысқан әдебиетшілер. «*Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оның сыны*» атты Илияс Қабыловтың әдеби зерттеуі өзінің кәсібілігімен тәнті етеді. Заманың Абайды қорлағанына қарсы, Абайды жақтаған бұл зерттеу бүгінгі әдебиеттануға да үлгі болары айқын.

Абайдың дәүірі қандай? деген сауалға былай делінген: «*Өзінің қоғамдық-әдеби қызметінің алғашқы кезінде Абай, атқамінерлікке, болыстарға, алдау-арбауға, әділетсіздікке қарсы, қазактың рулық*

Алаш әдебиеттануы

қауымының ескілікті өмір тіршілігін күйретуді қолдайтын сол кездеңі режимге қарсы қурес ұранымен қазақтың рулық қауымына еніп жатқан жаңа тұрмыс пен жаңа қоғамдық қарым-қатынасқа қатысты рақымсызда қатал қурес жүргізеді. Сөйтіп, қазақ халқы өміріндегі бұрынғы тәртіпті қалпына келтіріп, рулық қауымды сақтап қалуды жақтайды. Абайдың және Абай текстес рубасыларының белсене жасаған қарсылығы қоғамдық өмірдің тарихи дамуына төтеп бере алмады. Абай және басқалары қанша безінгенімен, тарихи қажеттіліктік құрбандығына шалынып, өздерінің жағдайынан айрылуына тұра келеді...

Қоғамдық-әдеби қызметінің екінші жартысында Абай өз өлеңдерінде қазақ руларын бас қосып, біргіп, өзара жағынуышылықты қоюға шақырады, мәдениетке ұмтылып, халықтың алға басуының бірден-бір жолы – білім алуға үндейді. Міне, осының бәрі өмірінің соңғы кезеңінде, 1904 жылға дейін, Абайдың жаңа туып келе жатқан жас қазақ буржуазиясының идеологі болғанын дәлелдейді. Сол себепті де қазақтың ұлттылар зияллыларының оны тіptі «материалист болды» деп көтермелеге тегін емес» (3:128).

«Абайдың философиясы» атты тарауында мәселенің тоқетерін қояды: «Ал Абай философиясының негізгі қағидаларын анықтау үшін, біз Абайды тындауымыз керек. Абай әлемді, міне, қалай түсінген, оқыңызшы: Адам ғайып дүние бар менікі. Менікі деп жүргенің бәрі онікі (Абай. Таңдам. өлең. 30-б.) Басқа бір өлеңінде Абай бұл ойын былай деп анықтай түседі: Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар, қалан) (Абай. Таңдам. өлең. 128-б.). Алынған сипаттарда Абай дүниенің біреу екенін, оның бөлшектерінің бірлікте екенін айтады».

Сыншы осы ретте былай деп анықтаған: «Хош, сонымен бұл дүниеде құдіретті Құдайдан басқа нәрсенің бәрі де өзгереді... Мұны қалай түсіндіру керек? Алланың мәнін мына өзіміздің зерттеуімізге, тәжірибелізге салып көруге бола ма? Абай: «Жоқ, болмайды. Құдай сезілмейді, көрінбейді, оны зерттеуге ақыл-ойымыз жетпейді, оны біле алмайсың, тек санаңмен ғана ұғасың, ейткені Алла – менде, менің жүргегімде, санамда, сенде – сенің жүргегінде, сананда, мені мен сен жүрген жердің бәріндеге...» Енді бұл арада Абай ойын талдан, оны қысынды рет-ретіне келтіру керек. Абайға сенсек, менің кеудемде Алла бар. Мұның мәнісі неде? Ол менің қасиетім болғаны ма? Сонда менің кім болғаным? Бұл арада Абайдың өзі ұсынған бөлшектердің бірлігі жайлы философиялық қағидасына сәйкес ойлану қажет. Ендеше, мен – тұтас дүниенің бөлшегімін яғни Абай

Айгүл ICIMAKOVA

айтқандай, «дұниенің бір кірпішімін». Ол нeden тұрады? Материядан тұрады, ендеше, мен де материяның бір бөлігімін ғой. Олай болса, Құдай материяның қасиеті болып шыққаны ма? Ал бірақ бұл қасиет адамнан қалай көрінеді?» (3:130–131).

«*Абайдың әдісі*» тарауында Илияс Қабылов ақын сөздеріне үңілуарқылы негізгі әдіс-тәсілін анықтауға тырысқан: «Абай өз әдісінің міндеті – «дұниедегі иғілік атаулының бәріне қолынды жеткізетін нәрсе – ғылымды игеру» деп есептеген. Абайдың бұл қағидасын біз оның өлеңдерінен алғынған мына сипатпен: «Дұние де өзі, мал да өзі, ғылымға көніл бөлсөніз» сипатымен дәлелдейміз (Абайдың өлең жинағы. 26-б.).

Әрине, оның бұл қағидасын «Байлық пен ғылым дұниеде» деп өзгертип айтуда болар еді, бірақ қалай болса, олай болсын, әйтеуір осы сипат бізге Абай әдісінің мәнісін анықташ береді. Абайдың: «Ғалым болмай немене балалықты қисаңыз. Сонда ғана мұратқа жетесіз», – деп халыққа үндеу тастауда да осыдан (Абайдың таңдам. өлең. 125–129-бб.). Абай білім алу үшін (акиқатты анықтау) кісіге мынадай қасиеттер қажет деп есептейді: білгендердің сөзіне махаббатпен қараша, соны сезу, айналадағы әлемге әсер етіп, қандай іс болса да, ақылмен сеніп анықтау (Абайдың таңдам. өлең. 145-б.). Абай өз әдісінің негізгі қағидаларын: «Ақиқат шындықты ақылмен тексермей, шындық шықпайды», – деген сөзі арқылы нақтылай түседі. Басқаша айтсақ, «Менің айналадағы әлемге махаббат және сезіммен әсер етіп, оны ақылмен сыйнауым – шындық», дейді ақын» (3:132).

«Абайдың қоғам туралы ілімі» тарауында нақтыланған мәселе: «XIX ғасырдың екінші жартысында Абай қоғамдық пікірден қолдау таппай, патриарх ретінде, рулық патриархалдық қоғамның ескі ұқыттық тәртіпперін, оның ішінде, өзінің де рубасылық жағдайын сақтау үшін рақымсыз күрес жүргізіп жатқан кезде, ол қоғамды «бірге (единицаға) тіркелген нәлдер жиынтығы» деп біледі. Абайдың сөзінен бір болмаса, тек қана нәлдерден қоғам құрылмайтыны айқын байқалады. Дегенмен де Абай рулық патриархалдық тұрмысты сақтап қалу үшін қаншама жан салып құрлескенімен, «нәлдерсіз» көздеген мақсатына жете алмас еді» (3: 133).

Әдебиетші мәселені заман талабына сай шешеді: «Ал жеке адамның адамзат тарихындағы рөліне келсек, біз бұл жөнінде ешқашан да таласкан емеспіз, тек адам қоғамдық органның жемісі, себептердің салдары ретінде, белгілі дәрежеде қоғамға әсер етеді, бірақ онысы негізгі әсер болып есептелмейді дейміз. Өмірдің жана

Алаш әдебиеттануы

жағдайына бейімделген ақын ретінде Абай ғұмырының соңғы кезіне тақап келген ел-жүртты білімге, мәдениетке, қазақ рулары мен жер-жерді бірлесуге, экономиканы білуғе шақырады, артта қалған қазақ халқын құтқару жолы сонда деп біледі. Бұл арада ол шын мәнінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақ өлкесінде қалыптасқан товарлы-капиталистік қатынастың мұддесін, ол – ол ма, тіпті (бұған танғалуға болмайды) қазақтың қазіргі ұлтшыл зиялыштарының идеологиясын қорғайды. Олардың Абайды ұдайы материалист деп көкке көтеруі және солардың басым көпшілігінің Абай философиясы мен Абайдың өзін мақтауы да, міне, сол себептен» (3: 134).

Үйдірыс Мұстамбайұлы «Ақын Абай және оның философиясы» (Қабылов жолдастың мақаласы туралы) жоғарыдағы пікір-таластың жалғасы болып табылады. Алаш әдебиетшісі Абайды қорғауды басты міндет еткен. Мақала осылай басталған: «Қабылов жолдас «Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оның сыны» атты «Советская степка» шыққан мақаласын (2 тамызда): «Қазақстан партия үйімінің идеологиялық майдандағы бірінші кезектегі міндеттерінің бірі – кәдуелгі буржуазиялық қоқыс ретінде, абайшылдықты жоқ ету. Сондықтан да өте қысқа мерзімде Қазақстанның партия, совет жүртшылығының мәдени қүштерін Абайға және оның қазіргі пікірлестеріне қарсы құреске жаппай жүмылдыру керек», – деп, Абайды өлтірумен бірдей сөздермен аяқтапты. Әр алуан философиялық ғақпиялармен және өзінің схематикалық жолмен атусті құрыла салған ой-пікірлерін орынды да, орынсыз пайдалана отырып, Қабылов жолдас қолын бір сермен-ақ Абайдың түбіне жеткісі келеді» (3:135).

«*Абайды қалай талқандай керек?*» бөлімінде Үйдірыс Мұстамбайұлы былай деген: «Біз қазақ халқының тарихында тым аз кездесетін тамаша адамдардың бірі – Абай деп есептейміз, сонда оның философиялық жүйесі үшін емес, қазақ классикалық әдебиетінің атасы, өз уақытының қоғамшылы болғаны үшін. Біздің ойымызша, философ Абайдан өз уақытының суреткері болған Абайды, публицист Абайды мұлде бөлуге болмайды. Абай, тұтас алғанда әлеуметтік-экономикалық тірлігі қайнап жатқан сол тарихи дәүірдің түлегі болғандықтан да, біз ақын астарынан тарихи процестердің бүтін бір концепциясын іздең, сол тарихи органың нақты жай-жағдайын білуғе тиіспіз. Әлде Қабылов жолдас шынымен-ақ өзінің ұшқары талғамына сәйкес, Абайды зорлықпен жіліктеп, Абай – философты, Абай – суреткерді және Абай – публицисті бөлек-бөлек

Айгүл ІСІМАҚОВА

қарауға болады деп ойлай ма?! Философия, публицистика, әдебиет пен өнер, эстетика адамзаттың рухани мәдениетінің сабактас салалары екенін ұмытуға болмайды» (3: 135–136).

Әдебиетші осы орайда Ресейдегі Пушкин, Толстойды тануды негізге алады. Әдебиетшінің Пушкин мен Толстой туралы ойлары кәсібілігімен маңызды: «Пушкиннің «Ресейдің жалақорларына» деген сүмдік уытты өлеңі бар, бұл өлеңінде ол XIX ғасырдың 1 жартысында I Николайдың тағалы табаны астында зар илеген поляк халқының халықтық-революциялық қозғалысына жала жабады. Сонда не, бұл арада Пушкин жай адасты ма, әлде жаңылысып қара басты ма? Жоқ! Бұл – кеменгер ақын-классиктің, ұлттық ақынның орыс мырзасы ретіндегі әлеуметтік соқыр сезімінің жалт етіп бір көрінүі. Пугачев көтерілісін Пушкин «мағынасыз да қатыгез басбұзарлық» деп атаған. Оның «Бородино жылдығы» сияқты бірқатар кертартпа өлеңдері бар, олардан шенеуніктік-терелік идеологияны бірден байқайсың.

Толстойды алайық, Толстойды бір кезде оны құлау дәүіріндегі орыс зияялышарының ой-пікірінің билеушісі деп көтермелеп қана қоймай, тіпті мәдениетті Еуропаның XX ғасырдағы пайғамбарына дейін айналдырған діні-философиялық жүйесі, өзінің мемлекеттік өктемдікке, сол кездегі қоғамдық тәртіпке қарсы, реєсми шіркеуге қарсы жүргізген күресімен жағымды рөл атқарса да, тап қазір керітартпа реакциялық нәрсе болып табылады. Бұл күнде Толстойдың философиясы аңқау да аянышты, кертартпа ілім. Ал суреткер Толстой ескі дүниенің рухани мәдениетіне бүкіл адамзаттың ұлы рухани жетістіктерінің бірі есебінде енеді. Біз бүкіл шығармашылық мұраны сын елегінен өткізіп, кемшілігін ашып, идеологиясы мен әлеуметтік негіздерін айқындаپ алуымыз керек» (3:136).

«Абайдың философиясы» бөлімінде абайтанушы І.Мұстамбайұлы былай деген: «Қабылов жолдастың Абай жөніндегі толғамына негіз болған, эрине, маркстік қағида, дегенмен оның шатасқан жерлері де барышылық. Математика өзінің катал да сындарлығының жүйесінде де зәредей де ауытқушылыққа қалай жол бермейтін болса, марксизм де тап солай ешбір шатысуға жол бере алмайды... Шатты-бұтты философияның осындай бір мысқалына қоса Қабылов жолдас Абайдың философ ретінде тұрлаусызы екенін дәлелдеуге тырыса отырып, оның философиясы мен публицистикасының сипатын түсінбейтінің сездіріп қояды» (3:137).

Бұл І.Қабыловқа жауап қана емес: «Абай шын мәніндегі халықтық ақын болған, әдебиет пен публицистиканың тарихында, жалпы

Алаш әдебиеттануы

алғанда, қалып халық арасында Абайдай абырой-беделге ие болған жазушы ете сирек кездеседі.

Мұндай жайттар тарихтың шүғыл бұрылыштарында, ұлттар мен таптардың тарихи дамуының белгілі бір кезеңдерінде ғана болады, бұндай даңқ пен бүкілхалықтық мойындау дәуірдің рухани өмірінің жай-күйі мен ой-пікірін көрсете білген аз ғана адамдар үлесіне ғана тиген...» (3: 139).

Заман дауына абайтанушы былай дейді: «Біздің көп жолдастарымыз Абайды даттағанда, оның идеологиясының артта қалғанын, марксизмге көзқарасындағы бірқатар қайшылықтарды көрсетеді де, оның ақын ретіндегі және өз уақытының қоғамшылы ретіндегі тарихи мәнін назарынан тыс қалдырады. Тіпті оған «пролетарлық идеологияны көрсете алмады» деген де кінә қойылады. Абай алашордашылар мен ұлтшылдарға ұнайды деп те ілік іздейді. Мұның бәрі бос сез. Абайдың марксизммен қайшылығы, оның қателері мен әнгүрттігі бізге жақсы мәлім, бірақ бұдан кенес жүртшылығы Абайды архивке тапсырысын деген қорытынды мүлде шықпайды. Абай марксшіл бола алмайтын еді, өз шығармашылығында пролетарлық идеологияны көрсете алмайтын еді. Тіпті Чернышевскийдің, Салтыковтың өзінен, оған қоса, тіпті, Горькийдің өзінен біраз қайшылықтарды, маркстік емес нәрселерді қалағаныңша табуыңа болады, ал бұл кісілердің кейбіреуі орыс пролетариатымен, оның таптық санасты өсіп қалыптасуымен бірге өсіп-өнді ғой, жаңа социалистік дәуірде өмір сүріп, орыс халқының рухани байлығының игілігін азды-көпті көріп, Еуропа мәдениетімен таныс болды ғой. Сонда біз марксизм туралы Абайдан не сұраймыз? Чернышевскийлерді, Салтыковтарды және басқаларын ысырып тастай алмаймыз, олар ұзақ уақытқа дейін ұмытылмайды да. Олардың маңызы мен қадір-қасиеті қай дәрежеде марксшіл болғандығында емес, мүлде басқа нәрседе. Абай туралы біз де осыны айтамыз» (3: 139–140).

Әдебиетшінің келесі пікірі замандастарына арналған: «Алайда өзінің философиясы үшін Абайды айыпта, оны біржолата ұмытуға болмайды. Ал оның қоғамдық-публицистикалық өлеңдерінің тұтас бір дәуірдің дерегі ретіндегі тарихи мән-маңызын мойындауға тиіспіз. Ал Абайдың ел алдындағы ең басты еңбегі – оның шығармашылығының көркемдік қадір-қасиетінде» (3: 141).

«Абайдың әдеби мұрасы» нақты тұжырымға негізделген: «Біз Абайды қазақ классикалық әдебиетінің атасы деп атамыз, кейбір жолдастар бұл жөнінде не айтса, оны айтсын, бірақ біз бұл арада

Айгүл ІСІМАҚОВА

марксизмге қайши тұрган жекеңиз деп ойлаймыз. Егер бір кездері бүкіл ұлтының қозғалыс Абай атымен рухтанғаны үшін, өз кезінде қуллі алашордашылар Абайды рухани көсеміміз деп танығаны үшін біз үл фәктіні үн-түнсіз жасауып қоя салсақ, ол, әрине, агаттық болады. Егер біреу – алашордашы ма, алде монархис па бәрібір, «жер күнді айналады» дейтін болса, оларға таптық өшпенделілікпен қараганымыз үшін, «Ол керісінше жүреді», деп айта алмаймыз гой. Егер біз: «Қазақ классикалық әдебиетінің атасы – Абай», – десек, ол «Орыс классикалық әдебиетінің атасы – Пушкин», деп айтқанмен бірдей әсер аламыз. Үл қағиданы біз сияқты монархистер де, анархистер де, фабриканнтар да, помециктер де, қазақ та, неміс те айта алады. Абай дәуірінде әртүрлі оқигаларға байланысты қарапайым өлең шығарудан басқа классикалық әдебиетке ұқсайтын ештеңе де болмаган. Әрине, өлең сөзді жұп-жұмыр етіп, кемеліне келтіріп құя салатын өлеңшілер Абайдан да бұрын болған. Тіпті келісті өлең түріне жеткен, тіпті Абайдың ақын деуге жарарлық замандастары да болған» (3: 141).

Абайдың өлеңдері туралы: «Абай өз өлеңдері арқылы бізге тұңғыш рет нәзік лириканы да, толғауды да, элегияны да әкелді, сөйтіп оған дейін үйірлі сезім-түйсікпен өмір сүріп, сосын көзін ашып оянып, дереу рухани қорек іздей бастаған қазақтың жаңа адамын, талап-талғам иесін тәрбиелеп, шындалап өсірді. Абай өзінің әртүрлі қоғамдық тақырыптарға жазылған мүлде нашар сатиралық өлеңдерімен, сол сияқты әлі де ескіметеген алуан-алуан тақырыптарға шығарылған таңғажайып жырларымен, мәселен, ер мен әйелдің қарым-қатынасы жайлы, махабbat пен поэзия жайлы, айналадағы табиғат жайлы жырларымен, ақырында Лермонтовтың, Пушкин мен Крыловтың шығармаларын асқан шеберлікпен аударуы арқылы мүлде қалыпқа түспеген алуан адамның ой-өрісін кеңейтіп, көніл көзін ашты, оның ақындық дарын-қабілетінің құллі поэтикалық күші көркем аудармаларынан айрықша көрінеді.

Осының бәрінде де Абай қазақтың қарапайым да сұлу сөздерін қолданып, шеберліктің шынына жеткені сондай, орыс әдебиетінің Пушкин, Лермонтов пен Крылов сияқты саңлактарының аудармалары түпнұсқадағыдан әсте кем емес, әрине, автордың тіл қасиетін түсінуіне сәйкес саналы түрде өзгеріп алған жерлері болмаса. Міне, осындағы мінсіз шеберліктің арқасында Абай лирикасының нәзік әуені мен Пушкин мен Лермонтовтың көркемдігі жоғары өнегелі өнері ақынмен замандас сауатсыз қазақтардың өзінің құлағының құрышын қандырып, зор ракатқа бөлейді, оның алдынан жаңа

Алаш әдебиеттануы

дүниен ашып, көңілінің көкжиегін кеңейте түседі, сол себепті де осынау жырлар жаңа тыңдаушылар тауып, байтақ даланы кезіп кетеді» (3: 141–142).

Әдебиетші Абайды қорғау үшін Покровскийдің Пушкин жөніндегі пікірін алға тартып, негізгі жаңалығын айтқан: «*Бұл арада Абай өзінің биік тарихи миссиясын орындан шықты. Асқан оқымысты марксшіліміз Покровскийдің Пушкин жөнінде айтқан.*» «*Біз Пушкинді ұлы орыс тілін ірікten-сұрыптаң жасап бергені үшін жақсы көреміз», – деген сөзін Абай жөнінде біз де қайталап айта аламыз.*

Абайга дейін ешқандай әдеби түр болмайтын. Өлең шығарудың бүкіл техникасы төрт жолдық қара өлеңнен тұратын. Абай тұғызы рет өлеңнің өлишемді ыргағы мен өзіндік түрін, техникасын жасады, мұның бәрі кейін әдебиеттізге емін-еркін сіңіп кетті.

Бұдан әрі айтарымыз, Абай поэзиясының бағыт-бағдары Салтыков пен Гогольге жақын, олармен туыс деуге де болады. Абай әуелде өлең техникасын білмеген, білімсіз болған, сол себепті де оның өткір тілі мен мерген сатирасы келісті түр-пішінін таппаған. Және оның өскен ортасы да оған Разуваев, Собакевич, Хлестаков сияқты, қазактың да өлмейтін-өшпейтін типтерін жасауға қажетті материалдар тауып бере алмады және бере алмас та еді. Оның сатирасының әр жерінен үзіп-жұлқып бірденелерді алып, көп кіслер Абайды романтик деп есептеп жүр. Мұндай пікірге Қабылов жолдас та жақын. Бұл – әдебиеттің жалпы занын және Абай шығармашылығының сипатын білмегендік. Бүйте берсек, тек бір ғана сатира мен юморы үшін Гогольді де, Салтыковты да әдебиеттің романтикалық мектебіне оп-оңай жатқыза салуға болады. Бірақ нактылы қоғамдық ортасын дертін әшкерелеудің бәрі романтизм емес. Абай өлеңдерін дәйекті түрде талдағанда, белгілі бір дәуірдің талма кезеңіне тән романтизммен туыс сипаттарды таба алмайсыз. Бұған көрісінше, Абайдың барша өлеңдеріне тән қасиет – өз ортасына тән елеңдеген елгезектік, ақынның үндеуі, алға қарай ұмтылуы және жаңа бірденені іздеу сарыны» (3:142).

Абайдың әдеби мұрасына келесі баға берілген: «*Абай суреткөр ретінде, ақын ретінде көп нағсеге жете алмады. Бірақ тарихи жағдайларға сәйкес осы жеткен биігінің өзі Абайды қазақ әдебиеттінің атасы деп тануымызға мүмкіндік береді.*

Оны осылай деп білуімізге Абайдың патриархалдық үйелменнен шыққаны да, өзінің болыс болғаны да бөгөт емес. Жеке адамдардың жасағымды тарихи қызметтің бағалаған кезде олардың әлеумет-

Айгүл ІСІМАҚОВА

тік тегін елге сіңірген тарихи еңбегі басып кетуге тиіс. Бұған қатысты мысалдар көп-ақ, бірақ оны келтірудің қажеті жоқ. Егер жеке адамның тарихи қызметі тұмас алғанда, оның кейбір адасқан кезінен жоғары тұрса, оның жеке басының кемшіліктерін кешіруге де болады. Тарихта тұмас бір үрпақтың рухани көсемінің моральдық жағынан азғындан, құлауга дейін жеткен кездері де кездескен. Мәселен, бұған Гейнені мысал етсек те жеткілікті. Абай болыс ретінде сол ортандың жемісі. Ал Салтыков қазына палатасының басқарушысы болған. Ескі бюрократтың сатыда бұл кішкентай қызмет болмаган.

Кейбіреулер: «Қазір Абай ескірді, енді бізде одан да жақсы ақындар мен жазушылар бар», – дейді. Бұл – өте даулы мәселе. Бірақ бұл да Абайдың тарихи мәнін өшіре алмайды» (Аударған Әбілмәжін Жұмабай, «Советская степь», №191, 22-тамыз, 1928 ж.)» (3:143).

Бүгінде Абайды сопы, кришнант жасап, оның хакімдігін теріс айналдыруышылар жок емес. Мұндай әрекет өткен ғасырда да болғанын ескеруіміз жән. Сондықтан XX ғасыр басындағы Абайды корғау осылай іске асқанын бүгінгі тәуелсіз кездің ғылымы білуі шарт екені осы зерттеулерден анық аңғарылады.

1. Абайды оқы, танырқа... Алматы: Ана тілі, 1993.
 2. Байзақов Иса. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Екінші том (Құрастырыған М.Хасенов). А.: Жазушы, 1983.
 3. Алаш ақылтары. Бесінші том. А.: Алаш, 2006.
-

Алаш әдебиеттануы

Кімде-кім Аллаһты және Фылымды сүйсе,
ол менің жаннатта көршім болады.

(хадистен)

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ әдебиеттануы алғы бастаулары бар (әл-Фараби, Абай), атабаба толғауларында дамып, XX ғасыр басында кәсіби ғылым саласы ретінде Алаш әдебиетшілері еңбектерінде осылай қалыптасты. Бұл әдебиеттану сол кездегі қоғамда өзіне тиісті орнын алғып, ұлттың рухын, еңсесін көтеретін істің басынан табылды. Алаш әдебиетшілері әдебиетті ұлттың тарихымен бірге қарастырды. Алаш әдебиеттануы асыл сөз ғибратты, текті сөз болуын бізге аманат етті.

Қазақ ұлттының еңсесін көтеретін, оның рухын, намысын оята-тын алаш әдебиеттануының сарыны бүгінгі тәуелсіздік ғылымына қажетті рухани үлгі. Ә.Бекейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кеменгерұлы, Р.Мәрсекұлы, Ү.Мұстамбайұлы, С.Сәдуақасұлы, И.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Қ.Жұбанұлы, М.Әуезов т.б. еңбектеріндегі «Оян, қазақ!» деген азаматтық ұран тұрғысынан іске асқан ғылым Тәуелсіздік кездің әдебиеттануына сын болып табылады.

Әдебиет о баста тектілердің ісі болғанын Алаш әдебиеттануы толық дәлелдеді. Құлтегіннен басталған қазақ жазбаларында текті сөз ғана өмір сүрді. Ол атадан тікелей кейінгі үрпакқа беріліп келді. Бұл қазақ елінің мәртебесін, мереійін көтеру үшін айтылған атабабамызың асыл ақыл сөзі еді.

Әл-Фараби, М.Х.Дулати, Ж.Баласағұн, Қ.А.Иассауи шығармалары Аллаға мінәжат етуден басталып, сонында: «Осыншама оң сөзді маған айтуға бүйіртқан Алла тағалаға мінәжат» деп тәмәмдалған.

Алаш әдебиеттануы – қазақтың бектері мен тектілерінің, жыраулары мен би-шешендерінің толғауларының талдауы. Сондықтан Алаш әдебиеттануы – тектілер ғылымы.

Алаш әдебиеттануының әдеби-теориялық тұжырымдары М.Бахтин, Б.Томашевский, Л.Гинзбург ойларымен тең келуі бұл ғылымның классикалық екенінің айғағы. Алаш әдебиеттануы бұл қағиданы ақтап келе жатқанына отыз жыл болыпты.

Алаш әдебиеттануы атақ, лауазым, дәреже, шен-шекпен алу үшін жазылмаған. Қасіретті «тар жол, тайғақ кешу» кезде Алаш

Айгүл ICИMAKOVA

ғалымдары жүректен сөйледі. Өздерінің қазақ елі үшін құрбан-дыққа барғанын о баста мойында алғандай. Алаш ғалымдарының ғылыми еңбектері «Биссми-лляхи-рахмани-раһим» деп басталған.

«Жазған сөз жаным ашып Алашыма» тұрғысынан күмбірле-ген Алаш әдебиеттанды – Тәуелсіз кездің ғылымына сын болып табылып, ұлттың ғибратты ілімінің бойын түзеуін талап етеді. Текті әдебиетшілердің сөзі мен ойы ісімен бір екенін олар бізге осылай дәлелдеп кетті.

Олай болса, «Отанды сую – иманнан» тұрғысынан іске асқан Алаш ғылымын олар аңсаған Тәуелсіз кезде іске асыру бізге парыз. Алаш зиялыштары сияқты қазіргі әр қазақ өз ұлты мен ұрпағы, өз ісі мен сөздері, өз заманы мен ұлт болашағы үшін жауапты екенін сезінетін кез келді.



МАЗМУНЫ

Аңдату	3
I. Қазақ әдебиеттануының бастау көздері	
I. Қазақ әдебиеттануының бастау көздері	12
1.2. Абай (Ыбыраһим) Құнанбайұлы	15
II. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануының кәсіби қалыптасу кезеңі (1905–1937)	
II. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануының кәсіби қалыптасу кезеңі (1905–1930).....	29
2.1. Әлихан Бекейхан.....	35
2.2. Смағұл Сәдуақасулы.....	85
2.3. Ахмет Байтұрсынұлы	112
2.4. Жүсіпбек Аймауытұлы	161
2.5. Міржақып Дулатұлы	197
2.6. Мағжан Жұмабай	221
2.7. Кошке (Қошмұхаммед) Кеменгерұлы	250
2.8. Халел Досмұхаммедұлы.....	261
2.9. Сәкен Сейфуллин	320
Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды.....	337
Тағы да Ахмет туралы (<i>Әйтіевкө жауап</i>)	339

Айгүл ICIMAKOVA

2.11. Илияс Жансұгірұлы	341
2.12. Құдайберген Жұбанов	365
2.13. Мұхтар Әуезов	369
Ахаңның елу жылдық тойы	411
2.14. Алаш Абайтануы.....	417
Корытынды	475


**«Қазақ энциклопедиясының»
директоры – бас редакторы
Ж.Тойбаева**

АЛАШ ӘДЕБИЕТТАНЫ

АЙГУЛ ІСІМАҚОВА

**Редакторы Н.К. Мауитов
Корректоры Ү.Т. Әлішева
Дизайнері Р. Арсланов**

ISBN 978-601-80664-0-5



9 786018066405


Басуға 13.04.2017 ж. кол қойылды.
Пішімі 60x90 1/16. Офсеттік баспа. Шартты б.т. 30,0.
Таралымы 5000+350 дана. Тапсырыс № 2346.

«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС
050035, Алматы қаласы, 8-ықшамаудан, 19-үй.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-інде басылды.
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41.

АЛАШ

әдебиеттануы



АЙГҮЛ ІСІМАҚОВА

Айгүл Мұхаммедсеріккызы
Ісімақова – филология
ғылымдарының докторы,
профессор. М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институтының
бас ғылыми қызметкері. Қазақстан
Жазушылар одағының мүшесі.

Алаштанушы ғалым А.Ісімақова
Америка биография
институтының «Ғылым адамы-
2004» сыйлығының және Ахмет
Байтұрсынұлы атындағы «Саңлақ
автор» медалінің иегері (2008).
Сонымен қатар бірнеше ғылыми
монографиялардың авторы:
«Жанровые источники современной
казахской прозы» (Москва, 1986),
«Казахская художественная
проза: Поэтика, жанр, стиль»
(1998), «Возвращение Плеяды.
Экзистенциальная проблематика
в творчестве А.Байтұрсынова,
Ш.Кудайбердиева,
Ж.Аймаурова, М.Жумабаева,
М.Дулатова и М.Ауэзова» (2002),
«Алаш әдебиеттануы» (2009),
«Асыл сөздің теориясы» (2009),
«Теуелсіздік және Алаш ғылымы»
(2015), «Алаш ғылымы және
теуелсіздік» (2015), «Казған сез
жаным ашып Алашым...» (2015),
«Қазақ әдебиеттануы» (2015),
«Қазақ әдебиеттануындағы
теуелсіздік идеясы» (2015),
«Қазіргі әдебиеттанудың
теориялық мәселелері» (2015),
«Қазіргі әдебиет пен әдебиетті
зерттеудің қауым» (2015),
«Теуелсіздік кезеңіндегі
әдебиеттану» (2016).